Түркістан уәләттары Орыс ханға аздық еткені белгілі еді. Ол батысқа көз тікті. «Орыс хан таққа отырған соң құрылтайда жиналған ақсүйектер мен мемлекеттің тірегі болған сарай бектеріне өзінің қастерлі мақсатын ашып айтты. Бәрі оны мақұлдап, қолдады. Бірнеше күн той тойлап, әрқайсысына мол сыйлықтан таратқан соң ол жорыққа аттанды» деп жазады Натанзи [12, 214-б.]. 1374–1375 жж. ол Сарайшықты, Қажытарханды, Сарайды жаулап алды да, осы жерлерде өз атынан теңге шығара бастады. Дәл осы кезде оңтүстікте өзі өлтірген Той қожа оғланның баласы Тоқтамыс барлас тайпасынан шыққан Мәуереннахр билеушісі Әмір Темірдің қолдауына сүйеніп, Орыс ханға қарсы шықты. Орыс хан Еділ бойына өзінің адамын отырғызып кетіп, Ұлытау мен Сыр бойы аймағына қайта оралды.

Орыс хан келгенше ұлдары Құтлық бұқа мен Тоқтақия Темір бөліп берген әскерімен шайқасуға келген Тоқтамысты екі рет жеңген болатын. Шайқастардың бірінде

Құтлұқ бұқа жараланып, қайтыс болады, бұл өзбектердің (Темірлік деректерде, мысалы Самарқандидың «Матла ас-садаин уә маджма-и бәхрәинінде» Сығанақ хандарына бағынышты халықты осылай атайды) арынын одан ары күшейтіп, олар Тоқтамыс әскерін тағы да талқандайды. Орыс хан Темірге жараланған Тоқтамысты берсін, бермесе соғыс ашамын деп талап етіп елші жібереді. Темір жауап бермей, әскерін соғысқа дайындайды [10, 245-б.].

1376 ж. күзінде Орыс хан әскері Сауран қаласының маңында жиналады, ал Темір өз әскерін Отырар маңына әкеп қояды. Ауа райының жайсыз болуы қарсыластардың басты шайқасын кейінге қалдырады. Ұсақ шайқастарда Орыс хан әскерлері Темір қолбасшыларына бірнеше рет соққы береді. Көп адамынан, аттарынан айрылып, оған қоса азық-түлік шығынына батқан Темір 1376-77 жж. қыста Самарқан мен Кешке шегінеді. 1377 жылы Орыс хан дүниеден өтеді. Натанзидің сипаттауынша, бұл падишаһ «өте бітбеткей, қаһарлы әрі құдіретті» болған.

Орыс хан ұрпақтары мен Тоқтамыс арасындағы шайқастар, Ақсақ Темірдің Еділ бойы қалалары үшін жойқын жорықтары экономиканың, сауданың және қала мәдениетінің құлдырауына әкеп соқтырды. Тоқтамыстың билік басына келуі саяси орталықтың Сыр бойынан Еділ бойына ауысуымен есте қалды; көп зерттеушілер бұл оқиғаны Жошы Ұлысының бұрынғы бірлігінің уақытша қалпына келтуімен байланыстырады.

Сарыарқа мен Шығыс Қазақстан жерлері Тоқтамыс билігін мойындады деген аты ғана, ол жерлерде жергілікті ақсүйектердің билігі орнады. Басқа жерлер өз билігін нығайтуға ұмтылған Орыс хан ұрпақтарын қолдай бастады. бұл Құйыршықтың қолынан келмегенімен, оның ұлы Барақ қоластына бұрынғы Ақ Орда территорияларын сәтті біріктіре алды.

Абдулғаффар Қырымидың Барақ жайлы «көзсіз батыр әрі күшті адам» деп сипаттайды [1, 108-б.]. Қадырғали Жалайыридың пікірінше «Барақ ықпалды, ірі әрі күшті баһадүр» болған [4, 114-б.].

Қорытынды

Алайда осының алдындағы тайпа ақсүйектерінің күшейіп кетуі мен биліктің орталықсыздануы жаңа жанжалдарға соқтырып, ол жанжал Барақтың өлімі мен мемлекеттің ыдырауымен аяқталды. Дала аристократиясы Жошының басқа бұтағынан – Шайбанидан тараған жас Әбілқайырды қолдайды. Орыс хан ұрпақтары әлі де хандық территориясының кей бөліктерінде билігін жүргізе берді, тек Әбілқайырдың күшеюі Орыс хан ұрпақтарының жасы үлкендері Керей мен Жәнібекті шығысқа қарай Моғолстан шегарасына көшіп кетуге мәжбүр етті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Abdulgaffar Kyrymi. Umdet al-ahbar. Kniga 1: Transkripciya, faksimile. Transkripciya Der'ya Derin Pashaoglu; otv. red. I.M. Mirgaleev. - Kazan': In-t istorii im. SH.Mardzhani AN RT, 2014. 420 s.
2. Bartol'd V.V. Oчерк istorii Semirech'ya // Soch. T. II. CH. I. - Moskva, 1963. - 760 s.;
3. Bartol'd V.V. Turkestan v epohu mongol'skogo nashestviya // Soch. T. I. - Moskva, 1963. - 760 s.
4. Kadyrgali ZHalair. SHEzhireler zhinagy. [SHagataj-kazak tilinen audaryp, algysozin zhazgandar N. Mingulov, B. Komekov, S. Oteniyazov]. - Almaty: Kazakstan, 1997. - 128 b.
5. Kinayatuly Z. Kazak memleketi zhane ZHoshy han. – Almaty, «Eltanym» baspasy, 2014. – 360 b.
6. Muizz al-ansab (Proslavlyayushchee genealogii) / Otv. Red. A.K. Muminov. Per. s pers., predisl., primech., podgot. Faks. K izd. SH.H. Vahidova; sost. Ukaz. U.A. Utepbergenova. - Almaty: Dajk-Press, 2006. - 672 s. (Istoriya Kazahstana v persidskih istochnikah. III t.).
7. Rashid ad-din. Sbornik letopisej. T. 1. Kn. 1. Per. s pers. L.A. Hetagurova. Red. i primech. prof. A.A. Semenova. - M.-L.: Izd-vo AN SSSR, 1952. - 221 s.
8. Rashid ad-din. Sbornik letopisej. T. 2. Per. s pers. YU.P. Verhovskogo. Primech. YU.P. Verhovskogo i B.I. Pankratova. Red. prof. I.P. Petrushevskij. - M.-L.: Izd-vo AN SSSR, 1960. - 250 s.
9. Sbornik materialov, otnosyashchihsya k istorii Zolotoj Ordy. T. I. Izvlech. iz soch. arab. sobrannye V.G. Tizengauzenom. - SPb.: Imp. AN, 1884. - 563 s.
10. Sbornik materialov, otnosyashchihsya k istorii Zolotoj Ordy. T. II. Izvlech. iz pers. soch. sobrannye V.G. Tizengauzenom i obrabotannye A.A. Romaskevichem i S.L. Volinym. M.-L.: Izd-vo AN SSSR, 1941. - S. 27-89.
11. Uskenbaj K.Z. Vostochnyj Dasht-i Kipchak v VIII – nachale HV veka. Problemy etnopoliticheskoj istorii Ulusa Dzhuchi / Red. I.M. Mirgaleev. - Kazan': Izd-vo «Fen» AN RT, 2013. - 289 s.
12. Uskenbaj K.Z. Levoe krylo Ulusa Dzhuchi v VIII – HV veka // Zolotaya Orda v mirovoj istorii. Koll. monografiya. – Kazan': In-t istorii im. SH.Mardzhani AN RT, 2016. - 968 s.
13. Utemish Hadzhi. CHingiz-name / Faks., per., transkr., primech., issled. V.P. YUdina. - Almaty: Fylym, 1992. - 296 s.

ӨОЖ 01:7.07(574)

А.К. БАЛЫҚБАЙ
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ҚАЗАҚ КИНОДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ КЕЗЕҢДЕРІ

Аңдатпа. Ұлттық кино өнеріміздің даму тарихы кеңестік кино мектебінің қалыптасуымен байланысты болды. Ұлттық кино өнеріміздің қалыптасу кезеңіндегі алғашқы қадамдарын әдебиет, театр және басқа да өнер салаларының тікелей әсері тұрғысынан қарастыра отырып, бүгінгі күнде өз заңдылықтары мен жеке тәжірибелік мектеп дәстүрін қалыптастырып үлгірген қазақ киносының тарихын бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырылады. Қазақ киносының даму тарихында өндірістік нәтиже (сандық көрсеткіш тұрғысында) және киношығармалардың мазмұндық тереңдігі (сапалық көрсеткіші) жағынан да алып қарай отырып, өрлеу жылдары мен тоқырау кезеңдеріне сипаттама беріледі.

Түйін сөздер: Қазақ киносы, киноматография, кино, жанр, кинопланкалар, кинофиксациялау, хроника

Кіріспе

Қазіргі заман өлшеммен өнердің алуан түрлі саласының өз даму заңдылықтарын ескергенімізбен де, көркем шығармашылық ағымдардың қалыптасуы немесе жаңа бағыт-бағдардың өркендеп өсуі сияқты құбылыстардың ең алдымен ел өміріндегі, қоғамдағы елеулі өзгерістерімен тікелей байланыста болатындығын мойындаймыз. Өнердегі алуан түрлі ағымдар жүйесінің адам мен адамды қоршаған орта талабы тұрғысынан қаншалықты бағалы екендігін сол жүйеліліктің өз заңдылықтарын қарастыру арқылы сипаттауға болады.

Киноматограф – өнердің бірнеше ағымдарының шығармашылық бірлестігінің нәтижесі. ХІХ ғасырдың соңғы жылдарында пайда болып, аз уақыт даму мүмкіндігі де ерекше болды. Жәрмеңкелік ауқымнан өріс алған сиқырлы киноматограф бүгінгі күні адам санасына соншалықты әсер ете алар ұлы күшке айналып отыр.

Талқылау нәтижесі

Қазақ кинодраматургиясының қалыптасуы мен өркендеу тарихын 1910-1990 жылдар деп жеті кезеңге бөліп, әрбір кезеңнің өзіндік ерекшеліктеріне сипаттама беріледі. Сонымен қатар тәуелсіздік жылдарындағы қазақ кинодраматургиясының жетістіктері мен даму тенденцияларына зерттеу жүргізіледі. Аталған бағыттағы зерттеулер бұл мәселеге жаңа қырынан қарауға мүмкіндік береді.

Нәтижесі

Қазақ кинодраматургиясының құрылуы мен даму үрдісінде ресейлік, Орталық Азия мемлекеттері және алыс шетел киноөндірісімен байланысты екендігін ашып көрсетеміз. Қазақстанда және әлемнің басқа да мемлекеттері мойындаған ұлттық өнердің қиын, әрі жаңа түрін жасау, кино маманын және елеулі фильмдерді шығарып, даярлау қазақ кинематографиясы үшін маңыздылығы анықталады.

Негізгі бөлім

Қазақ киносының қалыптасуы мен өркендеуіне Кеңес дәуірі киносының тікелей әсері болды. Бүгінгі күнде өз заңдылықтары мен жеке тәжірибелік мектеп дәстүрін қалыптастырып үлгірген қазақ киносының тарихын бірнеше кезеңдерге бөліп қарастыру қолайлы болар еді. Жылдар аралығымен өлшенетін хронологиялық сипат барысында ұлттық кино өнеріміздің қалыптасуындағы жеке шығармашылық ағымдардың ерекшелігін жалпы қазақ киносы өнеріне әсері тұрғысынан бағалауға мүмкіндігіміз бар.

Ұлттық кино өнеріміздің даму тарихын «көп ұлтты кеңес киносы» деген ұғыммен тығыз байланыста қарастырмасқа болмайды. Кеңестік кино мектебінің қалыптасу құбылысы Ұлы Қазан көтерілісінің жетістіктерінен туындаған тақырыптық идеология мазмұнымен тікелей байланысты. Қазақ даласына енді ғана етек жая бастаған жаңа өнер – кинематограф ұшқыны 1910 жылы Верный (қазіргі Алматы) қаласында ашылған тұңғыш кинотеатр қызметінен басталғаны тарихи деректерден белгілі. Одақтас Республикалар кеңістігінде әр елдің кино өнерінің даму мүмкіндігі ұлт ерекшелігін ескере отырып, жалпы кеңестік кино мектебінің озық үлгілеріне сүйенген тәжірибелік ізденістер нәтижесімен айқындалады. Бірлік ішіндегі жан-жақтылық принципі тұрғысынан дамыған көп ұлтты

советтік кино мектебінің осындай үлгісі әлемдік кино тарихында тұтас құбылысқа айналды [Б.Р. Ногербек, 2005: 9].

Қай мемлекеттің болмасын тарихында кино өнерінің дамуы белгілі бір сатылардан өтетіні табиғи заңдылық. Көркем жанр қашан да деректі жанр саласының заңды жалғасы іспеттес. Кино өнерінің өріс ала бастауының өзі жеке республикалар тарихында әр кезеңнен басталады. Оның бірнеше себептері бар. Біріншіден, қоғамдық қатынастардағы кезеңдік ерекшелік пен әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктер болса, екінші жағынан, жеке республикалар тарихында ғасырлар қойнауынан қалыптасқан ұлттық өнер мұраларының сақталуы және сол мұралардың ұрпақтан-ұрпаққа таратылу ерекшеліктері де кино өнерінің өз бетінше сала болып қалыптасуына әсері мол болды. Осы аталған ерекшеліктер қазақ киносы тарихында да айқын байқалады.

Әлемдік кино өнері тарихымен салыстырғанда қазақ жерінде кино өндірісі кешеуілдеп дамыды. 1920-жылдар тұсына дейін Қазақстан өңірінде кино өндірісі әлі қалыптаса қоймаған еді және кино саласында ұлттық мамандар да болмады. Жас Республиканың бұл жылдары мәдени өмірінде бірінші кезектегі маңызды мәселелер қатарында қазақ даласына кинофикация құбылысын кеңінен тарату болды. ұлы Қазан көтерілісіне дейін Қазақстан территориясында бар жоғы 13 ғана киноқондырғы жұмыс жасайды және олардың барлығы дерлік жеке кәсіпкерлердің меншігінде болды. Ең алғашқы киносанс 1910 жылы Верный (қазіргі Алматы) қаласында «Марс» жазғы кинотеатрларында өтті. Дәл осы жылы Қазақстанның тағы бірқатар қалаларында жылжымалы кинотеатрлар іске қосылады. Екі жыл аралығында Верный (қазіргі Алматы) қаласының бір өзінде ғана үш стационар кинотеатр жұмыс істей бастайды. Киносансты табыс көзі деп таныған кәсіпкерлер (Омбы қаласынан келген Фабри, Ташкенттен келген Сейфуллин) бір-бірімен өзара бақталастықта болды, дәрежесі мен көрсетіліп жатқан кинотуындылардың көркемдік деңгейіне аса мән бере қоймады. Көп ұзамай-ақ қазақ даласын кинофикациялау процесі мемлекеттік дәрежеде жүйелендіріле бастады.

1919 жылдың 19 тамызында Халықаралық Комиссарлар Кеңесінің «Фотографиялық және киноматографиялық сауда мен киноөндіріс орындарын мемлекеттендіру» жөніндегі Декреті қабылданды. Осы құжат негізінде 1921 жылдың 24 қазанында Бүкілодақтық Фотокино өндірісінің Қазақстандағы бөлімі құрылады. Жаңа құрылған бұл бөлімшенің күн тәртібінде кезек күттірмес мәселелердің барлығы дерлік кино өндірісін қалыптастыру бағытында болады, олардың негізгілері:

- губерниялық аймақтар бойынша фотокино бөлімдерін құру және дамыту;
- жылжымалы киноқондырғылар жүйесін ұйымдастыру;
- кинопенкалар диапозитив өндіретін және оны өңдейтін лабораториялар мен фотоательелер ашу;

– Қазақстан жеріндегі бұған дейінгі барлық кинотеатрларды мемлекет қарамағына енгізу және оларды бір жүйеден басқару жұмысын жолға қою [А.С. Назаров, 1992: 89].

Қазақ киносының қалыптасуы мен өркендеуіне Кеңес дәуірі киносының тікелей әсері болды. Бүгінгі күнде өз заңдылықтары мен жеке тәжірибелік мектеп дәстүрін қалыптастырып үлгірген қазақ киносының тарихын бірнеше кезеңдерге бөліп қарастыру қолайлы болар еді. Жылдар аралығымен өлшенетін хронологиялық сипат барысында ұлттық кино өнеріміздің қалыптасуындағы жеке шығармашылық ағымдардың ерекшелігін жалпы қазақ киносы өнеріне әсері тұрғысынан бағалауға мүмкіндігіміз бар.

Алғашқы кезең: 1910-1927 жылдар аралығы – Қазақстан территориясын кинофикациялау кезеңі. Бұл кезең қазақ даласына келген алғашқы жылжымалы қондырғының қызметімен сипатталады, қазақ көрермені алғаш рет экрандық шығармамен танысты, киноның құдіретін көрді, оған аса қызықты. Бірте-бірте кең етек ала бастаған кинофикация кезеңі кино өнерінің қазақ жерінде өріс алып дамуына тікелей әсер етті, ендігі жерде ел өмірінен алынған хрониканы түсіру мүмкіндігі пайда бола бастады.

Кеңес кезеңіндегі киноматографиясының тарихы хроникадан бастау алады. 1920жылдар кинорепертуарында негізінен жас мемлекеттің жаңа саясаты мен идеологиясы уағыздалады. «Кинонеделя», «Госкинокалендарь», «Киноправда», «Совкинжурнал» сияқты апталық киножурналдар ел өмірінде болып жатқан өзгерістерді экраннан үздіксіз көрсетіп жатты. Киноплакат, қысқа форматты кино-очерктер түсірілген алғашқы хроникалық сюжеттер совет киносы тарихында революциялық кинопублицистика жанрының қалыптасуына негіз болды.

Екінші кезең: 1928-1938 жылдар аралығы – қазақ жерінде алғашқы хроникалық сюжеттер киноөндірісінің пайда болу тұсы. Бұл жылдары жалпы әлемдік кино өнері тарихында көп

жаңалықтардың келген тұсы болатын. Дыбыссыз кезең өтіп, киноға «тіл бітті», кино өнерінің жаңа сала ретінде теория тұрғысынан дәлелденген терең мүмкіндіктері қалыптаса бастады. Монтаж теориясы жүйелендірілді. Міне, осындай жаңалықтар аймағында кеңес киносы құлашын кеңге жайып, шалғай жатқан қазақ ауылдарына да киноматограф арқылы жаңа үкімет саясатын насихаттауды мақсат етеді.

Қазақстан дербес киноөндірісінің өркендеуіндегі алғашқы кезең 1929 жылы ашылған «Востоккино» акционерлік қоғамының Алматылық бөлімшесінің қызметімен байланысты. Ұлттық кино өнерін өркендету үшін өндірісті жолға қою аздық етеді, сонымен қатар ұлттық кадрлар даярлау қажет және ұлттық кинодраматургиясының қалыптасуына жағдайлар жасалуы міндет. Көркем жанрдың жамуы ең алдымен кинодраматургия саласын дамыту деген сөз. Екінші кезеңнің қызметі «Востоккино» акционерлік қоғамының қызметімен сипатталады, техникалық мүмкіндіктердің шектеулі болғандығына қарамастан ел өмірінен, революция ала келген жаңалықтар жаңғырығының қоғамдағы рөлі жайында хроникалық сюжеттер көптеп түсіріле бастады. Қазақ тақырыбында алғашқы көркемсуретті фильмдер өндірісі де осы трестің қызметімен тікелей байланысты.

«Востоккино» тресінің алматылық бөлімшесі өзінің маңызды мәселелері қатарында сценарийлер жазу ісіне көп көңіл бөлуге тырысты, алайда бұл саланы ойдағыдай дамытуға мүмкіншіліктер бола бермеді. Ашылмай жатып қайта жабылып қалса да, бар-жоғы екі жыл ғана қызмет еткен «Востоккино» тресі Қазақстан кино өнері саласында кинодраматургия жанрының қалыптасуына бірқатар талпыныс жасайды. Осы кезеңде «Востоккино» тресінің сценарий бөлімін басқарған жазушы Ілияс Жансүгіров қазақ қаламгерлерін кино саласына тартуға тырысады. Кино өнері тек экрандағы көрініс ғана емес екендігі белгілі. Әлемдік кино тарихынан білетініміздей алғашқы қысқаметражды фильмдердің өзін алдын-ала қағазға түсірілген жоспар бойынша жүзеге асырылған.

1930 жылдар тұсында экранға шығып фильмдердегі орыс кинодраматургтерінің Қазақстан тақырыбындағы ұлттық характер ерекшелігіне терең бойлай алмағандықтары байқалады. Дәл осы кезеңде Қазақстан кино өндірісінің өсіп-өркендеуіне ұлттық кадрлардың қажеттілігі күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің біріне айналды. Әсіресе, сценарий жазу ісіне ұлт ерекшелігін көрсете білетін жергілікті қаламгерлерді тарту қажеттілігін түсінген Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин сынды жазушылар осы мәселе төңірегінде шығармашылық зиялы қауымға үндеу жолдайды. Әр мекемелерде жиналыстар өткізіледі. Өздерін толғандырған мәселелер төңірегінде жинақталған тұжырымдарын баспасөз беттерінде талқыға салады. Осындай көп шаралардың бірі – «1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісі» тақырыбына сценарийлер конкурсы болды. Алайда, бұл бастама сәтсіз аяқталды, ұсынылған бірқатар сценарийлік жобалар ішінде өндіріске жарамды бірде-бір материал болмай шықты. Нәтижесінде, ұлт-азаттық көтерілісі тақырыбында фильм түсіру жоспары кейінге ығыстырылып, оны жүзеге асыру тек 1938 жылы ғана мүмкін болды. Ол – «Амангелді» фильмі еді [2000: 89].

Қазақ киносының тарихындағы үшінші кезең: 1938-1944 жылдар аралығы – бұл кезеңді ұлттық кино өнеріміздің қалыптасуына алғы шарттар тудырған кезең ретінде бағалауымыз керек. Алматы киностудиясы құрылады, алғашқы ұлттық тақырыпта киносценарийлер конкурсы ұйымдастырылады. Соғыс жылдары алматыда «Мосфильм», «Ленфильм» сияқты ірі-ірі киностудиялардың қызметі ұлттық киноөнеріміздің қалыптасуына тікелей әсерін тигізді. Орталықтан Алматыға кино өндірісіне аса қажетті техникалық жабдықтар жеткізілді және оларды меңгере алатын ұлттық кадр мамандар даярлана бастайды. Бұл кезең қазақ киносының тарихында Біріккен Киностудиялар Орталығының (ЦОКС) тарихымен сипатталады.

Ұлттық кино өнеріміздің қалыптасуы мен өркендей бастаған тұсы төртінші кезеңді құрайды, бұл – 1945-1960 жылдар аралығы. Осы жылдары Алматы киностудиясының алғашқы көркемсуретті фильмдері өндіріске жіберілді. Осы кезеңде ұлттық режиссура мектебі өріс алады. Шәкен Айманов, Мажит Бегалин, Абдолла Қарсақбаев, Сұлтан Ходжиков, Шәріп Бейсембаевтардың киноматографиялық жолдары қалыптаса бастады. Кино саласында кәсіби деңгейде мамандар даярлау мүмкіндігі айқындалды. Бесінші кезең – 1960-1970 жылдар тұсы – ұлттық киномыздың өрлеу жылдары болып есептеледі. Бұл кезеңде қоғамдық жаңа қарым-қатынастардың түр-түрі, әлеуметтік мәселелер тұрғысынан болып жатқан жаңа өзгерістер, өмір шындығы, жеке кейіпкер психологиясы сияқты терең мазмұнды құбылыстар экрандық көркем шығарма тақырыбына айналды. Осы жылдары кино өнері мен ұлттық шығармалардың экрандалуындағы үздік мысалдары бола алатын «Қилы кезең», «Атамекен», «Қыз Жібек», «Менің атым Қожа»,

«Тұлпардың ізі» сияқты кинотуындылар келді. 60-70 жылдар киносы кезеңі, әсіресе, режиссура шеберлігінің кәсіби деңгейіне көтерілуімен сипатталады.

Ұлттық режиссура мектебінің негізін қалаушы режиссерларымыздың шығармашылықтарындағы ең үздік фильмдері («Менің атым Қожа» – 1963 жылы, режиссеры Абдолла Қарсақбаев; «Алдар-Көсе» – 1964 ж., «Атамекен» – 1966 ж. реж. Шәкен Айманов; «Тұлпардың ізі» – 1964 ж., «Қилы кезең» – 1966 ж., реж. Мәжит Бигалин; «Арман-атаман» – 1967 ж., реж. Шәріп Бейсембаев; «Қыз-Жібек» – 1970 ж., реж. Сұлтан Ходжиқов) осы жылдары экранға шығады.

Алтыншы кезең – 1970-80 жылдар тұсы – қазақ киносында кинорежиссурада тоқырау жылдары болса, кинодраматургия саласында, керісінше, өрлеу кезеңімен сипатталады. Әдеби шығарманы экрандаудың жаңа сатысы киноға театр режиссерларының келуіне ұласады. Бұл жылдары классикалық әдеби шығармалар желісімен көптеген фильмдер экранға шығады: Мұхтар Әуезов бойынша «Көксерек» (1973 ж. реж. Т. Өткеев), Дулат Исабеков бойынша «Гауһартас» (1975 ж. реж. Ш. Бейсембаев), әбдіжімңл Нұрпейісов бойынша «Қан мен тер» (1978 ж. реж. Ә. Мәмбетов).

Қазақ киносының тарихындағы жетінші кезең – 1980-1990 жылдар аралығы – «жаңа толқын кезеңі. Кино тілінің жаңа мүмкіндіктері жаңа режиссурамен бірге келді.

Киношығарманың негізгі мазмұны жеке кейіпкердің ішкі тебіренісі төңірегінде өрбітілді. Жаңа толқынмен экранға тосын кейіпкер келді. Шығармашылық ізденістер қазақ киносын тағы бір деңгейге көтерді, жас режиссерларымызды әлем тани бастады. Соңғы жылдары түсірілген фильмдеріміз аса дәрежелі халықаралық кинофестивальдарда жоғары бағаланып жатты. Бұл, сөзсіз, ұлттық кино өнерінің зор жетістігі болып есептелді.

Кинофикация жүйесінің Қазақстан жеріне баяулап болса да кең таралуына сол кездегі үкімет тарапынан көрсетілген көмектің пайдасы зор болды. Проекциялау аппараттарының түр-түрі, позитивтік кинопленталар және тағы басқа толып жатқан техникалық жабдықтар шет елден сатып алынып жатты. Жас мемлекеттің өзіндік киноөндірісінің қуаты әлі де болса тым әлсіздеу болатын.

Республиканың енді ғана аяқтанып келе жатқан кинофикация органдарының қызметіне жұмысшы комитетінің қолдауымен 1928 жылы құрылған «Совет киносының достары» (ОДСК – общество друзей советского кино) атты қоғамдық үйірменің көмегі аса зор болды. Қазақстандағы аймақтық ОДСК жетекшісі қызметіне Нығмет Нұрмақов тағайындалады. Бұл қоғамның негізгі міндеттері қалалық жерлердегі кино үйірмелерінің жұмысын жолға қою болды. Заводтар мен фабрикаларда, оқу орындары мен мекемелерде кинотеатрлардың репертуарымен таныстыру және киноның маңызы жайында үгіт-насихат жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырыла бастайды.

Киносеанстардан түскен қаражаттың артық түсімі көмегімен үсті-үстіне киноартельдер құрыла бастайды. Ендігі жерде жылжымалы және стационар киноқондырғыларды іске қосатын киномеханиктер мен кәсіби инженерлер қажеттілігі туады. Сондықтан да, ірі қалаларда мемлекет қолдауымен кино мамандарын даярлайтын қысқа мерзімдік курстар ашыла бастайды.

Кеңес үкіметі дәуірінің кезеңі өтіп, жаңа қоғам орнаған тұста кино өнері саласында да жаңа нарықпен қосарлана келген көп жаңалықтың бірі – жеке шығармашылық кинобірлестіктердің құрыла бастауы. Бұл – ұлттық киноөндірісіміздің сапасы мен сандық деңгейіне тікелей әсер етті. 1990 жж. тұсын ұлттық киномыздың әлемдік деңгейге көтерілген аса бір нәтижелі кезеңі ретінде жоғары бағалауға болады. Бұл жылдары «Жаңа толқын» режиссерларының фильмдерінің көпшілігі әлемдік деңгейдегі дәрежелі халықаралық кинофорумдар мен фестивальдарға қатыса бастады. Токио, Сан-Франциско, Турин, Стамбул, Париж, Бонн, София, Пекин, Вена, Брюссель, Будапешт, Карловы Вары, Москва және тағы басқа да бірқатар қалаларда қазақ киносының күндері өтті. Әлем біздің киномызды таныды. Көріп қана қоймады, аса жоғары бағалап, қазақ киносының өзіндік ерекшеліктерін мойындай бастады. Бельгия, Франция, Австрия, Ұлыбритания сияқты зор қуатты киноиндустриясы бар мемлекеттер ендігі жерде жаңа инвестиция тұрғысынан қазақ киносына бет бұрды. 2001 ж. Нант қаласында (Франция) ұйымдастырылған «Үш континент фестивалінде» қазақ киносының фильмдері бойынша арнайы бағдарлама өтті [К. Сиранова, 1994: 95].

Қазақ киносының даму тарихында өндірістік нәтиже (сандық көрсеткіш тұрғысында) және киношығармалардың мазмұндық тереңдігі (сапалық көрсеткіші) жағынан да алып қарар болсақ, өрлеу жылдары мен тоқырау кезеңдері үнемі алмасып отырғаны белгілі. Бұл сипат қазақ киносының аталып отырған қазіргі жағдайына да тән құбылыс болып отыр.

1990 жылдар тұсында жеке киностудиялардың саны шамамен 30-ға жетті. Бұл киностудиялар мен кинобірлестіктердің экономикалық мүмкіндіктері әзірге тек шағын бюджеттік

авторлық фильмдер өндірісі төңірегінде ғана еді, сол себептен де осы жылдары экранға көптеп шығып жатқан фильмдердің біразы аз да болса мемлекет тарапынан да қосымша қаржыландырылып отырды.

Мемлекеттік қаражат және жеке киностудиялар бірлестігі нәтижесінде 1990 ж. 14 көркем туынды экранға шықты (12 фильм жеке киностудиялар үлесінде, ал 2 фильм мемлекет тарапынан қаржыландырылды). 1991 ж. көлемінде экранға 18 көркемсуретті фильм шыққан болса, оның тең жартысы жеке киностудиялардың үлесінде. Бұдан былайғы жылдарда да жеке киностудиялар өндірісі мемлекеттік қаржыландырулармен тепе-теңдікте болды, тіпті кей тұстарда басымырақ болды деуге дәлел бар: 1992 ж. 12 толықметражды көркемсуретті фильмдердің ішінде 10 фильм, ал 1993 ж. экранға шыққан 15 көркемсуретті фильмнің ішінде 13 фильм жеке киностудиялардың үлесінде. Қоғамдағы экономикалық қатынастардың өзгеруі Қазақстан киноөндірісіне тоқырау кезеңін әкелді.

1991–1997 жж. тәуелсіздіктің алғашқы жылдары отандық кинематография үшін маңызды жылдар болды. Бұл ең алдымен посткеңестік комплекстер мен посттоталитарлық синдромдарды құрту кезеңі болды. Бұл кезеңнің картиналарында кеңестік биліктің орнауы туралы шындық айтылған. Көп жылдар бойы ресми кеңестік идеология айтылмаған, ұжымдастыру кезеңіндегі, Ұлы Отан соғысы, сталиндік репрессия жылдарындағы барлық фактілер осы кезеңнің ең жақсы деген тақырыптарында көрініс тапқан. «Суржекей – ангел смерти», «Жизнеописание юного аккордеониста», «Людоед» фильмдерінде Орталық Азия аймағы халықтарының кеңестік замандағы қайғылы жағдайлары бірінші рет көрсетілген.

Кеңестік кинематографиялық тарихнаманың жетпіс жылдығынан кейін Қазақстанның кинематографистеріне өздерінің елдері мен аймақтарының тарихындағы маңызды деген тарихи тұлғалары туралы айтуға мүмкіндік туды, сонымен қатар тарихтың өзгерісті кезеңдері туралы айтуға үлкен мүмкіндік туындады. Мұндай міндетті «Гибель Отрара», «Батыр Баян», «Юные годы Абая», «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу», «Юность Жамбыла» және т.б. фильмдерін құрастырушылар алға қойған еді. Бұл жылдары ұлттық сәйкестілікті іздестіру белсенді түрде жүрді, сондықтан қашу, шексіз жол, Жерұйықты іздеу сарындары көптеп кездесті («Путешествие в никуда», «Айналайын»). Туған үйді сезіну әлі де әлсіз, сондықтан картинаның аты да – «Где твой дом, улитка?», «Квартирант», «Шанхай». Отбасының қалыптасу процесі көрсетілген бірде-бір картина жоқ. Керісінше, әлі де отбасыны бұзу тақырыбы кездеседі. Әсіресе «Голубиный звонарь», «Разлучница», «Сон во сне» фильмдерінде көрініс тапқан [А.С. Назаров, 1992: 152].

Фильмдердің бір бөлігінде кеңестік биліктің соңғы жылдарындағы оқиғалар мен көңіл-күй көрінсе, ол жерде тоталитаризмнің алауыздығы, билігі мен құлауы айқын көрінген – «Любовники декабря», «Аллажар», «Последние каникулы». Әсіресе осы кезеңде кинематографияда ұлтшылдық пен космополитизм, гибридтілік пен түпнұсқалылық идеялары арасындағы шығармашылық даулар анық бейнеленеді. Режиссерлардың бір бөлігі картиналарда қайта құру рухындағы фильмдерді түсірсе, екінші бөлігі ұлттық түпнұсқалылық ортаны белсенді түрде қалыптастыра бастайды.

Картиналар өз заманының рухы мен көңіл-күйін көрсетеді. Жалпы алғанда, әр кезеңдегі фильмдерде Қазақстанның 1990 жж. басындағы тәуелсіздік алуы, 1997–1998 жж. шешілмеген әлеуметтік және экономикалық мәселелерден туындаған күйзеліске дейін байқалады. Бұл күйзеліс максималды деңгейде Дарежан Өмірбаевтің «Киллер» фильмінде көрініс тапқан, ол 1998 ж. Канн кинофестивалінде «Особый взгляд» бағдарламасының бас жүлдесін жеңіп алған [К. Айнагулова, К. Алимбаева, 1990: 198].

1998 ж. бастап қазақстандық кинематографияда, киноларда жағымды құндылықтарды орнатуға деген айқын бұрылыс байқалады, жалпы қоғамдағы жағдайдың тұрақтануы және отбасының қалыптасуы көріністері фильмдерде орын ала бастайды. Сірә, бұл неге дәл 1998 ж. біздің еліміздің жаңаша тарихындағы өзгерісті кезеңі болғанын түсіндіруге экономистер мен социологтардың алдында тұрған міндет. Бірақ кинематографияда бұл Орталық Азия аймағындағы барлық бес елде бір уақытта тегіс орын алды. Бұған куә – заманауи шындықтың оң бағасын теріске өзгертетін белгілі картиналардың пайда болуы. Қазақстанда бұл фильмдер Серік Апрымовтың «Ақсуат» фильмі. Жаңаша заманның фильмдерінде айтарлықтай өзгерістер туындады. Тек 1998 ж. кейін кинематографистер өмір шындығының түрлі қырларына қарсы тұрып қана қоймай, кинематографияда жаңа шынайылықты қалыптастыруға және ол шынайы өмірдің үлгі тұтатын затына айналатындай жасауға тырыса бастаған ұлттық сана-сезімді құрудың үрдісін жолға қойды.

Қазақстан кинематографиясын Орталық Азия аймағының басқа елдерімен салыстырар болсақ, бұл елдер бойынша мәліметтерді Г.Әбікееваның «Национальное строительство в Казахстане и других странах Центральной Азии, и как этот процесс отражается в кинематографе» еңбегінен көруімізге болады [Г. Абикеева, 2006: 189].

Жаңа толқын режиссерлары арқасында қазіргі уақытта Қазақстан кинематографы кино әлемінде өз орны бар және халықаралық белді кинофестивальдерге қатысып, жүлделі орындар алуда. Алайда соңғы жылдардағы жеке көзқарасы мен шығармашылықта өз орны бар режиссерлардың кинематографтан кету тенденциясы орын алуда.

Қазақстан киноөндірісінің қалыптасуы мен дамуы, киноөндіріс қайраткерлерінің шығармашылық өсімі белгілі қиындықтармен қатар жүрді. Бұл қиындықтар қазақ киносының бастапқы кезеңінде, ол өзінің дәстүрі, өзіндік жазуы, ал жұмыскерлердің тәжірибесі болмаған кезеңде ерекше байқалды. Сондықтан Қазақстан кинематографистерінің алғашқы қадамдары өте жасық және сенімсіз болды. Оған кино өнерін зерттеп, спецификасын игеруге біраз уақыт, білім қажет болды. Қазақ киносы қайраткерлеріне жұмыста жетістікке жетіп және ұлттық кино өнердің дамуын қамтамасыз ету үшін әрдайым шығармашылық ізденіс жүргізу қажет болды [Б.Р. Ногербек, 1998: 169].

Қорытынды

Қазақ киносының құрылу мен даму үрдісі айтарлықтай дәрежеде ресейлік, Орталық Азия мемлекеттері және алыс шетел киноөндірісімен байланысты екендігін ашып көрсеткіміз келеді. Алайда қазақ киносының қалыптасуы мен дамуы барысында шығармашылық кадрлар да өсті: режиссерлер, операторлар, суретшілер, дыбыс операторлары, өндірісті керемет ұйымдастырушылар: директорлар мен көріністі ұйымдастырушылар және т.б. Сонымен, Қазақстанда және әлемнің басқа да мемлекеттері мойындаған ұлттық өнердің қиын, әрі жаңа түрін жасау, кино маманын және елеулі фильмдерді шығарып, даярлау қазақ кинематографиясы үшін маңызды.

ӘОЖ 94 (574.1)

Б.С. БОРАНБАЕВА

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Қазақстан, Орал

ШЫҒЫС МАЙДАНЫНА ҚАТЫСҚАН ОРАЛ ӨңІРІНІҢ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ

Аңдатпа. Мақалада Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жапон милитаристеріне қарсы Қиыр Шығыс майданына қатысқан Орал өңірінің жауынгер қазақ қыздары десантшы Қаламсия Ермекова, №120 артиллериялық әуе шабуылынан қорғану полкінің байланысшылары Ниязғалиева Әзиза, Үмбетова Мүслима, Ахметова Қалампыр сондай-ақ жапон милитаристеріне қарсы соғысты Солтүстік Кореяның Хедзео қаласында аяқтап, Жоғарғы Бас Қолбасшының Алғыс хатына ие болған Аэродром қызметін қамтамасыз ету (Батальоны аэродромного обслуживания – БАО) батальонының байланысшылары – Алмағамбетова Қаным, Есқалиева Үмітай және Хабаровск өлкесінде 189 автокөлік полкі №600 батальонының әскери көлік жүргізушісі болған Саркулова Слухияның әскери өмір жолдары толық баяндалады. Қиыр Шығыс майданында Квантун армиясын талқандауға үлестерін қосқан жауынгер қазақ қыздарының ерлігі мен әскери өмір жолдары бүгінгі күнге дейін арнайы ғылыми зерттеулер нысанына алынбаған тың тақырып. Сондықтан зерттеу мақала ардагер аналардың өз қолдарымен жазған өмірбаяндары, естеліктері, Батыс Қазақстан облыстық, аудандық архив, музей және кітапхана қоларында сақталған құжаттар, мерзімді басылымдар сондай-ақ майдангер аналардың ұрпақтарының жеке архивтерінен алынған тарихи деректер мен суреттер негізінде зерттеу жүргізіліп, жазылды.

Түйін сөздер: Екінші дүниежүзілік соғыс, жауынгер қазақ қыздары, Қиыр Шығыс майданы, Хедзео қаласы, майдангер ана, десантшы, барлаушы, байланысшы, жапон милитаристері, әскери көлік жүргізуші

Б.С.БОРАНБАЕВА

Западно-Казакхстанский государственный университет им. М. Утемисова, г. Уральск, Казахстан

КАЗАШКИ ПРИУРАЛЬЯ – УЧАСТНИЦЫ ВОЕННЫХ ДЕЙСТВИЙ НА ДАЛЬНЕВОСТОЧНОМ ФРОНТЕ

Аннотация. В статье подробно описывается воинская биография казахских девушек из Приуралья, служивших на Дальневосточном фронте во время второй мировой войны, и принимавших участие в борьбе против японских милитаристов, таких как десантница Каламсия Ермекова, связистки 120-го зенитного артиллерийского полка Алима Ниязғалиева, Мүслима Умбетова, Калампыр Ахметова, военный водитель батальона №600 189-го автополка Слухия Саркулова, также, награжденные Благодарственным письмом Верховного Главнокомандующего и окончившие войну в северокорейском городе Хедзео, связистки батальона аэродромного обслуживания (БАО) Қаным Алмағамбетова, Умітай Есқалиева. Воинская жизнь и подвиги казахских девушек внесших свою лепту в разгром Квантунской армии на Дальневосточном фронте, до настоящих дней является не исследованной научной темой. Данная научная статья написана на основе собственноручно написанных автобиографий и воспоминаний женщин-ветеранов, архивных документов сохранившихся в фондах областных, районных архивов, музеев и библиотек. А также были использованы фотографии и исторические сведения взятые из личных архивов потомков женщин ветеранов.

Ключевые слова: Вторая мировая война, казахские девушки-воины, Дальневосточный фронт, город Хедзио, женщина ветеран, десантница, разведчик, связистка, японские милитаристы, военный водитель.

B.S. BORANBAYEVA

Makhambet Utemisov West Kazakhstan State University, Uralsk, Kazakhstan

KAZAKH WOMEN OF THE URALS-PARTICIPANTS OF MILITARY ACTIONS ON THE FAR EASTERN FRONT

Summary. The article describes in detail the military biography of Kazakh girls from the Ural region, who served on the Far Eastern front during the Second World War and participated in the fight against Japanese militarists, such as the paratrooper Kalamsiya Ermekova, signalers of the 120th anti-aircraft artillery regiment Alima Niyazgalieva, Muslima Umbetova, Kalampyr Akhmetova, military driver of the battalion No. 600 of the 189th auto system, Slukhiya Sarculova; signalers of the airfield service battalion (BAO) Kanym Almagambetova, Umitay Eskalieva awarded by the Letter of Commendation of the Supreme Commander and ended the war in the North Korean city Xedzeo. The military life and deeds of the Kazakh girls who have contributed to the defeat of the Kwantung Army on the Far East front, is not an explored scientific topic to this day. This research article is written on the basis of autobiographies and the memoirs of veteran women, the archival documents preserved in the funds of regional and district archives, museums and libraries. Also, photographs and historical data taken from the personal archives of the descendants of women veterans were used.

Keywords: World War II, Kazakh warrior girls, Far East Front, city of Hedzeo, veteran women, paratrooper, scout, communications officer, Japanese militarists, military driver.

Кіріспе

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында қазақтың ұлдарымен қатар қыздары да өздерінің жауынгерлігі, парасаттылығы және Отанға деген адалдығын әлемге паш етіп, қазақ халқының ұлттық мінезі мен қасиетін танытты. Кеңес Армиясының қатарында қазақ қыздары Батыста гитлершілдерге ғана қарсы соғыс жүргізіп қойған жоқ, сондай-ақ олар Қиыр Шығыс майданында жапон милитаристеріне қарсы жүргізілген соғыстарға да қатысқан. Алайда Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан қазақстандық жауынгер қыздар мәселесі тың ізденістерді күтіп тұрған күрделі тақырыптардың бірі.

Демек, ұсынылып отырған мақалада Қиыр Шығыс майданына қатысқан қазақ қыздары десантшы Ермекова Қаламсия, байланысшы әрі барлаушы Ниязғалиева Әзиза, Үмбетова Мүслима, Ахметов Қалампыр және антижапондық соғысты Солтүстік Кореяның Хедзео қаласында аяқтап, Жоғарғы Бас Қолбасшының Алғыс хатына ие болған байланысшылар Алмағамбетова Қаным, Есқалиева Үмітай, сонымен қатар 189 автокөлік полкі №600 батальонның әскери көлік жүргізушісі Саркулова Слухияның жауынгерлік өмірін тарихи деректік құжаттар негізінде зерттеу көзделді.

Материалдар мен әдістер

Дерек ретінде Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архив, Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе, Жымпиты аудандық архив, Ж. Молдағалиев атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапхана қорларындағы майдангер аналардың өз қолдарымен жазған өмірбаяндары, олардың әскери құжаттары мен суреттер, Орал қаласының тұрғыны болған ардагер Қаламсия Ермековамен кездесу барысында бейне таспаға жазылып алынған естелігі, ғалым М.Қ. Қозыбаевтың «Бессмертие» еңбегіндегі, кеңес әйелдерінің жауынгерлік ерлігі туралы жазылған В.С. Мурманцеваның «Женщины в солдатских шинелях», кеңес әйелдерінің тылдағы ерлігін баяндайтын Г.Д. Нұрбекованың «Женщины Казахстана – фронту» атты еңбектерін, сонымен қатар майдан мен тыл ардагерлері естеліктерінің «У победы женское лицо. Сборник воспоминаний о боях – пожарищах, о друзьях-товарищах, о нелегкой жизни и работе в тылу» атты жинағындағы деректік мәліметтер қолданылды.

Әдістері

Тарихи жүйелілік, тарихи - салыстырмалы, жазба деректерді зерттеу, эмпирикалық әдіс (әңгіме, сұхбат), статистикалық деректерді талдау, тарихи құжаттарды саралау сияқты тарихи зерттеулердің дәстүрлі әдістері қолданылды.

Талқылау

Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан қазақстандықтардың арасында жауынгер қыз-келіншектердің үлесі зор. Тарихшы ғалым М. Қозыбаев өз еркімен майданға сұранып, өтініш жазған қазақстандықтардың 40 пайызы қыз-келіншектер [Қозыбаев М.Қ., 1964:] болғандығын айтады. В.С. Мурманцева Ұлы Отан соғысына 800 мыңнан астам кеңестік жауынгер әйелдердің қатысқандығы [Мурманцева В.С., 1971:9] туралы дерек береді. Г. Нұрбекованың тылдағы кеңес әйелдерінің майданға қосқан ерен еңбегі жөніндегі «Женщины Казахстана фронту» атты зерттеуінде: «Всего в

боях на фронтах Отечественной войны из Казахстана, по неполным данным, участвовало около 6 тысяч женщин» [Нұрбекова Г., 1988: 23], - деп жазады. Алайда қазақстандық жауынгер қыз-келіншектердің жалпы саны қанша? олардың арасында қанша қазақ қыздары болды? Қиыр Шығыс майданына қанша қазақ қыздары қатысты? Олар қандай әскери бөлімдер мен бөлімшелерде жауынгерлік міндеттерін атқарды? Қазақ қыздары әскери мамандықтардың қандай түрлерін меңгерді? Олардың өз еркімен соғысқа аттануына әсер еткен факторлар? Шейіт болғандарының қаза тапқан жерлері? Бұл сұрақтар қазірге дейін анықталған жоқ. Қазақ қыздарының жауынгерлік өмірі туралы республикалық мерзімді басылымдарда мақала көлемінде ғана деректер жариялаумен шектеліп жүрген сияқтымыз.

1941 жылы 13 сәуірде Кеңес Одағы Жапониямен бейтараптық жөнінде бес жыл мерзімге келісім жасады. Алайда Манчжурия жерлерін басып алған жапон милитаристері кеңестік Қиыр Шығысқа басып кіруге даярлығын жалғастыра берді. Деректерге қарағанда 1941-45 жылдар аралығында Қиыр Шығыстағы Забайкалье, Хабаровск және Приморье округінің шекара күзетшілері 10810 жапондық шекара бұзушыларды, 1,5 мың тыңшы агенттерді, 9 мыңдай қылмыскерлерді қолға түсірген [Сысоев Н., Ноженко Е.:47].

Сөйтіп, кеңес-герман майданында соғыс жүргізіп жатырған Кеңес Одағы жапон агрессиясына қарсы Қиыр Шығыста ірі әскери қарулы күштерін ұстап тұруға мәжбүр болды.

Демек, 1945 жылы 9 мамырда Германиямен соғысты жеңіспен аяқтағаннан кейін Кеңес Одағы Жапониямен нейтралитет пактісінің күшін жойды. 1945 жылы 9 тамызда Кеңестік Армия Қиыр Шығыста Солтүстік - Шығыс Қытай, Солтүстік Кореядағы Жапонияның Квантун армиясына қарсы сұрапыл соғыс бастады. 5 мың шақырым кеңістікке созылған әскери операцияға 1,5 млн. кеңестік әскери күш жұмылдырылды [Дальневосточный, 258].

Жоғарыда антижапондық соғысқа қатысқан қиыршығыстық кеңес жауынгерлерінің қатарында қазақ қыздарының да болғанын айтқанбыз. Олар соғысқа қатысып қана қойған жоқ, жанқиярлық ерліктің үлгісін көрсетті. Соның ішінде қыз-келіншектерден құралған аэродром қызметін қамсыздандыру батальоны (Батальоны аэродромного обслуживания – БАО) құрамында байланысшы, десантшы, барлаушы, көлік жүргізуші, күзетші болып әскери қызмет атқарған жауынгер Әзима Ниязғалиева, Мүслима Үмбетова, Қаламсия Ермекова, Қаным Алмағамбетова, Үмітай Есқалиева, Слухия Сарқұлова, Қалампыр Ахметова т.б. сияқты майдангер қазақ қыздарының ерлік істері ерекше бағаланады.

Деректерден анықтағанымыз, Кеңес Одағында қыз-келіншектердің әскер қатарына жаппай шақырылуы Бүкіл Одақтық Лениншіл Жастар Одағының 1942 жылғы сәуірдегі үндеуінен кейін басталады. Демек, осы жылдың шілде айынан бастап, Қазақстандық жауынгер қыздар Қиыр Шығыс майданына аттандырылған. Алайда осы әскерге алынған жауынгер қыздар туралы нақты статистикалық дерек қазірше көзге түскен жоқ.

Бірақ Қазақстанның батыс аймағындағы Орал облысы бойынша майданға аттанған қыздар туралы деректер бар. Мәселен, қиыршығыстық майдангер ана Қаламсия Ермекова: «1942 жылы соғысқа Оралдан 200 қыз аттандық» [Ермекова Қ, Естелік], – десе, Қаным Алмағамбетованың ғұмырбаянында: «Оралдан 1 эшелон қызды тиеп Қиыр Шығысқа алып кетті» [Архив...], – деп жазылған. Ал осы эшелондағы қыздар арасында болған жауынгер Суворова Валентина Петровнаның естелігінде: «В июле 1942 года призвана в числе 300 девушек из Уральск и районов в армию... Из Уральск эшелон был направлен на Дальний Восток. К трем вагонам на каждой большой станции прицепляли по 2-3 вагона с девушками, так что в Хабаровск прибыло уже 52 вагона. Девушек распределили по частям зенитчиков, летчиков, пулеметчиков, пехотинцев, связистов и поваров» [Суворова В.П. 117], – деп жазады.

Осы деректер негізінде Қиыр Шығыс майданына қазақстандық мыңдаған жауынгер қыздар қатысты деп айтуға болатын сияқты.

Нәтижесі

Демек, Батыс Қазақстан облысы бойынша жүргізілген зерттеу жұмысы барысында жазылған мақалада Қиыр Шығыс майданына қатысқан қазақ қыздарының жауынгерлік өмірі сипатталып баяндалады. Десантшы Қаламсия Ермекова (сурет 1)

Ұлы Отан соғысы жапон милитаристерін жеңумен аяқталды. Бұл адамзат тарихында ең әділ соғыс болды деп бағаланды. Үлкен құрбандықтың және жанкешті ерліктің арқасында КСРО халықтары дүниежүзілік тарихи жеңіске жетті. Жеңіс күнін жақындатуға үлесін қосқан кеңестік жауынгерлердің қатарында қазақтың ұлдары мен бірге қыздары да жауынгерлік ерліктің үлгісін

көрсетті. Алайда майдангер қазақ қыздарының жауынгерлік өмір жолдары мен олардың кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық батырлық ерліктері отандық тарих ғылымында әлі де терең ізденіс нысанына айнала алмай келеді.



Сурет 1 – Қиыр Шығыс майданына қатысқан десантшы Қаламсия Ермекова // Автордың жеке архивінен алынды. Демек, ардагер ана Қаламсия Ермекованың жауынгерлік өмір жолдары туралы бейне таспаға жазылып алынған естелік әңгімесін көпшілік қауымға ұсынғанды ұрпақ парызы санадық.

Қаламсия Ермеқызы 1921 жылы Орал облысы, Жымпиты ауылында дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылып, жастайынан тіршілік тауқыметін көріп өскен майдангер ана өзінің балалық шағы туралы: «1921 жылы аламан уақытта дүниеге келіппін. Әкеміз дүниеден ерте озып, бес баламен қалған анамыз байлардың есігінде жалданып жүріп, жоқшылық, аштық – осылардың бәрінен бізді аман алып қалған. Өміріміз өте қиын болды. 1932 жылғы аштықтан да колхоздың сиырын сауып жүріп, тағы да сол анамыз аман қорғап қалған» [Майдангер Естелігі], – дейді.

Осылайша аяулы ананың арқасында бойжетіп, 1940 жылы Жымпиты ауылының орта мектебін, кейін Орал қаласындағы мұғалімдер дайындайтын училищені тамамдаған жас қыз ағаларымен бірге анасына серік болып, ауылдың түрлі тірлігіне араласа бастайды. Алайда алаңсыз бейбіт өмірдің шырқы тағы да бұзылып, 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталады. Екі ағасы соғыстың алғашқы күндері майданға аттанып, хабарсыз кетеді.

Қаршадайынан қандай қиындықты да қаймықпай қарсы алуға үйренген жас қыз анасының қарсылық білдіргеніне қарамастан, екі ағасының кегін алмақшы болып, өз еркімен майданға баруға бел байлайды. Әуелі Жымпитыдағы екі айлық өзін-өзі қорғау (самозащита) курсына оқып тамамдаған Қаламсия аудандық әскери комиссариаттың табалдырығын тоздыра жүріп, ақыры «он күндік жол азығыңызды алып келіңіз» деген шақыру қағазын алады. Сөйтіп, 1942 жылдың қыркүйек айында Оралдан майданға аттанған қыздардың арасында Әзиза Ниязғалиева, Мұслима Үмбетова, Қаным Алмағанбетова, Қаламсия Ермекова сияқты қазақ қыздары болды. Жауынгер Қаламсия ана: «Майданға жөнелтілген бізді сапқа тұрғызып, вокзалдағы есік терезесі аңғал-саңғал қызыл вагонға алып келді. Қызыл вагон демекші, біз мінген поездда өкпесіне суық тиіп 6 ай демалыстан соң қайтадан Қиыр Шығыс майданына бара жатқан Қасым Аманжолов та бар екен. Оның: Оралым, шықтың алдымнан, Оралым менің Оралым, Қол созып қызыл вагоннан

Үстіңнен өтіп барамын» [Боранбаева Б.С., Мақала...], – деген өлеңін перронда тұрып бізде тыңдадық дейді.

Қаламсия Ермекова маршал Малиновский басқарған II Қиыр Шығыс майданының десантшылар армиясының құрамында Жапония басқыншыларына қарсы соғысқа қатысады. Жауынгерлік өмірі туралы Қаламсия ана: «Қалың орман арасында десантшы да барлаушы да болдық, түнгі күзетте де тұрдық. Самолеттерді күзетеміз. Жау біздің күзетте тұрған жауынгерлерді, офицер шенділерді ұрлап алып кетіп, оларды өзімізге қарсы үгіттейтін болды, бірақ мен одан аман қалғанмен, екі рет ауыр жарақат алдым», – дейді.

Майдангер ананың жастайының өмірін өлеңмен өрнектейтін ақындық қабілеті бар еді. Өзінің майдан даласынан елге жазған сондай бір хатында:

«Мекенім жерден қазған ұзын барак

Ауыр іс, өтіп жатты уақыт санап,

Туған жер бәрінен де қымбат екен

Аңсаймын батыс жаққа күнде қарап», - деп қыз жүрегінің туған жерге деген сағынышын жеткізсе, енді бір хатында Отан алдындағы жауынгерлік міндетін былайша өрнектейді: «Оқ аттым, мен жауларға халқым үшін,

Байқадым минут сайын жаудың күшін

Суық жер, қараңғы түн ауыр тиді,

Секірдім самолеттен парашютпен

Аман өттім лаулай жанған қалың өрттен

Күзеттім жау өткізбей шекарадан

Қорғадым Отанымды шын ниетпен

Жері су, қалың орман, тауы биік

Басында ойнайды екен марал, киік

Күзетте тұрғанымда, жарылған снарядтың оғы тиіп,

Емделдім Хабаровск қаласында», – деп өлең жолдарында көрсеткендей бірде шекараның түнгі күзетінде тұрғанда басына снаряд жарқыншағы тиіп ауыр жарақаттанған Қаламсия Ермекова Хабаровск қаласындағы әскери госпитальда 2 ай жатып, емделіп шығады» [Боранбаева Б.С., Мақала...]. Майдангер ана өзінің жауынгерлік өмірін еске ала отырып, есінде ерекше сақталған мына

бір оқиға туралы: «Күздің суық бір күні біздің десантшылар батальоны шұғыл сапқа тұрғызылды. Жорыққа аттанатын шығармыз деп ойлады. Қолбасшылар арасынан бір адам шапшаң адымдап, біздің батальонға таяды. «Араларында қазақ бар ма?» – деген сұрақты естігенде әрі таңданып, әрі қапелімде абдырап қалдым. Өйткені қазақ тіліндегі дауысты естімегелі біраз болды ғой. Саптың ортасында тұрған мен оның қазақ екенін қапелімде байқай алмай қалып едім. Бір қадам алға шығып «Мен қазақпын», – деп дауыстадым. Жақындап келді де, - Сен қалмақ емессің бе?, – деді. «Жок, қазақпын Орал облысынан келдім», – дедім. Кейін білдім, бұл есімі алты алашқа мәлім болған Бауыржан Момышұлы екен. Бізбен штабта да әңгімелесті. Маған қарап: «Біз, қазақ батыр халықпыз намысты, инабатты халықпыз. Халық туын жоғары ұстау керек. «Понятно» деп маған тесіле қарғанда, қолымды шекеме апарып «Так точно» дегенім есімде. Қазір бір өкінетінім, тұрмыстың ауырлығынан мына тұрған Алматыға барып, Бауыржанды тірі кезінде көріп сәлемдесе алмадым» [Ермекова Қ., Естелік...], – деп қамығады майдангер ана. Қаламсия ана шөбересінің есімін Бауыржан атапты. Чапаев ауылының мектеп гимназиясының 9-класында үздік оқып жүрген Бауыржанның болашақта әскери академияда оқып, батыр атасындай әскери маман болғанын армандайтынын айтты.

Жауынгер қыздар Владивостоктың Березовка деревнясының маңында 1945 жылдың 15 қыркүйегінде соғысты аяқтап елге аман есен оралады. Қаламсия Ермекова жауынгерлік ерліктері үшін «Ұлы Отан соғысы» ордені және «Жуков» медалімен марапатталады.

Майдангер ана елге жеңіспен оралған соң, бейбіт өмірге араласып, балалар үйінде тәрбиеші болып қызмет етеді. 1946 жылы Панфилов дивизиясының құрамында барлаушы болған кіші сержант, соғыс ардагері Машаев Самиғолламен шаңырақ көтеріп, қос ардагер отбасында бес бала тәрбиелеп өсіреді.

Десантшы жауынгер ана 96 жасқа қараған шағында 2018 жылы 9 мамыр мерекесі қарсаңында дүниеден озды. Жауынгер қос құрбы (сурет 2).

Ел басына күн туған сын сағатта ерлермен бірге қолына қару алып, майданға аттанған жауынгер қос құрбы туралы біреу білсе, бірі біле бермейтіні анық. Өйткені олар туған жердің топырағын қорғау әркімнің де парыз міндеті деп санап, өздерінің жауынгерлік өмір жолдарын көпшілікке ерекше мақтанышпен айта бермеген. Демек, жау жағадан алғанда қазақ қыздарына тән қайсарлық мінез танытқан жымпитылық қос құрбы Әзима Ниязғалиевамен Мүслима Үмбетованың өмір жолдары бүгінгі жас ұрпақ үшін үлгі өнеге.



Сурет 2 - Қиыр шығыс майданына қатысқан майдангер аналар Ниязғалиева Әзима (сол жақта), Үмбетова Мүслима. 1983 ж. // автордың жеке архивінен алынды.

Ендеше осы жауынгер қыздар туралы айтсақ, Мүслима Үмбетова 1923 жылы, ал Әзима Ниязғалиева 1924 жылы Орал облысы Жымпиты ауылында дүниеге келген. Бір көшенің бойында көрші тұрған олар мектеке бірінші класқа бірге барады. Мүслима соғысқа дейін ауылда есепші болып жұмыс жасайды. Ал Әзима ауылдағы он саусағынан өнер тамған атақты ағаш шебері Ниязғалидың жанұясында тәрбиеленіп өскен ерке қыз еді. Жер дүниені дүр сілкіндірген соғыс басталған соң, бірге ойнап өскен қос құрбы өз еріктерімен майданға сұранып, Жымпиты аудандық әскери комиссариатына өтініш береді. Соғысқа құрбысымен бірге кетуді ойлаған Әзима әскери комиссариатқа жазған өтінішінде жасын бір жасқа ұлғайтып, туған жылын 1924 деп көрсетеді [Қонақбаева Д., Мақала...].

Сөйтіп, өтініштері қабылданған құрбылар 1942 жылы 22 маусымда, яғни Ұлы Отан соғысының басталғанына бір жыл өткенде өз еріктерімен майданға аттанады. Олар Қиыр Шығыс майданындағы №120 артиллериялық әуе шабуылынан қорғану полкінің құрамына алынады. Жауынгер қыздар батальоны құрамында Әзима мен Мүслима да Владивосток, Лесозаводск қалалары үшін жапон милитаристерімен болған ұрыстарға қатысады. Бұдан басқа жауынгер қос құрбы Уссури өлкесіндегі қалың орман арасына жасырылып қойылған әскери самолеттер мен әскери базаларды күзетіп, сондай-ақ зениттік батареяның оқ дайындаушылары болады. Жауынгерлік тапсырмаларды орындаудағы адалдығы мен тындырымдылығы үшін жауынгер қыздар Қиыр Шығыс майданы қолбасшысының Алғыс хатына ие болады. 1944 жылы қазан айында взвод командирінің көмекшісі, кіші сержант Мүслима Үмбетова коммунистік партия қатарына алынады.

Ардагер аналар өздерінің майдандағы өмір жолдары туралы жазған естеліктерінде: «Әсіресе Уссуридің қатал қысы мен күзгі лайсаң жаңбырының астында тұрып, самолет қарауылдаған кездер аса қауіпті болатын, түн қараңғысы енген шақта кірпік қақпай тұратынымыз естен кетпейді. Біз бәрі де Отан үшін, бәрі де туған ел үшін емес пе, несіне аянамыз деп намысқа тырыстық» [БҚО, Сырым ауд, Архив...], – дейді кешегі жауынгер қыздар.

Сөйтіп, майданда «Отан қорғағаны үшін», «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған жауынгер қос құрбы, 1945 жылы тамыз айында аман-сау елге оралады. Жауынгер Әзима Ниязғалиеваның анасы «Қызының соғысқа кетерде кесіп тастап кеткен тоқпақтай екі бұрымын төрге іліп қояды». Кейін сол бұрымды аудандық театр әртістері арнайы келіп, Әзима апайдан сұрап алып кетеді.

В Шу-илийских горах такой знак зафиксирован в урочище Ой-Джайляу, где находится в сцене с вереницей изображений козлов раннего железного века [11, с. 107]. Исследователями сделано предположение о природе этого знака как о «скотьем боге» [4, с. 11]. Смысловое содержание личины раскрывается в непрерывной связи с козлом, обусловившим ее форму. Как образная форма он широко распространен в петроглифических материалах Центральной Азии [13, с. 96; 14, с. 240–250; 15, с. 377, 381–382, 411, 479].

Обобщая характер древних традиций наскального искусства гор Хантау, следует отметить, что по технике нанесения рисунков на скалы, набору образов и сюжетов в петроглифах и их семантическому полю, они несомненно относятся к тамгалинскому кругу Юго-Западного Жетысу. Прямые аналогии наскальным изображениям региона обнаруживаются в известных комплексах гор Шуили, Киндыктас, Кулжабасы, Серектас и Анрахай, которые вместе с хребтом Хантау составляют общую систему степных гор ШуИлейского междуречья. Именно здесь ярко прослеживаются параллели традициям древнего наскального искусства Центрального Казахстана.

Обращает на себя внимание техника нанесения петроглифов на скалы – сочетание точечной выбивки корпуса животных с прочерчиванием отдельных деталей (рогов, копыт и т.д.) [16, с. 147]. Определенное сходство имеется в иконографии древних рисунков, прежде всего в ранних сюжетах эпохи бронзы. К общим относится традиция изображения массивной головы, выгнутой спины,

обвислого или ровного живота и коротких ног [16, с. 132–133]. В этот период практически ничем не отличаются условно-схематичные фигуры антропоморфов в обоих регионах.

Характерен набор основных сюжетов древнего наскального искусства степных районов Центрального и Южного Казахстана, включая Жетысу. Они сопоставимы с небольшими «святилищами», устроенными при поселениях или даже семейно-родовых стоянках [6, с. 61–64]. Самый многочисленный пласт гравюр на скалах гор Хантау относится к раннему железному веку и его искусство полностью соответствует канонам развития скифо-сакских художественных традиций [17, с. 239–250; 18, с. 95–101]. Изображения животных в зверином стиле, зооморфный код основной группы наскальных рисунков и ведущие сюжеты дают основание предполагать, что этнокультурные связи древнего населения степных районов Центрального Казахстана и Жетысу распространялись вплоть до Алтая. Представленные в петроглифах гор Хантау художественные традиции обусловлены развитием сезонных миграций и транспортных коммуникаций древнего населения региона.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Медоев А.Г. Ареалы палеолитических культур Сары-Арка // По следам древних культур Казахстана. – Алма-Ата, 1970. – С. 211–216.
- 2 Медоев А.Г. Гравюры на скалах. Сары-Арка, Мангышлак. Ч. 1. – Алма-Ата, 1979. – 175 с.
- 3 Марьяшев А.Н., Горячев А.А. Вопросы изучения поселений эпохи бронзы Северного Приитальянья // <http://e-history.kz/ru/books/journal>, 2017. – №3.
- 4 Горячев А.А., Сараев В.В., Егорова Т.А. Егорова К.А. Петроглифы северозападных склонов хребта Киндыктас // Известия НАН РК / Серия общественных и гуманитарных наук. — 2014. – № 5 (297). – С. 3–15.
- 5 Кадырбаев М.К., Марьяшев А.Н. Наскальные изображения хребта Каратау. – Алма-Ата, 1977. – 232 с.
- 6 Марьяшев А.Н., Горячев А.А. Наскальные изображения Семиречья. – Издательство «Издательство» – Алматы, 2002. – 264 с.
- 7 Байпаков К.М., Марьяшев А.Н., Горячев А.А., Потапов С.А. Наскальные изображения в горах Ешкюльмес. – Алматы, 2005. – 226 с.
- 8 Рифтин Б.Л. Инь и Ян // Мифы народов мира. – Т.1. – М., 1991. – С. 547.
- 9 Kaul F. Ships on Bronzes. A study in Bronze Age Religion and Iconography // PNM Publications from the National Museum. – Copenhagen, 1998. – Vol. 3.1.
- 10 Хлобыстина М.Д. Древнейшие южносибирские мифы в памятниках окуневского искусства // Первобытное искусство. – Новосибирск, 1971. – С. 105 – 180.
- 11 Марьяшев А.Н., Горячев А.А. Петроглифы поздней бронзы и раннего железного века в урочище Ой-Джайляу // Известия НАН РК / Серия обществ. наук. – 1(254). – 2008. – С.101–109.
- 12 Толстов С.П. Древний Хорезм. Опыт историко-археологического исследования. – М., 1948. – 357 с.
- 13 Кубарев В.Д. Древние росписи Каракола. – Новосибирск, 1988. – 173 с.
- 14 Дэвлет М.А. Окуневские антропоморфные личины в ряду наскальных изображений Северной и Центральной Азии // Окуневский сборник. Культура. Искусство. Антропология. – СПб., 1997. – С.240–250.
- 15 Кубарев В.Д., Цэвэндорж Д., Якобсон Э. Петроглифы Цагаан-Салаа и Багаойгура (Монгольский Алтай). – Новосибирск, 2005. – 640 с.
- 16 Самашев З., Байтлеу Д., Курманкулов Ж. Петроглифы Теректы-Аулие. – Астана, 2013. – 240 с.
- 17 Шер Я.А. Петроглифы Средней и Центральной Азии. – М., 1980. – 328 с.
- 18 Самашев З. Петроглифы Казахстана. – Алматы, 2006. – 200 с.

930.001.83

ҚАЙРАТ ГАБИТХАНҰЛЫ**ҚЫТАЙ ЖЫЛНАМАЛАРЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК СӨЗДЕРДІ АУДАРУ,
РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ, БІРІЗДЕНДІРУ МӘСЕЛЕСІ**

Аңдатпа. Қытай жылнамаларындағы түркілік ономастика бүгінге дейін әр түрлі аударылып, реконструкцияланған, ғылыми әдебиеттер мен оқулықта бірізділік сақталмаған. Зерттеуде қытай тарихнамаларындағы қытай иероглифтерімен хатқа түскен түркі халықтарына тән ономастикалық атаулардың ерекшеліктері, оларды аудару мен реконструкциялау мәселелері қарсырылған. Сондықтан қарастырылып отырған тақырыпты тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің біріне арналған.

Түйін сөздер: Қытай жылнамалары, түркі, ономастика, реконструкция.

КАЙРАТ ГАБИТХАНУЛЫ**ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА, РЕКОНСТРУКЦИИ, ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНОСТИ
ТЮРКСКИХ СЛОВ В КИТАЙСКИХ ЛЕТОПИСЯХ**

Аннотация. В языке китайских летописях, тюркская ономастика до сегодняшних дней переводилась и реконструировалась по-разному, в научной литературе и учебниках не соблюдалась последовательность. В данном исследовании рассматриваются особенности перевода и реконструкции ономастических названий в китайских источниках, написанные китайскими иероглифами и характерные для тюркского языка. Поэтому данная тематика рассматривается как один из актуальных вопросов в современной исторической науке.

Ключевые слова: китайская летопись, тюркский, ономастика, реконструкция.

KAIRAT GABITKHANULY**ISSUES OF TRANSLATION, RECONSTRUCTION, CONSISTENCY OF TURKIC WORDS IN
CHINESE CHRONICLES**

Summary. The Turkic onomastics of Chinese language's chronicle until today was translated and reconstructed differently, and order in science literature and in textbooks wasn't kept. In the given research the features, problems about translation and reconstruction of the onomastic names written with the Chinese hieroglyphs, which are peculiar to Turkic people are examined in the Chinese sources. So this topic is considered as one of the actual problem in the science of history.

Keywords: Chinese chronicle, Turkic, onomastics, reconstruction.

Кіріспе

Ономастикалық атаулар, яғни ру-тайпа, ел, ұлыс аттары, кісі есімдері, атақ-лауазым атаулары мен жер-су аттары халықтың ежелгі тарихымен тығыз байланысты. Сондықтан да ол тіл ғылымының ғана емес, тарих ғылымының да зерттеу нысаны болып саналады. Белгілі бір халыққа тән ономастикалық атауларды зерттеуде әдетте сол халықтың тілі мен тарихына көңіл бөлуден тыс оның географиялық қоныстануы мен тарихтағы көші-қон жағдайына, өзге халықтармен мәдени, сауда-саттық

т.б. байланыстарына, діни наным-сенімдеріне, өз тілінен тыс өзге де қолданған тілдері мен жазуларына, тілдің фонетикалық өзгерістері т.б. мәселелерге де жан-жақтылы көңіл бөлінгені жөн.

Талқылау нәтижесі

Қытай жылнамаларындағы түркілік ономастика бүгінге дейін әр түрлі аударылып, реконструкцияланған, ғылыми әдебиеттер мен оқулықта бірізділік сақталмаған. Қытай

тарихнамаларындағы қытай иероглифтерімен хатқа түскен түркі халықтарына тән ономастикалық атауларды зерттеу, жүйелеу тіл ғылымы үшін ғана емес, тарихғылымы үшін де аса маңызды.

Нәтижесі

Қытай тарихнамаларындағы қытай иероглифтерімен хатқа түскен түркі халықтарына тән ономастикалық атаулардың ерекшеліктері, оларды аудару мен реконструкциялау мәселелері отандық ғылымда қарастырылмаған тың тақырыптардың бірі. Мұндай зерттеулердің болашақта тіл ғылымы үшін де, тарих ғылымы үшін де берері зор.

Негізгі бөлім

Түркологиялық зерттеулерде ежелгі түркі ономастикасы мәселесі бірнеше ғасыр бойы ғалымдар назарын аударып келген күрделі тақырыптардың бірі. Оның басты себебі түркі халықтарына байланысты тарихнамалар мен бастау хаттардың көбісінің византия, армян, араб-парсы, грек, қытай т.б. тарихшыларының тілінде жазылғандығында. Мәселен, бізге белгілі бір ғана “Ғұн” (бізше күн) атауын қытайлар — *ху 胡 /сюнну 匈奴*; гректер — *хонвол*; латын — *chunni/ hunni*; батыс елдері — *huns*; орыстар — *хинну /гунну/ сюньну*; түркі халықтары және басқалар да - *гұн / гун / хун / хұн / гұн* т.б. үлгісінде хатқа түсіріп жазып келген. Сол сияқты “Түрік” атауын VI-X ғ. аралығындағы жазба ескерткіштерде қытайша *突厥 tu jue* (t,uat kiwbt) ескі қытай тіліндегі оқылуы — *turkut* деп, арабша — *түрк* (6 ғасыр); грекше — *тобрхос* (6 ғасыр соңы); сирияша — *turkaje* (6 ғасыр соңы); санскритше — *turuzka*; праkritше — *turukka* (6 ғасыр); көне түркіше — *turk* (7-8 ғасырлар); орта ғасырлық парсыша - *turk* (8 ғасырдың орта шені); соғдыша - *turk* (9 ғасырдың басы); тибетше — *druе, dru-gu*, (8-9 ғасырлар); одинша — *trruki, tturki* (7-10 ғасырлар) т.б. үлгілерде хатқа түсірген. “Ғұн” және “Түрік” атауын басқалар қай үлгіде жазсын, бұл бізге белгілісі ғана, осының өзінен ғана мәселенің күрделігін көреміз. Ал енді осы халықтардың тілінде жазылған бізге белгісіз түркілік ономастикалық атаулар қаншама? Оларды өз тілімізде қалай алуымыз керек? Тіпті бізге белгі дегендердің өзін дұрыс бір жүйеге түсіріп қолдана алып жүрміз бе? Әрине, жоқ.

Енді негізгі тақырыбымызға оралайық. Қытайдың “24 тарихындағы” Орта Азия мен түркілерге қатысты жылнама-шежірелер бірнеше ғасыр бойы әлем түркологтарының назарын өзіне аударып келеді. Сол деректер негізінде тарихтың көптеген ақтаңдақ беттері толықтырылды да. Бірақ десе де бізге белгісіз анықталмай жатқан тұстары да жетерлік. Атап айтқанда, Қытай жылнамаларындағы ономастикалық атауларды қалай оқу, реконструкциялау мәселесі әлі шешімін таппай келе жатқан қиын түйіндердің бірі.

Қытай жылнамаларының Орта Азияға қатысты жерлері ең алғаш орыс миссионері Бичуриннің орысша аудармасымен (1851) және француз ғалымы Э.Шаванның французша аудармасымен (1880-1970) жарық көріп, Европа елдеріне таныс болды. Әрі бұл аудармалар осы уақытқа дейін күллі зерттеушілердің өз тұжырымдарын басқаларға дәлелдейтін басты уәжі болып келеді. Әрине, соған байланысты ондағы ономастикалық атауларда сол күйінде қабылдануда. Өкініштісі, Қытай жылнамаларындағы ономастикалық атаулардың біразының қалай оқылатындығы бүгінде белгілі болса да тарихшыларымыз ғылымның лингвистикалық жағын ескерместен тарихына ғана мән беруде. Ономастикалық атауларды қолдану белгілі бір жүйеге түспеген. Мәселен, ғылыми әдебиеттерде Ғұндардың алғашқы тәңірқұттарының бірінің аты *冒顿* (қазіргі оқылуы — *mao dun*) оны *Бодұн, Мөде, Моде, Маудун, Мете, Модо, Модэ, Мао-дунь* т.б. деп; *头曼* (қазіргі оқылуы — *tou man*) атын *Түмен, Тумын, Туман, Тоумэн* т.б. деп; Үйсін елінің басшысы *昆莫* (қазіргі оқылуы — *Kun mo*) *Күнби, Күнмо, Күнми, Күнбек, Гүнмо* т.б. түрінде жазылуда. Тарихтан хабары жоқ оқырманды айтпағанда, тарихшы мамандардың өзі шатасуы мүмкін. Басқа емес энциклопедиялық еңбектер мен оқу құралдарында да бірізділік жоқ. Ономастикалық атауларды қолданудағы, міне осындай жүйесіздік пен дұрыс қолданбау мәселесі - отандық тарих ғылымындағы тарихшы ғалымдар мен тілші ғалымдардың бірлесіп шешуге тиісті мәселелердің бірі.

Қытай иероглифтері ерте ғасыр, орта ғасыр, таяу заман, қазіргі заман болып неше мың жылдық қолданыс барысында фонетикалық жақтан үлкен өзгерістерге ұшыраған. Көбінің жазылуы ұқсағанымен әр дәуірдегі оқылуында да үлкен айырмашылық бар. Оның үстіне қытай тілінің диалектілік парқы да орасанзор. Сонымен бірге қытай жазуы буындық — мағыналық жазу. Яғни бір иероглиф бір буын болып есептелінеді. Қазіргі қытай тілінде буын басында сүзілмелі ұяң дауыссыз “ғ” мен қатаң дауысты “қ” жоқ, ал көне қытайтілінде буын басында бұл дыбыстар болған. Сол сияқты буын соңында “g, k, d, t, p, m” дыбыстары қазіргі тілде болмағанымен, көне тілде буын соңында болған; көне қытай тілінде “г” дыбысы болмаған, оныңорнына көбінде “п” кейде “1”

дыбыстары қолданылған; қазіргі қосарлы әріппен таңбаланып жүрген тіл үсті қысаң дыбыстары “zh, ch, sh” болмаған. Олардың орнына “z, t, d” дыбыстары қолданылған; қазіргі “j, q, x” дыбыстары “h, k, g” түрінде дыбысталған т.б. [Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. 1998: 18-22-бб]. Бұл айтылғандар мәселенің бір ғана жағы болса, екінші жағынан ежелгі түркілік этностардың тілінің фонетикалық ерекшеліктері бізге белгісіз, нақтылы емес. Оны қойып, бізге белгілі деген 7-8-ғасырлардағы көне түркі ескерткіштерінің тілі мен қазіргі түркітілдері арасындағы фонетикалық өзгерістердің өзі қаншама. Сондай-ақ 7-8-ғасырларда жазылған Орхон-Енисей ескерткіштері тілінің дыбыстық ерекшеліктері барлық түркілік этностарға ортақ норма болмаса керек. Кең байтақ түркі даласында диалектілік ерекшеліктер болғаны сөзсіз. Бұған және де осыларға әсер ететін өзге факторларды (дін, жазу, транскрипция т.б.) қосыңыз. Демек, мұның өзі қытай иероглифтерімен транскрипцияланған ежелгі ономастикалық атауларды келсінкелмесін қазіргі тұлғасындағы оқылуы бойынша алуға келмейтіндігін көрсетеді. Яғни бұдан шығатын қорытынды: қытай жылнамаларындағы ономастикалық атауларды аударып қолдануда оларды жылнамадағы дерек көзі бойынша әр дәуір бойынша сұрыптап, аталған сол дәуірдегі қытай тілінің фонетикалық заңдылығына сай оқып, транскрипция жасау, сонымен бірге оларды соған сәйкес түркі тілдерінің де ежелгі, орта ғасыр және бүгінгі дыбыстық және мағыналық ерекшеліктерімен салыстыра зерттеу, реконструкциялау қажеттілігін көрсетеді. Әрине оны және алтай тілі ұясындағы өзге тілдермен (монғол, манчжур) салыстыру, санскрит, араб-парсы, грек т.б. тілдердегі өзге де көне жазба деректерімен толықтыра түсу қажет.

Қытай жылнамаларындағы түркілік ономастикалық атауларды зерттеп қарастыру барысында қытайлар ономастикалық атаулардың бәрін бірдей дыбысталуы бойынша алмағанын яғни оның кейбірін мағынасы бойынша аударып алғанын, кейбірін жартылай мағыналық жартылай дыбыстық аудармамен бергенін байқаймыз. Мәселен:

1. *Дыбыстық транскрипциямен берілгендері:*

Аңыздарға қарағанда, қытай тілі сөздіктерінде қолданылатын 反切 fanqie (иероглифтердің дыбысталуын көрсететін әдістердің бір түрі), әдеттебір буынды бір иероглиф арқылы таңбаласа, кейде екі иероглиф арқылы бір буынды таңбалаған, яғни ежелгі санскрит тілінде жазылған будда *номдарын* қытай тіліне аудару барысында дыбыстық кірме сөздер осы әдіспен транскрипцияланылғаны анықталған. Әрине, кей жағдайда, мұның түркілік ономастикалық атауларды хатқа түсіруде де қолданылғаны анық.

Б.з.д. 2 ғасырдан б.з. 3 ғасырға дейінгі аралықтағы қытай тарихнамаларында дыбыстық транскрипциямен хатқа түскен кейбір ғұн сөздері мен 5 ғ. - 10 ғ. аралығында хатқа түскен түркі сөздері: ғұн сөздері: 撑犁 қазіргі оқылуы cheng li, ежелгі оқылуы *dang lei*. Бұл мағыналық және дыбыстық жағынан “тәңрі” сөзіне жақын. 孤涂 қазіргі оқылуы *gu tu* бұрын *go to* немесе *gua ta* деп оқылған. Бұл сөз дыбысталуы жағынан түркінің *құт, құт(т)ы* сөзіне жақын болғанымен мағынасы жағынан кейбір түркі тілдерінде “бала, сәби” деген мағынада айтылатын *гөдек (көдек)* сөзіне жақын, яғни бұл қытайша бастау хаттағы 撑犁孤涂 (*dang lei gua tu*) *тәңір көдегі* сөзі *тәңірден туған, тәңір ұлы* дегенді білдіреді деп түсіндіреді. Біз қалыптасқан дәстүр бойынша бұрынғыша *тәңірқұт* деп атадық. Сол сияқты 祁连 *qi lian* Шулен. “Шулен адам”, “шүлен беру”, “шүлен тарату” дегендегі “шүлен”, “*qi lian*” яғни “шүлен”. Ғұндарша тәңірдің басқаша аталуы. Қытайдағы ғұндардың ежелгі жерінде “шүлен тауы” деген тау бар. 阎 *yan zhi* деп оқылып, ғұндар тәңірқұттың әйелін және күйеуге шыққан қыздарын осылай атаған, яғни көне түркідегі “қатұн” сөзі сияқты ғұн әйелінің мәртебесін білдіретін сөз. Бұл сөз дыбысталуы және әйел деген мағынасы жағынан “абысын-ажын” дегендегі “ажын” сөзіне жақын. Осы сияқты ежелгі оқылуы мен мағынасы жағынан сәйкес келетін қазір белгілі деген ғұн сөздері: 单于 *danyu* дарқан; 烟支 *yanzhi* еңлік (өсімдік шөп); 居次 *juci* қыз; 当户 *danghu* тарқан; 经落 *jingluo* чинрақ (көне. түркіде қылыштың бір түрі); 逗落 *duoluo* топырақ, мола; 欧脱 *ow to* отар (мал отары); 薄类 *boli* бөрі; 头曼 *touman* түмен; 仆谷 *bugu* бұғы; 秀支 *xiuzhi* сүгу, сүг (көне түркіше әскер) т.б. [Ғабитханұлы, 2001: 3-136б.] үлгісінде хатқа түскені белгілі болды. Түркі сөздері: 特勤 *Тегін*, қазіргі *tejin*; 设 *shi*; 设 *shi, шад*; 颉利发 *jielifa, иртбер*; 侏斤 *yijin, иркін*; 吨吐 *tuntu, түртин*; 梅录 *meilu, бұйрық*; 吐门可汗 *tumenkehan, Түмен қаған*; 薄类可汗 *polikehan, Бөрі қаған*; 乌介可汗 *wujiakehan, Ұқа қаған*; 乌介特勤 *wujiatejin, Үкәтегін*; 可汗 *kehan,*

қаған; 可敦 **kedun**, қатұн; 叶护 **yehu**, ябғұ, ябғұ; 阿拔 **aba**, ана; 莫贺 **mohe**, баға: 每与难支 **meiyunanzhi**, байинаншы (инал көне түркі “сенім”); 地略 **dilue**, тірек; 拽利 **zhuaili**, ел; елші; 达干 **dagan**, тарқан; 独呈 **tuchi**, тұғшы (ту ұстайтын, мәселен 独呈相温 **duchi xiangwen**, тушы саңғұн) т.б. үлгісінде хатқа түскен. Бұл көрсеткендер көне түркі тіліндегі атақ-лауазымға байланысты қытай жылнамаларындағы ономастикалық атаулардың қазірге салыстырып оқып анықталғандарының бір бөлімі ғана, көріп отырғанымыздай олардың көбінің қазіргі оқылуы ежелгі дыбысталуынан өзгешерек болған. Бұларды біз тек мысал ретінде ғана көрсетіп отырмыз. Ескерте кететін және бір жағдай, қытайлар ономастикалық атауларға дыбыстық транскрипция жасаған кезде бір атауды дыбысталуы жақын ұқсамаған иероглифтермен әр түрлі транскрипциялаған. Мәселен: Түмен дегенді 头曼 · 土门 · 土曼; Юежы дегенді немесе Натшелерді 月氏, 禺氏, 和氏, 牛氏, 肉氏; Біліг дегенді 米里, 美犁, 密里; Бұйрық (Бууғу) дегенді 密禄, 密六, 媚禄; Тегін дегенді 特励, 狄银 · 地因 · 焯隐; Арғын дегенді 儿浑 · 阿尔浑 · 阿鲁虎 · 阿鲁忽; Бесбалық дегенді 八失巴里, 别失巴里; Баласағұн дегенді 巴拉沙滚 · 别刺撒浑; Байырқу (ру аты) дегенді 拔野古, 拔也古 сол сияқты Талас яғни Тараз, қаласының аты Ханнамада (Ханнама авторы Бангу, б.э. 7-8 жылы жазылып болған) 都赖, түрінде хатқа түссе Таң дәуірінде (618-907 жылдар) 坦罗斯 · 塔拉寺 · 塔刺思, үлгісінде хатқа жазылған. Мұндай жағдай қытай иероглифтерімен хатқа түскен түркілік атауларды реконструкциялау жұмысын қиындататыны сөзсіз.

2. Мағыналық аударма арқылы хатқа түскен ономастикалық атаулар.

Қытайлар болсын, көшпенділер болсын қажеттіліктен бір-бірінің тілдерін үйренгені анық. Қытай деректерінде олардың бәрінің өз ордаларында тілмаш яғни аудармашы (тілмаш лауазымы болған) ұстайтындығы жазылған. Деректерде Қытай жихангерлері мен елшілері көшпенділер жеріне келгенде қастарына сол елдің тілін жетік меңгерген тілмаштар ертіп жүрген. Тіпті қытай елшісі Жан Чиян ғұндарға келген бір сапарында онда қолға түсіп, ғұн әйеліне үйленіп он жылдай тұрып қалған. Сондықтан да қытайлар өз көршілерінің тілін жақсы білген деп айта аламыз. Жылнамалардағы көптеген түркілік ономастикалық атаулардың өз мағынасында баламасымен аударылып хатқа түскені де соның дәлелі болса керек. Мәселен. 左贤王 сол білгехан бұндағы 左 сол 贤 білге 王 хан деген сөздердің аудармасы. Сол сияқты 右贤王 оң білгехан; 右大将 оңсардар; 左大将 сол сардар; 左大都尉 сол аға бас жасауыл; 右大都尉 оң аға бас жасауыл т.б. Қытай деректерінде бұлардың бәрінің ғұндардың лауазым атақтары екендігі айтылған, сонымен бірге олардың орны қызметі көрсетілген. Өкініштісі, бұлардың кезінде ғұн тілінде қалай аталатындығын біз білмейміз. Сол сияқты қытай жылнамаларында ежелгі Үйсін елінің астанасы 赤谷 (қазіргі оқылуы **chí gu**) деп хатқа түскен (оның қазіргі орны туралы бірнеше пікір бар, яғни Текес өзенінің бойында; Ыстықкөлдің маңында т.б.). Бұлатауды зерттеушілер Қызыл қорған, Қызыл қамал деп аударып қолданып жүр. Яғни мұндағы 赤 **chí** біздің тілімізде қызыл дегенді 谷 қорған, қамал деген мәнді білдіреді. Біздіңше, бұл расында да мағыналық аудармамен жасалған ономастикалық атау. Сол сияқты деректерде Үйсін астанасына жақын жердегі елдімекен 千泉 (қазіргі оқылуы **qian quan**) мағынасы Мыңбұлақ, яғни қытай тілінде 千 **qian** мың дегенді білдірсе 泉 **quan** бұлақ деген мәнді білдіреді. Қытай деректерінде ежелгі түркілердің өсіп-өнген жері: 金山 (қазіргі оқылуы **jin shan**) екендігі айтылады. Яғни бұл кәдімгі Алтай тауы деген сөз. Мұндағы 金 **jin** алтын мәнін білдірсе 山 **shan** кәдімгі тау деген сөз. Сол сияқты бізге таныс 天山 (Tian shan) Тянь-шань тауы. Бұл да түркінің тәңірі сөзін 天 деп, тау сөзін 山 мағынасы бойынша аударып алған. Қазіргілердің қытайша Тянь-шань деп атағаны болмаса, түркілер ежелден Тәңіртауы деп атап келген. Қытайлардың өзі Тяньшань атауын бертінге дейін өз дыбысталуы бойынша тәңірі дегенді 撑犁 **chengli** ежелгі оқылуы **tengli** яғни тәңірі деп дыбысталуы бойынша жазып келген. Кейбір жазбаларында 腾乞里塔 **tengjilita** ежелгі оқылуы **tenggelitau** яғни Тәңіртау. Қытай деректері бойынша Тянь-шань атауын ғұндар б.з.д. 3 ғасырда да Тәңіртау деп аталған. Отандық зерттеушілер қазірге дейін өзгеге еліктеп, түркілердің Тәңіртауын қытайша аудармасымен Тянь-шань деп жүргендері ақылға сыймайды.

3. Жартылай дыбыстық жартылай мағыналық аударма арқылы хатқа түскен ономастикалық атаулар.

匈奴城 Ғұн қаласы мұндағы 匈奴 (Xiongnu) Ғұн 城 cheng қала дегенді білдіреді. 白狄, 赤狄 сөздері қазір *ақ тиек*, *қызыл тиек* деп аударылады. Мұндағы 白 ақ, 赤 қызыл дегенді білдірсе 狄 (қазіргі оқылуы *di*) ғұндардың ежелгі атауы болып сол кезде *тiek* дегенге жақын оқылған. Бұл негізінен осы этностың қызыл – оңтүстік, ақ – батыс деген ұғымдағы географиялық орналасуына байланысты айтылса керек. Сол сияқты 单于城 *тәңірқұт* қаласы. 母闾氏 оқылуы *m yan zhi* мұндағы 母 *mu* сөзі қытай тілінде *ана*, *шеше* деген мәнді білдірсе, 闾氏 *yan zhi* яғни *анжы* (абысын-анжы) деп ғұндар тәңірқұт әйелдері мен қыздарын атаған. 三姓乌护 *үш оғыз*, 九姓乌护 *тоғыз оғыз*; сол сияқты қытайлар жағынан қойылған 保义可汗 (сенімді ақтайтын қаған), 崇德可汗 (әділетті қаған), 昭礼可汗 (дәстүрді жалғастырушы қаған), 彰信可汗 (сенімді қаған) т.б. атаулар кездеседі. Жоғарыда аталған ономастикалық атаулардың үш түрінен басқа және де негізінде түпнұсқа қытайша, бірақ көне түркілер олардан дыбысталуы бойынша қабылдап алған атаулар да кездеседі. Мәселен *Саңғұн* дегенді 相温 (*xiang wen*) деп жатса, ол әсілінде 将军 (*jiang jun*) яғни әскери қолбасы, сардар деген сөзден шыққан. Осы тектес күнчүй 公主 *gong zhu* - қаған қызы; тұтқ 都督 (*dou du*) - бас бақылаушы, басқарушы; *кочо* 高昌 (*gao chang*) - тұрфандағы ежелгі қала мемлекетінің аты; *тойын* 道人 (*dao ren*) - будда жолымен жүрген адам, т.б.

Қорытынды

Қорыта келгенде, ономастикалық атаулар мен өзгеде тілдік деректер тарихтың куәсі ретінде ежелгі тарихымызды, тілімізді зерттеуде өте маңызды. Оны зерттеу арқылы, бір жағынан, тарихтың терең қойнауына сүңгіп, тегімізді, даламыздың тарихын анықтасақ, енді бір жағынан, яғни лингвистикалық тұрғыдан алғанда, түркі тілдерінің ежелгі дәуірін, тарихын, таралу аумағын анықтауға үлкен септігін тигізеді хак.

Сондықтан да Қытай жылнамаларындағы ғана емес, жалпы өзге де тілдерде жазылған тарихымызға қатысты ежелгі мұраларды аудару, оның ішінде ономастикалық, тілдік атауларды дұрыс қалпына келтіру (реконструкциялау), аудару арқылы бір жүйеге түсіріп қолданудың маңызы өте зор деп білеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. – Пекин: Ұлттар баспасы, 1998. 1-т. — 18-22-бб.
2. Ғабитханұлы Қ. Ғұн тілі // ҚР ҒА хабарлары. Филология сериясы. – 2001. — №2. –3-13-бб.
3. 古代汉语·王力著·北京 1999 年。(Уаңли. Ескі қытай тілі. – Пекин, 1999) .
4. 中亚：马背上的文化·项英杰等著·浙江人民出版社·1994 年。(Шияң Инжис,

Орта Азия: Ат жалындағы мәдениет. – Жыжияң халық баспасы, 1994)

16.21.31

Қ. ҒАБИТХАНҰЛЫ, Е. ҒАБИТ

Аблайхан ат. Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті

«ТӘҢІР ТАУ» (немесе Тянь-Шань) ҒҰНДАРДАН ҚАЛҒАН АТАУ

Аңдатпа. Мақалада «Тянь шань» атауының этимологиясы мен географиялық атау ретінде қалыптасу барысы сөз болады. «Тянь шань» атауының сонау ғұндар заманында да тәңір тауы деп аталғаны, «Тянь шань» сөзі ғұн және көне түркі тілдеріндегі «тәңір тауы» атауының қытай тіліндегі аудармасы екендігі, оны қытайлардың өзі ХІХ ғасырдың соңына дейін сол дыбыстық аудармамен атап келгені нақты дәлелдермен сарапталады.

Түйін сөздер: Тянь шань, түркілер, ғұндар, қытай деректері, тәңір тау

К. Габитханұлы, Е. Габит

КазУМО и МЯ им. Абылай хана

ГЕОГРАФИЧЕСКОЕ НАЗВАНИЕ «ТАНИРТАУ» (ИЛИ ТЯНЬ-ШАНЬ) - НАСЛЕДИЕ ГУННОВ

Аннотация. В данной статье рассматривается этимология названия «Тянь Шань» и его становление как географического названия. Со времён гуннов в древнетюркских языках «Тянь Шань» называли «небесной горой». Также приводятся примеры, о том что это географическое название произошло от китайского слово «небесные горы».

Ключевые слова: Тянь Шань, небесные горы, китайские данные, гунны, тюрки.

К. Gabitkhanuly, Y. Gabit

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

«TANGIRTAU» (OR TIAN-SHAN) IS THE HUNHERITAGE THE GEOGRAPHICAL NAME "TANGIRTAU" (OR TYANSHAN) IS THE HUN HERITAGE

Summary. The article deals with the origin of the word «Tian Shan» and the process of it's becoming as geographical name. The name «Tian Shan» in the period of Huns was called "the HeavenMountains". This name was used in the Hun and Turkic languages as the translation from Chinese. The article also gives specific examples that Chinese used this word until the end of nineteenth century.

Keywords: Tian Shan, the Heaven Mountains, Chinese data, Huns, Turks.

Кіріспе

Тянь-Шань (қаз. *Алатау, Тәңіртау* қырғ. *Ала-Тоо, Теңир-Тоо*; таж. *Тиён Шон*; қыт. 天山 «т.пиньинь: *Tiānshān*; ұйғ. *اتراڭ تەڭرى تاغ*, өзб. *Tyan Shan*, монғ. *Тэнгэр, Ғуул*) — негізінен Орта Азия жеріне орналасқан әлемдегі әйгілі тау сілемі. Тәңіртауы тау сілемдері — Қазақстан, Қызғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Қытай (Қытайдың Шыңжаң ұйғыр автономиялық өлкесі) бес елдің жерінен өтеді.

Талқылау нәтижесі

Тәңір тауының айналасы ежелден қазіргі түркі тілдес халықтардың арғы ата-бабалары саналатын сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар және т.б көне түркі ру-тайларының құт мекені. Сандаған ғасыр тарих көшінде олар тау бауырлап, өзен жағалап, шөптің шүйгінін қуалап, жыл мезгілі маусымға қарай қоныс алмастырып, көшпелі шаруашылықпен шұғылданды. Тәңір тауы олардың өмір сүруінің өзегі, қайнар көзі болды сол себепті де осы бір киелі тауды «тәңір тауы» деп атады. «Тәңіртауы» атауының бірінші сыңарындағы тәңір сөзі ежелгі шумер тілінде дингер – «құдай», «аспан», ғұн тілінде 撐犁 *chengli* ежелгі оқылуы *tengli* болып, «аспан», «құдай», «әмірші» мәніндегі сөз екені айтылса, көне түркі тілінде тәңі сөзінің «аспан», «құдай», «әмірші», «билеуші» деген мағыналарға ие екені белгілі.

Нәтижесі

Ежелгі түркі мифологиясында Тәңір адамның, халықтың, мемлекеттердің, жалпы табиғаттың барлық болмысын анықтап, тағдырларын шешетін үлкен күш ұғымында беріледі. Тарихи деректерде көне түркілердің ата-бабалары саналатын ғұндар да «тәңір» деген құдайға табынған. Олардың бүкіл өмірі тәңіртауымен тығыз байланысты болғандықтан, тәңіртауына шексіз табынған. Тәңіртауын өзін асыраушы құдай, тағдырын шешетін тылсым күш деп түсінген. Сондықтан бұл тауға «тәңір» деген сөзді қосып «тәңіртау» деп атаған. Неше мың жылдан келе жатқан тарихи атауды қытайлар болса бертін келе баспа-бас аударып 天山 Тянь шань (天 tian мағынасы тәңір, құдай, жаратушы; 山 shan мағынасы тау) деп алса, орыс географы әрі саяхатшысы Петр Петрович Семёнов – Тянь-Шантский 1856-1857 жылдары Тәңіртауын толық сипаттап, суреттеп жазып «Тәңіртауын» «Тянь-Шань» деген қытай атауымен ғылыми айналымға түсірген. Тіпті өз фамилиясын да Тянь-Шаньский деп өзгерткен.

Негізгі бөлім

Тәңіртауының ежелгі аты б.з.д. 3 ғасыр мен 16 - ғасырға дейінгі дәуірлерде хатқа түскен қытай жазба деректерінде кездеседі. Мәселен, қытайдың Шығыс және Батыс хан патшалығы дәуірі (б.з.д. 206 жылдан б.з. 220-жылдар) тұсында қытайлар тәңіртауын «бейшан» (北山 теріскейдегі тау) деп хатқа түсірсе, Вый, Жин, Оңтүстік-Солтүстік патшалықтар дәуірінде (б.з. 220-589-жылдардағы) жазба тарихтарда «танханшан» (贪汗山 tan han shan) деп жазылған. Сүй патшалығы(581-618 жылдар) мен Таң патшалығы (б.з. 618-907-жылдар) тұсындағы тарихнамаларда «байшан» (白山 Baishan), «шилуманшан» (析罗曼山 xi luo man shan), «а хы тянь шань» (阿揭田山), «тянь шань» (天山) деген аттармен аталған. Суң патшалығы (618-1279 жылдар), Юан патшалығы (1271-1368 жылдар), Миң патшалығы (1368-1644-жылдар) тұсындағы тарихнамаларда 天山 (tian shan) «тяньшань» деп аталумен бірге, «тәңіртау» (腾乞里塔 teng ge li ta) деп дыбысталуы бойынша да хатқа түскен. Чиң патшалығы дәуіріндегі (1644-1911-жылдар) тарихнамаларда негізінен 天山 (tian shan) «тянь шань» деген атқа тұрақтаған.

Қытай тарихнамаларында «Тәңіртаудың» әр дәуірде әр түрлі дыбысталып немесе аударылып, ұқсамаған иероглифтермен хатқа түсуі, сол дәуірлердегі тарихи жағдаятпен тығыз байланысты болған еді. Қытайдың Таң патшалығы дәуірінде жазылған «географиялық баян» деген еңбекте «Тарихнама.Ли Гуанли өмірбаны» деген тараушасындағы дереке сүйеніп: бейшан (北山) тауының басынан қыстада қар кетпейді, ғұндар оны Тәңіртау (天山 тянь-шань) деп атайтын-делінген [Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. 1998: 431-б.]. Ғұндар тіліне жататын біраз сөздер атақты қытай тарихшысы Сыма Чиянның (б.з.д. 145-90 жылдар өмір сүрген) «Тарихнама. Ғұндар баяны» ең алғаш хатқа түскен еді. Онда: «ғұндар тянь (天 тәңір, аспан) деген сөзді 撑犁 деп атайды» деп айтылған. 撑犁 дің ескі қытай тіліндегі дыбысталуы *teng li* болып, бұл дәл ғұнша «тәңір» деген сөздің қытайша дыбысталуы және қытай иероглифімен таңбалануы еді [Ғабитханұлы, 2001: 3-13бб.]. Демек, сонау ғұндар заманында да жыл санаудан бұрынғы үшінші ғасырларда Тәңіртауды дәл бүгінгідей «Тәңіртау» деп атаған. Ал енді «тарихнама» мен «ханнама» ларда тәңіртауды кейде «бейшан» (北山 солтүстіктегі тау деген мағынада, кейде «наншан» (南山 оңтүстіктегі тау деген мағынада) деп дерекке алынуы, қытай саяхатшыларының батыс өңірге жасаған сапары тұсында, тәңір тауының, тарым ойпатының солтүстік тұсындағы сілемін «бейшан» деп, оңтүстіктегі қарақұрым тауларын «нан шан» деп хатқа түсіруіне байланысты болса керек.

Ал енді Вый, Жин, Оңтүстік-Солтүстік патшалықтар дәуірінде (б.з.д 206 жылдан б.з 220-жылдар) Тәңіртаудың «тәнхәншан»(贪汗山 tan han shan) деп хатқа түсуі ежелгі түркі тіліндегі «тәңірхантау» деген сөзінің қытай иероглифтерімен аударма араласқан транскрипциялануы еді. Яғни, «тәңірхан» деген сөз 贪汗 *tan han* деген дыбыстық аудармамен түссе «тау» деген сөзді мағыналық аудармамен 山(shan) деп алған. Тәңір тауының «Хан тәңірі» атты биік шыңы бар екенін ескерсек осының бәрі тарихи деректермен сәйкесіп тұрғандай.

Ал енді «а хы тянь шань» (阿揭田山 fa he tian shan) деген сөз түрікше «ақ тәңіртау» деген сөздің қытайша иероглифпен аударма араласқан транскрипциялануы еді. «Байшан» (白山 bai shan) сөзі болса түрікше «ақ тау» деген сөздің төте қытайша аудармасы еді. «Ақ тау» дегендегі «ақ»

сөзінің және бір мағынасы ежелгі тілімізде «батыс» деген мағынада жұмсалғанын [Ғабитханұлы, 1998: N1], сонымен бірге тәңір тауы болса сол тұстағы қытайлар үшін расында олардың батысына орналасқанын, Орта Азия өңірін қытай деректерінде «батыс өңір» (西域 *xī yu*) деп жазып келгенін ескерсек, бұл айтқан сөзіміз дәлелдене түседі. Оның үстіне Қытай тілінде де бай (白 *bai*) яғни «ақ» сөзінің батыс деген мағынасы бар.

Тәңіртау туралы қытай тарихнамаларында кезесетін деректер, олардың түрлі иероглифтермен хатқа түскеніне және дыбысталуының бір-бірінен қалай парықталуына карамастан, тоқ етері, оның бәрі ғұн тіліндегі «тәңір» деген сөзбен байланысты екені белгілі болып отыр. Бұл айтылғандар әрі тәрихи фактілерге де сай келеді. Өйткені жыл санаудан бұрынғы үшінші ғасырдың алды-артында Тәңіртау өңірі Ғұн империясының территориясында орналасқан. Тәңір тауының айналасы ежелден қазіргі түркі тілдес халықтардың арғы ата-бабалары саналатын сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар т.б көне түркі ру-тайларының құт мекені. Сандаған ғасыр тарих көшінде олар тау бауырлап, өзен жағалап, судың тұнығын, шөптің шүйгінін қуалап, жыл мезгіліне қарай қоныс алмастырып, көшпелі шаруашылықпен шұғылданды. Тәңір тауы олардың өмір сүруінің өзегі, қайнар көзі болды, сол себепті де осы бір киелі тауды «Тәңір тауы» деп атады. «Тәңіртауы» атауының бірінші сыңарындағы «тәңір» сөзі ежелгі шумер тілінде дингер – «құдай», «аспан», ғұн тілінде 撐犁 *chengli* ежелгі оқылуы *tengli* «аспан», «құдай», «әмірші» мәніндегі сөз екені айтылса, көне түркі тілінде тәңгі «аспан», «құдай», «әмірші», «билеуші» деген мағыналарға ие болған. Оның себебі, ежелгі түркі мифологиясында «тәңір» адамның, халықтың, мемлекеттердің, жалпы табиғаттың барлық болмысын анықтап, тағдырларын шешетін үлкен тылсым күш.

Тарихи деректерде көне түркілердің ата-бабалары саналатын ғұндар да «тәңір» деген құдайға табынған. Олардың бүкіл өмірі тәңіртауымен тығыз байланысты балғандықтан, тәңіртауына шексіз табынған. Тәңіртауын өзін асыраушы құдай, тағдырын шешетін тылсым күш деп түсінген. Сондықтан бұл тауға «тәңір» деген сөзді қосып «тәңіртау» деп атаған. Неше мың жылдан келе жатқан тарихи атауды қытайлар болса бертін келе баспа-бас аударып 天山 Тянь шань (天 *tian* мағынасы тәңір, құдай, жаратушы; 山 *shan* мағынасы тау) деп алса, орыс географы, әрі саяхатшысы Петр Петрович Семёнов Тянь-Шаньский 1856-1857 жылдары Тәңіртауын картаға түсіріп, «Тәңіртауы» дегенге тілі келмеді ме әлде жаңалық ашқысы келді ме, жоқ мақсатты түрде ме «тәңіртау» атты сан ғасырлық тарихи атауды «Тянь-Шань» деген қытай атауымен ғылыми айналысқа түсірді. Тіпті өз фамилиясын Тянь-Шаньский деп өзгертті де. Жарайды мұның бәрі өткен іс. Ал өзгелер мұны өз кезінде біліп істесін, білмей істесін бәрі де Ресей империясы мен оның жалғасы болған Кеңестер Одағының кесірінен болды делік. Егемендік алып, тіліміз мемлекеттік тіл деген мәртебеге ие болғалы ширек ғасырдан асса да, қалай екені белгісіз, шетелдік ғылыми әдебиетті айтпағанда, отандық әдебиеттерде бүгінге дейін «Тянь-Шань» атауы қалмай келеді. Мұны қалай түсінеміз?

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. - Пекин, Ұлттар баспасы, 1998. 1-т. - 431 б.
2. Ғабитханұлы Қ. Ғұн тілі // ҚР ҒА хабарлары. Филология сериясы. - 2001. - №2, 313-66.
3. Ғабитханұлы Қ. Ақмола - ғұндардан қалған атау // Ана тілі. - 1998. - N1.

03.20

С.Б. Жанибай

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

**МУСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ
ҰСТАНЫМДАРЫ**

Аңдатпа. Мақалада халқымыз үшін ардақты есімдердің бірі – Мұстафа Шоқай жайлы болады. Ол Түркістандық зиялылар арасында орыс демократиялық бірлікте патшалық билікке қарсы тәжірибесін ғылыми талдауға алып, аса қажет тұжырымдар жасаған бірден-бір қайраткер. Саналы өмірін жеке қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі тектес халықтардың бәріне бірдей қамқоршы болу жолындағы үлкен арпалыспен өткізген Мұстафа Шоқай өмірінің соңғы сәттерінде дейін Қазақстан мен Түркістанның қоғамдық-саяси өмірін терең зерттеп, осы мәселелер жөнінде мол ғылыми-саяси еңбектер қалдырды. Мұстафа Шоқайдың саяси қызметінің де, халықаралық оқиғаларды зерделеуі мен ғылыми-публицистикалық ізденістерінің негізін тарихилық принциптері құрайды.

Түйін сөздер: Ақшам, Яш Түркістан, Ресей Империясы, Түркістан

С. Жанибай

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан.

**МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ ПРОИЗВЕДЕНИЙ
МУСТАФЫ ШОКАЯ**

Аннотация. В статье рассматривается одно из самых важных имен для нашего народа – Мустафа Шокай. Он единственный, кто сделал самые необходимые выводы в научном анализе российского демократического единства туркестанских интеллектуалов. Мустафа Шокай, посвятивший свою жизнь заботе не только о казахском, но и о всех тюркских народах, изучал политическую жизнь Казахстана и Туркестана до конца своей жизни и оставил обширные научные и политические работы по этим вопросам.

Исторические принципы политической деятельности Мустафы Шокая, изучение международных событий и основа их научных и журналистских исследований – принципы истории.

Ключевые слова: Туркестан, Российская империя, Ақшам, Яш, Туркестан.

S.B. Zhanibay

Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda, Kazakhstan.

**METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE STUDY OF HISTORY IN THE WRITINGS OF
MUSTAFA SHOKAY**

Summary. The article considers one of the most important names for our people Mustafa Shokay. He is the only one who made the most necessary conclusions in the scientific analysis of the anti-terrorist Russian democratic unity of the Turkestan intellectuals. Mustafa Shokay, who devoted his life to caring not only for the Kazakh, but also for all Turkic peoples, studied the political life of Kazakhstan and Turkestan until the last moments of his life and left extensive academic and political writings on these issues.

The historical principles of the political activities of Mustafa Shokay, the study of international events and the basis of his academic and journalistic research are the principles of history.

Keywords: Turkestan, Russian Empire, Aksham, Yash Turkestan.

Кіріспе

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті, ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев: Ғасырлар бойы азаттыққа ұмтылған елдің қай кезде көшін бастаған ұлт тұлғалары болған. Қоғамда жүріп өткен жолымыздың ешқандай да бұрмалаусыз, өз уақытында халқымыздың болашағы үшін, бар

ғұмырын күресте өткізген зиялыларымыздың артында қалдырған рухани мұрасын қалың оқырманның, әсіресе жас ұрпақтың қолына жеткізу болса керек».

Мұстафа Шоқай өзінің «1917 ж. естеліктерінен үзінділер» атты еңбегінде: біз бұл тұста 1917 жылғы революция ұлттық мемлекет құруымызға мүмкіндік береді де пүміттеніп, сеніп едік, бұл үмітіміз бен сеніміміз ақталмай, алданып қалдық», - деп жазады. Ол үшін өткенді пайымдау, оқиғалар мен құбылыстардың орын алуы мен дамуының түпкі себептерін ашу, сол арқылы белгілі бір мақсатқа жету жолындағы кедергілерді жеңу, жіберілген кемшіліктерді түзету үшін қажет. Олай болмаған жағдайда өткен-кеткенді саралау ділмарлық пен жай мылжынға айналды дейді Мұстафа. 1917 жыл туралы естелігінде ол қызыл сөздің құлы болудан, өзін дәріптеуден бойын аулақ ұстап, алғашқы ұлттық құрылым – Түркістан Мұхтариятының дүниеге келуіндегі объективтік қиындықтармен қатар, ұлттық күрескерлер тарапынан жіберілген қателіктерді пайымдауға күш салады.

Өзін-өзі басқару жолындағы маңызды қадам болып табылатын Мұхтарияттың тарихтан алатын орнын анықтап, ол құлағаннан кейін өріс алған басмашылықты жалғыз Түркістанның ғана емес, «жалпы алғанда кеңестік билікке қарсы қозғалыс тарихында ерекше маңызы бар күллі халықтың көтерілісі» деп бағалайды.

Мұстафа саяси күрестің бағыт-бағдарын дұрыс анықтау үшін тарихи оқиғалардың шынайы зерттелуіне үлкен мән береді. Осыған орай ол 1916 жылғы ұлт-көтерілісінің, Түркістан Мұхтарияты мен басмашылар қозғалысының бір-бірімен өзара тығыз байланыста, бір арнадағы, бір сипаттағы оқиғалар екендігіне назар аударады. «1916 жылғы көтерілістер «Қоқан автономиясы» және «басмашылар әрекеттерімен» қосылып, орыс тепкісіне қарсы бағытталған ұлттық қозғалыс тарихымыздың ең маңызды құбылыстарының бірінен саналады» деп жазады.

1916 жылғы қозғалыс 1916 жылғы қозғалыс – жалпы алғанда ұлттық қозғалыс, онда таптық күрестің елесі де болған жоқ. Осыған қарамастан кеңес тарихшылары оны Түркістан шаруалары мен ұлттық пролетариаттың орыс мұғажыр мұжығы және орыс пролетариатымен бірлесе отырып, орыс пен Түркістанның буржуазия табына қарсы жүргізген күресі ретінде түсіндіреді.

«Орыс мұжығы мен орыс пролетариатын 1916 жылғы көтеріліс кезінде түркістандықтарға көмектескен етіп көрсету тарихи шындықты бұрмалағандық қана болып қалмастан, өтірікті ойдан шығарудың теңдессіз үлгісі де бола алады», - дейді Мұстафа Шоқай.

1916 жылғы қозғалыстың түптамыры патшалық Ресейдің қоныс аудару саясатынан, орыс мұжықтарына жергілікті халықтың шұрайлы жерлерін тартып алып беруден, отарлық зорлық зомбылықтардан туындайды.

Орыс мұжықтар, кеңес тарихнамасында көрсетілгендей, отаршылдықтың саясаттың құрбаны емес, қайта оның ең басты әлеуметтік тірегі болды. Өйткені патша өкіметі мұжыққа сүйенсе, мұжық патшалық өкімет жүргізіп отырған жер саясатының игілігін көріп, өз жерінде түсіне еңбеген байлыққа кенелді.

Осылайша М. Шоқай қоғамтанушылардан бірінші болып Ресейдегі жалпы революциялық процестің біртұтастығы туралы лениндік тұжырымдаманың негізсіздігін көрсетті, себебі орыс пролетариатының алдына қойған өз мақсат мүдделері болды, ал ұлттық қозғалыстар олармен жанаспай, өз арнасында дамиды, өзінің мұңмұқтажын көздейді. Сондықтан, «1916 жылғы Түркістан көтерілісі – Ресейге және жалпы орыстыққа қарсы бағытталған ұлттық бас көтеру» деп түйіндейді Мұстафа Шоқай. «Түркістан ұлттық күресінің себептері мен мақсаттары» атты еңбегі Истамбулда шығатын «Ақшам» газетінің 1931 жылдың 19 шілдесіндегі санында жарық көрген «Агент Лоуренс Түркістан халқын орыстарға айдап салды» деген мақаласында орай жазылады. Онда Мұстафа түрік халықтарының азаттық қозғалысының түпкі себептерін қайдағы бір ағылшын тыңшысының әрекеттерінен іздеушілікті тарихи шындықты көпе-көрінеу бұрмалаушылық екендігін, олардың күресінің кеше ғана басталмағандығын, 1916 жылғы патша жарлығына жаппай көтеріліспен жауап бергенін оқырмандар есіне салады. Түрік халықтарының бойкөтерулерінің большевиктік үстемдікке қарсы жалғасып отыруының басты себебі мен мақсаты тәуелсіздікке қол жеткізу деп нақтылайды. Бұл мәселелерді ол 1923 жылы «Orient et Occident» журналындағы «Ресей саясаты және Түркістанның ұлттық саясаты» деген еңбегінде де көтереді.

Қантөгісті жолдармен билік басына келген большевиктер тарихты да бұрмалап көрсетуге мүдделі болады. Сондай әрекеттердің бірі П.Алексеевтың 1931 жылы Ташкентте жарық көрген «Қоқан автономиясы» (Алексеев, 1931, 19) атты кітабы болатын. Ондағы әуелі М.Тынышбаев, кейін М.Шоқай басқарған бұл мемлекеттік құрылымның қозғаушы күштерін, үкімет құрамын және большевиктердің оны аяусыз жаныштауын бұрмалап көрсетуге бағытталған айла шарғыларды

талдау арқылы М. Шоқай өлкеде орыс пролетариаты диктатурасы үшін ешқандай әлеуметтік негіз болмағанын көрсетеді. П.Алексеев Түркістан Мұхтариятының халықтық сипатын жоққа шығаруға тырысады (Алексеев, 1931, 19).

Әдістеме

Мұстафа Шоқай орыс тарихшысының алдына мақсат етіп қойған осы тұжырымды дәлелдеу үшін ғылымға жат зерттеу әдістеріне жүгініп, тарихи фактілерді үзіп-жұлып пайдаланғандығын жазады. Оның «Бір ғылыми өтірікке қарсы» деген мақаласын өткір памфлет ретінде де, зерттеу әдістері пен принциптерін толық меңгерген ғалымның саликалы ізденісі ретінде де қабылдауға болады. Онда таптық принципке негізделген тарихнаманың осал тұстары дөп басып атап көрсетіледі. Ол жөнінде ғалым-тарихшы М. Шоқай былай деп жазады: «Тарих жазудың екі жолы бар. Бірінші жолы: зерттеуші өмірде болып өткен оқиғаларды көңіл қойып жинастырады. Оларды хронологиялық реті бойынша заманның жағдайына, ахуалына қарай зерттейді. Мәліметтер мен ақпараттардың бұлақтарын іздейді. Жиналған мәліметтерді өзінің ғылыми зердесінен өткізеді, орнына салады және ол мәліметтерден өзін бейтарап ұстай отырып, талдау жүргізеді. Шын мәніндегі ғылыми тарих, міне, осындай тәсілмен жазылады. Екінші жолы: зерттеуші көздеген мақсаттарын күні бұрын белгілеп алады да, соған жету үшін оқиғалар құрастырады» (Шоқай, 2007, 225-226).

Негізгі бөлім. Яш Түркістан журналы. Кеңес тарихшыларының көпшілігі, оның ішінде жоғарыда аталған П. Алексеев та, осы соңғы топқа жатады. Ғылыми ақиқатты бұлайша түсіндіру тәсілінің көзбояушылық пен дүмшелік екендігіне Мұстафа нақтылы мысалдар келтіреді. Дүниежүзінің біршама елдерінде белгілі бола бастаған шығыстанушы А.З. Валидидің өзі де М. Шоқайдың бұлтартпас дәлелдерге негізделген құрығынан құтыла алмайды. Қазақ қайраткері кімнің алдында болса да кібірткітпей, бүкпесіз сөйлейді. Мұстафа Шоқай саясат күресте де, зерттеу әдістерінде де белгілі бір моральдық принциптердің болатындығын, шындыққа апаратын жолдың өзі де шынайы болуы керектігін ескертеді.

Мұстафа Шоқай шынайы тарихи ізденістердің сабақтарын саяси мақсатта пайдалануды қалағанымен, тарихи ізденістерді саяси мүддеге бағындыру арқылы жүргізуге үзілді-кесілді қарсылық білдіреді. Оның қандай еңбегін алсақ та, осы зерттеу принципінен айнымайды. Ілгері жылжудың басты шарты – «қаншалықты зор, ащы болсын ақиқатын айту» екендігінен ауытқымайды. Мұны ол, тіпті, ұлт-азаттық күрес барысында шейіт болғандардың алдындағы парыз деп ұғынады.

Мұстафа Шоқайдың «Яш Түркістан» журналын да, ағылшын, француз басылымдарында да түркістандықтардың ұлт-азаттық күресі тарихына қайта-қайта үңілуі өлке тұрғындарының сыртқы күштерге қарсы шығауының оң да, теріс те тұстарын ашып, алдағы уақытта ондай келеңсіздіктерге жол бермеу ниетінен туындайды.

Тарихи зерттеу әдіснамасының кейбір мәселелері оның «Кеңес патриотизмінен – орыс ұлтшылдығына» деген мақаласында көтеріліп, мұнда тарихи ізденістер мен идеология арасындағы өзара қарым-қатынас туралы өзекті тақырып қозғалады.

Мұстафа Шоқай кезінде марксизмнің негізін қалаушылардың Ресейде «халықтардың түрмесі» деп атағандығын, ал профессор М.Н. Покровскийдің орыс тарихын осы тұрғыдан жазып шыққандығына, алайда оның бұл зерттеуі жаңа кезеңде орыс ұлтшылдығына қайшы келетіндіктен, «ленинизмге қарсы» деп жарияланғандығын еске салады. Мұнан кейін осы «жаңа теория» бойынша Кеңес Одағы құрамындағы халықтардың тарихы қай тұрғыдан, қандай бағыттарда жазылуы жөнінде тиісті нұсқаулар берілгендігіне тоқталады. «Сталиннің айтуынша, Ресей тарихын күштеп отарлау тарихы деп сипаттау дұрыс емес. Ресей империясының тарихы көрші елдермен оңды қарымқатынастар, өзара кірігулер нәтижесінде «табиғи түрде» жасалған тәрізді. Бұл көзқарас бойынша, Ресей Түркістанды да, Кавказды да немесе басқа бір орыс емес өлкелерді де отар етпеген көрінеді. Олардың бәрі жағырапиялық жағдайлар мен тарихи заңдылықтар жолымен Ресейге табиғи түрде қосылып кеткен сияқты» (Шоқай, 2007, 21).

Орыс ұлтшылдығын дәріптеу барлық баспасөз беттерінде жүргізіліп, мектеп оқулықтарына енгізіледі. «Правда» газетінде: «Кеңестік республикалар арасында ұлылығы жағынан бірінші орында Ресей Федерациялық Республикасы тұрады... Тең құқылы халықтар арасында біріншілік орыс халқына, орыс жұмысшысына, орыс еңбекшілеріне тиесілі. Өйткені төңкерістің алғашқы жеңістерінен қазіргі күн сәулетті дәуірге дейінгі барлық істерде оның (яғни орыс халқының) орны ерекше» деп көрсетіледі. Осылайша кеңес дәуірінде де орыс үстемдігі

идеологиялық тұрғыдан негізделеді. Басқаша сөзбен айтқанда, Кеңес өкіметінің саясаты патша өкіметі саясатының тікелей жалғасы ретінде көрінеді.

Мұстафа Шоқай ұлы тұлға. Мұстафа Шоқай кеңес ұлт саясатының негізгі мақсаты орыс емес халықтарды ұлтсыздандыру, олардың ұлттық белгілерін жоспарлы түрде жоя отырып орыстандыру екендігін дәлелдеп береді. Орта Азияны әкімшілікаумақтық межелеу, қоныс аудару саясатын жүргізе отырып, өлкедегі демографиялық ахуалды өзгерту және орыстардың басымдылығын қамтамасыз ету осы мақсатты көздейді. Осы шаралардың қатарында идеологиялық мүдделерге орай тарихты бұрмалау және өкімет пен орыс ұлтын бір мағынада ұғынуды халық санасына енгізу секілді әрекет те орын алады.

Мұстафа Шоқай еңбектерінің әдіснамалық негізін елдегі орыс ұлтшылдығының үстемдігі мен тоталитарлық жүйе арасындағы өзара байланыс жөніндегі қағида құрайды. Мұсылман республикасында орнатылған отарлық, тоталитарлық жүйе идеологиясының ұлттық күрестің жетекшілеріне жала жабу, оларды қаралап, кертартпа ағымдарға жатқызу арқылы жүргізілетіні Мұстафаның «Түркістан лениншілдеріне жауап» деген мақаласында жан жақты талданады. Онда Кеңес өкіметінің әлеуметтік, экономикалық және мәдени салалардағы дағдарысты жекелеген адамдардың іс-әрекеттерінің салдары деп түсіндіру, соңғыларын «шоқаевшыларға» жатқызуға тырысу әрекеттері әшкереленеді. Ұлт жетекшілеріне қарсы отаршылдардың күрес тәсілдерінің бірі – оларды Англияның, Түркияның, Жапонияның немесе басқа да мемлекеттердің «тыңшысы», «сыбайласы» етіп көрсету. Оның бір мысалын кеңес баспасөзінің М.Шоқай Түркістанды ағылшын доминионына айналдыру үшін күресуде деген жалғасынан көруге болатын.

Кеңес қайраткері Нәби Қыдыров өзінің бір еңбегінде: «Біз өз тағдырымызды кімдермен бірге және қайсы жолмен шеше аламыз: Мәскеудің басшылығымен, Мәскеудің көрсеткен жолымен бе, жоқ әлде ағылшындармен бірге ме?» деп жазады. Қазақ, не өзбек халқын тарих субъектісі деп есептемейтін мұндай адамдардың, әрине, Мұстафа Шоқайды да өз пайымдаулары шеңберінде ғана бағалауға тырысатыны белгілі. Себебі олар – Мұстафа шыққан биікке шыға алмаған жандар.

Ұлт-азаттық қозғалысының мәне мен мақсатының өңін айналдырып көрсету әрекеттеріне Мұстафа Шоқай: «Кеңес өкіметіне, «орыс басшылығына» қарсы бағытталған біздің күресімізді Түркістанда ағылшындар үстемдігін орнату жолындағы күрес деп есептеу ардан безген адамдардың ісі болмақ» деп тойтарыс береді (Шоқай, 2007, 79). Ұзақ жылдар бойы жат жұртшылықтың езгісінде болып келген халықтың бір бөлігінде болса да құлдық психология қалыптаспай қоймайды. Ондай жандардың Н. Қыдыровша ойлау парқы да бұл тұрғыдан алғанда «заңдылық» болып көрінеді. «Нәби мырзаның ойынша, Түркістан не орыстардың, не ағылшындардың қол астында болуы керек тәрізді. Кеңестердің тәрбиесінде өскен Түркістан лениншілдердің кейбіріне орыс отаршылдығының ықпал еткені соншалық, олар тіпті өз атамекенінің тәуелсіз, еркін өмір сүре алатынын саналарына сыйғыза алмайтын күйге жеткен» дейді Мұстафа Шоқай.

Жат жұртшылықтың тәртібімен өмір сүруді «жетістікке» санаушылық «тұтқын синдромы» секілді құлдық психологиядан ғана туындайды. Осыған байланысты Мұстафа Шоқай үндістандық Лайпорт Ройдың «Кез келген ұлт үшін дүниедегі ең зор бақытсыздық басқа бір ұлттың тепкісіне түсу» деген пікірін келтіреді. Сондықтан да ұлттық дербестікке құштарлығы таусылмаған, өз мәдениеті, өз тілі бар, өз атамекенінде тұрған халықтың азаттыққа ұмтылысы ешқашан да тынбайды.

Он жерден озық деп есептелсе де, бөтен халықтың боданы болу – тұтқында болумен тең. Ал, ұзақ уақыт тұтқында болумен тең. Ал, ұзақ уақыт тұтқында болу адамның сана-сезімін өзгертіп, оны ерік-жігерін айырады, ақырында тұтқындаушысыз өмір сүре алмайтындай болып көрінеді, қанаушысын «қамқоршы» деп санауға келеді.

Мұстафа Шоқайдың «Шовинизм», «Большевиктер «тарихты» қалай жазады?» деген еңбектерінде де тарихи зерттеулер әдіснамасына орай біршама құнды пікірлер айтылады.

Мұстафа еуроцентристік тұжырымдамаларға қарсы шығып, барлық халықтардың тең құқылы туралы идеяны алға тартады. «Жалпы адамгершілік және философиялық тұрғыдан алғанда жақсы халық, жаман халық деген ұғым жоқ. Халықтың бәрі бірдей» деп жазады ол. Оның өмір бойы осы қағиданы бұлжытпастан ұстағаны жөнінде бір мысалды келтіре кеткен жөн (Шоқай, 2007, 271). Шетелде жүрген орыс кадеттерінің мұсылман әлеміне қарсы бағытталған шовинистік насихаты «Последние новости» газетінің 1923 жылдың 10 наурызындағы бас мақаласында тағы бір көрініс береді. Онда Александрия кітапханасын өртеуге Халиф Омардың «бұйрық бергені» туралы аңыз қайталаанады. Осыған орай Мұстафа Шоқай «Брокгауз және Ефронның энциклопедиялық сөздігіне»

сүйеніп, кітапхананы Омардың тұсында Александрияны арабтар «жаулап алғанда» емес, одан әлдеқайда бұрын фанатик-христиандардың өртеп жібергенін айтып, жауап жазады.

Әрине, оның түркістандықтардың ұлттық намысын қорғап, мұсылман халықтарына жала жабушылыққа тойтарыс беруі өмірінің соңғы күндеріне дейін жалғасады.

Мұстафа Шоқайдың тарих әдіснамасы мен тарихи зерттеу әдістерін жетік меңгергендігі С.Брайнин мен Ш. Шафиرونның «Алашорда тарихының очерктері» деген кітабы жөнінде айтқан ой-пікірлерін айқын көрінеді (Брайнин, Шафиро, 1935, 8). Мұстафа бұл авторлардың да басшылыққа алған таптықпринципі де шындыққа жетудің кепілі бола алмағанын, Алаш қозғалысының түрік халықтары ұлттық күресінің жалаугері болғандығын жасырудың мүмкін еместігін айтады: «Кітап авторлары Алаш қозғалысын түрік халықтары ұлттық күресінің жалаугері болғандығын жасырудың мүмкін еместігін айтады. «Кітап авторлары Алаш қозғалысын большевиктік тәсілімен талдап болған соң, оқырмандарды осы қозғалыстың кейбір құжаттарымен, соның ішінде партия бағдарламасымен таныстырып кетуі пайдасыз болмас деп ойлаған. Сол себепті олар бұл құжаттарды өзгертпестен және оған түсіндірме беріп отырмастан кітапқа енгізіп жіберген. Мәскеу «Правдасының» ашу-ызасын келтірген, кітапты «Алашорда ақтаушысы» деп атауына себепші болған, міне осы жайт еді» деп жазады Мұстафа Шоқай.

Алаш қозғалысының тарихын бұрмалаушылыққа қарсы күресі барысында Мұстафа мұнан бір жыл бұрын «Историк-марксист» журналында жарияланған С. Брайнин мен Ш. Шафиرونның «Алаш қозғалысының тарихын дәріптеу мен оны қара дүрсін түсінуге қарсы» деген мақаласымен де танысып, оны талдауға алады. Мақала 1933 жылдың 8 желтоқсанында Қазақ марксизм-ленинизм ғылыми зерттеу институтында оқылған баяндаманың қысқартылған түрі секілді.

Мақаланың негізгі катехизисі Алашорданы дәріптеу тап жауларының қарсылық көрсету формасының бірі болып табылады дегенге саяды. Саяси мүддеге бағындырылып, Алаш қозғалысын қаралауды мақсат тұтқан мақаладағы авторлардың «Ә. Бөкейханов Торғай облысындағы қазақ еңбекшілерінің көтерілісін басты», «М.Шоқаев Шкапскиймен бірге Жетісуда қазақ және қырғыз еңбекшілері бұқарасына қарсы бүлік ұйымдастырды», «Алаш интеллегенциясы еш ойланбастан самодержавие жағына шығып, ісімен де, сөзімен де оған көтерілісті жаныштауға көмектесті», «Алаш интеллегенциясы көшпелі өмір салтын, феодалдық ескіліктің барлық варварлық институттарын қорғады» деген секілді «опустарының» жанына сұрау белгілерін қойып, мұның барлығын «нақтылы материалдар дәлелдейді» деген жалаң сөздің астын сызып, «қайда ондай нақтылы материалдар?» деп жазады. Мұстафа Шоқай кеңес авторларының КСРО-дағы ұлттық қатынастарда ешқандай проблема жоқ деген тұжырымдарын сынға алып, ең болмағанда ұлттық республикаларда басқару аппаратын жергіліктендіру мен іс қағаздарын жергілікті тілге көшіру жөнінде әлі де кескілескен күрестің жүріп жатқандығы туралы жазады.

Мұстафа Шоқай тұжырымдарының шыншылдығы оның көптеген дереккөздерін сараптап, мағлұматтарға салыстырмалы талдау жасау арқылы тарихи оқиғалар мен құбылыстардың түпкі мәнін анықтауға тырысуына тікелей байланысты. Мұстафа Шоқай І. Қабыловтың «қазақ ұлтшылдығы» жөніндегі мақаласының көшірмесін алып, автордың Алашордаға байланысты отыз үш тармақтан тұратын жала жабушылығына тоқталады. «Известия» газеті тілшісінің «Кулактар – отаршылардың ұясы», «Красная новь» журналынан Н. Юргиннің, С. Ростовскийдің «Патшалық Ресей және Шыңжаң XIX-XX ғасырларда» атты еңбектеріне талдау жасауы Мұстафа Шоқайдың дереккөздерін ішкі және сыртқы сынға алу принциптерін жетік меңгергендігінің айғағы бола алады. Мұстафа, әсіресе, авторлар тұжырымдарының негізделуіне үлкен мән береді.

Мұстафа Шоқайдың ғылыми жұмысының негізгі бағыты Түркістан ұлттық қозғалысының себептерін батыс әлеміне кеңінен түсіндіру, Кеңес өкіметінің мұсылман халықтарына «азаттық әкелгендігі» туралы насихатын әшкерелеу болады. Оның 1928 жылы француз тілінде шыққан «Түркістан Кеңестер қол астында» деген кітабы да осы мақсатты көздейді. Кітап өзінің публистикалық пәрменділігі мен ұлттық санаға ықпалы тұрғысынан көптомдық іргелі еңбектің өзінен де басым түсетін еді. Себебі ол бұлтартпас дәлелдерге, ресми құжаттарға негізделеді, сол арқылы Кеңес өкіметінің сөзі мен ісі арасындағы жер мен көктей алшақтықты әлем жұртшылығына ашып береді.

Кітап жөнінде КСРО Орталық Атқару Комитетінің IV сессиясында Ш.З. Элиава сөйлеп, өзбек үкіметіне Мұстафа Шоқайдың бұл еңбегіне жауап беруді ұсынады. «За партию», «Заря Востока», «Правда Востока» басылымдарында қарсы материалдар жарияланады.

Кітабының кіріспесінде Мұстафа Шоқай: «Мен деректемелер, оның үстіне жоққа шығарылмайтын деректемелер туралы әңгімелеймін, өйткені бұлардың бәрі кеңес баспасөзінің

өзінде тіркелген. Оларды тек қаға қабылдап, мойындау қалады» дейді. Кітапқа алғы сөз жазған француз қайраткері Пьер Ренодель: «Шоқаев мырза ең жақсы, ең сенімді тәсілді қолданған. Ол оқырманды өз байқаулары мен пайымдары жәрдемімен иландыруға тырыспайды. Ол мұны большевиктік құжаттардың өздерінің жәрдемімен жасайды» деп жазады.

Кітаптың ғылыми құндылығы жөнінде Францияда, Түркияда және басқа да елдерде пікірлер білдіреді. Әзірбайжан қайраткері Әлимардан Топчибашы, кітапты оқып шыққаннан кейін, Мұстафа Шоқай келтірген салмақты да, сенімді дәлелдерінің кеңестік жұмақ жөніндегі насихаттың қисынсыздығын, халықтар теңдігі және бауырластығы дегеннің ауылы әлі алыс жатқандығын көрсететіндігі жөнінде 1928 жылдың 30 тамызында хат жазады. Ол кітапты «Түркістанның бүгінгі туралы Еуропа тілдерінде бұрын соңды болмаған еңбек» деп бағалайды.

Мұстафа ең алдымен «пролетариат диктатурасының» жергілікті халыққа материалдық игілік әкелмегендігін қазақ халқының жаппай ашаршылыққа ұшырауы мысалымен түсіндіреді.

Мұнда Қазан төңкерісінен кейін іле-шала жүргізілген аштық саясаты он шақты жылдан соң мейлінше қаныпезерлік, жәдігөйлік жолдармен қайталанатын. 1917 жылдың қарсаңындағы 40 млн бас мал Кеңес Орта Азиясында 1934 жылы тоғыз жарым миллионға дейін кеміп кетеді. Қазақстандағы мал басының саны да төрт есе кемиді. «Мал бағушы түркістандық халықтың шаруашылықтағы «жетістігіне» бұдан өткен сендіргіш мысал келтіру мүмкін бе?» дейді Мұстафа Шоқай.

Ресми мінбелер мен кеңес баспасөзінде тағы да жаппай қырғынды бастарынан кешіріп жатқан қазақтар жөнінде емес, мал басының азаюына ғана өкініш білдіреді.

Мұстафа Шоқай еңбектерінің маңыздылығы туралы айтар болсақ. Қазақтарды құлдық және мәңгірттік жағдайға түсіру мақсатында оларды жерінен, тілі мен дінінен айыру саясаты аса құйтырқылық әдістермен жүйелі түрде жүргізіледі. 1917-1918, 1920-1921, 1931-1933, 1941-1953 жылдардағы ашаршылық, рухани және мәдени өмірдегі халықты орыстандыруға бағытталған айла-шарғылар, саяси қуғын-сүргін салдарынан қазақ халқы өзінің ұлттық бірегейлігінен айырылады, миллиондаған қазақ шет елдерге қоныс аударып бассауғалайды. 1917 жылға дейінгі 6 млн қазақ 1939 жылы екі миллионға жетер жетпес болып қалады.

Мұрағаттық материалдарға қарағанда, Мұстафа Шоқай Түркістан тарихына арналған шолу кітап жазуға ниеттенгенге ұқсайды және оны Мұстафа хронологиялық рет бойынша емес, өзіне әбден танымал тақырыптан бастауды жөн көреді. Париждегі жеке мұрағаттық қорында Мұстафаның 1939 жылдың 12 маусымында «Түркістанды орыстардың жаулап алуы тарихынан» деген мақала жазғандығы, ал оған дейінгі, яғни 1931 жылдың 17 маусымында «Түркістанға ерудің алғашқы әрекеттері» деген тақырыпты қарастырғаны жөнінде мағлұмат сақталған. Оларды Дж.Лаззери «Түркістанда» деген атпен бір бумаға топтайды. Материалдың қайда жарияланғаны белгісіз. Осыған қарағанда ол кітаптың құрамды бөлігі болуы тиіс.

Мұстафа Шоқайдың 1941 жылғы «Түркістан» деген материалы да осы ниетпен жазылған секілді. Онда Мұстафа VIғасырдан бері біте қайнасып дамып келе жатқан, Тұран ойпатын мекендеген халықтардың дүниежүзілік өркениетке қосқан үлесіне тоқталып, олардың экономикалық және мәдени тұрғыдан өте жақындығын көрсетеді, ал мұның өзі оларды біртұтас дене ретінде қарауға мүмкіндік береді; Кеңес өкіметінің оларды жеке республикаларға бөлуі түркістандықтардың ұлттық саяси бірлігіне жол бермеу әрекетінен туындайды дейді.

Мұстафа Шоқайдың қазақ, өзбек, түрікмен, қырғыз, татар, башқұрт, қарақалпақ, ұйғырларды түркістандық ұлт деп танитындығы, ал оларды жеке жеке ұлыс деп санайтындығы көрінеді.

Оның «Түркістан Кеңестер қоластында» атты француз және орыс тілдеріндегі екі кітабы Кеңес өкіметінің мұсылман халықтары жөніндегі саясатының мән мағынасын танып білуге қажетті құралға айналып, оқымыстылардың кітапханаларынан берік орын алады. Мұстафаның жеке мұрағатында сақталған хаттар осының айқын дәлелі деуге келеді. 1930 жылдың 14 қарашасында голланд ғалымы Л.Грот Гагадан жолдаған хатында «Түркістан Кеңестер қол астында» деген кітабының бірнеше данасын алғандығын және оны елдің белгілі тұлғаларына үлестіргенін хабарлайды.

Хат мәтініне қарағанда голланд ғалымы мен қазақ қайраткері біраздан бері шығармашылық байланыста екендігі көрінеді. Сол жылы 15 желтоқсанда жазған хатында голланды ғалымы Орта Азия республикаларындағы астық, мақта шаруашылықтары, Ресейдегі азамат соғысы, басмашылар қозғалысы, Түркістандағы жәдитшілдік, оның бастаулары, жақтастары, саяси рөлі жөнінде материалдар мен «Эйшатиқ Ревю» журналында жарық көрген мақаласын жіберуді сұрайды. Соңғы

рет кездесіп, әңгімелескенде Түркістандағы жәдитшілдік қозғалысы туралы мәліметтер берермін деген Мұстафаның уәдесін есіне салады.

Әзірбайжан қайраткері Ә. Топчибашы 1933 жылдың 12 ақпанында жазған хатында «Шыңғысхан» кітабының авторы Е. Харадаваның Мұстафа Шоқайдың «Орта Азия Кеңестер қол астында» деген кітабымен танысқысы келетінің және өзінің кітабын жіберу үшін оның мекенжайын сұратқанын хабарлайды.

1935 жылдың 8 желтоқсанында Филадельфиядан (АҚШ) А.П. Демидов «Түркістан Кеңестер қол астында» деген кітабының шығуымен құттықтап, оның авторды жаңа даңққа бөлейтіндігіне сенім білдіреді. Өз тарапында А. Демидов кітапты Пенсильванияда тұрып жатқан ақгвардияшылардың генералы А. Федоров Уайтқа береді.

1936 жылдың 15 қаңтарында Стэнфорд университеті жанындағы Гуверкітапханасындағы «Яш Түркістан» журналының коллекциясын толықтыруды өтінеді. Америкалық профессор келесі хатында «Гувер кітапханасы Сіздің кітабыңызға профессор кеелсі хатында «Гувер кітапханасы Сіздің кітабыңызға аса қызығушылық танытуда, бір данасын кітапханаға да жіберуге мүмкіндігіңіз болса» деп жазады.

«1917 жыл туралы естеліктердің үзінділер» кітабын баспаға дайындаған Ә.Такенов пен М. Қойгелдиев Мұстафа Шоқайдың «Еуропа мен Америкадағы Түркістандағы ұлттық қозғалысты зертеушілердің маған сонша көңіл аударулары» ... деген сөздеріне жазған ескертуінде мынадай мағлұмат береді: «Калифорниядағы Стэнфорд университетінің Орыс төңкерісін зерттеу институты Түркістандағы төңкеріс пен Кеңес үкіметіне қарсы халық көтерілісіне қатысты деректерді жинақтап, ағылшын тілінде еңбектер шығаруға кірісті. Осы орайда Мұстафа Шоқайдан Түркістандағы көтеріліс пен Қоқан автономиясы жайында жазып беруді өтінді. Мақала 1937 жылдың алғашқы айларында әзірленіп берілді» (Шоқай, 1997, 47).

Өкінішке орай, авторлар бұл мағлұмат жөнінде ешбір дереккөзге сілтеме жасамайды, дегенмен ол Мұстафа Шоқайдың Гувер институтымен шығармашылық байланыстарының сипатына қайшы келмейді.

Қорытынды

Жоғарыда көрсетілген деректер Мұстафа Шоқайдың әлемдік деңгейдегі саяси қайраткер ғана емес, дарынды тарихшы ретінде тарихтың зерттелу деңгейін қаншалықты терең білетіндігін және талдай алатынын көрсететін еді. Қорыта айтқанда, Мұстафа Шоқайұлы өзінің еңбектерінде Кеңес өкіметінің саясатының патшалық Ресейдің отаршылдығынан айырмашылығы жоқ екенін дәлелдеп көрсетті. Міне, осы шындық күрескердің саяси қызметінің нысаны болды. Ол Орта Азия мен Қазақстандағы отаршыл саясат туралы әділ, объективті көзқарас қалыптастыруға барын салды. Мұстафа Шоқайдың тарихи мұралары – ақиқаттың көзі тарихтың бұлтартпас дерегі екені даусыз. Болашақта Мұстафа Шоқайдың еңбектерін, артында қалдырған тарихи мұраларын тереңінен зерттеп, оны зерделеу басты мақсатымыз болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алексеевков. П. Кокандская автономия. - Ташкент, 1931, 19-54.
2. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 1- т. – Алматы: Қайнар баспасы, 2007. - 225-226-бб.
3. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 2- т. – Алматы: Қайнар баспасы, 2007. - 21-б.
4. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 1- т. – Алматы: Қайнар баспасы, 2007. - 79-б.
5. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 1- т. – Алматы: Қайнар баспасы, 2007. - 271-б.
6. Брайнин.С., Шафиро Ш. Очеры по историй Алаш Орды. - Алма-ата. 1935. - С.8
7. Шоқай Мәрия. Шоқай Мұстафа. Естеліктері. – Ыстамбул. 1997. - 47 б.

С.Б. Жанибай

Қорқыт Ата ат. Қызылорда мемлекеттік университеті

1920-1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТҮРКІСТАНДАҒЫ КЕҢЕСТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Аңдатпа. Мақалада ХХ ғасырдың басындағы қоғам өмірін қайта құрудың большевиктік бағдарламасында халыққа білім беру ісіне, мәдениет пен ғылымның мәселелеріне айтарлықтай орын берілген. Билік басына келместен көп бұрын В.И. Ленин мен оның пікірлестері әрбір ұлттық мәдениетке екі мәдениеттің бұқара халық мәдениеті мен қанаушылардың, буржуазияның мәдениеті бар екенін, әдебиеттің партиялық болуға тиістігін, ал мектеп ісін ұлтына қарай бөлуге жол берілмейтін ашық түрде мәлімдейді. Ресейде мемлекеттік билікті басып алғаннан кейін, большевиктер өздерінің мәдени жобаларын жүзеге асыру үшін нақты мүмкіндік алды. Олар жаңа мәдениет құрылысының мазмұны мен бағытын ұлт аймақтарында да уысынан шығармады.

Түйін сөздер: мектеп, Қазалы, білім беру, Түркістан, Қазақстан

С. Б. Жанибай

Аннотация. В этой статье рассматривается большевистская программа реструктуризации жизни начала XX века, в которой уделено большое внимание образованию, культуре и науке. Задолго до прихода к власти власти В.И. Ленин и его коллеги публично заявляют, что каждая культура двух культур – это культура массовой культуры и эксплуатации буржуазии, что литература должна быть партийной, а деление школьного дела - по этническому принципу. После захвата государственной власти в России у большевиков появился реальный шанс реализовать свои культурные проекты. Они не потеряли содержание и направление строительства новых культур в регионах страны.

Ключевые слова: Казахстан, Туркестан, Казалы, образование, школа.

S. Zhanibay

Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda, Kazakhstan.

Summary. The present article considers the Bolshevik Program for the Restructuring of Life in the XX century that paid close attention to education, culture and science. Long before coming to power V.I. Lenin and his colleagues publicly declared that each culture of the two cultures is a culture of mass culture and exploitation of the bourgeoisie, that the literature should be a party literature, and the division of school business should be based on ethnical principle. After the seizure of state power in Russia, the Bolsheviks had a real chance to implement their cultural projects. They did not lose the content and direction of the construction of new cultures in the country's regions.

Keywords: Kazakhstan, Turkestan, Kazaly, education, school.

Кіріспе

ХХ ғасыр басындағы Қазақстанда ағарту ісі мен халықтың сауаттылық деңгейі мәдениет саласының мейлінше артта қалған және берекесі қашқан учаскесі болып табылды. Ел тұрғындарының басым көпшілігі не оқи, не жаза алмады, миллиондаған балалар мектептен тыс қалды, педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі өткір сезілді. Оқу-ағарту мақсатына бөлінген қаржы мардымсыз еді. Ол қалаға, облысқа, губернияға, т.б. территориялық әкімшілік бөліктерге бөлінген қаржының 2,5 процентінен аспай жататын. 1907 жылы, мәселен, Қазалы уезіндегі оқу-ағарту ісіне 1,8 мың сом ақша бөлініпті, бұл уезд бюджетінің 6 проценті ғана болатын, ал есесіне полицияның қажетіне бөлінген қаржы – 11,9 мың сом - бүкіл ақшаның 38 процентін құрады (Сембаев, 1962, 173). 1915 жылы Түркістан өлкесінің бюджеті 25 млн. сом болса, оның 575 мыңы ғана, яғни 2,3 проценті оқу ағарту ісіне арналыпты. Бөлінген қаржы жан басына шаққанда 13-26 тиыннан ғана тиетін еді (Өмірбеков, 1936, 13).

Әдістеме

Жалпы Қазақстан бойынша білімге жұмсалған қаржы 1913 жылы бір адамға шаққанда 40 тиыннан аспаған (Обидов, 1968, 127). Сондықтан большевиктер халық ағарту саласында кешенді және батыл шараларды жүзеге асыра отырып, ұлттық аймақта екі толағай мақсатқа жетудің ізіне түсті, біріншіден, сауаттылық пен білімнен шеттетілген қарапайым адамдардың сұранысын өтей отырып, олардың құрметі мен сеніміне ие болу мүмкіндігін жібермеді, екіншіден, білім беруді кеңейтумен қалың көпшілікке беймәлім маркстік-лениндік идеологияны еңбекші халық санасына сіңіріп, социалистік қоғамның теориясы мен практикасын өмірге енгізді. Алғашқы кезде өлкедегі әліпбилік сауаттылық мектептері мен курстары депутаттар Кеңесінің, революциялық комитеттердің және басқа да мемлекеттік құрылымдардың шешімдерімен және зиялы қауымның немесе сауатсыздардың бастамаларымен ашылды. Түптеп келгенде, қаржы тапшылығы оқу-ағарту ісін алға бастыруға үлкен кедергі туғызды. Қаржының жетіспеуінен оқу орындары қажет мөлшерде ашылмады, оқулықтар мен оқу құралдары, мұғалімдер жетіспеді, балалар мектепке тартылмай қала берді, нәтижесінде сауатсыздық мәселесі асқына түсті.

Қазақ даласындағы оқу ағарту ісі. Сауатсыздар қатарының ұлғаюына мектеп жүйесінің баяу өсуі тікелей әсер етті. XX ғасыр басындағы Қазақстанда мектептердің төрт түрі болатын:

1. Діни оқу орындары (мектептер мен медреселер);
2. Жаңа әдістемелік мектептер;
3. Орыс түзем мектебі;
4. Орыс мектептері;

Діни оқу орындарының дәл саны мен құрылымы жайлы деректер өлке бойынша сақталмаған. Өйткені оларды ашу үшін патша әкімшілігінің арнайы рұқсаты керек болатын. Ал, жергілікті жерлерде рұқсат қағаздың соңынан жүргісі келмеген болыстар, старшындар, молдалар көбінесе оқу орнын өз қалауынша ашып, оны арнайы санаққа, есеп-қисапқа кіргізбей отырды. Мектеп шәкірттерінің ата-аналары молданың еңбек ақысын өтеуге міндетті болды. 1917 жылы Ақмола облысында 15 мектеп пен медресе есепке алынып, оларда 970 шәкірт оқып жатқан екен (Ташкент, 1973, 19).

Аталмыш жағдай кейінгі жылдарда да өзгеріп кете қоймады. «Әр жердегі қазақтың өнер-білімі қарайлас, (Сембаев, 1962, 254). - деп жазды 1913 жылы А. Байтұрсынов, - сол себепті бір болыс, яки бір уезд елдегі оқудың таралуын көрсетсек, күллі қазақтағы оқуды шамалауға болады», Торғай облысында, дейді одан әрі автор, 1912 жылы 570109 қазақ тұрған екен, қазақ баласы оқитын 132 школ болған, яғни әрбір 3561 кісіге бір школдан келеді екен. Бар деген оқу орындарының өзі ауылдық жерде орналасқан еді. А. Байтұрсыновтың айтуынша, сонда оқыған балалар ілгері школдарға келіп оқымаса, тіршілікке пайдалы білім алып шыға алмайды. Азғантай үйренген орысша жазу-сызуынан қарайып, тілін ұмытып қалады (Байтұрсынов, 1993, 255).

Мектеп жүйесінің сұранысқа жауап бермейтін мынадай салыстырудан да байқауға болады. 1915-1916 оқу жылында бүкіл Қазақстанда 2011 мектеп болған екен. Бұларда 105 мыңнан астам бала оқыпты, яғни әр мектепке 50 баладан келіп отыр. Әрине мұндай мектептерді шағын ғана оқу орны деп айтуға мүмкіндік бар. Егер сол жылдарғы өлке тұрғындарының үштен екісін қазақтар құраса, мектеп оқушылары қатарындағы балалардың 14-15 проценті ғана жергілікті ұлт өкілдерінің балалары болатын. Басқаша айтқанда қазақ балалары оқудан шет қағылып қала берді. Әсіресе қазақ қыздарының мектепке тартылуы нашар жүрді. 1915-1916 оқу жылында олардың мектепте оқып жүргендерінің саны 2000-ға да жетпеді.

Білім беру жүйесі. Мектептер мен олардағы оқушылардың саны осындай болғанда, оқытушы-мұғалімдер құрамы да айтарлықтай ұзап кете қоймады. Біріншіден, мұғалім кадрларын даярлайтын оқу орындары мардымсыз еді. 1878 жылы Орынборда алғаш мұғалімдік мектеп ашылғаннан кейін 1917 жылға дейінгі аралықта өлкеде қазақтан бар болғаны 300 мектеп маманы даярланыпты. Әрине, Қазақстаннан тыс жерлерде Омбыда, Қазанда т.б. қалаларда мұғалімдік семинарияларды бітірген мамандар өлкеге келіп еңбек еткені рас. Бірақ олардың қатары онша қалың емес еді. Сол себепті де мектептердегі мамандардың біліктілігі, кәсіби шеберлігі, әсіресе ауылдық мектептерде мейлінше төмен дәрежеде қала берді.

XX ғасыр басындағы қазақ мектептерінің және бір қиналған жері оқулықтар мен оқу құралдарының, бағдарламалардың тапшылығы еді. Мектептерде татар тілінде шыққан әдебиетті пайдалануға тура келді. Қолайсыздық пен кемшілік бала оқыту ісін қиындатпаса, жеңілдеткен жоқ.

Қалалық мектептерде оқу ісі біршама жолға қойылмағанмен ауылдық жерлерде оқу процесін ұйымдастыру бірізді бола бермеді.

20-шы жылдары да, одан кейінде де оқу-ағарту ісіндегі, оның ішінде сауатсыздықты жою үрдісіндегі, кемшіліктерді сынаған жарияланымдар Қазақстанда аз болған жоқ. Әдетте кемшіліктер жекелеген басшылардың, мекемелер мен ұйымдардың оралымсыздығымен байланыстырылатын. Алғаш рет мәселеге саяси астар беру, большевиктердің ұлт-мәдениет саясаты патша әкімшілігі саясатынан көп өзгеше емес деген пікірді дәлелдеу 20-шы жылдар аяғына қарай Парижде жарық көрген «Кеңестер билеген Түркістан» атты кітапта жақсы орын тапты. Бұл кітаптың авторы Парижде эмиграцияда жүрген белгілі қазақ Мұстафа Шоқай еді. Шығарманың деректік көзін негізінен «Еңбекші қазақ» бетінде жариялаған материалдар құрады. Мұнда Риддер заводы жанындағы маманданған жұмысшылар даярлайтын, фабрика – завод мектебінде қазақтардың жоққа тән екендігі, өйткені онда қазақ тілін білетін оқытушы жұмыс істемейтін, Қазақстанда мектеп саны өскенмен олардың басым бөлігі үй жаймен қамтамасыз етілмей отырғаны, ал қаржыландыру патша заманы тұсындағыдан құлдырап кеткені «Еңбекші қазақтан» алынған фактілермен дәйектенген. Сырдария губерниясында қазақтар барлық халықтардың 79 процентін, еуропалықтар 9,5 процентін құрайтын, ал осы губернияның мектептерінде оқитын қазақ баласы бар болғаны 6 процент қана, орыс балалары 53,2 процент екенін алға тарта отырып, автор «Кеңес үкіметі қазақтардың ақшасына орыс келімсектерінің баласын оқытады» деген тұжырым жасайды (Шоқай, 1992, 96-97).

Большевиктердің мемлекет басшылығына әкелген 1917 жылғы Қазан революциясынан кейінгі ширек ғасырға жуық уақыт ішінде халыққа білім беру саласында қол жеткен өзгерістердің екеуі айрықша атап өтуге тұрарлық. Бірі – білім берудің сындарлы жүйесінің қалыптасуы, екіншісі – білім берудің жүйесін басқарып, реттеп отыратын партиялық, мемлекеттік және қоғамдық мекемелер жүйесінің орнауы. Қазақстанда білім беру жүйесі 20 жылдар басында-ақ дүниеге келді. Алғашқыда ол үш бөліктен тұрды:

1. Мектепке дейінгі білім беру орындары;
2. Мектептен тыс білім беру;
3. Мектептер;
4. Кәсіптік-техникалық білім беру;
5. Жоғары және орта арнайы білім беру орындары.

Білім беру жүйесіне басшылық жасаудың екі буыны қалыптасты. Бірінші буын республикалық басқару орындары. Оған Қазақ өлкелік партия комитеті, Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Халық комиссариаты Кеңесі, Оқу комиссариаты кірді. Екінші буынды жергілікті партия және кеңес органдары құрады.

Білім беру мен басшылық жасаушы жүйелерге тән белгі сабақтастық пен бірізділік еді. Яғни, олардың әрқайсысы жеке-жеке жұмыс істеп тұрғанмен, шектеулі ғана міндеттерді шеше алады. Бар буынды немесе бөлікті сатылап өткенде ғана қабылдаған шешім мен алған білім толыққанды дәрежеге жететін.

Сауатсыздық жалғыз мәдениет саласына қатысты құбылыс емес. Ол қоғамдық қатынастардан, материалдық өндіріс саласының даму деңгейінен, саяси идеологиялық ахуалдан, қоғамдағы рухани, танымдық талап-сұраныстардан туындайтын нәтиже. Мәселен, орта ғасырларда, одан да әріде сауатсыздықтың қаймағы бұзылмай тұрғанмен ол әркімді алаңдата бермеді. Қоғамның ілгерілеуіне басқа тарихи алғы шарттар қажет еді. Жаңа дәуірде адамдардың, әсіресе, ересектердің сауаттылығы прогресс үшін шешуші факторға айналайын деді. 1897 жылы өткен бүкілроссиялық халық санағы империядағы тұрғындардың 21,1 проценті ғана сауатты екендігін көрсетті (Москва, 1997, 47).

Ал шет аймақтардағы отар өлкелердегі жағдай бұдан да сорақы еді. Айталық, Ақмола губерниясында 9 жастан асқандардың 14 проценті, Семей губерниясында проценті, Торғай облысында 6 проценті, Жетісу облысында 5 проценті, Сырдария облысында 5 проценті ғана оқи білетіндер екен. Бұл жерде ескере кететін бір жай бар. Ол – халық санағы жүрген кезде есепке бірінші кезекте орысша оқи білетіндердің алынғаны. Орысша оқи алмайтындардың ана тіліндегі сауаттылығы екінші сортты құбылыс ретінде қағазға түсірілді. Осының өзінде де отар өлкелердегі бұратана халықтардың сауаттылық деңгейі мейлінше төмен екендігі көзге ұрып тұрды. 1897 жылы санақ қорытындысы бойынша түркі татар тілдерінде сөйлейтін халықтардың әр мыңынан 96 еркек пен 50 әйел ғана оқи алатын күйде екен [9,126]. Арада 10 жыл өткен соң Түркістан өлкесіндегі сауаттылық 0,4 процентке ғана артқаны анықталды. Егер ғасыр басындағы Россияда 89 губерния

мен облыс болса, сауаттылық деңгейі жағынан осылардың арасында Жетісу облысы 86-шы орында, Сырдария облысында 85-орында, Семей облысы 84-ші орында, Орал облысы 76-шы орында, Ақмола облысы 75-ші орында болатын.

XX ғасыр басындағы Қазақстан сауатсыздық жайлаған өлке болатын. Мұның басты себебі саяси қатынастар шеңберінде жатты. Отарлаушы Россия шет аймақтардың мәдени рухани дамуын қамтамасыз етуге еш ынталы емес еді. Бұл – бір. Екіншіден, ол Қазақстанға Шығыстағы саясатын жүзеге асыру үшін қажетті плацдарм ретінде ғана қарады.

Россияның халық ағарту министрі Д.А. Толстой XIX ғасырдың аяғында қол астындағыларға жолдаған бір жарлығында былай деген екен: «Біздің отанымызда тұратын барлық бұратаналарды оқытудағы түпкі мақсатымыз оларды орыстандыру және орыс халқымен мидай араластырып жіберу болып табылады. Орынбордың әскери губернаторы Сухтелен бұдан да «асып» түсіпті: «Қырғыздарды жайландыру, оларды Еуропа халықтары жеткен биікке көтеру тәрізді өсіре ниетпен мен әуре болмаймын, - дейді ол. – Мен қырғыздардың мәңгі малшы, көшпенді болып қалғанын, ешқашан астық екпегенін, ғылымды ғана емес, тіпті қолөнерді де білмеген жан тәніммен қалаймын.

Сонымен, кеңестер сауатсыздық мәселесін мемлекеттік маңызы бар іс дәрежесіне көтере отырып, оны саликалы, жүйелі, тиімді жолмен шешуді таңдамай, күш қолдану, мәжбүр ету тәсіліне көшті. Ал, миллиондаған сауатсыздарды бір жылдан аз мерзім ішінде оқу-сызуға үйрету үшін қанша қаражат, мұғалім, оқулық, мектеп үйі т.б. керек екендігі, олардың бар жоғы есепке алынбады. Қолы көтере алмайтын шоқпарды беліне байлаған Кеңестер жүйесі өз қағазынан өзі жерініп, су аяғын құрдымға айналдырып жіберді. Тұтас республиканы дүрліктірген қате шешім үшін жауап берген ешкім болмады. Әміршіл-әкімшіл жүйе осылайша бой көтере берген еді.

1917-1920 жылдар сауатсыздықты жою жолындағы бетбұрысты кезең болды. Оның басты қорытындысы қоғам мүшелерін оқу, жазуға үйрету мемлекеттік маңызы бар деңгейге көтеріліп, қалың бұқараның сауатсыздықтан арылуға ұмтылысын туғызды. Хат танымаушылықпен айналысатын мемлекеттік құрылымдар сұлбесі анықталды. Жинақталған тәжірибе өлкеде сауатсыздар қатары мейлінше көп болумен қатар негізгі күш-жігерді қай бағыттарда шоғырландыру керек екенін көрсетті. Әр істің бастауы қиын. Оқу құралдарының, қағаз қаламның тапшылығы, мектеп үйлерінің, мұғалімдердің жетіспеуі, бір жағынан, өлкенің шаруашылық мәдени потенциалының әлсіздігін көрсетсе, екінші жағынан сауатсыздыққа қарсы күрестің ұлғайған үстіне ұлғая беруінен туындаған еді. Үлкен істі ендігі жерде жоспарлы да ырғақты негізде жүргізу қажет болды. Соғыс қимылдарының аяқталуы, қазақ мемлекеттігінің құрылуы осыған мүмкіндік туғызғандай еді.

Кеңес билігі тұсындағы білім беру ісі. Кеңес өкіметінің нығаюымен әліпбилік сауатсыздықты жою үрдісі ұйымдасқан және жүйелі сипат ала бастады. Бұған ең алдымен Түркістан АССР Халық ағарту комиссариатының және Қырғыз революциялық комитеті жанынан мектеп бөлімінің құрылуы игі ықпал етті. Сауатсыздықты жоюдың басты мақсаты мен міндеттері, оның мазмұны Түркістан республикасы Халық ағарту комиссариатының қалалар мен селоларда ересек тұрғындар арасындағы сауатсыздықты жою жөнінде курстар ұйымдастыру туралы 1918 ж. 26 шілдедегі Ережесімен және Түркістан Республикасы Кеңестері ОАК ересек адамдар үшін міндетті оқуды енгізу туралы 1919 ж. 3 желтоқсан Декретімен мейлінше анық белгіленді. Оның үстіне қос құжатта Мәскеудегі үкіметтің осы істегі негізгі құжаты РСФСР халқы арасында сауатсыздықты жою туралы Халкомкеңес Декретінен хронологиялық жағынан бұрын қабылданды.

Ішкі және сыртқы қарсыластарын ашық майданда жеңген большевиктер Қазақ мемлекетін құрумен сауатсыздықты жоюға қолайлы ахуал туғызды. Бұған сауатсыздықты жою жөніндегі төтенше комиссияның жергілікті құрылымдары мен халыққа білім беру комиссариаты қызметі қосылған соң оқу-ағарту ісі тәп тәуір жанданайын деді. 1920 жылғы 17 қыркүйекте қабылданған «Халық арасындағы сауатсыздықты жою туралы» декретімен ол енді 8 бен 40 жас арасындағы сауатсыздарды жазу сызуға үйренуге міндеттеді. Сауатын ашып жүргендердің жұмыс күні бұрынғысынша 2 сағатқа қысқаратын болды. Декреттің орындалуы негізінен халық ағарту комиссариатына жүктелді. 1920 жылы бүкіл өлкеде мектептер саны 2413-ке жетіп, онда 144,9 мың бала оқып жатты. Әсіресе оқушы қазақ балаларының саны өскені көзге түсті. Егер 1914-15 оқу жылында қазақ оқушылары барлық оқушылар қатарында 7,5 процент болса, 1920-21 оқу жылында бұл көрсеткіш 21,7 ке жетеді. Аласапыран алты жыл ішінде мектептер жүйесінің 40 процентке, оқушылар санының 36 процентке ұлғаюына мұғалімдер қатарының өсуі де сай түсіп жатты: олар 3395-тен 4824-ке жетті (Алма-Ата, 1960, 255).

Оқу-білім ісінің бұлайша тез көтерілуіне большевиктердің бостандық, теңдік, туысқандық жайлы жариялаған құжаттары мен халықтың негізгі дейін құрайтын кедейлердің, еңбек адамдардың көңіл-күйін өздеріне бұрып алуы тікелей себеп болды.

Жылдар бойы патша әкімшіліктерінің табалдырығын тоздырып, ауылда мектеп ашуға рұқсат ала алмаған қарапайым адамдар большевиктік құрылымдардан қажетті шешімді тез алатын болған соң мәдениет құрылысына жаңа серпін бере алды.

1927 жылы бүкіл өлкеде 3911 ғана мектеп жұмыс істеп тұрса, олардың әрқайсысына орта есеппен 80 оқушыдан, 2 мұғалімнен келді, бір мектеп 70 мың км ауданды қамтып отырды. Қазақстандағы осынау ауыр ахуалды Сырдария губерниясының мысалында байқауға болады. 1925-26 жылы губернияда 2124 қазақ, 824 өзбек, 694 орыс, 335 басқа да ұлт өкілдері хат танып шықса, 1926-27 жылы 2318 қазақ, 1039 өзбек, 677 орыс, 87 басқа да ұлт өкілдері сауатын ашады. Бұлардың ішінде хат таныған әйелдер тиісінше 680 және 987 еді (20 процент шамасында). Губерниядағы 16-45 жас арасындағылардың 95 проценті сауатсыз болғанмен екі жыл ішінде хат танығандар бір процентке ғана артыпты. Жылына 150 мың адамды әліппеге үйретіп отырғанның өзінде үш жыл мерзім әрі 2,4 млн сом қаражат керек екен, ал 1927 жылы сауатсыздық жоюға бөлінген қаржы 28,4 мың еді. Осы мәлеметтер келтірілген партиялық құжатта сауатсыздық жою ісінің баяу қарқындау себебі қаражат пен күштің жетімсіздігі, мектепке тартылмағандардың сауатсыздар қатарын үздіксіз өсіріп отыруы деп көрсетілген. Шынында да 1927 жылы губерниядағы 8-14 жылы жас арасындағы балалардың 18,4 проценті ғана мектепке тартылған екен. Мұғалімдердің 75 проценті болар болмас ғана біліммен жұмыс істеп жатты. Ауылдар мен қышлақтардағы мектептер жертөлелерге орналасты.

Халықтың мәдени білім деңгейін көтеретін кітапханалар, клубтар, оқу үйлері, қызылотаулар жүйесі революциядан бұрынғы жылдармен салыстырғанда бірнеше есе өскенмен қалың көпшіліктің қиналмастан бара қоятын мекеніне айналмады. Әсіресе көшпелі өмір салтынан қол үзбеген қазақ сияқты халықтар мәдени ағарту мекемелерінің тапшылығын тартты. Кейбір елді мекендерде кітапты пайдаланғаны үшін кітапханалар ақы алуды тәртіпке айналдырыпты, бұл да адамдардың оқу білімге ынтасын басқаны сөзсіз. 1927 жылы өлкенің ауыл селолық жерлерінде 1500-ге жуық оқу үйлері, шаруа үйлері, халық үйлері, кітапханалар, қызыл отаулар жұмыс істеп тұрды. Ауыл селолардағы 6 млн.ға жуық тұрғындарға 1,5 мың мәдени мекен мүлде аздық ететіні әркімге аян болса керек.

Қазақстан қалалары сауатсыздықпен күреске айтарлықтай ықпал ететін биікке әлі көтеріле қойған жоқ еді. 1926 жылы өлкедегі 44 қалада бар болғаны 0,5 млн адам өмір сүретін. Қалалықтардың негізгі денін орыстар, украиндер, өзбектер, татарлар құрады. Ал 81 мың қазақ қала тұрғыны болып есептелмегенмен 3,8 млн ауыл село қазақтарын мәдениет бұлағынан сусындатуға бұлардың қауқары шамалы еді. Қала мұғалімдердің саны 3 мыңнан аспады. Түйіндей келгенде, қаланың интеллектуалдық потенциалы өлкедегі сауатсыздықты жою ісіне мұрындық болардай дәрежеде емес еді. Бұл да Қазақстанда хат танымаушылықты жеделдете құртуға ықпалды фактор бола алмады.

Адамның сауатты болуы үшін ол оқитын кітап, газет-журнал болуы керек. Осы тұрғыдан келгенде де Қазақстандағы жағдай маз емес еді. 1926 жылы өлкеде қазақ тілінде 10 газет (тиражы 27,5 мың), 3 журнал (тиражы 7,5) шығып тұрса, 77 атаумен оқулық және басқа әдебиет (тиражы қулық және басқа әдебиет (тиражы 302,5 мың) жарық көретін. Татар, өзбек, қарақалпақ т.б аз ұлттар тілінде мерзімді баспасөз шығару жоққа тән еді. 1928 жылы бүкіл Қазақстанда 39 газет,

журнал, бюллетень 221 мың тиражбен, 312 атаулы кітап 1,5 млн тиражбен жарияланған екен. Шамамен 4 адамға бір кітап, газет, журналдан келген. Сонда жарық көрген баспа өнімдері сауаттылардан артпай қала бергені сөзсіз. Сауатсыздарға қолға алып оқитын дүние ғана емес, қағаз-қарындаш та жете бермейді. Хат танымайтындар үшін қағаз-қалам тапшылығы аяздай батқанын жазушы А. Сейдімбеков «Қаныш берген қарындаш» деген деректі әңгімесінде келістіре суреттеген. Әңгіменің қысқаша мазмұны мынадай. 1927-28 жылдар шамасында Жезқазған өңірінің қазіргі Жаңаарқа ауданында тұратын он төрт-он бес мұғдарындағы бала Ж. Қалқаманов сауатсыздықты жою курсына барып жүреді. Оқу үшін қағаз, қарындаш, сияны әркім өзі табуы керек екен. Ал олар емге табылмайтын дүниелер. Сол тұста көзі қарақты бір азамат қызын оқыту үшін сынық қарындашты отыз қадақ бидайға сатып алған көрінеді. Айналып келгенде Ж. Қалқамановтың ендігі арманы қағаз бен қарындаш болады. Бір ғажабы ел ішінің жағдайы қаншалықты ауыр болса да «Оқу керек!», «Сауатсыздық жою керек!» деген мәселені халықтың қолдағанын көреміз.

20 жылдардан бастап КСРО-ны мекендеген түркі халықтарының жазуын латын алфавитіне көшіру мәселесі күн тәртібіне қойыла бастады. Кеңес үкіметі алдын-ала латынға көшу туралы мәселе бойынша баспасөз беттерінде, жиналыстарда, пікір таластарын ұйымдастырды.

Осыған байланыста, 1926 жылы ақпан-наурыз айларында Баку қаласында Бүкіл одақтық бірінші Түркологиялық съезд өткізіліп, онда күн тәртібінде түркі халықтарының жазуы, орфографияның негізгі принциптері және олардың әлеуметтік мәні, терминология мәселелері, түркі халықтарының тарихы, этнографиясы, ана тілін оқыту методикасы т.б. көптеген көкейтесті мәселелер қойылды. Осылардың ішінде ең маңыздысы, әлі үлкен талас-тартыс тудырғаны – түркі халықтарының тегіс латын алфавитіне көшуі жайындағы мәселе болды. Бұл съезге Қазақстаннан Ахмет Байтұрсынов, Елдес Омаров, Әзиз Байсейітов, Біләл Сүлеев, Нәзір Төреқұлов делегат болып қатысты. Қазақстаннан съезд президиумына А. Байтұрсынов сайланды.

Съезде түркі халықтарының латын жазуына көшуі жөніндегі пікір таласында делегаттар екі ұдайға бөлініп шыққан. Оның бірі – бұрыннан қолданылып келген, әрі нақтылы тіліне лайықталып, өзгертілген, ресми араб не орыс графикасын (мысалы, сол кезде чуваштар қолданып отырған) латынға ауыстырудың ешқандай не саяси идеологиялық, не экономикалық тиімділігі жоқ, сауат аштыру, оқыту ісіне де лайықталған араб графикасы мен қабылданбақшы латын жазуының бір-бірінен артық-кемдігі шамалы, керісінше, жазу таңбасын өзгерту сан ғасырлық жазба мәдениетінен, жазба дәстүрден қол үзу қауіпін тудырады дегенді айтты. Ал, екінші тобы-араб жазуы түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне сай келмейді, латын алфавиті түркі тілдерін еуропа мәдениетіне жақындастыра түседі дегенді дәлел етті. Алғашқы пікірлердің бірі – А. Байтұрсынов болды. Бұл жерде А. Байтұрсыновтың тұжырымдамасынан пантюрксистік немесе кеңеске

қарсылық іздеу мүлде қисынсыз еді. Себебі ол араб жазуы арқылы ислам дінін уағыздауды көздеген жоқ, оның үстіне А. Байтұрсынов реформалаған қазақ жазуы қаракетті құран жазуынан мүлде алшақ екені айдан анық, пантюрксистік пиғылда болуы деу де орынсыз, керісінше, А. Байтұрсынов қазақ ұлтының, қазақ тілінің дербестігін (қазақтардың “іргелі жұрт” екендігін) қатты қолдаған адам. Шындығын айтқанда, мұның барлығы ақталғандық емес, А. Байтұрсынов сол кезде-ақ осы жазуға байланысты болсын, басқа жағдайда алып қарағанда да, жаңа “коммунистік” деген атпен жүргізіліп жатқан “рухани отарлау” саясатын түсінген еді. Сондықтан да, ол кезде Кеңес өкіметінің қалаған саясатына көнбеген адамға қандай айыпты болса да таңуға болушы еді. А. Байтұрсынов алфавит мәселесіне байланысты ұстанған бағытынан қайтпады. Бакуде өткен съезден кейін де өз пікірін қайталап отырды. 1926 жылы желтоқсанда Қызыл-Ордада өткен латын әрпіне көшу туралы болған кеңесте баяндама жасап, былай дейді: “...Мен мәселенің ілім мен іс жүзіндегі жағын ала сөйлемекпін. Ең әуелі аңартып өтетін бір нәрсе сол латын әрпін алу деген тіршілік мұқтаж қылғаннан ділгірлік қысып туғызып отырған мәселе емес...”

Түрік жұртының 90%-ы баяғыдан бері араб әрпін пайдаланып келеді. Әрқайсысының арап әрпімен жасалған хат мәдениеті бар (хат мәдениеті-сауаттылық, оның жүзіндегі өнер-білім, ілім, емле, үйрету әдісі, баспа әдістері, баспа мамандары, жазба мамандары, жазылған, басылған барша сөздер т.б.). Хат мәдениеті бар халыққа бір әріпті тастап, екінші әріпті ала қою оңай жұмыс емес... Артық тұрған қаржы керек, артық тұрған адамның күші, ісі керек. Мұндай екі шығын екі жұмысты көтергендей қаржы мен қайрат қазақ түгіл, түріктің қай жұртында да жоқ...

Он шақты күнде, он шақты миллион қаржымен біте қоятын жұмыс емес. Әріп алмастыру деген ел жағынан да, елдің шаруасы жағынан да ауырлығы зор мәселе екендігін еске ала отырып шешетін нәрсе дей келіп”, екі алфавитті 6 түрлі қырынан салыстырады да араб алфавитін қолайлы деп табады.

Бірақ, кеңес заманында ұлттық мүддеден идеологиялық қажеттілік басым тұрғанда А. Байтұрсыновтың қалай дәлелдеп бақса да ой-пікірі өтпейтін еді. Солай болды да. 1928 жылы өткен ҚазАССР Орталық атқару комитетінің IV сессиясында қазақтың жаңа алфавитін 1931ж. енгізу туралы қаулы қабылданды.

Ахмет Байтұрсынов мемлекеттік басқару істерінде жүрсе де, ғылыми жұмыстармен айналысса да, оқытушылық-ұстаздық қызметтен қол үзбеген. Ол 1921-1928 жылдары Орынбордағы Қазақтың халық ағарту институты (КИНО-Казахский институт народного образования) деп аталатын оқу орнында, 1926-1929 жылдары Ташкенттегі Қазақ педагогика институтында қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді. 1928 жылдың қыркүйегінде Алматыда Қазақ мемлекеттік университеті ашылады.

1920 жылы маусым айында Қырғыз революциялық комитеті Халық ағарту бөлімінің, сол жылдың қыркүйегінде Кирревкомның өлкеде сауатсыздықты жою жөніндегі шаралар туралы

нұсқауы мен бұйрығы шықты. Көп кешікпей сауатсыздықпен күрес жүргізу жөнінде төтенше комиссиялар құрыла бастады. Бірнеше айдың ішінде Қостанай губерниясының төтенше комиссиясы 347 мектеп, Орал губграмчөкі 328 бастауыш саужой мектебін ашты. Оларда 653 саужой қызметкері 15 мыңнан астам адамды оқытты. Қостанайда сауатсыздықты жою күні өтті, оған барлық топтар мен драма үйірмелері жұмылдырылды. Осы және басқа да іс-шаралардың арқасында 1920-1921 оқу жылы республика бойынша 72,0 мың адам оқу мен жазуды үйренді.

Алайда кейінгі жылдары хат танығандар саны күрт түсіп кетті. «Себебі- аштық, делінген 1922 жылы 8 шілдеде жазылған ресми құжаттардың бірінде, бірде-бір саужойлық қызметкер атқарған жұмысына не көк тиын ақы, не азық-түлік паегін алмады». Тек қана 1924-1925 оқу жылында саужой жұмысының өрлеуі байқалды. Оған аштықты жеңу мен шаруашылықтағы табыстар ғана емес, 1924 жылдың басында «Сауатсыздық жойылсын» Бүкілодақтық қоғамының қазақ бөлімшесін құру да себеп болды. Қоғам сауатсыздықты жою «біркүндіктерін», «үшкүндіктерін», «айлықтарын», ұйымдастырды, кең көлемде түсіндіру жұмыстарын жүргізді (Москва, 1971, 408).

1925 жылы «сауатсыздық жойылсан» қоғамының мүшелері 40 мың адамнан асты, олардың тікелей қатысуымен сауатсыздықты жоюдың 110-ға жуық пункті ашылды. Әйелдер арасындағы жұмысқа зор назар аударылды. Біртіндеп хат танығандардың саны өсті. Егер 1922-1923 оқу жылында әліпбилік сауатты 4,1 мың адам меңгерді. Республика халқының сауаттылық деңгейі 1920 жылға 14,4 пайыздан 1926 жылы 25,2 пайызға дейін көтерілді (Сулейменов, Бисенов, 1967, 108). Жастар мен комсомолдар сауатсыздықпен күрестің белсенді қатысушылары болды. Олардың бастамасы бойынша 1928 жылы мәдени жорық басталды, оның негізгі міндеті сауатсыздықты, ішімдікке салынуды жеңіп шығу, тұрмыс мәдениетін нығайту болып жарияланды. 1930 жылы мәдени жорыққа комсомол мәдени армияшылар қатысты. Республика комсомолы соғысқа дейінгі бесжылдықтар ішінде саужой жұмысына өз қатарынан 65 мың адам бөлді (Жаманбаев, 1970, 41). 30 жылдардың екінші жартысында тұрғындары жаппай сауатты алғашқы кәсіпорындар, ұжымшарлар мен аудандар пайда болды. Түркісіб, Балқаш мыс қорыту комбинаты Шымкент қорғасын зауыты, Қарағанды көмір бассейні сияқты индустрия алыптарының жұмысшылары оқуды да, жазуды да үйренді. 1937 жылы іс жүзінде республиканың барлық комсомолы сауаттанды. Әліпбилік сауаттылық проблемаларын ойдағыдай шешуге халықтың білімге деген орасан зор құлшынысы көмектесті. Қарапайым еңбекшілер мектептер мен саужой пунктерінің құрылысына, оларды оқулықтармен, оқу-әдістемелік әдебиетпен, жазу құралдары мен қамтамасыз етуге қол ұшын берді. Саужой науқанының барысы мерзімді баспасөз беттерінде кеңінен жазылды. 1939 жылы 50 жасқа дейінгі Қазақстан халқының сауаттылығы 83,6 пайызды құрады. Қараңғылықтың толық жойылуына Ұлы Отан соғысы кедергі болды. Халықтың жаппай сауатсыздығын жою қоғамның барлық өмірін мемлекеттендіру, мәдениет пен жеке адамға саяси-идеологиялық өктемдікті орнату жағдайында өтті. Мәселен, 20-жылдардың соңында қазақ жазуы араб графикасынан латыншаға, ал он жылдан кейін латыншадан қазіргі кириллицаға ауыстырылды. Нәтижесінде бір адам амалсыздан бастауыш сауатын үш рет ашуына тура келді. Әрине, мұндай жүктемеге әркімнің шыдам күші жете бермейді. Латын графикасына ауысу асқан қажеттілік емес екенін кезінде А. Байтұрсынов дәлелдеген болатын. Алайда тоталитарлық режим маманның жанайқайын тыңдауды қажет деп есептемеді. Мұның сыртында 1931-1933 жылдардағы алапат аштық бүкіл саужой жұмысының шырқын бұзды. Тұтастай алғанда, Ұлы Отан соғысына дейін хат танымайтын 3-млн-ға жуық жанның әліпбилік сауатын ашу, іркілістер мен саяси науқаншылыққа қарамастан, Қазақстандағы жаңа мәдениет құрылысының оң нәтижелерінің бірі болып табылады. Сауатсыз адамды оқуға және жазуға үйрету ұзақ іс емес, бар болғаны бірнеше айды қажет етеді. Ол Қазақстан жағдайында тым созылып кетті. Өйткені, біріншіден, сауатсыздар мейлінше көп болды, екіншіден, соғыс, аштық, педагогикалық кадрлардың жетіспеуі, құралдардың, оқулықтардың тапшылығы, асығыс жасалған әліпби реформалары сияқты себептермен бірнеше рет үзіліп қалды. Сауатсыздықты жою жұмысының табысы көп жағдайда көпшіліктің бастамасы және ынта-жігерімен анықталды. Социализм құру тұсында мектеп ісін ұйымдастыру да өзгеше көзқарас пен ұстанымдарды талап етті. Жалпы, нақ мектеп білімі бойынша большевиктердің тыңғылықты бағдарламасы болды. К. Цеткиннің айтуынша «халыққа білім беру революцияны, ал революция халыққа білім беруді» білдірді.

Мектептік білім берудің жаңа жүйесін құру ең алдымен салаға мемлекеттік басқарудың бұрынғы құрылымы өзгеруден басталады. Кеңестер мен олардың халыққа білім беру бөлімдері кезінде халық училищелерінің инспекциясы атқарған

функцияларды өздеріне алады, дін басылар тәрбте мен білім беру ісіне араласу құқығына айрылды. «Бірыңғай еңбек мектебі туралы» БОАК-нің 1918 жылғы 16 қазандағы Ережесіне сәйкес бұрынғы бастауыш училищелердің, гимназиялардың, реалдық учелешелердің және басқа да оқу орындарының орынына 2 сатыдан тұратын бірыңғай еңбек мектебі бекітіледі; біріншісі, 8-ден 13 жасқа дейінгі балаларға арналса екіншісі, 13-тен 17 жасқа дейінгі балаларды қамтыды. «Аз ұлттар иектебі туралы» 1818 жылғы 31 қазандағы қаулысымен Халық ағарту комиссарнаты «Россия Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасында тұратын барлық ұлттар бірыңғай еңбек мектебі мен жоғары мектептің екі сатысында да өзінің ана тілінде оқытуды ұйымдастыру құқығын пайдаланады» деп жариялады.

Мектепте білім беру мәселелері өлкеде 1917 жылдың соңында 1918 жылдың басында өткен Кеңстердің барлық деңгейдегі съездерінде талқыланды. Бұл жұмыс азамат соғысы мен шетел интервенциясы жағдайында да жалғасты. Қабылданған шаралар балаларды оқумен қамтуды біраз жақсартуға мүмкіндік берді. 1914/15 оқу жылында 2011 мектеп жұмыс істеп тұрса 1920/21 оқу жылында республикада 2410 мектеп болды. Негізінен 1-ші сатының мектептері ашылды. Оқушылардың саны артты. Қиыншылықтар да аз емес еді. Мәселен, ЖЭС жылдары мектептерді ұстау жергілікті бюджетке берілгендіктен бастауыш сынып оқушыларының саны 1921-1922 оқу жылындағы 172 мыңнан 1922-1923 оқу жылында 114 мыңға дейін, 1923-1924 оқу жылында 138 мыңға дейін кеміді. 1924-1925 оқу жылы мектеп жасындағы қазақ балаларының 12 пайызы ғана бірінші саты мектептерімен қамтылды [15,280-281-б]. Проблеманы көшпелі және жартылай көшпелі негізгі типтік мектеп мекемесі боп жарияланған және «орасан зор кеңістікте шашырай орналасқан ауылдар мен қыстақтарда тұратын қазақ кедейінің балаларына мектеп оқуын жатақханамен қосу арқылы коммунистік бағытты білім мен тәрбие алуға мүмкіншілік беруге тиіс» коммуна мектебін құру да шешкен жоқ. Мектептегі білімді дамыту қажетті материалдық-техникалық базаның жоқ болуымен және мұғалім кадрлардың жетіспеушілігімен тежелді. Ақмола губерниясынан келген құжаттардың бірінде «Мектептер ауылдық жерде ыңғайлы ғимаратты жиі таппайды, төбесінде тесігі бар және ешқандай жиһазы мен оқу құралдары жоқ аянышты жеке меншік тоқал үйлерде қысылысады,.....мұғалім ретінде бұрынғы діни мұғалімдер мен сауаты шамалы азаматтардың шақырылуы жиі болып тұратын жағдай» деп айтылған. 20-жылдардың соңына қарай мектепте білім беру жеткілікті шешілмеген күйде қалғаны бадырайып көзге түсті. Ол халық шаруашылығын индустриализациялау қисынына қарама-қайшы келді жаппай сауатсыздықты жою ісіндегі азды-көпті нәтижені жоққа шығарды, сауат ашуды меңгермеген жастар еңбектің индустриалды салаларына кіре алмады. Мәселен, 1929 жылы мектеп жасындағы балалардың тек 40 пайызы бірінші сатының мектептеріне барды. Ең төмен көрсеткіш қазақ және өзбек балаларында - 21 пайыз, тараншы және дүнган балаларында тиісінше 34 және 33 пайыз, орыстарда -60 пайыз татар балаларында - 65 пайыз байқалды. Шұғыл шараларды қабылдау қажеттігі туды.

1930 жылы 27 тамызда жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқуды республикада енгізу туралы Қазақстан ОАК мен Халком кеңесінің қаулысы жарияланды. Көшпелі халқы бар аудандарда жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқуды 8-жастағы балалар үшін 1931 жылдың көктемінен бастау көзделді. Бастауыш мектеп жасынан асып кеткен 11-ден 15 жас аралығындағы балаларды оқыту жеделдетілген түрде, екі жылдық және бір жылдық мектеп-курстар негізінде жүзеге асырылатын болды. Халық комиссарлары кеңесінің жанында жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқу жөніндегі Комитет жұмыс істеді. Осы тақілеттес комитеттер жергілікті жерлерде құрылды. Комсомол жалпыға бірдей бастауыш оқуды қамқорлығына алды, мектеп үйлерін жөндеуді ұйымдастырды, балаларды аяқ киіммен, ертеңгі ыстық аспен қамтамасыз етуді қолға алды. Сенбіліктер мен жексенбіліктер, мәдени күштерді педогогикалық жұмысқа жұмылдыру, жалпыға бірдей оқудың барысын тексеру жөнінде жорықтар өткізілді. Оқулықтар мен әдістемелік әдебиеттер басып шығару ұлғайды. Халыққа білім беру ісіне жұмсалатын қаржы өсті.

30-жылдардың соңына қарай жалпыға бірдей бастауыш оқуды жүзеге асыру ісжүзінде аяқталды. 1937 жылы балаларды бастауыш оқумен қамту деңгейі 96 пайызға жетті. Ұлы Отан соғысы қарсаңында республикада 7,5 мыңнан астам мектеп жұмыс істеді, соның ішінде 5,2 мыңы бастауыш, 1,7 мыңы толық емес орта мектептер еді. Оларда 1 миллионнан астам бала, оның 628 мыңы 1-4 сыныптарда, 372 мыңы 5-7 сыныптарда 62 мыңы 8-10 сыныптарда оқыды. Жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқуға жататын мектеп жасындағы балалардың 98,9 пайызы оқумен қамтылды. Сонымен бірге мектептегі оқу ісіне бірсыпыра ірі кемшіліктерде тән еді. Тотолиторлық режим мектептерді ресми саясаттың сөзін екі етпейтін және идиологияланған ұрпақты тәрбиелеудің құралына айналдырды. Оқулықтардың мазмұны пионер және комсомол ұйымдарының қызметі

оқушылардың сана-сезімі мен мінез-құлығына сталинизмнің догмаларын ұялатты, кеңестік еместің бәрін жеккөрушілік рухында тәрбиеледі, партияның саясаты мен идеологиясын соқыр сеніммен қабылдауға машықтандырды. Алашордашылар немесе «халық жаулары» ретінде жазаланған А. Байтұрсыновтың, С. Асфендияровтың, С. Сейфуллиннің, Х. Досмұхаммедовтың және т.б. кітаптары оқу жоспарынан алынып тасталды. 30-жылдардың басындағы аштық, қазақ ауылдарындағы ойран, зиялы қауымға қарсы ұйымдастырылған қуғын сүргін ұлттық мектептер үшін трагедияға айналды. Тек 1935-1936 оқу жылында алғашқы 11 қазақ баласы толық орта мектепті аяқтады. Келесі оқу жылында олардың саны әрең дегенде 40 адамға жетті. Мұғалімдердің көпшілігі толық емес орта біліммен жұмыс істеді, ол да оқудың сапасын көтермеді. Жыл сайын толық орта емес және орта мектептердегі оқушылардың төрттен бірі күзгі қайта емтихан тапсыруға қалдырылды. «Кадрлар бәрін шешеді» ұранды науқанның қызған кезінде мектептегі білім берудің функционалдық міндеті сынаржақ түсіндірілді. Мәселен, БКП Қазақ өлкелік комитетінің пленумы «Мектеп туралы» қарарында «қазақ мектебін нығайту және дамыту жөніндегі барлық жұмыс таяудағы екі-үш жылда техникумдар мен жоғары оқу орындарына қазақ контингенті мен қазақ орта мектебін бітіріп шыққандарға қажеттілігі қазіргі уақытта орын алып отырған айырмашылықты жою мақсатына бағынышты болу керек» деп ерекше атап көрсетті.

Ұлы Отан соғысы жылдары мектеп құрылысының проблемалары мен қиыншылықтары барынша шиеленісті. Жоғарғы сынып оқушыларының бір бөлігі Қызыл Армияның қатарына шақырылды немесе оқуды тастап, майданға кеткен әкелері мен ағаларын жұмыс орнында алмастырды. 1943/44 оқу жылында орта мектептегі оқушы-қазақтардың саны соғыстың алдындағы жылмен салыстырғанда 2 есеге жуық қысқарды. Мектептерді оқулықтармен, оқу құралдарымен, дәптер және басқа да керекті жабдықтармен қамтамасыз ету нашарлады. Балалардың қаңғыбастығы мен панасыздығы кеңінен етек жайды. Соғыс мектеп мұғалімдерінің материалдық жағдайын нашарлатты. Қазақстанның кеңестік мектебін жасақтау революцияға дейін қалыптасқан болар-болмас негіз бен алғышарттарды ішінара пайдалану арқасында жүрсе, жоғары білім ісінде тырнақ іліктіріп мұндай мүмкіндік болмады. Патша заманынан қалған мардымсыз педогогикалық, ауыл шаруашылық және медициналық орта оқу орындары өлкенің мамандарға сұранысын мүлдем қанағаттандыра алмады. Сондықтан кәсіптік оқу орындарын ұйымдастыруға большевиктер қабылданған нақты іс шаралар жергілікті халықтың көңіл қалауына дөп келді және Қазақстандағы жаңа режимнің нығайуына қолайлы жағдай туғызған факторларды күшейтті. 1918 жылы наурыз айында Верный қаласында жұмысшы, солдат, шаруа депутаттарының Жетісу облыстық кеңесінің қаулысымен бар болғаны 22 адамы бар Жетісу ауыл шаруашылық училищесі ашылды. Біраз уақыттан кейін Жетісу облыстық Білім Комиссариаты Верный қаласындағы мұсылман мұғалімдер семинариясын 1918 жылы 10 қарашада ашуға дайындықтың аяқталғаны туралы хабарлады. Училишенің құрылымында екі дайындық бір негізгі сынып құру көзделді. «Неғұрлым мұқтаж 60 оқушыға степендия берілетін болады» деп көрсетілді хабарламада. 1919 және 1920 жылдары Орынборда, Ордада, және Семейде халық ағарту институттары шаңырақ көтерді. Мұнда орта арнайы білімді мұғалім кадрлары дайындалды. Кәсіптік оқу орындарында оқығысы келетіндер жеткілікті еді. 1919 жылы қазақ жастарының бір тобы Қырғыз революциялық комитетіне өздерін Орынбордың үш жылдық мұсылман мұғалімдер курсының степендиаттары мен тағайындау жөнінде өтініш білдірді. Қырғыз революциялық комитеті оң шешім шығарды және өз мүшелерінің бірі С. Мендешевке мұғалімдер курсының жағдайымен танысуды» тапсырды.

Кәсіптік оқу орындары желісінің кеңеюі барысында жалпы біліми дайындығы әлсіз жергілікті жастардың жоғары оқу орындары мен техникумдарға арналған бағдарламаны меңгеруге шамасы келмейтіні анық байқалды. Студенттердің осы санаты үшін жұмысшы факультеттері ашылды. Қазақстанда тұңғыш жұмысшы факультеті 1921 жылы Орынборда құрылды. Кеңес өкіметінің алғашқы он жылдығының соңына қарай республикада маман кадрларды 24 техникум дайындады, соның ішінде 14-і педогогикалық және 7-і ауыл шаруашылық мамандығы бойынша еді. Бұлардағы 3,5 мың оқушының 37,8 пайызы қазақ жастары болды.

Кәсіптік оқу орындарын ұйымдастыру ісінде жинақталған тәжірибе, сондай-ақ экономика мен мәдениеттің маман кадрларға сұранысының өсуі толыққанды жоғары оқу орнын ашуды мейлінше талап етті. 1928 жылы 10 маусымда Халық комиссарлар кеңесі педогогикалық ауылшаруашылық және медициналық үш факультеті бар Қазақ мемлекеттік университетін ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдады. Университет жалғыз ғана педагогикалық, факультетпен 1928 жылғы қазан айында ашылды. Факультеттің үш бөлімшесінде 124 студент оқыды және 9 оқытушы жұмыс істеді. Басқа екі факультет үшін педогогтар мен студенттерді жинаудың сәті

түспеді. Сондықтан 1930\31 оқу жылында университетті Қазақ педагогикалық институты етіп қайта ұйымдастыруға тура келді. Көп кешікпей Алматы малдәрігерлік 1929 ж., Қазақ ауыл шаруашылық 1931 ж., Орал педагогикалық 1932 ж. институттарының ашылуы болды. 1934 жылы 19 қаңтарда Қазақ мемлекеттік университетінің физика-математика және биология факультетт ерінде тұрақты сабақтар басталды. 54 студентке дәрісті 5 профессор 10 доцент оқыды.

Республикада соғыс қарсаңында 20 жоғары және 118 орта арнайы оқу орындары бар еді, ал оларда 40 мыңнан астам студент оқыды (Назарбаева, Әбжанов, 2004,84). 12 жұмысшы факультетінде 2,8 мың адам жоғары оқу орындарына түсу үшін дайындалып жатты. Маман даярлап шығару да өсті. Егер 1931 жылдың аяғында ҚазПИ-ді бітірген алғашқы 53 түлек жоғары білімі жайлы білім алса, екінші бесжылдықтың соңына дейін осы жоғары оқу орнының қабырғасынан 500-ден астам білікті маман өсіп шықты, Кәсіптік оқу орындары өнеркәсіппен құрылыс, көлік пен байланыс, ауыл шаруашылық, денсаулық сақтау, білім беру мен өнер үшін мамандар даярлай бастады. Тек қана 5 жыл ішінде 1936-1940 жж. жоғарғы оқу орындары мен техникумдары 24 мыңнан астам маманды халық шаруашылығына аттандырды.

Алайда ұсыныстан сұраныс басым еді. Білікті мамандардың тапшылығы барлық жерде материалдық өндіріс салаларында да, әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымда да сақтала берді. Сондықтан Қазақстанға жыл сайын Москвадан, Украинадан, Өзбекстаннан және басқа да республикалардан жас мамандар жіберілді. Жоғары мектептің ең өткір және шешілмеген проблемасы профессор-оқытушылар мен студенттер құрамында қазақтардың баяу өсуі алаңдатпай тұрмады. Жоғары оқу орындары мен техникумдары көптеген қызметкерлері Сталиннің жеке басына табынудың құрбаны болды. Соғыс жоғары мектептің қалыпты тіршілігін өзгертті. Россия мен Украинаның бірнеше жоғары оқу орындары эвакуациямен Қазақстанға келді, Қазақ тау-кен және ауыл шаруашылық институттарының, Қазақ мемлекеттік университетінің құрылымы жаңа бөлімшелер, факультеттер, кафедралар мен зертханалар ашу есебінен кеңейтілді. Оқу тәрбие процесі соғыс уақытың талаптарына сәйкес қайта құрылды. Қазақстанға көрнекті ғалымдардың үлкен тобының келуі республиканың ғылыми әлеуетінің нығаюына қолайлы жағдай туғызды, олардың басшылығымен 130 кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. Соғыс жылдары Алматы шет тілдер институты Шымкент құрылыс материалдарының технологиясы институты, Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік консерваториясы, Қазақ мемлекеттік дене тәрбиесі институты ашылды. Соғыстың соңғы жылдарында бірнеше жоғару оқу орындарының, әсіресе техникалық және ауыл шаруашылық жоғары оқу орындарының, әсіресе техникалық және ауыл шаруашылық жоғары оқу орындарының кейбір санаттарының білікті мамандары мен студенттерін Армия қатарына шақыру шектелді, уақытша жабылған жоғары оқу орындары – негізінен мұғалімдер институттары қалпына келтірілді. 1945 жылы республиканың жоғары және орта арнаулы оқу-орындарында 45 мың адам оқыды. Қорыта айтқанда, Кеңес өкіметінің ширек ғасыры ішінде Қазақстанда халыққа білім берудің жаңа жүйесі қалыптасты. Саны және халықты қамтуы бойынша республиканың оқу-орындары ревлюцияға дейінгі кезеңнің көрсеткіштерін бірнеше есе басып озды.

Қорытынды

Халық ағарту ісінің жетістіктеріне мектепке дейінгі және мектептен тыс мекеме желілерін, кәсіптік-техникалық мектептерді, ФЗУ мектептерін, фабрика зауыт жеті жылдықтарын құруды да жатқызуға болады. Большевиктер білім беру проблемасын бірсыдырға шешті, алайда үрдістің маңызды жағын жойдасыз саясаттандырып жіберді. Тәрбие мен оқудың басына олар партиялық таптық принципті қойды. Халықтың педагогикалық жетістіктері мен талап-тілектері ұлттық мектеп тіршілігінен алыс қалды. Қазақстандағы жоғары оқу орындарына әлемдік озық тәжірибе жете бермеді. Жалпы адамзаттық құндылықтардан оқшаулану білім беру жүйесіндегі оралымдылық пен икемділікті әлсіретті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сембаев И. История развития советской школы в казахи. - Алма-Ата, 1962, 254 б.
2. Өмірбеков Т. Қазақстан статистикалық жинағы. 1936. 173 б.
3. Обидов И. История развития народного образование в СССР. - Москва, 1968.136 б.
4. Культурные строительство в Туркестанской собрание документов и материалов. - Ташкент, 1973, 141 с.
5. Сембаев И. История развития советской школы в казахи. - Алма-Ата, 1962, 254 б.
6. Байтұрсынов А. Таңдамалы шығармалары. - Алматы, 1993, 255 б.
7. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. - Алматы, 1992, 96-97 б
8. Итоги всесоюзной переписи население. - Москва1997, 212 с

9. Қазақстан за 40 лет: Стат. сборник. - Алма-Ата, 1960, 420 б.
10. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. - Алматы, 1994, 408 б.
11. Народное образование, наука и культура СССР. - М, 1971, 22 б.
12. Сулейменов Р.Б., Бисенов Х.И. Социалистической путь культурного прогресса отсталых народов. - Алма-Ата, 1967. 84 б.
13. Жаманбаев К. Высшая школа в Казахстане. - Алматы, 1970, 97 б.
14. Культурное строительство в Казахстане. Т2 - Алма-Ата, 1970. 137 б.
15. Назарбаева Г, Әбжанов Х. Қазақстан: тарих, тұлға, теория. - Алматы: 2004. 344 б.

ӘОЖ 930.009.21

М.Ә. ЖОЛСЕЙТОВА

М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

ЮСУФ АКЧУРАНЫҢ ЖАС ТҮРІКТЕР БИЛІГІ ТҰСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Юсуф Акчура (1876-1935) – ХХ ғасыр басындағы түркі халықтарының саяси өмірінде ерекше рөл атқарған қайраткер. Ол түрік бірлігі идеясының негізін қалаушы тұлғалардың бірінен саналады. Осман империясында ІІ Абдулхамид режиміне қарсылық танытқан Юсуф Акчура биліктің қысымына түсіп, жер аударылды. Жазасын өтеу барысында Францияға қоныс аударып, кейіннен, бірінші орыс революциясы кезінде Ресей империясына келді. Ресей империясындағы түркі тілдес мұсылман халықтарының саяси өміріне белсене атсалысты. Патшалық Ресейде 1907 жылдан кейін реакция басталған сәтте Түркияға оралды. Сол кезде Түркияда жас түріктер билікке келгеннен болатын. Ол жас түріктер билігі тұсында да түркі тілдес халықтарға қызмет жасаудың үлгісін көрсете білді. Мақалада Юсуф Акчураның Ресейден Түркияға оралғаннан кейінгі кезеңдегі, дәлірек айтқанда 1908 жылдан 1919 жылға дейінгі қоғамдық-саяси қызметі талданады.

Түйін сөздер: Ресей империясы, Осман империясы, Жас түріктер, түрікшілдік, Түркия.

М.А. ЖОЛСЕЙТОВА

Южно-Казахстанский государственный университет имени М.О. Ауезова

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЮСУФА АКЧУРИНА В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ МЛАДОТУРОК

Аннотация. В данной статье рассматривается деятельность Юсуфа Акчурина в 1908-1919 гг. Юсуф Акчурин после младотурецкой революции в 1908 году вернулся в Турцию. Издавал журнал «Тюрк юрду» (Турецкий дом), преподавал в Стамбульском университете политическую историю. Статьи Акчуры появлялись в России, в татарских изданиях — в журнале «Шура» («Совет»). В 1915-1916 годах он в составе государственной делегации для выполнения правительственных поручений, связанных с защитой прав тюркских народов России, побывал в Австро-Венгрии, Германии и Швейцарии.

Ключевые слова: Российская империя, Османская империя, младотурки, тюркизм, Турция.

M. ZHOLSEITOVA

M. O. Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

THE ACTIVITIES OF YUSUF AKCHURIN DURING YOUNG TURKS PERIOD

Abstract. Yusuf Akchurin returned to Turkey after Young Turk revolution in 1908. He published the «Türk yurdu» (Turkish House) journal, taught political history at the Istanbul University. The articles of Akchurin were published in Russia, Tatar editions — «Shura» («Board») journal. In 1908-1919 as a member of the State delegation he visited in AustriaHungary, Germany and Switzerland in order to carry out government orders relating to the protection of the rights of the Turkic peoples of Russia.

Keywords: Russian Empire, Ottoman Empire, Young Turks, Turkism, Turkey.

Кіріспе

Татар халқынан шыққан көрнекті қайраткер Юсуф Акчура жастық шағын Осман империясында өткізіп, 1905 жылы Ресей империясына оралған кезде патша өкіметінің қол астында отаршылдық тауқыметін тартқан татар, қазақ, өзбек, әзербайжан секілді т.б. түркі тілдес халықтардың мүддесін қорғауда белсенділік танытқаны тарихи әдебиеттерде кеңінен көрініс тапқан. Алайда қайраткердің жас түріктер билігі тұсында атқарған қызметі, түркі тілдес халықтардың бірлігін насихаттап, осы жолда атқарған ішаралары тиесілі бағасын алалмай келуде. Осы орайда қарстырылып отырған тақырыпты ғылыми сұранысқа негізделген деуге болады.

Талқылау нәтижесі

Қазақтың көрнекті қайраткері Мұстафа Шоқайдың еңбектерінде де Юсуф Акчураның қоғамдық-саяси қызметіне баға берілген. Мұстафа Шоқай эмиграцияда жүріп шығарған «Яш Түркістан» журналының 1935 жылғы санында Жүсіп Акшораның атқарған қызметіне жоғары баға берген мақала жариялады. Ол өз еңбегінде Жүсіп Акшораның Осман империясы түріктері мен Ресей империясындағы түркі халықтарына ортақ тұлға екенін баса көрсетіп, бұл жөнінде мынандай пікір білдіреді. «Тек-төркіні Еділ бойынан шыққан Юсуб бек (Юсуф Акчұра) кең мағыналы түрікшілік қасиеттерді бір бойына жинай білген адам еді. Ол өзінің екінші атамекені Түркияда да ең алдыңғы адамдардың қатарынан орын алды. Юсуб бек қайда жүрсе де Еділ бойындағы атамекенін және түрік екенін ешқашан ұмытқан емес. Бұл күнде түрік дүниесінің көпшілігі ең ауыр және ең қасіретті күндерді бастарынан кешіріп жатқан кезде, Юсуб бектің дәл осы қасиеттері бізге өте-мөте қажет болып тұр» [М. Шоқай, 1998: 450].

Ресей империясында кеңестік билік орнағаннан кейін шет елге эмиграцияға кеткен Зәки Уәлиди Тоғанның естелігінде [З.Валиди, 1994: 410] Юсуф Акчураның XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде атқарған қоғамдық-саяси қызметі түркі халықтарының азаттық жолындағы күресімен ұштастырыла сипатталады. Сонымен қатар Зәки Уәлиди Тоғанның түрік тілінде жарық көрген «Бүгінгі Түрік елі (Түркістан) және оның жаңа тарихы» [А. Zeki Velidi Togan, 1981: 696] атты еңбегінде де Юсуф Акчураның Акшораның Ресей империясындағы түркі тілдес халықтардың мүддесін қорғауға атсалысуы жоғары бағаланады. Юсуф Акчураның жас түріктер билігі тұсындағы Түркияда атқарған қызметі Р.Ф. Мухаметдиновтің [Р. Мухаметдинов, 1996:23] А.Ю. Хабутдиновтің [А. Хабутдинов, 2001: 61], И. Гилязовтің [И. Гилязов, 2002: 40] және А. Темірдің [А. Temir, 1987: 103] еңбектерінде көрініс тапқан. Бірақ бұл еңбектерде Юсуф Акчураның қызметінің қарастырылып отырған кезеңі толық қамтылмаған. Мұның өзі тақырыптың әлі де зерттеле түсу керектігін айғақтайды.

Нәтижесі

Мақалада негізінен Юсуф Акчураның 1908-1919 жылдары аралығында атқарған қызметі талданып, осы жылдар кезінде «Түрік жұрты» журналын шығару бағытындағы іс-шаралары, Ресей империясындағы татар, қазақ, әзербайжан секлді т.б. түркі халықтарының өкілдерімен байланыс орнатуы талданады. Ресей империясындағы түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың да мүддесін қорғау бағытында Юсуф Акчураның атқарған қызметі ашылып көрсетіледі.

Негізгі бөлім

1907 жылғы «3 маусым төңкерісінен» кейін патшалық Ресейде столыпиндік реакцияның қарқын алуымен Юсуф Акчұра Осман империясына кетуге мәжбүр болды. Сол жылы Осман империясында сұлтан II Абдул-Хамидтің режиміне қарсы жас түріктердің ұйымдастыруымен көтерілісі орын алып, оның негізінде конституциялық тәртіпті (конституциялық монархия) орнатуға қол жеткізілген еді. Сұлтанның жеке билігіне тежеу салып, түрік буржуазиясы мен либералды помещиктердің саяси өмірге араласуына жол ашып бергеннен кейін жас түріктердің «Иттихад вә тэррәки» партиясы революция өз міндетін орындады деп санады. Бірақ бұл партияның жүзеге асырған іс-шаралары ескі қоғамдық құрылыстың негізіне күрделі өзгерістер енгізе қоймады. Бұл өз кезегінде ескі тәртіпті жақтаушылардың 1908 жылы шілдедегі реакциясының туындауына алып келді [Ю.Петросян, 2003: 179].

Жас түріктер арасында ауызбіршіліктің болмауы, саяси мәселе төңірегінде түрлі көзқарастың орын алуы елде саяси реформаларды бірден жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Елде конституциялық тәртіпті орнатқаннан кейінгі кезеңде жас түріктер арасындағы қайшылық тереңдей түсіп, оның құрамында екі топ пайда болды. Олардың бір тобы осман империясын децентрализациялауды, яғни ұлттық-діни автонмия идеясын қолдаса, екінші топтағылар орталықтанған билікті қолдап, империядағы халықтарды жаппай түріктендіру идеясын жақтады. Бастапқы кезде Осман империясы парламентінде децентрализация идеясын жақтаушы Сабахеддиннің пікірлестері басымдық танытты. Олар бірнеше саяси топ құрды. Олардың ішінде «Ахрар» (Либералдар) партиясы шешуші рөл атқарды. Осы партияның ұстанған саясаты нәтижесінде түрік парламенті 1909 жылдың сәуір айына дейін ел тағдырына қатысты түбегейлі шешім қабылдай алмады. Мұндай жағдай жас түріктердің халық арасындағы беделінің төмендеуіне алып келді [Г.Алиев, 1972: 401].

Юсуф Акчұра Түркияға оралған кезде жас түріктерге еуропалық державалар тарапынан соққы беріле бастады. Австро-Венгрия империясы Осман империясының иелігі саналған Босния мен Герцоговинаны аннекциялап алды. Түрік үкіметінің бұған қарсы тұруға шамасы келмеді. Оның

үстіне елдегі мұсылман дін басылары жас түріктерді «ұлт пен дінге нұқсан келтірді» деп айыптауларын үдете түсті.

Осындай жағдайды пайдаланған II Абдул-Хамид реакциялық күштердің және «Ахрар» партиясының жетекшілерінің көмегімен елде төңкеріс ұйымдастырып, ескі билікті қалпына келтіру бағытындағы шараларды жүзеге асыра бастады. Бірақ мұндай бүлікті жас түріктердің солшыл қанаты 1909 жылдың 26 сәуірі күні басып тастап, келесі күні II Абдул-Хамидті тақтан бас тарттырып, оны халифтік мәртебесінен айырды. Жас түріктер таққа өздерінің айтқанына көнетін Мехмед V Решидті отырғызды. Осыдан кейін жас түріктер үкімет құрамына сенімді деген өкілдерін енгізді. Жас түріктердің бірқатары өңірлердің билеушісі, елші лауазымдарын иемденіп, «Иттихад вә тәрраки» ұйымының комитеті елді басқарудағы шешуші рөлді иемденді. Мұндай жағдайды Юсуф Акчура өзінің түрікшілдік идеясын жүзеге асыруға қолайлы деп танып, толығымен жас түріктер саясатына қолдаушылық танытты.

Билікке келген жас түріктер елде капиталистік қатынастардың кең қанат жаюына қолайлы жағдай жасау бағытындағы саясатты ұстанды. Алайда Осман империясының еуропалық державаларға жартылай тәуелділігі және ұлттық буржуазияның әлі де жетіле қоймағандығы ұстанған саясаттың тез жүзеге асуына мүмкіндік бермеді.

Жас түріктер басты көңілді мемлекеттік аппаратты, армияны және білім беру саласын реформалауға бөлді. Олар еуропалық державалардың мемлекеттік құрылымын көшіріп алу түрік қоғамын тез арада капиталистік қоғамға айналдырады және елдегі түрік емес халықтардың ұлттық қозғалысын тоқтадады деген пікірде болды [И. Петросян, 1993: 156].

Юсуф Акчура жас түріктер үкіметінің алға қойған міндеттерінің жүзеге асуын барынша көмек көрсетуге талпынды. Ол халық арасында ағартушылық қызмет жүргізуді қолға алды. Оның мұндай ағартушылық қызметінің бір қыры «Түрік жұрты» (Тюрк юрду) журналын шығаруды жүзеге асыруы боды. Бұл журнал 1911 жылдың қараша айынан бастап шыға бастады.

«Түрік жұрты» (Тюрк юрду) журналы мақсаты оның алғашқы санында былайша көрсетілді: «Біздің мақсатымыз – бүкіл түрік әлеміне, түрік қауымдастығына қызмет ету. Түркі халықтарына қолдан келгенше көмек көрсетсек деген міндетті мойнымызға алдық. Журналымыздың беттерінде мақсатымызға жетудің жолын көрсететін материалдар жариялауға біздің біліміміз бен тәжірибеміз жетеді деп үміттенеміз. «Түрік жұрты» журналы төңірегінде танымал зиялы қауым өкілдері топтасты. Олардың қатарында түрік ақыны, қоғам қайраткері Мехмет Эмин Юрдакул, ғалым Мехмет Фуат Кёпрюлю, жазушы Халиде Эдип Адывар, эзбербайжандық интеллигенцияның өкілдері Ахмед Агаев пен Али Гусейнзаде секілді т.б. зиялылар болды.

Татар интеллигенциясының С. Мақсұдов (қосымша И), Ф. Каримов, Г. Исхаки, М. Бигиев, С. Сунчелей, Г. Баттал-Таймас, А. Идриси секілді көрнекті өкілдері журнал редакциясымен тығыз байланыс орнатып, оның беттерінде түркі халықтары тарихының және күнделікті өмірдің өзекті мәселелеріне қатысты мақалалар жариялауға атсалысты.

Журналға материалдық көмек көрсетуде Орынборда тұратын татар меценаты М. Хусаинов дараланды. Ол журнал шығару қолға алынған алғашқы сәтінде-ақ 10 мың сом қаржы бөлді. Ол мұндай қаржыны патшалық Ресей өкіметінің тыңшыларына білдірмей кейінгі кездерде жіберіп отырған. Журнал редакциясы М. Хусаиновқа ризашылық білдіріп, журнал бетінде ол жөнінде материал жариялады. Онда М. Хусаиновтың қайырымдылық жұмысын өнегелі іс екенін атап көрсете отырып, былай деп жазды: «Махмуд бай (Хусаинов) өзінің бауырларымен бірге іс бастап, еңбекқорлықтары мен талпыныстары арқасында бірнеше миллион сомға жететін байлық жинады. Хусаиновтар әулеті ақша табу жағынан және қайырымдылық көрсету жағынан американдық миллионерлерге өте ұқсайды. Мешіттер, мектептер салуға және білім алып жатқан студенттерге, сондай-ақ Ресей мен Түркиядағы қайырымдылық қорларына бөлген ақшасы 1,5 миллион сомды құрайды. Бұл түрік ақшасымен 19 миллион курушқа тең. Махмуд бейдің бауыры Хайруллах хазрет өткен жылы қажылыққа бара жатып, Ыстамбұлға келіп, онда қайырымдылық үшін деп 81000 түрік ақшасымен 81000 куруш қалдырды» [И. Рамеева; 2014: 17].

«Түрік жұрты» журналын шығаруға Юсуф Акчура қаржы табуда өзінің Ресей империясындағы түркі халықтары өкілдерін де кеңінен тарта білді. Сондай-ақ бұл журналдың беттерінде Осман империясындағы жас түріктер үкіметінің жүргізіп отырған саясатын кеңінен насихаттаумен бірге Ресей империясындағы түркі халықтарының әлеуметтік-саяси мәселелерін де көтеруге ерекше мән берді.

Юсуф Акчура жас түріктер үкіметінің жүргізіп отырған саясатын насихаттаумен қатар «Иттихад вә тәрраки» партиясының іс-шараларына да қызу атсалысты. Бұл партияның халық арасында беделінің түспеуіне және оның арасында жікшілдіктің орын алмауына орай көптеген жұмыстар атқарды. Жас түріктердің мұндай әрекеттеріне қарамастан 1911 жылы олардың қарсыластары «Бостандық және келісім» (Хюрриет вә итилаф) партиясын құрып, билікті өз қолдарына алуға ұмтылды.

Халық арасында «Бостандық және келісім» партиясы итлафшылар партиясы деп аталды. Итлафшылар 1912 жылы жас түріктердің өкілдері басымдық ие парламентті таратып жіберуге қол жеткізді. Өз қолдарынан биліктен айырылып қалуға тырысқан жас түріктердің «Иттихад вә тәрраки» партиясы 1913 жылы қаңтарда мемлекеттік төңкеріс жасауға бел буды. «Иттихад вә тәрраки» партиясының жетекшілерінің бірі болып табылатын Энвер бей (Әнуар паша) үкімет үйін әскермен қоршап алып, ондағы жас түріктердің қарсыластарының көзін жойды. Сөйтіп, жас түріктердің билігін қайта нығайтты.

Өздерінің билігін нығайтып алған жас түріктер өздерінің экономикалық саясатын өзгерту жөнінде ұйғарым жасады. Бұл 1913 жылы «Иттихад вә тәрраки» партиясының қабылданған жаңа бағдарламасында көрініс тапты. Онда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамытуда мемлекет белсенді рөл атқаруы керек екені аталып көрсетілді. Осыдан соң «Өнеркәсіпті қолдау туралы» заң қабылданды. Бұл заңның қабылдануын Юсуф Акчура «Түрік жұрты» журналында елдің экономикалық әлеуетін арттыраттыруға бағытталған заң ретінде бағалады.

Расында да, 1913 жылдан бастап жас түріктер үкіметі жүзеге асырған іс-шаралар кәсіпкерліктің, өнеркәсіптің және ауыл шаруашылығын дамытуға тікелей әсерін тигізді. Жас түріктер үкіметі кәсіпкерлерің салық төлемін едәуір азайтты, өнеркәсіп құрылыстарына арнап жер телімдері бөлінді және ауыл шаруашылығына деп несие беру жолға қойылды.

Осман империясының экономикалық әлеуеті жас түріктер үкіметі тұсында жақсар түсті. Бірақ бұл жағдай шетелдермен бәсекеге түсуге мүмкіндік бере қоймады. Жеңіл өнеркәсіп саласының өнімдері еуропалық елдердің нарығына ене алмады.

Жас түріктер Осман империясының тұтастығын сақтап қалуға талпынғанымен түрік емес халықтардың империядан бөлініп шығуға деген талпынысы бәсеңдей қоймады. Шетелдік державалар түрік емес халықтардың мұндай әрекетіне қолдаушылық танытып отырды.

Осман империясы территориясын бөлуге деген шетелдік ірі державаларының талпынысына италияндық билік те қосылды. 1911 жылдың күзінде Италия соғыс ашып, Осман империясының Африка территориясындағы провинциялары – Триполитан және Киренаикты басып алуға алуға кірісті. Осман империясы соғысқа мүлдем дайын емес болып шықты. Гарнизондар әлсіздігінен артиллериямен, тіпті авиациямен жарақтанған италияндық әскерге төтеп бере алмады. Триполитан мен Киренаик провинцияларындағы горнизондарға көмекке әскер жіберу мүмкін емес жағдайда еді. Жерторта теңізі арқылы көмек жіберейін десе италияндықтардың теңіз кемелері мықты болып шықты. Құрлық арқылы әскери көмек аттандырайын десе, Мысырды жаулап алған ағылшындар ол жерден әскер өткізуге келісім бермейді. Осылайша Осман империясынан жырақта қалған екі провинциядағы гарнизондар ғана италияндық әскермен соғысуға мәжбүр болды [Г. Алиев, 1972: с. 405].

Италияндық әскерлерден жеңіліс тауып жатқан шақта Юсуф Акчура Осман империясының әскери теңіз флотын күшейту қажет екені жөнінде идея көтерді. Бірақ мұндай әскери теңіз флотын күшейтуге, яғни жаңа, заманауи әскери кеме жасауға Осман империясының қаржы тапшылығына байланысты мүмкіндігі шектеулі еді. Бұл жағдайды да Юсуф Акчура ескеріп, теңіз флотын күшейтуге халықтан ақша жинау керектігін ұсынды. Осыған орай «Түрік жұрты» журналы халықты әскери теңіз флотын күшейтуге ақша жинауға шақырды.

Юсуф Акчура және «Түрік жұрты» журналы төңірегіне топтасқан зиялы қауым өкілдері әскери теңіз флотына деп қаржы жинау жұмысын бастап кетті. Жиналған қаржыдан бірнеше әскери теңіз кемесі жасалды. осындай қызу жұмыстар жүргізіліп жатқан кезде жас түріктер үкіметі Италиямен келіссөз жүргізіп, Триполитан мен Киренаикты Италияға беруге мәжбүр болды. Бұл 1912 жылы жасалған Лозанна бейбіт келісімі бойынша бекітілді. Италиямен болған соғыс Осман империясының әлсіз екені көрсетіп берді және Болгария, Греция, Сербия, Черногория секілді мемлекеттердің коалиция құрып (Балқан одағы), Осман империясына қарсы шығуына алып келді. Жаңа соғысқа Осман империясының Македония мен Фракияға автонмия бермей қою себеп болды. 1912 жылдың қазан айынан басталған жаңа соғыс Балқан соғысы деген атпен тарихқа енді.

Балқан соғысы басталғанда 350 мың адамнан тұратын әскері өзінен екі есе көп әрі жақсы қаруланған әскерге қарсы тұрды. Балқан одағы бастапқы сәтте-ақ ірі жеңістерге жетті. Болгария әскерінің шабуылын түрік армиясы Ыстамбұл маңында әрең тоқтатты. Түріктерді ірі жеңілістен Балқан одағымен бейбіт келісімге келу құтқарып қалды. Бұл бітімге 1913 жылы 30 мамыр күні Лондонда қол қойылды. Лондон келісімі бойынша Осман империясы еуропалық иеліктерінен толық айырылды. Тек Ыстамбұл маңында ғана, түбектің еуропалық аздаған бөлігі ғана бөлігі осман империясы иелігінде қалды. Бұрын Осман империясына қараған Албания тәуелсіздікке қол жеткізді.

Осман империясынан алынған жерлерді Балқан одағына кірген елдер өзара бөліске салу жаңа жанжал тудырып, жаңа соғыстың тұтануына – екінші Балқан соғысына алып келді. Бұл соғыста Осман империясы Руминиямен бірлесіп, Сербияға, Грецияға және Черногорияға қолдау білдірді.

1913 жылдың маусым және тамыз айларында жүрген екінші Балқан соғысына Юсуф Акчура түрік армиясының офицері ретінде қатысты. Оның соғысқа аттануына байланысты «Түрік жұрты» журналында редакторлық қызметті Эрзерум провинциясының губернаторы болған көрнекті түрік қайраткері Мехмет Эмин атқарды [И. Рамеева; 2014: с. 17].

Қайта тұтанған соғыс Осман империясына ауыр тиді. Теңіз флотының әлсіздігі және армияның нашар қарулануы соғыс қимылдарын жүргізуге мүмкіндік бермеді. Сол кезде Юсуф Акчураның бастамасымен түрік армиясына деп халықтан қаржы жинау жүзеге асырылды. Бұл іс-шараға Ресей империясындағы түрік тілдес халықтар да тартылды.

Зерттеуші С. Рүстемовтің келтірген мәліметтеріне қарағанда, «Юсуф Акчура және «Түрік жұрты» журналы редакциясының бастамасынан соң Ресейдегі мұсылман халықтары, соның ішінде қазақтар да 1913 жылғы Балқан соғысы кезінде Түркияны қолдауға ниет танытты. Мұны патша өкіметі империя аумағына Ыстамбұлдағы ресейлік мұсылман эмигранттардың шығарып жатқан мерзімді басылымдарының таралуымен және жас түріктердің үгіт-насихатының нәтижесімен байланыстырды. Сол кезде Шет діндер департаментінің директоры Ішкі істер министріне жас түріктердің көсемдері Ресейге өздерінің ең білімді әрі белсенді деген тыңшыларын көпестер түрінде жіберуде және оларға тыңшылық қызметті Меккеге қажылық сапарға барып қайтқан мұсылмандар да атқаруда деген мазмұндағы мәлімдеме түсіріп, Еділ-Жайық, Кавказ, Қырым өңірлері мен Түркістан өлкесінде жас түріктердің тыңшыларының болуы империяның тұтастығына нұқсан келтіреді деп билік орындарын мұндай жағдайға жол бермеуге шақырды» [С. Рүстемов, 2005: 67].

«Патшалық Ресей өкіметінің мәліметінше Түркістан генерал-губернаторлығының Ферғана, Жетісу және Сырдария облыстарындағы жергілікті халық өкілдері түріктердің Балқан мемлекеттерімен соғысындағы сәтсіздіктерді Ресейдің балқандық славяндарға көмек жасауынан туындауда деп қабылдап, отарлық билікке деген наразылықтарын күшейте түскен. Оның үстіне аталған облыстардың біріндегі қазақтар арасында мұсылмандардың ынтымақтастығын және патшалық Ресейдің жүргізіп отырған саясатына қарсылық танытуды насихаттау қарқын алған. Осындай ахуал жағдайында Түркістан өлкесі мұсылмандары арасында соғыс қимылдары кезінде жарақат алған түрік жауынгерлерінің пайдасына деп қаражат жинауға шақырған үнпарақтар тарту орын алды. Бұл үнпарақтарда жаралы түрік жауынгерлеріне көмек көрсетушілердің аты-жөні және осы мақсатқа деп бөлген қаражатының көлемі мұсылмандық басылымдардың бірінде жарияланатындығы да мәлімделінді. Екінші Балқан соғысы басталысымен Ресейдегі мұсылман халықтарын бұл соғыстың барысы жайынан хабардар етуді Орынборда шығып тұрған татар тіліндегі «Вақыт» газеті өз мойнына алды, түрік жеріне өзінің тілшісі ретінде, Юсуф Акчурамен тығыз байланыста болған Фатих Каримовты аттандырды. Түріктер жерінде Ф. Каримов «Вақыт» газеті редакциясына соғыс қимылының барысы және түріктердің ахуалы туралы көптеген материалдар жолдады. Бұл материалдар газеттің бетінде жарияланып тұрды. Сол кезде Балқан соғысы жайлы мәліметтермен мұсылман халықтары Түркиядан келетін «Танин» және «Икбал» газеттері арқылы да танысатын. Бұл газеттерді негізінен Қазан университетінде білім алып жатқан татар, башқұрт және қазақ студент жастары алдырып оқитын. Мұндай жағдай Ресейдегі жоғары оқу орындарында оқитын мұсылман студент жастарының Түркияны қолдаған қозғалысына түрткі болды. Петерборда оқитын қазақ, өзбек, татар студенттерінің осындай қозғалысы 1912 жылдың күзінде-ақ бой көрсетті. Осы қозғалыстың қалай өрбігенін сол тұста Санкт-Петербург университетінің заң факультетінде студент болған М. Шоқайдың естелігіндегі мына жолдардан да аңғаруға болады: «Мен Ресейді реакция жайлаған, жоғары оқу орындары, әсіресе, университеттер тікелей полицияның бақылауына алынған 1910-1914 жылдары Петербург университетінде оқып

жүрген болатынын. Жағдайдың сондайлығына қарамастан, біз, студенттер, саяси бой көрсетулерге шығатынбыз. Үкіметке қарсы шешімдер қабылдап, көшелерде демонстрациялар жасайтынбыз. Балқан соғысы Петербург студенттері қозғалысын қыздыра түсті. Осы кезде Ресей бейтарап болатын. Алайда ол бейтараптығына қарамастан Түркияға қарсы тұрып, Балқан славяндарына ашықтыан-ашық жәрдем беретін. Петербург көшелерінде «Аясофия үстіне крест» қоюды талап еткен ереуілдер өтіп жатқан. Міне, осылардың бәрі бізді, студенттерді, қатты толқытты. Орыс курстастарымыздың төңкерісшілдіктеріне қарамастан, біз олармен ылғи да бірге шыға алмайтынбыз. Дегенмен біз – орыс және орыс емес студенттер – бірлікте университет ауласында Балқан славяндарына жәрдем жинаушыларға кедергі жасайтынбыз. ... Бұларға қосымша тағы бірдемелер істеуді ойластырдық. Ол үшін біз – эзери, татар және түркістандық студенттер, орыстардан бөлініп, өзімізше әрекет жасамақ болдық» [М. Шоқай, 1998: 69].

Юсуф Акчураның үндеуінің әсерімен Ресейдің түркі халықтары, сондай-ақ қазақтар да түріктерге көмек көрсетуге талпынысын арттыра түсті. «Орынбор жандармериясы басқармасының мәліметінше, Ф. Каримов Түркияға аттанардан алдын Орынбор өңірінде тұратын мұсылмандардан 50 мың сом жинап, кейіннен бұл қаражатты түрік армиясына көмек ретінде тапсырған Балқан соғысы барысында жарақат алған түрік жауынгерлеріне және әлсіздік танытқан түрік флотына көмекке деп қаражат жинастыру Ресейдегі Орынбор өңірі мұсылмандары арасында ғана емес, өзге де өңірлерде етек алған еді. Мәселен, Ялта мұсылмандары 20 мың сом, Кавказ мұсылмандары 150 мың сом, Қоқан қаласының тұрғындары 23 мың сом қаражатты Түркияға жіберсе, Мәскеуде тұратын мұсылмандар 400 мың сом жинап жіберуді көздеген. Сырдария облысына қарасты Созақтағы қазақтар Түркия үшін деп 40 мың сом жинаған. Верный қаласы мен оның төңірегіндегі мұсылмандар атынан Түркияға көмекке делініп 10 мың сом жіберілген. Түркі тілдес мұсылман халықтары Балқан соғысы тұсында түріктерге тек қаражат жинау арқылы ғана жәрдем көрсетумен шектеліп қалған жоқ. Түркияда білім алып жатқан ресейлік мұсылман халықтарының өкілдері, соның ішінде қазақ студенттері де түрік армиясының госпитальдарында жаралыларға көмек берді».

«Ресей империясындағы жандармерия түркі тілдес мұсылман халықтарының Юсуф Акчураның үндеуінен кейін түрік армиясына қаржы жинау әрекетін жас түріктердің «панисламизм» идеясын таратуымен байланыстырды. Осыған орай империя аумағында түрлі іс-шараларға деп халық тарапынан қаражат жинау үшін губерниялық билік орындарынан рұқсат алынуы тиіс деген тапсырма берілді. Сонымен қатар Осман империясының азаматтарын Ресей аумағына енгенде қатаң бақылауға алу тапсырылды». Балқан соғысы кезінде түрік армиясына деген қолдаушылық жеңістер ала келді. Бұл жеңісте халық қолдаушылығын ұйымдастырған Юсуф Акчураның да еңбегі бар еді. Бухарест келісімі бойынша Осман империясына Шығыс Фракия мен Эдирне қайтарылды.

Италиямен болған соғыс және Балқан соғыстары «османшылдық» идеясының жүзеге аспайтынын, яғни империядағы өзге ұлттар өз тәуелсіздігіне ұмтылатынын көрсетіп берді. Ендігі жерде жас түріктер ұлттық мәселеге көзқарасын өзгертіп, Юсуф Акчураның түрікшілдік идеясын басшылыққа алу керектігін сезінді. Бұл шара әскери министр Энвер паша, ішкі істер министрі Талаат паша және теңіз істері министрі Жамал паша бастаған топтың қолына империядағы билік шоғырландырылғаннан кейін қолға алынды.

Балқан соғысынан кейін Юсуф Акчура «Түрік жұрты» журналына қайта оралып, редакторлық қызметін жалғастырды. Мұнымен қоса Ресей империясындағы түркі тілдес мұсылман халықтарының мүддесін қорғау бағытындағы әрекеттер жүргізді. Ол IV Мемлекеттік думадағы Мұсылман фракциясымен байланыс жасай отырып, ондағы түркі тілдес мұсылман халықтарының жағдайын біліп отырды. IV Мемлекеттік думадағы Мұсылман фракциясы Юсуф Акчураға отаршылдық тауқыметін тартып жатқан халықтың саяси-әлеуметтік өміріне қатысты материалдарды жасырын түрде жолдап тұрды [С. Шілдебай, 2002: 83].

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде құрамында Юсуф Акчура да бар жас түріктер Германияны ашық қолдаудан тартынды. Антанта елдері де Түркияның нейтралитетте болуын қалаған еді. Бірақ соғыстың бастапқы кезінде Германия Түркияға әскери көмек көрсетуді қолға алып, екі крейсер беріп, түрік флотын нығайтты. Осыдан кейін әскери министр Энвер-паша Германияны ашық қолдау саясатын ұстанды. 1914 жылы 29 қазанда түрік флоты германдық флотпен бірлесіп, Қара теңізде Ресейге қарсы соғыс қимылдарын жүргізе бастады. Сөйтіп бірінші дүниежүзілік соғыста Антантаға қарсы қимылдар жүргізуші ел ретінде танылып, соғысқа кірісті.

Юсуф Акчура бірінші дүниежүзілік соғыс барысында да Ресей империясындағы түркі тілдес халықтардың мүддесін қорғаудың жолдарын қарастырды. Оның бұл жолдағы әрекеті 1915 жылы көрінісініс берген еді. Бұл жайлы А.Ш. Махаева былай деп жазады: «1915 жылы 8 желтоқсан

күні Петроград телеграф агенттігі Венаға бір топ делегация келіп, Ресей империясы қол астында отарлық бұғаудың тауқыметін тартқан түркі-мұсылман халықтарының азаттығын талап етіп жатқандығы жайлы хабар таратты. Бұл хабар әрине, патшалық Ресейдегі билік орындарын дүр сілкіндірмей қоймады.

Петроград телеграф агенттігі таратқан хабарға қарағанда, құрамында Осман империясында шығып тұрған «Түрік жұрты» журналының редакторы Юсуф Акчура, Ыстамбұл университетінің профессорлары Али-бек Гусейнзаде мен Мұхаммед Еселибзаде және Муким-эд-дин Бейдаш бар делегация Австро-Венгрия империясының сыртқы істер министрі граф Форгачқа және Австро-Венгрия монархиясының құрамдас бөлігі саналатын Цислейтанияның министр-президент лауазымындағы граф Штюргке мынандай мазмұндағы өздерінің талаптарын тапсырған:

«1) Бұхар әмірлігі мен Хиуа хандығын орыс үстемдігінен азат етіп, оларға Түркістан өлкесін қосу.

2) Қазақтарға әкімшілік-саяси тәуелсіздік беру.

3) Қазан және Қырым хандықтарын қалпына келтіріп, оларды түрік сұлтанының қамқорлығына өткізу.

4) Еділ өзені мен Каспий теңізін бейтарап өңір ретінде тану».

Бірінші дүниежүзілік соғыс өрши түсіп, 1915 жылы Шығыс майданда, Карпатта австрия-венгрлік әскермен Ресей әскерлері қанды шайқас жүріп жатқан шақта орыс бодандығындағы түркі тектес халықтардың азаттығын талап еткен мәлімдеменің тапсырылуы паташылық Ресей үшін қауіпті еді. Патша өкіметі мұндай талап елдегі жағдайды ушықтыра түсуі мүмкін деп сезіктенді. Тіпті, әлгіндей мәлімдеменің өзінің қарсыласы Австро-Венгрияға білдірілуіне елдегі түркі халықтары өкілдерінің де қатысы болуы ықтимал деп санады. Осыған орай елдегі түркі халықтарының бас көтерер азаматтарын және мерзімді басылымдарын қатаң қадағалауға алды.

Еуропадағы ең мықты дипломаттардың бірінен саналған Австро-Венгрия империясының сыртқы істер министрі граф Форгачқа тапсырылған мәлімдемеде қазақтардың тәуелсіздік алуының талап етілуіне отарлық билік орындары «Қазақ» газетінің қатысы болуы мүмкін деп күдіктенді. Сол себепті Орынбор жандармерия басқармасы «Қазақ» газетінен осы мәлімдемеге орай түсініктеме алды. «Қазақ» газеті редакциясы өз түсініктемесінде Венаға барған делегация жөнінен бейхабар екенін және бұған газет ұжымының қатысы жоқ екенін атап көрсетті.

Ресей империясында отарлық билік орындары дүрлігіп жатқан тұста, 1915 жылдың 12 желтоқсан күні Юсуф Акчура бастаған делегация Будапештке келіп, Венгрияның министр-президенті граф Тиссеге жолығып, оған да жоғарыдағыдай мазмұндағы мәлімдеме тапсырды. Сонымен қатар граф Тиссеге бірінші дүниежүзілік соғыс бейбіт келісімге келіп аяқтала қалғандай жағдайда Ресей империясындағы түркі халықтарының, соның ішінде империяда 6 миллион адамды құрайтын қазақтардың да азаттыққа қол жеткізуін назардан тыс қалдырмау жайлы өтініш білдірді.

Польша баспасөз агенттігінің 1916 жылы 11 қаңтар күні таратқан ақпаратында Юсуф Акчура бастаған топты Вена қаласы басшысы Вейскирхнен жылы қабылдап, олар әкелген Ресейдегі түркі халықтарының азаттығын талап еткен меморандум көшірмесін Польшаның Жоғарғы ұлттық комитетіне жіберуге өз септігін тигізгені айтылады. Мұның өзі аталған делегацияның қазақтар секілді отарлық езгідегі халықтардың мүддесін қорғауда белсене әрекет еткенін аңғартса керек.

Юсуф Акчура бастаған делегация Ресейдегі түркі халықтарының азаттығына шет елдер, соның ішінде батыстық державалар ықпал ете алады деген сенім де болды. Олардың осы бағытта атқарған іс-шараларын сол уақытта ары қарай жалғастырушылар да бой көрсетпей қалмады. Мәселен, Ресейден бірінші орыс революциясынан кейін Осман империясына эмиграцияға кеткен татар халқының көрнекті қайракері, кезінде қазақтың алғашқы басылымдарының бірі «Серке» газетін шығаруға өз септігін тигізген Әбдірашид Ибраһим де түркі халықтарының азаттығына Америка Құрама Штаттары әсер етуі мүмкін деп есептеді. Ол осы себепті де 1916 жылы 9 мамыр күні Америка Құрама Штаттарының Президенті Вудро Вильсонның атына Ресейдегі барлық орыс емес халықтарды патша өкіметінің қысымынан қорғауды өтінген жеделхат жолдады. Әбдурашид Ибраһимнің Вудро Вильсонға жолдаған жеделхатындағы түркі халықтарына қатысты талап-тілектер Юсуф Акчура бастаған делегацияның талап-тілектерімен үндесіп жатты. Осыған орай патшалық Ресейдің Полиция департаменті түркі халықтарының азаттық мәселесінің шет елдердің алдына қойылуын көп жағдайда Юсуф Акчура есімімен байланыстырып, оның іс-әрекеттерін аңдыуға, империядағы түркі зиялыларымен байланысын айқындауға күш салды. Сонымен қатар Юсуф Акчураның Ресейдегі түркі тілдес халықтардың мүддесін қорғаудағы әрекетін

«пантүрікшілдіктің» көрінісі ретінде бағалау және оның осы бағыттағы әрекеттерін Германия мен Осман империясының Ресейге қарсы бағытталған жымысқы әрекетінің нәтижесі ретінде сипаттау орын алды» [А. Махаева, 2015: 2].

Зерттеуші Р.Ф. Мухамметдиновтің клетірген мәліметтеріне қарағанда, Юсуф Акчура Швейцарияда, Цюрих қаласында болған кезде В.И. Ленинмен кездесіп, онымен төрт сағаттай уақыт әңгімелескен. Ол В.И. Лениннен большевиктер ұлттық мәселеге қалай қарайды деп сұраған. Сонда «егер өзін-өзі басқару мәселесі тұрғысынан келсек, ұлттар сіздердің талаптарыңызға сәйкес құқықты иеленеді» деген жауап алған.

Юсуф Акчураның түркі тілдес мұсылман халықтарының мүддесін бірінші дүниежүзілік соғыс жағдайында қорғамақшы болған әрекеті нәтижелі бола қоймады. Бұған белгілі дәрежеде сол тұстағы әлемдік ірі державалардың соғыста қалайда соғысқа жету мақсат тұтуы өз әсерін тигізді. Соғыс жылдарында Түркияның әскери ресурсы сарқыла түсті. Оның соғыс барысында әскерінің 600 мыңы қаза тапты, бір миллионға жуығы жарақат алып, мүгедек болды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Түркия экономикасы әлсіреп, ауыл шаруашылығы үлкен шығынға ұшырады. Егістік алқаптары қысқарып, мал басы 47 пайызға қысқарды. Түрік шаруаларының қиын жағдайы елде ішкі нарықта азық түліктің жетіспеушілігіне алып келді. Бұл өз кезегінде азық-түліктің қымбаттауына алып келді. Азық түлік тапшылығынан кейбір өңірлерде аштық орын алып, эпидемиялар бой көрсете бастады. Соғыс салығының өсуі қалалардағы еңбекшілердің де жағдайын ауырлатты.

Әскери жағдайдың енгізілуі, ауыл шаруашылығының күйреуі, бұқара халықтың материалдық жағдайының ауырлығы ел ішінде толқулар туғыза бастады. Осындай жағдайда Юсуф Акчура және «Түрік жұрты» журналы төңірегіне топтасқан зиялы қауым өкілдері халықты сабырлылыққа шақырып, халық бірлігін сақтап қалу жолында насихат жұмыстарын жүргізді.

Юсуф Акчура бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Жарты қызыл ай қоғамының жұмыстарына да қызу атсалысты. Әсіресе, соғыс қимылдары барысында жарақат алған жауынгерлерге медициналық көмек ұйымдастыру және олардың отбасыларына материалдық жәрдем көрсету секілді шаралар Юсуф Акчураны шет қалдырмады.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде тұтқынға түскен түрік жауынгерлерінің тағдыры да оны бейжай қалдырмады. Ол бұл ретте Ресей империясы аумағындағы соғыс тұтқындарына жәрдем көрсетуді немесе оларды еліне кері қайтаруды жүзеге асырғысы келді.

Соғыс барысында Ресей мен Түркияның үкіметі арасындағы келісім бойынша екі жақ соғыс тұтқындары ішіндегі медицина қызметкерлерін және мүгедектерін өзара алмастырып отырды [В. Познахирев, 2012: 12]. Соның өзінде ресей империясы аумағындағы түрік тұтқындарының саны 50 950 адамды құраған. Ол тұтқындардың көпшілігі Кострома, Ярославль, Симбирск, Самара, Саратов, Царицын, Астрахан және Қазан қалалары маңындағы лагерлерде ұсталды. Осы әскери тұтқындардың мәселесін шешіп, еліне қайтаруға Жарты қызыл ай қоғамы 1918 жылдың көктемінде Юсуф Акчураны Ресейге жіберді. Ол сапары барысында түрік әскери тұтқындарының басым көпшілігін қайтаруға қол жеткізді.

Түрік әскери тұтқындарын қайтару мәселесімен Юсуф Акчура Ресейге келген кезде З. Валиди, М. Шоқай, Ә. Бөкейханов сияқты қайраткерлермен тығыз байланыс жасап, түркі тілдес халықтардың сол тұстағы ахуалы жөнінен пікір алмасады. 1918 жылы көктемде Самара қаласында «Оңтүстік-шығыс мұсылман облыстарының федерациясын құру» туралы зиялы қауым өкілдерінің басқосуына араласып, Юсуф Акчура Башқұртстан, Қазақстан және Түркістанды қосу арқылы жасалатын мемлекеттік құрылымды «Шығыс түріктерінің федерациясы» деп атауды ұсынды. Бірақ Ә. Бөкейханов бұл ұсынысқа түзету енгізіп, «келешекте осылай атау дұрыс болар, ал әзірше орыстардың «пантүркизм» деген жаласынан сақтану үшін «Шығыс Ресейдің мұсылман федерациясы» деп аталғаны жөн дейді. Алайда бұл идея кейіннен кеңестік саясаттың салдарынан жүзеге асусыз қалды.

Қорытынды

Юсуф Акчураның Ресейге сапарынан кейін, көп ұзамай бірінші дүниежүзілік соғыс та аяқалып, Түркия өз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басқан еді. Сонымен Юсуф Акчураның жас түріктердің билік келуі кезіндегі қызметінің ерекше бір қыры оның «Түрік жұрты» журналын шығаруды ұйымдастыруы еді деп айтуға болады. Ол осы журнал арқылы түркі әлемінің өзекті мәселелерін көтере отырып, сол тұста Түркияда орын алған оқиғалардың ортасынан көрінді және Ресейдегі түркі тілдес мұсылман халықтарының әлеуметтік-саяси ахуалына әлем жұртшылығының назарын аудартуға талпынды деуге негіз бар.

ПАЙДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Алиев Г.З. Турция в период правления младотурок. – М.: Наука, 1972. – 506 с.
- Валиди З. Воспоминания. Борьба народов Туркестана и других восточных мусульман-тюрок за национальное бытие и сохранение культуры. – Кн. 1. – Уфа: «Китап», 1994. – 410 с.
- Гилязов И. Тюркизм: Становление и развитие (характеристика основных этапов). – Казань: КГУ, 2002. – 70 с.
- Zeki Velidi Togan A. *Bügünkü Türkistan vey akın tarihi*. – Istanbul: Aksiseda matbaasi, 1981 – 696 b.
- Махаева А.Ш. Тәуелсіздікке 100 жыл бұрынғы талпыныс // Түркістан. Халықаралық саяси апталық. – 2015. – 16 желтоқсан.
- Мухаметдинов Р.Ф. Зарождения и эволюция тюркизма. – Казань: «Заман», 1996. – 272 с.
- Петросян И.Е. Османская империя: реформы и реформаторы. – М.: Наука, 1993. – 186 с.
- Петросян Ю.А. Османская империя: могущество и гибель. – М.: Эксмо, 2003. – 280 с.
- Познахирев В.В. Турецкие пленники в войнах России за 1977 – 1917 гг.: автореф. ... канд. истор. наук. – Курск, 2012. – 24 с.
- Рамеева И. Татарские авторы и материалы о татарах на страницах журнала «Тюрк юрду» (1911 – 1931 гг.) // Гасырлар авазы – Эхо веков. – 2014. - №1. – С. 15-19.
- Рүстемов С. Қазақтар мен Ресей империясындағы өзге түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалыстағы өзара байланыстары (1905-1907 жж.) // Отан тарихы. – 2005. – №1. – 61-75-б.
- Temir A. *Yusuf Akçura*. – Ankara Baskı sayisi, 1987 – 103 b.
- Хабутдинов А.Ю. Формирование нации и основные направления развития татарского общества в конце XVIII – начале XX века. Казань: Татар. кн. изд-во, 2001. – 302 с.
- Шоқай М. Таңдамалы. – 1 т. – Алматы: «Қайнар», 1998. – 512б.
- Шілдебай С. Қ. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс . – Алматы: «Ғылым», 2002. – 214 б.

ӘОЖ 930.001.83

М.Ә. ЖОЛСЕЙТОВА

М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

ЖӘДИДШІЛДІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ И. ГАСПЫРАЛЫНЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа. Исмаил-бей Гаспыралы (1851-1914) – Ресей империясындағы түркі тілдес мұсылман халықтарының арасында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында өріс алған жәдидшілдік қозғалыстың бастау көзінде тұрған көрнекті қайраткер. Жәдидшілдік түркі халықтары арасында ағартушылық ғана емес, сонымен бірге саяси идеялардың қосындысы түрінде көрініс тапты. Жәдидшілдіктің қалыптасуы мен дамуындағы И. Гаспыралының рөлін ашып көрсету XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында Ресей империясындағы түркі тілдес мұсылман халықтарының мәдени және саяси өмірінің ерекшеліктерін терең аңғаруға өз септігін тигізеді. Сондықтан қарастырылып отырған тақырыпты тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің біріне арналған деуге негіз бар.

Түйін сөздер: Ағартушылық, жәдидшілдік, түркі халықтары, мұсылман халықтары, мектеп, медресе

М.А. ЖОЛСЕЙТОВА

Южно-Казахстанский государственный университет имени М.О. Ауезова

РОЛЬ И. ГАСПЫРАЛЫ В СТАНОВЛЕНИИ И РАЗВИТИИ ДЖАДИДИЗМА

Аннотация. Основателем джадидизма был крымский татарин Исмаил Гаспыралы (1851-1914) – общественно-политический деятель мусульманских народов России. Он известен и как основатель тюркизма – идеологии солидарности тюркских народов России с одним литературным языком, системой просвещения и интеллигенцией, автор лозунга «Единство в мыслях, словах и делах». Свои общественно-политические взгляды Гаспринский изложил в двух брошюрах, изданных на русском языке: эссе – «Русское мусульманство» (1881) и очерк «Русско-восточное соглашение» (1896). Он пропагандировал новые идеи на языке тюрки – особом стиле языка, универсальном для всех тюркских народов России, со страниц основанной им газеты «Тарджиман» (Переводчик), издававшейся с 1883 г. в течение двадцати с лишним лет. Им была также издана «Алифба» (Азбука), в которой он обосновал свой новый метод.

Ключевые слова: джадидизм, просветительство, тюркские народы, мусульманские народы, школа, медресе.

M. A. ZHOLSEITOVA

M.O. Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

I. GASPYPALY'S ROLE IN THE ESTABLISHMENT AND DEVELOPMENT OF JADIDISM

Summary. The founder of Jadidism was the Crimean Tatar Ismail Gaspyraly (1851-1914) – public-political figure of the Muslim peoples of Russia. He is also known as the founder of Turkism – the ideology of solidarity of the Turkic peoples of Russia with one literary language, education system and intelligentsia, the author of the slogan "Unity in thoughts, words and deeds". Gasprinsky outlined his socio-political views in two brochures published in Russian: essay "Russian Islam" (1881) and feature story "Russian-Eastern Agreement" (1896). He promoted new ideas in Turki (a special style of language, universal for all the Turkic peoples of Russia) on the pages of the "Tarjiman" (Translator) newspaper which was founded by him. It was published since 1883 for more than twenty years. He also published the "Alifba" (Alphabet), in which he justified his new method.

Keywords: Jadidism, enlightenment, Turkic people, Muslim people, school, madrasah

Kipicne

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі Ресей империясындағы түркі тілдес мұсылман халықтарының халық ағарту ісі тарихында И. Гаспыралының алар орны ерекше. Ол қалыптастырған жәдидтік мектеп негізінде түркі халықтары арасында жәдидтік қозғалыс екпін алып, халықтың саяси оянуына жол аша түсті. Соның негізінде бірінші орыс революциясы жылдары «Ресей мұсылмандарының одағы» атты ұйым құрылды және Мемлекеттік думада Мұсылман фракциясы бой көтерді. Осындай тарихи үрдістің терең астарын түсіну үшін И. Гаспыралының жәдидшілдіктің қалыптасуы мен дамуындағы рөлін зерттей түсу қажет.

Талқылау Қырымлы Сафар Сейдахметтің «Гаспыралы Исмаил бей» атты кітабында [С. Kirimli, 1934: 25] және Р.Ф. Мұхаметдинов [М. Мухаметдинов, 1996: 272] пен И. Гилязовтың [И. Гилязов, 2002: 70] еңбектерінде И. Гаспыралының жәдидшілдіктің қалыптасуы мен дамуындағы рөлі қарастырылған. Сондай-ақ мұндай зерттеулер қазақстандық, өзбекстандық ғалымдар тарапынан да жарық көрген. Осындай бағыттағы зерттеулер бұл мәселеге жаңа қырынан қарауға мүмкіндік береді.

Нәтижесі

И. Гаспыралының жәдидшілдіктің қалыптасуы мен дамуындағы рөлін ашып көрсету арқылы Ресей империясындағы түркі тілдес мұсылман халықтарының арасында жаңа оқу әдісіндегі мектептер мен медреселердің ашылу тарихын тереңірек түсінуге мүмкіндік аламыз. Сонымен бірге жәдидшілдіктің ағартушылық тарихындағы алар орнына шынайы баға беру мүмкіндігі арта түседі.

Негізгі бөлім. Ресей империясындағы түркі тілдес мұсылман халықтарының арасында ағартушылық идеясын насихаттауда орнының ерекше екені белгілі. Ол Ресей мұсылмандарының арасындағы ескі қадымшылық мектептердің заман талабына сай емес екенін ескеріп, мұсылмандық мектептерді жаңа оқу әдісіне, «усул-жәдидке» көшіруді ұсынды. Соның негізінде Ресей мұсылмандары арасында жәдидшілдік қозғалысы екпін алды.

И. Гаспыралы өзі ұсынған жаңа оқу әдісіндегі мектепті 1884 жылы Бақшысарай қаласындағы Қайтмаз Аға деген жерінде ашты. Ол «Тәржіман» газеті арқылы бұл жөнінде жұртшылықты хабардар етті [В. Ганкевич, 2001: 379]. Бұл мектеп ескі «қадымшыл» мектептерден айырмашылығы араб әліпбиін күнделікт сөйлеу тіліне икемдеуімен ерекшеленді.

Бақшысарайда ашылған жаңа оқу әдісіндегі мектепте бастапқыда 12 бала оқыды. Осы жылы И. Гаспыралы мектеп оқушыларына арнап «Хаджан сибиан» (Әліппе) оқулығын шығарды. Бұл оқулық зерттеушілердің келтірген мәліметтеріне қарағанда, 1910 жылға дейін 27 рет қайта басылып шыққан [А. Хабутдинов, 2003: с.36].

И. Гаспыралы бір жыл бойы Бекир Эмеқдар деген кісіні жаңа оқу әдісіне үйретіп, оны ресми ашылған мектептің алғашқы ұстазы етті. Бұл мектептің оқу жоспары бойынша діни пәндерден бөлек, мынандай пәндер оқытылды 1) «ортақ түрік тілі» бойынша оқу және жазу; 2) дін туралы бастапқы білім; 3) арифметиканың төрттік амалы; 4) қысқаша тарих; 5) дұрыс жазу; 6) география; 7) орыс тілі; 8) гигиена.

Жаңа оқу әдісіндегі мектептің оқу бағдарламасын И. Гаспыралы жетілдіре түсуді де көздеді және орыс мектептеріндегі бағдарламамен сәйкестендіргісі келді. Сол тұста орыс мектептерінде бағдарлама мынандай пәндерден тұрды: 1) Құдай заңы; 2) көркем оқу және жазу; 3) орыс тілі және шіркеулік оқу; 4) арифметика; 5) практикалық геометрия; 6) география және тарих; 7) физика және жаратылыстану тарихы; 8) сызу және бейнелеу; 9) ән салу; 10) гимнастика.

Орыс мектептеріндегі бағдарламаны зерттей келе И. Гаспыралы жаңа оқу әдісіндегі өзі ашқан мектептің де бағдарламасын соған сәйкестіндірді. Сонымен қатар әр сабақты 50 минуттан өткізетін етті және әр сабақтың арасында үзіліс болатындай етті.

Жаңа оқу әдісін насихаттауда И. Гаспыралы жыл сайын Нижний-Новгородта өткізіліп тұратын «Макарьев» жәрмеңкесін де шебер пайдалана білді. Бұл жәрмеңкеге елдің түпкір-түпкірінен көпестер жиналатын. Ол көпестердің қатарында мұсылмандар да бар еді. Жәрмеңкенің барысында И. Гаспыралы Бакир Эмдакармен бірге жаңа оқу әдісіндегі мектептің артықшылықтарын насихаттап, осы мектепке арналған оқулықтарды мұсылман халықтарының өкілдеріне таратты. Осындай насихаттың нәтижесінде жаңа оқу әдісіне қызығушылар қатары өсіп, мұндай мектепті ашуға көмек көрсетуді сұраушылар арта түсті. Сөйтіп, 1892 жылы Ресей империясы аумағында жаңа оқу әдісіндегі мұсылмандық мектептің саны 32-ге жетті [З. Абдирашидов, 2001: 196]. Сол жылдары халық арасында жаңа оқу әдісіне көшкен мектептер жәдидтік (араб тілінен аударғанда – жаңа) мектеп деп, ал мұндай әдісті жақтаушылар жәдидшіл немесе жәдид (жаңашыл) аталды. Бұл үрдіс екпін алуымен жәдидтік қозғалыс деген атқа ие болды.

И. Гаспыралының жаңа оқу әдісіне көшуін қолдаған топ, яғни жәдидтер легі күн санап арта түсті. Сол тұстағы жәдидтерге қатысты Н.Д. Нұртазинаның мынандай орынды пікірі назар аудартады: «Жәдидтер орыс-еуропалық мәдениеттің ең жақсы тұстарын іріктеп, зерделеп қабылдап, бойына сіңіре алды. Ең бастысы, Еуропаның нақты ғылымын, педагогикалық саладағы жетістіктерін, техникасы мен өнерін, кәсіптерін, сол сияқты саясатқа қатысты білімдерін білімдерін білу керек болды – ол құлдықтан, қорлықтан құтылу үшін, жер бетінен құрып кетпеу үшін, саяси бостандық жолында парламенттік жолмен күресу үшін ауадай қажет еді. Бірақ, шынайы жадидизмнің ниеті бұдан да жоғары болды, себебі, олар тұрпайы «жау» образынан әлдеқайда биік, парасаттылық, даналық сатысында тұрғандар. Сондықтан еуропалық мәдениетті жәдид зиялылары тек қана практикалық, пайдалылық тұрғысынан ғана емес, құрғақ ақыл, есеппен емес, софьлық үлгімен, ақ көңілімен, «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» (Абай) деген қағида бойынша қабылдады, христиан халықтарының гуманитарлық білімдері мен ой-пікірлерін, көркем әдебиетін, өнерін әділ бағалап, сүйіп, одан өзінің жан-дүниесін байытатын, жадырататын рухани, эстетикалық ләззат ала білді, жалпыадамзаттық құндылықтарды ұстануды үйренді. Әрине, ол кездегі Еуропа, Ресей де бүгінгі күннен әлдеқайда артық жағдайда екенін есекру керек. ... Жаңа мұсылман элитасы білім мен өмір тәжірибесі арқылы шын мәнінде екі Ресей, екі Батыс бар екенін түсініп, оларды ажырата білді. Олар отарлық саясатты жасап отырған шенеуніктер, әскерилер және миссионерлермен келіспеді, ал сол орыс қоғамының өзіндегі озық ойлы интеллигенцияны одақтас етуге, дос қылуға тырысты. Сол ниетіне қарай орыс жазушылары, ойшылдары, ғалымдары арасынан мұсылман-жәдитерге адал дос, жанашырлар табылды, қиын-қыстау кезеңдерде солардың көмегін көрді, ақыл-кеңесін тыңдады» [Н. Нұртазина, 2002: 176].

И. Гаспыралының бастамасымен ашылып жатқан жәдидтік, яғни жаңа оқу әдісіндегі мектептер мұсылман халықтарын тез баурап алды. Өйткені, жәдидтік мектептегі жаңашылдықтар халық көңілен шықты. «Тәрбие, эстетика, психологиялық ахуал жағынан алатын болсақ, жәдид мектебі сол кездегі үлгілі орыс мектепгимназияларында берік орныққан гуманистік көзқарастар, жоғары қызмет және педагогикалық мәдениеті, педагог пен оқушының өзара қарым-қатынасына тиісті әдеп, субординация (ресми арақашықтық) сақтай отырып, бірақ өзара сыйластық, ашық мінез таныту, белгілі мөлшерде демократиялық ахуал қалыптастыру, шәкірттің жеке басын, бостандығын сыйлау сияқты жақтарын белсенді түрде қабылдады. Яғни, ескі мұсылман мектебіндегі шәкіртке менсінбей қарау, зекіп сөйлеу, қорқытып, үркіту, ұстазға деген шын сүйіспеншіліктің орнына сыртқы жағымпаздық басым болуы, өзара сенімсіздік, мектеп басқару мен тәрбиенің авторитарлық әдісі, мүдәррис (медресе оқытушылары) арасындағы бір-бірін көре алмаушылық, өсек-аяң – осы ластықтың барлығы жәдид мектебінде жойылды. Сыртқы форма жағынан да реформалау болды: жаңа мектеп, медресе оқытушыларын «молла», «мүдәррис», халфе, «тақсыр», «қожа» деп емес, «мұғалім» деп атайтын болды (әйел педагогтарды – «мұғалима»), олар еуропаланған киім үлгісін киді (дәлірек айтсақ, татар үлгісіне жақын), үзіліс жасау, қоңырау беру, дене шынықтыру сабағы мен ойындар, сол сияқты парталар мен тақта қолдану, оқу кестесі, емтихан өткізу сияқты бұрын болмаған жаңалықтар енгізілді» [Н. Нұртазина, 2002: 180].

Жәдидтік оқу орындарындағы осындай жаңалықтарды И. Гаспыралы Түркістан өлкесі жұртшылығына да кеңінен насихаттауда белсенділік танытты. Осыған орай ол 1893 жылы Түркістанға сапарға шықты. Жол бойында Тифлис пен Бакуге соғып, ондағы жергілікті интеллигенция өкілдерімен жәдидтік мектептер жайында пікір бөліседі.

Каспий теңізін кемемен өтіп, Бұқар әмірлігі аумағына келіп, әмірліктің бас уәзірінің (кушбеги) қабылдауында болып, сол арқылы басқа шенеуніктермен жолығады. Бұқар әмірлігінің жоғарғы қазысы (кази қалан) И. Гаспыралының жаңа оқу әдісін қолдайтындығын танытады.

Бұхарада И. Гаспыралы медреселер мен мектептердегі оқу үрдісімен танысты, ондағы оқушылармен пікір бөлісті. Оларға жаңа оқу әдісінің артықшылығын түсіндірді. Оған бұл істе әмірлікте тұратын татарлар және «Тәржіман» газетінің оқырмандары көмек көрсетті. Бұхарада төрт күн болып, Самарқанға аттанды.

Самарқан қаласында ол жергілікті зиялы қауым өкілдерінің қолдауымен жаңа оқу әдісінде сабақ беретін жәдидтік мектепті ашуға қол жеткізеді. Оның алғашқы мұғалімі Мажит Ганизаде болды.

И. Гаспыралы Самарқаннан кейін Түркістан генерал-губернаторлығының орталығы Ташкент қаласына келді. Оны ташкенттік жергілікті зиялы қауым өкілдері зор қошеметпен күтіп алды. И. Гаспыралының келу құрметіне Ташкент мұсылмандарының қазысы Мұхиддинқожа ас беріп, онымен кездесуге қаланың танымал адамдарын шақырды. Ол Ташкентте болған алты күннің

ішінде мұсылман зиялы қауым өкілдерімен 25 кездесу өткізіп, білім беру саласындағы өзекті мәселермен пікір бөлісті. Ол бұл кездесулерінде мұсылмандардың жаңа оқу әдісіне көшудің қажеттігін түсіндіріп, бұл идеяны қуаттаушылар қатарын көбейте түсті.

Ташкентте И. Гаспыралы генерал-губернатор Вревскийдің қабылдауында болды. Ол генерал-губернаторға мұсылман тұрғындар арасындағы халық ағарту ісінің мүшкіл жағдайын жеткізіп, оны жақсарту жолындағы ұстанымын білдірді. Мұсылмандар арасында халық ағарту ісін жетілдіру жергілікті халықтың орыс әкімшілігіне деген теріс көзқараста болуына жол бермейтіндігін жеткізді.

Ташкентке сапары кезінде И. Гаспыралы Н. Остроумовпен де жолықты. Ол Н. Остроумовтың Түркістан өлкесіндегі халық ағарту ісі саласында атақарып жатқан жұмыстарымен жақсы хабардар еді. Кездесу барысында Н. Остроумов жергілікті халық үшін «орыс-түзем» мектептері пайдалырақ десе, И. Гаспринский жәдитік мектептің артықшылықтарын алға тартты. Сөйтіп, Н. Остроумов пен И. Гаспыралы екі мектептің қайсысы тиімді екенін халықтың өзі шешеді деген пікірге келіп тоқтады. Бірақ, «орыс-түзем» мектептері мемлекеттің қарауында болғандықтан мемлекет тарапынан қаржыландырылатын, ал жәдитік мектептерде мұндай мүмкіндік жоқ еді. Мұндай мүмкіндіктің болмағанына қарамастан И. Гаспыралы жәдитік мектептер халық қолдауына ие болып, қайырымдылық қоғамдар тарапынан қаржы табады деген үмітте болды.

И. Гаспыралы Ташкенттен соң қайтадан кері оралып, Самарқанға келді. Бұдан соң Бұқара қаласына келіп, әмір Абдулахадпен жолықты. Әмір Абдулахад И. Гаспыралының жәдитік мектептер жайлы ой-пікірін толық қолдайтындығын танытты. Бірақ мұны тез арада әмірлік аумағында ашу мүмкін емес екенін, жәдитік мектептің ашылуы мұсылман дін иелерінің қарсылығын туғызып, бүлікке алып келуі мүмкін екенін жеткізді.

Бұқар әмірлігінде XIX ғасырдың 90 жылдарының ортасына дейін жәдитік мектеп осылайша ашыла қоймады. Бірақ әмір Абдулахад мұндай мектептердің болуын қалады. Соның нәтижесінде Бұқар әмірлігі аумағында алғашқы жәдитік мектеп 1897 жылы ашылды. Жәдитік мектептердің кеш болса да ашылуының өзіне И. Гаспыралының ықпалы болды.

И. Гаспыралының Түркістанға сапары кезінде Самарқанда ашылған жаңа оқу әдісіндегі, яғни жәдитік мектеп татар көпесі А. Хүсейиновтің қаржылай демеушілігімен жұмыс жасады. Бұл мектепке Самарқандағы татарлардан басқа өзбек халқының өкілдері де баларын оқуға берді. Сонымен қатар осы мектепте Түркістан өлкесінде ашылуы тиіс жәдитік мектептерге мұғалім даярлау ісі де қолға алынды. Осындай даярлықтан алғаш өткендердің бірі жергілікті татар халқының өкілі Мұхаммед Фатих болатын. Бірақ халық арасында балардың сауатын ашу жағынан зор құрметке бөленгеніне қарамастан бұл мектепті билік орындары рұқсатсыз ашылған деп жаптырып тастады.

Түркістандағы алғашқы жәдитік мектептің жабылып қалуы жергілікті халықтың оған деген қызығушылығын бәсеңдетпеді. И. Гаспыралыға Ташкентке келген кезде құрмет көрсеткен азаматтар 1895 жылдан 1901 жылға дейінгі аралықта қалада төрт жәдитік мектеп ашты. Мұнан соң Хиуада Мұхаммед Вафа және Молда Әбдірахман есімді татар мұғалімдері Хиуада алғашқы жәдитік мектебін ашты. Олар кейіннен мұндай мектепті Үргеніште де ашты. Хиуа хандығы аумағында жәдитік мектеп ашуға Асфандияр ханның өзі де атсалысты. Ол бұл мектепке арнайы дайындықтан өткен екі мұғалімді шақыртып, мектеп үшін арнайы ғимарат бөлді.

Хиуа хандығының бас уәзірі Сайид Исламходжа өз үйінің жанынан жәдитік мектеп ашып, оған Ахмад Нуриддин есімді татар азаматын мұғалім етіп қойды. Ол бұл мектептің жұмысын жандандыра түсу мақсатында И. Гаспыралымен кеңесіп отырды. Сондай-ақ бұл мектепке оқулықтарды И. Гаспыралыдан алдырды.

1897 жылы Бұқар әмірлігінде Молла Жорабай есімді бұқаралық азамат жәдитік мектеп ашты. Онда бастапқы кезде 13 оқушы білім алды. Бұл мектептің ашылуы туралы хабарды И. Гаспыралы зор қуанышпен қарсы алып, оған 100 дәптер және 1000 дана өз оқулығын жіберуге уәде берді.

Молла Жорабай ашқан жәдитік мектептен соң, онда Низам Сәбитов деген татар көпесінің үйінің жанында ашылды. Онда Әбдірахман Саади есімді мұғалім сабақ берді.

Самарқанда алғашқы жәдитік мектеп жабылып қалғаннан кейін араға он жыл салып барып қайта ашылды. Бұл істе өзін И. Гаспыралының шәкірті санайтын М. Бехбудий белсенділік танытты. М. Бехбудий өзі ашқан мектептің оқу жоспарын И. Гаспыралының Бақшысарайдағы мектебіндегідей етіп жасады және оқу құралдарының барлығын да И. Гаспыралыдан алды.

М. Бехбудийдің мектебі ашылысымен Самарқанда тағы да екі жәдидтік мектеп бой кетерді. Осы екі мектептің әрқайсысында 30-дай оқушы оқыды.

Жаңа оқу әдісіндегі мектеп Қоқан қаласында да ашылды. Оны ашуға И.

Гаспыралымен Нижний-Новгородтағы жәрмеңке кезінде кездескен Нәзірбай Таджиддинбай, Пулатбай Рақымжан секілді көпестер атсалысып, мектептің қаржылай шығындарын өз мойындарына алды. Мұндай қайырымды адамдардың атсалысуымен Мұнауар Қари Абурашидханов пен қырымдық татар Раис Кушад

Ташкентте тағы бір мектеп ашты [К. Бендриков, 1960: 256]. Раис Кушад Бақшысарайдағы И. Гаспыралының мектебінің түлегі ретінде жаңа мектептің қарқынды жұмыс істеуіне құлшына кірісті.

Жәдидшілдікті зерттеуші қырғызстандық ғалым А.Э. Кубатова жаңа оқу әдісіндегі мектептерді ашуға Жетісудағы қырғыздар мен қазақтардың арасында дәулетті адамдардың қызу атсалысқаны жайлы мәліметтер келтіреді. Оның айтуына қарағанда, Шабдан Жантаев пен оның ұлы – Исамидин 15 мың сомға мешіт салдырып, оның жанынан жәдидтік мектеп ашқан. Сонымен қатар Қанат қажы да өз қаражатына мектеп ашып, оған арнайы мұғалім алдырып, онда жүзге жуық баланы оқуға тартқан. Қапал уезінде өзінде ең дәулетті деп танылған ағайынды Мамановтар да жаңа оқу әдісіндегі мектеп салдырып, оған арнайы мұғалімдер алдырған. Ферғана өңірінде ең беделді қырғыздардың бірінен саналған, қарамағында 1146 десятина жер иелігі мен 6 шаруа қожалығы болған Әлімбек датқа Ош қаласында жәдидтік мектепті ашуға демеушілік танытқан. Өндіжан уезінде тұратын Перимқұл деген қырғыз өз дәулетінің біраз бөлігін жергілікті халыққа арнап мектеп салуға жұмсады [А. Кубатов, 2012: 62].

Жетісуда ағайынды Мамановтар мектебінен басқа да мектептер ашылды. Жетісу облысының орталығы Верныйда 1883 жылы ашылған Ысқақ Ғабдулвалиевтің медресесі XIX ғасырдың соңына қарай жаңа оқу әдісіне көшті. Осыған орай И. Гаспыралы «Тәржіман» газетінде былай деп жазды: «Ысқақ Ғабдулвалиев өз медресесіне жәдидтік жүйені енгізуді қолға алды. Оның бұл әрекеті жергілікті халық тарапынан зор қолдаушылыққа, ризашылыққа ие болды. Жұртшылық оянып, қазіргі өмір талабын түсіне бастады. Халықты керітартатын көзқарастар біртіндеп ығыстырылуға».

Аталған медресені Верныйдағы «Ғабдулвалиев және оның серіктері» деген сауда үйі қаржыландырған. Осы медресеге қаржыны бөлу ісімен арнайы түрде Зейнетдин Тазетдинов айналысқан. З. Тазетдинов Вятка губерниясының тумасы еді. Медреседегі оқу ісіне Троицкіден келген Әбдірахман Сағадиев жетекшілік жасаған. Медресе балаларға алты жылдық білім беруді көздеген. Ондағы шәкірттердің саны бастапқы кезде 130 адамға жуықтаған. Олар негізінен өңірдегі қазақ, қырғыз, ұйғыр, татар балалары еді.

Жетісуда қыз балаларды оқытатын жәдидтік мектептер де ашылды. Мұндай мектептер Верныйда, Қапалда және Жаркентте болды. Бұларды қаржыландыруға өңірдегі дәулетті қазақ, ұйғыр татар азаматтары тартылған [А. Кубатов, 2012: 64].

И. Гаспыралы «Тәржіман» газеті арқылы мұсылмандардың дәулетті адамдарын жәдидттік мектептерге қолдау көрсетуге үндеп отырды. Мұндай үндеуге барынша назар аударғандардың қатарында Орынбор өңіріндегі ағайынды, миллионер көпестер – Ахмет, Ғани және Махмут Хұсайыновтар болды. Кезінде И. Гаспыралының «Тәржіман» газетінің басты оқырымандары ретінде танылған бұл ағайындылар 1889 жылы Орынборда жәдидтік мектепті ашты. Үш қабатты ғимараттан тұратын мектеп үйі көп бөлмелі еді. Сонымен қатар ол мектептің жанынан арнайы пансион (жатақхана) салынды. Мецанаттардың құрметіне бұл оқу орны «Хусаиния» медресесі деп аталды.

«Хусаиния» медресесі оқу ісі гимназиялардың оқу жоспарына сәйкестендіріліп жасалды. Оқушыларға оқу құралдары Бақшысарайдағы И. Гаспыралының мектебінен алынды. Сонымен қатар бұл медреседе оқушыларға бірдей киім үлгісі енгізілді. Оқушылардың киімдерін әзірлеуді де Хусаиновтар әулеті көтеріп алды.

Хусаиновтар әулетінің үлкені – Ахметтің аса мол дәулеттің иесі еді. Оның вакуфтық мүлкінің өзі жарты миллион сомнан астам болатын. Ол осы мүлікті өз атынан тек медресеге жұмсау жөнінде өсиет қалдырды. Осы өсиеттің негізінде «Хусаиния» медресесіне 25 мың сомдай ақша жұмсалып тұрды. Бұдан басқа А. Хусаиновтың өсиеті бойынша, жақсы оқыған студенттерге стипендияға деп те ақша бөлінді. Сонымен қатар медресенің ерекше көзге түскен шәкірттерін білімін тереңдету үшін Каирға және Мединаға жіберіп оқыту да жолға қойылды. Бұған кететін шығын да Хусаиновтың өсиетіне сәйкес жүзеге асырылды.

А. Хусаинов өзінің жаңа оқу әдісіне бұлайша қолдау көрсетуінің себебін былайша түсіндірді: «Мен, қолымдағы бес сомды төрт миллион сомға айналдырдым. Сөйтіп, дәулетті адамдар қатарына қосылдым. Жұрттар мені ақшаны босқа шашатын ақымақ деп ойлар. Мен, төрт қыс бойы ескі әдістегі мектепте оқып, жаза да, оқи да алмадым. Бұл маған жаңа оқу әдісіне қолдау көрсетуге түрткі болды» [Л. Ямаева, 2002: 108].

Хусаиновтар әулетінің келесі бір өкілі – Ғани Орынборға таяу жердегі, Қарғалы елдімекеніндегі мешіттің жанындағы мектепті жаңа оқу әдісіне көшіріп, оны өзі тікелей қаржыландырды. Ғ. Хусаиновтың қайырымдылық әрекеті көпшілікті тамсандырды. Бұл жөнінде Дж. Валидов былай деп жазды: «Оның үйі өлкедегі жаңа оқу әдісінің штабы іспеттес болды. Ол қай жерде болмасын жәдидшілдер қозғалысының өкілдерімен байланыс жасауға тырысты. Оның үйінің бара қалсаң, шай қойылған үстел жанында отырған жас мұғалімді кездестіруге болатын. Ол көптеген жаңа мектептер ашып, оларға мұғалімдерді өзі таңдады. Өзі ашқан мектептердің ұсақ-түйегіне дейін көңіл бөлді. Тіпті, сабақтарға қатысып, өзі түсінбей қалған нәрселерді мұғалімнен сұрап тұратын» [Д. Валидов, 1986: 61].

«Кез келген мұсылман қауымына назар аударыңызшы және барлық қызметіне зер салыңызшы, – деп жазған еді кезінде И. Гаспыралы. Әрбір мұндай қауым өзінше кішігірім мемлекет секілді, өзіндік заңы, әдет-ғұрпы, қоғамдық тәртібі мекемесі және дәстүрі исламшылдықтың жаңа рухын, тұрақты күшін қуаттап тұрады. Бұл қауымның басындағы биліктің тұтқасы старшынның және барлық қауымның қолында бұл биліктің беделі, діни адамгершіліктік беделде оның көзі – Құранда. Бұл қауымның ешқандай жазалау шараларын және дәрежеге көтеруді қажет етпейтін барынша тәуелсіз дінбасылары бар. Кез келген әзірлігі бар мұсылман қожа (мұғалім), муәззин, иман, ахун және т.б. бола алады. Мұсылмандар сословиясі болмағандықтан және оны мойындамағандықтан, дін иелері кастасы дегенді білмейді. Әрбір мұсылман қауымның қауым, я болмаса вакуф қамқорлық жасайтын өз мектебі мен мешіті бар. Мұсылман мектептері қауыммен тығыз байланысады және исламдық рухта тәрбиелеу ісі жүретін жөргегінен бастап баланың әкешесінің әсерімен отбасылық мектепті толықтыра түсуге қызмет етеді, сондықтан бала 7-8 жаста-ақ күшті мұсылмандық-тайпалық өнеге алады. Бұл жаңа келген кез келген байқаушыны таңдандырып және ықыласты орындаушысыны ойлауға мәжбүрлейді. Бірнеше осындай қауымның бір алқалы мешіті болады: бірнеше ондағанына бір медресе, жоғарғы мектеп болады, мұнда мұсылманның бүкіл танымының көзі шоғырланып, діндарлар, молдалар, ахундар, мұғалімдер және де жалпы оқымыстылар дайындалады. Барлық осы мекемелер мен қоғамдық тәртіптер құранға сүйеніп, болашақ өмірдің сыйын күтіп, жалдан жылға шаршамай, шалдықпай жұмыс істейді.

Мұндай қауымдар 10-20 отбасыдан тұрады, қазір олар мешіттің, я медресенің жолына топтасады және бір үйге орналасады, жоғарғы мұсылмандық білімді медресе береді».

Көпес Хусаиновтар Уфадағы ескі оқу әдісіндегі «Усмания» медресесін жәдидтік етіп қайта құруға да материалдық көмек көрсетті. Олардың мұндай қайырымдылығы басқа да дәулетті адамдарға өнеге болды. Олардың үлгісімен орынборлық Садретдин Назиров және Ғабдуллатиф Хакимов деген көпестер Уфадан қыз балалар білім алатын

«Анасия» деген мектепті ашуға қаржы бөлді. Кейіннен мұндағы оқу ісін жүргізуге кететін шығынды уфалық миллионер-көпес Ғұбайдолла Усманов өз мойнына алды [Л. Ямаева, 2002:107].

Хусаиновтар әулеті қаржыландырып тұрған медресенің түлектері қатарынан ХХ ғасырдың бас кезіне дейін-ақ танымал тұлғалар бой көрсете бастады. Соның бірі – Зия Кемали. Ол Хусаиновтар құрған қайырымдылық қорының ақшасымен Түркияға барып білім алды. Еліне оралған соң И. Гаспыралының оқу ісін реформалау жолындағы әрекетіне барынша қолдау көрсетті және Уфа қаласында жәдидтік білім беру орнын ашуды мақсат етіп қойды. Ол жәдидтік медресені жоғары білім беретін оқу орнына айналдыруды көздеп, болашақ оқу орнының атын «Ғалия» (Жоғары) деп атауды ұйғарды. Оның бұл ойы И. Гаспыралы тарапынан қолдау тапты.

Зия Кемали өз ойын жүзеге асыру мақсатында Уфадағы танымал мұсылман халықтарының өкілдерін шоғырландырып, бұл іске жұмылдыра білді. Жаңа оқу орнын салуға Уфада тұратын белгілі қазақ қайраткері Сәлімгерей Жантөрин де қызу атсалысты. Оның жұбайы – София Жантөрина оқу ғимаратын салуға көмек көрсететін қайырымдылық қорына жетекшілік жасады.

София Жантөрина Уфа губерниясындағы ең ірі помещик саналған Тевкелевтер әулетінің өкілі еді. Ол сол кезде Уфада «Дәулетті әйелдердің қайырымдылық қоғамын» құрып, мұсылман қыздарының білім алуына қолдау көрсетуімен танымал болатын.

«Ғалие» медресесін салуға 42 мың сом кетті. Осы қаржының 18 мың сомын С. Жантөрина, 20 мың сомын көпес Садретдин Назиров көтеріп алды.

Қызыл кірпіштен салынған үш қабатты «Ғалия» медресесі шәкірттерге арналған жатақханамен және асханамен қамтамасыз етілді [Л. Тузбекова, 2006: 16]. Бұл медресе өз жұмысына ХХ ғасырдың басында кірісті. «Ғалия» медресесінің он жылдығына орай М. Дулатов арнайы мақала жазып, сол тұста бұл оқу орнының маңызы жайлы мынандай пікірін білдірген еді: «Медресе «Ғалияны» естімеген қазақ жоқ, қазақ даласының қай жерінен болса да, 10 жылдың ішінде медресе «Ғалиядан» оқыған шәкірттер бар. Осы күні қазақ арасындағы тәуір мұғалімдердің көбі медресе «Ғалияның» жемісі. Медресе «Ғалия» он жыл мұнан бұрын осы күнгі мударі Зияддин хазіреттің ыжтиһатымен һәм ұлтына қызмет етуді борыш көрген жомарттардың жәрдемімен ашылған медресе, жылдан-жылға, дәуірлер мұсылмандардың бірінші медресесі қатарына қосылуына себепкер болған да әлгі ашушы Зияддин хазірет. ... Медресе «Ғалия» ноғайдікі болса да, қазаққа бөтендігі жоқ. 10 жылдан бері қанша қазақ баласы кірсе де, есігі ашық болған, мұнан кейін де иншалла жатырқайтын емес» [М. Дулатов, 1991: 284].

Жаңа оқу әдісіндегі оқу орындардың саны арта түсуімен оларға арнап мұғалімдер даярлау мәселесі де туды. Осы уақытқа дейін жәдиттік мектептер мен медреселердің ұстаздардың денін И. Гаспыралының мектебінің түлектері құрап келген еді. Ол мұндай мұғалімдер даярлайтын мұсылмандық оқу орынды Орынбордан ашу керек деп есептеп, бұл іске татар халқының көрнекті өкілі Фатих Каримовке тапсырған болатын. Ф. Каримов бұл істі демеушілердің көмегімен ойдағыдай жүзеге асырып, Орал, Торғай және Ақмола облыстарындағы жәдиттік мектептерге арнап, мұғалімдер даярлай бастады. Бірақ, көп ұзамай, бұл оқу орны арнайы тіркеуден өте алмауына байланысты билік орындары тарапынан жабылып қалды [Л. Хисамутдинова, 2003: 197].

Жәдиттік мектептерге мұғалімдер даярлауды өз мойнына алған оқу орнының жабылып қалуы елдегі мұсылман зиялы қауым өкілдерін бей-жай қалдырмады. Бұл істе И. Гаспыралының оқу ісін реформалау жөніндегі ойына қызу қолдаушылық білдірген татар халқының көрнекті қайраткері Ғалымжан Баруди ХІХ ғасырдың соңына қарай айрықша көзге түсті. Ол сол тұстағы татар халқының болашағы өскелең ұрпақтың тәрбиесіне тікелей байланысты екеніне мән беріп, балаларды ескіше тәрбилеп, оқытуды өзгерту керектігін барынша қолдап, балалар алған білімін күнделікті өмірде пайдалануы тиістігін жақтады [М. Юсупов, 2003: 151]. И. Гаспыралының ұсынысымен Орынборда мұғалімдер даярлайтын оқу орнының жабылып қалуына қынжылыс танытып, мұндай оқу орнын Қазан қаласында ашуға кірісіп, мұны ХХ ғасырдың басына қарай жүзеге асырды.

Ғ. Барудидің жетекшілігімен ашылған Қазандағы «Мұхаммадия» медресесі И. Гаспыралы негізін қалаған жаңа оқу әдісін насихаттауға, мектептер мен медреселерді схоластика мен догматизмнен азат етуге бар күшін салды. Сөйтіп, Еділ бойы татарлары арасындағы жәдитшілдіктің басты орталығына айналды. Онда Кавказдан, Түркістан және Сібірден келген жастар да білім алды. «Мұхаммадия» медресесінде білім алу төр сатыдан тұрды. Медресеге оқуға қабылданудан алдын дайындық курсынан өту міндеттелді. Алғашқы екі саты бойынша білі алғандар – орта білімді, соңғы екі саты бойынша білім алғандар – жоғары білімді саналды.

И. Гаспыралының оқулықтары мен оқу құралдары «Мұхаммадия» медресесінде кеңінен пайдаланылды. Медресе әйгіленген сайын оған келіп, білім аламын деушілер қатары көбейе түсті. Жыл сайын империяның түпкір-түпкірінен 300-400 бала медреседе білім алуға тілек білдіріп жатты. Медресенің оқытушылары құрамында Түркиядан эмиграцияға келген Жүсіп Ақшораның сабақ беруі оқу орнының беделін арттырды.

Уақыт өткен сайын «Мұхаммадия» медресесі жаңа оқу әдісіне көшкен оқу орындарының ішіндегі ең мықтысына айнала бастады. Ғ. Баруди медреседегі оқу үрдісін барынша жетілдіруге мән беріп, жаратылыс тану пәндерін оқытуға басымдық берді. Араб және парсы тілдеріндегі кітаптардың мазмұнын түсінбей, оларды құры судыратып оқып, жаттап алуға ашық қарсылық білдіріп, татар тілі мен орыс тілін оқушылардың жақсы меңгеруін жақтады. Сөйтіп, медресенің оқу бағдарламасында татар тілі мен орыс тілін оқу практикалық маңызға ие екені ескерілді. Медресе шәкірттері орыс тілін шебер меңгеруі арқылы Қазандағы гимназияларда білім алып жатқан оқушылармен еркін пікірлесу мүмкіндігіне ие болды.

И. Гаспыралы секілді Ғ. Баруди да ұлттық тар шеңберде шектеліп қалуға қарсы болып, татарлардың және басқа да мұсылман халықтарының еуропалық ғылым мен ағартушылық жетістіктерін игеруді жақтады. Ол Ресейдегі орыс емес халықтардың мүддесін көздей отырып, олардың орыс халқы секілді еуропалық өркениетке бет бұруы қажет деп санады. «Орыс тілін білмеу оларды жалпы адамзаттық құндылықтардан былай қойғанда, орыс ойы мен әдебиетінен де бөліп тастады. Орыс мұсылмандары басқа адамзаттан бөлініп қалғандай, өзінің түсінігінің және ой-

өрісінің тар, қапырық саласында қала берді, күнделікті бір нанды табудан басқа идеялы болмады. Константинополь, Смирна, Каир секілді орталықтарды мұсылман қоғамдарының орыс мұсылмандары қоғамдарын барлық жағынан басып озғаны таңдантады, ол мұсылмандардың арасында сіз Еуропаны сезінесіз, жаңа, тіпті азиаттық емес идеялар мен ұсыныстарды естисіз; оның үстінде бақшасарайлықтардың, қазандықтардың, қасымовшылардың және басқаладың қазіргі жағдайы бізге Иванн Грозный, Ермак және Шотан – Герейдің кезіндегі материалдық және рухани көріністі елестетеді. Тек қана бүкіл Литваға шашырай таралған, өзінің мұсылмандық аз санды қоғамдары ғана бұған кірмейді, өйткені олар еуропалық мәдениет пен өмір салтын тамаша меңгерген және де ақыл – ой дамуы жағынан орыс мұсылмандарының көш басында келеді, – деп көрсетеді осы орайда И. Гаспыралы. Орыс үстемдігінің мұсылмандары прогресс пен өркениетке бастамауы, орыс-татар меңіреулігіне, материалдық қылмысты былай қойғанда, жаңа өмірдің лебімен дем алуына әкелмеуі іс жүзінде көңілсіз іс. Ол аз болса, мен жүрегімді сыздата қосарым – орыс үстемдігі кезінде татарлардың мектептері жазуы арқылы көрініс берген рухани дамуы құлдырап кетті. Жартылай бұзылған, құлаған ескіден қалған жазуы бар жәдігерліктер, бір кездері жазылған, осы күні майланып, шаң басқан кітаптар татарлардың біз кездегі жаза білгендігін және көркем сөйлей алғандығын, терең ойдың түбінен маржан тергендігін, Хафиз шығармаларының көркемдігін, Шейх – Саадидің адамгершілігін, Инб-Сина және басқа араб пен парсы жазушылары мен философтардың ұшқыр ойларын түсінгендіктерін көрсетеді. Орыс мұсылмандары, біздің мемлекетіміздің заңы бойынша, орыстармен бірдей және де кейбір жағдайда олардың қоғамдық және діни дәстүріне құрмет қандай да бір басылымдық пен жеңілдіктерге ие».

Еуропалық және орыс педагогикасының тәсілдерін пайдалана отырып, медреседе оқылатын оқулықтар мен оқу құралдарын жетілдіре түсуді қолдап, бұл іске медресе ұстаздарын кеңінен тартты. Жаңа оқу құралдарын жазуға Ғ. Барудидің өзі де атсалысты. Ол 1893 жылы «Араб – парсы – татар сөздігін», 1889 жылы «Араб тілінің грамматикасын» шығарды [М. Юсупов, 2003:159].

Ғ. Баруди «Мұхаммадия» медресесіндегі Шығыс тілдерінің де оқылуын қалай отырып, оны еуропалық деңгейге көтеруге күш салды. Медресеге қолдау көрсетуші демеушілердің арқасында медресе ғимараты жанынан асхана, емхана және шеберхана мен түрлі үйірмелер ашуға қол жеткізді. Сонымен қатар кембағал мұсылмандардың балаларына түрлі стипендиялар тағайындатты.

«Мұхаммадия» медресесінде Ғ. Баруди қыз балалардың да білім алуына көңіл бөлді. Ол медреседе қыз балалар оқитын арнайы сынып ашты. Кейіннен бұл сынып, медресе жанындағы қыз балалар мектебі болып құрылды. Оған Ғ. Барудидің жұбайы – Бибімағруи Утямишева жетекшілік жасады. Соған орай халық арасында «Бибімағруи мектебі» деп аталып кетті. Бұл мектепте өзінің өзінің ағартушылық көзқарастарымен және оқымыстылығымен дараланған Лябибі Хусаинова дәріс берді. 1890 жылы «Бибімағруи мектебін» көптеген қыз балалар бітіріп шығып, алғашқы мұғалімалар атанды [Л. Хисамутдинова, 2003: 17].

И. Гаспыралының жаңа оқу әдісіне көшу идеясы Солтүстік Кавказда және Әзербайжан аумағында да қызу қолдауға ие болды. Зерттеуші С.И. Алиеваның келтірген мәліметтеріне қарағанда, А. Казаналипов жетекшілік еткен ағартушылықтық бағыттағы дағыстандық топ құрылған, ол топта А. Ақаев белсенділік танытқан. Жаңа оқу әдісіндегі мектептерді ашуға әзербайжан меценаты Г.З. Тагиев қолдау көрсеткен [Г. Алиева, 2014: 149].

Жәдидтік білім беру бағытындағы оқу орындарының саны арта түсуімен И. Гаспыралы оларды оқулықтармен және оқу құралдарымен қамтамасыз ету жолында көп еңбектенді. Ол XIX ғасырдың соңына қарай «Тәржіман» газеті редакциясының баспаханасынан 12 түрлі оқулықты көп тиражбен басып шығарды. Басылып шыққан оқулықтар тез арада тарап кетіп отырды.

Жәдидшілдіктің И. Гаспыралының атсалысуымен қарқын алуы патша өкіметі үшін күтпеген белсенділіктің көрінісі еді. Бұл жәйт Н.Д. Нұртазинаның еңбегінде былайша орынды көрсетілген: «Кейіннен жәдидтерге айналған орыс мектептерінің түлектері миссионерлер күтпеген, Ресейдің жоспарына мүлдем кереғар мәдени (кейіннен саяси) салдар туғызды: біріншіден, олар білімге құштарлығымен, ерекше дарындылығымен, сүйкімді мінездерімен қарапайым орыс педагогтарын таң қалдырып, олардың көңілін еріксіз баурап алды, сондықтан оқытушылардың ұсынысымен олар түрлі демеу шараларына, мемлекеттік шәкіртақыларына (стипендияларға) ие болып, гимназия, тіпті университеттерде білімін ары қарай жалғастыруға мүмкіндік алып, өздеріне жол ашты. Сөйтіп, олар жасанды тосқауылдарды бұзып өтіп, интеллигенция қатарына қосыла бастады, дәлірек айтсақ, Ресей интеллигенциясының құрамдас бөлігі – жаңа ұлттық интеллигенцияны құрады (сол кезедгі құжаттарда «жаңа мұсылман интеллигенциясы» деп те

аталған). Осындай мүмкіндікке сол заманда тек өз қаражатының күшімен де – байлығын, малын той-томалаққа, қатын алуға емес, оқу, білім, ұлт саясаты үшін сарп етіп жеткендер де көп болды. Яғни, бұл жолда қиындықтар мен құрбандықтар жеткілікті болғаны көрінеді.

Екіншіден, метрополияның күтпеген, ең басты нәрсесі – жаңаша оқыған мұсылмандар орысқа да ұқсамайтын, бірақ ескі байлар мен молдаларға да ұқсамайтын тамаша, озық дүниетаным иелері болып қалыптасып шыға келгені! Негізінен, отаршылдардың жеңіліске ұшырағанын дәлелдейтін бұл әмбебап тарихи-мәдени заңдылық тек Ресейде емес, Үндістанда, Африкада, басқа да отар аймақтарда байқалды. Еуропалық үлгідегі оқу орындарынан білім алып, кейбіреулері өздігінен Батыс мәдениетін, тілдерін үйреніп алған олар, нағыз ислами даналық үлгісін көрсетіп, «фикр», «иджитхад» тәсілдерін қолданып, отаршыл-тәрбиешілері оларға қолданған ұлтсыздандыру мен мұсылмансыздандыру туралы қулықты алдымен біліп, сосын оған рухани төтеп беріп, өз ұлттық «менін», иманын, дінін сақтап қалғандар. Осындай тарих драмасының куәгерлері әрі оны бастан кешірушілері, қатысушылары ретінде олар екі мәдениетті де жақсы біліп, салыстырып, өз халқына да, бүкіл адамзатқа да зор маңызы, пайдасы тиетін синтез жасауға, мәдени-шығармашылық қызметке кірісті. ... Мұсылман реформаторлары бірыңғай орысшыл болып кетпеді. Олар ассимиляцияға өз бастарын жеңгізбей, енді халық үшін осындай қиындықтар «орыстану қаупі) болмау үшін және кеңейтілген саналары негізінде, зор білімдерінің көмегімен, дағдарысқа ұшырап жатқан ұлттық дәстүр мен ислам дінін, мектеп-медресе жүйесін, басқа да қоғамдық институттарды жандандыру, қайта құру мақсатын өздерінің Алла алдындағы, халық алдындағы парызы деп түсініп, жаңа рухани ағартушылық ағым тудырды» [Н. Нұртазина, 2002: 176].

Жәдидтік білім беру орындарының көптеп ашылуы патша өкіметінің халық ағарту саласын орыстандыру арнасына бұруына кедергі келтіре бастады. Шет аймақтарда ашылған «орыс-түзем» мектептеріне жергілікті халықтың балаларын тарту жұмыстарының өзі қиын жүріп жатқан кезде жәдидтік мектептер бұл жағдайды күрделендіріп жіберді.

«Орыс-түзем» мектептеріне жергілікті халық шошына қарап, мұндай мектеп орыстандыру саясатын жүргізеді деп шошына қарады. Осыған байланысты бұл мектептерге жергілікті тұрғындар балаларын бермеуге тырысатын. Енді жәдидтік мектептер ашылған кезде жергілікті халық балаларын осы мектептерге беруге тырысты. Жәдидтік мектептердің түлектері өзінің мұсылмандығын сақтай отырып, сауаттылығымен даралануы халық арасында бұл мектептерге деген құрметті күшейте түсті.

Патша өкіметі жәдидтік мектептерді ашқанда бұл мектептер өздігінен жабылып қалады деген ойда болды. Билік орындарының пікірінше, біріншіден, керітартпа мұсылман дін иелері жәдидтік мектептердің жұмыс істеуіне жол бермейді, молдадар, қазылар және хазіреттер халықты жәдидтерге қарсы айдап салып, оларды өз жолынан ығыстырып шығаратын, екіншіден, мемлекет тарапынан қаржыландырылмаған соң жәдидтік мектептер қаржы тапшылығына байланысты өз жұмысын ұзақ жүргізе алмайтын. Бірақ, олар И. Гаспыралының жәдидшілдіктің алдынан шығатын кедергілерді жеңудің жолдарын алдын ала ойластырып қойғанынан бейхабар болатын.

И. Гаспыралының жоспары бойынша, жәдидшілдер керітартпа мұсылман дін иелерін халық алдында ашық бәсекелестікте жеңуге болатынына сенім артты. Оның бұл ойы өзінің дұрыстығын осы бәсекелестік көрсетіп берді. Ескіше, жәдидтік мектептер ашылған кезден схоластикалық мұсылмандық оқу орындарына халық балаларын беруді азайтты. Ендігі жерде халық балаларын діни мектептерге емес, жәдидтік мектептерге беруге ынталы болды. Тіпті, көшпелі қазақ ауылдарының өзі жәдидшіл мұғалімдерді шақыртып, соларға балаларын оқытып жатты. Бұрындары қазақ ауылдарында мұндай сабақты молдалар жүргізетін.

Патша өкіметінің билік орындары шенеуніктерінің жәдидтік мектептер қаржы тапшылығынан өздігінен қызметін доғарады деген есебін де И. Гаспыралы жоққа шығарды. Ол жәдидтік мектептерді патша өкіметі қаржыландыруға талпыныс та, ниет де танытпайтынын жақсы түсінді. Сондықтан да ол жәдидшілдікті мұсылман халықтарының ішіндегі дәулетті адамдардың демеушілігіне сенім артып, оларға өзінің насихат жұмысымен ықпал етуге күш салды. Сөйтіп, ол өзінің көздеген мақсатына қол жеткізді. Бұған Орынбордағы «Хусаиния», Уфадағы «Ғалия», Қазандағы «Мұхаммедия» секілді т.б. ірі жәдидшілдік бағыттағы медреселер мен мектептердің ашылуы дәлел бола алады. Сонымен қатар, И. Гаспыралы Ресей империясының протектораты болып табылатын Бұқар әмірлігі мен Хиуа хандығындағы жағдайды шебер пайдалана біліп, бұл жерлерде де жәдидшілдер тобын қалыптастыруға қол жеткізді. Жәдидшілдіктің XX ғасыр басында екпін алғаны соншалықты енді И. Гаспыралының үгіт-насихатынсыз-ақ жергілікті жерлерде халық өз беттерінше жәдидтік мектептер ашып, балаларын сонда оқытуға деген талпынысын күшейте түсті.

Мұндай қалыптасқан ахуал «орыс-түзем» мектептеріне ғана емес, Ташкентте ашылған мұғалімдер семинариясы секілді ірі оқу орындарына кедергі келтіре бастады. Өйткені, жергілікті халық балаларын мұндай оқу беруден гөрі, Орынбордағы, Уфадағы, Қазандағы секілді ірі жәдиттік медреселерге бергенді жөн санады. Осындай жағдайдың орын алуына орай Н. Остроумов секілді патша өкіметінің жандайшаптары орталық билік орындарына жәдиттердің әрекетіне тыйым салу жөнінже «дабыл» қаға бастады. Міне, осындай «дабылдан» соң Полиция департаменті 1900 жылы желтоқсан айында шеткері аймақтардағы отарлық билік орындарына, соның ішінде Жетісу облысының әскеригубернаторына да нұсқау хаттар жөнелтіп, онда «империядағы 14 миллионнан астам мұсылмандардың өмір салтын өзгеріске түсіретін күшті ықпал пайда болды, мұндай ықпал И. Гаспринскийдің (Гаспыралы) 1884 жылғы «Хаджан сибиан (Әліппе) деген оқулығынан басталды» дей отырып, жәдитшілдердің әрекетін қатаң бақылауға алуды тапсырды [ҚР ОММ. 53: 43].

Қорытынды

Патша өкіметінің жергілікті билік орындары арнайы нұсқау алғаннан кейін жәдитшілдік бағыттағы оқу орындарына қысым көрсету мақсатында, мұндай оқу орындардың жұмысына тексеріс жасап, түрлі кедергілер келтіруге әрекеттенді. Көшпелі қазақ ауылдарында жәдиттік білім беріп жүрген мұғалімдерді арнайы рұқсаты жоқ деп ауылдардан қуа бастады. Жәдиттік мектептерге рұқсат етілмеген кітаппен оқытуда деп жала жабуға тырысты. Бірақ мұндай кедергілерге қарамастан, И. Гаспыралы негізін қалаған жәдитшілдік XX ғасыр басындағы саяси жағдайға сай икемделіп, өміршеңдік танытты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Абдирашидов З. Исмаил Гаспринский и Туркестан в начале XX века: связи – отношения – влияние. – Ташкент: «Akademnashr», 2011. – 384 с.
- Алиева С.И. Модернизация в Азербайджане и на Северном Кавказе в конце XIX – начале XX вв. // Вопросы истории. – 2014. – №11 – С.143 – 149.
- Бендриков К.Е. Очерки по истории народного образования в Туркестане (1865 – 1924 годы). – М.: АПН РСФСР, 1960. – 265 с.
- Валидов Д. Очерки истории образованности и литературы татар (до революции 1917 г.). – Оксфорд: Общество исследования Средней Азии, 1986. – 215 с.
- Ганкевич В. От исламского к светскому искусству (по страницам газеты «Терджиман / Переводчик» 1883 – 1918 годов) // Ислам в Евразии. – М.: ПрогрессТрадиция, 2001. – 516 с. (С.385 – 400).
- Гилязов И. Тюркизм: становление и развитие. – Казань: КГУ, 2002. – 70 с.
- Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: «Жазушы», 1991. – 381 б.
- Kirimli C. Gaspıralı İsmail bey. – İstanbul: Türk şirketi, 1934. – 250 b.
- Кубатов А.Э. Кыргызстандагы жадидчилик кыймылы (1900 – 1916). – Бишкек: Тарых жана маданий мурас институты, 2012. – 204 б.
- ҚРОММ. 53-к., 1-т., 9(а)-іс.
- Мухаметдинов Р.Ф. Зарождение и эволюция тюркизма. – Казань: «Заман», 1996. – 272 с.
- Нұртазина Н.Д. Қазақ мәдениеті және ислам (тарихи-мәдениеттанулық зерттеу). – Алматы: ҚазМӨҒЗИ, 2002. – 208 б.
- Тузбекова Л.С. Медресе «Галия» - высшее мусульманское учебное заведение на территории Башкортстана (1906 – 1919 гг.). – Уфа.: Уфимская государственная академия экономики и сервиса, 2006. – 130 с.
- Хабутдинов А.Ю. Лидеры нации. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2003. – 159 с.
- Хисамутдинова Л. Основные вехи жизни и деятельности Галимджана Баруди // Медресе «Мухаммадия»: история и современность. - Казань: «Иман», 2003. – 86 с. (С.1036).
- Юсупов М.Х. Галимджан Баруди. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2003. – 208 с.
- Ямаева Л.А. Мусульманский либерализм начала XX века как общественнополитическое движение (по материалам Уфимской и Оренбургской губерний). – Уфа: «Гилем», 2002. – 300 с.

Г. ЖҰМАЙ

«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, Алматы, Қазақстан

ҚОРЫҚ-МУЗЕЙДІҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ

Аңдатпа. Қазақ даласында ғылыми түрде әлі толық зерттелмеген, зерделенбеген киелі орындар мен тарихи-мәдени ескерткіштер, қорымдар мен қорғандар көптеп кездеседі. Алайда, бұл кейбір жерлердің шалғайлығы мен табиғаттың келеңсіз жағдайларынан да құрып кетудің аз ақ алдына тұрған петроглифтерге де әсер етуде. Жалпы қазақ даласындағы петроглифтерді толық зерттеу үшін табиғаттың қолайлы мезгілі зерттеушілер үшін ауадай қажет. Қорық-музей қызметкерлерінің жаз мезгілінде екі жыл қатарынан барлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында ғылыми ортаға мәлім емес бірнеше нысандарды анықтауы осының дәлелі. Алматы облысы, Ұйғыр ауданына барлау жұмысын жүргізу барысында табылған сақ кезеңіне жататын петроглифтер семантикалық мазмұны жағынан зерттеудің басты дереккөзі болып табылады. Петроглифтер әр кезеңнің адамдардың тұрмыс-тіршілігі мен шаруашылығына қарай жетіліп, тас бетіне қашалып түсіп отырған. Сондай-ақ петроглифтердің жартас бетіне немесе жазық далада орналасуына байланысты ерекшеліктерін де аңғаруда мүмкіндік бар. Мақалада қорық-музейдің зерттеу нысандарының бірі петроглифтер жөнінде баяндалады. Сондай-ақ сақ кезеңіне жататын жартас бетіндегі суреттердің ерекшеліктері мен семантикалық мазмұны талданып, петроглифтерді анықтау, зерттеу, насихаттау мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: археология, жартас бетіндегі суреттер, наным-сенім, артефактілер, таңбалар, жоба, петроглифтер, байырғы суреттер, өнер туындылары.

Жумаи Гулмира

Государственный историко-культурный заповедник-музей «Иссык», Есик, Казахстан.

ОБЪЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ЗАПОВЕДНИКА-МУЗЕЯ

Аннотация. В казахских степях много мест, которые еще не были полностью исследованы: неизвестные священные места, памятники истории и культуры, погребения и курганы. Кроме того, отдаленность мест и неблагоприятные природные условия также влияют на исчезновение петроглифов.

Для полноценного изучения петроглифов в казахских степях необходимо благоприятное время для исследователей.

Подтверждением тому служит тот факт, что сотрудники музея-заповедника обнаружили несколько неизвестных научных артефактов, во время двухлетних исследований, проведенных летом. Основным источником исследования служит семантическое содержание петроглифов, относящихся к сакскому периоду, которые были обнаружены при проведении геологоразведочных работ в Уйгурском районе Алматинской области.

Петроглифы, высеченные на каменистой поверхности, отображали каждый этап жизни и быта людей. Следует отметить, что петроглифы обладают способностью воспринимать особенности каменистой поверхности или равнин. В статье описаны петроглифы, как один из объектов исследования музея-заповедника. В статье описаны петроглифы как один из объектов исследования заповедника-музея «Иссык». Также обсуждаются вопросы анализа, описания особенностей и смыслового содержания петроглифов, относящихся к сакскому времени.

Ключевые слова: археология, наскальные рисунки, верования, артефакты, символы, узоры, петроглифы, произведения искусства.

Zhumai Gulmira

State historical and cultural reserve-museum Issyk. s. Esik, Almaty region.

OBJECTS RESEARCH OF THE RESERVE-MUSEUM

Summary. There are many places in the Kazakh steppes that have not yet been fully explored: unknown sacred sites, historical and cultural monuments, burials and burial mounds. In addition, the remoteness of places and adverse natural conditions also affect the disappearance of petroglyphs. For a full study of petroglyphs in the Kazakh steppes, favorable time for researchers is necessary.

This is confirmed by the fact that the staff of the Museum-Reserve discovered several unknown scientific artefacts, during two-year studies conducted in the summer. The main source of research is the semantic content of petroglyphs belonging to the Saka period, which were discovered during exploration in the Uygur district of Almaty region.

Petroglyphs, carved on a rocky surface, displayed every stage of life and life of people. It should be noted that petroglyphs have the ability to perceive the features of the rocky surface or plains. The article describes the petroglyphs, as one of the objects of study of the museumreserve. The article describes the petroglyphs as one of the objects of study of the reservemuseum "Issyk". Also discussed are issues of analysis, descriptions of the features and semantic content of petroglyphs relating to the Saka time.

Key words: archeology, cave paintings, beliefs, artifacts, symbols, patterns, petroglyphs, ancient paintings, works of art.

Кіріспе

Қазақ даласы тарихи-мәдени ескерткіштерге өте бай. Тарихтан сыр шертетін қорғандар, қорымдар, жартас бетіндегі суреттер, ғибадатханалар мен қалажұрттары қазақ даласының кез келген өңірінде кездеседі.

Алайда, өткен заманның көптеген беттері осы уақытқа дейін толық ашылған жоқ, зерттеуді қажет ететін сонымен қатар, шешімі табылмаған мәселелер әлі де кездеседі. Дегенмен, қазіргі уақытқа дейін жеткен археологиялық және этнографиялық мәліметтер біраз деректерді нақтылауға ықпалын тигізді. Сондай мәліметтер ең көне замандардағы адамзаттың материалдық және рухани мәдениетінің кейбір қырларын түсінуге мүмкіндік туғызды.

Адамдардың дүниені тану, жаратылыстың құпиясы мен сырын ашуға ұмтылуы мифтік наным-сенімдермен байланысты болды. Осындай үрдістен синкреттік өнер туындылары туындап, жартас беттеріндегі тастарға тасаттық өткізуге арналған ғұрыптық кешендер, күн, ай, арқар немесе бұғы тәрізді аңдардың бейнелері қашалған сызбаларды сызу ғұрпы пайда болды.

Жалпы, ерте дәуірде қазақ сахарасын мекен еткен халықтарда жазу-сызудың болмауына байланысты, оның ілкі формалары – алғашқы қарапайым суреттер, петроглифтер, пиктограммалар, жартас суреттері, таңбалар мен символдар болып табылады. Осындай жартас бетіндегі суреттерде күн, ай, жұлдыз, жыртқыш аңдар, бұғылар, адамдар, арба сияқты көлік құралдары және қару-жарақтар сынды алуан түрлі семантикалық көріністер туындады. Демек, аталмыш артефактілердің барлығы дерлік жазудың, жазба мәтіндердің алғашқы көріністері деуге болады.

Байырғы суреттерді яғни, жартас бетіндегі бейнелер сонау тас дәуірінен бастау алған. Тарихтың кейінгі кезеңінде яғни қола, темір дәуірінде қоғамдағы өзгеріс адамдардың шаруашылығы мен тұрмыс-салтына байланысты жетіліп, тастың бетін қашап, ойып салу арқылы түсіріліп отырған. Ал, таспен ойып, қашап салу тәсілі дүниежүзінде кеңінен тараған. Жартас беттеріндегі салынған сюжеттерге назар аударсақ, көбінесеқырынан бейнеленген хайуанаттар мен қарсы алдынан қараған адамдар кескіндері салынған. Алайда, мұндай өнердің мәні терең, бейнелері мазмұнды болып келеді.

Дереккөзі мен әдістері

2017-2018 жж. арасында «Есік» қорық-музейі «Жетісу сақтарының идеологиясы мен мифологиясы» атты ғылыми-қолданбалы жобасы аясында Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Ұзынкүңгей, Болыссай, Науакескен шатқалдарына зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Осы бағытта, бұл өңірден ғылыми ортаға беймәлім –петроглифтер табылып, жартас бетіндегі суреттердің көшірмелері (фотосуреттер мен эстампаждар) жасалып, құрып-жоғалудың аз-ақ алдында тұрған тақтатас сынықтарына зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ежелгі таңбалар мен байырғы суреттер тас бетіне қашалып, сол заманда өмір сүрген адамзаттыңбарлық рухани құндылықтары мен наным-сенімін, ғұрыптық ишараттарын білдіретін коммуникациялық қызмет атқарған.

Аталмыш жоба аясында, жүргізілген барлау жұмысының нәтижесінде, Ұйғыр ауданы, Ұзынкүңгей және Қаракүңгей сайларынантабылған петроглифтердеанықталған арқарлар, төртқұлақты өсімдік бейнесі мен таңбалар, бақсылық көріністердің бейнесі бар петроглифтер анықталды және осы петроглифтерге эстампаж жасалды. Ғалымдардың пайымдауынша, «Жетісу өңіріндегі мүйізі бірнеше рет шеңберлене шиыршықталған арқар бейнесінің жиі ұшырасуы, сақ

дүниетанымындағы арқарды пір тұту, құт, береке дарыған жануар, қасиетті құдіреттіліктің нышаны деген дүниетанымдықтан туындап, кеңінен көрініс табуының бірден бір себебі болуы мүмкін» – дейді. Жалпы петроглифтерден ежелгі адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы мен кәсібі, діни нанымсенімдері мен әдет-ғұрыптары, дүниетанымы, қоршаған ортамен қарым-қатынасы және басқа іс-әрекеттеріне қатысты мағлұматтар алынады [1,12-6].

Ғалымдардың пікірлеріне назар аударсақ, сақ кезеңіндегі петроглифтертаулы алқапта, шатқалдың аузында таудың орта шенінде немесе биігінде жиі кездеседі екен және көбінесе жерден бір жарым немесе екі метрлік биіктікте орналасқан. Сақ заманындағы жартас суреттерінің басым көпшілігінде аң бейнесі сондай-ақ сақ дәуіріндегі петроглифтерде жыртқыш аңдардың төрт аяқтарымен тіреуі немесе кілт тоқтаған көрінісі жиі ұшырасады [1, 18-6]. Демек, мүйізі шеңберлене шиыршықталған тау ешкі, арқар, мүйізі арқасына дейін жайылған таутеке, мүйізі ағаштың бұтағы тәрізді тармақталған бұғының бейнесі сақ дүниетанымындағы басты культі болған. Байырғы наным-сенім бойынша арқардың шеңберлене шиыршықталған мүйізі күнге табынушылықтан туындаса керек. Мұндай тас бетіндегі жануарлар идеяны тасымалдаушы, байланыстырушы құдіретті күшке ие ретінде қаралған, демек, арқар екі әлемді яғни осы әлем мен ана әлемді байланыстырушы жануар ретінде ғұрыптық дүниетанымнан туындаған деген пікірлер ұшырасады.

Талдамалар

Алайда Қытай өкіметі «жұмсақ күш» саясатын өнімді түрде іске асыру үшін, Конфуций институттарын әр елдің ең ірі және беделді жоғарғы оқу орындарында құрып өз бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізіп отыр. Сондай-ақ жастарды Қытайға баурау мақсатында шетелдіктердің Қытайдың жоғарғы оқу орындарында тегін оқуына бөлінетін гранттар санын көбейтіп келеді. Тек қытай тілі деңгейін анықтайтын HSK емтиханынан өткен және халықаралық «Қытай тілі көпірі» сайысының жеңімпазы болғандар, Қытайға барып бір жылдан үш жылға дейін тегін оқып келеді. Ал Қытай тілін оқытып жүрген оқушыларға арнап Қор құрды. Аталмыш Қор Қытай тілі оқытушыларына материалдық тұрғыда қолдау көрсетіп отырады.

Қытай тілі мен мәдениетін оқытумен қатар, оның кең көлемде таралуына және терең тамыр тартуын қамтамасыз ету үшін, Қытай үкіметі Шет елдерде Қытай мәдени орталықтарын құруда. ҚХР-дың Мәдениет министрлігі 2020 жылға дейін әлемде 50 мәдени орталықтар ашуды жоспарлап отыр.

Осындай жұмыстардың барлығы Конфуций институттарының тікелей араласуымен іске асып жатқанын ескерсек, оның Қытайдың «жұмсақ күш» саясатын жүзеге асырудағы орны мен рөлінің қытайлар үшін қаншалықты маңызды екенін көруге болады.

Қытай үкіметі Конфуций институттарын мамандандыру арқылы дамытып келеді. Нақтылап айтқанда, Британдық бизнесмендер мен сарапшыларды арнайы оқыту үшін құрылған

Лондон Конфуций институты, әлемдегі ең алғашқы қытай медицинасын негізгі оқу бағдарламасы ретінде оқытуға мамандандырылған Конфуций институты [13].

2014 жылы Белорус Ұлттық ғылыми-техникалық университеті жанынан құрылған Конфуций институтындаарнайы ғылым мен техника бойынша білім береді [14]. Тәжікстан тау-металлургия институты жанынан ашылған Конфуций институты, тау-кен өндірісі мен мұнай саласындағы мамандарды дайындаумен айналысады [15].

Конфуций институтының көбеюі мен қызметінің барынша кеңеюі қоғамда күмен тудырды. Кейбіреулер олардың үгіт-насихатының сипатына талдау жасаған, Канаданың Ақпараттық агенттігінің журналисті Джим Браунский 2007 жылдың 28 мамырында жазған материалында Конфуций институттары Қытай үкіметінің тапсырмасымен жұмыс жасайтын «ми шаятын механизм» деп бағалағаны бар.

«Globeand Mail» газетінде шыққан мақалада, авторлар Канаданың университеттері мен колледждерін Конфуций институттарымен бірлесіп жұмыс жасаудан аулағырақ болуға шақырды. Сондай-ақ олар Конфуций институттары либералды оқу-ағарту жүйесімен жанаспайтын, Қытай саясатының элементтерін насихаттаумен айналысады дейді. Канадалық зерттеушілер Конфуций институттары шетелдік оқу орындарында бағытты түрде Қытай компартиясының көзқарастарын насихаттаумен айналысып отыр [16], - деп айыптайды.

Сол жылы Канаданың қауіпсіздік және барлау қызметі өзінің тексеріп зерттеулерін жариялады. Онда Конфуций институттары Қытайдың мемлекеттік саясатын жүргізу үшін «жұмсақ күш» қолданып отырған мекеме деп айыптады. Канаданың Брей-Брит еврей ұйымының өкілі Дэйвит Мэйтас, бұл институттар желісінің кейбір мекемелері қытай үкіметінің барлау резентурасының қызметін атқарып отыр деп мәлімдеді. Бұл туралы журналист Фабрицио де Пирребург өзінің «Осы және өзге де тыңшылар» деген кітабында «Конфуций институттарында қытайдың барлау қызметінің жұмыс жасайды» [17], деп жазды.

Конфуций институты басшыларының біреуі Шигесато Тошиюки Конфуций институттарын «гуманитарлық тыңшылық жасайтын барлау агентствасы» деп ресми түрде ашық айтқаннан кейін, Жапонияның Осака Саньо университеті ашылғанына бір жыл ғана болған Конфуций институтын жауып тастады.

2013 жылы АҚШ та J-1 визасын заңсыз қолданған деген айыппен Конфуций институттарын жабуға кірісті. Іс жүзінде аталмыш институттарды жабудың негізгі себебі, жоғарыда айтылған мәселелер екені даусыз.

Әлеуметтанушы Стивен Мошер Американың парламентінің сыртқы істер комитетіне «Конфуций институттары: қытайлық троян аттары» деп аталатын баяндамасында, Конфуций институттары қытай мәдениеті мен тілін оқытудан гөрі ҚХР саяси мүдделері мен мемлекеттік саясатын алға жылжытумен айналысады деп айыптады. Мошер баяндамасында «Конфуций институттарының оқу орындарының академиялық еркіндігіне нұсан келтіргені, өндірістік және әскери тыңшылықпен айналысқаны, шетелдегі қытайлық студенттерді аңдығаны, Далай Ламаға, Тибетке және Тайваньға қатысты, шетелдегі демократиялық қозғалыстарға және Қытайдың өз ішіндегі диссиденттерге қатысты Қытай компартиясының ұстанымын насихаттағаны туралы көптеген дәлелдер бар» [17] деп кесіп айтты.

Телеграф агенттігінің хабарлауынша, 2014 жылы Американың университет профессорлары ассоциациясы (АУПА) американың 100 университеті мен Конфуций институттарын қаржыландырып отырған Қытай үкіметімен арадағы ынтымақтастықты тоқтатуға немесе қайта қарастыруға шақырды. Бұл ұйым Конфуций институттары желісін академиялық еркіндіктің негізгі принциптарын жоққа шығарып, өз білгендерін істеп отыр деп айыптады. Ассоциация ресми мәлімдемесінде «Конфуций институттары қытай үкіметінің қолындағы құрал, үкімет оларға академиялық еркіндік идеяларын қадағаламауға мүмкіндік беріп отыр» делінген. Конфуций институтының қызметін сынға алған профессорлар, «бұл мекеме тілдік және мәдени бағдарламалар арқылы бүкіл әлемде ҚКП-ның жағымды бейнесін қалыптастыру үшін құрылған және ол жерде Тибетті окупация жасау сияқты тақырыптарға еркін пікір алмасуды шектеп отыр» [18], дейді.

Осындай айыптаулардан кейін Чикаго университеті, Мельбурн университеті сияқты оқу орындары Конфуций институттарымен жасаған келісім-шарттарын тоқтатты немесе серіктестіктен мүлдем бас тартты.

2014 жылы Швецияның Стокгольм университетінің оқытушы-профессорлар құрамы қытай елшілігі Конфуций институты арқылы саяси бақылау жасап академиялық еркіндікке нұқасан келтіріп отыр деген айыппен, бұл институтты университеттен бөліп тастауды талап етті.

Стокгольм университеті жанындағы Конфуций институтының жабылуы қоғамда қызу талқыға түсті. Ол кезде де институттар желісін қытай үкіметі өз мүддесі үшін пайдаланып отырған «ми шаятын құрал» деген сөздер айтылды. Стокгольм университетіндегі Конфуций институты 2005 жылы Европада ең алғашқы ашылған еді. Оның жабылуы әлемдік қауымдастықтың назарын Конфуций институттарының атқарып отырған қызметіне қайта аударды [19].

Тура осындай айыппен 2012 жылы Австралияның «жасылдар» партиясының мүшесі Джейми Паркер жергілікті мектептердегі Конфуций сыныптарын жабуға шақырған петициясына 10 мың адам қол қойған екен [19].

Осыған ұқсас жағдайлар Ресей университеттерінде де орын алды. Атап айтқанда, 2010 жылы «Қытай идеологиясын тықпалағаны» үшін деген айыппен Якутскідегі Конфуций институты жабылды. 2013 жылы «мемлекет саясатының мәдени және оқуғарту кеңістігінің тұтастығы принциптеріне, еңбек заңнамасы талаптарына қайшы келеді және мемлекеттік жоғарғы кәсіби білім беру мекемесінің статусына нұқсан келтіреді» деген айыппен Новосибирск қаласындағы екі университет жанынан ашылған Конфуций институттарының жұмысы уақытша тоқтатылды. Осындай күдікпен Благовещенск педагогикалық университетінің жанынан ашылған Конфуций институтытында, 2015 жылы Амур облысының прокуратурасы тексеру жүргізді [20].

Мұндай тағылған айыптарға Қытай басшылары мен мамандары қарсы уәж айтып, жауап беруге тырысып келеді. Ресми билік «мұндай жағыдай негізінен олардың елді дұрыс танымауынан, кате түсінуінен шығып отыр» [8], дейді.

2014 жылы Қытай төрағасы Австралия парламентінде Қытай мен Австралия арасындағы еркін сауда келісіміне қатысты сөйлеген сөзінде, «мұндай келісімдер Қытай тудырып отыр деген үрейден арылуға көмегі көп. Мәселені ушықтыру да, соғыс та қытай халқының мүддесіне сай келмейді» [21] деп атап көрсетті.

Қытай Чжэминь университетінің профессоры Ван Ивэй Конфуций институттары тек қана қытай тілін оқытайтын академиялық институттар емес, сонымен қатыр ол қоғамдық-дипломатиялық қызметтің де атқарып отырған мекеме екенін айта келе, оны халықтық дипломатияның субъектісі мен объектісі ретінде қарастырады. Профессор өзінің көзқарасын нақтылау үшін, үш түрлі жағдайды алға тартады:

Біріншіден, Конфуций институттары әлемге Қытайды тануға көмектесуде. 2006 жылдың қараша айында «Нью Йорк Таймс» журналы «Қытай тілі: тағы бір танымал экспортты товар» деген тақытыппен жариялаған мақаласында: «Қытай өз тілінің мәдениеті арқылы қытай қоғамының жағымды да жылы бейнесін қалыптастырып отыр».

Екіншіден, «Конфуций институттары Қытай экономикасының аз уақыттың ішінде жылдам және табысты дамуының себебі неде, қытайлық қайтпас рух деген не, қытай даму жолының мәдени құндылықтары қандай, қытайдың арманы не деген сияқты қиын сұрақтарға жауап беріп отыр».

Үшіншіден, «Конфуций институттары Қытайды түсінуге көмектеседі. Олар көптеген шетелдік зерттеу орталықтарымен, ғылыми ұйымдармен серіктестікті дамыта отырып, қазіргі кезде Қытайда жүріп жатқан өркениетті өзгерістер туралы ақпарат береді. Осылайша әлемге қытай өркениетінің өз ішіндегі өркениеттен теңіздік өркениетке, аграрлық өркениетінен индустриалды өркениетке, аймақтық өркениеттен әлемдік өркениетке өткенін және ең бастысы, осы үш өзгерістің адамзаттық өркениетке айналғанын түсіндіреді» [22], деп пайымдаған. Алайда Қытай тарапы Конфуций институттарының жұмысын мінсіз етіп түсіндіргенімен, ол институттардың ауыр сынқатерлерге дүп келіп отырғандарын жоғарыдағы фактілер дәлелдейді.

Қорытынды

Қытайдың Конфуций институттары мен сыныптарының өмірге келуі және оның әлемдегі әрбір елге кең көлемде таралуы- Қытайдың жаһандануға ұстанған стратегиялық саясатының нақты көрінісі болып табылады. ҚХР билігі ұлы гуманист Конфуцийдің есімі мен ілімін ала тарта отырып, бейбіт өрлеу, бейбіт қатар өмір сүру деген әдемі сөздерді дәріптей отырып, мемлекеттік қаржылық және технологиялық ресурстарды аямай жұмсай отырып Конфуций институттары мен сыныптарының санын көбейтті, қызметін кеңейтті.

Мемлекеттің жан-жақты қолдауына сүйене отырып, Конфуций институттары әлемге Конфуцийдің гуманизмдік ілімдерін таратудан гөрі, ҚХР дипломатиясының миссиясын атқаруға,

әсіресе, қазіргі заманғы қытайлық құндылықтарды уағыздауға бойұрды. Сөйтіп ол Қытайдың шетелдердегі мәдени базасына айналды. Сондықтан болар, Конфуций институттары Қытай басшыларының, ресми тұлғалардың, мәдени адамдардың, тіпті кәсіпкерлердің де көп бас сұғатын, түрлі іс-шаралар өткізетін нүктеге айналды.

Конфуций институттары ҚХР сыртқы саясатындағы «жұмсақ күш» құралы ретінде, бүкіл әлемде қытай тілін тарату арқылы қытайлық мәдени ықпалды артырып отырғанына Қытай үкіметі сүйсіне қараса, әлем елдері оған күменмен қарады. Тіпті олардың беталысынан қауіптен бастады. Сонымен көптеген дамыған елдер өз елдеріндегі Конфуций институттарын заң бойынша тексере бастады, тіпті бірінен соң бірін жауып жатқан жайы бар. Сондықтан Конфуций институттары қазір ең ауыр сын-қатерлерге ұшырап отыр. Бұл құбылыс бір жағынан Қытай өркениеті мен әлем өркениеттері арасындағы қақтығыстарды аңғартады. Әсіресе, қазіргі қытайлық құндылықтар мен әлемге ортақ азаматтық құндылықтар арасындағы алшақтықтарды көрсетеді. Осы тұрғыдан қарағанда, Конфуций институттары қытайлар мен әлем арасындағы түсіністікті ілгерлетті ме, әлде, түсініспеушілікті, тіпті дүр-дараздықты күшейте ма? деген сұрақ туындайды. Егер Конфуцийдің «仁 - ren - мейірбандық» ілімі Қытайдың өзінде және әлемде іске асса, адамзат өркениеті биіктей түсер еді. Амал нешік, өркениеттің өзі адасып бара жатқандай адамға әсер қалдырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Госканцелярия КНР по распространению китайского языка и культуры за рубежом (сокращенно Ханьбань) // URL:<http://www.hanban.edu.cn/>
2. The Office of Chinese Language Council International North America Office. 2014. Режим доступа: www.hanban.ca/hanban.php?lang=en (дата обращения: 17.08.2014).
3. The Office of Chinese Language Council International North America Office. 2014. Режим доступа: www.hanban.ca/hanban.php?lang=en (дата обращения: 17.08.2014).
4. Аликберова А.Р. Гуманитарная экспансия КНР на примере функционирования Институтов Конфуция в России // Materials of XI International Research and Practical Conference "Modern European Science - 2014". - Sheffield, UK. - Vol.5, pp.3-8. - 2014
5. Confucius Institute Headquarters (Hanban). Режим доступа: www.hanban.edu.cn (дата обращения: 07.11.2018).
6. 530 Институтов Конфуция созданы в 149 странах мира http://russian.news.cn/201809/29/c_137501832.htm
7. Жиньшп. [Электронный ресурс] // Официальный сайт Жэньминь интернета. — Режим доступа: <http://edu.people.com.cn/n/2014/0928/c367001-25754689.html>
8. Председатель КНР Си Цзиньпин провел беседу с немецкими синологами и представителями преподавательского совета и слушателей Института Конфуция // Институт Конфуция, вып. 24, 2014, С.5.
9. План развития Института Конфуция на 2012–2020 гг. [Электронный ресурс] // Официальный сайт Ханьбань. — Режим доступа: http://www.hanban.edu.cn/article/2013-02/28/content_486129.htm
10. Joseph S. Nye, Jr. Think Again: Soft Power [Электронный ресурс] // Official website Foreign Policy. — Режим доступа: <http://foreignpolicy.com/2006/02/23/think-again-softpower/>
11. Xu Lin was elected as the top 50 most influential people in relations between China and the U.S. [Электронный ресурс] // Официальный сайт Ханьбань — Режим доступа: http://www.chinese.cn/hanban/article/2015-01/26/content_571828.htm
12. Выступление Лю Яндонг на церемонии открытия 9-ой глобальной Конференции Института Конфуция. [Электронный ресурс] // Официальный сайт Агентства Синьхуа. — Режим доступа: http://news.xinhuanet.com/politics/201412/07/c_1113550855.htm
13. Глобальная сеть Институтов Конфуция [Электронный ресурс] // Официальный сайт Казанского федерального университета. — Режим доступа: <http://kpfu.ru/imoiv/institut-konfuciya>
14. Церемония открытия первого института Конфуция по науке и технике [Электронный ресурс] // Официальный сайт Агентства Синьхуа. — Режим доступа:
15. В Таджикистане открылся второй Институт Конфуция <https://ru.sputniktj.com/education/20150821/1016503961.html>
16. Руслан Изимов: "Мягкая сила" Китая - на прицеле Центральная Азия <https://radiotochka.kz/1581-.html>
17. Что скрывается под «культурной» оберткой Институтов Конфуция? <http://asiarussia.ru/articles/4494/>
18. Американские профессора выступили против Институтов Конфуция <http://www.daokedao.ru/2014/06/23/amerikanskie-professory-vystupili-protivinstitutov-konfutsiya/>
19. Восточная хитрость против русской простоты <https://gvardeets.livejournal.com/14411.html>
20. Институту Конфуция в Благовещенске могут указать на дверь <https://russian.rt.com/inotv/2015-07-30/NTDTV-Institutu-Konfuciya-v-Blagoveshhenske>
21. Smyth J. Australia Unveils trade deal with China // Financial Times. 18 November 2014.
22. Ван Ивэй. Институт Конфуция и три шага публичной дипломатии [Электронный ресурс] // Официальный сайт Чжунго интернета. — Режим доступа: http://news.china.com.cn/world/2014-09/15/content_33514652_2.htm.

К.К. ҚАБДОЛДИНА

Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы

КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ТЕНДІК МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Мақалада ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы өзгермелі қоғам кезеңіндегі Қазақстан әйелдерінің жағдайы және мәселелері қарастырылады. Кеңес өкіметінің әйелдерге қатысты жүргізген саясатын анықтай отырып, қазақ әйелдеріне кеңестік модернизацияның әсері анықталады. Сонымен қатар көрсетілген уақыт шеңберіндегі мерзімді басылымдардан Қазақстандағы гендерлік қатынастардың өзгеруі, большевиктер жобасының барысында отбасы мен қоғамдағы әйелдердің мәртебесі мен лауазымының өзгеру дәрежесі сынды мәселелер қарастырылады. Қарастырылып отырған мәселе ғылым үшін өзекті болып табылады. Себебі, тарихтың көлеңкесінде қалып келген қазақ әйелінің тарихы кеңестік модернизация кезеңінен кейін қаншалықты деңгейде өзгергені ғылым үшін маңызды. Қазақ әйелі тек қазақ отбасының ғана асыраушысы, анасы емес, қазақ әйелі – бүкіл ұлттың тәрбиешісі. Олай болса тоталитарлық жүйедегі қазақ әйелдерінің қоғамдық – саяси жұмысын зерттеу – тәуелсіз Қазақстанның негізін құрайтын ұрпақ тәрбиесінде қазақ әйелдерінің рөлінің зор екендігін танып-білуге мүмкіндік береді. Осы тақырыптың аясында 2017 жылы т.ғ.д., профессор Ж.Б. Кундакбаеваның «модернизация ранней советской эпохи в судьбах женщин Казахстана, 1920-1930 годы» атты ғылыми жобасында мерзімді бағылымдар мен жеке тектік қорларда зерттеу жұмыстарын жүргіздім. Кеңес өкіметі тұсындағы негізгі жұмыстар маркстік-лениндік ілімге сүйеніп жүргізілгені белгілі. Ал оның ілімінің ғылыми тәсілі таптық тәсіл болғандықтан, мұндай тақырыптар туралы жазғанда ол тәсілден аттап кете алмаймыз. Солай бола тұрса да бұл мақалада кеңестік жүйенің кейбір істері қазақ әйелдерімен жұмыс жүргізгенде артық кеткен тұстары да болғанын көрсетуге тырысамыз.

Түйін сөздер: кеңес өкіметі, гендерлік саясат, қазақ әйелі, теңдік, қалың малды жою, мерзімдік басылымдар, модернизация, әйел эманципациясы.

К.К. КАБДОЛДИНА

Казахский Национальный Университет имени Аль-Фараби

ПРОБЛЕМА РАВЕНСТВА КАЗАХСКИХ ЖЕНЩИН В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. В статье рассматриваются политика советской власти по отношению к женщинам, вовлечение женщин в производственную и общественную жизнь, формирование их активности в 1920-1930 гг. Раскрываются положительные и негативные стороны процесса раскрепощения женщин в рассматриваемый период. Также рассматриваются важность законодательных актов и периодических изданий, принятых советскими властями в отношении женщин. Для науки важно, чтобы история женщины, которая осталась в тени, изменилась после периода обширной модернизации. Казахская женщина - не только кормилец казахской семьи, но и ее мать, казахская женщина воспитатель всей нации. Таким образом, изучение общественно-политической работы казахских женщин в тоталитарной системе позволяет нам признать большую роль казахских женщин в воспитании поколений независимого Казахстана. В рамках этой темы в 2017 году доктор исторических наук, профессор Ж.Б. Кундакбаева своим исследовательском проекте «Модернизация советской эпохи в Казахстане 1920–1930-х годов» проводила исследования в области периодики и частного воспитания. Известно, что основная работа при советской власти была основана на марксистско-ленинской доктрине. Поскольку научный метод его доктрины является классическим подходом, мы не можем игнорировать эти проблемы при написании таких тем. Тем не менее, в этой статье мы попытаемся показать, что некоторые работы советской системы были пропущены казахскими женщинами.

Ключевые слова: советское правительство, гендерная политика, казахская женщина, равенство, отмена калыма, периодические издания, модернизация, эмансипация женщин.

К.К. KABDOLDINA

Al-Farabi Kazakh National University

THE PROBLEM OF EQUALITY OF KAZAKH WOMEN IN THE SOVIET KAZAKHSTAN

Summary. The article discusses the policy of the Soviet government in relation to women, the involvement of women in production and social life, the formation of their activity in 1920-1930. The positive and negative aspects of the process of women's emancipation in the period under review are revealed. It also discusses the importance of legislative acts and periodicals adopted by the Soviet authorities with regard to women. For science, it is important that the story of a woman who remained in the shadows, changed after a period of extensive modernization. A Kazakh woman is not only the breadwinner of a Kazakh family, but also the mother, a Kazakh woman who educates the whole nation. Thus, the study of the socio-political work of Kazakh women in a totalitarian system allows us to recognize the large role of Kazakh women in educating the generations of independent Kazakhstan. As part of this topic in 2017, Doctor of Historical Sciences, Professor Zh.B. Kundakbayeva, in her research project "Modernization of the Soviet Era in Kazakhstan in the 1920s – 1930s," conducted research in the field of periodicals and private education. It is known that the main work under the Soviet regime was based on the Marxist-Leninist doctrine. Since the research method of his doctrine is a classical approach, we cannot ignore these problems when writing such topics. However, in this article we will try to show that some works of the Soviet system were missed by Kazakh women.

Keywords: Soviet government, gender policy, Kazakh woman, equality, abolition of kalym, periodicals, modernization, emancipation of women.

Кіріспе

Тарихымызда кеңестік билік орныға бастаған кезде ХХ ғасырдың 20–жылдарынан бастап әлеуметтік – саяси өмір де өзгерістерге де ұшырай бастады. Пролетариат диктатурасының мемлекетін орнататын социализм құру мақсатында алға қойған кеңес өкіметі мен большевиктер партиясы үшін бұрынғы Ресей империясын мекендеген барлық халықтарды ортақ бір идеологияға, біртұтас саяси жүйеге топтастыру күн тәртібінде қойылған маңызды міндет болды. Ол үшін «әйел теңдігі» деген ұранды басшылыққа ала отырып, түсіндірме, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу қолға алынды. 1920 жылдары еліміздің рухани өмірін өзгеріске ұшыратпақ болған осы бір сөз қазақ халқын жаппай кеңестендіру саясатының бірі еді. Сондықтан да «әйел теңдігі» мәселесін негізгі объект ретінде ала отырып, сталиндік модернизацияның әсерін мақалада анықтаймыз.

Материалдар мен әдістер

Деректік қорына Кеңес өкіметінің декреттері, нормативтік актілер, заманхаттар, баспасөз материалдары жатады. Ең алдымен жұмыстың деректік қорына сол кездерде орын алған ресми құжаттарды, заң актілерін қарастырамыз. Кеңестердің Бүкілқазақ съездерінің материалдары ел ішіндегі жағдайдың әйелдерге қалай әсер еткенін талдағанда және де бұл съездердің, декреттер мен қаулылардың ел өміріне қалай әсер еткенін сипаттағанда қолдандық. Және де жұмысымыздың ең негізгі дерек көзі 1920-30жж. шығып тұрған мерзімді баспасөз беттері. Соның ішінде «Әйел теңдігі» мерзімді баспасөзінің біздің тақырыбымыз үшін орны ерекше, өйткені оның беттерінде үнемі қазақ әйелдерінің жағдайы жазылуымен қатар журнал жаңа кеңестік әйел бейнесін ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан журнал біз үшін құнды дерек көзі болып табылады.

Әдістер

Зерттеу жұмысының методологиялық негізін айқындауда, қоғамдық құбылыстар мен үрдістерді зерттеудің бірнеше әдістері қолданылды. Тарихи оқиғаларды немесе саяси жағдайлары баяндауда баспасөз материалдарына контент – анализ жасау әдісі пайдаланылды. Сонымен қатар журнал мәтіндеріне анализ жасауда семиотикалық әдіс кеңінен қолданылды. Тарих ғылымында қалыптасқан мәселені, болған оқиғаны зерттеуде нақты фактілер мен дәлелдерді мұрағат және журнал материалдары арқылы салыстыра көрсету басшылыққа алынды. Сонымен бірге зерттеу барысында саралау, талдау, және қорыту, тарихи-салыстырмалы, әлеуметтанушылық, тарихи зерттеу тәсілдері қолданылды.

Талқылау

ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы мерзімді баспасөз большевиктік идеология құралы болғанымен де, сол жылдардағы Қазақстанның саяси, әлеуметтік – экономикалық, мәдени өмірінің кейбір мәселелерін айқындауда бірден – бір дереккөзі болып табылады. Ол жерлерде еліміздегі саяси -әлеуметтік жағдай, жүргізілген түрлі реформалар мен науқандар, экономика саласындағы жетістіктер мен кемшіліктер, мәдени революция барысы мерзімді баспасөздің басты тақырыбына айналды. Әйелдер қауымы да дәл осы тұста Кеңес өкіметін нығайту ісіне, елдің этникасы мен

мәдениетін дамыту шараларына кеңінен тартылды. Бұл істен әрине қазақ әйелдері де тыс қалдырылған жоқ. Сондықтан да әйелдер журналы арқылы большевиктердің жаңа қазақстандық әйелді қалыптастыруда жүргізген үгіт-насихаттары мен тәжірибесін зерттеу өзекті болып отыр. Бір жағынан қазақ әйелдеріне арналған әйелдер журналын оқу большевиктерге коммунистік идеологияны сіңіруге көмектесе, екінші бір жағынан құндылықтар жүйесін өзгерте отырып, қоғамдағы жаңа рөлі мен орнын әйелдердің толықтай сезінуі большевиктер жобасының тұтастығы мен жетістігі тұрғысынан маңызды. Олар шектеулі ресурстарға қарамастан қысқа мерзім ішінде өз мақсаттарына қол жеткізгендігі бүгінгі күнде большевиктердің әлеуметтік инженерияға арналған жүйелік жобасын зерттеу, әсіресе әйелдер рөлі мен орнын қайта құрудағы ерекшеліктерін қарастыру маңызды болып табылады.

Нәтижесі

Мақалада 1920-30 жылдардағы қазақ әйелінің бейнесіне Кеңес өкіметі қаншалықты әсер еткенін анықтау зерттеу жұмысының негізгі нысанына айналады.

Қоғам өміріне өзгерістер енгізген қазан төңкерісі әсерінен әлбетте, әйел мәселесі де тысқары қалған жоқ. Барлық жаңалық атаулы сияқты әйел теңдігінің де айрықша ұранмен қабылдануы сол кез үшін толық жеткен құбылыс болғаны анық.

Алғаш әйелдер мәселесін көтергендер – Алаш Орда өкіметінің мүшелері. Олар 1917 жылы Орынборда өткен Бүкілқазақ съезінде әйелдерге ерлермен бірдей саяси құқық беруді, олардың өз еркімен күйеуге шығу құқығын, некеге отырғанда күйеу жігітпен қатар, қалыңдықтың да келісімін сұрау, қалың малды, әменгерлікті жою, жасы жетпеген қыздарды күйеуге беруге тыйым салу (отыру жасын ерлерге 18, әйелдерге 16 жас деп белгілеу), екінші әйел алу үшін бірінші әйелінің рұқсатын алу сияқты талаптар қояды [Список..., 1992:49-50].

Ақиқатқа жүгінсек, Кеңес өкіметі өзінің құрылған алғашқы жалдарынан – ақ әйелдерді басылбайлықтан босатып, қоғамдық өмірдің барлық саласында еркек пен әйел құқығының теңдігін орнатуға тырысты. Өмір бойы әдет – ғұрыптың шырмауында қалып келген қазақ әйелі бірден Кеңес ұйымының жұмысына қатынаса алмады. Сондықтан да әйелдің сана-сезімін оятып, қатарға алу үшін, ең алдымен тең құқылықты түсіндіріп, ескі әдет – ғұрыптың тамырын құрту керек болды. Кеңес өкіметінің әйелдер теңдігіне байланысты шығарған алғашқы декреттерінің бірі – Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1917 жылы 18 желтоқсанда қабылдаған «Азаматтық неке, балалар туралы және азаматтық жағдайды актілеу кітабын енгізу жайлы» декреті [декреты..., 1957:237]. Әйелдердің теңдік алған күні мейрам ретінде арнайы аталып өтетін болды. 1924 жылы 11 қараша өткен Қырғыз облыстық бюро мәжілісінде әйелдер бөлімінің меңгерушісі Алма Оразбаеваның «Қалың малдан азат ету» күнін мерекелеу жайлы баяндамасы тыңдалды. Бюроның шешімімен «Қалың малдан азат ету күнін» мерекелеу 1 қаңтарға көшірілді [КРПА..., 139 –қ]. 1926 жылдан бастап бұл мерекені атап өту 22 наурызға ауыстырылды. Өйткені 8-наурыз халықаралық күн күнін атап өткеннен кейін науқандық іс-шараларды 22 наурызға дейін жалғастыруды тиімді деп есептесе, екіншіден 22 наурыз шығыс халықтарының жаңа жылы есебінен емес, «Әйелдердің азаттық алған күні» ретінде атап өту Кеңес өкіметіне тиімді болды.

Әйелдер арасында жұмыс жүргізу аппаратын В.И. Ленин 16-21 қараша 1918 жылы өткен жұмысшы әйелдердің Бүкілресейлік I съезінде сөйлеген сөзінде анықтап берген.

Партияның жұмысшы топтары, комиссиялары, комитеттері, бөлімдері т.б. органдары болуы керек деген міндет қойды, сөйтіп әйелдер бұқарасын партияға тартып, соның ықпалымен жұмыс істеуді көздеді. Осыған сәйкес I съезд ұсыныстар дайындап, 1918 жылы желтоқсанда Орталық Комитет шешімімен РКП(б) Орталық Комитеті жанынан әйелдер арасында үгіт – насихат жұмысын жүргізетін комиссия ұйымдастырды және оның бөлімдерін губернияларда, қалаларда, аудандар мен уездердегі комиссияларын құрады [Сб документов..., 1971:40-41].

1919 жылы қыркүйекте партиялық комитеттердің қайта құрумен байланысты ол әйелдер арасындағы жұмыс деген бөлімдер болып құрылады. РКП (б) Орталық Комитетінің әйелдер бөлімінде ұйымдық, идеологиялық, бұқаралық – саяси жұмыстарды А.М. Коллонтай, И.Ф. Арманд, Л.Р. Менжинская, С.Н. Смилович, т.б. белгілі революционер әйелдер жүргізеді. Ол үш бөлімшеден тұрады: баспа, ұйымдық – нұсқаушылық, үгіт – насихат, Шығыс әйелдері арасындағы жұмыс істейтін бөлімшелер. Оның жетекшісінің бірі А.И. Нухрат, В.И. Лениннің белгілеген Шығыс әйелдері арасында үгіт және ұйымдастыру формаларының ерекше әдістері қажет деген істерін іс жүзінде жүзеге асыру бағытында табанды жұмыс істеді.

РКП (б) I Қазақстан облыстық конференциясының шешімімен (15 мамыр 1921 ж.) РКП (б) Қырғыз Обкомында әйелдермен жұмыс бөлімі ашылды. Конференцияның арнайы резолюциясында ол үшін партия кадрларын, әсересе, әйелдер ұйымдастыру жұмыстарын белсенді түрде тартуды алға қойды. Бұл істе ұлтқа бөлу деген болмау керектігі айтылды. Әйелдерді табанды түрде ұзақ дайындау және басшылық қызметке тарту арқылы қызметші әйелдер белсенділерін ұйымдастыру міндеті қойылды. Обкомның болашақ құрамына осы істің әдістерін жасау және жергілікті жерлерге нұсқаулар жіберу, сонымен қатар қазақ әйелдерінің конференциясын шақыру көзделді.

Облыстық партия комитетінің әйелдер бөлімінде коммунист әйелдер А. Оразбаева, Н. Арықова, М. Бегалиева, С. Есова, З. Базилевская, Д. Дрофеева, М. Оринич, т.б, көп жұмыстар атқарды.

Қазақ АСР халық ағарту комитеті мәжілістерінде әйелдер бөлімінің мәселелері қарастырылды. Коммуна мектептерінде қыздарға орын көп бөлу қарастырылды. Мысалы, Орал мен Шымкентте қазақ қыздарына арнап 30 орындық мектеп ашылды, Ақмола, Қарқаралыда қыздар үшін мектеп-интернаттар ашылды [Тасырова...,1984].

Коммунистік партияның әйелдер арасында жұмыс жүргізудегі бір ұстанымы мерзімді баспасөзді пайдалану болды. Сондықтан 1922 жылы РКП(б) барлық губерниялық, уездік комитеттерге жергілікті газеттерде әйелдер үшін жеке бет болуы туралы нұсқау берді. Ол беттер мемлекеттік және жеке кәсіпорындарда әйелдердің экономикалық және тұрмыстық жағдайын сипайттайды.

1924 – 1926 жылдардың арасында Қазақстан жерінде Қызылорда мен Орынборда әйелдерді социалистік құрылысқа тартудың мақсаты мен міндетін үгіттеуге арналған, қалтаға салып жүруге ыңғайлы шағын кітапшалар жарық көреді [Островская Н.,1958]. Олар әйелдер қозғалысының ұйымдастырушылардың қойын дәптеріне арналған және осы мәселелер бойынша тарихи білімдерді таратушы міндетін атқарған.

Арнаулы кітапшалармен қатар әйелдер мәселесі жайлы тарихи білімдерді 20-30 жылдардағы баспасөз таратады. Мәселен, «Новый Восток», «Работница», «Делегатка», «Крестьянка», «Коммунистка» журналдарының шығыс әйелдеріне арналған бөлімдері болған. 5 мамыр 1925 жылы Қазақ республикасы өкіметінің шешіміне сәйкес жаппай тиражбен «Теңдік» газеті шығарылды. Кейіннен ол «Әйел теңдігі» деп аталып, 1936 жылдан «Сталин жолы», 1956 жылдан «Қазақстан әйелдері» деп аталады) [ҚРПМ...,141-к] республикалық әйелдер журналына айналды. Семейде «Бостандық әйел» [Газеты КазССР..., 1977] деген қазақ тілінде әйелдер газеті шықты. Қарқаралыда «Еңбекші әйел» газеті шықты. «Степная правда» газетінде «Қырғыздағы еңбекші әйелдердің өмірі» деген бөлімі ашылып, онда әйелдерге арнап түрлі материалдар жарияланды, ал ондағы мақсат қоғамдық ұйымдарға, партия, кәсіподақ жұмыстарына әйелдерді тарату еді. Сонымен қатар қазақ тілінде «Жетісу әйелдері және «Азат әйел», «Ана мен бала», «Бостандық әйел» атты газеттерде әйел теңдігі, оларды қоғамдық өмірге тарту мәселелері жайлы мақалалар жарық көрді.

Әсіресе, кең тараған «Әйел теңдігі» журналында Қазақстанның 20-жылдарындағы әйелдер қозғалысының көрнекті өкілдері Сара Есова (бас редактор), Нағима Арықова, Нәзипа Құлжанова қалың малды жою, ана мен баланы қорғау, көшпелі қызыл отаулардың жұмысы, әйелдер арасындағы жұмыстар жайлы көптеген мақалалар жазады.

Сол кезеңдегі қоғам қайраткерлері де әйелдер мәселесінен тыс қалған жоқ. Атап айтқанда С. Меңдешевтің «Қырғыз әйелін қалың малдан азат ету күніне арналған» [Меңдешев. С.,1925] мақаласында «қалың мал» әйелдердің еріксіз тұрмысқа шығуға мәжбүр еткен сауда құралы ретінде қарастырылады.

20 – 30 жылдарда жарық көрген кейбір мақалалар цифрлар мен фактілерге өте бай болғандықтан, оларды әйелдер мәселесінің алғашқы деректері деп есептеуге болады.

Баспасөзде еңбекші әйелдердің өмірінің жақсы жақтары асыра көрсетіліп, олар көтерген қиыншылықтар мен ауыртпалықтар және партияның жүргізген саясатының кемшіліктері айтылмады. Әміршіл – әкімшіл жүйенің әйелдерге берген «теңдігінің» бір қайғылы көрінісі – 1937 жылғы қуғын – сүргін.

Қазақ тіліндегі мерзімді басылымдарда да үкімет пен партия саясатын дәріптеу арқылы халықтың демократиялық ой – пікірлерін ашық түрде білдіруге тосқауыл қоюмен елдің әлеуметтік – экономикалық, мәдени – рухани өрлеуі кеңестік жүйенің жемісі деген бір жақты пікірді қалыптастыруға тырысты. В.И. Лениннің 1918 жылы жазылған «Совет өкіметінің кезекті міндеттері» атты мақаласында: «Баспасөз социалистік құрылыстың құралы болып қызмет етуге тиіс. Ол жұртты үлгілі коммуналар жұмысының егжейтегжейімен толық таныстыруға тиіс. Екінші

жағынан, «капитализм дәуірінен арыла алмай отырған, яғни бейбастықты, жалқаулықты басты, аяқсыздықты, саудагершілікті әлі жоя алмай отырған коммуналарды «қара тақтаға» жауға тиіс», - деп көрсетуінен [Шығармалар жинақ...,1976;146] табысқа жетіп, шаруашылығын қалай жүргізіп отырғандығын зерттеп білуге тиіс»

XX ғ. 20-30 жылдары мерзімді баспасөз большевиктік идеология құралы болғанымен де, сол жылдардағы Қазақстанның саяси, әлеуметтік – экономикалық, мәдени өмірінің кейбір мәселелерін айқындауда бірден – бір дереккөзі болып табылады.

Тарихымыздың кеңестік әміршіл-әкімшіл билік орныға бастаған кезеңі 20-30 жылдар Қазақстанның қоғамдық – саяси өміріне елеулі де түбірлі өзгерістер әкелді. Пролетариат диктатурасының мемлекетін орнататын социализм құру мақсатын алға қойған кеңес өкіметі мен большевиктер партиясы үшін бұрынғы Ресей империясын мекендеген барлық халықтарды қысқа мерзімде ортақ бір идеологияға, біртұтас саяси жүйеге топтастыру күн тәртібіндегі аса маңызды міндет еді. Сол себептен де бұқара халықтың, әсіресе тұрғындардың тең жарымы болып табылатын әйелдердің белсенділігін көтеру кезек күттірмейтін мәселе болды.

«Әйел теңдігі» - осы екі ауыз сөз қазақ елінің рухани дүниесіне 1920 жылдардан еніп, социалистік жүйенің қазақ халқын жаппай кеңестендіру мақсатынан туындаған саяси тәсілдердің бірі еді. Қазақ әйелдерінің арасындағы қоғамды – саяси жұмыстарды ең алдымен олардың психологиясын, өмір салтын, тұрмыстық жағдайын ескере отырып жүргізу қажет болды. Сол себептен де Өлкелік әйелдер бөлімі әйелдермен жеке жұмыс жүргізіп, «әйел теңдігі» мәселесіне бұқаралық сипат беруге тырысты. Қалай айтсақ та қазақ әйелдерінің арасында жүргізілген қоғамдық – саяси жұмыстар қиын да әрі күрделі процесс болды. Ұлттық сана мен таптық сананың аражігін ажыратпай жүргізілген тең «құқылық» деген саясат қазақ әйелдерінің болмысында елеулі із қалдырды. Теңдіктің арқасында әйел күшінің құдіреті көптеген жерлерде басым түсіп, есесіне жесір әйел, жалғызбасты ана, еркіндікті, тәуелсіздікті аңсап, тұрмыс құрудан бас тартқандардың саны өскені белгілі.

Қорытынды

Сонымен қазақ әйелдері арасындағы қоғамдық – саяси жұмыстар мен олардың барысы сол кездегі республикада орныққан саяси жүйенің мән-мазмұнынан туындады. Сол кезеңдегі қазақ әйелдерінің арасында жүргізілген шаралар бүгінгі өмір үшін үлкен сабақ. Сондықтан да, қоғам дамуының белгілі бір кезеңінің тәжірибелерін зерттеу ісінде өткенді біліп-үйренудің маңызы зор. Бұл зерттеу жұмысы ҚР БҒМ қолауымен 2015-2017 жылдардағы т.ғ.д., профессор Ж.Б. Кундакбаеваның жүргізілген «модернизация ранней советской эпохи в судьбах женщин Казахстана, 1920-1930 годы» атты жобасының жалғасы болып табылды. Бұл жұмыс әлі де зерттеу жұмыстарын талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Алаш Орда. Сборник документов. - Алматы., 1992. - 49-50 С.
Декреты Советской власти. - М.: Гос. изд. полит. литер., 1957. - С. -237. ҚРПА. - 139 –қ, - 1-т, - 486 а-іс. - 121-п.
Великий Октябрь и раскрепощение женщин Средней Азии а Казахстана (1917 – 1936гг.): Сб. документов и материалов. – М., 1971. - 40-41сс.
Тасырова Г.К. Деятельность Компартии Казахстана по развитию женского образования в республике (1927-1940 гг.). // Автореферат. дисс., к.и.н. - Алматы., 1984.
Киргизка и Советская власть. - Орынбор, 1924.
Островская Н. Для чего нужна кооперация крестьянке и работнице. Орынбор.,1925; Есова С. Памятки волооганизатора по работе среди женщин. Кызылорда. 1926.
КРПМ. - 141 – қор, 1-т, 1-іс, - 77-бет.
Газеты Казахской ССР (1917-1975 гг.). - Алматы, 1977; Периодические и продолжающиеся издания Казахской ССР (1917 – 1975 гг.). - Алматы, 1979. Мендешев. С. Ко дню освобождения Киргизской женщины от калыма // «Советская Кирнизия». 1925. - № 1. - 12-13 б.
Ленин В.И. Шығармалар жинағы. – 12 т. - Алматы: Мектеп, 1976. – 476 б.

94(5):069

З.Е. ҚАБЫЛДИНОВ, С.М. БОРБАСОВ, М.М. ҚОЗЫБАЕВА

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КЕЛБЕТІНІҢ АЙНАСЫ

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі». 5 томдық энц. (Ғыл. ред. және жоба жетекшісі Н. Әлімбай. – Алматы: «Әлем Даму Интеграция» ЖШС, 2018) СЫН-ПІКІР

Аңдатпа. Сын-пікір ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің директоры Нұрсан Әлімбай басқарған ғалымдар тобы дайындаған «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» деп аталатын 5 томдық ғылыми басылымды талдауға арналған. Рецензенттер бұл еңбекті Қазақстан энциклопедистикасындағы жаңа құбылыс деп бағалайды. Себебі, іргелі еңбек қазақ халқының этнос ретінде қалыптасуы үдерісінен бастап оның ұлттық келбетінің толысуына дейінгі тарихи кеңістікті қамтитын салт-дәстүрлеріне, ұғымдарына, сенім-нанымдарына және этникалық шаруашылығына қатысты негізгі ақпаратты береді. Энциклопедияға енген 6 мыңға тарта мақалалардан қазақ халқының дәстүрлі өмір тіршілігі мен этникалық болмысын танимыз.

Түйін сөздер: дәстүр, наным, болмыс, ұғым, дәстүрлі шаруашылық, этникалық ерекшелік

З.Е. КАБУЛЬДИНОВ, С.М. БОРБАСОВ, М.М. ҚОЗЫБАЕВА

Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

ЗЕРКАЛО ЭТНОГРАФИЧЕСКОГО ОБРАЗА КАЗАХОВ**Рецензия**

Аннотация. Рецензия дает оценку коллективному научному изданию, подготовленному группой ученых Центрального Государственного музея РК во главе его директором Нурсаном Алимбаем, под названием «Традиционная система этнографических категорий, понятий и названий у казахов» в 5-ти томах. Рецензенты оценивают данный труд как новое явление в казахстанской энциклопедистике. Ибо, фундаментальный труд дает основную информацию о традициях, верованиях, понятиях и этническом хозяйствовании казахов, охватывающую историческое пространство с начала процесса формирования казахского этноса до складывания его национальных черт. Включенные в энциклопедию около 6 тысяч статей раскрывают традиционную культуру жизнеобеспечения и этническую сущность казахов.

Ключевые слова: традиция, верование, сущность, понятие, традиционные хозяйства, этнические особенности

Z.E. KABULDINOV, S.M. BORBASOV, M.M. KOZYBAYEVA

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology

MIRROR OF THE ETHNOGRAPHIC IMAGE OF THE KAZAKH

Summary. The review assesses the collective scientific edition prepared by the group of researchers from the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, headed by its Director Nursan Alimbay, entitled “The Traditional System of Ethnographic Categories, Concepts and Names of the Kazakhs” in 5 volumes. Reviewers evaluate this work as a new phenomenon in Kazakhstan’s encyclopedic studies, because this fundamental work gives basic information about the traditions, beliefs, concepts and ethnic economic management of the Kazakhs, covering the historical space from the beginning of the process of the formation of the Kazakh ethnic group to the formation of its national features. About 6 thousand articles included in the encyclopedia reveal the traditional culture of life support and the ethnic essence of the Kazakhs.

Keywords: tradition, belief, essence, concept, traditional economy, ethnic features

Кіріспе

2011-2014 жылдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейдің ғалымдары «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты бес томдық ғылыми энциклопедияны жарыққа шығарған болатын. Энциклопедияның негізгі авторлардың бірі және ғылыми редакторы Нұрсан Әлімбаидың айтуынша, осынау бірегей басылымды дайындауға 20 жылдан астам уақыт жұмсалыпты. Барлығы 3784 беттен тұратын бұл энциклопедия екі-үш жылдың ішінде-ақ оқырмандар іздеп жүріп оқитын басылымға айналып үлгерді. Оның басты себебі аталмыш еңбектің халқымыздың дәстүрлі шаруашылығы, мәдениеті, тіршілікке жүйесі, әдет-ғұрпы, салты, дүниетанымы, сынды тарихи этнографияның сан салалы қыр-сыры жөнінде толықмәнді түсінік алуға мүмкіндік беретін айрықша танымдық әлеуетінде болса керек. Еңбек отандық ғалымдар мен әртүрлі оқу орындары қызметкерлерінің және қалың көпшіліктің ғана емес, халықаралық деңгейде де жоғары бағаланып отырғандығы да сондықтан. Энциклопедияның екінші басылымының кіріспесінде айтылғандай, «соның ішінде, әсіресе, Томсон Рейтер индекс-көрсеткішті «Milli Folklor» (Туркия) журналына шыққан белгілі түрік ғалымы Ерке Өзердің (Yerke ÖZER) аталмыш энциклопедияны ғылым әлеміндегі айтулы жаңалық ретінде бағамдаған рецензиясын айтылған уәждің көрнекі біреп мысалы ретінде келтіруге болады («Milli Folklor» Üç Aylık Uluslararası Kültür Araştırmaları Dergisi. International and Quarterly Journal of Cultural Studies (Volume / Tome:14. Sayı/Number: 105. Pp. 155-159). Басылымның ғылыми орта үшін деректік және ғылыми танымдық тағылымы өз алдына, оның аз мерзім ішінде жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары, докторанттары және оқытушылары, сондай-ақ, отандық музей қызметкерлері үшін құнды оқу құралына айналғандығы ден қойдырады». Бұл энциклопедияның өлшеусіз танымдық тағылымын бек айғақтаса керек.

2017 жылы осы энциклопедияның едәуір толықтырылған және методологиялық тұрғыдан өңделген екінші басылымы жарыққа шықты. Екі басылымын да қалыбы (форматы) еш өзгермеген (84x108^{1/16}). Бірақ жаңа басылымның жалпы көлемі алғашқы басылыммен салыстырғанда 424 бетке ұлғайған екен. Өйткені, а) бірінші басылымдағы 688 мақала қайта жазылған; ә) 682 мақала әрі қайта редакцияланған әрі дәлелдеу жүйесі біршама тың мәліметтермен күшейтілген; б) 527 мақала түбегейлі редакцияланған; в) осы ретте айрықша ден қояр жайт – соңғы басылым 147 жаңа мақалалармен толықтырылыпты. Демек, келтірілген осы көрсеткіштерді арифметикалық қисынға салсақ, энциклопедияның екінші басылымындағы өзгеріс-толықтырулар бірінші басылыммен салыстырғанда 38,4%ға өскен екен.

Бұл көрсеткіштердің, ең алдымен, энциклопедияның екінші басылымдағы жаңа және бұрынғы мақалалардың деректік негізі мен теориялық деңгейінің сапалық өзгерісін білдіретіндігін ерекше атап өткен ләзім.

Энциклопедиядағы 5846 мақалада 10 000-нан астам тек ежелгі көшпелілер арасында ғана сан ғасырлар бойы қалыптасып, қолданыста болған таза қазақы тарихиэтнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулар зерттелінген (әрі қарай – ұғым, атау немесе термин). Бұл жайт, сөз жоқ, қарастырылып отырған басылымның бірегей ерекшелігі болып табылады. «Қазақ тарихы» атты ғылыми және ғылыми-әдістемелік беделді журналдың бас редакторы Әбділдабек Салықбай әділ бағалағандай, «*Энциклопедияда қазақ халқының шаруашылық-экономикалық, экологиялық, әлеуметтік, мәдени, саяси-институционалдық сияқты сан ғасырлық тәжірибесін білдіретін тарихиэтнографиялық терминдердің мән-мағынасы зерттелініп отыр. Бұл мән-мағынаны белгілі шарттылықпен аталмыш терминдердің мәдени семантикасы десе де болады. Осыған байланысты энциклопедияда ғылыми терминдер қарастырылмайды. Бұл басылымның осы құралыптас шетелдік этнографиялық (мәдени немесе әлеуметтік антропологиялық) энциклопедиялардан ең басты (түбегейлі) айырмашылығы һәм ерекшелігі де осында. Бұл айырмашылық пен ерекшелік авторлар сәтімен жүзеге асырған энциклопедиялық зерттеудің ұстанымын білдіреді*» [Қазақ тарихы. - 2018. - №8 (165), 2б.].

Расында да, бұл ұстаным, Нұрсан Әлімбаидың дәлелі дәйекті пікірінше, *дәстүрлі қазақ қоғамындағы сан салалы, сан деңгейлі шаруашылық-экономикалық, мәдени, институционалдық, ғұрыптық (ритуалдық), менталдық сияқты тағы басқа да үрдістер мен құбылыстарды олардың әрқайсысына байланысты қалыптасқан дәстүрлі ұғым тұрғысынан зерделеуді (талдауды) білдіреді. Осы ретте айта кетер жайт мұндай ұстаным, дейді энциклопедияның кіріспесінде ғылыми редактор, – когнитологиялық антропология (немесе антропологиялық когнитология)*

сынды ғылымда ежелден орныққан ғылыми дәстүр. Әрі аталмыш ұстанымның мейлінше жемісті дәстүр екендігін аталмыш ғылымның жүз жылдан астам жасап келе жатқан тәжірибесі айқын айғақтап отыр [14-30-бб.].

Энциклопедияның кіріспе бөлімінде айтылғандай, бүкіл дәстүрлі әлеуметтік организмге нәр беретін этникалық мәдениеттің энергетикалық жанды нүктелері іспеттес этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулар жүйесі этностың шаруашылық-экономикалық, мәдени, экологиялық, әлеуметтік тәжірибелері түзілген қойма сияқты. Бұл жүйе этностың сан ғасырлық, этногенетикалық тұрғыдан алғанда, тіпті, бірнеше мыңжылдық тарихи (әлеуметтік, экономикалық, мәдени, саяси, экологиялық) тәжірибесінің когнитивтік нәтижесі болып табылады. Сонымен бірге этникалық мәдениеттің концептілері болып табылатын аталмыш когнитивтік түзілістер Адам ↔ Қоғам ↔ Табиғат деп аталатын ұлы триаданың арасындағы алуан деңгейлі өзара себеп-салдарлық байланыстар жүйесінің парадигма-матрицасы іспеттес [14-6.].

Қажетті мәліметтерді осындай когнитологиялық ұстаным (яғни ұғымдықконцептілік) тұрғысынан қарастыру авторларға энциклопедиядағы, әсіресе, іргелі мәселелердің әрқайсысын жеке-жеке жіктеп зерттеуге мүмкіндік берді. Мысал ретінде дәстүрлі қазақы ортада ерекше қастерленген «жылқы» малы және осы ұғыммен тікелей байланысты «Айғыр», «Айғыр қою», «Айғырдың жалын майлау», «Айғырдың кекіліне тоқпақ (тас) байлау» сияқты ғұрыптық терминдердің әрқайсысының жеке зерттелгендігін айтуға болады. Сонымен бірге әрбір мақалада басқа мақалаларға сілтеме жасалған. Мұндай сілтемелер тиісті мақалалардың арасындағы мағыналық (семантикалық) өзара себеп-салдарлық байланысты көрсетеді. Мысалы, «Айғырдың жалын майлау» атты ғұрыптық ұғымға (тақырыпқа) арналған мақалада «Бие байлау», «Май» және «Майлау» деген мақалаларға сілтеме жасалады. Бұл сілтемелер «Айғырдың жалын майлау» ғұрпының (ритуалының) мәнін толық түсіну үшін соңғы үш мақаламен де жете таныс болу керек дегенді білдіреді. Сондай-ақ, «Бие байлау», «Май», «Майлау» мақалаларындағы «Айғырдың жалын майлау» атты мақалаға (және басқа да мақалаларға) жасалған сілтемелер де өз кезегінде осы мақаланың алғашқы үш мақаланың әрқайсысының мәнін ашатын маңызына байланысты жасалып отыр.

Бұл тұста «Жылқы», одан кейін «Айғыр» атты негізгі ұғым-концептілерден туындайтын аталмыш ұғымдардың әрқайсысын («Айғыр қою», «Айғырдың жалын майлау», «Айғырдың кекіліне тоқпақ (тас) байлау», «Бие байлау», «Май» және «Майлау» және т.б.) осындай когнитологиялық жіктеп зерттеу тәсілі, сайып келгенде, авторларға көшпелі қоғамдағы жылқы малының шаруашылық-мәдени, ғұрыптық, тіпті институционалдық маңызын тарқатып (дәлелді) негіздеуге мүмкіндік берді. Сонымен бірге, осындай тәсілдің нәтижесінде кез келген оқырман белгілі бір мәселеге байланысты мақаладағы сілтемелер арқылы басқа мақалалармен де жете танысуға мүмкіндік алады.

Энциклопедиядағы мақалалардың барлығы дәл осындай семантикалық байланыс тұрғысынан қарастырылғандығын ерекше атап өту қажет. Мұндай тәсіл оқырмандардың (әсіресе, ғалымдардың) әрбір тақырыпты (ұғымды) терең түсінуі үшін, жоғарыда айтылғандай, оның басқа тиісті мақалалармен мағыналық байланысын ескеруінің аса маңызды екендігін көрсетеді.

Энциклопедияда мақалалардың тақырыптары болған терминдер «категория», «ұғым», «атау» деп жіктеледі (бөлінеді). Осыған байланысты мақалаларды да ауқымы мен концептуалдық-теориялық мән-мазмұны жағынан «категориялық», «ұғымдық», «атаулық» деп үш топқа бөлуге болады. Біріншісі – категориялық мәнді мақалалар дәстүрлі қазақы ортада «Адам-Қоғам-Табиғат» сынды ұлы триаданың әрқайсысына және олардың арасындағы байланыс жүйесіне қатысты жалпыэтникалық мәнді құрылымдық хәм функционалдық болмысын, қасиеттерін білдіретін терминдерді талдаған мақалалар (мысалы, «ел», «жүз», «қауым», «ру», «жер», «су», «мал», «кісі», «обал», «арам», «адал», «сауап» және т.б.). Ал тұлғалық, статустық, физикалық, биологиялық сияқты тағы да басқа толып жатқан жалқы (жеке) қасиетті, күйді білдіретін ұғымдарға арналған мақалалар екінші топты құрайды (мысалы, «би», «болыс», «бай», «кұда», «кұдағи», «жайлау», «қыстау», «күзеу», «көктеу», «жер тарту», «ас-тағам», «албасты», «асырап алу», «ойын-сауық», «мұрат», «ою-өрнек» және т.б. сияқты).

Соңғы үшінші топқа жататын мақалаларда адамның физиологиялық немесе рухани сұранысы хәм тұтынысына байланысты сан алуан қарекеттердің, сондай-ақ дүниетанымының объектілерін білдіретін атаулар талданады (мысалы, «аша», «айыр», «жусан», «соқа», «домбыра», «қобыз», «тау», «ағаш», «жел», «жұлдыз», «жетіқарақшы», «асықты жілік», «қымыз» сияқты

көптеген мақалалар). Бірінші топтағы мақалалардың көпшілігі өзінің категориялық және ұғымдық деңгейіне сәйкес ауқымдылығымен және концептуалдық мазмұндылығымен ерекшеленеді. Мысал ретінде, «жүз», «ру», «қазақ», «Қазақстан», «әдет-ғұрыптық құқық»/«әдеттік құқық» және жоғарыда ішінара аталған «жылқы», «жайылым» сияқты тағы басқа да осы құралыптас күрделі тақырыпқа арналған көптеген мақалаларды атауға болады. Осы ретте, энциклопедиядағы, әсіресе, «ру» деп аталатын көлемді мақаланың [5-т., 49-58-бб.] концепциясы мен дәлелдеу жүйесі ден қойдырады (авторы Нұрсан Әлімбаев). Ең алдымен, автор «ру» терминінің қазақтың көшпелі қоғамындағы әртүрлі таксон-бірлестіктерге бірдей қолданыла бергендігіне ерекше назар аударады (мысалы, қазақтың Кіші жүзінің құрамындағы «Табын» да, одан тарайтын «Көсеу» де, «Тарақты» да, «Шөміш» те және осылардың ұрпақтары болып саналатын бірлестіктердің әрқайсысы да ру деп атала береді деген сияқты). Алайда, осындай халықтық этимологияның әсерінен де, Қазақстан тарихнамасындағы қажет методологиялық дәстүрдің жоқтығынан да қазақ руының әлеуметтік және институционалдық, тіпті, генеалогиялық табиғаты әлі күнге дейін шешілмеген ірі проблемалардың қатарына жатады, – дейді автор. Осыған байланысты ол аталмыш мақаласында өз шешімін ұсынады. Оның дәлелді пікірінше, дәстүрлі қазақы ортада түбі жетінші атадан бергі ұрпақтарды біріктіретін экзогамиялық құрылымды (бірлестікті), яғни «жетіатаны» ғана ғылыми тұрғыдан ру деп қарастыру қажет. Себебі, қазақ қоғамында айырықша реттеуші және ұйымдастырушы роль атқарған рулық-туыстық қатынастың ең басты тоғысқан торабы осы «жетіата» болды. Расында да, жетіаталық құрылымда, ең алдымен, ер адамдардан тараған ру адамдары өзара қандас туыс болып есептелінеді (әлі күнге дейін солай). Сондықтан да, жетіатаның, яғни, жеті ұрпақтың ішінде өзара қыз алысып, қыз берісуге қатаң тыйым салынатын (қазір де сақталынып отыр!) дәстүрлі қазақ қоғамында осы экзогамиялық тыйымды бұзғандар билер сотының үкім-кесімімен өлім жазасына кесілетін.

Сондай-ақ, көшпелі қазақ қоғамында ерекше роль атқарған рулық сананың да қалыптасып, сан салалы әрі сан деңгейлі функция атқаратын бірден-бір әлеуметтік кеңістігі де, түптеп келгенде, осы жетіаталық құрылым болды. Өйткені, рулық сана жетіатаның әрбір мүшелерін біріктіретін аса күшті идеологиялық және әлеуметтік-психологиялық фактор ғана емес, сонымен бірге, осындай рулық сананың аса қуатты әсерімен рулық-туыстық қатынас шаруашылық және институционалдық функцияларды атқарды (мысалы, көшпелі қоғамдағы сан алуан күрделі еңбек операциялары «асар», «жылу», «көлік майы», «сауын», «немеурін» деп аталатын рулық-туыстық байланыстың институттары арқылы жүзеге асырылып отырды).

Сонымен бірге, автордың ойынша, осы рулық жетіаталық құрылымды ғана қауымсоциум ретінде қарастырған абзал. Өйткені, бұл құрылым, шынтуайтында, көшпелілердің өзін-өзі ұйымдастырудың басты формасы болды. Себебі, – дейді ол, – осы «жетіатаның» ғана дербес шаруашылық-экономикалық жүйесі, территориясы, билер, сұлтандар, батырлар һәм діни ұстаным иелері – молдалар, билер соты, билер кеңесі, рубасы сынды реттеу және басқару институттары да, өзіндік атауы да болды. Осы ретте, жетіатаның, әсіресе, табиғи ресурсты тиімді пайдалануға аса қажетті демографиялық оптимумы болғандығын ерекше атаған жөн (әрбір жетіатаның мүшелерінің жалпы саны 5000-5500 аралығын құрайды). Демек, жетіата-ру қауым (яғни, көшпелілердің өзін-өзі ұйымдастырудың ең басты институционалдық формасы) ретінде социумдық функция атқарды. Яғни, «жетіата» деп аталатын руды социум ретінде де қарастыру қажет. Бірақ, бұл жайтты рулар (қауым-социум) арасындағы сан алуан және сан деңгейлі байланыстардың ролін жоққа шығару деп түсінуге болмайды. Керісінше, руаралық билер кеңесі, билер соты, ақсақалдар кеңесі сияқты институттар арқылы реттелініп отыратын бұл ру-қауымаралық байланыстар жүйесі әрбір рудың тиімді функциясының кепілі болды. Сан алуан мәліметтерге негізделген осындай пікірін Нұрсан Әлімбаев әрі қарай былай деп қорытындылайды: дәстүрлі қазақы ортада рулық-туыстық байланысты қауымдық-социумдағы басқа байланыстар жүйесінен әлі де болса советтік ұстанымда жүрген зерттеушілер сияқты бір-бірінен бөліп қарастыруға мүлдем болмайды. Анығында, көшпелі қауым-социумның құрылымы рулық-туыстық, әлеуметтік, экономикалық, институционалдық сынды байланыстардан тұрады, яғни, бірыңғай қатынастар жүйесін құрайды.

Сонымен, автордың қазақ руының, яғни, жетіаталық құрылымның қауым-социум ретінде функция атқарғандығы жөніндегі осы көзқарасын методологиялық жағынан да, деректік базасы тұрғысынан да концепция ретінде қарастыруға болады. Тың, яғни бұрын ғылымда еш уақытта көтерілмеген осындай концепцияға негізделген бұл мақала, сөз жоқ, көшпелі қоғамдағы сан салалы, сан деңгейлі әлеуметтік қатынастың механизмін түсінуге үлкен септігін (көмегін) тигізері хақ.

Тағы бір көрнекі мысал. Энциклопедияның 2-томында (Г-3) көшпелі қазақтар үшін аса маңызды табиғи объект – «Жайылым» атты біршама көлемді мақала берілген [Н. Әлімбаев, Н. Уәли. 285-295-бб.]. Мақаланың мазмұны көшпелі ортада жоғарыда айтылған «Адам-Қоғам-Табиғат» атты триаданың арасындағы өзара байланыстар жөнінде түсінік алуға мүмкіндік береді. Мысалы, мақалада жыл он екі айдың әрбір маусымдық кезеңінде («жаз», «күз», «қыс», «көктем») көшпелілердің жайылымды тиімді пайдалануының дәстүрлі технологиясы қажетті материалдарға негізделініп, талданылады. Ал, бұл технология көшпелілердің ежелден орныққан экономикалық, экологиялық, мәдени, ветеринарлық, астрономиялық, биологиялық, ботаникалық сияқты тағы басқа да сан алуан білімдері мен іс-әрекеттері тоғысқан сан ғасырлық тәжірибе болып табылады.

Авторлардың дәлелді пікірінше, қыстаудан көктеуге, көктеуден жайлауға өріс қуалап қоныс аудару ғасырлар бойы қалыптасқан тәртіппен жүзеге асады екен. Мақалада өріс қуалап жайылым аударып мал өсіру, түптеп келгенде, жерді тоздырмаудың ең басты экологиялық тәсілдері ретінде бағалануы өте орынды. Осы және осы сияқты басқа да сан алуан әдіс-тәсілдерді көшпелі қоғам мен табиғи ортаның арасындағы үйлесімді байланысты, яғни қажетті экологиялық балансты сақтаудың басты кепілдерінің бірі деуге де болады. Малшы да, егінші де, ең алдымен, халықтың дәстүрлі астрономиялық біліміне сүйенеді. Мысалы, Үркер жұлдызы батпай, ел жайлауға көшпейді, биелердің үйіріне айғыр салмайды, қой қырықпайды. Сондай-ақ, түйенің жүнін алу (бұл операция «түйе жүндеу» деп аталады), күзем жүнді қырку, қошқарға күйек байлау, одан күйек ағыту сияқты шаруашылық ұйымдастыру тек *есепшілердің* айтқанына орай жүргізіледі. Осы ретте айта кететін жайт – ай, жұлдыз, күн сияқты аспан шырақтарының мезгілдік қозғалысына және орналасуына қарап болжам жасайтын адамды *есепші* деп атаған. Мұндай есепшілер өздері жасаған «Үркер тоғысы» деп аталатын ерекше шаруашылық календарь (күнтізбе) жүйесін қолданып отырды (к.: Н. Уәли. Есепші // 2-т., Г-3, 197-198бб.; Н. Уәли. Үркер тоғысы // 5-т., П-Я, 579-582-бб.)

Сондай-ақ, оқырман жайылым туралы түсінігін осы мақаладағы сілтемелер арқылы басқа мақалаларды оқып, толықтыра алады (мысалы, «қыстау», «көктеу», «жайлау», «күзеу», «жылқы», «қой», «түйе», «сиыр», «ешкі» және т.б.). Энциклопедияда жоғарыда аталған халықтық білім салаларының экологиялық, шаруашылық-экономикалық, ғұрыптық (ритуалдық), коммуникативтік функцияларын сипаттайтын басқа да көптеген мақалалар берілген. Мұндай мақалалардың мазмұны көшпелілердің дәстүрлі білім жүйесінің үй тұрмысын да, шаруашылықта да тиімді ұйымдастыруда айрықша роль атқарғандығын айғақтайды. Сайып келгенде, халықтық білімді, Нұрсан Әлімбаев айтқандай, көшпелі қазақтардың Орталық Азияның климаты мен жергілікті ландшафттың аса қатал ерекшеліктеріне сан ғасырлық бейімделу стратегиясының құрамдас бөлігі ретінде бағамдаған ләзім.

Сондай-ақ, жоғарыда айтылған атаулық мақалалар да өзінің танымдық деңгейінің жоғарылығымен ерекшеленеді. Энциклопедиядағы малшылық, егіншілік, аңшылық кәсібімен байланысты және үй шаруашылығына арналған атаулық мақалалардың көпшілігі тек сипаттауларымен ғана шектелмейді. Осы және осындай басқа мақалаларда тұрмыстық және шаруашылық құралдардың практикалық-утилитарлық және сан алуан ғұрыптық (ритуалдық) һәм коммуникативтік функциялары зерттелінеді. Мысалы ретінде, «қамшы», «құрық», «желі», «бақан», «балта», «арқан» сияқты және басқа да толып жатқан еңбек құралдарына арналған мақалаларды атауға болады. Соның ішінде, мысалы, қамшы ат айдайтын құрал ғана емес, ол ер адамның отбасының (семья) отағасы екендігінің де, белгілі бір әлеуметтік статусының да, тіпті, лауазымды адамның билігінің де символы болып табылады. Сонымен бірге, қамшы адамды жамандық атаудың қорғайтын қасиеті бар бұйым ретінде де ерекше қастерленетін. Дәстүрлі қазақы ортада қонаққа келген ер адам қамшысын үйге алып кірмейтін. Оны қонаққа келген үйге кірерде атының ерінің басына немесе әлгі үйдің сыртқы беларқанына іліп қоятын. Өйткені, кез келген ер адамның бөтен үйге қамшы алып кіруі жаманшылық шақырады деп оған қатаң тыйым салынатын. Ал осы адамның қамшы алып кіруі оның үй иесін дұшпан санағандығын білдіретін. Мұндай жағдайда дұшпандық ниетпен келген адам қамшысын өзіне жау санаған әлгі үй иесінің алдына тастайтын.

Сондай-ақ, билер соты кезінде қылмысты деп есептелген адам да, айыптаушы жақ та қамшыларын билердің алдына тастайды. Бұл жосын олардың билердің кез келген үкім кесімімен келісетіндіктерін білдіреді.

Сонымен, қазақ ғалымдары жарыққа шығарған бұл ғылыми энциклопедияның танымдық және ғылыми маңызы үлкен екендігі даусыз. Әсіресе, мақалалардың басым көпшілігінің жаңа деректердің негізінде жазылғандығы ерекше назар аударады. Расында да, кез келген оқырман энциклопедияның деректік негізінің мол екендігіне көз жеткізе алады. Ең алдымен, бұл басылымда қазақ этнографиясына қатысты архив материалынан басқа, XX ғасырдың бірінші он жылдығына

дейін жарық көрген орыстың статистикалық, тарихи, этнографиялық мәліметтері жан-жақты талданылған. Сондай-ақ, энциклопедияда мол пайдаланылған әртүрлі фольклорлық, лингвистикалық және этнолог-ғалымдардың әр жылдары ел арасынан жинаған сан алуан деректері, сөз жоқ, мақалалардың тағы бір ұтымды жағы болып табылады. Әсіресе, энциклопедияда XIX–XX ғасырдың 20-30жылдарына жататын мазмұны этнографиялық сан алуан көркемсуреттердің, фотолардың һәм таблицалардың мол қолданылуы мақалаларға айрықша нақтылық әрі көрнекілік береді.

Қазақ этнографтары, тарихшылары, тіл мамандары бірлесіп шығарған бұл энциклопедия түркі тілдес халықтар әлеміндегі алғашқы зор қадам деуге болады. Осы тәрізді түркілік аймақтар бойынша этнографиялық мазмұндағы салалық энциклопедияларды өзге де түркі елдері қолға алып, жарыққа шығып жатса, әрине, құбақұп болар еді. Мұндай іргелі ғылыми еңбектер түркі халықтарының мәдени-этникалық түп-тамырын, одан тарайтын ортақ этномәдени құбылыстар мен материалдық игіліктерді, сондай-ақ әрбір түркі тектес халықтың дүниетанымын, әдет-ғұрып, салт-санасын, тұрмыстіршілігін, экологиялық мәдениетін жан-жақты тануға мүмкіндік беретіні хақ.

ӘОЖ 94(574)

А.Т. Қаипбаева

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы

ИЛИЯС ОМАРОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ МҰРА

Аңдатпа. Мақалада белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Илияс Омаровтың ұлттық мәдени мұрамызды жаңғырту аясында жасаған еңбектері туралы баяндалады. Еліміздегі мәдени үдерістер кеңестік идеологияның қатаң бақылауында болды. Соған қарамастан, ұлжанды азамат Илияс Омаров патша үкіметі тұсында, кейін Кеңестік билік дәуірінде орыс мәдениетінің тасасында қалып қойған, бірте – бірте ысырылып, халық жадынан өшіріліп, ұмытыла бастаған ұлттық мәдени мұраларымызды қайта жаңғыртуды қажет ететін тұстарына үнемі ғалымдардың, өнертанушылардың, қоғам қайраткерлерінің назарын аударып отырды. Қызметінен айырылу қаупі төнгенде де, жеке басына қауіп төнгенде де бұл ойы мен жоспарынан ешқашан бас тартқан емес. Мақалада аталған тұлғаның коммунистік держава саясаты салдарынан қазақ қоғамының рухани әлемі үлкен трансформацияға ұшырап, орыстандырылып бара жатқанына орай қазақ халқы ұрпағының рухсыздануға, мәдени ерекшеліктерімізден ажырауымызға қарсы тосқауыл болу үшін басқада зиялы қауым өкілдерімен бірге жолдарын жанталаса іздеуі тарихи дереккөздер негізінде айшықталады. Қорытындысында Илияс Омаровтың атқарған қызметтері мен мақалаларына, ой – талғамдарына тереңірек үңіліп, жан-жақты дәйектеу арқылы оның социалистік идеология заманында өмір сүріп, сол тарихи кезеңге тән қоғамдық құбылыс болып табылатын тоталды (жойдасыз) жүйеде ұлтқа шапағатын тигізе аларлық іс жасағандығын, қазақ руханиатына қатысты мәселелерді ашық түрде батыл қоя білген және эвфемистік жолды да ұстанған деген тұжырым жасалады.

Түйін сөздер: Илияс Омаров, «эвфемистік мәдениет», мәдениет, өнер, идеология, мәдени мұра, қайраткер

А.Т. Қаипбаева

Казахский национальный женский педагогический университет. г. Алматы, Казахстан

ИЛЬЯС ОМАРОВ И НАЦИОНАЛЬНОЕ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ

Аннотация. В данной статье выполнен анализ деятельности известного государственного и общественного деятеля Ильяса Омарова в деле сохранения национального культурного наследия. Культурные процессы нашей страны были под строгим контролем советской идеологии. Тем не менее, выдающийся сын родного народа Ильяс Омаров всегда обращал внимание ученых, искусствоведов и общественных деятелей на актуальность дела изучения национального наследия, которое долгие годы находилось под контролем царизма, оставалось в тени русской культуры, и в период Советской власти – постепенно исчезало и забывалось. В моменты риска потери должности и угроз он не отказался от своих идей и намеченных планов. В статье раскрывается деятельность Ильяса Омарова и его призыв ко всей интеллигенции и объединить все силы для сохранения культурного наследия, и сплочённо противостоять духовному падению народа. В заключение, глубоко изучив деятельности труды Ильяса Омарова, с помощью всесторонних доказательств можно подытожить, что последний, живя в период господства социалистической идеологии, приносил пользу народу в условиях тоталитарной системы, смело решал проблемы, касающиеся духовных ценностей казахов и придерживался эвфемистического пути.

Ключевые слова: Ильяс Омаров, деятель, культурное наследие, идеология, искусство, культура, «эвфемистическая культура».

А.Т. Қаипбаева

Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

ILYAS OMAROV AND THE NATIONAL CULTURE HERITAGE

Summary. The article describes the work of the famous state and public figure Ilyas Omarov in the framework of surviving the national cultural heritage. The cultural processes of our country were suppressed under the strict of the supervision of Soviet ideology. Nevertheless, the fighter for national development Ilyas Omarov, has always drawn the attention of scientists, art historians and public figures to the needs of participation in the surviving of national cultural heritage, which for many years was under the control of tsarism and also were remained in the shadow of Russian culture during Soviet way of life, was gradually disappeared and forgotten. When the risk of losing his position came, and when he was in danger, he did not refuse this idea and plan. In the article, we enlightened Ilyas Omarov's calls upon the entire intelligentsia, uniting all forces, to seek ways out of preserving cultural heritage, in order to stand firmly against the spiritual fall of the people. In conclusion, we can say that the study of posts and articles, as well as the thoughts of Ilyas Omarov, with the help of comprehensive evidence, summed up that he lived during the socialist ideology, and gave to the people of the totalitar system the idea, that they ought to solve the problems of spiritual life of the Kazakhs and chose to the euphemistic path.

Keywords: Ilyas Omarov, personality, cultural heritage, ideology, art, culture, "euphemistic culture".

Кіріспе

I. Омаровтың ғұмырбаяны мен қоғамдық – мемлекеттік қызметін зерттеп – зерделеген кезде бұл есімді ұлттық мәдени мұрамыздан ажыратып қарастыру мүмкін емес. Еліміздегі мәдени үдерістер кеңестік идеологияның қатаң бақылауында болса да I.Омаров қазақ халқының қазыналы мәдени мұрасына үстірт қарап көрген емес. Өзінің барлық саналы қызметінде ұлттық мәдени мұраларымыздың игерілмей жатқан тұстарына, жаңғыртуды қажет ететін тұстарына үнемі ғалымдардың, өнертанушылардың, қоғам қайраткерлерінің назарын аудартып отырды. I.Омаровтың соңғы демі бітерде жазған «Қоштасу хатында» елтаным мәселесі үшін өте өзекті ойларын білдіреді: «... Басымда айтылмаған ойларым бар еді. Олардың бәрі – өз қолыммен, өз басыммен орындай алмай кетіп бара жатқан – ел, халық алдындағы азаматтық, перзенттік парызым.

Талқылау. Оның ең бастысы – туған халқымның мәдени өрісі, өскелең жолы және оның ғасырлар бойы сақтаған аса бай мұрасын байланыстыра зерттеу еді. Мен бұл салада көп уақыт әрекет, қызмет еткенімді еске алғаныммен, ол істердің атқарылуға тиістісінен әлдеқайда өз болғанына өкінемін» - деп, өзінің идеология мен мәдениет саласының тұтқасын ұстаған уақыттағы атқарған қызметтеріне сын көзімен қарап, жіберген олқылықтарын ой елегінен өткізді. Одан әрі: «Ойлап жатсам, осы бір дарқан да шалқар мол байлығымызды зерттеп, түйіндеп түсіндіруде, жеткізе баяндауда едәуір олқы соғып жатқан, шіркін, осылай болса игі еді ғой деген тілек, арман көңілде қала беретін.

Халық мұрасы дегенім – әсіресе, сан – дәуір, замандар көшінде өзінің қайталанбас, тозбас, өшпес қасиетімен бізге дейін жасап келген ән, күй, музыкасы мұрасы, дастандар, жырлар түйдегі. Бұлар – менің көзіме де, көңіл сарайыма да халқымның аса мықты тұлғасы, сын, сипаты болып елестейді. Осыларды жаңғырта, жаңарта, осы өз дәуіріміздің қажет – мұқтажына қызметіне бар бояу, кестесімен жеткізе жарату міндеті алдымызда тұра береді. Өйту үшін бізде қазір қаншама мүмкіндіктер бар. Соларды пайдалану, пайдалануды ұйымдастыру – қандай ғанибет жұмыс, қандай абыройлы іс дер ем! Бұл менің өтеп жеткізе алмаған, бірақ өзге азаматтар жеткізеді деген үлкен парыз екенін тағы да айтып жатырмын. Шынында, ойлаңыздаршы, біздің осы қазынамызды дүние көлемінде қандай өнерпаз халықпен болса да жарастыра, жарқырата көрсеткен, біздің бай тарихимыз арғы бергі өтіп келген жолымыз аян да анық болмас па еді. Сонда ғана барып, аса бай көне мұра мен жаңа өнердің құшақтаса қабысып, ұласа өркендегенін көрер едік», - деп жазады [1, 231-б.].

Негізгі бөлім. Патша үкіметі тұсында, кейін Кеңестік билік дәуірінде орыс мәдениетінің тасасында қалып қойған, бірте – бірте ысырылып, халық жадынан өшіріліп, ұмытыла бастаған ұлттық мәдени мұраларымызды қайта жаңғыртуды I.Омаров қай кезде болсын күн тәртібіне қойып отырды. Қызметінен айырылу қаупі төнгенде де, жеке басына қауіп төнгенде де бұл ойы мен жоспарынан ешқашан бас тартқан емес. Жоғарыда хаттан келтірілген үзіндіде бұл міндеттер алдымызда тұра береді деуі бүгінгі күнді болжап айтқан көрегенді ойы деп қабылдауымыз қажет. Аталған мәселе әлі күнге дейін көкейкесті болып отыр. Қазіргі тәуелсіздік алғаннан бері ұлттық мәдени мұраны жаңғыртып насихаттауда біршама істердің басы қайырылғанымен, атқарылар жұмыстың ұшы-қиыры көрінбейді. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысымен 2004 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, оны үкімет қаржыландырылды. Бұл болашақта атқарылған жүйелі әрі кешенді

жұмыстың бастамасы, іргетасы болды. Бүгінде Елбасының «Тарих толқынында» атты мемлекеттік бағдарламасы аясында бірқатар істер атқарылуда. Егер осы мемлекеттік бағдарлама ойдағыдай жүзеге асатын болса, І.Омаровтың көтерген дабылының ізсіз кетпегені деп түсінеміз.

І.Омаров қазақ қоғамының Кеңес үкіметінің саясатына байланысты қол жеткізген жетістіктеріне қуанды, оны өзінің мақалаларында да әрдайым атап көрсетті. Сондай – ақ қазақ қоғамының рухани әлемі үлкен трансформацияға ұшырап, орыстандырылып бара жатқанын сезбеді, көрмеді десек, қатты қателесер едік. Соны сезіп, түсінгеннен кейін рухсыздануға, мәдени ерекшеліктерімізден ажырауымызға қарсы тосқауыл болудың жолдарын жанталаса іздеді. Бұл ізденісте І. Омаров жалғыз болған жоқ, әрине. Бірақ ұлттық мәдени мұраны сақтау үшін күрескен азаматтардың, зиялы қауымның үркердей тобының көшбасшысы болғаны анық еді. Өйткені І. Омаров, академик М.Қозыбаев атап көрсеткендей, алыптар сенімін арқалап, ұлттық мүддені алтын қазық еткен ХХ ғ. басында қалыптасқан гуманистік, ойшылдық, ағартушылық, қазақ халқын өркениеттің жаңа көкжиегіне жеткіземін деп алысқан Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсын, М. Дулат, Ж.Аймауыт дәстүрін бір қиын күнде қалыптасқан ұлы шоғырдың мұрагерлері арасында, Ғабек айтқандай, «ұйтқысы», «сүйіктісі» болды. Ендеше Ілекең ұлттық деңгейді одақтық, әлемдік деңгеймен теңестіруге күш салып, мәдениеттің сан-саладағы байланысын қиыннан қиыстырып, бүгінгісін даралап, ертеңгісін саралап отыратын ғажайып бір координатор, бағдарламашы, бағыт беруші болды [2, 149-б.]. Өзі тәлім – тәрбие алған М. Әуезов, Қ. Сәтбаев, Ғ. Мүсірепов аманатын, өзі аузынан тастамайтын нарком Т. Жүргеновтің үлгілі істерін өмірінің соңғы күніне дейін өз деңгейінде атқарды. Біз бұл жерде І. Омаровтың қызметі мен іс – әрекетін абсолюттендіруден аулақпыз. Оның қоғамдық – саяси қызметіне де біржақты қарауға болмайды. Ол өз дәуірінің талаптарына сай жұмыс жүргізді, өйткені ағынға қарсы жүзе де алмайтын еді. Тоталитарлық жүйе оған еш мүмкіндік бермейтін де. Бұл туралы қазақ халқының кеңес заманындағы мәдениетіне терең аксиологиялық пайымдау тұрғысында талдау жасаған зерттеуші – ғалымдар А. Сейдімбек пен Х.Әбжановтардың тұжырымдары сол заман шындығын аша түседі: «Кеңестік жүйе кезінде өмірді социалистік идеал тұрғысында бейнелеу, сол идеалға өнердің көркемдік – құрылымдық принциптерін бағындыру қаза жіберуге болмайтын шарт ретінде қатаң қадалағанды. Амал жоқ, осы талғам – талап аясында өнер туындады және аса дарынды тұлғалар сол талғам – талапты орындай отырып, көкейіндегі өміршең ойларын өткізудің жолдарын тапты. Нәтижесінде, өнер тілінде ой мен идеалды астарлап жеткізуге мәжбүр болған жаңа типті эвфемистік мәдениет қалыптасты. Міне, біздің пайымдауымызда, осы құбылыс әсте алдын – ала не жетістік, не кемшілік тұрғысында бағаланбай, тек қана төл тарихымыздың айғағы ретінде объективтілікпен парықталуы тиіс» [3]. Шын мәнінде бұдан басқа амал іздеп табу қиынның қиыны еді. Өйткені репрессия, қуғын – сүргін, моральдық – психологиялық қысымның неше түрін бастарынан дүркін – дүркін өткізген қазақ зиялыларына «сен ашық күреспедің», «ашық жазбадың» деп кінә қою ағаттық деп ойлаймыз.

Жоғарыда аты аталған ғалымдар ойларын өрбіте келе: «Ел мен жер жаттың қол астында болып, өктем күштің отаршыл ындыны билік құрған кезде ешқашан ұлттық идея орындалмайды, орындалған да емес. Ол ғана емес, ұлттық идеалдың біртұтас болуы да мүмкін емес. Алайда, ұлт құрып біткенше оның баурынан ел қамын ойлайтын адал перзенттер дүниеге келуін тоқтатпайды. Олар замана талқысына орай әр жолды таңдағанымен, ұлы мақсаттары біреу болды. Ол – ел-жұртының бақыты, азаттығы және рухани кемелдігі», - деп жазады [3, 12-б.].

Міне, елінің бағына берген адал перзенттерінің бірі – І.Омаров болды. Оның атқарған қызметтері мен мақалаларына, ой – талғамдарына тереңірек үңілетін болсақ, қазақ руханиатына қатысты мәселелерді ашық түрде батыл қоя білген және эвфемистік жолды да ұстанған деген тұжырым жасауға негіз бар.

І. Омаров ұлттық мәдени мұра төңірегінде сөз қозғағанда қазақ тілін, ана тілімізді қызғыштай қорғауға үлкен мән берген. Бүгінгі күні қазақ тілі мемлекеттік статусқа ие болса да қолданыс аясы әлі тар шеңберден, ауылдан, отбасынан әрі асып кете алмай жатқаны сол тарихи дәуірде І.Омаров сияқты жоқшыларының аз болуында деп білеміз. «Ана тіліміз жөнінде» деген шағын мақаласында қазақ тілінің мәселелеріне тоқтала келіп, былай деп жазады: « ... көбінше жаңа сөздер орысша не басқа тілде алынады. Олардың кейбірі тіпті одағайлау. Телефонмен хабарласу біреулер «звондау» деп алыпты. Осында қандай әдемілік бар? Бізде басқа халықтардан, әсіресе, орыстардан кірген сөздер көп-ақ. Олардың көбі әлдеқашан төл сөз болып кеткен. Құлаққа жат сезілмейді. Өзге тілден жаңа сөз алудан қазақ халқы ешуақытта керенаулық жасаған жоқ. О да болса тілдің, оның сөздігінің баюына көп шарапатын тигізді. Осы арада айта кететін аса керекті бір жай бар. Ол – сол кірме сөздердің қалайша төл сөзге айналу қамы. Әр тілдің өсіп – өну заңы бар. Ол заң

ең алдымен оның грамматикалық бітіміне байланысты. Кірме сөздер қабылдаушы тілдің грамматика заңдарына міндетті түрде бағыну керек. Өйтпегенде ол одағайлықтан арыла алмайды, «мен бөтенмін» деп айғайлап тұрады» [4, 163-б.]. Бұл І. Омаровтың тіл мамандарының көңілін осы мәселелерге аудару ниетінен жазылған мақаласы еді. Автор мақаласын: «Әсіресе, ана тілін білу, оның қасиетін түсіну – басты парызымыз», - деп аяқтапты. Ол тіл маманы болмаса да қазақ тілінің өмірдің барлық саласынан ығыстырылып бара жатқанына бей-жай қарай алмаған. І. Омаровтың жоғарыда айтылған ойлары бүгінгі күні де өзінің өміршеңдігін жойған жоқ. Өйткені қазақ тіліне орыс тілімен бірге ағылшын тілінің ықпалы күшейіп келеді. Ал, М. Әуезовтың туғанына 70 жыл толуы қарсаңында «Сөз қадірі» атты мақаласында «Сөзімізден қадір кетсе, өзімізден де қадір кететінін барлық уақытта ескере бермейміз» деген ойына жете мән берген адам оның қандай емеурінмен айтылғанын түсінсе керек. Ол тілінен айырылған халық ұлт болудан да қалады деген ой еді.

Бұл жерде І.Омаровтан басқалары қазақ тілінің мәселелеріне көңіл бөлмеді деген пікір туындамаса керек. Мәселен, әйгілі жазушы С.Мұқанов қазақ тілін оқытудың тиімді әдістері мен оны дамытудың бағдарламасын ұсынған. Ол Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретінде Республиканың алыс аудандарын аралап, қалыптасқан жағдайды өз көзімен көріп танысқан. Әсіресе, республиканың солтүстік аудандарында қазақ тіліне деген көзқарастың мүлде сын көтермейтіндігіне баса назар аудартады. 1956 жылы Жоғарғы Кеңестің сессиясында С. Мұқанов қазақ тілінің төңірегінде қалыптасқан ахуал туралы сөз сөйлейді. Онда:

«Республикалық деңгейдегі кейбір басшылар қазақ тілін тек қазақ тұрғындары тұратын аудандарда ғана қолдануға болады деп ойлайды, қазақ тілін берген садақа ретінде қолдануға болады деп ойлайды, қазақ тілін берген садақа ретінде қолдануға ешкімнің құқы жоқ. Қазақтар жалпы халықтың қанша пайызын құрайтынына қарамастан, олар өздерінің ана тілінде сөйлеулері тиіс», - деп ашына айтқан. Бірақ мұнан еш нәтиже шықпағаннан кейін осы мәселе бойынша Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіне хат жолдайды. С. Мұқановтың хаты 1957 жылы 11 сәуірде қаралып, ол жөнінде төмендегідей шешім шығарылады:

1. Қазақстан КП ОК мүшесі С. Мұқановтың қазақ тілі мен қазақтың ұлттық мәдениетінің жағдайы мен даму болашағының мәселесі жөніндегі хатын талқылай келіп, КП ОК жолдас С.Мұқановтың хатында бірқатар қате және саяси зиянды тұстарының бар екенін атап көрсетті.

2.С. Мұқанов жолдастың Қазақстан Компартиясы ОК-не жазған хатында айтқан түйіндері мен қорытындыларының қате және саяси зиянды екенін түсінгенін және ол өзінің бұдан әрі қарайғы практикалық жұмысында өз қателігін түзететінін және түрі жағынан ұлттық, мазмұны жағынан социалистік ұлттық мәдениетті одан әрі дамыту үшін Қазақстан партия ұйымы жүргізіп отырған күреске белсене араласатынын мәлімдегені ескерілсін» [5].

Міне, халқының мұңын жеткіземін, жоғын жоқтаймын деген танымал жазушының өзін кінәлі етіп, ұлтшыл деген айдар тағып, тауын шақты.

1940 жылы жабылып, 1955 жылдың 1 қаңтарынан қайта шыға бастаған «Қазақ әдебиеті» газеті 1956 жылы қазақ тілінің жағдайы туралы, мектептер мен жоғарғы оқу орындарында қазақ тілін оқыту мәселесі, іс – қағаздарын ана тілінде жүргізу туралы өзекті мақалалар жариялаған газетке тағы да ұлтшылдық айыбын тақты. Қазақстан Компартиясы ОК Бюро отырысында «Қазақ әдебиеті» газеті туралы мынадай шешім қабылданды:

«Қазақ әдебиеті» қазақ халқының мәдени дамуында маңызды мәселелерді көрсетуде зиянды және қате ойларға жол берген. Бұл газет Қазақстанда қазақ тіліне қатысты ұқсастық көрсетіледі-мыс, ұлттық мүдделер мен талаптардың ескерілмейтіндігі, жоғары және орташа білікті мамандардың нашар даярлануы туралы айтқан, бұл шындыққа сәйкес келмейді» және газеттің ұлттық шеңберде қалғанын көрсетеді» [5, 136.]. Осы шешімге сәйкес газет редакторлары түгел ауыстырылады.

Сонымен бірге Шығыс Қазақстандық майдангер, қарапайым мектеп мұғалімі М. Елікбаевтың жеке адам құқықтарының бұзылу фактілері, ұлттық саясаттағы заң бұзушылықтар туралы, атап айтқанда, қазақ тілінде оқытатын мектептердің жабылуына қатысты наразылықтарын білдіріп Н. Хрущевтың атына жазған хаты ерекше орын алады. Өзінің азаматтық көзқарасын білдірген М. Елікбаевқа қарсы жазалау шарасы бірден іске қосылды. Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық партия комитеті оны партия қатарынан шығарды. Одан кейін М. Елікбаевты психикалық аурумен ауыратын адамдарды емдейтін орынға жабады. Онда ол 2 мәрте аштық жариялаған.

КСРО Денсаулық Сақтау министрлігінің мәліметтеріне қарағанда бүкіл Кеңестер Одағына «өзгеше ойлайтын» 30 мыңнан астам адамды психиатриялық емдеу мекемелеріне зорлап өткізген екен [6].

Міне, осындай келеңсіз оқиғалардан кейін зиялы қауымда эвфемистік жолды таңдамасқа лажды қалмаған-ды.

1950 – 60 жылдар қазақ зиялылары үшін жеңіл болған жоқ. Бірақ осындай қиыншылықтар оларды ұлттық ғылым мен мәдениетті дамыту мәселесі төңірегінде біріктіре түсті. Сол кезеңдерде жетекші жазушылар мен ғылым, мәдениет қайраткерлері күрделі мәселелерді талқылауға көбінесе Қ.И. Сәтбаевта немесе М. Әуезовтың үйіне жиналып отырған. Өрбірінің шығармашылық жетістігіне қуанып, жаңа тақырыптар алып отырған. Осылайша С. Мұқановтың Шоқан туралы кітабы, Ғ. Мүсіреповтың Амангелді жайлы еңбегі, Е. Брусиловскийдің «Дударай», Қазақ драма театрында «Абай» пьесасының қойылымы, Л. Хамидидің «Қазақ вальсі» дүниеге келген [1, 89-б.].

Тіл мәселесінен кейін І.Омаровтың ұлттық мұра ретінде насихаттау, дамытуды қолға алғаны – айтыс өнері болды. Өз қызметінің әр деңгейінде ол айтыстар ұйымдастыруға көп көңіл бөлгенін жоғарғы тарауларда айттық. Сондай – ақ баспасөз бетінде айтыс өнерін насихаттауға да атсалысты. І.Омаров айтыс өнері жайлы: «Айтыс өлең қазақ халқының рухани өмірінде тарих бойы келелі орын алып келеді. Көркем сөзге, өлеңге құмарлығы күшті халық айтыс өлеңдерін үнемі пайдаланып отырды.

... Еліміздің тарихында елеулі орны бар бұл мұра халқымыздың өлеңге құмарлық, кемшілікті сынау, жақсыны мақтан ету сияқты керекті қасиеттерін дамытып, ой логикасын кеңітіп, жұрттың белсенділігін көтеруге себепкер болып келеді. Ақындар айтысы – сол халыққа тән айтыстың шоқтығы болып, халық ауыз әдебиетіне айналған түрі деп білу қажет», - деп жазды [7]. Ал, «Ескі мұра жаңа мазмұнда» атты мақаласында: «Шын мағынасындағы ауыз әдебиеттің өкілдері – ақындар саны бұл күнде көп те болмас, бірақ та бұл ұрпақтан кейін де айтыстар болуы керек» - дейді. Міне, егер бүгінгі күні айтыс өнері өзінің қайта өрлеу кезеңін басынан өткеріп жатқан болса, осы І. Омаров сынды аға буын өкілдерінің жанашырлығының, өнерді өркендету жолындағы үздіксіз ізденістерінің нәтижесі деп білуіміз керек. І. Омаров сол мақаласында одан әрі ойын былайша сабақтай түседі: «Айтыс өнерін халық аса жоғары бағалайды, айтыс ақынын ынтамен тыңдайды, оған қошамет көрсетеді. Солай болса, осы әдістің күшті құралы болу – айтыстың қадірін кетермеу былай тұрсын, қайта дәрежесін көтереді. Екіншіден, айтыстар әділ, тура, нақты сынның құралы және айтыстағы сындар сынның өткірі, тез тарайтын әйгілі түрі. Үшіншіден, айтыстар халықтың тілді байытуға, тапқар теңеулер мен әдебиет тілін байытуға себепкер болады. Айтысты өрбіту біздің жазба әдебиетімізге нұқсан келтірмек түгіл оны өмірмен байланыстыруға себепкер бола ма деп те ойлаймыз. Сондықтан да бүгін біз үзілді – кесілді айтыстар керек және оларды жандандыру шарт деген нақты пікірге тоқтауымыз керек» - деп, өзінің үзілді – кесілді пікірін білдіреді [4, 117-б.]. Шын мәніндегі жанашырлық, ұлы мұраға деген сүйіспеншілік осындай болса керек. Сонымен бірге І. Омаров ақындардың жырлайтын тақырыптарына дейін айқындауға тырысқан. «Бізде», - деп атап көрсетеді ол, - ақындар жырлайтын тақырыптар ұшан – теңіз. Ұлы Жамбылдың тілімен айтқанда: Жырға лайық елің бар,

Елге лайық ерің бар,

Төрі толған түлікке,

Ұлан – байтақ жерің бар.

Көк орайлы белің бар

Айдын шалқар көлің бар,

Сабасы мол көп өзен

Өлке толған егін бар.

Жаз өрісің – кең жайлау,

Қыс қонысы – соның бар.

Тау мен далаң сақтаған,

Қойны толған кенің бар:

Осы дәулет тұрғанда,

Не нәрседен кемің бар,

Осыларды толғайтын

Ақындарым, жөнің бар.

Қорыта айтарымыз, елге қызмет ететін өнімді бола берсін» [8].

І. Омаровтың «Ақын Сараның әдебиетіміздегі орны» деген ғылыми мақаласы да назар аударарлық. Бұл мақала айтыс өнеріне ғана емес, сол айтыстың шоқтығын биік еткен дарынды ақындардың бірі – Сара есіміне қатысты ғылыми – зерттеу мәселесіне арналған. І.Омаров өнердің барлық саласына, оның тарихына ғылыми тұрғыда қарауды жолдаған. Алдымен өнердің терең дәстүріне жан-жақты талдау жасап барып, өркендету жолын қарастырған.

«Сараның атын білмейтін адам жоқ. Бірақ сол Сара жөнінде бұрын-соңды лақапты былай қойғанда, ғылыми – зерттеулер жоқтың қасы еді. Жұрттың көпшілігі Сараның тарихта болған адам екеніне күдіктенбесе де, қалдырған еңбектері белгілі болмаған соң шын дарынды ақын болғандығынан шүбәланатын. Осындай жағдайдың боларын тегі зерек Сараның өзі де алдын ала білген сияқты. «Қош бол елім» деген ұзақ өлеңінде Сара:

«Қағазға жалғыз сөзім түспегенсін,

Ұмытылып қалар Сара құр аңыз боп ... » деп, І. Омаров қазақтың дарынды ақын қызы туралы қолда бар деректері арқылы біраз мәліметтер бере келіп, мақаласын былай түйіндейді: « ...Кейде біз ел арасына іздену экспедицияларын жіберуді мезгілі өткен іс деп санаймыз. Әрине, Академия маңында жиналған заттар көп шығар, бірақ та ертеде қағазға түскен мәдени мұрасы аз елдердің ел адамының есіндегі мәдени мұра толық жиналды деп айта алмаймыз ... Біздіңше Академия болып, Жазушылар Одағы болып, тағы басқа ұйымдар осы жағдайды ескергені жөн» [8, 14-п.].

Бұл мақала 1959 жылы жазылған. Ал, І. Омаровтың айтқан этнографиялық экспедицияларды елдің ішіне шығару ісі бүгінгі күні де ғылыми әдіс ретінде қолданылып келе жатқаны бәрімізге аян.

Жалпы І. Омаровтың айтыс әлеміне қатысты ой – пікірлерін жинақтай келе және оларды іс жүзіне асырудағы нақты әрекеттеріне талдау жасай отырып, біз оның айтыс өнерін жаңғыртуға сүбелі үлес қосты деп есептейміз. І. Омаров қазақ халқының би өнеріне де ұлттық мәдени мұра ретінде қарады. Қазақ халқының қай өнері дамуы жағынан кенже қалып жатыр, соған ерекше көңіл бөлген. Оның қаз тұрып кетуіне өзінің ой – пікірлерімен де, салиқалы ұсыныстары мен де нақты іс әрекеттерімен де атсалысып, жағдай жасауға тырысқан. Мәселен би өнеріне қатысты «Би туралы» және «Проблемы казахской хореографии» атты мақалаларын жариялап, қазақ халқында би өнерінің тарихына шолу жасай келе, оны жоғары сатыға көтерудің жолдарын көрсетеді. «Қазақта би өнері болған ба деген таластың ешбір негізі жоқ. Көшпелі тұрмыс сенің биіңді не қылсын», - деп жазады І. Омаров. Дегенмен би өнеріне ән – күй және әсем қимыл қажет десек, бұл екеуі халқымызға тән зор қасиет. Қай ұлттан болмасын кем түспейтін қасиет болатын – ды. Кең дала төсінде еркін желмен жарасып, ат құлағында ойнаған ел азаматтарының қимылында, жүріс – тұрысында әдет – салтында би үшін қажетті элементтер қажет болатын. Қазақ музыкасының жүйелі әуені, күй ырғағы мен тұрмыс – салт жырының шарттылықтары – ұлттық хореография үшін бұлақ көзі еді. Яғни, би өнерінің қалыптасқан озық жолдаулау болғанымен сол өнердің бұрқ етіп дамып кетуі үшін қажетті алғышарттар жеткілікті деген ойларын білдіреді. Одан әрі: «Опера, драма, хор өнері, симфониялық шығармалар, қазіргі эстраданың тек советтік заманда, айналасы елу жыл ішінде осыншалық биікке көтерілуі тегін емес» - деп би өнерінің тереңнен алатын дәстүрінің негізсіз еместігін дәлелдей түседі [4, 190-191-бб.]. І. Омаров бұл жетістіктердің бәрін Кеңес үкіметінің мәдениет саласындағы іс – шаралардың нәтижесі ретінде қарастырады. Алайда «тақырға гүл шықпайды» деген мәтелді тілге тиек ете отырып, өнердің ұлттық қайнар көзіне маңыз береді: «Ұлтымыздың төл өнері - биі өркен жайды. Ол ұлттық музыкамен ұлтқа тән көркем қимылдан туындады. Би – жеке кісінің орындауынан өсіп, опера спектакльдеріндегі көп кісі билейтін би түріне дейін дамыды. Бұрын Одақ картасында қазақ даласында хореография өнері белгілене қоймайтын. СССР халық әртісі Лидия Чернышева басқарған Қазақ ССР Мемлекеттік ән – би ансамблі бізде «би жұтан» деген ұғымды жоққа шығарды. Ансамбль барған Азия, Европа, Америка континенті қазақ би өнерінің нелер үлгісін көріп қол соқты.

Шара Жиенқұлова қойған жеке билер, жас шеберлер әзірлеген би үзінділері тәуір баға ала бастады. «Біржан мен Сара» операсындағы Д.Әбиров қойған би, Шара мен Болат Аюханов әзірлеген «Балбырауын» би көріністері кез-келген спектакльге көрік береліктей» - деп, халықтың биден кәсіби қазақ би өнерінің мектебі қалыптасқандығын мақтаныш сезіммен жазады. Сондай-ақ І. Омаров жоғарыда атап көрсеткеніміздей өнердің барлық саласына ғылыми – зерттеушілік қырынан да қарауды ұмыт қалдырмаған. Өйткені оның көздеген мақсаты ұлттық мәдени мұрамызды өз ішімізде болсын, шет елдерде болсын насихаттап, таныстырғанда ғылыми негізінің берік болып, дәлелді етіп шығару еді. Осыған сәйкес І. Омаров « ... өнердің осы бір нәзік тұсын зерттейтін шеберхана біздің Ғылым академиямыздың зор шаңырағына керек-ақ. Еңбек, тұрмыс-салт, этнографиялық сәттерді ұлт өміріне байланыстыра зерттеу – көркемөнерге келіп құятын қайнар

іспеттес. Оған қоса, балет өнерінің мазмұны ертегі мен аңыз сюжетінен шығатын кезі болды. Өмір өзі ұсынып отырған оқиғалар көркем ой дарыны үшін жаңа жағалауға меңзейді» - деп, өте маңызды пікірін білдіреді [4, 194-б.].

Осынау би өнері деген ұлттық рухани байлығымыздың өткен жаюына, оның әрдайым ұлттық бояуы айшықты болуына үлкен мән берген І.Омаровтың есімі өнертану тарихында ерекше орын алары анық.

Жоғарыда ой – пікірлерінен үзінді келтіріп отырған осы бір мақаладан-ақ І. Омаровтың ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін, құрметін әрі жанашырлығын терең сезінуге болады. Өзін тікелей айналыспағаннан кейін би өнері туралы пікір айту, мақала жазу қаншалықты қиын екенін түсінесің. Ал, бұл мәселе бойынша пікір айтып қана қоймай, оған сын айтқан І. Омаровтың соншалықты теориялық дайындықпен келгенін болжай беруге болады. Енді І. Омаровтың хореография мәселесіне қатысты сынына тоқталатын болсақ, төмендегідей сыни пікірлеріне еріксіз назар аударамыз: «Балет шығармасының негізгі екі авторы болады: композитор және либреттист. Жарты ғасырлық жасампаз жалдарды басымыздан өткеріп отырып, күні бүгінге дейін балет өнері үшін композитор мен драматург жоқ деу ұят сөз екен ... бірақ шындығы сол. Кейбір композиторлардың өресі жетпейді, кейбірі балет туралы тарап кеткен өсектен қорқады. Ол өсек – «балеттің әлі жоқтығы, қиындығы. Балет өнеріне қанық жолдастар жәрдемін «сараңның сандығында» ұстап, білгенін бұлдаумен болады да, жәрдемін жасырып қалады. Барды қармап, біз Ғазиза, Құддыс, Нұрғиса шығармаларын ғана көреміз. Әлгіндей творчестволық достық болмағанын, мәселен Ғазизаның жоғарыда аталған балетінің («Ақ құс туралы аңыз» - А.Қ.) «Ақ қанат» бөлімі онша сәтті болмай қалды. Құддыс балетіне де осы кемшілік тән болып шықты. Мұнда тұрған еш құпия жоқ. Бар бәле – біздің балетмейстрімізде, кәдімгі көркем ой фантазиясы жүдеу-ақ.

...Және де балетмейстеріміздің бір әлсіздігі – олардың қазақтың би фольклорын зерттемеуі, би туралы түсініктерінің кемтар болуы, ән әуеніндегі, күй ырғағындағы көркем қимылды көре алмай қоюында жатады. (Терме, айтыс әндерінен хабарсыз болғанды былай қоялық)», - деп сәтсіздіктердің себептерін ашып береді. Одан әрі ойын былайша сабақтай түседі: «Менің әсіресе, күй мен әнді үзіп-жұлып, берекесін кетіріп, әндегі ұлттық мазмұн бірлігін бұзған шығармаларға қарным ашады. Өйткені бұл – бір сәтсіздік жолы.

... В. Великанов жолдас «Қамбар мен Назым» балетінде кейбір әндердің қайырмасы ғана біріктірілген құрамыс болып шықты да, жақсы тақырыптың өмірін қысқарта салды.

Ал, мазмұн мен түр бірлігін бұзбаған, яғни халықтық музыканы тұтас, бұзбай алып, гармония жағын күшейткен Е.Брусиловский опералары, Шара мен Болат қойған спектакльдердің өмірі – соңғы кезде бұл тәжірибенің дұрыс екенін дәлелдеді» - деп, өнердегі ұлттық, халықтық атты қасиетті ұғымдарға үстірт қарамайтынын және соны басқалардан да талап ететінін баяндайды [4, 192-193-бб.].

І. Омаровтың «Проблемы казахской хореографии» атты орыс тілінде жазылған мақаласында дәл осы мәселелер көтерілген [9].

І. Омаровтың пайымдауы бойынша ұлттық өнерде маңызды орын алуы тиіс сала – қазақтың кино өнері. Бұл салыстырмалы түрде алғанда дәстүрге бай емес, жас өнер түрі – кино индустриясымен І. Омаров тікелей айналысқан-ды. 1959 – 1960 жылдары Алматы киностудиясының директоры қызметін атқарғаны мәлім. Одан кейін де кино өнері І. Омаровтың назарынан тыс қалып көрген жоқ. І. Омаров жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ кино өнерінің дамуына өзінің қолтаңбасын қалдырды. Қазақ халқында бұрын болмаған осынау күрделі өнер түрін шын мәнінде ұлттық рухани әлемімізге қосу бағытында бірқатар істер тындырды. Оны өркендетуге қатысты ойларын ортаға салды. Мысалы, «Үлкен творчестволық міндеттер алдында» деген мақаласында: «... ұлттық киностудияның өзіне тән ұлттық ерекшелігі болу керек...»

Сондай – ақ ұлттық деген ұғымның өзін дұрыс түсіну қажет. Оны тар шеңберде түсіну ұлттық оқшаулыққа, томаға тұйықтыққа, ұлтқа тән барлық қасиеттерді интернационалдық ұғымға қарама-қарсылыққа әкеп соқтырады. Егер ұлтқа тән қасиеттің барлығын тек қана жылтыраған оқшау көріністерге, бұрынғы әдет-ғұрыптарға, ұлттық киімдерге үйіп төксек бұл болмай қалмайды. Басқа ұғымдар сияқты ұлттық дегеннің өзін дамумен, қозғалыспен ... байланыстыра қарауымыз шарт», - деп жазады І. Омаров [4, 164б.].

Шынында да кино өндірісі бір ғана ұлттың немесе мемлекеттің шеңберінде ғана қалып алмайды. Кино өнері, І. Омаров атап көрсеткендей, интернационалдық құбылыс болып табылады. «Ұлттық дүниелелер интернационалдық ұғыммен барынша қабысып кетуі керек» дей келе, ойын одан әрі былай деп жалғастырады: «Біз ұлттық түр дегенде, бірінші кезекте тілді аламыз. Бірақ кино

өнері үшін бұл тән сипат емес, өйткені кинофильмдер бір ғана ұлт үшін жасалып қоймайды, дубляж арқылы басқа тілдерге аударылады. Сондай-ақ сценарийді тек ұлт тілінде жазу шарт емес».

Илияс Омаров кино өнерін әр ұлттың өзінің ерекше қасиеттерін, мәдениеті мен тарихын басқа халықтарға танытудың, насихаттаудың тиімді әдісі ретінде қарастырады. Сондықтан да Қазақстанда түсірілген әрбір кино фильмде ұлттық рең көзге айқын көрінуі тиіс деген ұстанымда болады. «Біз, - дейді І. Омаров, - әр ұлттың өзіне тән ерекшелігі туралы айтқанда ұлттық характерді барынша ашатын және интернационалдық мәдениетті байыта түсетін барлық жақсы қасиеттерді теріп алуды, интернационалдыққа зиянын тигізетіндердің бәрін қатты мінеуді айтамыз».

Қазақ кино өнерін дамытуға І.Омаров қандай үлес қосты дегенге келетін болсақ, қазақ жазушыларының кино сценарий жазуларына, қазақ жазушыларының шығармалары негізінде көркем фильмдер түсіруге жас актерларды тәрбиелеп шығаруға және ұлттық музыканы кино өнеріне қолдануға барынша жағадайлар жасауға тырысты. Оған дәлелдер келтіретін болсақ, өзі киностудияның тізгінін ұстаған аз ғана уақыт ішінде Ленин сыйлығының лауреаты М. Әуезовтың «Абай» эпопеясы негізінде қазақ халқының ұлы ақыны, ойшыл Абай Құнанбаев туралы көркем фильм түсіруді жүзеге асырды. Оған режиссер етіп жетекші маман ретінде танылған И.Луковскийді бекіттірді. 1960 жылы Қазақстан өзінің 40 жылдық мерейтойын атап өтетіндіктен қазақ халқының әйгілі ұлдарының бірі, революционер Әліби Жангелдин жайлы фильм түсіруді жоспарға енгізіп, сценарий авторлығына Ғабит Мүсіреповты бекіттірді. Илияс Омаров бұл көркем фильмдерді жылдық жоспардағы 5 фильмнен тыс қосымша енгіздірген [10].

І. Омаров өз қызметінде қазақ жазушыларының арасында кино сценарийге арналған конкурс жариялайды; екіншіден, кәсіби сценаристер бобын даярлау мақсатында сценаристік шеберхананы жетілідіріп, күшейтуді қолға алды; студия жанынан сценаристер даярлайтын курс ашқызды: үшіншіден, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросының Алматы киностудиясын қайта жабдықтау туралы шешім қабылдауына мұрындық болды. Осы мақсатқа арнап 19 млн. сом қаржы бөлінді [10, 4-26-бб.].

І. Омаров өз қызметінде Алматы киностудиясында негізінен Қазақстандық сценаристердің фильмдері экранға шығу қажеттігін қатаң талап етті. Ол жоғарыда аталған мақаласында былай деп жазды: «... жалпы жазушылардың кинодраматургияға әлі де алыстан қарайтындығын атап айтпақпыз. Бір мысал келтірейік. 1959 жылы Алматы киностудиясы 5 көркем фильм шығарса, соның тек біреуі ғана Қазақстан жазушысының сценарийі бойынша қойылды. Әрине, жақсы сценарийлер болса, киностудия кім жазғанына қарамай қоя беруге тиісті. Дегенмен жоғарыдағы жағдайды дұрыс дегіміз келмейді. Бұдан былайғы жұмысымызда біз дәл осы алшақтықты жоюға міндеттіміз, өйтпегенде киномотографияның республикада өсуіне нұқсан келтіреміз. Бұл үшін киностудия Жазушылар Одағымен байланысты күшейтуі керек болса, жазушылар болса студияны өз үйіндей көріп, оның жұмысының өркендеуіне атсалысқаны жөн» [4, 168-б.].

Илияс Омаровты толғандырған тағы бір мәселе актерлар даярлау ісі болды. Бұл күрделі кадр мәселесі бойынша оның ішкі заңдылықтарына терең үніліп оны шешудің нақты жолдарын ұсынады. «Республикамызда кино өнерінің өсуінің тағы бір шарты – актерлар мәселесі. Жылына бір - екі фильм шығарып жүрген кезде мұнда ешбір қиыншылық жоқ сияқты еді. Ал бүгін студия жылына бес – алты, таяу жылдардың ішінде 8 – 10 фильм шығаруымен байланысты бұл да бір күрделі мәселеге айналып тұр. Кино көрушілер республикамыздың көптеген әртістерімен экран арқылы таныс. Қ. Қуанышбаев, С. Қожамқұлов, Е. Өмірзақов, Қ. Бадыров, Қ. Байсейітов, Қ. Жандарбеков, С. Телғараев, Х. Бөкеева, Н. Жантөрин, Ш. Мусин, М. Сүртібаев тағы басқа әртістеріміз түсірілген фильмдерде үздіксіз рөл атқаруда. Солармен қатар кейінгі жылдары жұртшылыққа сәтті қадаммен таныс болған З. Шәріпова, Г. Исмаилова, Л. Әбдікәрімова, А. Әшімов сияқты жастардың аты белгілі болды. Киноға байланысты әртістердің белгілі бір тобынан айрылмаудың тағы да екі түрлі келіспейтін жағы бар. Біріншіден бұл театр жұмысына ештеп кедергі келтіретін болғандықтан, екіншіден, бір әртістің ылғи түсе беруі жалықтыратындықтан. Осы жағдаймен байланысты бұдан былайғы жұмысында студия жоғарғы топтағы сахна шеберлерін әлі де тиісінше пайдалана отырып, оларға қоса көптеген жастарды киноактерлік жұмысқа тартпақ. Оның екі жолы бар: бірі – киностудияның жанында киноактерлік даярлайтын мастерской ашу, оған көркемөнер үйірмесінен талапты жастар тарту. Мұнымыз негізгі жол деп санаймыз. Екінші, облыстық, аудандық жердегі театрлардан да, халық театрларынан да әртістер іріктеп алу, әлі де өнері көпке көрінбей, ескерусіз жүрген жас таланттар кино арқылы өз өнерлерін көпке танытып, халықтық ісімізге үлес қосар деген үмітіміз зор» [4, 168-б.]. Осы ұсынылған екінші жол бойынша «Қыз Жібек» көркем фильміндегі

Жібектің рөліне әлі көпке таныла қоймаған жас талант – Меруерт Өтекешованың таңдап алынғаны мәлім. Бүгінгі күні «Қыз Жібек» фильмінің 45 жылдық мерейтойы.

Сондай – ақ Илияс Омаров Мәдениет министрі кезінде осы «Қыз Жібек» фильмінің түсірілуіне бас-көз болғандығына, қазақ кино өнерін өркендету бағытында жүйелі жұмыс жүргізгендігіне куә боламыз.

Театр және кино актерларының шығармашылығы, өсу жолы үнемі І. Омаровтың қырағы назарында болды. Ол осы өнер қайраткерлерінің халық алдындағы жемісті еңбектері жайында да қалам тартты. Олардың еңбек жолы мен өнердегі ізденістерін, жетістіктерін халыққа жеткізіп, жастарға үлгі етті. Мысалы, дарынды актер, талантты режиссер КСРО халық әртісі Шәкен Аймауытовтың 50 жылдық мерейтойына орай І. Омаров «Өнерпаз жолы» деген мақаласын жариялады. Онда Ш. Аймановтың шығармашылық өсу жолына театрда сомбаған рөлдеріне, қайраткерлігіне жан-жақты талдау жасаған. «... Шәкен басынан көрінетін тағы бір ерекшелік, ол самародов дәрежесінде қалып қоймай оқу, іздену, үзбей өсу арқасында бүгінгі мәдениетіміздің нелер биік талабына жауап берумен келеді. Әсіресе, режиссерлік жұмысымен қоса актерлік ойындары көрерменнің талғамы мен талабынан шығып отыруы оның зор ізденіс үстінде, өрлеу жолында жүрген суреткер екенін танытады» - деп, оның ізденіс пен шыңдауға құрылған шығармашылық қарымына жоғары баға береді [4, 183 б.].

Ал, қазақ өнерінің тағы бір сахна тарланы Серәлі Қожамқұлов 70 жасқа келгенде І. Омаров оның өнегелі өмір жолы мен өнердегі қайталанбас келбетін үлгі ету мақсатында «Халқының төл баласы» атты мақала жазып, баспасөзде жариялады. Бұл мақалада: «Серәлі қазақ совет сахнасының аға буыны, саф алтыны, «халық өзі оқытқан, заманы тоқытқан» деген адам. Ол реалистік сахна өкілі, сол традицияны ілгері апарған кісі. Қазақ сахнасының «күштілер тобы»: Қалибек, Күләш, Құрманбек, Елубай, Жұмат және басқа іргетас қалаушылармен қоса, бұл да сөз жоқ, сол өнерді қалыптастырушы», - деп атап көрсетеді. Одан әрі «Қазақ сахна шеберлерінде керемет бір асыл қасиет бар. Ол – татулық, бірлік. Өз басым осы күнгі аға буын арасында аз да болса өнерге зиянын тигізер салқындық болды дегенді естігем жоқ.

... Аға буынның осы қасиеті орта буынға да одан кейінгі жастарға да тамаша дәстүр болып ауысыпты. Бұл сапардағы Серәлі сіңірген еңбекті мәуелі ағашқа оның сапалы жемісіне теңеген жөн» - дей келе, ұлттық өнердің кең қанат жаюына дарын илерінің арасындағы татулық пен бірліктің қаншалықты маңызы бар екеніне көңіл аудартады [11].

Кино өнерінде І. Омаровтың тағы бір көтерген мәні зор мәселесі – кинода қолданатын музыка туралы болды. Ол: «Жұртшылыққа мәлім, музыканың киноға, киноның музыкаға тигізетін пайдасы көп. Бірі – картинаның көркемдік жағын күшейтсе, екіншісі музыканы халыққа насихаттауға себепші болды... Басқа халықтардай біздің Қазақстанда ән мұрасы адам айтқысыз бай. Амал не, осы олқылықтың орнын толтыру бағытында жұмыс жүргізу керектігін айқындады [4, 169 – 170-бб.]. Міне, осы бір ғана кино өнерінің төңірегінде ұлттық өнердің бірнеше бағытына дем беріп, үйлесімді дамыту жолын ұсынған Илияс Омаров өзінің кең ойлайтын қызметкер екенін ғана емес, ауқымды ұлттық мәдениетті дамытуды мақсат еткен саясаткер екенін дәлелдеді. Әр сөзіне іспен жауап беретін І. Омаров Алматы киностудиясының 1959 жылғы жастарына «Степной соловушка» деген фильмді қалдырған. Бұл музыкалық көркем фильмнің желісіне ауылдан шыққан талантты әнші қыздың кәсіби әнші болғанға дейінгі өсу, даму жолы негіз етіп алынған. Ал фильмнің өн бояуында қазақтың халық әндері насихатталады деп қысқаша сипаттама берілген. Фильмнің сценарийінің авторы – К. Сатыбалдин, ал қоюшы режиссері – Д. Тналина мен А. Қарсақбаев болды [10, 4-26-бб.].

Қазақтың ұлттық кино өндірісін дамытуға қатысты І. Омаровтың айтқан ойпікірлері бүгінге дейін өміршеңдігін жойған жоқ деп ойлаймыз. Қазіргі қазақ кино өнерінің тізгінін ұстап жүрген өнер қайраткері мен «Қазақфильм» жетекшілері кинофильмдер түсіруде І. Омаров атап көрсеткендей, ұлттық құндылықтарымызды негізге ала отырып, әлемдік кино деңгейіне көтерілу жұмысын жетекшілікке алуы керек деген ой көкейге еріксіз оралады.

І. Омаровтың ерекше ықыласын аударған өнер саласы – қазақ халқының ұлттық музыкалық дәстүрі болды. Ұлттық музыка жайында жазылған оның мақалаларында халықтың ән мен күйінің қазынасына деген мақтаныш сезімі, осы ұшан – теңіз байлықты игеруге, зерттеуге деген құлшынысы айқын байқалады. Қазақ халқының мұрасына байланысты жазған еңбектеріне тереңірек үңілсек, онда І. Омаровты музыкатанушы маман ба деп қаласыз. Бірақ мәдениет саласын басқаратын адамның өнердің әр саласынан хабары болуы, оны терең түсінуі заңдылық екені де белгілі. Дегенмен І. Омаровтың біліктілігі мен әмбебаптығын мойындаған ләзім. Ұлттық

мұрамызды насихаттаудағы теориялық даярлығының тереңдігімен бірге І. Омаровтың қай салаға болсын айтатын өткір де әділ сыны қатар жүретін еді.

І. Омаровтың ұлттық музыка өнеріне қатысты толғандырар тақырып айдарымен баспасөзде басылған «Халықтың ән мұрасы хақында» және «Қайнар бұлақтың көзі көп» атты мақалаларының маңызы ерекше. Ал, сонау 1948 жылы «Өскен елдің өзіне лайық музыкасы болсын» деген еңбегі ән мұрасын насихаттауға қосылған зор үлес болып табылады.

І. Омаров қазақтың музыка тарихында Абайға, оның музыкалық мұрасына ерекше орын береді. «... сөз басы етіп ұлы Абайдың өлеңінен «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген бір жолды алғымыз келеді», - деп жазды І. Омаров, - «Оның мәнісі бар. Ақын өзінің көркемдік ой жүйесін бұдан бір ғасыр бұрын осылай түйген еді. Әрине, қазақ халқы өнерінің Абай өмір сүрген тұстағы жетекші саласы өлең болғаны белгілі. Бірақ «өлең» деген сөзді Абай ұғымында ұлттық өнердің барлық түрлеріне айтылған ортақ ой деп қарағанымыз абзал», - дейді [12]. Ол Абайды музыка қайраткері деп бағалайды: «Абай да қазақ өлеңін өрге сүйреген. Абай өлеңіндегі өршілдігі жалпы Абай өнеріне тән өнімді өршілдікпен үндес, сабақтас. Абай әндерінде орыс, украин музыкасының әсері, ізі сайрап жатыр. Бірақ Абай әсерленуінің шеберлігі сонша, Абай әндерінен халық жатырқаулық, бірде-бір бөтендік сезілмейді. Халық құлағынан өтетін дөрекі жамал – жасқауы жоқ, тігісі жатық, тарихи, әдемі әндер. Сондықтан да Абай өлеңдері елге тез тарап, ел жүрегіне қона қалды. Абай өлеңдері бұл күнде халық аузынан түспейді», - деген ойын білдірген [4, 185б.]. Одан әрі І.Омаров ойын былайша өрбітеді: «Мыңдаған халық ән – жырына қазақ халқының ертедегі солғын өмірінің таңбасы мөр болып басылған. Қазақ халқы бостандық пен қызық дәурен деп аңсаған ойын жақсы болашақтан тәтті үмітін ән мен жырға бөлеп әлпештеген. Қазақ өмірінің керемет сыры жырда екенін, қазақ даласы – өлең дариясы екенін Ұлы Абай тамаша айтқан:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денен.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,

Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең», - деген өлең жолдары арқылы тағы да Абайға жүгінеді.

Жалпы, І. Омаровты толғандырған мәселе музыкалық мұраның қаншалықты бай екенін ғана жеткізу емес, осы бай мұраны халық игілігіне айналдырып, әлемдік музыканың алтын қорына қосудың жолдарын іздестіру еді. «Халық өнері қазір көптеген жанрлармен байып отыр. ... Вокальды өнердің өркендеуі, ең алдымен, опера негізінде туды. Операға еркін енген халық әндері мен әуендері жаңа жанрда орыс және Европа музыкалық мәдениетімен үндесті.

Симфониялық шығармалар көбейді. Оны орындайтын коллективтер туды. ... Өнерімізге кантата, оратория, романс сияқты өнердің жаңа түрлері енді. Қазақ халқының музыка өнері қазіргі жанр жағынан алып қарағанда өрлеу сатысында тұр.

... Романстың дара жанр болып өркендеу жолында бай дәстүріміз бар. Вокальды өнердің түрлі қазақ халқының музыкалық мұрасында бұрында да болған. Әрине, ондай шығармаларға кезінде романс деп айдар тағылған жоқ еді. «Қорлан», «Алтыбасар», «Ардақ», «Қаракесек» және сол сияқты әндер романс жанрына жататын элементтер көп екені әркімге белгілі.

... Сөз арасында бізге бар, бар да болса жоқ бір жанрға назар аударғым келеді. Ол – оперетта. Бұл жанрды бар дейтін себебім, опера төл басы болып енген «Жалбыр», «Шұға» және қазақтың академиялық драма театры репертуарындағы «Айман - Шолпан» сияқты күрделі туындыларға операдан гөрі опереттаның элементтері басым және заңды да құбылыс. Өйткені, қазақ халқы табиғатында әнге жақын, оның өнері де опереттаға бейім тұрады. Халық ақындарының айтысын алайық. Екі ақынның өлеңі, әні бір сюжеттік желіге құрылады, композициялық қаңқасы бірін-бірі толықтырып тұратын тұтас шығарма. Егер осыған оперетта жанрына тән сахналық, режиссерлік түр берсек, одан оперетталық туынды алу аса қиындыққа соқпаған болар еді» - деп, біздің халыққа сырттан танылған ешнәрсе жоқ, тек европалық терминдер ғана енгізілгеннен хабардар еді [13]. Шын мәнінде жаңа жанрлардың бәрінің де ұлттық негізі бар екеніне, музыкалық дәстүріміздің тереңдігіне көз жеткізеді. Бұл жанрларды классикалық үлгіге салып енгізгенде, егер ешбір негізі болмаса өркендеп дамитын ба еді деген сауал еріксіз көңілге оралады. Халықтың ән – жырлар мұрасы қай жанрға да негіз болып оны жандандырып жіберуге ішкі мүмкіндігі жетерлік.

Қазақтың ұлттық музыкалық өнерінен сөз қозғағанда А. Затаевичтің еңбегін айналып өтуі мүмкін емес. Сондықтан да І. Омаров қазақ өнеріне өлшеушіз еңбек сіңірген А. Затаевичті ерекше бағалап қадір тұтады. А. Затаевич «Қазақтың 1000 әні» атты туындысын жарыққа шығарғанда Роман Роланның оның авторына жазған хатын І. Омаров өзінің «Рахмет» деген мақаласында келтірген. Түп нұсқасы орыс тілінде жазылған бұл хатта мынандай жолдар жазылған екен: «Сіз

маған Шығыстың осы кезге дейін белгісіз болып келген ғажайып әлемін аштыңыз. Бұл тәнті ететін ерлік пен сұлулық ... Мен де сіз сияқты, ... даланы көркейткен осы бір тамаша әуендердің гүлдеуіне таң – тамаша болдым» [1, 48-б.]. Алайда, І. Омаровты осынау бай дүниеге мақтаныш сезімнен гөрі оны игеріп, өнер айналымына енгізу мәселесі алаңдатқан еді.

Ол алаңдаушылығын қазақ композиторларына, өнер қайраткерлері мен әншілерге, музыка зерттеушілеріне айтқан қатал сынымен білдірді. «... қолымызда бар халықтық бай фольклорды біз дұрыстап пайдалана алмай келеміз. А.В. Затаевич жинаған екі мыңнан астам, Ғылым академиясы жазып алған алты мың өлең мен күйлер бар. Солардың бәрі бүгінгі композиторлаымыздың творчествосында қалай пайдаланылып келеді? – деп, сұрау тастай отырып, оған жауапты ащы да болса әділ сынмен І. Омаров өзі береді: «Бұған жауап беру өте қиын. Бас-аяғы он шақты халық әуендері бір шығармалардан екінші шығармаға ауысып көшеді де жүреді. «Япурайдан» бастап «Балбырауынға» дейінгі тар өріс қана. Біздің композиторларымыз осы төңіректі ғана шарлай береді. Шын мәнісінде әлі де бізге белгісіз, құлағымызға сарыны жетпеген ән - күйлер көп. Соны аша білуіміз керек. Тіпті, А.В. Затаевич жазып алған екі мыңнан астам халық әндері мен әуендерінің осы күнге дейін игілікке асуында шалалық жасап келеміз». Осы сыннан кейін І.Омаров қазақ халқының музыкалық мұрасын жинастыру мен насихаттаудың жүйелі әрі кешенді бағыттарын ұсынады: «Барлық ән – күйді жинап, оны жеке кітап етіп шығару – жұмыстың бірінші сатысы ғана. Көп жағдайларда ән мен күйлерді жүйеге келтіру жұмысы асығыс жүргізіледі, кейде тіпті көптеген шығармалар жөндеусіз жинаққа кіргізіле салады. Олай болса Затаевичтен бұрынғы ән – күй жинаушылар, тіпті А.В. Затаевичтің өзі, одан кейінгі мамандар жасаған жөндеулерінің ішінен қай ән – күйді алып, қай ән – күйге қайтадан жөндеу жүргізуге болатынын сұрыптағанымыз жөн.

Венгрияда венгер халқының ән – хоры жиырма том болып шықты. Ал біздің қолымыздағы небәрі А.В. Затаевичтің жинағы және оның қайта басылған түрі. Бұл халықтық ән – күй мәдениетіміздің бір тамшысына ғана тең. Менің ойымша, ән «энциклопедиясын» шығаратын уақыт жетті. Шығарғанда тек әндерді ғана енгізбей, оған олардың жөнделген түрін де енгізген дұрыс болар еді. Бізде көп жылдан бері «Грамзапись» жұмыс істейді. Грузиндердің үлгісі бойынша «Грамзапись» қазақтың халық әндерінің антологиясын жасап шығарса ...

Тек осы шараларды жақын уақытта іске асыра алсақ қана халық әндерін, халқымыздың бай қазынасын құрметтеу жөніндегі өзіміздің азаматтық борышымызды аз да болса атқарғанымыз болып саналар еді» [12].

Бұдан кейін І.Омаров музыкалық мұраны ғылыми тұрғыда зерттеу мәселесін де ойласады: «Әрбір мәдени мұра өз дәуірімен тығыз байланысты. Олармен үндесіп жататын тарихи оқиғалар бар. Төгілген қан, қираған қала, көзден аққан жас, батырлық іс – әрекет, тұлпардың шабысы (табиғат көріністері және бар) өздеріне сәйкес музыкалық мұра қалдырмады десек, тарих алдында қате басқандық болар еді. Біздің атақты музыкалық археологымыз Б.Сарыбаев бір ғана домбыраның қырық шақты түрін тапты. Ол дәлелдеген қобыздың да түрлері көп. Дауылпаз, аса таяқ, кселофон сияқты толып жатқан музыкалық аспаптар да болғандығын дәлелдеп береді.

Әл – Фарабидің музыкалық трактаттары әлі күнге дейін зерттеусіз келеді. Шамасы, біз музыкалық мұраны тек беріден ғана іздейміз. Көбінесе иек арта беретініміз А.В. Затаевичтің еңбегі ғана.

... Тек қана әні деп шығармаларға айдар тағу жеткіліксіз. Ол қай кезде шықты, туу себебі неден болды, әншінің жанын қандай оқиға тебірентті – ғылым жүзінде бұл әлі талдау таппаған қазына», - дейді.

Ұлттық музыканың келелі мәселелерін өрбіте келе, І. Омаров халық ауыз әдебиетінің де қатпарлы қырларын көтереді. Оның мына философиялық ой – түйіні кімді болса да бей-жай қалдыра алмасы анық. «Фольклорды біз сарқылмайтын бұлақ көзі деп көп айтамыз. Бұл – талас тудырмайтын шындық. Халықтық фольклордың таусылмайтын қайнар бұлақ екені рас. Бірақ бұлақтың алысы да бар, жақыны да бар. Бұлақтың жер бетіне ағып жатқан таязы да бар, көзге көрінбей тереңде жатқан қайнар көзі және бар. Мөлдір бұлақтан су ішудің өзі бір ғанибет. Дегенмен қай бұлақтан сусындағанымыз жөн. Жол үстінде кездескен жақын бұлақтан оп – оңай сусындап кетуге болады. Ал енді тереңде жатқан қайнар бұлақтың көзін ашып, оны бір адамның ғана сусыны қылмай, халқымыз қана ішетін мол суға айналдырған абзал. Фольклордағы ән мен күй бұлағы да сол тектес халқымыздың әлі де болса зерттелмей жатқан ән мен күй бұлағынан гөрі өзімізге әбден аян болған берідегі туындыларына көп жүгіру оңай әдет. Бүгінгі шығармаларымызға осыдан ғана нәр алғымыз келеді. Алып та жүрміз. Соның салдарынан көптеген ән ырғақтары, күй сарындары егіз қозыдай бір-біріне ұқсап, айырғысыз болып келеді», - деп, ғылыми – зерттеу жұмыстарының терең әрі жан –

жақты жүргізілу қажеттігіне назар аудартады. Бұл ойын Ілияс Омаров былайша тереңдете түседі: «Республикамыздың қай аулына барсақ та, эпостық жырлар мен қиссаларды, термелерді сүйсіне тыңдайтын жұртшылықты көреміз.

... Мұның сыры неде? Ең алдымен, эпостар мен қиссаларда әр дәуірде үніне сай мазмұн болса, екіншіден, халқымыздың төл өнеріне айналып алған дәстүр бар. Шын мәнісінде эпостар мен қиссаларды орындау – халықтық үлкен өнер. Бар кемшілік өзімізде. Бұл жанрға көңіл бөлмей қойдық. Әр халықтың өзіне тән өнер ерекшелігі бар екені аян. Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміздегі ерекшеліктерге, неге екені белгісіз, қырын қарап келеміз. Эпостар мен қиссаларды, термелерді музыкалық мәдениетіміздің бір саласы деп санайтын болсақ, оны орындау шеберлігін де үлкен өнердің бір түрі деп білуіміз керек», - деп қорытындылайды [12, 5-б.].

Қорытынды. Міне, бұл бір ғана музыка саласы бойынша қордаланған мәселелерді ашып, жан-жақты талдап әрі оларды шешудің жолдарын көрсетіп берді. І.Омаров осыдан 50 жылдай бұрын көтеріп кеткен, дабыл қағып кеткен мәселелер толық шешімін тапты деу өте қиын. Бірқатар маңызды істер жасалғанын да жоққа шығаруға болмас. Дегенмен егер шешімін тапса, І. Омаров көтерген өзекті мәселелер бүгінгі күні күн тәртібіне тұрмас еді және «Мәдени мұра», «Тарих толқынында», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламаларының қандай қажеттігі болған болар еді?! І. Омаровтың қайраткер ретіндегі көрегендігі осында болатын. Біз осы тарауымыздың басында І. Омаровтың «Қоштасу хаты» мен С. Мұқановтың қазақ тілінің жоғын жоқтаймын деп тұйыққа тірелгені туралы деректерді бекер келтірген жоқ едік. І. Омаров өзі көтерген мәселелерін пәрмендірек жүзеге асыра алмады. Оған қол байлау боған, біріншіден, денсаулығының нашарлап кетуі болса, екіншіден, кеңестік – тоталитарлық жүйе артық қадам жасауына мүмкіндік бермеді. Өйткені жоғарыда пікірлері берілген А. Сейдімбек пен Х. Әбжановтың пайымдауына қайта оралатын болсақ: «Социалистік идеология заманында өмір сүру – тағдырдың, жазмыштың ісі. Социалистік идеология заманында коммунистік партия қатарында болу – өмір сүрудің, қажет болса тірі қалудың кепілі болды. Мұндай тотальды (жойдасыз) жүйеде ұлтқа шапағатын тигізетін іс тындыру – арыстанның аузынан жем алғандай шаруа еді. Осындай ахуалда әйгілі, дарынды тұлғалар жалғыз ғана тәсіл қолданды. Ол – өктем идеологияның сойылын соққансып, ішкі қабілетін сыртқа шығарар саңылау іздеді. Яғни, кеңестік өктемшіл заманда рухани дәулетіміздің бәрі де астарлы, емеуірінді, тыйымдалған мәдениет еді. Мұны ұлтымыздың мәдени – рухани тарихындағы «эвфемистік мәдениет» деп атаса қисынды сияқты. Тек атап қана қоймай, тоталитарлық – репрессиялық жүйеде ғана туындайтын сол эвфемистік мәдениеттің ішкі ойын, астарлы сөзін, емеуірінделген поэтикасын аша жору – бүгінгі және болашақ ұрпақтың ең киелі міндеттерінің бірі болуға тиіс», - деп түйіндеуге болады [14]. Шындығында да бұл сол тарихи кезеңге тән қоғамдық құбылыс еді. Алайда «эвфемистік мәдениет» өкілдерінен Ілияс Омаровтың бір ерекшелігі – ұлттық өнер мен мәдениет төңірегінде мәселе келтірілгенде өзінің ой – пікірін батыл да ашық білдіруінде болды деген қорытынды жасауға толық негіз бар деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қозыбаев М. Ғұмырнама жанрын зерттеу мәселелері // Қазақ тарихы. - 1997. - №4
2. Қозыбаев М. Халықтың аяулы перзенті // Омаров Ілияс. – Алматы: Санат, 2003. – 184 б. (146)
3. Костенко – Карибжанова Е. Казахстан в 50-60-е годы XX века. (Десталинизация общественно-политической жизни). – Алматы, 2003. - С. 12
4. Омаров І. Таңдамалы. Избранное. – Алматы: «Арыс», 2001. – 163 б.
5. Нұрпейісов К. История Казахстана. – Алматы: Рауан, 1993. - С.30
6. Омаров І. Ақындар айтысы және ол жөніндегі кейбір пікірлер // ҚР ОММ. 2066 –к., 1 – т., 201–іс, 16-п.
7. ҚР ОММ 2066 – қор, 1 – тізбе, 91 – іс, 5 – 23 парақтар.
8. Омаров І. Ақын Сараның әдебиетіміздегі орны //ҚР ОММ. 2066-қ., 1–т., 193-іс,1,15-пп.
9. Омаров И. Проблемы казахской хореографии // ҚР ОММ. 2066-қ., 1-т., 216-іс, 11-п.
10. Әлімбаев М. Қызыл – күрең дептерді ақтарғанда... // Қазақ әдебиеті. - 1988,. - 2 желтоқсан.
11. Омаров І. Халқының төл баласы // Қазақ әдебиеті. - 1966. - 14 қазан.
12. Омаров І. Халықтың ән мұрасын құрметтеу хақында // Қазақ әдебиеті. - 1969. - 7 желтоқсан.
13. Омаров І. Қайнар бұлақтың көзі көп // Қазақ әдебиеті. - 1970. - 1 қаңтар.
14. Мүсірепов Ғ. Қош бол, қимасым! // Қазақ әдебиеті. - 1970. - 24 шілде.

А. ҚАЛИ, Қ. СӘКЕНҰЛЫ, Ә. АЙДАРАЛИЕВА

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

**АҚТӨБЕ ӨңІРІНДЕГІ «АЛАШ ОРДА» ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ
(Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві материалдары бойынша)**

Аңдатпа. Мақалада ХХ ғасыр басындағы Ақтөбе өңірі уездеріндегі «Алаш Орда» қайраткерлерінің қызметі Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивіндегі материалдар негізінде қарастырылады. Сол тұстағы Торғай облысының құрамына кірген Ақтөбе, Шалқар, Ойыл, Темір, Ырғыз, Табын т.б уездердегі «Алаш Орда» қайраткерлері туралы кейбір мәліметтер алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр. Авторлар облыстық архив және тарихи материалдар негізінде өлкедегі алаш қайраткерлерінің қызметіне салыстырмалы талдау жасауға талпынған.

Түйін сөздер: Алаш, Торғай, Ақтөбе, Темір, Ырғыз, Ойыл, Шалқар, қызметі, архив материалдары

А. КАЛИ, К. САКЕНУЛЫ, А. АЙДАРАЛИЕВА

Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

**О ДЕЯТЕЛЯХ «АЛАШ ОРДЫ» АКТЮБИНСКОГО КРАЯ
(ПО МАТЕРИАЛАМ АКТЮБИНСКОГО ОБЛАСТНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АРХИВА)**

Аннотация. В данной статье рассматривается жизнь и деятельность некоторых деятелей «Алаш Орды» уездов Актюбинского края начала ХХ в. на основе материалов Актюбинского областного государственного архива. Некоторые сведения о деятелях «Алаш Орды» этих уездов впервые вводятся в научный оборот. Авторы на основе архивных и исторических материалов дают сравнительный анализ по их деятельности.

Ключевые слова: Алаш, Торғай, Ақтөбе, Темир, Иргиз, Уил, Челкар, деятельность, архивные материалы.

A. KALI, K. SAKENULY, A. AIDARALIEVA

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology

**ON THE “ALASH ORDA” FIGURES FROM AKTOBE KRAI
(ACCORDING TO THE MATERIALS OF THE AKTOBE REGIONAL STATE ARCHIVE)**

Abstract. This article discusses the life and work of some figures of “Alash orda” of Aktobe krai uezds of the early 20th century (based on materials of the Aktobe regional state archive). Some information about the leaders of “Alash Orda” of these counties is first introduced into scientific circulation. The authors provide a comparative analysis of their activities (based on archival and historical materials).

Keywords: Alash, Torgai, Aktobe, Temir, Irgiz, Uil, Chelkar, activities, archival materials.

Кіріспе

Ғасырлық отарлау құрсауынан босанып шығып, өз тәуелсіздігін алған Қазақ елінің ұлттық тарихын түгендеу жолында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен атқарылған асқаралы істердің бастауында – азат ел, тәуелсіз қазақ мемлекеттілігінің жолында басын қатерге тігіп, тағдырлары кереғар саясаттың бұғауына шалынып, тіпті кейбіреуінің ел үшін еткен еңбегі беймәлім болып шықты. 1988 жылғы Алаш қайраткерлерін ақтау үшін құрылған арнайы комиссия қайсар тұлғалардың есімдерін халыққа қайтарып, олардың бай тарихи мұрасы мен ел игілігіне атқарған қызметін жария етуге мүмкіндік берді. Комиссия бұрын құпия болған құжаттар мен деректердің ауқымды кешенін, дәлірек айтқанда сот хаттамаларын, айыптау актілерін, баспасөз материалдарын, түрлі арыз-шағымдар мен қорытындыларды жіті қарап, ар таразысынан өткізіп барып ұлтымыздың тарихи жадынан өше бастаған Алаш арыстарының, ұлт зиялылары мен қайраткерлерінің өлмес

мұрасын қайта жаңғыртуға жол ашты. Бұл игі іске танымал ғалымдар, жазушылар, қоғам қайраткерлері мен белсенділері қатысты.

Сол кезден бастап ұлт зиялыларының тауқыметті жылдар жылнамасы Отан тарихының «ақтаңдақтарын» жыл сайын толықтырып, байытып келеді. Осы бағытта жүргізіліп жатқан тың зерттеулер жұмыстары өткен жылғы Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында көтерілген бастамалардың қайнар көзі болып табылады. Елбасының мақаласында көрсетілгендей, бабадан бізге мұра болып қалған тәуелсіздіктің арқасында кең қанат жайған ұлттық болмысымызды рухани жаңғыртудың ең басты шарты – ұлттық кодымызды сақтау қажеттігін үнемі ескеруіміз шарт. Ұлттық кодты сақтау дегеніміз – ұлттық болмысымызды нығайтып, оны ұрпақтанұрпаққа мұра жеткізу болмақ. Демек, «Ұлттық код» – бұл бүгінгі ұрпақтың әлеуметтік жадысы. Өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыру және бүгінгі Қазақстанды мекен етіп отырған біртұтас ұлттың қалыпты өмірін қамтамасыз ету үшін төл тарих пен мәдениеттің өзегін құрайтын ұлттық дүниетанымды, рухани қайнарларды қайта қалпына келтіру. Кең-байтақ қазақ даласының төсінде сақталынып қалған мәдени-тарихи ескерткіштерімізбен қатар архивтерде қордаланып қалған бірегей құжаттарды ғылыми айналымға тарту арқылы ұлттық тарихымыздың «ақтаңдақ» тұстарын қалпына келтіру және негіздеу қажет. Бұл істің Алаш тарихына да тікелей қатысы екені еш талас тудырмасы анық.

Методология

Мақалада тарихи принцип негізге алынып, қазіргі таңдағы отандық тарих ғылымында өзіндік мектебін қалыптастырған танымал тарихшылардың тұжырымдамалары талданып, салыстырмалы әдіспен Ақтөбе облысына қарасты Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметіне талдау жасалынды. Ақтөбе облысының мемлекеттік архивінің құжаттары негізінде кеңестік қоғамның саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайына сипаттама жасалынып, әртүрлі деңгейлердегі жиындар мен мемлекеттік ұйымдардың хаттамалары, анықтамалықтары мен нұсқаулықтары, жергілікті тұрғындардың арыз-шағымдары бойынша әлеуметтік-тарихи мәселелерге объективті талдауға қадам жасалды.

Зерттеулерге шолу

Жоғарыда айтылғандай, өткен XX ғасырдың 80-жылдарының соңынан бастап Қазақстан Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Ө. Жәнібековтің бастамасымен Қазақ КСР-нің Ғылым академиясында арнайы комиссия құрылады. Комиссияның шешімі бойынша Алаш қайраткерлерін саяси және шығармашылық тұрғыдан ақтау туралы арнайы қаулы шықты [1]. Осылайша, қоғамда қордаланған мәселелермен табанды күрес жүргізудің нәтижесінде қуғын-сүргінге жазықсыз ұшыраған Ө. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Шоқай, М. Тынышбаев, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Ш. Құдайбердіұлы т.б. көптеген Алаш қайраткерлері мен ғылыми-шығармашылық зиялы қауым өкілдері саяси, кейінірек азаматтық тұрғыда ақталды. Олардың мұраларын қайта жаңғыртуға мүмкіндік берілді.

XX ғасырдың 80-жылдарының соңы – 90-жылдарының басында қоғамдық-саяси өмірдегі түбегейлі өзгерістерге байланысты ұлт тарихын зерттеу мен зерделеу ісінде айтулы бетбұрыстардағы алғашқы қадамдарда өз қолтаңбасы мен бағытын ашық ұстанған академик Кеңес Нұрпейісов алаштанудың негізін қалады. Кейінгі ұрпаққа өшпес мұра қалдырған Кеңес Нұрпейісовтың Алашорда және Алаш тарихы туралы: «Алаш» немесе «Алашорда қозғалысы» бірнеше құрамдас бөлімдерден тұратын күрделі ұғым. Сондықтан да әуел бастан, Алаш (Алашорда) қозғалысына жататын жекелеген мәселелердің басын ашып, оларды нақты түрде қарастырған жөн сияқты. Олар, біріншіден, саяси партия ретіндегі Алаш, екіншіден, мемлекеттік құрылым түріндегі Алаш автономиясы, үшіншіден, осы автономияның (Алаш атты қазақтың мемлекеттігін) басқаруға тиісті болған Алаштың ордасы (Алашорда үкіметі) туралы мәселелер. Басқа сөзбен айтқанда, осы нақты үш мәселе жиынтығы Алаш немесе Алашорда қозғалысы деген ұғымды білдіреді. Алаш (Алашорда) қозғалысы деген ұғым 1920-30 жылдардағы ғылыми және саяси әдебиетте қалыптасты. Қазіргі оқырман, әсіресе, 20-30 жылдардан кейін дүниеге келген ұрпақ Алаш туралы білмейді, ал біле қойған жағдайда, онысы шындыққа жанаспайды. Жағдайдың бұлай қалыптасуының өзіндік себептері болды. 20-шы жылдардан бастап, әсіресе, 1928-1932 жылдары орын алған бұрынғы Алаш партиясы мен қозғалысының жетекшілеріне қарсы ұйымдастырылған алғашқы саяси сот процестерінен кейін, бұл тақырыпты нақтылай тарихи тұрғыдан зерттеуге ресми түрде тыйым салынды. ... ОГПУ-дің осы екі үкімі құрбандарының тірі қалып елге оралғандары 1937-1938 жылдары түгелге дерлік «халық жауы» деген жалған айыппен ату жазасына кесілді» [2, 5-6-бб.].

Академик М. Қозыбаевтың зерттеулерінде де Алаш тарихы мен оның қайраткерлеріне жоғары баға берілген. Мысалға ғалымның: «Ғасыр басында үркердей алып топ - Әлихан, Ахмет, Міржақып қазақтың демократиялық либералдық бағыттағы зиялыларының басын қосып, Еуропалық өркениеттік дәрежедегі қозғалысты қалыптастырды. Бұл қозғалыс діншілдіктен, ұлтшылдықтан бойын аулақ салды», - берген тұжырымдамалық бағасы бүкіл алаш қайраткерлерінің қызметін жоғары бағалағандығын көрсетеді [3].

Алаш қозғалысы мен қайраткерлерінің тарихын және олардың ұлттың рухани мәдени деңгейін көтерудегі атқарған істерін, жалпы алаш тарихын терең зерттеп жүрген ғалымдар М. Қойгелдиев, Т. Жұртбай, С. Смағұлова және т.б. зерттеушілер еңбектерінің маңызы жоғары. Академик М. Қойгелдиев пен Т. Омарбековтың тұжырымдамасы бойынша Алашорда басшылары шынтуайтында мынандай басты екі мақсатты ұстанған: біріншіден, қазақ елін отарлық езгіден азат ету, ал екіншіден, қазақ халқы мен дәстүрлік қоғамын ортағасырлық мешеуліктен өркениетті әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына алып шығу. Осы себептен болар, аталмыш ғалымдар алаштық зиялы қауымды «ұлттық-демократиялық зиялы қауым (интеллигенция)» деп, ал Алаш партиясын «ұлттық-демократиялық партия» деп атағанды жөн санайды деген пайымдауларын айтады [4].

Негізгі бөлім

Алаш қозғалысының тарихымен тереңірек танысқан сайын оның көшбасшылары Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсыновтың соңына ерген әрбір алашордашылар қалың қазақтың қамын ойлаған, ұлт жолында қызмет етемін деген үлкен парыз бен үмітті арқалаған ел жастары болғандығын байқаймыз. Сондай-ақ олардың қатарында саяси санасы анық, сауатты ашық қарапайым азаматтардан бастап, дін өкілдері мен дәулетті отбасынан шыққан билеуші тап өкілдерінің топтасқандығы да анық.

Бүкіл қазақ даласын қамтыған Алаш қозғалысына Батыс өңірі азаматтары мен қайраткерлері де тартылды. Тіпті олардың біразы 1917 жылы 2-8 сәуірде Орынборда өткен Торғай облыстық І қазақ съезіне қатысқан. Алаш тарихында маңызды оқиға болып саналатын бұл съезд – патша билігі құлатылғаннан кейінгі қазақ жерінде өткізілген тұңғыш ұлттық бас қосу болды. Съезде алғаш рет ұлттық маңызы бар өзекті мәселелер талқыға салынды. Оның ізін ала ұйымдастырылып, жер-жерлерде өткізілген басқа облыстық съездер негізінен Торғай съезінің қарарларын қарастырып, оны қолдайтындықтарын танытты. Алғашқы съездің жалпыұлттық деңгейде өткендігі туралы алаштанушы ғалымдар, академиктер К. Нұрпейісов пен М. Қойгелдиев өз зерттеулерінде жоғары бағалаған [5]. Бұл аталмыш съездің өңір үшін ерекше болатын себептерінің бірі – сол жылдардағы әкімшілік-аймақтық бөлініске сай Ақтөбе, Ырғыз, Мәртөк аудандары Торғай облысының құрамына кірген. Алғашқы съезге Ақтөбе, Ырғыз, Қостанай және Торғай өңірлерінен ғана емес, Ақмола, Семей, Сырдария облыстарынан, Бөкей ордасынан, тіпті Қазан мен Уфадан да келген 300-ден астам делегаттар қатысқандықтан ол жалпыұлттық деп танылды. Сондай-ақ съезді Алаштың көшбасшыларының бірі, ұлттық «Қазақ» газетінің бас редакторы, кейіннен «Ұлт ұстазы» атанған А. Байтұрсынов бастаған алаштық қайраткерлер М. Дулатов, С. Қадырбаев, А. Қалменов, У. Танашев, О. Алмасовтардың ұйымдастырумен өткендігі мәлім. Сол жиынға қатысушылардың арасында ақтөбелік алаштықтардан Әбдіхамид Жүндібаев, Керей Тұрымов, Тоқмағамбет Жантасов, Мұхамедәлі Меңдібеков, Есмағабет Алтыбасов және Шынтай Дәржановтар қатысқан болатын [6].

Осылардың ішінде алаштың көшбасшылары Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтармен қатар «Алаш» партиясын құруға белсене ат салысқан және оның бағдарламасын жазуға қатысқан жеті қайраткердің бірі Ақтөбе өңірінің тумасы Ә. Жүндібаевты айрықша атап өткен жөн [7]. Кереғар солақай саясаттың кесірінен оның есімі соңғы жылдарға дейін айтылмай да, ескерілмей де келді [8].

Қазан революциясынан кейінгі қазақ даласында орын алған қоғамдық-саяси ахуалға байланысты Алаш партиясының қызметіне шектеу қойыла басталды. Тіпті кеңес өкіметі орнағаннан кейін «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің мүшелеріне Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің 1919 жылғы 4 сәуірдегі және 1920 жылғы 15 сәуірдегі қаулыларымен кешірім жарияланып, олар қайтадан мемлекет қызметіне тартылды. Мысалы, Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі Әскери-революциялық комитеттің 1920 жылғы 5 мамырдағы №54 бұйрығында көрсетілгендей бұрынғы «Алаш Орда» үкіметінің барлық қызметкерлері мен 1-Қырғыз қызыл кеңес полкінің қазіргі құрамындағы әскери қызметкерлер 3 күндік мерзім аралығында тіркелуі қажет деп көрсетілді [9]. Осы құжатта берілген келесі 5 мамырдағы №3 бұйрығында Ж. Досмұхамедов туралы былай делінген: «далалық өлкеде және жергілікті жерлерде Жанша Досмұхамедов қайта оралып, ол

бүкіл Қырғыздың ханы болады екен деген «Алаш Орда» үкіметі мен оның бұрынғы құйыршықтары, тыңшылары, агенттері тарапынан революцияға қарсы үгіттер, қауесеттер мен өсектер таратылуда. Осының анық-қанығын тексеру мақсатында және «Алаш Орда» үкіметі мен «Земство» қоғамы Әскериреволюциялық комитеттің өкімімен таратылып, оның мүшелері Досмұхамедовтер бостандығынан айырылып, Кеңес билігі нығайғанға дейін Мәскеуге жіберіледі» [9].

Ақтөбе уездік атқару кеңесінің құжаттарының арасында сақталған Қырғыз (қазақ) Халық комиссарлар кеңесінің 1920 жылғы 20 қазандағы «Амнистия туралы» қаулысына сәйкес берілген нұсқаулықта көрсетілгендей бұл амнистия саяси акт ретінде кімде кім өзінің адасқандығын түсініп, халық игілігіне қызмет етуге дайын болса, соларға кең жол ашады дей келе, бұрынғы «Алаш Орда» үкіметін жақтаушылар, еңбекші казактар, азамат соғысы жылдарында ақгвардияшылар жағында болғандарды қамаудан босатып, ендігі жерде қудалауға алынбайтындығы айтылады [10].

Дегенмен, сарғайған архив құжаттарына тереңірек үңілген сайын 1922 жылдан бастап алашордашыларды үкімет пен партия тарапынан қудалау саясаты жергілікті аймақтарда да кеңінен орын алғандығын байқаймыз. Тарихи әдебиеттерде де ол туралы жазылып жүр. Мысалы, академик М. Қозыбаев бұл алашшыларды қуғындаудың алды екендігін көрсете отырып: «Совет өкіметі сөзінде тұрмады, дәйексіздік көрсетті, екіжүзділік жасады. Кешірім тек қағаз жүзінде болды. Азамат соғысы біте сала көп кешікпей алаш азаматтарын қуғын-сүргінге салу басталды», – деп жазса, академик К. Нұрпейістің тұжырымдамасын қысқаша берер болсақ билікке орнығып алған кеңес өкіметі ендігі кезекте қайраткерлігімен танылған, жан-жақты білімді де талантты Алашорда қайраткерлерін билікке араластырмауға, қайтсе де оларды тарих сахнасынан кетіруге тырысып, жала жабу, алдау мен арбау әдісін де, қару жұмсап күштеу секілді құйтұрқы іс-әрекеттерінің басты мақсаты мен ұстанымы оларды Қазақстанның қоғамдықсаяси өмірінен барынша алыстату болды дейді.

Мұның айғағы ретінде, бір ғана құжатқа көз жүгіртіп көрейік. Темір уездік атқару комитеті мен Ақтөбе губерниялық атқару комитетінің атына уездік аткомның орынбасары Громовтың жазған баяндау-хатында уездегі халықтың жаңа социалистік қоғамға бейімделуіне контрреволюциялық қозғалыстың ордасы, әсіресе «Алаш Орданың» батыс бөлімшесінің әлі күнге дейін ізі сөнбей тұрғандығы қоғамдық-саяси ахуалды қиындатып отырғандығы көрсетіледі. Әсіресе елдегі орын алып отырған ашаршылықты кеңес билігі қолдан жасап отыр деген қауесет таратып, халық арасында іріткі салушылар мен арандатушылар баршылық. Темір уезінде осындай індетті тартушылардың бірі Уақытша өкіметтің бұрынғы комиссары және Алаш Орданың қып-қызыл белсендісі дәрігер Есенғұлов өзінің қызмет бабын өте тиімді пайдаланып отырғандығын, сондықтан осындай оқшылықтарды жою үшін губерниядан қандай да бір нұсқау күтетінін жазады [11].

Осындай жер-жерден түскен баяндау-хаттар мен арыздардан кейін уездер мен болыстықтарға комиссия шығып жұмыс істей бастайды. Солардың бірі Бейсалиевтің төрағалық етуімен Шалқар уезінің Ырғыз болыстығына шыққан комиссияның баяндау-хатында былай делінеді: 1918-19 жж. қызылдардың шабуылы кезінде Ревком ұйымдастырылып, оның төрағасы болып Баймен Алманов сайланады. Ырғыз ақтардың қолына өткенде Алманов Темірбек Жүргеновпен және т.б. бірге қызылдарға өтсе, өзге қызметкерлер Алаш Ордамен бірге ақтарға өтеді. Ақтар жағына өткендер Алманов пен Жүргеновтің туыстарын қыспаққа алып, малдарын тартып ала бастайды. Мысалға Жүргеновтің ауылынан 300 түйені айдап апарып ақтарға береді. Осы құжатта Т. Жүргенов пен Ұ. Құлымбетов арасындағы өзара келіспеушілік туындап, екі топ құрылғандығы және оның Ырғыздағы ахуалға ықпалы туралы да айтылады [12].

Дәл осындай Темір уезіндегі жағдай БК(б)П Ақтөбе губкомы бюросы мен хатшылығының жабық отырысында қаралады. Губерния прокуроры Бисалиевтің 1926 жылғы 24 желтоқсанда берген қорытындысы бойынша уезде алаштық-байлар тобы құрылып, олар халық арасында іріткі салып отырғандығы, Торғай уезіндегі сайлау науқаны кезінде бұл топ кеңестік және партиялық аппаратқа толықтай өз ықпалын жүргізу үшін жұмыс жүргізіп отырғандығын айтады. Топтың басшылары өздерінің іс-әрекетін Торғай уездік прокурорының көмекшісі, БК(б)П мүшесі Жантуаров арқылы іске асырмақ болған. Осыған байланысты ол халық соты Галиевтің пәтерінде топ басшыларымен бірнеше рет кездесу өткізіп, сайлау алды кампаниясының үгіт-насихатын жүргізу мақсатында болыстықтарға адамдар жіберген екен. Ырғыз елді мекенінде Жантуаров осы топтың басшыларының бірі Асқарбек Қадырбаевпен кездесу өткізеді.

Осы жабық отырыстың хаттамасында алаштық-байлар тобына қатысы бар деген бірнеше адамның аты-жөні аталады: Мұғаджар болыстығының 10-ауылының азаматтары Өтеубай Тналин, Қали Токсарин, Темір уезінің топ басшыларының бірі Құдайберген Дүйсенбин, Қалменов, Елтай

Каналин, Есенғұлов, шалқарлық топтың жетекшісі Тоқтығұлов Ержан (Токтуғұлов Иржан), торғайлық топтың жетекшілерінің бірі Қазғелді Қарпықов, ауыл мұғалімі Мырзағұл Атаниязов және т.б. [13]. Осында аты аталғандардың үстінен қылмыстық іс қозғалып, ұзақ уақытқа созылған тергеу жұмыстары жүргізілген [14].

1927 жылы ОГПУ-дің Ақтөбе губерниялық бөлімінің өкілі Ф. Ковалышкиннің берген Айыптау шешімі бойынша Шалқар уезінің азаматтары: *Саркебаев Байділдә, Тұнғаншин Ахмет, Сабенов Бақыт, Қыйсықов Тұрмағамбет, Ақбаев Жүсіп, Сандыбеков Жанназар, Хасанов Шайхұлы, Қарабаев Асу, Тортумбаев Арықбай, Сарыбатыров Оспан, Шектібаев Қауыпбай, Мамытов Рахматулла, Уразалин Сейдалы, Тотанов Расы және Тоқтығұлов Ержан* қылмыс жасағандары үшін айыптайды. Оларға қойған айыбы: Ақтөбе губерниясының Шалқар уезінде осы топтың адамдары бұрынғы Ырғыз қазіргі Шалқар уезінде 1920-1921 жж. кеңестік биліктің орнығуынан кейін халық арасында «партия» деп аталып кеткен екінші топпен қарама-қайшылықтар туғызған бай-шенеуніктік ұстанымда болған және олардың басым бөлігі азамат соғысы кезінде буржуазиялық-ұлтшыл қозғалыс «Алаш Орданың» белсенді мүшелері болған.

Одан әрі қарай екі топтың арасындағы наразылықтың тамыры тереңде жатқанына шолу жасай келе, олардың 1916 жылғы көтеріліске кейбірінің қатысы бар-жоқтығына да тоқталады, Сондай-ақ 1917 ж. ақпан революциясынан кейінгі Торғайда өткен облыстық қазақ съезінің шешімі бойынша Азаматтық комитеттер, әскери-өндірістік комитеттер құру және Уақытша өкіметті қолдау мен соғысты аяғына дейін жүргізу туралы шешімдер қабылданғаны айтылады. Осы Азаматтық комитет құру үшін сайланған комиссияның құрамына Ырғыз уезі бойынша съездің делегаты болып қатысқан *Қыйсықов Тұрмұхамед* пен *Хасанов Шайқұл* кірсе, Облыстық әскери-өндірістік комитеттің мүшелігіне Бекбаев Сарқыбай сайланады.

Аталмыш съезде Торғай облыстық басқармасының аудармашысы *Мұхамедияр Тұнғаншиннің* (Ахмет Тұнғаншиннің ағасы) Орынбор жандарм басқармасында қызмет еткені үшін делегаттар құрамынан шығып қалғандығы, оның съездің хаттамасында тіркелгенін айта келіп, осыдан кейін Ырғызда азаматтық уездік комитет құрылып, оның мүшелігіне – *Теміров, Сейдалин, Қыйсықов* және т.б. кіреді. Қызылжар болыстығының Азаматтық комитетінің төрағасы *Қартбай Байұзақов*, Белқотыға – *Мамыт Дуабаев* (Мамытов Рахматулланың әкесі), Байсаққа – *Уразалин Сейдалы* болады.

1917 ж. маусым-шілдеде Ырғыз уездік Жер басқармасы құрылып, оның құрамына *Сейдалин Қырымгерей, Теміров; Шонанов Т.* және т.б. кіреді.

1918 ж. ақпан-наурыз айларында Ырғызға Тұнғаншин Мұхамедияр келіп Ырғызда жұмысшы депутаттар кеңесін құрады және оның төрағалығына қазақ «Алаш» партиясының мүшесін, осы уақытқа дейін осы партия атынан Учредительный жиналысқа Торғай сайлау округының №1 тізімі бойынша ұсынылып келген *Тел Жаманмұрыновты* бекітіп, мүшелігіне *Қыйсықов Тұрмұхамед, Хасанов Шайқұл, Тұнғаншин Ахмет және Тұнғаншин Сейдалы* (ағайынды Тұнғаншиндер сұлтандар «ақ сүйектердің ұрпағы») өтеді. Одан әрі Торғайды Дутов армиясының басып алған тұсындағы олардың қызметіне тоқталады да, 1919 жылы Ырғызды Алаш Орда отрядтары қоршап алғанда олардың басында Теміров, Сейдалин, Дулатов және т.б. болғандығын көрсетеді. Алаш Орда шегінде олармен бірге *Жұбанов Қуаныш, Ақбаев Жүсіп, Арықбаев Дүйсенқұл* және т.б. бірге кетеді де, ауруға шалдыққан Жаманмұрынов ауылда қалып, Бекбаев, Сарыбатыровтармен бірге тұтқындалады, бірақ екі айдан кейін босатылады. Алаш Орда отрядына *Тайбазаров Әбіш* те қашып келіп қосылады.

Алаш Орданың Ырғызға келген тұсында: *Жаманмұрынов Тел* – Ырғыз Жер басқармасының мүшесі, *Сарыбатыров Ұ.* – Жер басқармасының хатшысы, *Бекбаев Сарлыбай* – уезд басқармасының көмекшісі, *Ақбаев Жүсіп* – Алаш Орда отрядының азықтүлік дайындаушысы, *Жомартов Ж.* – уездік милиция бастығы, *Баранқұлов Т.* – Қарабұтақ милициясының бастығы, *Сесикенов Бурмұхамед* – взвод немесе рота командирі, *Уразалин Сейдалы* – болыстық жер басқармасының төрағасы, *Шектібаев Қауыпбай* – болыстық жер басқармасының хатшысы, *Сандыбеков Жанназар* да және т.б.

Осы тұста *Ұзақбай Құлымбетов* те Киселевпен тіл табыса алмаған соң алашордашылар жағына өтеді, кейін осы үшін айыптауға ұшырайды [15].

Міне, бұл бір құжатта ғана айтылған тағдыры талқыға түскен азаматтар, қайраткерлер жайында қысқаша болжамымыз.

Ал келесі құжаттарда БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің ірі бай шаруашылықтары және бұрынғы әлеуметтік жіктер мен рулық топтарға кірген адамдардың шаруашылығы мен өндірістік жабдықтарын кәмпескелеу туралы мәселе бойынша дайындалған баяндау хатында жүргізілген іс-шаралар барысы баяндалады [16].

Архив құжаттарын және тарихи зерттеулерді талдау барысында байқағанымыз большевиктік төңкерістің алғашқы жылдарында партия мен кеңес өкіметі ұлттық мемлекеттік құрылыстың маңызды мәселелерін жүзеге асыру барысында әртекті интеллигенция («Алаш» қозғалысының, троцкийшілер) өкілдеріне сүйенуге мәжбүр болып, ал елде кеңестік билік нық орныға бастаған кезде РК(б)П-ның X съезіндегі ұлт мәселесінің шешіміне орай кеңес өкіметіне қарсы әрекет етер деген желеумен үкіметке зиянды қайраткерлерден құтылуды жөн деп санап, оларды «ұлтшылдар» мен «жікшілдер», «сәдуақасовшылдық», «рысқұловшылдық», «қожановшылдық» атандырып, қуғындай бастады. Бұл жергілікті аймақтарда барынша қызу қолдау тауып, кең өріс алғандығын төмендегі құжаттардан көруге болады.

БК(б)П Ақтөбе қалалық комитетінің Ақтөбе станциясының пойыз қызметі ячейкасының 1928 жылғы 23 қарашадағы жиналысының күн тәртібіне қойылған үш мәселенің бастысы «Сәдуақасовшылдық туралы» болған. Онда бірінші болып сөз алған Шевель Қазақстанда орын алып отырған «сәдуақасовшылдық» теориясы бұл нағыз ұлттық-буржуазиялық ағым деп бағалаудан бастайды. Сәдуақасовтың теориясы мен біздің партияның бағытының алшақтығы мынада деп көрсетеді:

1. Сәдуақасов ұсынып отырған Қазақстанды индустрияландыру, яғни завод пен фабрикалар салу арқылы өнеркәсіп кадрларын дайындау болса, партияның ұстанымы Қазақстан ауыл шаруашылық – мал шаруашылық ел ретінде Бүкілодақтық индустриализацияны шикізатпен қамтамасыз ету керек;

2. Сәдуақасов тобы ұсынып отырған ұлт мәселесінде – ұлттық және шаруа мәселесін бір мәселе ретінде көтеруі тіпті қисынсыз, өйткені ұлттық мәселе ол тұтас ұлтты қамтиды, ал шаруа мәселесі тек шаруаларды ғана қамтиды. Оның қазақ байын деревня кулактарымен салыстыруы да дұрыс емес, себебі кулактар тек экономикалық кедейшілікке әсер етсе, қазақ байы Қазақстанның басым жұртшылығына экономикалық та, саяси тұрғыдан да ықпал жасайды деп түсіндірмек болған.

3. Партия басшылығын толықтай 100 пайызға қазақтандыру жөніндегі Сәдуақасовтың пікіріне салар болсақ, онда барлық басшылық аппаратына қазақ интеллигенциясын отырғызады және бүкіл билікті өз қолдарына тартып алмақ дей келе, Шевель, Сәдуақасов тобы қазақ буржуазиясының мүддесін ашық қорғап отыр деп тоқтайды [17].

Ақтөбе облыстық архивінде сақталған 1928 жылы 8 және 16 мамырда ұлтшылдардың оппозициялық тобының қызылордалық ұйымының ісін қараған Өлкелік Орталық Бақылау комиссиясы төралқасы мәжілісінің материалдары тізімінің көшірмесі тігілген. Мұнда бірнеше хаттама көшірмелерімен қатар Орымбаевтың шағымы, Мұстамбаевтың, Сұлтанбековтың, Сәдуақасовтың істері жөніндегі қорытындылар мен оларды сұраққа алған хаттамалардың, Бақылау комиссиясының, губкомның мәжіліс хаттамаларының және Голощекиннің партияның ішкі ахуалы жөніндегі баяндамасы бойынша қарардың көшірмелерінен байқағанымыз партиялық тазалау мен қазақ интеллигенциясын, алашордашыларды қудалау науқаны республиканың басқа өңірлерінде де жаппай жүзеге асырылып жатқандығын дәлелдейді [18].

Жалпы, күштеп ұжымдастыру, кәмпескелеу, ет дайындау, астық дайындау науқаны кезінде де жазалау, отырықшыландыру науқанында жазалау, одан бөлек халық жауларын анықтаудың түрлі науқандары, тіпті, оңшыл, солшыл оппортунизм, жоғарыда айтқанымыздай «рысқұловшылдық», «қожановшылдық», «сәдуақасовшылдық», т.б. әр түрлі науқандарда қазақ ұлттық интеллигенциясымен қатар жергілікті өңірлердегі қайраткерлерді, сауатты, училище бітірген мұғалімдерді, діни қызметкерлерді, ел тірлігіне араласқан бай-болыстарды және олардың ұрпақтарын да аяусыз жазалап отырған. Ал ондай жазалауларды іске асыру үшін жергілікті халық арасында іріткі сала отырып оларға арыз-шағымдар жазғызғандығын БК(б)П Ырғыз аудандық комитеті бойынша «Саяси хабарламалар» («Политические донесения») ісінде жинақталған құжаттар айғақ бола алады [19].

Сонымен қатар кезінде Батыс Алаш Орда ұйымына қатысып, Досмұхамедовтермен тікелей қызметтес болған, алашордалық милиция қатарына халық ішінен жігіттер жинаған оралдық, кейіннен Темір уезінде әртүрлі қызмет атқарған бірде революционер, бірде алашордашыл С.

Қарамілеуовтің өмірбаянымен таныса отырып, Ақтөбе өңірі ғана емес жалпы Батыс Алаш Орда ұйымының қызметімен арақидік танысуға мүмкіндік береді [20].

Көріп отырғанымыздай, өткен ғасырдың 20-30-жылдардың өн бойында алаш идеясымен рухтанып, революциялық төңкеріс жылдарынан бастап кеңестік билікке әртүрлі деңгейде араласқан қазақ қызметкерлерінің барлығына «ұлтшыл» деген айып тағылып, басында біртіндеп, кейіннен жаппай қызметтерінен қуылып, саяси айыптаулар тағылды. Олардың әрбір қадамы бақылауға алынып, олардың әрқайсысының соңдарына салған «тыңшылардың» хабарламалары Ішкі істер халық комиссариатының Мемлекеттік саяси басқармасының ерекше бөлімінде жинақталды. Мысалға, солардың бірі *Брекешев Бисекенің* өмірбаянына көз жүгірте отырып сол тұстағы аумалы-төкпелі кезеңдегі қазақ оқығандарының да бірде оң жағалауда, бірде сол жағалауда, тіпті ағынның бағытымен кетіп, өз көзқарасы мен пікірін жоғалтып алғандардың да көп болғандығы шындық. Б. Брекешев 1898 ж. бұрынғы Орал облысы, қазіргі Ақтөбе округының Темір уезінің Ембі ауылында кедей отбасында өмірге келген. Темірдегі 2 сыныптық орыс-қырғыз мектебін 1913 жылы бітірген соң, Ақтөбе мұғалімдер семинариясына түседі. Темірдегі өзі бітірген орыс-қазақ мектебіне мұғалім болып орналасқан ол біртіндеп қоғамдық өмірге араласады. Өз өмірбаянында ол барынша алашордалықтарды жамандап көрсетуге тырысады да, кеңестік билікке араласқан жолын қызмет сатысымен тізіп шығады, бірақ 1928 жылдан бастап белгісіз біреулердің қаралауы басталғандықтан ісі сотқа берілгендігін, бұл әділетсіз екендігін өзінің ақталып шығып, қайтадан қызметке алынғанын жазады [21].

1932 жылдың 10 желтоқсанында қабылдаған партия қатарын тазалау жөніндегі қаулысын талқылаған БК(б)П Ақтөбе облыстық комитетінің бюросы мен облыстық Бақылау комитетінің мәжілісінде облыстың барлық мекемелерінде қаулыны жедел түрде талқылаудан өткізіп, бар күшті партия қатарын тазалауға жұмылдыру туралы шешім қабылданады [22].

Ақтөбе облыстық ОГПУ-дың Ерекше бөлімінің «аса құпия» белгімен облыстық партия комитетінің жауапты хатшысы Максимов пен облыстық Бақылау комиссиясының төрағасы Бейлиннің атына жазған 1933 жылы 25 наурызында берген баяндау-хатында облыстағы контрреволюциялық ұйымдар 1930 жылдан бері Ақтөбе, Ақбұлақ, Ойыл, Темір, Табын аудандарында бірнеше ауылдардағы бөлімшелері арқылы өз қызметін жүргізіп келгендігін айтады. Облыстық орталықта 25 адам: Қаналин Елтай (Темір ауданы), Жауымбаев Қожағали, Өтепберенов Илияс (Табын), Қожахметов Бексұлтан (Ойыл), Құлбасов Жұмабек (Ойыл), Нейталиев Ысқақ (облыс орталығынан), Нұрпейісов Ерпейіс (Ойыл), Сарбасов Абдулла және т.б.

Ұйымның әлеуметтік құрамы: буржуазиялық ұлтшылдар – 5, байлар – 11, буржуазиялық жаңғырғандар – 10, Көптілеуов, Нұрпейісов Е. және т.б. партия мүшелері.

Ұйымның облыстық және аудандық басшылары шаруашылыққа ықпалдарын тигізу мақсатында жер басқармасы, колхоз жүйесі, астық дайындау, қаржы және кеңестік ұйымдар, тұтынушылар кооперациясы, прокуратура мен сот-тергеу, халық ағарту, т.б. шаруашылық ұйымдарына кіріп, сенімге ие болып алғандар. Айыптаушылардың көрсетулері бойынша контрреволюциялық ұйымның басты мақсаты:

1. тұтастай алғанда аудандардың шаруашылығын қирату;
2. Орта Азияға жаппай көшуді ұйымдастыру;
3. бүлікшіл көтерілісшілерді ұйымдастыру болған.

1931-32 жж. Табын, Ойыл, Жилокосинск аудандарындағы жаппай көшу осы ұйымның ісі деп таниды.

Ұйымның пайда болуы Каналин мен Сарбасовтардың істерінен басталатындығын, олардың Алматыда отырып нұсқау бергендерін Сарбасов, Шегебаев, Сисенов, Нейталиевтің, Нұрпейісовтердің жауаптарынан үзінді арқылы көрсете отырып, тергеу ісінің жалғасатындығын айтады [23].

Ал оның жалғасы ретінде 1933 жылы 8 сәуірдегі №2 баяндау-хатында буржуазиялық-ұлтшыл бай-көтерілісшілердің контрреволюциялық ұйымының әшкереленгендігі туралы баяндалады. Онда көрсетілгендей БК(б)П қатарына контрреволюциялық бағыттағы ұлтшыл элементтердің еніп кетуі сол ұйымның мүшелері берген жауаптары бойынша анықталған. Бай ортадан шығған, бұрынғы алашордашыл, бұрынғы облыстық жер басқармасы меңгерушісінің орынбасары, БК(б)П мүшесі Жауымбаев Қажғалидің көрсетуі бойынша, ол әуелден-ақ контрреволюциялық топтың мүшесі ретінде солардың мүддесін жүзеге асыру мақсатында партия қатарына өтіп, астыртын түрде экономикалық кедейленуге, аштыққа итермелейтін жолдарды

қарастырып, қаскөйлікпен айналысқан. Бұған қосымша, жаппай ұжымдастыру саясаты мен тап ретінде байларды жоюға қарсы болғандықтан осында контрреволюциялық әрекетке көшкен. Алаш Орда мүшесі ретінде ол ауылдық хатшы болған, екінші рет партия қатарына өткенде өз қызмет бабын тиімді пайдалануды мақсат тұтқандығын айта келіп, партия қатарында бұрынғы алашордашылар – *Наренов, Молдағұлов, Ернейіс Нұрнейісов, Көптілеуов, Жұмағалиевтер* бар екенін айтқан.

Ұйымның мақсаты кеңес үкіметін құлату болғандығын әшкерелеген комиссия табындық *Имандосов, Жұбанқұловтардың* жауаптарынан үзінді береді. Имандосов өз кезегінде кеңес билігінің астық дайындау, салық, ұжымдастыру мен байларды қудалау саясатының дұрыс еместігін, оның халыққа қарсы жүргізген саясат екендігін түсінгендіктен *Өтепбергеновтің* ұйым құру жөніндегі ұсынысын бірден қабылдағанын айтады.

Ал *Жұбанқұловтың* жауабы: Олар *Тілегеновтің* (ол да партия мүшесі) үйінде өткізген бас қосуда Қарақалпақстан мен Түркменстанға көшіп кетуді ұжымдастыру мәселесі, көтерілісші түрікмендерге қосылу және колхоздарды ыдырату мәселесі де талқыланады. Жиында *Қырылдақов Құрманғали* екінші және үшінші ауылдарда көшіп кетуге дайындық топтарын құрғандығын жеткізген. *Өтепбергенов* болса 36 мен 37 ауылдарда қызмет бабымен болғанда Қолдаяқов арқылы үгіт жүргізгенін айтса, *Тілегенов* құрамында өзбек, түрікмендер бар қарулы бандалар аудан орталығын басып алуды күтіп отырғандығын жеткізеді. Сондай-ақ ол 5, 6, 7, және 1 ауылдарда жұмысты адайлардың арасында ықпалы жүретін *Шопанов* арқылы бай *Бекмағамбетовті* іске тарту қажеттілігін және *Шопанов* екеуінің Түрікменияға барып қайтқандықтарын айтады.

Болыс басқармасының ұлы, №3 қой совхозының бұрынғы директоры, партия қатарына кулықпен өтіп алған *Айсиннің* көрсетуінде совхоздарды басып алуды ұжымдастыруды Қой өсіру тресті директорының орынбасары, партия мүшесі *Нұрмағамбет Шамғунов* басқарған. Ол *Буребаев* арқылы ауылдардан ақпараттар алып отырған. *Буребаевты* қолдаған *Исенғарин* мен *Бикбаулов* екеуі бандыларды ұжымдастыру мен көшуге дайындыққа көмектескен. Ал партия мүшесі, бұрынғы Ойыл прокуроры *Нұрнейісов* пен бұрынғы алашордашы, Ойыл Революциялық атком төрағасының орынбасары *Жұмағалиевтер* өз жауаптарында барлығын ұжымдастырушы бай ортадан шыққан, КСРО Сыртқы сауданың Қазақ өлкелік уәкілінің орынбасары Алматыда тұратын *Наренов* екенін және оның түпкі мақсаты Кеңес өкіметін құлату болғандығын көрсеткен.

Сонымен тергеу ісінің қорытындысында көрсетілгендей, Табын, Темір, Шалқар, Ойыл, Ақбұлақ және Ақтөбе аудандарындағы контрреволюциялық ұйымның қызметі әшкереленіп, облыстық контрреволюциялық орталық, 6 аудандық орталық және 48 ауылколхоздық ұйымдар жойылып, осы іс бойынша барлығы 45 партия мүшесі мен кандидаттары тұтқындалып, 20-сы тұтқындалмаған деп қол қойған ОГПУ-дың облыстық бөлімінің бастығы *Кеммер* мен *Ерекше* бөлімнің бастығы *Титов* қол қойған баяндау-хатта [24].

Мұның өзі, патша жандармериясының кулық-сұмдығына жетік, қашып-пысып жүріп әбден төселіп алған *Голощекиннің* тікелей басшылығының барысында өте тыңғылықты түрде жүргізіліп ұлтжанды қайраткерлер мен іс басында жүрген азаматтарды бір-біріне айдап салу немесе олардың соңына «жансыздарды» салу арқылы жүрді.

Ел басына түскен қиыншылықтарға қарамастан партия жауларын іздестіру ісі тоқтаусыз жүргендігін БК(б)П ОК *Маленков* пен БК(б)П Қазақ өлкелік комитетіне *Асриевке* «өте құпия» түрде берілген ақпараттық мәліметте партия жауларының партиялық құжаттарын тексеру барысында әшкереленген фактілерді тізеді:

1. троцкийшіл-зиновьевшіл азғындардың;
2. ақгвардияшылар, кулактар, байлар, дін қызметкерлері мен молдалардың;
3. алаяқтар мен алдамшылардың;
4. партия қатарына алдап кірген жат адамдардың;
5. алашордашылардың тізімі берілген.

Алашордашылар деп көрсетілгендер: *Ахмедов Еркен* – милиционер болған, *Бекмамбетов Темір* – 1918-19 жж. Алаш Орда офицері, алашордашы *Көпжасаровтың* Колчакқа барғанында оның адъютанты болғандығын партиядан жасырғаны үшін 1928 жылы тазалауда қатардан шығарылған [25, 72-п.].

Келесі осындай ақпараттық мәліметте де *Т. Бекмамбетов* пен *Е. Ахмедов* есімдерімен қатар *Көптілеуов Мұхамедиярды* көрсеткен [25, 124-п.].

1935 жылғы БК(б)П Ақтөбе облыстық комитетінің берген тізімі бойынша облыста 136 Алаш Орда мүшесі болған. Осы тізімді толық және құжат орыс тілінде болғандықтан олардың аты жөнін түпнұсқа күйінде сақтау үшін аудармасыз беруді жөн көрдік [26]:

СПИСОК ЧЛЕНОВ-ПАРТИИ «АЛАШ-ОРДЫ»

№	ФИО	Где проживал	Какое участие принимал в Алаш Орде
1.	БЕКМУРЗИН Садыб.	г. Иргиз.	1919 г. помогал отрядам Алаш-Орды
2.	САТАЕВ Кинжегалин	г. Уил.	Член Земской Управы
3.	ШЕКТЫБАЕВ Сапсет	г. Уил.	Член Земской Управы
4.	УПИРОВ Саменгарии	г. Уил.	Член милиции. Чл. Управы
5.	УПИРОВ Хайрулла	г. Уил.	Пред. суда
6.	ИСТЛЕУ Саги.	г. Уил.	Член Правительства
7.	КУБЫШЕВ Джитыбаи	г. Уил.	Секретарь след.комиссии
8.	ТЮРСБАЕВ Басыр.	г. Уил.	Смотритель тюрьмы
9.	БИСАЛИЕВ Мукаш.	г. Уил.	Член Управления
10.	КУТГУТШИН Сатыгал	г. Уил.	Министр почтател.
11.	УПИРОВ Абдреш.	г. Уил.	Секретарь Уезд. милиции
12.	ТИТБАЕВ Досмухамб.	г. Темир	Состоял при отряде войск А-О.
13.	ТУРМУХАМЕДО В Исен	г. Темир	Отступал в месте с чл. П-ва
14.	СУЛТАНГАЛИЕВ Ромаз.	г. АкБулак	Командир эскадрона
15.	ДОСМУХАМБЕТ ОВ Апар	г. Темир	Член. Правительства
16.	КАРАТАЕВ Музафар	г. АкБулак	Адъютант произв. грабежа
17.	МУРТАЗИН Абдрахман	г. АкБулак	Доброволец
18.	МУРТАЗИН Ғазиз	г. АкБулак	То же
19.	КАРАТАЕВ Успан.	г. АкБулак	То же
20.	СЕКЕТОВ Шариф.	г. Уил.	Судья, член. Обл.Управы
21.	ИСЕНБАЕВ Машиш	г. Уил.	Д-тель милиции
22.	УСПАНОВ Миргалии	г. Актюбинск	Был сотником
23.	КОНУРБАЕВ Макит.	г. Актюбинск	Был хорунжий
24.	ЖУМАЛЫКОВ Тумек	г. Актюбинск	Сборщик налогов
25.	УДАБАЕВ Санияз	г. Актюбинск	Служил милиционером
26.	КАИБАГАРОВ Изгали	г. Актюбинск	Нарсудья
27.	БИЛЬМУХАМЕД ОВ Т.	г. Актюбинск	
28.	МЕНДЫБАЕВ Мукиш	г. Актюбинск	Член Уильской Земской Управы

29.	БЕРКАЛИЕВ Баиғазы	г. Уил	Отдельный член.
30.	МАГДАЕВ Махмут	г. Челкар.	Отдельный член.
31.	МАХМУТОВ Суж.	г. Челкар.	-"
32.	АКМУХАМЕДОВ Туреб	г. Челкар.	-"
1	2	3	4
33.	КАНАЛИН Илтай	г. Темир	Интендант
34.	БАЙЛИЧИН Муртаз	г. Иргиз	Сочувствовал уставу А-орды.
35.	ШАНОВ Тильж.	г. Иргиз	Член Уильс. Земской Управы
36.	КАЛЬМЕНОВ Нураш.	г. Темир	Член Правительства
37.	ИСЕНГУРОВ Гумар	г. Темир	Член Правительства
38.	ТЛЕУБАЕВ Досмуха.	г. Темир	1919 г. был в АОрде
39.	УЛЕБАЕВ Утеген.	г. Челкар.	Член партии АОрды
40.	УРЗАЛИН Саидалы.	г. Иргиз	Член партии АОрды.
41.	КЕНШЕНБАЕВ Дсульб	г. Иргиз	Член партии АОрды
42.	БЕКМУРЗИН Камдер.	г. Иргиз	Член партии АОрды
43.	ДВЛЕТОВ	г. Иргиз	Член партии А-
44.	КАНАЕВ Аймарка.	г. Иргиз	Член партии АОрды
45.	АКБАЕВ Джусуп.	г. Иргиз	Член партии АОрды
46.	ХАСЕНОВ Шайхул.	г. Иргиз	Член партии АОрды
47.	ЖУБАНОВ Куаныш	г. Иргиз	Член партии АОрды
48.	СЕСЕКЕНОВ Берму.	г. Иргиз	Инструктор военного обучения
49.	БАШБАЕВ Абдарзак	г. Иргиз	Вахмистр отряда
50.	САРБАТЫРОВ	г. Оренбург	Нач. милиции
51.	КОЛУБЕКОВ Абдрах.	г. Актюбинск	Член Правления А-Орды
52.	УДЕРБАЕВ Шах.	г. Актюбинск	Служил в канцелярии
53.	АРГУМБАЕВ Уразбай	г. Иргиз	Рядовой член
54.	АШИКОВ Ханистай	г. Иргиз	Командир взвода
55.	ЖУМАРТОВ Жален	г. Оренбург	Нач. милиции
56.	БЕКБАЕВ Барлыбай	г. Иргиз	Пред.Вол.Земск ой управы
57.	КАДЫРОВ Ахметжан	г. Иргиз	Рядовой член
58.	ЕСНОЗАРОВ Емузис	г. Иргиз	Рядовой член
59.	ГУЛЕБАЕВ Утеген	г. Иргиз	Адьютант
60.	Турумов Нугман	Хобда	Член партии АОрды
61.	Иматулин Валий	г. Акбулак	Член партии АОрды
62.	Туменов Карым	г. Акбулак	Член партии АОрды
63.	Колубеков Абдула	г. Иргиз	Член партии АОрды

64	Турекешов Аяберген	г. Иргиз	Член партии АОрды
65	Аяпов Сурнашай	г. Иргиз	Член партии АОрды
66	Гартышбаев Арыкбай	г. Иргиз	Член партии АОрды
67	Супханов Ажитай	г. Уил	Пред. управы
68	Шектымбаев Сисен	г. Уил	Член партии АОрды
69	Утегенов С.	г. Уил	Член партии АОрды
70	Умаров Салигарий	г. Уил	Член партии АОрды
71	Умаров Хайрула	г. Уил	Член партии АОрды
72	Умаров Абраш	г. Уил	Член партии АОрды
73	Кудукжанов Садыл	г. Уил	Член партии АОрды
74	Кубышев Джансыбай	г. Уил	Член партии АОрды
75	Тюребаев Басар	г. Уил	Зав.ардомом при А-Орде
76	Саркенбаев Бальдель	г. Иргиз	Член партии АОрды
77	Кушмамбетов Тугил	г. Иргиз	Член партии АОрды
78	Кочужбеков Сепд.	г. Тургай	Член партии АОрды
79	Сарбисов Сабир	г. Тургай	Член партии АОрды
80	Юсупов Мурис	г. Тургай	Член партии АОрды
81	Ирисепов Амереш	г. Тургай	Член партии АОрды
82	Юсупов Ахмед	г. Тургай	Член партии АОрды
83	Байсетов Сайсух	г. Тургай	Член партии АОрды
84	Карпиков Казгельден	г. Тургай	Член партии АОрды
85	Тунгачен Ахмет	г. Иргиз	Член партии АОрды
86	Даурабаев Муса	г. Иргиз	Член партии АОрды
87	Тулибаев Утенег	г. Иргиз	Член партии АОрды
88	Бекмамбетов	г. Актюбинск	Бывший А- Ординский офицер
89	Джаманмурунов	г. Актюбинск	Член партии АОрды
90	Айнабеков	г. Актюбинск	Член партии АОрды
91.	Баимагамбетов Габайдула	г. Иргиз	Член партии АОрды
1	2	3	4
92.	Наватов Аумурза	г. Актюбинск	Пом. командира А-Орды
93.	Тлепов Каракпай	г. Челкар	Член партии АОрды
94.	Басагаринов Джумабай	г. Иргиз	Член партии АОрды
95.	Мамаков Абукарим	г. Иргиз	Член партии АОрды
96.	ШАБАНОВ Кулмурза	г. Иргиз	Член партии АОрды
97.	ЖАКСЫБАЕВ Джалгаспай	г. Иргиз	Служил в Армии А-Орды
98.	АЮБЕКОВ Юбрай	г. Иргиз	Служил в Армии А-Орды
99.	МАМБЕТОВ Саймакан	г. Иргиз	Член партии А-Орды

100	МАМБЕТОВ Абдрахман	г. Иргиз	Член партии АОрды
101	ИСЕНТАЕВ Искали	г. Актюбинск	Член партии АОрды
102	КЕНЖЕБАЕВ Джакуп	г. Актюбинск	Член партии АОрды
103	ДИНТАЕВ Жулман	г. Актюбинск	Пред. Земской Управы
104	ЕБРАЕВ Ереке	г. Карабалык	Член партии АОрды
105	ТУРГАМБАЕВ Рысмагамбет	г. Актюбинск	Член партии АОрды
106	АЛДЫНАЗАРОВ Нурмагамбет	г. Актюбинск	Член партии АОрды
107	БЛАСПАЕВ Джумаш	г. Иргиз	Член партии АОрды
108	ДЖУМАГУЛОВ	г. Костана й	Член партии АОрды
109	ИТЕКЕНОВ Байкадам	г. Иргиз	Член партии АОрды
110	АМАНТАЕВ Досан	г. Челкар	Член партии АОрды
111	ДОЩАНОВ Сагындык	г. АлмаАта	Член партии АОрды
112	УРАЗАЛИН Джумабай	г. Оренбург	Член партии АОрды
113	ИБРАГИМОВ Кали	г. Оренбург	Член партии АОрды
114	БАЛГУНОВ Керей	г. Уил	Член партии АОрды
115	КАРАТАЕВ Сыддык	г. Уил	Член партии АОрды
116	ЖУНУСОВ Сахиулла	г. Челкар	Член партии АОрды
117	САРИХУДЖИН Амре	г. Уил	Бывший А- Ордынский
118	ЧИМАНОВ Данагул	г. Челкар	офицер
119	КАРМАНОВ Сеилкан	г. Карабалык	Член партии АОрды
120	АЕТОВ Кенжетай	г. Карабалык	Член партии АОрды
121	ЕРЕКЕШОВ Абдрахман	г. Иргиз	Член партии АОрды
122	ЮСУПОВ Уразке	г. Табын	Бывший А-Ордынский офицер
123	ДОСПУЛОВ Темиргалии	г. Костанай	Член партии АОрды
124	КАРБЕКОВ Муртаза	г. Убаган	Член партии АОрды
125	ИСАБАЕВ Кияш	г. Актюбинск	Член партии АОрды
126	КУЛЬТЛЕУОВ Карабай	г. Челкар	Член партии АОрды
127	ИСМАГУЛОВ	г. Костанай	Член партии АОрды
128	БАКЧАКОВ Нургазы	г. Карабалык	Член партии АОрды
129	КИНЖЕБАЕВ Тулекберген	г. Челкар	Член партии АОрды
130	СУГУРОВ Токтамыс	г. Актюбинск	Член партии АОрды
131	КУЧЕРБАЕВ Идрис	г. АлмаАта	Член партии АОрды
132	КОНЖАНКУЛОВ Серады	г. АлмаАта	Член партии АОрды
133	АИМАКОВ Шукен	г. Челкар	Член партии АОрды
134	ДАНДЫБАЕВ Досмагамбет	г. Челкар	Член партии АОрды
135	СИРАЛИН Закир	Степной р-н.	Член партии АОрды
136	ДЖОЛДАСПАЕВ Мурзагали	г. Актюбинск	Член партии АОрды

Берілген осы және 1936 ж. қайталанған тізімге қарап отырып «Алашорда» үкіметі мен «Алаш» партиясы және оның басшылары мен мүшелерінің, қайраткерлерінің үстінен қылмыстық іс қозғау үшін тергеу орындары ұзақ әрі өте тыңғылықты түрде дайындалып, аяусыз күрес жүргізгендігін байқаймыз.

1935 жылғы желтоқсандағы партия қатарын тазарту туралы берілген арнайы анықтамада да жоғарыда есімі берілген троцкийшілер, ақгвардияшылар мен алашордашылардың есімдері және олардың атқарған қызметтеріне қысқаша сипаттама берілген [27].

Партия қатарын тазалау, әсіресе алашордашыларды әшкерелеуге қатысты БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетінің қаулысына байланысты Ақтөбе облыстық комитетінің бюро қаулысында әрбір айдың 10-20-сы және 30 күні аудандық комитеттер облысқа әрбір онкүндікте ақпараттық есеп беріп отыруға тиіс болған [28].

Облыстық партия комитетінің тарапынан жүргізілген мұндай тазартулардың қатарында аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Ахметовтің үстінен қозғалған істе де оның алашордашылар Накатеков, Шулановтармен байланысы анықталып, қызметінен босатылады [29].

Ақтөбелік Алаш қайраткерлері мен қатардағы қарапайым мүшелерін қудалау ісі 1939 жылы да жалғасып отырғандығын облыстық партия комитетінің есеп-статистикалық секторының меңгерушісі берген анықтамадан анық байқалады. Бұл тізімді де толық және құжат берілген тілде беруді дұрыс санадық [30].

СПИСОК РАЗОБЛАЧЕННЫХ АЛАШ–ОРДИНЦЕВ

№	ФИО	Должность	Партийный стаж	Социальн. положение	КРАТКОЕ ОПИСАНИЕ
1	ИТЕМГЕНОВ Мунусбек	Председатель колхоза	1919 г.	Служащий	Был в Алаш-Орде с 1918 по 1919 г. Осужден в 1931 г. на 2 г., не принимает участие в партжизни, не имеет учетной карточки /Акт №40/
2	ШОЛАНОВ Ескаир	«←→»	1 0/ХП-27	Крестьян	Сынбая-муллы и служил в Алаш-Орде
3	АХМЕДОВ Иркен	«←→»	6 /УШ-23 г	Сын муллы	Исключ ен за службу в Алаш-Орде, дезертирство из Красной Армии связь с баями /брал взятки за укрытие объектов обложения/. /Акт №38/.
4	НУРКИН Тулеш.	Зав.фермой серктика «К арабугет»	1 7/ХП-29	Служащий	В 1918 г. был в отряде Алаш-Орды. Не проходил чистку партии в 1929 г
5	КАРИБАЕВ Каиж	Зав.школ	1	Служащий контрревол.национал.	В 193233 г. состоял в группировке ан

1	2	3	4	5	
6	КАСАБУЛАТОВ Исенгалий Киреевич	Директор совхоза	20/I-20	Касабулатов политически развит. Состоял членом АлашОрды, являлся одним из активных членов. Служил в армии АлашОрды. В 1933 г. Краевой контрольной комиссией объявлен строгий выговор с предупреждением за организацию националистической группы в мединституте, за зажим самокритики и клевету против решения VI Пленума Крайкома по вопросу национальной политики коренизации. Касабулатов работает в районе с 1934 г., допустил в вопросе проведения национальной политики ряд искажений и антипартийных поступков	
7	Кальменов Мажит Кальменович	Уп равферм. Племсовх. №12	12/X-25 г.	сер едняк	Кальменов идеологически связан с руководителем контрреволюционной подпольной группы – Алаш-Орды Нареновым, который сослан в Караганду за указанное преступление./Акт № 45/.
8	Бекмагамбетов Темир Бекмагамбетович	Спец. Облплана	21/XII-24	Служащий	Скрыл при вступлении в партию службу офицером в Алаш-Орде. /Акт №32/.
1	ЯГОФАРОВ Хамед	Маст.кирп. Зав.ода	I /X-31 г.	Рабочий	Торговец, служил в отряде АлашОрды
2	АЛИ ШЕВ Жубатыр	Зам.предс.Тов-ва	1921 г.	Крестьянин	Участие в родовых группировках.
3	АБИ ШЕВ Жубаныш	Рыбак	1932 г.	Крестьянин	Участие в родовых группировках.
4	ИСЕНТАЕВ Тужан	Бригадир	2 6/IX-29 г.	Крестьян.колхозник.	Установлено, что Исентаев служил добровольцем в течение 9 мес. В армии Алаш-орды. Был надзирателем тюрьмы в Тургае, что скрывал от партии. На производстве работает плохо. По его вине сгорела молотилка и 2 га проса. Материал передан в судебные органы для привлечения к ответственности.
5	АЛИМКУЛОВ Алпысбай	Продавец Универмага Райпо.	27/УШ31 г.	Крестьян.бедняк	В 1919 г., находясь в отряде красных партизан, перешел на сторону АлашОрды и служил добровольцем
6	КУЛЕТОВ Сарымсак	Член сарктика	1 7/IX-32 г.	Крестьян.бедняк	В 1919 г., находясь в отряде красных партизан, перешел на сторону АлашОрды.
7	ЖУПАКБАЕВ Нагашбай	ед. кол хоза	19/X-30 г.	Крестьян.бедняк	В 1919 г., находясь в отряде красных партизан, перешел на сторону АлашОрды.
8	КОПТЛЕУОВ Мухамбетияр	Колхозн.	2 8/IX-32 г.	Средняк.	При вступлении в партию скрыл свою службу с 1917 г. по 1919 г. предельной земск. Управы и членом уездной управы при Алаш-Орде. Скотокрад. /Акт № 39/.

9 ШУЛАНОВА Рысты

2 5/IV-31 г. Кулачка

Шуланова кульническим путем получила вр. удост. в к-ты ВКП/б/, связана со своим мужем Буламановым, сосланным в Караганду за участие в подпольной Алаш Ординской организации. / Акт№26/

Жоғарыдан көріп отырғанымыздай, ұлт жолында қызмет етіп, тағдыры талқыға түскен талай қарапайым жандар бүгінде халқына танымал Алаш қайраткерлерінің басшылары секілді қазақ елінің барлық өлкелерінде де сталиндік жүйенің қасаң қысымын көрген, жастайынан халық үшін қызмет еткен, мерзімінен оза туған аса дарынды, жанжақты таланттар болған. Олар кез-келген партиялық ұйымдастыру істерінде, құрылтайлар өткізуде, бағдарлама жасауда, көркем әдебиетте, публицистикада, ғылымда, педагогикада, дипломатияда да қатар еңбек еткен қайраткерлер. Партияға мүше болған, ұлт үшін жандарын қиған мыңдаған қатардағы қарапайым қазақ жігіт-қыздары қаншама. Олар Қазақстанның барлық өлкелерінде ұлт үшін, оның жарқын болашағы үшін күресті, адал қызмет етті.

Қорытынды

Өз ойымызды ҚР ҰҒА академигі М. Қойгелдиевтің тұжырымдамасымен бекітер болсақ: «Алашқа байланысты үш тұжырымымды айтып кетейін: Бірінші ұстаным – Алаш қозғалысы неге қудалауға ұшырады? Алаш неге тыйым салынған тақырыпқа айналды? Оның бір мәселесі – геосаяси жағдайда жатыр. ...Ал шын мәнінде, Алаш арыстарын қудалау, абақтыға жабу, ату мен асудың ар жағында геосаяси жағдай жатыр. Олар жасқанды. Егер Қазақстан мемлекет ретінде аяғынан тұрып кетсе, егер Түркістан мұхтарияты күшейіп кетсе, онда империя үлкен бөлігінен айырылып қалатын еді. Империялық мүддесі әлсірейтін еді. Екіншіден, 1917 жылғы Қазан төңкерісі нәтижесінде билікке келген Кеңес үкіметі сол уақытқа дейін отарлықта болған қазақ халқына өзін-өзі билеу мүмкіндігін күн тәртібінен алып тастап, оның орнына тек кеңестік, яғни таптық негіздегі билік жүйесін енгізетінін мәлімдеді. ...Үшіншіден, ұлттық құрылтай Алаш автономиясын құру туралы шешім қабылдап, оның Алашорда аталатын үкіметін және төрағасын сайлады...

Біз тәуелсіз мемлекетпіз. Бізге дербестік құдайдың берген бақыты. Біз оны қорғауымыз керек. Ал енді осыған байланысты тағы бір айтарым – қазақ жерінде 18ғасырдан бері орнаған Патша билігінде, оның үстінен ысырып тастаған кеңестік биліктің легитимдігі, заңдық негізі жоқ болатын. Заңдық билік – Алашорда, соның ізін жалғастырып келе жатқан бүгінгі Қазақстан Республикасы деп білемін» [13].

Сталиндік-кеңестік жүйе Алаш көшбасшыларын, қайраткерлері мен қатардағы мүшелерін толықтай жоқ қылғанымен, олардың өлмес идеялары қазақ халқының санасында, ал олардың есімдері ұлт жадында мәңгілікке сақталып қалды. «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп артында өшпес із қалдырған Әлихан Бөкейханов пен «Ұлт ұстазы», «XX ғасыр реформаторы» атанған Алаш Орда көшбасшыларының мұрасын зерттеу, ілімін игеру бізге парыз екендігін саналы түрде ұғына отырып, осы мақаланы жаздық.

Қорыта келгенде айтарымыз, Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын басшылыққа ала отырып, бүгінгі елімізде болып жатқан жаңғырулардың негізі Алаштық идея – ұлттық идея, халық идеясымен астасып жатқандығын сезіну қажет деп ойлаймыз. Өйткені, ұлттық рухани әлемімізді қайта жаңғырту үшін, кезінде «Оян, қазақ!» деп ұрандаған Міржақып Дулатовтың «Егер керегіне жарап жатсам, мені пайдалан» деген сөзіне сай Алаштық идеяда өскелең ұрпақтың болашағына жарайтын ұстанымдарын түсініп, игере алсақ болашаққа нық қадаммен бара аламыз.

Ұсыныс: Барлық облыстық Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивтерінде жұмыс істеуге мүмкіндік берілсе, жоғарыда тізімде көрсетілген Ақтөбе өңірлік алашордалық қайраткерлердің тағдырына қатысты жеке құжаттармен танысуға мүмкіндік туып және оларды халқымен қайта қауыштыруға, олардың саяси-қоғамдық қызметтері бағаланып, есімдері ақталып, республикамыздың әрбір өлкесінде Алаш қозғалысы өкілдерінің тізімі жаңартылып, Алашорда энциклопедиясын толықтыра байыта түсер еді, алаштанудың ақтаңдақ беттері түгенделіп, жаңа есімдермен толығатын болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Жұртбай Т. Ұраным – Алаш!. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – I т. – 472 б.
2. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. - 256 б.
3. Қозыбаев М. Тағдыр: түнек пен шырақ (Әлихан Бөкейхан тағдыры хақында); Қозыбаев М. Ғасыр тауқыметін арқалаған арыстар // Тарих зердесі: Арыстар тұғыры. – Алматы: Ғылым. 2 кітап. – 1998. – 77-105-бб.
4. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы, 1993. жәнет.б.
5. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алаш Орда. - Алматы, 1995. - 93-б; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. - Алматы, 1995. – 226 б.
6. ҚР Орт. Мемл. Архиві (ҚР ОМА), 18-қор, 3-іс, 12, 22 пп.

7. Алдажұманов Қ. Ә. Жүндібаев // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. –2010.
8. Жетпісбай Н. Қобдалық Алаш қайраткерлері// Қазақстан мұрағаттары. -2009. - №3 (11). - 34-46-бб.
9. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві (бұдан әрі – Ақтөбе ОМА). 1-к., 1-т., 88-іс,12-п.
10. Ақтөбе ОМА. 1-к., 2-т., 2-іс, 33-п.
11. Ақтөбе ОМА. 3с/р3-к., 2-т., 32-іс, 9-п.
12. Ақтөбе ОМА. 516-к., 1-т., 1247-іс, 26-33-пп.
13. Ақтөбе ОМА. 516-к., 1-т., 1243-іс, 46-51-пп.
14. Ақтөбе ОМА. 636-к., 1-т., 84-іс, 5-9-пп.
15. Ақтөбе ОМА. 516-к., 1-т., 1489-іс, 75-162-пп.
16. Ақтөбе ОМА. 5-к., 1-т., 14-іс, 13-27-пп.
17. Ақтөбе ОМА. 14-к., 1-т., 304-іс, 73-74-пп.
18. Ақтөбе ОМА. 516-к., 1-т., 1517-іс, 1-52-пп.
19. Ақтөбе ОМА. 5-к., 1-т., 79-іс, 1-81-пп.
20. Ақтөбе ОМА. 9-к., 1-т., 405-іс, 1-24-пп.
21. Ақтөбе ОМА. 64-к., 1-т., 16-іс, 10-10 қ.п-11-пп.
22. Ақтөбе ОМА. 13-к., 2-т., 2-іс, 213-п.
23. Ақтөбе ОМА. 13-к., 2-т., 464-іс, 1-15-пп.
24. Ақтөбе ОМА. 13-к., 2-т., 455-іс, 1-10-пп.
25. Ақтөбе ОМА. 13-к., 4-т., 122-іс, 61-147-пп.
26. Ақтөбе ОМА. 13-к., 4-т., 176-іс, 1-5-пп.; 5-т., 362-іс, 1-5-пп.
27. Ақтөбе ОМА. 13-к., 4-т., 451-іс, 1-8-пп.
28. Ақтөбе ОМА. 13-к., 5-т., 29-іс, 187-п.
29. Ақтөбе ОМА. 13-к., 5-т., 41-іс, 16-п.
30. Ақтөбе ОМА. 13-к., 8-т., 241-іс, 15-20-пп.
31. Алаш және Азаттық: 100 жылдан кейінгі көзқарас // <https://www.inform.kz/>

4(574)

Б. ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ¹, А.Е. КАРИМОВА¹, А.М. САДЫКОВА²
БАҰО АҚ Павлодар облысы бойынша «Өрлеу» филиалы, Павлодар МПУ

ҚАЗАҚ ҚАЙРАТКЕРІ Н.НҰРМАҚОВТЫҢ ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫНА ҚАТЫСТЫ САЯСИ ҰСТАНЫМЫ

Аңдатпа. Мақалада ХХ ғасырдың өзекті мәселелерінің бірі – жерге қатысты Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н. Нұрмақовтың принциптік көзқарастары келтірілген. Қазақ өлкесіне қоныс аударушылардың ағылып, Қазақстанның шұрайлы жерлерін басып алып орналасуына орай саяси қайраткердің көзқарасы берілген. Н. Нұрмақовтың бастамасымен қабылданған қаулы негізінде келімсектер мен қазақтардың арасында жерді пайдаланудағы орын алған қайшылықтарды шешу шаралары белгіленгені туралы және бұл шаруаны жүзеге асыру Жер ісі Халық комиссариатына жүктелгені жайлы айқын қарастырылған. Қазақ бетке ұстар белгілі саяси қайраткерлердің бұл мәселеге қатысты ауызбіршілігі жоқтығы көрсетілген. Көп назар съездің ұйымдастырылуына, жаңа органдардың құрылуына аударылған. Голощекиннің саяси науқаны аясында ұлтшыл азаматтардың ұстанымдары келтірілген.

Түйін сөздер. қазақ өлкесі., қоныс аударушылар, қазақтардың отырықшылануы, Голощекин, съезд, жер мәселесі, Н. Нұрмақов

Б. Құдайбергенұлы¹, А.Е. Каримова¹, А.М. Садыкова²

¹АО НЦПК «Өрлеу» по Павлодарской области, Павлодар, Казахстан,

²Павлодарского государственного педагогического университета, Павлодар, Казахстан

ПОЛИТИЧЕСКАЯ ПОЗИЦИЯ КАЗАХСКОГО ДЕЯТЕЛЯ Н. НУРМАКОВА В ОТНОШЕНИИ ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКОЙ ПОЛИТИКИ

Аннотация. В статье рассмотрены принципиальные взгляды председателя Народного Комиссара Казахской ССР Н. Нурмакова являющиеся на период 20-х годов ХХ века актуальными земельные вопросы. Показаны взгляды национальной политической элиты на положение казахского народа, отчужденного от исконных земель в силу переселения в казахский край переселенцев. Серьезное внимание также уделено начинаниям Н.Нурмакова относительно возникновения противоречия среди местного и пришлого населения. Акцентировано внимание на принятии решения местных властей о возложении обязанностей по урегулированию конфликтов по земельному вопросу Народному комиссариату. Рассмотрено отсутствие единства среди национальной политической элиты по данному вопросу. Особо выделены вопросы организации съезда, новых органов власти, раскрыта полемика между Н.Нурмаковым и Голощекиным. В целом, показана позиция отдельных политических лидеров национальной элиты в годы правления Голощекина.

Ключевые слова: Н. Нурмаков, земельный вопрос, съезд, Голощекин, оседание казахов, переселенцы, казахский край.

KUDAYBERGENULY¹, A.E.KARIMOVA¹, A.M. SADYKOVA²

¹ National center for professional development «Orleu» in Pavlodar Region, Pavlodar, Kazakhstan,

²Pavlodar State Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan

THE POLITICAL POSITION OF THE KAZAKH LEADER N. NURMAKOV IN RELATION TO THE RESETTLEMENT POLICY

Summary. The chairman of the People's Commissar of the Kazakh SSR N.Nurmakov's principled views on land issues, which were topical in the 20-ies of XX century, are considered in the article. Views of the national political establishment on the situation of the Kazakh people, alienated from the ancestral lands due to immigration to the Kazakh land are described. Serious attention is also paid to N. Nurmakov's undertakings regarding tensions between locals and immigrants. The decision of the local government to charge the People's Commissariat with duty

for conflict resolution on the land issue is emphasized. The disunity within the national political establishment on this issue is also considered. The issues of organizing the congress and new government bodies are highlighted, the controversy between N.Nurmakov and Goloshchyokin is revealed.

Keywords: N.Nurmakov, land issue, congress, Goloshchyokin, settling of Kazakhs, immigrants, Kazakh territory.

Кіріспе

Кеңестің Қазақ республикасының алдындағы маңызды мәселелердің бірі – қазақтарды отырықшы мал шаруашылығына көшіру үшін оларды отырықшылық тұрмысқа ыңғайлы құнарлы, жайлы жерлерге қоныстандыру қажет болатын. Ол үшін патшалық Ресей тұсында тартып алынған шұрайлы жерлерге қазақтардың қолын жеткізу керек еді.

XX ғасырдың басында Ресей империясының қазақ өлкесін отарлауды жедел қарқынмен жүргізу жерді пайдаланудағы теңсіздікті күшейте түскен болатын. Биік мінбелерден бірнеше қайталанған Н. Нұрмақовтың сөзімен айтсақ: «Қазақтардан ең шұрайлы, егістікке жарамды 40 млн. десятина жері тартып алынды. Нәтижесінде қазақтардың көпшілігі құмды жерлерге, құнарсыз шөл далаларға ысырылып тасталды» [Нурмаков, 1929:9]. Сол сияқты Қазан революциясы қарсаңында Қазақстан жеріне 1 млн.-нан астам адам Ресейдің еуропалық бөлігінен әкеліп қоныстандырылған болатын. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де сырттан ағылған қоныс аударушыларды тоқтатып, жерді пайдаланудағы теңсіздікті реттеу мүмкін болмады. Қазақстанның шұрайлы жерлерін басып алып орналасуы жалғаса берді. Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің бұл қоныс аударушыларға тоқтату салмақ болған ұмтылысы орталықтың қарсылығына кез болды. Осы орайда, деректердең кең көлемін талдау арқылы Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болған Н. Нұрмақовтың қоныстандыру саясатына қатысты ұстанымын ашып көрсетуге тырыстық.

Материалдар мен әдістер

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің 30-қоры мен 74-қорында сақталған архивтік материалдар, құжаттар мен XX ғасырдың 20-шы жж. шығып отырған мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған материалдармен, нормативті құжаттардағы материалдармен салыстыра талдау негізінде мақала даярланды.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде қоғамды танудың диалектикалық әдістері пайдаланылды. Зерттеу барысында жалпы ғылыми және арнайы-тарихи әдістер қолданылды. Жалпы ғылыми әдістердің ішінен анализ, синтез, логикалық әдістер қолданылды. Арнайы-тарихи әдістер санатында тарихи-ретроспективті, тарихи-жүйелі әдістерді айтып өтуге болады.

Талқылау

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуынан кейін мұрағаттағы дерек көздеріне зерттеушілердің қол жеткізуі XX ғасырдың өзекті мәселелерінің бірі – қоныстандыру саясатына қатысты ақиқатты танып-білуге мүмкіндік берді. Қазақ қайраткерлерінің жер мәселесін шешу бағытында атқарған қызметі, көрген қиындықтары өздері жазған мақалалар жинақтарында, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланды.

Жерге орналастыру науқанының қалай іске асырылғандығы және оның қорытындысы туралы мәліметтер «Народное хозяйство Казахстана» басылымында кездеседі [Тоқтабаев, 1928].

Мұрағат қорларында сақталған құжаттар мен Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болған қазақ қайраткері Н.Нұрмақовкелімсектер мен жергілікті халық өкілдері арасында жерді пайдаланудағы орын алған қайшылықтарға қатысты анық шешімдер ұсынғаны айқын байқалады [Нұрмақов, 1929]. Сол жылдары шыққан газетжурнал беттерінде оның жер мәселесін жан-жақты салмақтап, талқылау қажеттігі мен ұлттық мүдденің ескірілуі тиіс екендігі туралы ашық жазды. Арнайы қаулылар қабылдады. Бірақ, Н. Нұрмақовтың тобының ұстанған жерге орналастыру саясатындағы батыл ұлттық қадамының түбегейлі жеңіліске ұшырауының бір себебі ретінде қазақ коммунистерінің арасындағы келіспеушіліктер қарастырылады [Советская степь, 1927].

Н. Нұрмақовтың қоныстандыру саясатына қатысты саяси ұстанымын ашып көрсететін жекелеген жарияланымдар болғанымен, іргелі еңбектер жеткіліксіз. Сол себепті толыққанды зерттеу жүргізу қажет.

Нәтижесі

1920 жылдың 17 қазанында Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің отарлауды тоқтату туралы декреті жарияланды. 1921 жылдың 7 ақпанында және 19 сәуірінде патша өкіметі тартып алған жерлерді еңбекшілерге қайтарып, беру жайлы Қазаткомның қаулылары қабылданды. Алайда аталған шаралар іс жүзінде жүзеге асырылмады. Қайта Ресейдің орталық губернияларынан қоныс аударушыларға РСФСР Жер ісі комиссариатының рұқсаты беріліп, 1921 жылғы құрғақшылықтың салдарынан орыс мұжықтарының Ақмола, Семей губернияларына жаппай көшіп келуі басталды. Республика үкіметінің атына жолданған

БОАК төрағасы М.И. Калининнің қолы қойылған жеделхатта қоныстанушылардың «қазақ өлкесінен кері қайтаруға» қатаң тиым салынды [Советская степь, 1924: 3]. Осылайша, қоныс аударушылардың ағылып, Қазақстанның шұрайлы жерлерін басып алып орналасуы жалғаса берді. 1922-1925 жылдар аралығында тағы да 200 мыңдай адам жанұясымен көшіп келді.

Н. Нұрмақов Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы ретінде бұл мәселені қолға алғанда, әуелі туған жерінде ұзақ жылдар теперіш көрген қазақтардың өз жерінің құқықтық жағынан толық иесі болуын мақсат тұтты. «Жер мәселесі, – дейді Н. Нұрмақов, – қазақтар үшін аса күрделі әрі негізгі мәселе. Жерге орналастыруды жүзеге асыруда бірінші кезекте қазақтарды орналастыру қажет, содан кейін келімсек еуропалықтардың мәселесін шешу керек» [ҚР ОМА, 29]. Ол өзі басқарған үкіметтің жұмысын осы бағытта жан-жақты, әрі тиянақты іс жасауға жұмылдырды.

1925-1927 жылдар аралығында қазақтарды жерге орналастыру барынша қарқынды, ұйымдасқан түрде жүргізіле бастады. Ең алдымен, орналастыруға қажетті жер қоры туралы мәліметтер республиканың барлық ауыл-селоларынан, уездерінен, облыстарынан жинастырылып, біртұтас деректер алынды. Жерге орналастыруды тиімді ұйымдастыру үшін Жер ісі Халық комиссариаты жанынан арнайы басқармалар құрылып, олардың құзырына кең құқықтар берілді.

1925 жылдың 29 қаңтарында Н. Нұрмақов Қазақстанда Жер съездерін өткізу туралы қаулыға қол қойды [Советская Киргизия, 1925: 158-160]. Сол жылдың ақпан айында жерге орналастырушылардың республикалық 1-ші съезі өтті. Съезде жерге орналастырудың ұйымдастыру тәртібі, бөлінетін жердің мөлшерін анықтау әдістері, отырықшы жер шаруашылығымен айналысатын аудандарды бөлу ерекшелігі, жерді тіркеу, суландыру мәселелері көтеріліп, соңында жерге орналастыру жұмысының бағытын анықтап, ретке келтірудегі маңызы зор қарарлар қабылданды. Жер ісі Халық комиссариатының қызметкерлері С. Қаратілеуов, белгілі ғалым М. Сириус және т.б.

баяндамаларында жер мәселесін шешуде құнды пікірлер мен нақты тұжырымдар, ғылыми қорытындылар жасалынды [Резолюции, 1925: 19].

Сол сияқты Жер ісі Халық комиссариатының құрамына мәселені жетік білетін (Т. Жаманмұрынов, С. Қаратілеуов, белгілі ғалым М. Сириус, т.б.) қызметкерлер тартылып, Мәскеуден мамандар шақырылды. Алаштың көсемі экономист-ғалым Ә. Бөкейханов, профессорлар С.П. Швецов, С.И. Руденко тағы басқалардың Қазақстанның шаруашылығын терең зерттеуіне жағдайлар жасалынды.

Аз уақыттық ұйымдастыру жұмысының нәтижесінде, Қазақстан территориясындағы құрамы таза орыс поселкелерінен тұратын отырықшы жер шаруашылық аудандары бөлініп алынды. Бұл аудандардағы отырықшы жер шаруашылықтарын өзінің қаржысы негізінде орналастыру белгіленді. Отырықшы жер шаруашылығына Қазақстанның жер көлемінен 11,5 млн гектар жер бөлініп, онда 167 мың шаруашылық орналасатын болды. Ал, Қазақстанның қалған территориясында орналасқан шаруашылықтар көшпелі және жартылай көшпелі деп бағаланып, 1924 жылғы Ережеде көрсетілгендей оларды жаппай және міндетті түрде жерге орналастыру қажет болды. Бұл жаппай орналастыру ауданына кіретін жер көлемі 230 млн. гектар болып, оған 1 млн.-нан астам шаруашылықтың орналасуы көзделді [Токтабаев, 1928: 17].

1925 жылдың мамыр-маусым айларынан бастап жерге орналасушы көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтар Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің қабылдаған ережесі негізінде шаруашылық салығынан 5 жылға босатылды [ҚР ОМА, 115].

1926 жылы мамыр айында Н. Нұрмақовтың тікелей басшылығымен әзірленген Ертисөзені бойындағы он шақырымдық алқапты пайдалану туралы қаулы жарияланды. Қаулыда Халком Кеңесінің төрағасы және Қазақ Атқару Комитетінің төрағасы ретінде де Н. Нұрмақовтың қолы тұр [Советская степь, 1926: 3]. Қаулы негізінде келімсектер мен қазақтардың арасында жерді пайдаланудағы орын алған қайшылықтарды шешу шаралары белгіленіп, бұл шаруаны жүзеге асыру Жер ісі Халық комиссариатына жүктелді.

Жерге орналастыру науқанының 1927 жылдың соңындағы жалпы барысы мен қорытындысын мына сандардан көруге болады: отырықшы жер шаруашылығымен айналысатын аудандардағы ұжымдарға 137 мың гектар жер бөлініп, оған 3 ¹/₂ мың шаруашылық орналасты; жер қоғамдары мен қоныстанушылардан 1 млн. гектар жер босатылып, 32 мың шаруашылық үшін бөлінді; егістікке және кең алқаптарға бөлу 10 мың шаруашылығы бар 403 мың гектар жер алаңында жасалса, жерді пайдалану шекарасын белгілеу және жерді тіркеу 44 мың шаруашылық үшін 2 млн.-нан астам гектар жерде жүргізілді. Ал жаппай орналастыру белгіленген көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды жерге орналастырудың нәтижесі мынадай: жұмыстың бірінші кезеңі бойынша (зерттеу және дайындық жұмыстар) 365 мың шаруашылық орналасқан 28 ¹/₂ млн. гектар алаңда жүргізілген; екінші кезеңі бойынша (жобасын құрастырып және шекараны белгілеу) – 150 мың шаруашылығы бар 8 млн. гектар алаңда жүргізілді [Токтабаев, 1928: 18]. Бұл өткен 1925 жылға дейінгі кезеңмен салыстырғанда үлкен жылжу еді.

Жерге орналастыру барысында 1926-1927 жылдары туындаған саяси қайшылықтар науқанның бастапқыда көзделген мақсатына жетуіне мүмкіндік бермеді. Орталықтың қыспағымен бұл мәселеде отаршылдық, империялық ой-пиғылдар үстемдік құра бастады.

1927 жылы Қазақстанның Жер ісі Халық комиссариаты және Мемлекеттік жоспарлау комитеті бірігіп, республика жерін шаруашылыққа тиімді пайдаланудың жобасын жасауға қызу кірісті. Жоба Халық Комиссарлар Кеңесінде мақұлданып, оның негізінде Қазақстан халық шаруашылығының дамуының 5 жылдық жоспары жасалды. Алайда Бүкілодақтық қоныс аудару комитеті 1927 жылы 8 желтоқсанда бұл жоспарға қарсы өз хатын жолдайды. Бүкілодақтық қоныс аудару комитетінің 1927 жылы 6 желтоқсанда 2-ші пленарлы кеңесінде Қазақстан үкіметін қоныс аудару жоспарын жасамай, әдейі қоныстандыруға жарамды жер қорын жасырып отыр деп айыптаған болатын [ҚР ОМА, 6-8].

Н. Нұрмақов жедел түрде РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасының орынбасары В.И.Лежаваға және Жоспарлау комитетінің атына жолданған жауап хатында Бүкілодақтық қоныс аудару комитетінің кінәсін негізсіз екенін түсіндіріп, келтірген дәлелдерін жоққа шығарды. Ең алдымен, Қазақстанның ауыл шаруашылығының дамуын ретке келтіру үшін кем дегенде он жыл қоныс аударуға тыйым салыну қажеттігін қайталай отырып, Қазақстанның жерінде екпелі жер шаруашылығының кең дамуына ешқандай отырғандығын атап көрсетеді. Жақсы өнім алу үшін, жерге түсетін жылдық ылғалдылық 350 мм-ден жоғары болу керек дейді. Ал Қазақстанның солтүстік аймақтарында жылдық ылғалдылық 300-ге ерең жетеді. Сондықтан шаруашылықтың мұндай түрін жаппай дамыту ауыр жағдайларға соқтыруы мүмкін деп ескертеді [ҚР ОМА, 110-116].

Алайда мұндай бірқатар құнды пікірлер мен нақты дәлелдерге қарамастан Бүкілодақтық қоныс аудару комитеті Қазақстанның шаруашылығын дамыту үшін бос жатқан жерлерді игеру, бидайдың бағалы түрлерін өсіру, техникалық дәнді дақылдарды егу деген желеумен қоныс аудару жоспарларын жасап, сырттай шешімдер шығарып жатты. Көп кешікпей РСФСР Жер ісі Халық комиссариаты және Бүкілодақтық кеңес 1928 жылдан Қазақстанға жаппай қоныс аудару жөнінде шешім қабылдады. Сондай-ақ солтүстік облыстар мен Түркістан – Сібір теміржол құрылысына қоныстанушыларды көптеп әкелу көзделді.

Әсіресе, Қазақстанға Ф.И. Голощекиннің келуімен жер мәселесіндегі ахуал күрт шиеленісіп кетті. Ол ұлттық мүддені қорғауға негізделген шаралардың бәріне қарсы шығып, қазақ халқын қырып-жоюға бағытталған сойқан саясатын біртіндеп өмірге енгізе бастады. Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н. Нұрмақовтың қызғыштай қорып, жүзеге асырудағы жерге орналастыру жоспарын қатты сынға алды.

1927 жылдың маусым айында өткен қазақ коммунистерінің кеңесінде Ф.И. Голощекин 1922 жылдың 31-ші тамызынан кейін қоныс аударған 200 мың келімсек шаруалардың жанұясымен Қазақстанға орнығып жер иемденуін, оларға басқаларымен қатар құқықтар мен ерекшеліктерді беруді қолдады.

1927 жылдың қазан айында өткен Өлкелік партия комитетінің мәжілісінде Ф.И. Голощекин тағы да Қазақстанда бос жатқан мол жер қоры туралы сөз қыла отырып, бұл жерлерге ондаған мың қоныс аударушыларды әкелуге болады деген мәселе көтерді. Әрине, мұның аяғы неге апарып соқтыратынын, әрі ол жоспарланып жүргізіле бастаған жерге орналастыру саясатының күйреуі екенін Н. Нұрмақов және оны жақтаушылар жақсы түсінді. Олар Ф.И. Голощекинге қарсы топ құрып, ашық айтысқа түсті.

1927 жылы қараша айында өткен Бүкілқазақстандық 6-конференцияда қорытынды сөз сөйлеген Ф.И. Голощекин жер мәселесі жайында жіберілген қателіктер жайында ерекше тоқталып, ұзақ сөйледі: *«Мен Сәдуақасовшылықтың гана емес, Нұрмақовтың да бар тобының тұжырымын жоққа шығарамын, ескерту, бұл топшылдық емес!»*. Ф.И. Голощекин шеттен қоныс аударушыларды Қазақстаннан қууға Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесі бұйрық берді деп айыптай отырып: *«Мәселе Қаратілеуовте емес, менің Нұрмақовпен ісім бар. Өйткені қоныстандыруға қарсы шыққан нағыз сол. Бұлардың сандарды келтіре отырып дәлелдейтіні қоныс аударушыларға бізде жер жоқ дегісі келеді, ал анықтап келгенде қазір ондаған мың қоныс аударушыларға жер бар екен. Жолдас Нұрмақов «Мен қоныс аударушыларға қарсы емеспін, бірақ оларға беретін жеріміз жоқ» дейді. Сонымен жолдастар, бұл айтылғандарды бір-бірімен қалай байланыстыруға болады?»*

3 қазанда Нұрмақов жолдас менің қарарыммен, яғни Өлкелік партия комитетінің қабылдаған қарарымен келіспегені былай тұрсын, тіпті принципті түрде бізден бөлінгені сонша – анықтап түзетулер енгізетін комиссияға кіруден бас тартты. Менің қарарымды, жолдастар, отаршылдық (ажыратып жазған біз. – Қ.Б.) деп бағалады, ал жолдас Сұлтанбеков бұл қоныстандырушы чиновниктердің пікірі деді» [Советская степь, 1927: 4]. Өкінішке орай, қазақ коммунистерінің арасында бірауыздылық болмағандығын Ф.И. Голощекин шебер пайдаланды. О. Исаев, І. Құрамысов, М. Тәтімовтар Голощекинді жақтап шықты.

Сөйтіп, 1927 жылы өткен 6-ші конференция жер мәселесін шешудегі Н. Нұрмақовтың тобының «қате бағытын» ашы сынға алып, айыптады. Мәселені шешудегі қазақ коммунистерінің негізгі қателігі «таптық

мүддені ескермеуі» деп атап көрсетілді. Шындығында таптық көзқарас тұрғысынан ұлттық мүдде, ерекшеліктер жоққа шығып, бар мәселе қазақтың байы мен орыстың қулағына тірелетін еді. Солай болда да. 1928 жылдың күзінде қазақ байларын тәркілеу, кейін оларды тап ретінде жою науқанына ұласқаны белгілі. Осылайша бұл, Н. Нұрмақовтың тобының ұстанған жерге орналастыру саясатындағы батыл ұлттық қадамының түбегейлі жеңіліске ұшырауы еді. Көп кешікпей Жер ісі Халық комиссариатын ұлтшылдықтан тазарту жүргізіліп, Ж. Сұлтанбеков, С. Қаратілеуов, Г.А. Бөкейханов, Әлімбаев және т.б. қызметінен алынды.

Н. Нұрмақов соңына дейін бұл мәселе бойынша өз пікірінен айныған жоқ. Ол Орталыққа бірнеше ресми хаттар жолдап, өз көзқарасын дәлелдеп те бақты. Тіпті Н. Нұрмақовтың ұйымдастыруымен құрылған топ Орталық Комитетке дейін арызданып, Мәскеуге де барды [Советская степь, 1927: 4].

1927 жылдың желтоқсан айында өткен Өлкелік партия комитетінің мәжілісінде Н. Нұрмақов тағы да жер мәселесін жан-жақты салмақтап, талқылауды ұсынды. Қалыптасқан жағдайларға байланысты жер мәселесінде ұлттық мүддені көздеген ойларын ортаға салып, оны жүзеге асырудың жолдары белгіленді. Сөз соңында Ф. Голощекинмен тағы да бетпебет айтысып қалды. Голощекин: *Тағы да келісе алмасақ, не істейміз?* Нұрмақов: *Келісе алмасақ шешетін жоғары органдар бар.* Голощекин: (Залды көрсетіп) *Міне, жоғары орган! Нұрмақов: Мүмкін сіз мені сауатсыз деп ойлайтын шығарсыз, бірақ мен партия жарғысын білемін. Жоғарғы орган конференция, одан әрі Орталық Комитет, содан соң партия съезі, сол сияқты Коминтернге жетуге болады. Мен бұл мәселені партия съезі шешсін деп отырғаным жоқ. Мәселені осы конференцияда шешейік, бұл мүмкін болмаса, Орталық Комитетінің жанынан құрылған Қазақстандағы ұлтаралық қатынастарды тексеруші жолдас Киселевтің комиссиясында түпкілікті шешеміз* [Советская степь, 1927: 4]. Бұл Н. Нұрмақовтың өз көзқарасында қалып, соңына дейін күрес жүргізгендігін айғақтайды.

Алайда осы жылдардың өзінде-ақ сырттан ағылған қоныс аударушыларға ешбір тоқтау болмады. 1927-1928 жылдары үздіксіз дабыл қағып Мәскеуге жолданған

Н.Нұрмақовтың өтініші, талабына Орталық ешбір шара қолданбады. *«Өз еркімен қоныс аударушылар Петропавловск қаласына эшелондармен келіп түсуде. Олар Украина, Солтүстік Кавказдың жер басқармаларының рұқсат қағазын көрсетеді. Осыған қарсы шұғыл шаралар қолданып, Қазақстанға келушілерге қатаң тыйым салсаңыздар екен. Губернияларға қоныстанушыларды кері қайтару жөнінде бұйрық бердік»* делінген Н. Нұрмақовтың қолы қойылған бір құжатта [ҚР ОМА, 75]. Алайда мұндай өтініштерге орталық құлақ та аспады. Мысалы, Қостанай округтік жер басқармасының хабарлауынша 1927–1928 жылдар аралығында аталған Қостанай округіне 45803 адам келсе, Петропавл округіне 25575 адам келіп үлгерген [ҚР ОМА, 14]. Бұл сандардан республикаға қоныстану қарқынының қаншалықты болғанын шамалауға болады.

Қорытынды

Осылайша 1928 жылдан жерге орналастыру науқаны ұлттық сипатынан айрылып, таптық мазмұнға көшті. Бұл шын мәнінде қоныстануға еркіндік беріп, отарлауды заңдандыру еді. Кейінгі жаппай ұжымдастыруға бағыт алған шақтағы жерге күштеп орналастыру, яғни отырықшыландыру науқанының қазақ халқына әкелген зардабын айтып жату артықтау болар. Өкініштісі, Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н.Нұрмақовтың басшылығымен жасалған 5-жылдық жоспардағы Қазақстанда мал шаруашылығын дамыту, оның санын ірі-қараға шаққанда 60 млн-ға жеткізу туралы терең тұжырымы аяқ-асты етілді. Асылы, бұл, дәстүрлі шаруашылықты сақтап дамыту, қазақтар үшін жерді қайтарып бекітудің, әрі 30-шы жылдардың апатынан аман алып шығудың жолы болатын. Өкініштісі, шөлге, шөлейтке қуылған қазақтар Кеңес дәуірінде де өздерінің ата қонысын түгелдей қайтара алған жоқ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Нурмаков Н. Строительство Казахстана. – Кзыл-Орда, 1929. – С. 9.
 Токтабаев К.Г. Об основах политики землеустройства в КССР// Народное хозяйство Казахстана. – 1928. – Январь. – С.17.
 Советская степь. – 1927. – 25 декабря (№ 272). – С.4.
 Советская степь. – 1924. – 4 декабря. – С. 3.
 ҚР ОМА, 74-к., 2-т., 188-іс, 29-п.
 Советская Киргизия. – 1925. – № 2. – С. 158-160.
 Резолюции первого Всекиргизского Землеустроительного совещания (11-19 февраля 1925 г.). – Оренбург, 1925. – С.19.
 ҚР ОМА, 30-к., 1-т., 441-іс, 115-п.
 Советская степь. – 1926. – 26 мая. – С.3.
 ҚР ОМА. 30-к., 1-т., 699-іс, 6-8 п.п.
 ҚР ОМА. 30-к., 1-т., 728-іс, 110-116 п.п.
 Советская степь. – 1927. – 18 декабря (№ 291). – С.4.
 ҚР ОМА, 30-к., 1-т., 275-іс, 75 п.
 ҚР ОМА. 74-к., 4-т., 619-іс, 14 п.
 ӘОЖ 473.94 / 94(5)

Қ.А. ҚЫДЫРБАЕВ
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

МӘМЛҮК-ҚЫПШАҚ СҮЛТАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕМ ӨРКЕНИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Аңдатпа. Мысыр мен Шам жеріне және мұсылмандардың қасиетті жерлері Хижазға үш ғасырға жуық билік жүргізген мәмлүк-қыпшақтары отандық ғалымдар тарапынан кешенді түрде зерттелмей отыр. Тіпті кейбір сұлтандардың тегі мен есімі де нақты анықталмай келген. Көптеген араб және Еуропа ғалымдары буржилер кезеңінде билікте болған мәмлүктерді адыгей-черкестерге жатқызып келген болатын. Бұл мақалада буржилер кезеңіндегі сұлтандардың адыгей-черкестерге еш қатысы жоқ екені, олардың қыпшақ даласынан барған шеркештер екені, екі кезеңдегі, яғни бахрилер мен буржилер кезеңіндегі мәмлүктер де қыпшақ тілінде сөйлегені жан-жақты дәлелденеді және қыпшақтардың әлем өркениетіне қосқан үлесі туралы тың мәліметтер беріледі.

Түйін сөздер: мәмлүк, қыпшақ, буржоғлы, шеркеш, мәмлүк қылышы, қыпшақ тілі, бахри, буржи

К.А. ҚЫДЫРБАЕВ
КазНУ имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

МАМЛЮК-КИПЧАКСКИЙ СУЛТАНАТ И ЕГО ВКЛАД В МИРОВУЮ ЦИВИЛИЗАЦИЮ

Аннотация. Кипчаки-мамлюки, которые правили Египтом и Шамом, а также мусульманскими святыми местами Хиджаза в течение почти трех столетий, не были тщательно исследованы отечественными учеными. Даже имена некоторых султанов не были четко определены. Многие арабские и европейские ученые ссылались на то, что мамлюки, это – адыги-черкесы, которые правили во время Бурджитов. Эта статья показывает, что султаны во время власти бурджитов не имели никакого отношения к адыгам-черкесам, что они были шеркешами из кипчакской степи и что мамлюки в двух периодах, то есть, в бахритский и буржитский периоды также разговаривали на кипчакском языке, в работе также приводятся новые подробности вклада кипчаков в мировую цивилизацию.

Ключевые слова: мамлюк, кипчак, буржоғлы, шеркеш, мамлюкская сабля, кипчакский язык, бахри, буржи

К.А. KYDYRBAYEV
al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

THE MAMLUK-KIPCHAK SULTANATE AND HIS CONTRIBUTION TO THE WORLD'S CIVILIZATION

Summary. The Mamluk Kipchaks, who ruled Egypt, Sham, and the Muslim holy places of Hejaz for almost three centuries, were not thoroughly researched by domestic scholars. Even the names of some sultans were not clearly defined. Many Arab and European scholars referred to the fact that the Mamluks are the Adygea-Circassians who ruled during the Burjits. This article shows that the sultans during the rule of the Burjits had no relation to the Adygea-Circassians, but they were Sherkeshs from the Kipchak steppe, and that the Mamluks in two periods, that is, during the periods of the Bakhrits and Burdzhits, also spoke Kipchak language. In addition, new details about the contribution of the Kipchaks to world civilization are given.

Keywords: Mamluk, Kipchak, Burjoglu, Sherkesh, Mameluke sabre, Kipchak Language, Bahri, Burji.

Кіріспе

Мысыр мен Шам жерін, Хижазды 1250-1517 жылдар аралығында 267 жыл бойы билеген мәмлүк-қыпшақтары отандық ғалымдар тарапынан толыққанды зерттелмей отыр. Әлем тарихшылары мәмлүктер елін «бахрилер» және «буржилер» деп екіге бөліп қарастырады. «Бахрилер» 1250-1382 жылдары 132 жыл билесе, «буржилер» 1382-1517 жылдары 135 жыл билік жүргізді.

Ғалымдар арасында «бахрилер» кезеңінде 19 жыл билік жүргізген Байбарыс әулеті (1260-1279 ж.) мен 106 жыл билік еткен Қалауын әулетінің (1279-1382 ж.) қыпшақ даласынан шыққанына талас жоқ. Ал 1382-1517 жылдары, яғни «буржилер» кезеңінде 135 жыл билік жүргізген мәмлүк сұлтандарын қазіргі кезеңдегі көптеген тарихшылар Кавказдағы адыгей-черкес ұлтымен байланыстырып келеді. Сонымен қатар

мәмлүктер кезеңінде жарық көрген еңбектер, ашылған жаңалықтар тиісті тарихи бағасын алмай келеді. Тіпті мәмлүк-қыпшақ сұлтандығының әлем өркениетіне қосқан үлесі де ашық айтылмауда.

Талқылау нәтижесі

Бахрилер кезеңіндегі сұлтандардың ұлты мен руына шолу жасалып, буржилер кезеңіндегі сұлтандардың Кавказдағы адыгей-черкес ұлтына қатысы жоқ екені, олардың қыпшақ даласынан шыққан шеркештер екені нақты дәлелдер арқылы көрсетіледі. Сол кезеңдегі ашылған жаңалықтар мен жазылған құнды еңбектер қай тілде жазылғанына қарамастан Мәмлүк-қыпшақ сұлтандығына тиесілі екені ашып көрсетіледі.

Нәтижесі

Буржилердің адыгей-черкестер емес, қыпшақ тілінде сөйлеген Ұлы Дала шеркештері екені ортағасырлық деректер мен жазба ескерткіштер, сұлтандардың ныспысы негізінде жан-жақты дәлелденіп көрсетіледі. Сондай-ақ «Құлдар елі», «Құлдар сұлтандығы» деген мағына беретін «Мәмлүктер елі», «Мәмлүктер сұлтандығы» атаулары кейбір саяси мүдделерге орай кейінгі тарихшылардың ойлап тапқан терминдері екенін, олар өздерін бахрилер кезеңінде «Түрік елі», «Түріктер елі», ал буржилер кезеңінде «Шеркеш елі», «Шеркештер» елі деп атағандары анықталды. Сонымен қатар мәмлүкқыпшақтардың әлем өркениетіне қосқан үлесі ретінде, сол кезеңдерде жазылған ғылымның әртүрлі саласындағы том-том энциклопедиялық еңбектер, медицина саласындағы ашылған жаңалықтар, сәулет өнері, алғашқы реактивті торпеда мен ауыр от қарулар (зеңбіректер), «мәмлүк қылышы» деген атпен әйгілі болған қазақтың қайқы қылышы туралы тың мәліметтер беріледі.

Негізгі бөлім

Әйюбилер әулетінен кейін 1250 жылы билікке келіп, Мысыр, Шам жерлеріне, Хижазға биліктерін жүргізген мәмлүктер бүкіл араб әлемін моғол шапқыншылығы мен қресшілер жорығынан аман алып қалғаны белгілі (ортағасырлық араб деректерінде «монғол» сөзі кездеспейді, «моғол» деп беріледі). Тарихшылар Мәмлүктер елін «бахрилер кезеңі» және «буржилер кезеңі» деп екіге бөліп қарастырады. «Бахрилер» 1250-1382 жылдары билесе, «буржилер» 1382-1517 жылдары билік құрды. Араб тарихшылары «бахри» аталу себебін, сырттан әкелінген мәмлүктердің Ніл өзеніндегі «әр-Рауда» аралына орналастырылуымен, әскери жаттығуларын сонда өткізгендігімен байланыстырады. Ол кездерде мысырлықтар Ніл өзенін *бахр*, яғни *теңіз* дейтін. Деректерде бахри мәмлүктерінің дені ортаазиялық түріктерден (қыпшақтардан) болғаны айтылады. Ал «буржи» атауын сырттан әкелінген мәмлүктердің биікте орналасқан «әлЖәбал» қамалының жоғарғы бөліктеріне (қабаттарына) орналастырылып, әскери жаттығуларын сонда өткізгендігімен байланыстырған. Араб тіліндегі «бурж» сөзі *қамал, бекініс, мұнара* деген мағынаны білдіреді.

Кейбір қазақ тарихшылары Байбарыс сұлтанның бүржоғлы(беріш) руынан екенін «Буржи мәмлүктері» атауындағы «бурж» сөзімен байланыстырады. Бұл ақиқатқа жанаспайды. Өйткені Байбарыс сұлтан 1260-1277 жылдары, яғни буржилер емес, бахрилер кезеңінде билікте болған. Байбарыстың бүржоғлы(беріш) руынан екеніне мәмлүктер елінде өмір сүрген әйгілі тарихшы ибн Халдун өз еңбегінің бесінші томында және тарихшы әл-Айни өзінің «Иқд әл-Жуман» [Әл-Айни, 153] атты еңбегінің бірінші томында жазып кеткені дәлел болмақ.

Әйюбилердің соңғы сұлтаны әс-Салих Әйюбтің әйелі Шежіредүр 1250 жылы күйеуі қайтыс болғаннан кейін сексен күн ел билеген. Тарихшы ибн Кәсир «әл-Бидәйя уә ән-Нихәйя» [Ибн Кәсир, 13-т.] атты еңбегінде және әл-Мақризиді «әс-Сулук» [Әл-Мақризи, 1997: 1/549] атты еңбегінде Шежіредүрдің мәмлүк-түрік екенін айтқан. Мәмлүктер елінің алғашқы сұлтаны болған Шежіредүр араб шығысындағы ислам елдерінің алғашқы әйел басшысы ретінде танылады [Әл-Мақризи, 1997: 1/118]. Кейіннен ол әртүрлі саяси жағдайларға байланысты өзінің уәзірі түрікмен Айбекке тұрмысқа шығып, билікті соған береді. 1250-1260 жылдар аралығында Шежіредүрден кейін болған Айбек (1250-1257 ж.) пен Али (1257-1259 ж.) сұлтандардың түрікмен екеніне тарихшылар арасында талас жоқ. Тарихшылар Құтыз сұлтанның (1259-1260 ж.) хорезмдік екенін айтады.

Ал 1260-1332 жылдар аралығында Құтыздан кейін 122 жыл бойы билеген бахрилердің 23 сұлтанының жиырма екісі қыпшақ елінің бүржоғлы (беріш) руынан, біреуі шеркеш руынан болған. 1260-1279 жылдар аралығында 19 жыл Байбарыс әулеті билесе, 1279-1382 жылдар аралығында 106 жыл бойы Қалауын әулетінен он тоғыз сұлтан билеген. Қалауын әулетінің бірінші сұлтаны әл-Мансур Сейфуддин Қалауынның (1279-1290 ж.) қыпшақ елінің бүржоғлы (беріш) руынан екенін сол кезеңдерде, сол елде өмір сүрген ибн Абдуззаһир [Ибн Абдуззаһир, 7/94], ибн Тағриберді [Ибн Тағриберді, 43] секілді тарихшылар жазып қалдырған. Ал Қалауын әулеті кезінде билік еткен бахрилердің 13-ші сұлтаны әл-Музаффар Рукнуддин Байбарыстың (1308-1309 ж.) шеркеш екенін Хайруддин әз-Зирикли [Х. әз-Зирикли, 79] және т.б. тарихшылар айтып кеткен.

Тарихшылар 1382-1517 жылдары билік құрған буржи мәмлүктерінің денін шеркештер құрағанын айтады және кейбір тарихшылар оларды қазіргі Кавказ өңірінде жасайтын черкестермен байланыстырады. Буржи мәмлүктерінің алғашқы сұлтанының есімі қыпшақша болмай, Барқуқ болуы да олардың осы пікірін қуаттағандай болатын. Алайда 1382 жылы таққа отырған буржилердің бірінші сұлтаны Барқуқ туралы сол заманда өмір сүрген тарихшы әл-Мақризи (1364-1442 ж.): «Шеркеш елінен әкелініп, Қырымда сатылды. Оны Қожа Фахруддин Осман ибн Мусәфир Мысыр жеріне әкелді. Елбұға әмір оны сатып алып, азат етеді де, өз мәмлүктеріне қосады. Оның аты Алтынбұға болатын. Көзі сыртқа шығыңқы болғандықтан әмір оны Барқуқ деп атаған» [Әл-Мақризи, 1997: 5/464], – деп жазады (қараөрікті араб тілінде «Барқуқ» дейді. Соған қарағанда сұлтанның көзі сыртқа шығыңқы бадырайған қара көз болса керек). Әл-Мақризидің осы жазбасы буржилердің алғашқы сұлтаны адыгей-черкес емес, қыпшақ елінің шеркеші екенін дәлелдей түседі. Өйткені «Алтынбұға» – қыпшақ есімі. Екінші компоненті «бұға» болып келетін есімдер қыпшақ даласында көптеп кездесетіні, тіпті атақты тұлғалар да бар екені тарихтан белгілі. Олай болса 1382-1412 жылдар аралығында жиырма жыл ел басқарған Барқуқ (Алтынбұға) әулетінің үш сұлтаны да түрік (шеркеш) болып шығады. Демек буржилер кезеңінде билікте болған жиырма бес сұлтанның жиырмасының есімі немесе ныспысы Алтынбұға, Барысбай, Татар, Шақмақ (Шақпақ), Хошқадам, Белбай, Темірбұға, Қайтбай, Жанболат, Тұманбай секілді қыпшақ есімдерінен, үшеуінің есімі мен ныспысы араб есімдерінен болған (түрік халықтары арабша есім қоя беретіні белгілі). Ал араб есімді сұлтандар мен Инал әулетінің тегі зерттеуді қажет етеді.

Сонымен буржилер кезеңіндегі (1382-1517 ж.) жиырма бес сұлтанның жиырмасы қыпшақ даласының шеркештері болған. Кейбір ғалымдар буржилерді адыгей-черкестер етеміз деп қаншама әуреленсе де, сұлтандар мен әмірлердің есімдері оларды өз тектеріне, яғни түрік шеркештерге тартып тұр.

Ел билеген шеркештердің кавказдық черкестерге қатысы жоқ екеніне тағы бір дәлел, черкес тілі түрік тілдеріне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын адыгей тобындағы Солтүстік Кавказ тілдеріне жатады, ал ел билеген шеркештер қыпшақ тілінде сөйлеген. Бахрилер мен буржилердің қыпшақ тілінде сөйлегеніне осы кезеңдерде (XIII-XVI ғасырларда) жазылған жазба ескерткіштердің тіліде дәлел болмақ. Мысал ретінде бахрилер кезеңінде (1250-1382 ж.) жазылған «Қыпшақ-араб сөздігі» (XIII ғ.), «Китаб әл-Идрак» (XIV ғ.), «Әд-Дурра» (XIV ғ.), «Әт-Тухфа» (XIV ғ.), т.б. жазба ескерткіштердің тілін айтуға болады. Тіпті «Әт-Тухфа» атты еңбектің авторы қолжазбаның кіріспесінде: «Мен еңбекті қыпшақ тілі бойынша жаздым, өйткені ең көп қолданылатын тіл – қыпшақ тілі», – деген. Осы сөздікті зерттеген отандық зерттеуші Т. Арын ондағы кездесетін түрік сөздерінің, яғни қыпшақ сөздерінің үлесі 97,5%, парсы сөздерінің үлесі 2,1%, араб сөздерінің үлесі 0,4% екенін анықтаған [Т. Арынов, 2009: 129].

Буржилер, яғни шеркештер билігі кезінде (1382-1517 ж.) жарық көрген жазба ескерткіштер де қыпшақ тілінде жазылған. Мысал ретінде буржилердің бірінші сұлтаны Барқуқтың (Алтынбұғаның) (1382-1399 ж.) тұсында 1387 жылы араб тілінен түрік (қыпшақ) тіліне аударылған «Иршад әл-Мулуқ уә-с-Салатин» атты шарифат кітабын айтуға болады. Сонымен қатар осы Барқуқ сұлтан мен оның ұлы Фәраж сұлтанның (1399-1412 ж.) тұсында, яғни XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың басында қыпшақ тілінің грамматикасын араб тілділерге үйрету мақсатында жазылған «Әл-Қауанин» еңбегі, шеркеш мәмлүктерінің 23-ші сұлтаны Қансу әл-Ғуриге (1501-1516 ж.) тарту етілген «Шаһнама» атты поэманың қыпшақ тіліндегі аудармасы, осы Қансу әл-Ғури сұлтанның тікелей әмірімен қыпшақ тіліне аударылған «Муқаддима Әбулләйс әс-Самарқанди» атты діни еңбектер дәлел болмақ. Буржилер кезеңінде, яғни шеркештер билік құрған кезеңде жарық көрген осы жазба-ескерткіштердің барлығы адыгей-черкес тілінде емес, түрік шеркештердің тілінде, яғни қыпшақ тілінде жазылған.

Әлемдік өркениетке қосқан үлесі

Қиын кезеңде билікке келген мәмлүктер арабмұсылман әлемін моғол шапқыншылығы мен крест жорықтарынан сақтап қана қоймай, халифат құлағаннан кейінгі тұралап қалған ислам өркениетіне қайта жан бітіріп дамытты. Әскери жағына ғана емес ғылым, білім, мәдениет, экономика, өнер саласына да баса назар аударды. Мысыр мен Шам жерінде көптеген мешіттер, медреселер, кітапханалар, ауруханалар, т.б. мекемелер салдырды. Мысал үшін сол кездерде үлкен білім ордалары болған әз-Заһир Байбарыс сұлтан салдырған әз-Заһирия медресесі, ән-Насыр Мұхаммед сұлтан салдырған ән-Насырия медресесі, сондай-ақ Хасан сұлтан, әл-Мүһәззәбия, әл-Фурқания, әс-Сағдия, әт-Тафажия, әл-Махмудия секілді көптеген мешіт-медреселерді айтуға болады. Араб тарихшысы Абдуррахман Зәки: «Һижраның 600-ші жылы Каир қаласында 13 медресе болса, мәмлүктер заманында мешіт-медреселердің саны еселепөсті» [А. Зәки, 73], – дейді. Тіпті әйгілі жаһангер ибн Баттута медреселер туралы: «Көптігі соншалық, санына жету мүмкін емес» [Ибн Баттута, 70], – деген. Мәмлүктер елінде өмір сүрген әйгілі тарихшы ибн Кәсир: «Шам жеріндегі әл-Жамиғ әл-Әмәуи медресесінде оқитын әрбір шәкіртке айына он дирһем шәкіртақы, оқытушыға сексен дирһем айлық жалақы тағайындалған» [Ибн Кәсир, 1998: 719], – дейді. Фатимилер кезінде салынып, шиғалық бағытты

насихаттаған әл-Әзһарды әйюбилер кезінде Салахуддин әл-Әйюби жауып, шигаларды Мысыр жерінен қуған болса, мәмлүк-қыпшақтар әл-Әзһарды қайта ашып, айналасына жаңа оқу ордалары мен кітапхана салып кеңейтті және бүкіл мұсылман жұрты біліммен сусындайтын төрт мәзһабтағы сүннилік бағытта қайта дамытты [М. Хамиш, 2018: 30-35]. Әйгілі саяхатшы ибн Баттута Мысыр жеріне Қалауын әулетітұсындабарғанда, ондағы мамыражай тіршілікті, ғажайып ғимараттарды, жоғары мәдениетті көріп, бұл елді «Умм әл-Биләд», яғни «Елдердің анасы» деп сипаттаған. Осы деректерден-ақ мәмлүк сұлтандары мен әмірлерінің ислам дінінің тура бағытта дамуына ықпалеткенін, олардың ғылым, білімге деген ықыласы жоғары деңгейде болғанын байқауға болады.

Энциклопедиялық еңбектер

Әйюбилер билігі кезінде мәмлүктердің көптеп әкелініп, қыпшақтардың саны артуы салдарынан, араб тілімен қатар қыпшақ тілі де қолданыста болды. Оған мәмлүктер билікке келмей тұрып, 1245 жылы жарық көрген «Қыпшақ-араб сөздігі» дәлел болмақ. Аббасилер мен әйюбилер кезеңінде әкелінген мәмлүктерге соғысу өнеріне қоса, жастайынан араб тілі мен ислам дінінің негіздері оқытылғаны тарихтан белгілі. Мәмлүктер билікке келгенде билік өкілдерімен тікелей жұмыс жасайтын арабтілділер мен кейбір мүдделі топтар биліктегілердің тілін үйренулеріне тура келді. Нәтижесінде жоғарыда аталған қыпшақ тілін оқытуға арналған тілдік еңбектер мен әдеби шығармалар, діни еңбектер дүниеге келіп, белгілі бір дәрежеде қостілділік белең алды. Алайда сұлтандар мен әмірлер қыпшақ тілін барша халыққа міндеттемеді. Араб тіліне жетік ғұлама кісілерді әртүрлі мемлекеттік қызметтерге ұсынды. Мысалы әз-Заһир Байбарыс сұлтан әйгілі ғұлама ибн Халлиқанды Шамжеріне Жоғары Қазы қызметіне тағайындаған. Ал атақты тарихшы Әбу әл-Аббас әл-Қалқашанди (1355-1418 ж.) буржилердің бірінші сұлтаны Барқұқтың (Алтынбұғанын) тұсында мемлекеттік хатшы міндетін атқарған. Ислам негіздері бойларына жастайынан сіңгендіктен, сұлтандықта қасиетті Құран тілі ғылым, білімнің тілі болып қала берді. Сұлтандар мен әмірлердің қолдауымен дүниеге келген том-том ғылыми еңбектер араб тілінде жазылды, жаңалықтар араб тілінде ашылды. Бұл кезеңдегі ғұлама ғалымдар мен өнертапқыштар араб ұлтынан ғана емес, араб тілін терең меңгерген түріктер (қыпшақтар) арасынан да шықты. Ғылым, білімге жоғары дәрежеде көңіл бөлінуі салдарынан бұл елге Бағдат, Андалусия секілді Шығыс пен Батыс өңірлерденкөптеген ғұламалар қоныс аударды. Ғылымның түрлі саласында үлкен-үлкен энциклопедиялық еңбектер жазылғандықтан, зерттеушілер мәмлүктер дәуірін «Ғылыми энциклопедиялар дәуірі» деп атады. Араб зерттеушісі Мұстафа әш-Шәкға бұл еңбектерді: «Мәмлүктер дәуірінде жарық көрген әйгілі энциклопедиялар қаншама ғасыр өткеніне қарамастан әлі күнге дейін ислам пікірі саласындағы ең әйгілі еңбектер» [М. әш-Шәкға, 731], – деп бағалаған. Әйгілі Мысыр жазушысы әрі тарихшы Таһа Хусейн (1973 ж. қайтыс болған) мәмлүктер дәуіріне: «Бұл кезең Каир мен араб елдері үшін исламның ең өркендеген кезеңі. Олай деуге мәмлүктер дәуірінің «энциклопедиялар дәуірі» деп аталуының өзі жеткілікті» [Ш.Тауфик, 2009: 15], – деген сипаттама берген. Мысалы «Ән-Нужум әз-Зәһира фи мулук Миср уә әлҚаһира» атты еңбек Мысыр жерін билеген патшалар мен сұлтандардың тарихына қатысты ең құнды он алты томдық еңбек. Авторы тегі түрік Юсуф ибн Тағриберди (Тәңірберді) әл-Атабеки (1410-1470 ж.) араб және түрік тілдерін жақсы білген. Барқұқ сұлтан тұсында әкесі үлкен әмір болған. Тарихшы әл-Мақризиден білім алған. Ауқатты отбасында өскендіктен, білім үйрену, жазудан өзге іспен айналыспаған. Ал тегі қыпшақ, тарихшы әрі әмір, бірнеше соғысқа қатысқан Байбарыс әд-Дәуадардың (1247-1325 ж.) «Зубдә әл-Фикра фи тарих әл-Һижра» атты тоғыз томдық еңбегінің тоғызыншы томы толығымен Мәмлүк сұлтандығының тарихына арналған. Осы автордың «Әт-Тухфа әл-Мулукия фи әд-Дәулә әт-Түркийя» атты еңбегі мәмлүктер елінің сұлтандары мен әмірлері туралы құнды еңбек. Бұл еңбектің жалғыз қолжазбасы Вена кітапханасында сақтаулы тұр.

Мәмлүктер кезеңінде жазылған түрлі саладағы энциклопедиялық еңбектер әлі күнге дейін құнын жойған жоқ. Оларды әлемнің қай елінде болмасын, филология, әлем және араб елдері, Мәмлүк сұлтандығы тарихын, ислам дінін, мәдениетін зерттеумен айналысатын институттар мен ғылыми орталықтардың кітапханаларынан табуға болады.

Медицина:

Ғылымы дамыған Мәмлүк сұлтандығындағы Каир, Димашық (Дамаск), Хама қалалары әлемдегі ең үлкен офтальмология (көз ауруларын зерттеу, ота жасау, емдеу) орталығына айналды. Заманында әз-Заһир Байбарыс сұлтанның жеке дәрігері болған, тегі мәуараннаһрлық ибн ән-Нәфис (1213-1288 ж.) медицина саласында бірнеше еңбек жазған. Оның «Шарх тәшрих әл-Қанун» атты еңбегі әлі күнге дейін құнын жоймаған. Ислам өркениетінің мақтанышы саналатын осы еңбегінде ол алғаш рет өкпежүрек қанайналым немесе кіші қанайналым физиологиясын, тыныс алу жүйесінің, артерия анатомиясы мен функциясын ашты. Жүрек бұлшықеттері жүрек қуысындағы қаннан емес өз ішіндегі қантамырлар арқылы қорек алатынын дәлелдеді. Ибн ән-Нәфистің бұдан да өзге бірнеше еңбегі көптеген тілдерге аударылды.

Сәулет өнері: Мәмлүктер дәуірінде Мысыр мен Шам жерінде сәулет өнері шарықтау шегіне жетті. Бұл кезеңде салынған мешіт-медреселер арқасында Каир «Мың мұнаралы қала» деген атқа ие болды. Солардың ішіндегі ең көрнектісі Қалауын сұлтанның тікелей ұрпағы Хасан сұлтан (1347-1351 ж. және 1354-1361 ж. билік құрған) салдырған мешіт-медресе. Бұл мешіт-медресе аса биіктігімен, құрылыстағы геометриялық дәлдігімен, әшекейлеу, әрлеу жұмыстарының алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар құрылысындағы мәрмәр тастардың қашалу шеберлігі, нақышталып мыспен қапталған есіктері мешіт-медресеге әр беріп тұр. Қабырғаларының жоғарғы жағындағы қошқармүйіз пішінінде қатар-қатар өрілген бөлігі мешіт-медресеге қазақы өң беріп тұр. Мешіт-медресе ортасындағы ашық алаңқайда мәрмәр тастан қашалған сегіз ұстынға бекітілген үлкен күмбез, сол алаңқайдың төрт қапталындағы үлкен төрт иуан (күмбезденіп қаланған үлкен қақпа немесе қуыс), әр иуанда ислам дінінің төрт мәзһабын оқытатын төрт медресеге апаратын есіктер мешіт-медресенің қайталанбас өзіндік ерекшеліктерінің бірі. Сұлтан өз көмекшілерінен әлемдегі ең үлкен иуан туралы сұрағанда, көмекшілері парсы патшасы салдырған ғимараттың иуаны екенін айтады. Оны естіген сұлтан өз мешітінің иуаны парсы патшасы салдырған иуаннан үлкен болуын бұйырған деседі. Халық арасында «Перғауындар заманындағы Мысыр пирамидаларымен мақтанса, ислам кезеңіндегі Мысыр Хасан сұлтан мешітімен таңғалдырмақ» деген сөз тараған. Архитекторлар арасында «Төртінші пирамида» деген атқа ие болған Хасан сұлтан мешітмедресесін өз көздерімен көрген ортағасырлық тарихшылар мен еуропалықтардың сипаттамаларына қарап-ақ бұл мешіттің дәрежесі қандай деңгейде болғанын аңғаруға болады. Мәмлүктер елінде өмір сүрген тарихшы ибн Тағриберди (Тәңірберди): «Бұл медресенің екі мұнарасы мен күмбезі әлем кереметтерінің бірі. Сонымен қатар ислам өркениетіндегі ең әсемғимарат» [А. Хасан, 1945: 166], – десе, сол дәуірде өмір сүрген әлМақризиді: «Ислам елдеріндегі мұсылман ғибадатханаларының ішінде осы мешітке тең келетін ғибадат орны болған емес, мұндай ғибадат орны тіпті Мысыр, Шам, Ирақ, Магриб, Йемен жерлерінде де салынған емес» [А. Хасан, 1945: 166], – деп сипаттайды. Француз шапқыншылары: «Расында да бұл Каирдегі, тіпті бүкіл Мысыр жеріндегі ғимараттардың ең көріктісі», – деген. Француз шығыстанушысы Гастон Виет: «Бұл Каир мешіттерінің ішінде құрылысының мықтылығы мен биіктігімен ерекшеленетін, сондай-ақ нәзік ою-өрнектерінің әдемілігімен көздің жауын алатын бірден-бір мешіт. Аса танымал, аса бағалы бұл ғимараттың ислам өркениетінің даңқы мен қуатының рәмізі екеніне күман жоқ» [А. Хасан, 1945: 166], – деген. Әлемді тамсандырған мешіт-медресенің бас архитекторы тегі мәмлүктік түрік Мұхаммед ибн Білік әл-Мухсини болуы да түрік жұртын бей-жай қалдырмасы анық. Қазіргі Мысыр Орталық Банкі тарапынан шығарылған жүз жүнейлік банкноттың бет жағында Хасан сұлтан мешіт-медресесінің бейнесі бедерленуі ғимарат мәртебесінің мысырлықтар арасында жоғары деңгейде екенін білдірсе керек. Ал бір жүнейлік банкнотында мәмлүктер кезінде салынған Қайтбай сұлтан мешіті, елу жүнейлік банкнотында Қажымас әмір мешіті, ең үлкен екі жүз жүнейлік банкнотында Қаныбай әмір мешітінің бейнесі бедерленуі, жалпы мәмлүк қыпшақтары тұрғызған ғимараттардың өзіндік орнын білдірмек.

Қолөнер: Ислам тарихшылары мәмлүктер кезеңін Мысыр мен Шам жеріндегі ислам (түркілік) қолөнерінің гүлденген кезеңі санайды. Оған осы дәуірде алтын, күміспен апталып жасалған есіктер, орындықтар, сандықтар, қаламсалғыштар, т.б. бағалы бұйымдар дәлел. Сұлтанға немесе әмірге сыйға арналып жасалған бұйымдар әртүрлі геометриялық кескіндегі нақыштарға қоса, сұлтан есімі мен лақабы және дұғалардың насх жазуымен жазылуымен ерекшеленеді. Мешіт-медреселерге орнатылған шыныдан жасалған үлкен-үлкен аспалы шамдар сол дәуірде шыны жасау ісінің де өркендегенін білдіреді. Сонымен қатар түрлі-түсті текше пішінді ұсақ мәрмәр мозаикалы нақыштар кең тарады. Мұндай мозаикалар ромб, үшбұрыш, тік, үзік және айқаспалы жолақтар пішінінде бір-біріне өте дәлдікпен кіріктіріле құрастырылған. Көбінесе олар мешіттегі жақтаулар мен михрабтарды безендіруге қолданылды. Бұл дәуірде кеңінен тараған насх жазуы металл, қыш, піл сүйегі, тоқыма бұйымдарға өрнектеліп жазылатын басты нақыштарға айналды. Сондай-ақ мәмлүк сұлтандары осы жазу үлгісінде Құран кітаптарын жаздырып, мешіттерге өз аттарымен уақыпқа беріп отырған [Н.эс-Сәид, <https://>].

Мәмлүк қылышы: Салих Дийаб атты араб зерттеушісі Мұхаммед пайғамбар (сау), әділетті төрт халифа (ра), әмеуилер, аббасилер және әйюбилер әулеті кезіндегі мұсылман әскерлерінің қылышы екі жүзді, тік болғанын, XIII ғасырда мәмлүк-қыпшақтар билікке келгеннен бастап Мысыр мен Шам жерінде бір жүзді, қайқы қылыш пайда болғанын және мұндай үлгідегі қылыш Орта Азия даласынан келгенін айтады [С. Диаб, 2001: <http://>]. Қайқы қылыштың шабу кезіндегі тепе-теңдік нүктесі үш жағында болуымен ерекшеленді. Қарсыласқа сермеу кезінде тепе-теңдік нүктесінің үш жағына ауысуы салдарынан өздігінен үлкен күш туатыны белгілі болған [Суйуф, 2015: <https://>]. Мәмлүк сұлтандарына тиесілі қылыштардың дені Түркиядағы Топқапы Сарай мұражайында сақтаулы тұр. Мұражайдағы қылыштардың жартысына жуығы мәмлүк сұлтандары мен әмірлеріне тиесілі. Арасынан Қайтбай сұлтан мен Қансу әл-Ғури сұлтан қолданған бірнеше қылышты көруге болады [У. Йужәл, 1998: 37].

Наполеон Бонапарт XVIII ғасырдың соңында Мысыр жеріне жасаған алғаш жорығында мәмлүктердің қолындағы жеңіл әрі ықшам, ат үстінде қолдануға ыңғайлы қайқы қылышқа назары ауады. Мәмлүк қылышы француздар арқылы Еуропа елдеріне тарады. Мәмлүк қылышы аталып кеткен қыпшақтың (қазақтың) қайқы қылышы Францияда, Англияда, Австрия, т.б. Еуропа елдерінде салтанатты әскери шерулерде қолданылды. Наполеон Бонапарт қолданған мәмлүк қылышы ұрпақтары тарапынан 2007 жылы Париждегі аукционға шығарылып, 4.8 млн. долларға сатылған болатын.

XIX ғасырдың бас кезінде Либия жеріндегі Юсуф Пашаның Қараманлы әулеті мен Америка теңіз флоты арасында Дерна қаласы үшін болған соғыста америкалықтар жеңіске жетіп, 1805 жылы Дернада Америка туы желбіреді. Бұл Америка тарихында алғаш рет соғыс жағдайында шетелдердегі ту желбіретуі болатын. Соғыс кезінде Америка жағында болған Хамид Қараманлы (кей деректерде Ахмад Қараманлы дейді [М. эшШағбани, 2016: <http://>]) Америка Теңіз Флотын басқарып келген О'Беннон Преслиге Дернадағы жеңісі үшін өзінің жеке мәмлүк қылышын сыйға тартады. Содан бері мәмлүк қылышын Америка Теңіз Флоты офицерлеріне салтанатты рәсімдерде асыну және жоғары мансапқа жеткендерге табыс егудәстүрге айналған. О'Беннон Преслиге тиесілі мәмлүк қылышқазіргі таңда Квантикодағы Теңіз флоты корпусының ұлттық мұражайында сақтаулы тұр [Мишел, 2014: <http://>].

Мәмлүк-қыпшақтарының қайқы қылышы қазіргі таңда Мысыр Араб Республикасы Қорғаныс Министрлігінің туында, жоғары шенді офицерлерінің погондары мен кокардаларында ресми белгі ретінде қабылданған. Сонымен қатар қайқы қылыштың бейнесі Үрдүн (Иордания), Сүрия (Сирия), Ирак, Тунис, Бахрейн, Кувейт, т.б. араб елдерінің әскери рәміздерінің бірі.

Алғашқы торпеда мен зеңбіректер: Мәмлүк сұлтандығында өмір сүрген атақты ғалым, химик Хасан әр-Раммах (1294 ж. қайтыс болған) «әл-Фурусия уә әл-Манасиб әлХарбия» атты еңбегінде соғысу өнерін, қару түрлері мен оларды қолдану ережелерін түсіндірген. Ғалымның осы еңбегіндегі елеулі жаңалығы от қару және ұшатын ракета түрлерін жасау жолдарын, түзу ұшып, нысанаға дәл тию үшін ракетаның салмағына қарайқажетті химиялық құрамы мен жанармай мөлшерін көрсеткен [И. Исмаил, 2015: <https://>]. Тіпті күш-қуатына, көлеміне қарай тұтанғыш порох қоспаларын жасаудың жүзге тарта этапын, ракета түрлерін жасаудың жиырма этапын ғылыми тұрғыда түсіндірген [М. Мухиддин, 2018: <https://>]. Сонымен қатар кресшілердің кемесін өртеуге, жоюға арналған реактивті теңіз торпедасын жасау жолдарын кескіндемелер, түрлі-түсті суреттер арқылы кеңінен түсіндірген. Хасан әр-Раммах жасаған алғаш торпеда жұмыртқа формалы болған (1-сурет). Іштен жанған оттың күшімен су бетімен жүзіп барып кемеге соғылған сәтте борттағылардың құтылуына мүмкіндік бермейтіндей дәрежеде үлкен жарылыс жасап, кемені өртеп жіберетін болған [И.Исмаил, 2015: <https://>]. Қытайлар алғаш порохты ойлап тапқан болса, мәмлүктер оны алғаш рет артиллерияға қолданатындай етіп жетілдірді. Ал еуропалықтар торпеданы әр-Раммахтан соңбес ғасырдан кейін қолданғаны тарихтан белгілі. Алғашқы зеңбірек пен ракетаны және торпеданы ойлап тапқан Мәмлүк-қыпшақ сұлтандығының өнертапқышы, ғұлама ғалым Хасан әр-Раммахтың бұл қолжазбасы қазіргі таңда Вашингтон қаласындағы Авиация және ғарыш Ұлттық мұражайында сақтаулы тұр [М.Мухиддин, 2018: <https://>]. Әр-Раммахтың торпедасын еуропалықтардың қалай сынақтан өткізгенін мына (<https://www.dideo.ir/v/ap/IxiPw>) сілтемедегі бейнеден көруге болады. Сонымен қатар Орұнбұға эз-Зәрдікештің (1462 ж. қайтыс болған) «әл-Әслиха» (Қаружарақтар) атты еңбегінде де ауыр отқарудың кескіні, оны жасау жолдары көрсетілген [О. эз-Зәрдікеш, <https://>] (2-сурет).

Кресшілердің тарихшысы Жан де Жуанвиль 1250 ж. Байбарыс қатысқан әлМансура шайқасында мәмлүктердің қолданған отқаруын (ракетасын): «Оны аспанда ұшатын үлкен аждаһаның бір түрі дерсің. Әріптесім Сэр Вальтермен бірге ағып бара жатқан аспандағы отты көрдік. Жалындаған құйрығы бар отқа оранған бөшкелер күркіреген дүлей дауыс шығарып ұшты. Аспанды қақ жарған бөшкелердің жарығы, тас қараңғы түнді жарқыратып жібергені соншалық, айналадағы заттар күндізгідей көрінді. Осы түні олар әлгі құрылғымен үш мәрте атты. Басшымыз Луис әр атылған сайын жанын шүберекке түйіп қорқып отырды» [И. Исмаил, 2015: <https://>], – деп, қорқынышпен сипаттаған. Кейбір деректерде Луис корольдің қорыққаны соншалықты, құдайына жалбарынғаны айтылады.

Араб зерттеушілері 1260 ж. моғолдармен болған Айн Жәлут соғысында да мәмлүкқыпшақтары зеңбірек және отқа жанбайтын қорғаныш киім қолданғанын айтады [Р. Хасан, 2014: <http://>]. Ал Хошқадам сұлтанның (1460-1467 жылдары билік құрған) тұсында зеңбірек ату бейбіт мақсатта, яғни рамазан айында ауыз ашар уақытын хабарлау мақсатында қолданылған [Ф.Муқиф, 2016: <https://>]. Ол кездерде қазіргідей дауыс ұлғайтқыш құрылғылар болмағандықтан, халық сұлтанның бұл бастамасын оң қабылдаған. Кейіннен бұл әрекет көптеген ислам өңірлеріне тараған. Меккеде, Парсы шығанағы және т.б. араб елдерінде қасиетті рамазан айында ауызашар уақыты кіргенде қазіргі күнге дейін зеңбірек атылады. Оны мына сілтемедегі бейнеден көруге болады: (<https://www.youtube.com/watch?v=R1Tpb6ax4w>).

Мысыр мен Шам жеріндегі мәмлүк-қыпшақтардың бүкіл жетістігі мен әлем өркениетіне қосқан үлесіншағын мақалаға сыйғызу мүмкін емес. Бір қызығы бүкіл әлемге «Мәмлүктер елі», «Мәмлүктер сұлтандығы» деген атаумен танылған ел бахрилер кезеңінде өздерін «Түрік елі», «Түріктер елі» деп атаса, буржилер кезеңінде «Шеркес елі», бір мәліметтер бойынша «Шеркес түрік елі» деп атаған. Оны сол замандардағы кейбір тарихи еңбектердің атауларынан, мысалы Байбарыс әд-Дәуадардың (1247-1325 ж.) «Әт-Тухфа әл-Мулукийя фи әд-Дәулә әт-Түркийя», ибн Хабиб әл-Халабидің (1310-1377 ж.) «Дурра әл-Әсләк фи дәулә әл-Әтрак», тарихшы ибн Айбектің (1432 ж. қайтыс болған) «Әд-Дурра әз-Зәкийя фи әд-Дәулә әт-Түркийя» атты еңбектері атауларындағы «Түрік елі», «Түріктер елі» деген сөздерден байқауға болады. Сонымен қатар қазіргі «Мәмлүктер елі», «Мәмлүк сұлтандығы» терминдерінің орнына әл-Мақризи, ибн Тағриберді секілді өзге де ортағасырлық тарихшылар өз еңбектерінде «Түрік елі», «Шеркеш елі» терминдерін қолданған. Демек «Мәмлүктер елі», «Мәмлүктер сұлтандығы» деген атау белгілі бір саяси мүдделерге орай, ел атына «түрік», «шеркеш» сөздерін қоспау үшін кейіннен әдейі ойластырылған атау. Араб тіліндегі «мәмлүк» сөзінің мағынасы «ақ құл», «біреудің иелігіндегі» екенін ескерсек, расында да ешкімге бағынбайтын билік басындағылар өздерін «Мәмлүктер елі», яғни «Құлдар еліміз», «Біреулердің иелігіндегілердің еліміз» деп атамасы анық.

Біздің пайымдауымызша бахрилер кезеңінде ел атауына «бүржоғлы» (беріш) сөзін қосуға қажеттілік болмаған. Өйткені 1260 жылдан 1382 жылға дейін өне бойы бүржоғлылар (беріштер) билікте болған. «Түрік елі» атауы бүржоғлылар (беріштер) билеген қыпшақ сұлтандығын білдірсе керек. Ал 1382 жылдан билікке Барқуқ (Алтынбұға) бастаған шеркештер келгенде, ел атауын бүржоғлылардан (беріштерден) ерекшелеу үшін өздерін «Шеркеш елі» деп атаған болуы мүмкін. Бұл терең зерттеуді қажет ететін мәселе. Ол кезеңдегі «қыпшақ» сөзі қыпшақ тілінде сөйлеген көптеген тайпалар мен рулардан құралған халықтың атауы болған. Қалай болғанда да, бахрилер де, буржилер де қыпшақ тілінде сөйлегеніне, яғни бүржоғлылар да, шеркештер де ұлан ғайыр қыпшақ даласынан келген қыпшақ ұлтының өкілдері екеніне жоғарыда айтқанымыздай, сұлтандардың есімдері дәлел. Сонымен қатар жоғарыда атап өткен тарихи қолжазба ескерткіштердің тілі, өздерін «Түрік елі», «Түріктер елі», «Шеркеш елі» деп атағандары, Ұ. Алжанбаеваның зерттеулеріндегі араб тіліне енген түркізмдер, Қ. Аубакированың, А. Әлібекұлының, Б. Батыршаұлының және де басқа ғалымдардың зерттеулері соның айғағы. Қазіргі таңда «Түрік елі» десек Түркия Республикасы еске түседі. Сондықтан 1250-1517 жылдары қыпшақтар билеген Мысыр мен Шам жерін және Хижазды «Мәмлүктер елі», «Мәмлүк сұлтандығы» демей «Қыпшақ түрік елі», «Қыпшақ түрік сұлтандығы» немесе «Қыпшақ сұлтандығы» деп атасақ дейміз.

Қорытынды

Ашылған жаңалықтар мен жазылған еңбектер, қашан да, жаңалық ашылған елге, жазылған жерге тиесілі болған, солай болып та жатыр, бола да бермек. Бес мың жылдық тарихы бар Мысыр жеріндегі пирамидалар перғауындарға тиесілі. Америка құрлығын ашқан Х. Колумб Италия жерінде туылса да, ашқан жаңалығы Испанияға тиесілі. Стив Джобстың әкесі сириялық араб, шешесі германиялық неміс болғанымен, ұлдарының құрған Apple компаниясы мен Apple құрылғысы Америка Құрама Штаттарына тиесілі. Жасанды қанат арқылы 852 жылы алғаш рет аспанға қалықтаған мұсылман өнертапқышы Аббас ибн Фарнастың жаңалығы қазіргі Испанияға емес, сол кездердегі мұсылмандық Кордоваға (Андалусияға) тиесілі. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Сол секілді қыпшақ сұлтандары мен әмірлерінің жеке демеуімен немесе уақыптан, ел қазынасынан бөлінген қаржыға жазылған еңбектер мен ашылған жаңалықтар ғалымдар мен өнертапқыштардың ұлттарына қарамастан Қыпшақ сұлтандығына тиесілі болуы тиіс. Олай болса жоғарыдағы аталған әр саладағы том-том еңбектер, құрылысы қайталанбас әсем ғимараттар, әлемге тараған мәмлүк қылышы, адамзат тарихындағы алғашқы зеңбіректер мен реактивті торпедалар, әр түрлі медициналық жаңалықтар, т.б. Қыпшақ сұлтандығының, яғни қыпшақтардың әлемдік өркениетке қосқан үлесі болмақ.

Мысыр, Шам, Хижаз жерінде билік еткен Қыпшақ сұлтандығы отандық ғалымдар тарапынан жеткілікті дәрежеде зерттелмей отыр. Әлемдік дәрежедегі ғұламаларымызды ныспысындағы қазақ жеріне тиесілі Фараб, Сығанақ, Тараз секілді қала атауларынан ғана танып жүрміз. Аты-жөнінде қала атауы жазылмаған ғұламаларымыз қаншама. Солардың бірі Мұғалтай ибн Қылыш әл-Ханафи (1290-1361 ж.). Әкесі ұлын әскери адам болсын деп садақ ату өнеріне баулымақшы болып біраз әуреленсе де, бала Мұғалтай ілім жолына түсті. Жүзден аса еңбек жазды. Әбу Ханифа мәзһабын ұстанды. Заманында «Шейх әл-Хадис» деген атаққа ие болған. Әл-Бұхаридың сахих хадистеріне жиырма томдық түсіндірме жасаған. Тіпті ибн әл-Мулақкин, ибн Хажар, т.б. хадис ғалымдары өздерінің атақтың бектерінде Мұғалтайдың еңбегіне сүйенген. Осындай ғұлама бабаларымызды елімізде танытып, еңбектерін насихаттауымыз керек. Сондай-ақ жоғарыда аталған қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер де терең зерттелмей отыр. Кеңес кезіндегі отандық зерттеушілердің шетел архивтеріндегі түпнұсқа қолжазбаларды қарауға мүмкіндіктері болмағандықтан, олар

Еуропа, орыс шығыстанушыларының зерттеулеріне сүйенуге мәжбүр болған. Нәтижесінде солардың жіберген қателерін қайталаған. Мысалы, ұлтымыздың атауына айналған «қазақ» сөзі жазбаша деректемелер ішінде 1245 ж. Мысыр жеріндегі қыпшақтар тарапынан жазылған «Қыпшақ-араб сөздігінде» кездесіп, оған алғаш рет академиялық дәрежеде түсініктеме берілген болатын. Алайда сөздіктің қолжазбасын 1894 ж. алғаш зерттеген голландық шығыстанушы М.Т. Хоутсма «қазақ» сөзінің $\text{ح حمل} \text{نیدنیسمردنیس}$ пед неке еткүн ытқад ышамлоб ығаднытса нініпрә [x], «در» [ләнізәс [даррәхум «ردرجمال» негед «сабығнақ» енізәс «қазақ» ,пықо пед [даррәжум-лә] жағымсыз мағына берген. Қолжазбаның түпнұсқасын алдыруға мүмкіндігі болмаған отандық ғалым Ә. Құрышжанов та «қазақ» сөзіне қатысты М.Т. Хоутсманың қателігін қайталаған. Біз М.Т. Хоутсманың қателігін қолжазбаны түпнұсқасынан зерттеу арқылы анықтап, «қазақ» сөзінде ешқандай да жағымсыз мағына болмағанын дәлелдеген болатынбыз. Бұл Еуропа, Ресей шығыстанушылары мен түркітанушылары тарапынан жасалған қазақ тарихына қатысты зерттеулердің күманды тұстарын түпнұсқадан қайта қарау керектігін білдірмек.



1-Сурет: Хасан әр-Раммахтың (1294 ж. қайтыс болған) «әл-Фурусия уә әл-Манасиб әл-Харбия» еңбегі қолжазбасындағы торпеданың кескіні



2-Сурет: Орынбұғаның (1462 ж. қайтыс болған) «әл-Әслиха» (Қару-жарақтар) атты еңбегі қолжазбасындағы ауыр отқарудың кескіні

ӘДЕБИЕТТЕР

Арынов Т. Лексико-семантические и стилистические особенности языка старокыпчакского памятника «Китаб ат-Тухфа аз-Закияя фил-луға ат-Туркийя». – Алматы, 2009. – 129 б. Әл-Айни. Иқд әл-Жуман фи-т-Тарих әз-Зәман. – 1/153 б. Әз-Зердікеш, Орунбұға. Тасмим Сарух ли ибн Орунбұға әз-Зердікеш, 25.07.2015 mos.sserpdrow.yrologtsolfonem//:sptth/52/70/5102/اغينرا-نبال-خوراص-ميمصت...// Әз-Зирикли Х. Әл-Ағләм. – 2/79-б.

Әл-Мақризи. Әс-Сулук ли мағрифати дуәл әл-Мулук. Тахқиқ: Мухаммад Абдулқадир Ата. 1-Т., 549-б. – Бейрут: Дәр әл-Кутуб әл-Илмийа, 1997. – 549 б.

Әл-Мақризи. Әс-Сулук ли мағрифати дуәл әл-Мулук. Тахқиқ: Мухаммад Абдулқадир Ата. 5-Т., 549-б. – Бейрут: Дәр әл-Кутуб әл-Илмийа, 1997. – 549 б. Әл-Мақризи. Әс-Сулук. 1-Т., – 118-б. // <http://islamport.com/w/tkh/Web/328/118.htm>

Әс-Сәид Н. Әт-Туруз әл-Исләмийа фи хидмати әл-Хайаһ // <https://archive.islamonline.net/?p=20300>

Әш-Шағбани М. Әл-Диплумасийа әл-Либиия фи-л-Қарн әс-Сәмин ашар (30.11.2016) // <http://www.watanpressonline.com/archives/4047>

Әш-Шәкфа М. Мәнәһиж әт-Тәлиф инда әл-Улама әл-Араб. – Бейрут, Дәр әл-Улум ли-л-Мәләин. – 3/731-б.

Диаб С. Әс-Суйуф әл-Исламийа уа Синағатуһә, 2001 // <http://www.alhayat.com/article/1103055> Зәки А. Әл-Қаһира уә тарихуһа уә Әсаруһа. – 73-б.

Ибн Абдуззаһир. Тәшриф әл-Әйәм. – 43-б.

Ибн Баттута. Рихлату ибн Баттута. – 1/70-б.

Ибн Кәсир. Әл-Бидәйя уә ән-Нихәйя. Тахқиқ Абдулла әт-Түрки, әл-Қаһира. Дәр һижр, т1, 1998 м. – 18/719

Ибн Кәсир. Уәфәйат әл-Ағлам. – 13-Т.

Ибн Тағриберді. Ән-Нужум әз-Зәһира. – 7/94-б.

Исмаил И. Махтут Китаб әл-Фурусийа уә-л-Манасиб әл-Харбийа, 18.06.2015 // <https://www.al-sharq.com/news/details/347191>

Йужәл У. Әс-Суйуф әл-Исләмийа уә синағатуһә. Тәржіме: Тахсин Умарта. – әлКудейт, 1988.

Мишел. О'Беннон Пресли Невил (1776-1850), 25 ноябрь 2014 г. // <http://impereur.blogspot.com/2014/11/presley-neville-obannon-1776-1850.html>

Муқиф Ф. Қисса мидфағ әл-ифтар, 16.06.2016 // <https://www.alukah.net/spotlight/0/104480/>

Мухиддин М. Әсәр ән-Нәһда әс-Синағийа... (01.2018) // <https://platform.almanhal.com/Details/article/113277>

Суйуф әл-Усманиин уә-л-Әтрак әл-Қудама, 2015 // <https://www.turkpress.co/node/15904>

Тауфиқ Ш. Әл-Мәмәлик әш-Шәркәсийа. – Дәр уә муәссәсә Руслан ли-т-Тибаға. – Сурия, Димашық, 2009. – 255 б.

Хамиш М. Әл-Ақаллийат фи Миср // Мәжәллә әл-Файсал. – №483, 2018 ж.

Хасан А. Тарих әл-Мәсәжид әл-Әсәрийа, 1945.

Хасан Р. Илм әл-Кимийа уә татбиқатуһа фи-л-Хадара әл-Арабийа уә-л-Исләмийа, ... [tsop/ten.swensduqla://ptth/23655/](https://ten.swensduqla://ptth/23655/) - [هناقيبطنو- /](https://ten.swensduqla://ptth/23655/) 2014

ЭОЖ 342.4:321.3(=1.574)

Г.А. МЕЙРМАНОВА, ДАУЫТБЕКОВА М.Қ.,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БАТЫРЛАР ЭТИКЕТІ

Аңдатпа. Бұл мақалада авторлар қазақ дәстүрлі қоғамында атқарылатын міндеттері мен қызметтеріне қарай белгілі этикет дәстүрлері қоладанылуы мәселесін зерттеген. Батыр тұлғаның сөйлеу мәнерінде, өзі-өзі ұстауында тіпті киім үлгісі мен атрибуттарында да айқын көрінетінін мысалдармен келтірген. Жоғары әлеуметтік беделге ие тұлғалар шағатай, араб тілін кей жағдайларда парсы және орыс тілдерін меңгерген жағдайда Қазақ хандығы мен көрші мемлекеттер арасындағы дипломатиялық қатынастарға қатысты. Жалпы екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастарды хандар, қожалар, елшілер және әскери қолбасшылар жүргізген. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы қазақ батырларының өзіндік ұстанымдары, дәстүрлері, қасиеттері мен тұрмысы, салт-санасы, ар-намыс кодекстері, принциптері, портреті мен бейнелік тұлғалары, өзіндік мұраты, қоғамдық қызметі, этикалық ерекшеліктері, ырым-жоралғылары санадағы құндылықтар жиынтығы мен тоғысқан.

Түйін сөздер. хан, батыр, тарихи аңыз, ру, эпос, әулие

Г.А. Мейрманова, М.К. Дауытбекова
КазНУ им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

Аннотация. Авторы в своей статье рассматривают этикет батыров как традиционный атрибут в обществе. В казахском этикете есть некоторые традиционные моменты, связанные с родом деятельности. В зависимости от специфики труда человека устанавливаются наборы определенных речевых оборотов, манера поведения, а в некоторых случаях – своеобразие костюма и особенность атрибутики. Личности высокого социального статуса, владевшие арабским, чагатайским (реже – персидским и русским) языками, часто выполняли дипломатические функции между Казахским ханством и другими странами. Авторы в данной статье делают акцент на устное народное творчество казахов.

Ключевые слова. батыр, этикет, нормы поведения.

G.A. MEIRMANOVA, M.K. DAYTBEKOVA
Al-Farabi Kazakh State University

HEROES OF THE TRADITIONAL KAZAKH SOCIETY

Summary. The article considers the etiquette of batyrs as a traditional attribute in society. In Kazakh etiquette there are some traditional moments associated with the kind of activity. Depending on the specifics of a person's work, established of certain speech, the manner of behavior, and in some cases - the originality of the costume and the peculiarity of the attributes. Individuals of high social status, who spoke Arabic, Chagatai (more rarely - Persian and Russian) languages, often performed diplomatic functions between the Kazakh Khanate and other countries. The authors focus on oral folk creativity of Kazakhs.

Keywords. batyr, etiquette, norms of behavior.

Кіріспе

Бүгінгі таңда территориясының көлемі жағынан тоғызыншы орынды иемденіп отырған Қазақстан мемлекеті тарихында батырлардың алатын орны ерекше. Әрбір тарихи кезең өзіне тән тарихи тұлғаларды өмірге әкеледі. Есімдері ұрпақтан ұрпаққа ұран болған ұлы тұлғалар ел тарихында жанын пида еткені белгілі. Еуразия көшпелі халықтары-башқұрттар, өзбектер, қарақалпақтар мен қырғыздар сынды түркі халықтарының барлығында кездесетін батырлар есімі қазақ халқында ерекше құрметке ие тұлғалар. Олардың аты ұранға айналып, дәстүрлі қазақ қоғамында маңызды әлеуметтік, әскери-саяси институтқа айналды. Ұлттың рухани қазынасы бола білген осынау институт өкілдерінің өздеріне ғана тән әдеби болды. Мақала авторлары қазақ батырларына ғана тән әдептік қағидаттарды ғылыми тұрғыдан тұжырымдауды мақсат етіп қойды.

Материалдар мен әдістер

Алматы қаласында орналасқан орталық кітапхана жұмыс нәтижесінде жинақталған архивтік материалдар, естеліктер, құжаттар жинағы мен басқа да деректерді жарияланған материалдармен салыстыра талдау негізінде мақала жазылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде салыстырмалы тарихи және сауалнама әдістері пайдаланылды. Зерттеу барысында жалпы ғылыми және арнайы-тарихи әдістер қолданылды. Жалпы ғылыми әдістер арасында анализ, синтез, логикалық әдістер қатыстырылды. Арнайы-тарихи әдістер санатында тарихи-ретроспективті, тарихитипологиялық, тарихи-жүйелі әдістерді айтып өтуге болады.

Талқылау

Қазақ әдебін зерттеу қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелердің бірі. Елші ханның сенімді өкілі ретінде қазақ хандығымен қарым-қатынас орнатылған мемлекеттердің мемлекет басшыларына немесе сол елдің сенімді өкілдерінің өзін өзі ұстауы және іс қимылдары өте маңызды болған [1].

Әр елдің елшілерді қабылдау дәстүрі болғанымен Орта Азия елдеріндегі бұл дәстүр ортақ еді. Ол бойынша хан сарайына бір күндік жол қалған тұста тоқтап, өздерінің келгендіктерін ханға жеткізу үшін бірнеше адамын жіберген. Хан бұл хабарды естіген бойда келген елшілік топқа өз адамдарын жіберген. Кейбір ерекше жағдайларда хан елшілік топты өзі қарсы алуға барған. Бұл әрине өте сирек кездесетін жағдай еді.

Қазақ хандығының геосаяси жағдайы өте күрделі жағдайда орналасуы халықтың ғасырлар бойы жаугершілікті бастан кешуіне мәжбүр етті. Бұл әрине оның территориясының ауқымы мен табиғи байлықтарға өте бай болуынан болды. Көрші мемлекеттер үнемі осы кең байтақ даламызға көз тігумен болғаны тарихтан мәлім. XIX ғасыр авторларының бірінің еңбегінде «көршілермен болған соғыстардың жиілігі көшпелі халықты жауынгерлік рухта болуға мәжбүрледі» деп атап өтеді [2]. Осындай жауынгерлік рухты бойына бала күнінен сіңіріп, Отаны үшін от кешкендердің алдыңғы қатарында дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлар институты өкілдері болды. XVII ғасырдың аяғы XVIII ғасырдың басындағы қазақ қоғамының ішкі және сыртқы саясатының даму ерекшеліктері батырлар институтының ықпалының артуы мен олардың жеке әлеуметтік топ ретінде толыққанды қызмет атқаруын айқындап берді. XVII ғасырдың аяғы - XVIII ғасырдың басындағы қазақ халқының сыртқы жауы тек жоңғарлар ғана емес еді. Батыстан Еділ қалмақтары, оңтүстікте Хиуа мен Бұхара хандығы, теріскейде башқұрттар қиқу салып, сырттан орыс патшасы азу салуға даяр тұрды [3].

Нәтижесі

Осылайша XVII-XVIII ғасырлардағы ішкі және сыртқы факторлар қазақ қоғамындағы батырлардың саяси, әлеуметтік сататусқа ие болуына қолайлы жағдай туғызғаны туралы тұжырым жасаймыз. Сондықтан ел басына күн түскен сәтте саяси басымдылық батырлар қолына өтті. Бұл туралы зерттеуші Н.Г. Аполлова: «XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы батырлар тек қана әскери жорықтарда маңызды рөл атқарған жоқ. Олар әртүрлі дипломатиялық тапсырмаларды орындайтын елшілер ретінде де белсенділік танытады. Ақсақалдар кеңесіне де құлшына араласады. Өздерінің әдептілігі деңгейінің қаншалықты жоғары екенін көрсете білді. 30- жылдардағы феодалдық күрес кезінде берік топты құраған Бөкенбайдың басқаруындағы батырлар қазақтардың Ресейдің қарамағына өтуіне шешуші күш болған», - деп жазды [4]. Үмбетей жыраудың: Сыртқы жаудан қорғану, елдің ішкі бірлігін сақтау сияқты күрделі мәселелерде батырлардың рөлі жоғары болды. Батыр атағын ақсүйек және қарасүйек өкілдері де қоғамдық дәрежесіне қарамастан бірдей иелене алатын, әрі батырлар XVII-XVIII ғасырлардағы сыртқы фактордың күштілігінен қоғамдық қатынастарда басымдылыққа ие болды.

Зерттеу тақырыбымыздың уақыт шеңбері қазақ тарихындағы түрлі өзгерістер әкелген бетбұрысты кезеңге сәйкес келеді. Оның басты себебі географиялық, шаруашылық-экономикалық және саяси-әлеуметтік жағынан үш субэтностық аймаққа бөлінген қазақ хандығының ішкі байланыстарының әлсіздігін, ру-тайпалар арасындағы қарым-қатынастардың тұрақсыздығынан және билеуші топтардың саяси бақталастығынан туындады. «Ортақ өгізден, оңаша бұзауды» артық көрген билеушілер арасындағы алауыздық қазақ халқының болашағын тығырыққа тіреді. Жоңғар шапқыншылығына дер кезінде тойтарыс берілмеуінен «Ақтабан шұбырынды», «Алқакөл сұлама», «Сауран айналған» тәрізді зұлматтар орын алды [5]. Мұның барлығы хандық институтты дағдарысқа әкеліп, есесіне ру-тайпа игі-жақсыларын, яғни батырлар мен билердің үстем түсуіне жағдай жасады. Басқаша айтқанда: «XVIII ғасырдың бірінші жартысында батырлардың беделі мен әлеуметтік маңызы мейлінше өсті, мұның өзі сыртқы қауіпке және қазақтардың әлеуметтік ұйымдасуында әскери құрылымдар рөлінің арта түсуіне байланысты болатын. Жоңғарлар басқыншылығына пәрменді тойтарыс беруді ұйымдастыру қажеттілігі әуелі әскери сахнада ал сонан соң саяси сахнада да халықтың жол бастаушылары мен қолбасшылары – батырлардың аса көрнекті шоғырының пайда болуына жеткізді». Үмбетей жыраудың: «Батыры ханға сай болды, Елің жайпақ болды», - деп жырлайтыны осы кезең [6].

Тарихи даму үдерісінің біркелкі болмауына орай қоғамдық институттар бірін-бірі жиі алмастырып, соған байланысты әртүрлі әлеуметтік құрылымдардың бірі алға шығып, екіншісі кенжелеп отырды. Зерттеу жұмысының тақырыбының уақыт шеңберін қамтитын аумалы-төкпелі кезеңде батырлар институтының алдыңғы қатарға шығуы заңды құбылыс болатын. Әскери өнерді кәсіп етіп, ел қорғау арқылы даңқ пен абыройға бөленген батырлар ендігі жерде жәй ғана қару асынған сарбаз емес, халыққа сөзін өткізіп, билік айтатын саяси тұлғаға айналды. Олардың атап өтерліктей маңызды ішкі саяси қызметтері қатарына азаматтық басқару істеріне тартыла бастауларын жатқызамыз. Тіпті кейбір жағдайда хан мен сұлтандардың өзі батырлармен санасып отыруға мәжбүр болған. Өйткені ханның немесе сұлтанның қоғамдағы орны оған қолдау білдірген батырлардың беделі мен санына қарай анықталды. Оның үстіне батырдың шыққан руы үлкен болып, өзі ауқатты болса, осыған қатысты біздің ой-тұжырымдарымыздың барысын түсіну қиын емес. Халқымыздың «батыр болып, бай болса, ханнан несі кем» деп сөз саптауы осыған қатысты айтылса керек [7, 56-б.]. Бұл айтылған тұжырымдарымызды тарихи деректермен негіздесек. XVIII ғасырдың алғашқы жартысында қазақ ел басшыларынан ант қабылдаған Татищев Әбілқайыр ханды көп ешкім тыңдамайтындығын айта келіп, Орта Жүзден Жәнібек батыр мен Шүрек батыр және Кіші Жүзден Бөкенбай батыр жоғары беделге ие екендіктерін жазады. Қазақ батырларының ішкі саяси жүйесіндегі ықпалын төмендегі тарихи оқиғалардың желісі негізінде одан ары дамытсақ. Алғашқы оқиға есімі ұранға айналған Алдияр батырмен байланысты. М. Тынышбаев еңбегінде келтірілген мәліметтерге сүйенсек, Алдияр батыр Тәуке ханның замандасы және ханның оң жағын ала отыратын батырдың бірі болғанға ұқсайды. Міне осы Алдияр батыр мемлекеттік істерді ақылдасатын шаруалар туындағанда Тәуке ханның жанынан табылып, өзінің пайымдауларын білдіріп отырса керек. Тіпті кей жағдайда хан мен батыр арасында бір мәселеге байланысты келіспеушіліктер де туындаған. Мәселен, ел арасындағы аңыз бойынша Алдияр батырға келіссөз жүргізу үшін жоңғар қонтайшысы келеді. Бұдан хабардар болған Тәуке хан қонтайшыны өлтіру үшін сарбаздарын жібереді. Ауылына келген елшіні қорғау мақсатында батыр өзінің ханына қарсы шығып, хан мен батыр сарбаздары бір күн бойы шайқасады. Шайқаста Алдияр батырдың кенже інісі Майлан қаза табады. Осы оқиғаға байланысты Алдияр батыр ұрпақтарында төмендегідей өлең жолдары сақталған: «Ұзын ағаш, тойкеде келді қалмақ, Хан Тәуке басып барып, басын алмақ, Келмегірдің қалмағы қайдан келді, Екі қазақ соғысты, Майлан өлді».

Тарихи аңыз негізінде әңгімеленіп отырған оқиғаның барысы былайша аяқталады. «Тәуке хан нөкерлерінің шабуылын тойтарған Алдияр батыр ертеңіне қонтайшыны еліне аман-есен қайтарады. Қонтайшы Ордасына барған соң тұтқындағы қазақтардың ішіндегі садырларды ғана емес, барлық наймандарды, оған қоса Алдияр батырдың есімін естігендерді де тұтқыннан босатады [8]. Осы тарихи аңызға қатысты қорытынды жасайтын болсақ. Мұндағы қонтайшы деп отырғанымыз жоңғар нояндарының бірі болуы мүмкін. Ал батырдың інісінің өмірін қия отырып ханға қарсы тұруынан біз батырдың елшілерге зиян тигізбейтін дала заңын берік ұстанғандығын анық байқаймыз. Ең бастысы бұл аңызда батырлар институтының ішкі саяси істерге белсене араласып, мемлекеттік маңызы бар шаруаларға азаматтық позициясын танытуы. Оның үстіне елшінің халықаралық мәселені ханмен емес, батырмен талқылауының өзі көп нәрсені аңғартса керек.

Желісі осыған ұқсас келесі оқиға жоғарыда Татищевтің тізімінде кездесетін табын Бөкенбай батырдың есімімен байланысты. Кіші Жүз ханы Әбілқайырдың ешбір кеңессіз Ресей қарамағына өту өтінішін жасағандығы тарихи деректерден белгілі. Сол өтінішке сай қазақтардан ант қабылдау мақсатында Қазақстанның батыс өңіріне М. Тевкелев келеді. Ханның халықпен кеңесіп іс қылмағанына наразы болған батырлар мен билер елшіні, оған қоса ханды да өлтірмек болады. Мәселен, жағалбайлы руының батыры Серке «егер де халықтың және өзінің тыныштығын сақтағысы келсе, бізді тындасын», - деп Әбілқайыр ханға баласын жібереді. Ханның әлсіздігін байқаған М. Тевкелевтың өзі де, орталыққа жазған хаттарының бірінде қазақтар ханнан қорықпайды, - деп атап өтеді [9, 50-б.]. Мұны ханның өзі де мойындап, орыс патшайымына жазған хатында халықтың оның заңдарына құлақ аспайтындығын өкінішпен баяндаған. Міне осылайша ханнан қолдау таппаған М.Тевкелев өз өлімін сәт сайын күтумен болады. Сол кезде елшімен бірге еріп келген башқұрт билері оған ел ішінде беделді Бөкенбай батырға жолығуға кеңес беріп, өлімнен сол құтқарып қалуы мүмкін екендігін жеткізеді. Сөзіміз дәлелді болуы үшін құжатқа кезек берсек «...Ордаға атақты Бөкенбай батыр, оның күйеу баласы Есет батыр немере інісі Құдаймырза бар. Олар барлық ру басшыларынан күшті, ...осылардан Тевкелевке пайда болады[9, с. 51]. Ал осыған қатысты А. Левшин былай деп жазады: «Орта және Кіші Жүзде беделді Бөкенбай батыр оның (Тевкелевтың – авт.) қорғаушысы болуға ниет білдірді. Бұған қоса Әбілқайыр ханның өзі халықтың сенімінен айрыла бастауына байланысты Тевкелевке оның өміріне кепілдік бере алмайтындығын айтып, Бөкенбай батырмен табысуын мақұл көреді. Шынында да Бөкенбай батыр елшінің басты тірегіне айналып, оның және серіктерінің елдеріне аман-есен оралуларына жәрдем тигізеді.

Бөкенбай батыр, оның күйеу баласы Есет батыр, немере інісі Құдайназар мырза т.б. М.Тевкелевтің мойнына алған шаруасын абыроймен орындап шығуына бірден-бір кепілдік берген адамдар. Бодандық үрдісінің осы тұсында Әбілқайырдан да көрі Жетіру басшыларымен тығыз қарым-қатынаста болған башқұрт батыры Таймас Шайімовтың еңбегі басымырақ. Бөгенбай орыс елшісінің сыйлығынан бас тартады. Ол елшінің ұсынған 500 сомның тауарын алмай, өзінің дүние үшін сатылмайтынын, ойына алған қызметті тегін-ақ жасайтынынын мәлімдей отырып, қазақ батырларының рухани-моральдік бетбейнесінің жоғарылығын тағы да дәлелдеп береді.

Дегенмен Бөгенбай батыр қолдаған күннің өзінде де ел жиыны Әбілқайыр мен елшіге қысым көрсетуін тоқтатпағанын да атап өтуіміз қажет. Ел басылары «хан өз бетімен, ешкіммен келіспей бодандық туралы өтініш білдірді. Қазақты Ресейге тұтқындыққа сатты. Дәстүр бойынша ру басыларымен ақылдаспай хан қимыл жасамауы керек. Ендеше осы тәртіпті бұзған үшін хан өлім жазасына лайық» деп қорытындыға келді [10]. Ханға қарсы көтерілген адамдар арасынан Баба би, Жантума би, Баймұрат би, Сырлыбай батырларды кездестіреміз. Батыр сұлтан мен Тәңірберді бидің көп жігітпен Хиуаға бара жатқан Ресейдің ірі керуенін тонап алуы да ел наразылығының бір көрінісі деуге болады.

Осылайша, сыртқы жауларға қарсы соғыс барысында тоғысқан батырлар қазақ елінің Ресейдің бодандығына мойынсыну үрдісіне келгенде екіге жарылды. Жалпы, қазақ халқы тұмысында, болмысында бодандыққа жаны қарсы еді. Бұл туралы А. Левшин өзінің «Қазақ ордасы мен даласын зерттеу» атты еңбегінде айтып кетеді. Зерттеуші қазақтардың бүкіл болмысы мен тыныс-тіршілігін, салт-дәстүрін зерттеп, зерделеп келіп, жалпы қазақ халқының мінез-құлқы еркіндікке негізделген, бодандыққа, мойынұсынушылыққа жат деген қорытынды шығарады. Мұны оның еңбегінегі «Қазақ халқының әдет-ғұрпы» тарауындағы мына дәйек сөзінен аңғаруға болады: «...потому что они не изнежены, не слабы и не знают не только рабства, но и подданства» [9, с. 89].

Бодандыққа қарсы топтың батырлары да қазақ елін бодандыққа енгізу бойынша келген орыс елшілерін қуғыншылыққа ұшыратты. Оның бірі Бақтыбай батыр еді. М. Тевкелевтің Ресей Сыртқы істер министрлігіне жазған құпия хатында полковник Гарбердің басшылығымен Ресейден Бұхара мен Хиуаға бет алған 500 түйелі керуенін Бақтыбай батыр басып алып, дүние-мүлкін жергілікті елге таратып бергені баяндалады. Батырдың әуелгі ойы кеуенді талқандап, адамдарын тұтқынға түсірмек болып 12 күн бойы қоршауға алады. Алайда бұл іске Батыр сұлтан мен Тәңірберді ақсақал араласып, керуендегі 500 түйенің жартысын қайтарып береді.

Бақтыбай батырды халық «әлім Қарасақал әулие» деп те атайды. Батыр нағыз ерлерше майданда қаза тапты. Бақтыбай батыр туралы орыс деректері де куәлік береді [9, С. 280.]

Әбілқайыр ханның қасында болған прапорщик Муравиннің журналында Шекті Бақтыбай туралы мәліметтер кездеседі. Ондағы дәйексөз былай берілген: «Уведомился я, что киргизцы Меньшей орды Чеклинского роду, у которых главным был Бюлюкчюра Чеклинского роду, Бақтыбай батыр, собрались иттить под нижних калмык, о которых оне уведомились, якобы без остатку взяты в Астрахань против шаха персидского, и намерены были жен и детей их к себе в плен взять» [9, С. 369].

Ал, кете тайпасының ту ұстар батырларының бірінен саналатын, 10 мыңға дейін жеткен қолына қолбасшылық жасаған Арал батыр да Қазақстанның Ресейдің қоластына өтуіне қарсы болған адам. Арал батыр туралы орыстың тарихи құжаттарында да кездеседі. Оның бірі 1747 жылы 21 желтоқсанда Орынбор губернаторы И. Неплюевтің Сыртқы істер алқасына жіберген хаты. Баймұрат батыр да Әбілқайыр ханның Ресейдің қарамағына өту саясатына тікелей қарсылық көрсеткен тұлғаларға жатады. 1731 жылы қазан айында жасағымен Әбілқайыр ханның ордасы мен Ресейдің елшілігін қоршап алады [10]. Бұл қоршаудың Әбілқайыр ханға қатты тигені соншалық ол Баймұраттың тұтқындағы екі адамын босатып жіберуге мәжбүр болған. өзінің екі адамын босатып алған соң, Баймұрат бастаған наразы топ аттарының басын кері бұрған. Ресей империясының бодандығына өтуге наразы топ 3 қараша күні тағы бір шабуыл ұйымдастырады. Таң атқанша қиян-кескі ұрыс болады. Дегенмен Баймұрат тобы Тевкелевтің 17 аты мен 3 түйесін айдап әкетті» [9, с. 369].

Осылайша, батырлардың саяси ұстанымдарына байланысты мәселе өте шиеленісіп кетті. Ел басына түскен, мұндай шешімі қиын қоғамдық мәселелердің ел жиынында шешілетіні Тевкелевке жолығуға келген кіші арғын руынан қара балуан Бөгенбайдың айтқанынан да білінеді. Ол «мамыр айында Орта жүздің бүкіл ел басшылары: хандар мен сұлтандар, қазақтың түгел ру басылары жиналған кеңес болады. Егер бодандық мәселесін түбегейлі шешемін десе елші соған қатыссын» [9, с. 156.].

Тевкелев саяси биліктің тізгіні хандарда емес, би-батырларда екенін ұғынған соң Орта Жүздің ру басылары Шақшақ Жәнібек пен Қаздауысты Қазыбекке сый-сияпат жіберіп көңілін аулауға тырысты. Балуан Бөгенбайдың ел тағдырын терең ойлайтын кемеңгер азамат екенін 1748 ж. Орынбор кездесуінен байқаймыз. Көшпелі елдің тағдыры не болмақ, замана тынысы қалай, елдің болашағы үшін қандай саясат ұстану керек – осының бәрі батырдың Ресей басшыларына қойған кей сауалдарынан көрініп тұрады. Қазақ саясаткерлерінің

көпшілігі қайткен күнде де қалыпты өмір соқпағын бұзбауға тырысса, Бөгенбай сияқты батырлар өзгерістердің болмай қоймайтынын аңдаған.

Би-батырлардың ішкі саяси қызметінің белсенділігін 1734 жылғы Ұлы жүз атынан жүргізілген бодандық келіссөз құжаттарынан да көреміз. Ұлыс атынан Төле, Бөлек, Сатай, Қодар билер, Қангелді сияқты батырлар аты жүр. 1740 жылы Ор кездесуінен Орта жүздің тағдырына толық қатысы бар нияз батырдың рөлі аса маңызды болды. Деректер бойынша ол Сәмеке хан тұсында Түркістан алқабын меңгерген, Князь Урусовқа қазақ хандарының шежіресін баяндап берген білімпаз батыр әр халықтың ерекше табиғатын айыра біледі, ол бір сөзінде «орыстың ақылы басы мен жүрегінің түбінде, қазактікі көзінде» дейді [9, с. 156.].

Көшпелілер дүниенің әр құбылысының сыртқы түріне, әшекей, қызығышығына көп көңіл бөлетінін батыр дәл айтқан. Сонымен жоғарыда баяндалған екі тарихи мәліметтерді қортындыласақ. Бұл мәліметтердің барлығы қазақ жеріне келген елшілерді батырлардың қорғау қызметімен байланысып жатыр. Алғашқы батыр елшіні қорғап қалу үшін ханға қарсылық білдірсе, соңғысы ханның қолынан келмеген істі жүзеге асырады. Әрине біз бұл арада хандардың дәрежесін төмендетіп, олардың қазақ мемлекеттілігін құру мен одан ары дамытудағы ерен еңбектерін жоққа шығарудан аулақпыз. Біз тек қарастырылып отырған тақырыпқа сәйкес батырлардың қызметін көрсетуге тырыстық. Баяндалған екі оқиғаның XVIII ғасырдың алғашқы жартысында орын алғандығын ескерер болсақ, осы кезеңде-ақ батырлар институтының ішкі саяси жүйеде айтарлықтай дәрежеге ие болғандығын аңғарамыз. Демек, осы уақытта батырлар жай ғана қару асынған жауынгер немесе қолбасшы ғана емес, мемлекеттік мәселелерде сөзі бар, өзі шешім қабылдай алатын әлеуметтік құрылым ретінде пісіліп жетілген. Бұл дала демократиясының өзіндік құндылығы болатын. **Ер қанаты - ат**

Қазақ батырларының келесі бір ерекше тоқталатын тұсы олардың киім үлгісі. Батыр бейбіт күндері де қаруын асынып жүрген. Халық аузында «Ер қаруы – бес қару» деген ұғым қалыптасқан, әдетте оларға садақты, қылышты, найзаны, айбалтаны, шоқпарды жатқызады. Алайда, халық ауыз әдебиетінде жырланатын батырдың қаруы бұдан әлдеқайда көп: алтын балдақ, ақ семсер, бадана көз кіреуке, тоғыз қабат ақ сауыт, алтын сауыт кебе, қозыжауырын жебе, балдағы алтын ақ берен, болаттан соққан айбалта, гүрзі, қанжар, мылтық және тағы басқа көптеген түрлерінің аталатындығын айта кетуіміз керек. Қазақ халқының қару түрлері тарихи даму кезеңдерінде өзіндік даму, жетілу үрдісін бастан кешкен. Оған қазақ халқының іргелес жатқан көрші мемлекеттермен байланыс жасағандығы да өзіндік ықпалын тигізгендігі, соңғы жылдары жарық көрген энциклопедиялар бетінде былай сипатталады: «... Сонымен бірге қазақ қаруының кейбір формаларында, кейбір үлгілерінің, типтерінің пайда болуында қазақ этносы ғасырлар бойы тарихи – мәдени байланыста болған көрші иран, моңғол, түрік, қытай, орыс халықтары қаруының ықпалында көруге болады». Дәстүрлі қазақ қоғамында қару батырмен бірге жасасып, онымен бірге өледі деген сенім орын алды. Қазақ батырларының киім үлгісінде үнемі өзімен бірге болуы тиіс қаруынан бөлек қамшы аса маңызды ұғым.

Дәстүрлі қазақ қоғамына тән құндылықтар жүйесіндегі батырлар институтының орнын қарастырғанда батырлар атының бейнесіне де тоқталмай өтуге болмайды. Белгілі зерттеуші А. Вебер: «Орталық Азиядан шыққан көшпелі халықтардың Қытай, Үндістан және Батыс елдеріне баса көктеп жетуі (ежелгі дүниенің осынау ұлы мәдениеттері көшпелілерден жылқыны пайдалануды үйренді) дүниенің үш атырабына да бірдей ықпал етті, ат үстіндегі көшпелі халықтар дүниенің кеңдігін таныды. Олар ежелгі дүниенің ұлы мәдениеті бар мемлекеттерін жаулап алды. Қиын-қыстау тіршілік пен қауіп-қатері мол жорықтар арқылы дүниенің жалғандығын түсінді, үстем нәсіл ретінде олар дүниеге ерлік пен трагедиялық сананы орнықтырып, оны эпос түрінде паш етті», – дей келе көшпелі халықтарды эпос тудырушы халық ретінде даралап көрсеткен [10]. Сондықтан батырлардың қазақ қоғамындағы құндылықтар жүйесіндегі алатын орнын қазақ эпостарындағы батыр тұлпарының бейнесімен бірге қарастыру қажет.

Себебі, батырлардың басты өзгешеліктерінің бірі – өздеріне сай арғымақтарының болуы. «Ер қанаты – ат» демекші батырлар өзінің жеңістеріне астындағы қазанаттарының көмегімен де қол жеткізе алады. Сондықтан олардың аттары да өздеріне сай ақылды, сүйекті, ірі, тұрақты болып келген. Р.С. Липец эпостағы арғымақтардың батырларға берер көмегі мен олардың күтімі туралы барынша толық баяндап жазып кеткен [Липец Р.: с. 120] Ал, қазақ эпосындағы ат образы жеке бейне емес, эпостың бас кейіпкерімен біртұтас бір бейне ретінде көрінеді. Сондықтан батырларды ат бейнесінен бөліп алып қарастыру мәселені толықтай зерттеуге мүмкіндік бермейді.

Қ. Ахметжанов батырлардың арғымақтары туралы, қолданыстағы «Қазанат», «Пырақ», «Дүлдүл» сөздеріне түсінік беріп кетеді. Сондай-ақ зерттеуші арғымақ жергілікті жерге бейімделген, қазақтың өзіндік сұрыпталып өсірілген асыл жылқы тұқымы деуге болады. Сондықтан, бұл жылқы тұқымы батырлар сословиесімен тікелей байланысты, - деп тұжырым жасайды. Көбінесе батырлар жырында батырдың аты өзіне серік, жебеуші, құтқарушы, қасиетті жануар ретінде суреттеледі. Батырлар жырындағы Алпамыстың Байшұбары, Ер Тарғынның Тарланы, Қобыландының Тайбурылы өте әсіреленіп берілсе де жоңғарлар мен өзге де сыртқы жауларға атойлап қарсы шапқан қазақ батырларының арғымақтары жауды жеңіп шығу

жолында елеулі үлес қосып, иелерін қауіпті сәттерден аман алып қалып отырған. Ғалым М. Мағауин өзінің қазақ эпостарындағы батырлар жырына арнаған «Тозбас мұра» зерттеуінде Тарғынның Тарлан атты арғымағының да дене бітімі бөлек болып суреттелгеніне арнайы тоқталады [18].

Ел аузында сақталған әңгімелерге қарағанда Қарасай батырдың аламан айқасқа мінетін аты басқа да, жол сапарға мінері басқа болған. Бірде сапарға мінетін аты – Саңлақкерді қалмақтар қуып кеткеніне қарамастан батыр есебін тауып алып қайтқан [10].

Ал, Қаракерей Қабанбай батырдың Қубасымен талай қиындықтар мен ауыр кезеңдерді бірге өткізгені, батыр өзінің Қубасымен серттесіп, тілдескені екеуінің алапат соғыстарда бір-біріне серік болғаны, талай қиындықтар мен ауыр кезеңдерді бірге өткізгені жырғау арқау болып, сондай-ақ жорықтардағы арғымақтың да елеулі үлесі ашыла түскен [11]. XIX ғасырдың орта шенінде қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрі мен фольклорын зерттеуге үлес қосқан Бронислав Залесскийдің еңбегінен: «Қазақ даласының тіршілік-тынысы» еңбегінде «Қазақты ат үстінде тану қажет. Жер түбіне дейін шаршамай-шалдықпай ат үстінде жүре берер төзімділігін, ептілігін көргенде қазақтар осы ер үстінде жаралғандай көрінеді» деген жолдарды кездестіреміз [11, 141-б.].

Зерттеуші Р.Г. Липец эпостардан келтірген бір мысалда «Елшілікке жіберілген бір салт атты иттердің абалап қаумалағанынан аты үркіп құлап қалады. Ол ханның алдына жаяу келгенде, оны уәзірлер мойындамай кіргізбей қояды» деп жазады. Бұл оқиға көшпелілер қоғамында жаяу адамның ешқандай орны мен салмағы жоқ екенін ашық көрсетеді. Сондықтан, жауынгер үнемі ат үстінде болуы қилы кезеңдегі заман талабынан туған шарт болып қалған.

Қазақ халқының жылқы малына деген көзқарасы мен құрметі де ерекше. Қазақ сонымен қатар, ат немесе жылқыны «қанатты тұлпар», «дүлдүл» «пырақ» сияқты теңеулер арқылы дәріптеген. «Пырақ», «дүлдүл» ислам дінімен енген. «Пырақ» (арабша «Бурақ») Мұхаммед /с.ғ.с.) пайғамбардың Мирадж түні жеті қат аспанға көтеріліп, Алланың тағының алдына барғанда мінген аты. «Дүлдүл» – Хазірет әлінің талай шайқасқа мінген атының есімі. Осыған орай қазақ батырларында «ат сүйек беру» деген дәстүр болғанын атап өту қажет. Бұл дәстүр бойынша майданда аты оққа ұшқан батырды жау қолында қалдырмай басқа атқа ауысып мінуін қамтамасыз ету керек болған. Ал, енді батырлар атының бейнесін қазақ эпостарындағы, соның ішінде батырлар жыры мен тарихи жырлардағы көрінісімен салыстыра отып талдайық.

Батырлық жырлардағы батырлардың аттары өздерінің архаикалық эпостан қалған ерекше қабілеттерінің кейбірін сақтап қалуымен қатар, үлкен ақыл-естің, адалдық, сенімділік сияқты моральдық қасиеттердің иесі болған аса қадірлі жануарлар, орасан зор эпикалық тұлғалар дәрежесіне беріледі.

Қазақ эпосының пайда болуына, әсіресе, инициация үрдісімен шамандық мифтер үлкен әсерін тигізген. Бірқатар зерттеушілер көшпелі халықтардың инициация салтының атпен, соның ішінде атты үйрету, бас білдіру әрекетімен өзара байланыстылығын атап көрсетеді. Батырға «өзіне арналған» аттың бас білдіруіне қарап есім берілетіні кездейсоқтық емес. Бұл жасөспірімнің жауынгер ретінде пісіп-жетілгенін дәлелдейтін инициацияның өзіндік бір түрі. Эпоста көбіне атқа бас білдіруден соң батырға есім беру салтанаты болады», - деп жазады Р.С. Липец [18].

Қазақ халқында да өткен дәуірлерде батырға, оның атына есім беру рәсімі инициация салтының бір бөлігі болған деп болжамдауға негіз бар және бұл рәсім фольклорда кең көрініс тапқан (мысалы, Керкұла атты Кендебай, Қара қасқа атты Қамбар бек). Г.Н. Потанин: «Моңғол және шығыс түркі ертегілерінде (автор бұл сөзді «эпос» мағынасында қолданып отыр – авт.) батырдың жасөспірім шағынан ересек жасқа өтуі атап өтілетін салт жиі баяндалады. Бұл жағдайда батырға жаңа есім беріледі» деп жазады [12].

С.А. Плетнева өз еңбегінде: «Оғыздарда 15 жастағы жасөспірім өзіне есім және мінетін ат алып, ересек жауынгер деп есептелетінін» атап өтеді. Оның айтуына қарағанда бұл салт қоғамдық дамудың белгілі бір сатысында әлемнің барлық халықтарында болатын инициация салтының қалдығы болып табылады екен. С.А. Плетнева «Көшпелі халықтардың көптеген ертегілері қаһарманның әкесінен өзіне есім беруді, қару-жарақ пен мінетін ат беруді сұраған жауапты сәтінен басталады», - деп жазады [16]. Сондай-ақ ол ежелгі түркілердің қорымдарынан қаруымен және атымен бірге жерленген балалардың табылуын да осы ғұрыппен байланыстырады [16, с. 78.]

Зерттеушілер эпостың әрбір жанры ат образын жасауда өз көркемдік құралдарын, дәстүрлі бейнелеу үлгілерін қалыптастыратындығын атап өтеді. Мәселен, синкреттік, мифтік-ертегілік шығармалардан енді ғана еншісін бөліп ала бастаған архаикалық эпоста аттар қиял-ғажайып қасиеттерге ие бейнелердің қатарында, әрқилы ерекше қабілеттері, магиялық күш-қуаты, құдіреті бар жан иесі түрінде сипатталады. Ал, халықтық, этникалық ұғым-түсініктерді бойына мольнан жинақтаған қаһармандық эпостарда аттар өздерінің архаикалық эпостан қалған ерекше қабілеттерінің кейбірін сақтап қалуымен қатар, үлкен ақыл-естің, адалдық, сенімділік сияқты моральдық қасиеттердің иесі болған аса қадірлі жануарлар, орасан зор эпикалық тұлғалар дәрежесіне көтеріледі [16, с. 78.]

Мәселен, эпоста батырдың ат таңдауы, тұлпарын табуы; оны құлынынан баптап бағып, жетілдіру, аттың сыны, сырт көрінісі, ер-тұрманы, әбзелі, жасы, тұлпардың кеңістіктегі қозғалысы, аттың жүретін кеңістігінің көріністері, жүріп өткен жолының ұзақтығы, жүру уақыты, шабысы, шабыс кезіндегі сипаты, динамикалық қозғалыс үстіндегі сырт көрінісі, соғыс майданындағы әрекеттері, аттың батырмен және эпостың басқа да кейіпкерлерімен тілдесуі, сөйлесулері, басқа да белгілері кеңінен сипатталды.

Зерттеуші А. Көшекова: «эпостардың көне нұсқаларында ат батырдың бағынышты көмекшісі, көлігі, айтқанынан, еркінен шықпайтын жануар ғана емес, толыққанды жеке дара кейіпкер ретінде батырды өзіне бағындырып, алға бастап, бағыттап отырады, ал бас қаһарман өз атының айтқанын екі етпей орындайды. Бірақ уақыт өте келе батырлар жырында бейнелетін аттардың кейбір қызметтері, мәселен, сиқырлы, көмекшілік, тіпті, қолдап-жебеушілік, жөн-жоба көрсетушілік қасиеттері сақталып қалған», - дей келе бұлардың өзіндік төмендегідей ерекшеліктерін бөліп көрсетеді:

- бұл топтағы эпостар – соңғы дәуірдің туындылары, сондықтан оларға қаһармандық эпостардағы ат бейнесін сомдаудың элементтері көптеп енген;
- архаикалық мотивтердің көптеп сақталуына қарамастан, олардағы ат бейнесі ежелгі эпостардағыдай өз бетінше әрекет ететін, жеке-дара тұлға, тәуелсіз кейіпкер дәрежесіне көтерілмейді;
- бұл топтағы эпостарда қиял-ғажайыптық, архаикалық-мифологиялық мотивтер соңғы дәуірдің ұғым-түсініктері тұрғысынан қайта қаралып, өңделген;
- бұл эпостардағы ат бейнесі барынша бейнелі, жетілген, дамыған тілмен суреттеліп, ең үздік классикалық қаһармандық эпостармен теңдестіретіндей көркемдік дәрежеге жеткен [17]

Батырлар жауынгерлік этикасын қатаң ұстанатын. Осындай тәрбиелік мәні бар дала кодексінің бірі – батырларға қойылатын талаптар жүйесі болды. Бұл талаптарды екіге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, соғыс барысында қолданылатын жазылмаған заңдар – жекпе-жекке шыққанда кезекті бұзбау, жеңілген дұшпанына достарымен қоштасуға рұқсат беру, қаруды дұрыс пайдалану. Үлкен айқастарда жекпе-жекке қатысу батырлардың басты міндеті. Жауынгерлердің шын мәнінде батыр атануы осы жекпе-жекте жеңуден басталатын.

Екінші талап жауды жеңгеннен кейін орындалатын талаптар. Бұл талаптарды – батырлар кодексі деп айтуға болады. Мысалы, Парпария батыр елге танымал қарт батыр Аңшыбайдан бата алуға барғанда ол былай дейді:

Жауыңды жеңіп ел алсаң
 Қатын балаға тимегін
 Жазықсыз жанды жылатпа
 Тарихи тамды құлатпа
 Қайратыңа мастанып
 Кем адамды кемітіп,
 Қағып-соғып құлатпа
 Қартты көрсен қайрылып Барың болса беріп кет.
 Үй-үйден қайыр сұратпа
 Жауыңды жеңіп ел алсаң,
 Ел сенгенше өзіңе
 Сол жерде жылдап тұрақта [13]

Осы жыр жолдарында батырдың әлеуметтік қызметтерімен қатар ерекше мән беретін екі міндетіне – тарихи ескерткіштерді қиратпау және басып алынған жерді басқару – бұл батырлар институтының саяси қызметі деп есептеуге болады. Тарихи ескерткіштерді қиратпау бұл басып алған елдің дәстүрін, тарихын, наным-сенімін сыйлау деген сөз. Ал енді басып алған елде тұрақтаудың басты мақсаты – болашақта дұшпан жинамау, мемлекеттіліктің негізін қалау.

Қорытынды

Ойымызды тұжырымдай келе дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлар институты өкілдерінің өзіне тән этикетінің болғандығын және оның қатаң сақталғандығына көз жеткіземіз. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы қазақ батырларының өзіндік ұстанымдары, дәстүрлері, қасиеттері мен тұрмысы, салт-санасы, ар-намыс кодекстері, принциптері, портреті мен бейнелік тұлғалары, өзіндік мұраты, қоғамдық қызметі, этикалық ерекшеліктері, ырым-жоралғылары санадағы құндылықтар жиынтығымен тоғысқан. Батырлардың ар-намыс кодекстері мен бет-бейнесі қазақ қоғамындағы дәстүрлі тәрбие мектебі болып табылды. Батырлар отаншылдық пен азаматтылықтың ең жоғарғы бейнесін құрады. Дала демократиясының өкілдерін құрған билер мен батырлардың, жыраулардың ауызынан шыққан асыл сөздері мен жыр жолдары, дастандары тарихи және мәдени мұра ретінде ұрпақтан ұрпаққа жалғасып дәстүрлі қазақ қоғамындағы құндылықтар жүйесін толықтырды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века.–АлмаАта,1985. – 101 с.
2. Тохтабаева Ш.Ж. Этикетные нормы казахов. Часть II. Семья и социум. – Алматы: LA GRÂCE, 2017. – 221 с.
3. Голубовский П. Печенеги, торки и половцы до нашествия татар: История юж.рус. степей IX-XIII вв.: Моногр. П. Голубовского. – Киев: Унив. тип. (И.И. Завадского), 1884. – 263 с.
4. АпшоловаН.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годахXVIII в. – АлмаАта: АН СССР, 1948. – 254 с.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): бес томдық. –Алматы: Атамұра, 2002. – Т. 3. – 768 б.
6. Алдаспан. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының шығармаларжинағы. – Алматы: Жазушы, 1971. –278 б.
7. ВитевскийВ.Н. И.И.Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до1758 г. – Казань: Типолитогр. В.М. Ключникова, 1897. – Т.1. – С. 160.
- 8.Тынышпаев М. История казахского народа. – Алма-Ата: Қазақ Университеті, 1993. – 224 с.
9. Вяткин М. Султаныи бии // Қазақтың атазандары. Құжаттар, деректержәнезерттеулер. – 10 томдық / Бас ред.: Зиманов С.З. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – Т. 2. – С. 217.
10. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: Наука, 1961. – 741с.
11. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих иликиргиз-кайсацких Орд и степей. –Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
12. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: РПК “СЛОН”, 2012. – 735 б.
13. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрліжүйесі. (Ғылым ред. және жоба жетекшісі Н. Өлімбай). Энциклопедия. – Алматы: РПК “СЛОН”, 2012. – 736 б.
14. Сәнік З., Садықанұлы Б. Қаракерей Қабанбай. – Алматы: Жазушы, 1991. – 176 б.
12. Залеский Б. Қазақ даласының тіршілік-тынысы. – Астана: Аударма, 2003. – 264 б.
13. Липец Р. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. – Москва: Наука, 1984. – 263 с.
14. Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскериөнері, салт-дәстүрлері). – Алматы: Дәуір, 1996. – 256 б.
15. Никифоров Н. Аносский сборник. Собрание сказок алтайцев с примечаниями Г.Потанина // Зап. Западно-Сибирского отдела РГО. – Омск, 1915. – Т. XXXVII. – С.28.
16. Плетнева С. Печенеги, торки и половцы в южнорусских степях // Материалы исследования по археологии. – 1958. – № 62. – С. 78.
17. Көшекбаева А.А. Қазақ эпосындағы ат образы: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Алматы, 2009. – 29 б.

Н. Мұқаметханұлы, Д.А. Мадиев
Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

ҚЫТАЙДЫҢ БАТЫС БӨЛІКТІ ҚАУЫРТ ИГЕРУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ШЫҢЖАҢНЫҢ ШЕКАРА ӨҢІРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫ

Аңдатпа. Шыңжаң ҚХР-дың батысына орналысқан әкімшілік-территориялық бірлік. Бұл ауданның мемлекет үшін геосаяси, геоэкономикалық, әлеуметтік маңызы өте зор. Сондықтан, Қытай билігі аймақтың саяси тұрақтылығы мен экономикалық дамуына соңғы жылдары ерекше көңіл бөлінуде. Аймақтың географиялық орналасу ерекшеліктері, жер қойнауында жатқан мол қазба байлықтар және сақталып отырған ұлтарлық мәселелерге байланысты ҚКП бұл аймақты түбегейлі өзгерту саясатын жүргізуде. Соның бір парасы - «Батысты қауырт игеру» - «Шыңжаңды қауырт игеру» стратегиялық жоспары болып табылады. Бұл жоспарды жаңа ғасырдан бастап жүзеге асырып келеді. Соның нәтижесінде Шыңжаңның шекара өңіріндегі аудандарының әлеуметтік-экономикалық дамуы тездеді, инфрақұрылымдары жақсарды, кәсіпкерлік дамыды, тұрғындардың демографиясы өсті, әл-ауқаттары артты, әлеуметтік құрылыстар қанат жайып, қалалар қалыптасты, ауыр және жеңіл өнеркәсіп орындары салынды, халықаралық қатынастары кеңейді, шекара бойындағы сауда экономикалық байланыстар дамыды. Шекара бойында ашылған еркін экономикалық зоналардың дамуы, және оның Қазақстанмен ынтымақтастығы, тіпті, Орта Азия және Батыс елдері арасындағы қатынастарының дамуы, туристік байланыстар кеңейді. Жалпы, Қытайдың шекара өңірі әлуетінің күшеюінің Қытай үшін стратегиялық мән-маңызы ең маңызды болып табылады. Бұдан Қазақстан үлгі алуы керек, сәйкесті түрде шекара аудандарын дамытуы қажет.

Түйін сөздер: Батыс бөлікті қауырт игеру, Шыңжаңды қауырт игеру, шекара маңы аудандар, шекара бойы саудасы, стратегия.

Мухаметханұлы Н., Мадиев Д.А.
КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Аннотация. Синьцзян это – административно-территориальная единица, расположенная на западе Китая. Этот регион имеет огромное геополитическое, геоэкономическое и социальное значение для страны. Поэтому власти Китая в последние годы уделяют особое внимание политической стабильности и экономическому развитию этого региона. Учитывая географическое положение региона, обилие минеральных ресурсов в недрах и сохраняющейся межнациональные проблемы, КПК проводит политику радикального изменения региона. Одним из аспектов этой политики является «Стратегическое развитие Запада» - «Интенсивное развитие Синьцзяна». План осуществляется с начала нового века. В результате улучшилось социально-экономическое развитие районов Синьцзяна, улучшилась инфраструктура, развилось предпринимательство, выросла демография населения и благосостояние народа, были расширены социальные объекты, построены города, основаны тяжелая и легкая промышленность, расширены международные отношения, сложились приграничные торгово-экономические связи.

Это дал толчок развитию свободных экономических зон, открытых на границе и его сотрудничеству с Казахстаном, и даже развитию отношений между странами Центральной Азии и Запада. А также привел к расширению туристических связей в регионе. В целом, стратегическое значение наращивания потенциала Китая в приграничных регионах имеет решающее значение для Китая. Казахстан должен последовать примеру, ему также необходимо развивать свои приграничные районы.

Ключевые слова: интенсивное развитие западной части, интенсивное развитие Синьцзяна, приграничные районы, приграничная торговля, стратегия.

Mukhametkhanuly N., Madiev D.A.
al-Farabi Kazakh National University Almaty, Kazakhstan

Summary. Xinjiang is an administrative unit located in western China. This region makes a huge geopolitical, geo-economic and social significance difference for the country. Therefore, the Chinese authorities in recent years have been paying particular attention to the political stability and economic development of this region. Taking into account the geographical position of the region, the abundance of mineral resources in the subsoil and the continuing ethnic problems, the CCP pursues a policy of radical change in the region. One of the aspects of this policy is “Strategic Development of the West” “Intensive Development of Xinjiang”. The plan has been implemented since the beginning of the new century. As a result, the social, economic and infrastructure development of Xinjiang

areas improved, entrepreneurship developed, population demography and well-being of the people increased, social facilities and international relations were expanded, cities were built, heavy and light industry was founded, and trade and economic links were established. This gave impetus to the development of free economic zones opened at the border and its cooperation with Kazakhstan, and even the development of relations between the countries of Central Asia and the West. And also led to the expansion of tourist links in the region. In general, the strategic importance of building China's capacity in border regions is crucial for China. Kazakhstan should follow the example; it also needs to develop its border areas.

Keywords: intensive development of the western part, intensive development of Xinjiang, border areas, cross-border trade, strategy.

Кіріспе

Қытай Халық Республикасы (ҚХР) ХХІ ғасырдан бастап «Батыс бөлікті қауырт игеру» стратегиялық жоспары аясында Шыңжаңды қауырт игеру саясатын жүзеге асырып келеді. Соның нәтижесінде қазір Шыңжаңның шекара өңірінің әлеуметтік жағдайы жақсарып, экономикалық сауда байланыстары дамып келеді. Қытайдың бұл тәжірибесінің Қазақстан үшін қолданбалы маңызы бар деп санаймыз. Сондықтан осы мақаламызда осы стратегияның қабылдануы, жүзеге асыру механизмі және оның әлеуметтік нәтижелерін қарастырмақпыз.

Талқылау

Қытай Халық Республикасының әлеуметтік-экономикалық тарихы мен оның қазіргі дамуына ғылыми сипаттама берілген кеңес қытайтанушылары мен дипломатиялық корпусстың қызметкерлері, олардың ішінде Қ. Тоқаев, К. Сыроежкин, Е.С. Баженова, Ю.В. Фролова сияқты ғалымдардың еңбектерін атап айтқан абзал [3].

Деректері

Мақаланың деректік негізі қазақ, орыс, қытай және батысеуропалық деректерге негізделеді. Сонымен қатар, Қытай ғалымдарының жарияланған материалдары мен Қазақстан сыртқы саясатының мұрағатының жарық көрген деректері және Қытай елінен алынған құжаттар қалыптастырады.

Әдістері

Қолданылған методологиялық және теориялық тәсілдеріне келер болсақ, тарихи зерттеу тәсілдері кең қолданылды. Оның ішінде тарихи оқиғалардың қалыптасуын, дамуын, өзара байланысын көрсететін тарихилық тәсілі, эмпирикалық тәсіл қолданылды.

Нәтижесі

Шыңжаңды қауырт игеру және шекара өңірінің әлеуметтік экономикасының дамуы ҚХР-дың, «Батыс бөлікті қауырт игеру» стратегиясы – Қытайдың жалпы әлеуметтік экономикалық даму жоспарының құрамдас бөлігі болып табылады. Осы стратегияның аясында «Шыңжаңды қауырт игеру» саясаты да 2000 жылдан бері атқарылып келеді. Соның нәтижесінде Қазақстанмен шекараласатын Қытайдың Іле Қазақ автономиялы облысы мен Боратала Моңғол автономиялы облыстары өңірлерін басып өтіп Батыс елдеріне қатынап жатқан халықаралық маңызы бар күре жолдардың іске қосылуы – шекара маңы аудандарының әлеуметтік жағдайын дамыта түсуде. Өйткені бұған мемлекеттік деңгейде көңіл бөлініп отыр.

ҚХР үкіметі Шыңжаңның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту жоспарын 2050 жылға дейінгі «Батысты қауырт игеру» стратегиялық бағдарламасы аясында іске асыруды көздейді. Сондықтан олардың алдына қойған басты міндеттері:

1. Аймақтың ауыл шаруашылық саласын дамыту;
2. Әлеуметтік қолдау жүйесін қалыптастыру;
3. Инфрақұрылымды дамыту;
4. Қалалық мекендерді көбейту [1].

Бірінші міндеттің орындалуы. Шыңжаңның солтүстік-батыс шекара өңіріндегі ауыл шаруашылығы ел экономикасына елеулі үлес қосып отырған маңызды салалардың бірі болғандықтан оған қашан да назар аударылады.

Қазіргі таңда «Батысты қауырт игеру» бағдарламасының 2011-2030 жылдарға белгіленген екінші кезеңі жүріп жатыр. Жаңа өндіріс орындары, транзиттік тасымалын арттыратын инфрақұрылым және әлеуметтік нысандар құрылысы жүргізілуде. 2016 жылы Іле-Қазақ автономиялық облысында өндірілген өнімнің жалпы құны 156 млрд 230 млн юаньді құраған, бұл 5 жыл бұрынғы көрсеткішпен салыстырғанда 11.4% өскен [2].

Шекара өңірінің әлеуметтік-экономикасын арттырып отырған саланың біреуі туризм. Соңғы жылдары аймақта жаңа туристік қызмет көрсету айтарлықтай дамыған. Туризмнің дамуына шекара бойында ашылып жатқан Еркін экономикалық зоналардың үлесі зор болып тұр. Шыңжаңның туристік компаниялары

туристерге «Көне Жібек жолы» маршруты бойынша жүріп өтуді, тауға шығу, көне қалаларды аралау, аңшылық, жергілікті халықтың салт-дәстүрімен танысу, экологиялық экскурсия жобалары бойынша қызмет көрсетуде.

Туризмнің арқасында шекара өңірінің ішкі және сыртқы сауда көлемі, қоғамдық тамақтану желісі өседі, транспорттық байланыс жақсарады, тұтыну товарлары мен дәстүрлі қолөнер өнімін өндірушілер көбейіп, жергілікті экономиканың жандануына септігін тигізуде.

Соңғы жылдары ШҰАА жетекші инфрақұрылымдық салаларының жедел дамуына, оның ішінде авто және теміржол құрылысына, аэропорттар мен гидротехникалық және энергетикалық нысандардың құрылысына миллиардтаған юань инвестиция тартуда. Он екінші бесжылдықтың жоспарына сәйкес ҚХР Үкіметі өңіріндегі транспорттық инфрақұрылымды жақсарту, Батыс Қытайдың негізгі көлік торабының транзиттік әлеуетін арттыру мақсатында ШҰАА көлік жүйесін белсенді дамытуды бастады.

2006-2010 жылдар аралығында Шыңжаңда көлік және байланыс саласындағы негізгі қорларға 67,2 млрд юань салынды, бұл жоспарланған деңгейден 12,0 млрд юаньға артық. Атап айтқанда, 2010 жылы көлік пен коммуникациялар саласына салынған инвестициялар көлемі 24,8 млрд юаньды құрады, бұл жоспарланған деңгейден 9,8 млрд юаньға артты. 1965 км жоғары жылдамдықты, 3223 км магистральды жолдар, 8000 км ауылдық жолдар салынды. Осы уақыт аралығында теміржол құрылысына 47,6 млрд юань қаражат салынған, ол өткен бесжылдықпен салыстырғанда 11,2 есе артқан. Солтүстікбатыс шекара өңірінде Цзинхэ-Инин-Қорғас, Күйтүн-Бәйтүн және Шыңжаңның басқа өңірлерінде бірқатар стратегиялық маңызы бар теміржол желісі салынды. 2010 жылы Шыңжаңдағы қолданыстағы теміржол ұзындығы 1068 км-ге артып, жалпы ұзындығы 4093 км жеткен [3]. Мұндай инфрақұрылымдық жобалар аймақтың халықаралық байланыстарын нығайтып, экономикалық даму деңгейін арттыруға үлкен септігін тигізеді.

Алашанькоу-Достық бағыты бойынша 2009 жылы (381,5 км) пайдалануға берілген Үрімші-Цзинхэ учаскесі Орталық Азия елдерімен жүк тасымалдау көлемін едәуір арттырды. ШҰАА-нан темір жолмен тасымалданған жүк көлемі 2010 жылмен салыстырғанда 7% -ға артты.

Шыңжаңның автожолдар қатынасына да ерекше көңіл бөлінуде. Ляньюньган-Қорғас автожолы елдің шығысынан батысын көктеп өтіп, Батыс елдеріне баратын бірденбір жолға айналды.

Қытай үкіметі шекара өңірінің әлеуметтік экономикалық даму қарқынын жеделдетудің бірден бір құралы ретінде шекара маңы экономикалық ынтымақтастық аймақтарының құрылысын кеңейтіп салды. Бүгінгі таңда, ҚХР-дың шекара өңірлерінде ашылған 14 осындай аймақтың үшеуі солтүстік Шыңжаңның шекара өңірінде орналасқан. Олардың қатарында 1992 жылы құрылған Инин (Құлжа), Тачэн (Шәуешек), Болэ (Боратала-Моңғол автономиялық облысы) шекара маңы экономикалық ынтымақтастық аймақтарды атауға болады.

2010 жылы Шыңжаңды дамыту орталық кеңесінде, шекара бойына жақын жердегі Қашғар және Қорғас қалалары ерекше экономикалық даму аймақтары болып бекітілді.

2018 жылы Үрімші-Қорғас жоғары жылдам теміржол магистралі қолданысқа берілді. Бұл жолды ҚХР-дың ақпарат кеңістігінде «Қытай жүргізіп жатқан Жаңа Жібек жолының негізі» және «Шекаралас мемлекеттердің қай-қайсысына да стратегиялық маңыз бар темір жол» [4] деп санады.

2011 жылы ҚХР Мемлекеттік Кеңесі қабылдаған «Қорғас пен Қашғарда экономикалық даму аймақтарын құруға қолдау көрсету туралы ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің бірқатар пікірлері» деген құжатта, Шыңжаң арқылы Орталық, Оңтүстік және Батыс Азияға шығуға, логистикалық мүмкіншіліктерін пайдалана отырып шекара маңындағы сауда-саттықты жүргізуге, және өңірдің жалпы транзиттік, экономикалық әлеуетін арттыруға болады [5] – деп көрсетілген.

Ал, ынтымақтастық аймағының инфрақұрылым құрылысына және негізгі қорларға салынған инвестиция көлемі 5 млрд юаньнан астам. Экономикалық ынтымақтастық аймағында 435 әртүрлі типтегі кәсіпорындар тіркелген, олардың ішінде 103 өндірістік өнеркәсіп орны, өнім көлемі 100 млн юаньнан асатын 7 кәсіпорын, 10 млн юаньнан асатын 26 кәсіпорын бар. Өнімін ел ішіне де, экспортқа да шығаратын кәсіпорындар шоғырланған [6].

Демек, Қытайдың Қазақстанмен шектесетін өңірлердің әлеуметтік инфрақұрылымы да, экономикалық өндіріс жүйесі де заманауи талапқа сай қалыптасты деуге болады. Мұның өзі белгілі мағынада Қазақстан үшін үлгі әрі сын деп санаймыз. Шекара бойындағы сауда-экономикалық байланыстарының дамуы

Шыңжаңның шекара өңірі аудандарының әлеуметтік-инфрақұрылымдарының жақсаруы, оның, тіпті жалпы Қытайдың сауда-экономикасының қарқынды дамуына негіз қалады. Сондай-ақ, ол Қытай шекара аудандарының қауіпсіздігін нығайтуға да қолайлы жағдай жасады.

Шыңжаңның сыртқы саудасы шекара маңы сауда қатынастарымен тығыз байланысты. Соңғы жылдардағы Шыңжаңның сыртқы саудасының тең жартысы шекара маңы сауда-саттығының үлесіне тиеді

[7]. Өйткені Шыңжаңның географиялық орнымен дамыған имфрақұрылымы шет елдерімен тығыз сауда-экономикалық қарым-қатынастар жасауына қолайлы болды.

Қытайдың Шыңжаң арқылы Қазақстанмен және Орталық Азиядағы мемлекеттермен шекара бойында сауда-саттық жсау XX ғасырдың 80-ші жылдары басталған болатын. 1990 жылы 23 қарашада Қазақ КСР мен ҚХР Шыңжаң үкіметтері өзара экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастықты дамыту жөніндегі келісімге қол қойды. Тараптар тауар алмасу, көлік қатынасы, байланыс, энергетика, ауыл шаруашылығы және туризм саласында ынтықтастықты дамытуға келісті [8].

1991 жылы Қазақстан егемендік алғаннан кейін екі елдің арасындағы саудабайланыстары жаңа даму кезеңге қадам басып, екіжақты сауда-саттық көлемі үздіксіз ұлғайып отырды.

1992 жылы Қытай мен Қазақстан арасындағы сауда-саттық көлемі 432 млн АҚШдолларды құрады. Мұның ішінде Қытайдың Қазақстанға шығарған экспорт өнімі 205 миллион АҚШ долларына жетті, Қазақстанның импорт өнімінің 43,7% ұстады. Қытай Қазақстаннан 227 миллион АҚШ долларының бұйымдарын импорттады, бұл Қазақстанның экспортның 16,3% құрады [9].

1992 жылы ақпанда бұрынғы Премьер-министр С.А. Терещенконың Қытайғасапары екі жақты сауда-экономикалық қатынастың әрі қарай дамуын ілгерлетті. Сапар барысында бірқатар құжаттарға қол қойылды. Соның ішінде мемлекеттік шекарадан өтуөткізу бекеттерінің ашылуы туралы келісімге (Қорғас (Қазақстан) – Қорғас (ҚХР), «Достық» (Қазақстан) – «Алашанькоу» (ҚХР), «Бақты» (Қазақстан) – «Бақты» («Покиту». ҚХР) бекеттеріне халықаралық мәртебе берілді) қол қойылды.

Екі елдің шекара бойындағы саудасы, 1992 жылы 10 тамызда «Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы шекара бойындағы өткізу бекеттерін ашу туралы келісімге» қол қойылғаннан кейін жандана түсті.

1993 жылдың алғашқы жартысында Қытай мен Қазақстанның сауда-саттығы 116 миллион АҚШ долларына жетіп, мұның ішінде Қазақстанның Қытайға шығарған экспорты 84 миллион АҚШ долларды, Қазақстанның экспортының 12,1%-ын құрады.

1993 жылы қазан айында Қазақстан Президенті Н. Назарбаев алғашқы рет ҚытайХалық Республикасына ресми сапармен барды. Сапар барысында Нұрсұлтан Назарбаев пен Цзянь Цзэминь екі мемлекеттің өзара қатынасының қағидаларын айқындайтын ресми құжатқа – «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы достық және өзара қатынастың негіздері туралы Бірлескен Декларацияға» қол қойды. Онда кәсіпорындардың арасындағы өзара қарым-қатынастар мен ынтымақтастықты жан-жақты дамытады, экономикалық ынтымақтастықтың барлық нысандарын көтермелейді [10, 162б.], деп мәлімдеді.

1994 жылы Қытай-Қазақстан екі елдің сауда-саттық мөлшері 218,7 миллион АҚШдолларына жетіп, оның ішінде Қытайдың импорттық үлесі 148,9 миллион АҚШ доллары болса, экспорттікі 69,8 миллион АҚШ доллары болды. Ал, 1995 жылы екі елдің саудасаттық мөлшері артып, 328 миллион АҚШ долларын құрады [9].

1998 жылы Қытай мен Қазақстан арасындағы тауар айналымы 560 млн доллар болса, бұл көрсеткіш 2001 жылы 1 млрд 570 млн долларға жеткен. Бұл көрсеткіштің тең жартысы Қазақстан мен Шыңжаң арасындағы сауда айналымының үлесінде.

Шыңжаңның Орталық Азиядағы бес елмен 1991-2000 жылдар аралығындағы сыртқы сауда көлемі 6 млрд 892,5 млн АҚШ долларды құраған, оның 70% Шыңжаңның Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанмен арадағы шекара маңындағы сауда үлесіне тиесілі [11].

XX ғасырдың соңы-XXI ғасырдың басында Қазақстан мен Қытайдың шекара өңірінде екіжақты сауда-экономикалық байланыстар белсенді жүзеге аса бастады. Қазақстанмен және Қытай арасындағы шекара бойындағы сауданың қарқынды дамуының статистикалық мәліметтеріне сәйкес, Шыңжаң мен Қазақстан арасындағы шекаралық сауда көлемі 2000-2006 жылдар аралығында Шыңжаңның жалпы сыртқы тауар айналымының 50 пайызынан астамын құрады [12].

2000-2008 жылдар аралығында Қазақстан-Қытай сауда байланыстары жаңа деңгейге көтерілді. 2007 жылы Қазақстан мен Шыңжаң арасындағы тауар айналымы 9,2 млрд АҚШ долларын құрады, 2008 жылы-12,24 млрд АҚШ долларына дейін өсті [1].

2008 жылы басталған қаржылық дағдарыстың салдарынан екі елдің сауда көлемі біршама төмендеді. Бірақ 2010 жылы Қытай-Қазақстан сауда көлемі артты. 2011 жылы Қазақстан-Шыңжаң саудасы бірінші рет 10 млрд доллардан асты, ал импорт-экспорттың жалпы құны 10 млрд 597 млн долларға жетті. Қытай Қазақстанның маңызды сауда әріптесі және экспорттық серіктесіне айналды.

Қазіргі таңда Шыңжаңның шекара бойында 15 шекара өткізу бекеті жұмыс істейді, соның бесеуі Қазақстан-Қытай шекара бойында орналасқан. Олардың қатарында Алашанькоу-Достық, Қорғас, Бақты, Жеменей-Майқапшағай, Қалжат-Дулаты (Алматы облысы) секілді кедендік бақылау бекеттері бар. Соның ең

үлкені Қорғас бекеті. Бұл өткізу бекеті Шыңжаң Іле Қазақ автономиялы облысының Қорғас (Хочэн) уезінде орналасқан. Ол екі ел арасындағы ең маңызды өткізу бекеті болып саналады.

«Қорғас» өткізу бекеті 1983 жылы 16 қарашада ҚХР Мемлекеттік Кеңес рұқсатымен қайтадан ашылды. 1992 жылы «Қорғас» шекаралық өткізу бекеті халықаралық транзиттік тасымал бекеті мәртебесіне ие болды. «Қорғас» шекаралық өткізу бекетінің өткізу қабілеті жылына 3 млн. жолаушылар мен 2 млн. тонна жүкті құрайды. Қытайдың «Қорғас» шекаралық өткізу бекеті Қытайдың Орталық Азия мен Еуропаға шығу «терезесі» болып табылады.

Бақты өткізу бекеті Іле-Қазақ автономиялы облысының Шәуешек аймағында орналасқан. Ол Шыңжаңнан Орталық Азия мен Еуропаға бағытталған жолдың маңызды өткелі. 1992 жылы қарашада Бақты шекаралық өткізу бекеті ресми түрде үшінші елдер үшін ашық болып жарияланды. Оның өткізу қабілеттілігі жылына 200 мың тонна жүк пен 100 мың жолаушылар тасымалын құрайды [13].

Ал, Жеменей өткізу бекеті Алтай аймағының Жеменей (Зимунай) ауданында. Оның қарсы бетінде Шығыс Қазақстан облысының Майқапшағай бекеті орналасқан. Өткізу қабілеті жылына 100 мың тонна жүк пен 50 мың жолаушыны құрайды [14].

«Достық-Алашанькоу» өткелі халықаралық статуска ие. 1999 жылы өткел арқылы өткен жүк көлемі 3, 68 млн.тоннаға жетті, 2000 жылы – 4, 7 млн тонна. «ДостықАлашанькоу» өткелі арқылы тасымалданатын жүк көлемінің көрсеткіші жылдан жылға артып, 2011 жылы тасымалданған жүк көлемі 16 млн тоннадан асып түскен. Ал 2017 жылдың алғашқы 8 айында, тасымалданған жүктің жалпы көлемі 6 млн 700 мың тоннаны құраған [15]. Жалпы, «Достық-Алашанькоу» халықаралық өткелі жұмыс істей бастаған уақыттан бері, өткел арқылы тасымалданған жүктің көлемі 110 млн тоннадан асқан [16].

Кедендік бекеттердің Шыңжаңның халықаралық сауда-экономикалық байланыстарын нығайтудағы маңызы зор.«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын (ШЫХО) құру ҚХР-дың Төрағасы Ху Цзиньтаоның 2005 жылғы 4-5 шілдедегі Қазақстанға жасаған сапары барысында екі ел үкіметі «Қорғас ШЫХОсының қызметін реттеу туралы Келісіміне» қол қою арқылы бекіткен. Келісімге сәйкес «Қорғас» ШЫХО-сының аумағы Қазақстандағы бөлігі 120 гектар, ал Қытайдағы көлемі 343 гектар жерді құрады. Орталықтың атқаратын негізгі қызметтері:

- Мемлекеттердің индустриалды-инновациялық саясатын жүзеге асыру;
- Шетелдік капиталды тарту арқылы аймақтың экономикасын жандандыру, инвестициялық ахуалды жақсарту;
- экономикалық интеграция және ҚР өнеркәсібінің экспорттық бағдарлы салаларын дамыту;
- сыртқы сауда операцияларына халықаралық стандарттар жүйесін енгізу;
- көліктік-логистикалық және импорттық, экспорттық, сондай-ақ, транзиттік жүк айналымына терминалдық қызметтерді дамыту;
- Ұлы Жібек жолы бойында туризм, көлік және байланыс инфрақұрылымдарын дамытуды қамтитын халықаралық туризмді дамыту;
- Жергілікті мамандарды жұмыспен қамту және кадрлардың біліктілігін арттыру болып табылады.

«Қорғас» ШЫХО 2012 жылы жұмыс істей бастады. Қазіргі кезде мұнда Қытай Өнеркәсіп-сауда банкі, Қытай Ауыл шаруашылық банкі, Қытай Құрылыс банкі, Қоммуникация банкі және басқа банктердің бөлімшелі жұмыс істейді.

Қорғас шекара бекетінің мәліметінше, 2017 жылдың алғашқы 10 айында «Қорғас» ШЫХО-ға бару үшін 4 млн 650 мың адам кедендік бақылаудан өткен, туристер саны өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда 10% артқан. Күн сайын Орталықта 5 млн юаньның тауары сатылады, негізгі тұтынушылар қытайлық және Орта Азиялық саудагерлер.

Жалпы, Қытай мен Қазақстан арасындағы сауда-экономикалық байланыстар үздіксіз даму динамикасында. 2016 жылы екі ел арасындағы тауар айналымы 7,9 млрд долларды құраса, 2017 жылы 32,6% артып, 10,5 млрд долларға жеткен [17].

Демек, шекара өңірлерінің әлеуметтік инфрақұрылымдары мен кедендік өткізу бекеттер құрылысы мен ШЫХО дамуы, Қытайдың халықаралық сауда байланыстарын айтарлықтай дамытып отыр. Әрине, оның жақсылығы мен пайдасы Қазақстанға тиімді болып тұрғанын атап айтуға тиіспіз.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Шыңжаңның әлеуметтік дамуы 1949 жылы ҚХР құрылғаннан кейін жаңа тарихи дәуірге аяқ басты. Содан бері Шыңжаң үш үлкен әлеуметтік экономикалық даму кезеңін басып өтті. Оның алғашқы кезеңі 1949-1978 жылдардағы социалистік қайта құрулар мен жоспарлы экономикалық даму кезеңін қамтиды. Бұл тұста Шыңжаңның дәстүрлі қоғамдық құрылым жүйесі түбегейлі өзгеріп, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, өндірістік жүйелерінің базасы қаланды, соған сәйкес шекара өңірлерінің де қоғамдық жағдайы өзгеріп, дами түсті. Ал Шыңжаң дамуының екінші кезеңі - 1978-2000 жылдар аралы болып

табылады. Бұл кезеңде Қытай жалпы реформа және даму дәуіріне қадам басты. Соған сайкес Шыңжаңның әлеуметтік экономикасы да қарқынды дамыды, шекара өңірлерінің әлеуметтік инфрақұрылымдары айтарлықтай жақсарды, жалпы нарықтық экономиканың жүйесі қалыптасып, сыртқы сауда-экономикалық байланыстары дами түсті.

Шыңжаңның әлеуметтік дамуының үшінші кезеңі - 2000 жылдан қазірге дейінгі мезгіл. Бұл кезеңнің басты ерекшелігі ҚХР үкіметінің «Батыс бөлікті қауырт игеру» стратегиясы аясындағы Шыңжаңды қауырт игеру науқанымен сипатталады. Шыңжаңды қауырт игеруге бүкіл Қытай бойынша 19 қала мен провинция қаржы, техника және адами ресурстарымен атсалысып, Шыңжаңның әлеуметтік экономикасын айтарлықтай дамытты, әсіресе, Шыңжаңның Қазақстанмен шектесетін шекара өңірлерінің инфрақұрылымдары заманауи талаптарға сай қалыптасты.

Соның негізінде Шыңжаңның әлеуметтік-экономикалық дамуы Шыңжаңның саяси экономикалық және стратегиялық маңызын арттыра түсті. Шыңжаң арқылы Қытайдың сыртқы байланыстары мен сауда экономикалық байланыстары кең қанат жайды.

Ал Шыңжаңды қауырт игеру саясатының жүзеге асуы, шекара өңірлеріндегі тұрғындардың әлауқатын жақсартып, шекара қауіпсіздігін күшейте түсті. Қазақстан мен Қытай арасындағы шекара маңы сауда-экономикалық байланыстары мен мәдени алмасулар айтарлықтай дамып келеді.

Жалпы алып айтқанда, ҚХР-дың Шыңжаңды дамытуының, әсіресе, шекара өңірлерінің әлеуметтік-экономикасы мен инфрақұрылымдарын заманауи талаптарға сай құруының саяси экономикалық та, стратегиялық қауіпсіздік маңызы да зор. Сондықтан Қытайдың шекара өңірлеріне қолданып отырған стратегиялық саясаты мен әлеуметтік тәжірибесінен Қазақстан үлгі алуы керек, үйренуі қажет деп санаймыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Баженова Е.С. Синьцзян и новые горизонты Великого Шелкового пути // Пространственная экономика. -2011. - №2. - С. 137-145 <https://cyberleninka.ru/article/n/sintszyan-i-novye-gorizonty-velikogo-shelkovogo-puti>
2. Shan Wei. Weng Guifen. China's New Policy in Xinjiang and its Challenges. <https://www.scribd.com/document/340729295/ART-340729295-China-s-New-Policy-in-Xinjiang-and-its-Challenges-pdf>
3. Фролова Ю.В. Экономическая политика КНР в Синьцзян-Уйгурском автономном районе в контексте интересов стран Центральной Азии//Проблемы национальной стратегии №4 (25) 2014г. 65-85 стр.
4. Statistical Communiqué of the Xingjiang Uygur Autonomous Region Statistical Bureau on 1995 Economic and Social Development. Xingjiang Daily, 27 January 1996. p. 2
5. Всемирная помощь государства в развитии Синьцзяна. /2003/09/22 <http://uz.chineseembassy.org/rus/sgxx/sgsd/t130478.htm>
6. Зона государственного приграничного экономического сотрудничества Инин <http://russian.cri.cn/881/2010/01/06/1s320771.htm> 6.01.2010.
7. Среди субъектов КНР Синьцзян лидирует по объему приграничной торговли. <http://www.kazpravda.kz/print/1297655755>
8. Сыроежкин К. Казахстан - Китай: торгово-экономические отношения // Сб. Казахстан и мировое сообщество. - 1995. - № 1 (2). - С. 62-67.
9. 侯同娣、李雪艳.新疆边境贸易研究.边疆经济与文化.2005 (9) . (Шыңжаңның шекара маңы сауда-саттық жағдайын зерттеу. Шекара аймағының экономикасы мен мәдениеті).
10. Токаев.К.К. Преодоление. Дипломатические очерки. - Алматы: ОАО «САК» НП ПИК «САУНАР», 2003 - 656 с.
11. О развитии пограничной торговли в Синьцзяне. <http://russian.china.org.cn/russian/153393.htm>
- 12.Интервью Чрезвычайного и Полномоченного посла Республкаи Казахстан Ж. Карибжанова корреспонденту газеты «Женьминь Жибао// <http://internetwebsystem.com/program/kzembassy>». 24.10.2003.
13. Сухопутный (автодорожный) КПП «Бахты». <http://russian.china.org.cn/russian/153475.htm>
14. Сухопутный (автодорожный) КПП «Зимунай». <http://russian.china.org.cn/russian/153467.htm>
15. Объем грузоперевозок через переходы Достык и Алтынкол. <https://ru.sputniknews.kz/economy/20170926/3340677/obem-gruzoperevozokcherez-perekhody-dostyk-i-altynkol-prevysit-10-mln-tonn.html> 26.09.2017.
16. Мустапаева А.Д., Рсымбетова Н.Д. Оптимизация логистических аспектов транспортно-логистического центра достык как транспортно-логистической системы в цепи поставок грузов в направлении алматы-достык kazatk.kz/material/nauka/practica1/337340.pdf 2017.
17. Отношения Казахстана и Китая выходят на новый уровень. <https://kapital.kz/economic/69671/otnosheniya-kazahstana-i-kitaya-vyhodyat-na-novyyuroven.html> 05.06.2018.

ӘОЖ 9; 93/94

Р.С. МЫРЗАБЕКОВА, М.С. МЫРЗАБЕКОВ
Әл-Фараби ат. ҚазҰУ

ТАНЗИМАТ ДӘУІРІНДЕГІ РЕФОРМАТОРЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасырда Түркияда болған реформаторлық өзгерістер және өзгерістердің алғышарты мен нәтижелері туралы баяндалады. Реформалар отыз жылдан аса уақытқа созылып, «игілікті реформалар» деп аталды. Танзимат реформалары елдің дамуындағы объективті қажеттіліктер тарапынан пайда болды. Батыстық үлгі бойынша реформа жасамаса, Осман мемлекеті прогресс жолы бойынша дамымайтын болды. Осман мемлекеті билігінде отырған мемлекеттік қайраткерлер тарапынан жүзеге асырылған реформалар, осман қоғамы үшін мазмұны жаңа, тұлғалық құндылықтар туралы, өмір мен жеке меншікке қол сұғылмау туралы, заң алдында империя құзырындағы мұсылмандар мен мұсылман еместердің теңдігі туралы түсініктер орын алып, елдің ағартушылығы мен мәдениетінің дамуында із қалдырды. Реформалардың жаңа сатысы 1830 жж. Еуропада өмір сүрген, танымал саясаткер, дипломат Мустафа Рашид-паша есімімен байланысты.

Түйін сөздер: Түркия, танзимат, реформа, Гюльханей, хроника, ағартушылық, улем

Р.С.МЫРЗАБЕКОВА, М.С.МЫРЗАБЕКОВ
КазНУ им. аль-Фараби

РЕФОРМАТОРСКИЕ ДВИЖЕНИЯ В ЭПОХУ ТАНЗИМАТА

Аннотация. В статье рассматриваются реформаторские преобразования в Турции XIX века, а также ее предпосылки и результаты. Танзимат – «упорядочение», «уложение» – основные законы Турции, обнародованные султаном Абдул-Меджидом 3 ноября 1839 года. Известной составной частью является Гюльханейский манифест, который должен был реформировать политическую жизнь Турции. Это был манифест, определявший принципы, которым намеревалось следовать правительство. Объективно все эти меры способствовали расчистке путей для буржуазного развития страны, разложению традиционных институтов, более широкому внедрению достижений европейской цивилизации. В процессе осуществления реформ создавались новые органы, которые соответствовали потребностям времени. Новый этап реформ в Турции связан с известным политиком и дипломатом Мустафой Решид-пашой, который в середине 1830 гг. жил в Европе.

Ключевые слова: Турция, танзимат, реформа, Гюльханей, хроника, просвещения, улем

R. MYRZABEKOVA, M. MYRZABEKOV
al-Farabi Kazakh National University

REFORM MOVEMENTS IN THE EPOCH OF TANZIMAT

Summary. Tanzimat – “streamlining”, “code” – the basic laws of Turkey, promulgated by Sultan Abdul-Majid on November 3, 1939. Its famous integral part is Gulkaney Manifesto, which had been intended to reform the political life of Turkey. It was manifest that determined the principles the government intended to follow. Objectively, all these measures contributed to the clearing of the ways in capitalist development of the country, degradation of traditional institutions, the wider introduction of achievements of European civilization. In the process of implementing the reforms there were established new bodies that met the needs of the time. A new stage of reforms in Turkey is associated with the well-known politician and diplomat Mustafa Rashid Pasha, who lived in Europe in the mid 1930s.

Keywords. Turkey, Tanzimat, reform, Gulhaney, Chronicle, Enlightenment, Ulem.

Кіріспе

Түркия, Қытай және Жапония сияқты бірқатар Шығыс елдері үшін XIX ғасыр реформалар нышаны аясында өтті. Оларды зерттеу бүгін де өзекті мәселелердің бірі. Мұндай тәжірибе қазіргі адамзаттың реформаторлық ұмтылуларын сараптау үшін қажет. Әсіресе, экономикалық және ғылыми техникалық үдерістің жылдам қағидасымен анықталатын жағдайлар үшін ерекше құнды болатыны сөзсіз. Түркияда

болған реформаторлық өзгерістерге, әсіресе, «игілікті реформалар» деп аталып, отыз жылдан аса уақытқа созылған (1839-1876 жж.) «Танзимат и хайрийе» реформаларын терең зерттеуге деген қызығушылық та осыдан туындап отыр.

Түркиядағы реформалардың жаңа сатысы, белгілі дипломат, саясаткер, 1830 жылдары Еуропада өмір сүрген, Парижде, Лондонда Түркия елшісі болған, Еуропаның саяси өмірімен жақсы таныс Мустафа Решид-пашаның есімімен байланысты. 1839 жылы осы кісінің қатысуымен Абдул Меджид сұлтанның атынан реформа бағдарламасы жарияланды. 3 қараша 1839 жылы сұлтанның Гюльхан сарайының алдында сұлтан бұйрығы жарияланып, түркияда «игілікті өзгерістер» – танзимат-и-хайрийе орын алатындығы айтылды. Араб тілінен аударылғанда, танзим – реттеу деген мағына береді. Бұл Түркия тарихындағы жаңа реформалық кезең – танзимат – қайта ұйымдастырулар аталған реформалар дәуірін бастап берді. «Гюльхане хатт-и шериф» үш негізгі жаңарту мақсатын жария етті: 1) діни сенімдеріне қарамастан империяның барлық бағынышты халықтарының өмірін, ар-ұжданын және дүние-мүлкінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; 2) салықтарды дұрыс жинау және әділетті бөлу; 3) әскери қызмет мерзімін қысқарту.

Танзимат реформалары осман қоғамындағы ең маңызды экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени өзгерістерге себепші болды. «1839 жылғы 3 қарашада жарияланған «Гюльханей» деп аталған Декларация туралы бүкіл әлем өз пікірлерін білдірді», - деп жазды XIX ғ. 40-50 жылдарында Кіші Азияға келген орыс саяхатшысы Петр Чихаев [1]. – «Бұл манифест Түркия тарихында жаңа дәуірдің негізін қалап, Түркия үшін Қайта Өркендеу дәуірінің басталғанын жариялады» [2].

Сол жылдардағы оқиғалар қазіргі тарихнамада Түркияның «еуропалануы» деп анықталып жүрген үрдістің бастауы болып, оның мәні, ұзақ онжылдықтарға созылған Осман мемлекетінің әлемдік капиталистік жүйеге интеграциялануында болды.

Талқылау

Осман империясының әлеуметтік-экономикалық тарихы мен оның мәдени дамуына ғылыми сипаттама берілген кеңес шығыстанушылары, олардың ішінде А.Д. Желтяков, Е. И. Маштакова, М.С. Мейер, А.Ф. Миллер, А.Д. Новичев, Ю.А.

Петросян, А.С. Тверитинова сияқты ғалымдардың еңбектерін атап айтқан абзал [3].

Деректері

Мақаланың деректік негізі орыс, түрік және батысеуропалық деректерге негізделеді. Сонымен қатар, Ресей мемлекеттік әскери-тарихи мұрағатының жарияланған материалдары мен Ресей сыртқы саясатының мұрағатының жарық көрген деректері және Стамбул қаласының кітапханаларынан, оның ішінде, Стамбулдағы Исламтану орталығының кітапханасынан алынған құжаттар қалыптастырады.

Әдістері

Қолданылған методологиялық және теориялық **тәсілдеріне** келер болсақ, тарихи зерттеу тәсілдері кең қолданылды. Оның ішінде тарихи оқиғалардың қалыптасуын, дамуын, өзара байланысын көрсететін тарихилық тәсілі, эмпирикалық тәсіл қолданылды.

Нәтижесі

Танзимат реформалары елдің дамуындағы объективті қажеттіліктерден пайда болды.

Әлеуметтік-экономикалық артта қалушылығына байланысты Осман империясы Еуропаның аграрлы шикізат көзіне айналды. Англия, Франция, Австрия сияқты еуропалық мемлекеттер Осман империясынан жібек, жүн, тері, май өнімдерін, зәйтүн майын, темекі, жаңғақ, опиум сияқты шикізаттарды алып отырды. Осман империясының ішіне кіргізетін тауарлардың қатарын мақта-мата өнімдері, жүннен жасалған маталар, метал мен шыныдан жасалған өнімдер, дәрі-дәрмек, өңделген тері өнімдері құрады. Сұлтан иеліктерінің шикізат көзі мен капиталистік елдердің тауар өткізу нарығына айналуы ауыл шаруашылығының құлдырауына, өндірістің төмендеуіне, жалпы экономиканың әлсіреуіне алып келді.

Еуропада XIX ғасырдың бірінші жартысында өнеркәсіп төңкерісі аяқталғаннан кейін, қала қолөнерінің дамуына мүмкіндік күрт азайып, көптеген салалар құлдырауға ұшырады. Анатолияда дамыған өндіріс орталықтары зиян шекті. Бурса, Анкара, Диарбақыр, Амасья, Токаттағы мақта-мата, жүн, тері, жібек, метал өңдеу орталықтары құлдырап кетті.

XIX ғасырдың 30-шы жылдары Кіші Азияның экономикалық жағдайын зерттеген орыс саяхатшысы М.П. Вронченко, Анкарада жүн өңдейтін станоктардың саны 2000-нан 100-ге қысқарғанын көрсетеді, Себебі, еуропалық ангор жүнінен дайындалған өнімдер екі есе арзан тұрған [4].

Сауданың одан ары қарай дамуы мен қалыптасуына, біртұтас ішкі нарықтың болмауы, феодалдық тәртіптердің үстемдік етуі, империяның экономикалық жағдайының тұрақсыздығы ықпал етті.

Осман экономикасының біржақтылығына, баяу дамуына әлеуметтік процестер де өз ықпалын тигізді. Империяның біртіндеп әлемдік экономикалық жүйенің шектері аймағы болу, жергілікті буржуазияның қалыптасуына қиындық туғызды.

Тауар-өндіріс кәсіпкерлігі саласындағы кедергілер, осман қоғамының ауқитты адамдарын жериелену саласына итермеледі. Сипахий жүйесінің жойылуымен, ірі жер иелігі қалыптасты, іс жүзінде бұндай жерлер мемлекет меншігі болып есептелді. Феодалдық абсолюттік тәртіптің қалыптасуы, бұл топтың саяси қуатының өсуіне кедергі келтірді, оның экономикалық билігінің тамырларына ықпал еткен жоқ. Феодалдық топтардың қолында жерге бақылау шоғырланғандықтан, ауылдық жерлерде феодалдық тәртіптер сақталды.

Осман империясындағы мемлекет тұжырымдамасы тек діни сипатта болды. Дін саяси басшылықтың заңдылығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етті. Сонымен қатар, дін Осман империясының орталығы мен шеткі аймақтарын байланыстырушы буын болып табылды. Осман империясындағы бүкіл жергілікті басқару ислам дінбасыларының қамқорлығында болды. Олар барлық басқару элементтерінің қызметтерін бақылап отырды. Осман бюрократиясы екі бюрократиялық құрылымнан тұрды. Оның біріншісі азаматтық бюрократия, ал екіншісі медреседе оқыған адамдардан құралған «діни бюрократия» болды. «Діни бюрократтар» мен улемдер үш маңызды саланың, яғни, білім беру жүйесі, сот жүйесі және шарифатты түсіндіру салаларының қызметтеріне жауапты болды.

Діни тұғырнамада тұрған феодал-шенеуніктерге сүйенген түрік сұлтаны (халиф) елді күйреуге ұшыратты. Бір кездердегі мықты мұсылман елі басқарушы таптың, яғни, түрік сұлтаны мен діни тұғырнамада тұрған феодал-шенеуніктердің саясатының салдарынан жойылды. Түрік сұлтаны исламның негізінде қуатты, дамыған мемлекет құруды жалғастырудың орнына, дінді билікті ұстап тұру мен өз халқын тонау құралы ретінде пайдаланды. Мұндай саясаттың салдарынан Осман империясы ғылымтехникалық прогресске сүйенетін қуатты өнеркәсіп құра алмады.

Осман империясын басқарған элитаның ең көреген өкілдері, әсіресе, Батыс Еуропада болып, ондағы саяси жүйемен, экономикалық және мәдени өмірдің ахуалымен танысқандары, Осман мемлекеті батыстық үлгі бойынша реформа жасамаса, прогресс жолында даму мүмкіндігінен айырылады деген ойға келді.

XIX ғасырдың бірінші сұлтаны III Селим (1789-1807 жж.) басталған реформалардың одан әрі қарай жылғасуы мен жүйеленуіне мүмкіндік туғызды. Реформалармен ауыртпалықтар да қатар жүрді. III Селим билігіндегі үшінші жылы, 1788/1792 жж. орыс-түрік соғысы, Яссин бітімімен аяқталды, ол Осман империясының территориясындағы христиандарды қорғау деген сылтаумен, Қырымның Ресейге қосылуына алып келді.

Танымал батыс тарихшылары Б.Льюис және Ст.Шоу III Селимнің жаңалықтарын әртүрлі бағалайды. Б.Льюис Осман империясының барлық жағын қамтыған реформаларға үлкен мән берсе, Ст.Шоу бұл өзгерістерді «дәстүрлі реформизм» деп бағалайды. Өзгерістердің нәтижелерін өзге империялардағы өзгерістердің нәтижелерімен салыстыра келе, екінші көзқарасты көптеген батыс еуропалық авторлар қолдайды [5].

II Махмуд (1808-1839 жж.) тұсындағы реформалардың маңызы мен нәтижелері құндырақ. Бұл сұлтанның тұсында модернизация процесі барлық империялық құрылымдарды қамтыды. Сондықтан, оның билеу кезеңін тарихшылар «вестернизация» кезеңі деп атайды [6].

II Махмудтың билікті орталықтандыру жолындағы алғашқы бастамасы 1808 жылғы Сенед-и иттифак (Одақтастық пакт) қызметінен басталды. Ол аяндардың ықпалын азайту үшін күрестен басталды. Оларды Батыс Еуропалық ірі феодалдармен салыстыруға болады, бірақ, олардың өмір сүруін сұлтанның өзі заңдастырған. Уақыт өте келе, аяндар институты мемлекетті орталықтандыру жолындағы негізгі кедергі болды. Ұзақ күрестен кейін, аса ірі аяндардың ықпалы азайтылып, сұлтан беделі қайта қалпына келтірілді.

Осман империясындағы еуропалық мемлекеттердің ықпалынан азайту үшін, ең алдымен, әскери салада реформа бастады. Жаңа әскери бөліктер Низам-и джедид, «жаңа секбандар» отряды (Секбан-и джедид), II Махмуд тұсында «Жеңімпаз әскердің» қалыптасуы батыс мамандары мен кеңесшілерінің көмегімен қалыптастырылды. Әскери теңіз, әскери инженерлік мектептердің қалыптасуы да осындай жолмен іске асырылды. Батыспен жақындасуға мүмкіндік жасаған тағы бір қадам, еуропа мемлекеттерінің астанасында Осман империясының тұрақты елшіліктерінің ашылуы. 1826 жылы әскердегі қайта құруларға наразы болған янычарлар II Махмуд сұлтанға қарсы шықты. Улем кеңесі, янычарларды өлім жазасына кесілуге тиісті көтерілісшілер деп жариялады. 17 маусым күні 500 жылдық тарихы бар янычарлар корпусы таратылды.

II Махмудтың билігінің соңғы жылдары модернизациялық өзгерістердің белсендірілуімен сипатталады. Ол әскери істер ғана емес, қаржы және мемлекеттік басқару саласында да көрініс алды. 1831 жылы тимар жүйесі жойылды, ол әлеуметтік-экономикалық құрылымды анықтады да, Осман империясында жаңа жер қатынастарының негізін қалады. Осыдан кейін ескірген везират институтының орнына незарет институты, өзгеше айтқанда, министрліктер жүйесі қалыптасты. Мәжіліс сияқты әртүрлі кеңесші органдардың ұсыныстары жаңа реформалардың негізіне жатқызылды. II Махмудтың билігінен бастап, сұлтанның самодержавиясы еуропалық мемлекеттер жүйесінің сипатын біртіндеп қабылдай бастады.

II Махмуд реформалары монархтың жеке билігінің күшеюіне алып келді, түрік қоғамының прогресіне аз үлес қосты. Түріктер өздерін бұрынғыдай империяның қожайынымыз деп есептеді, бірақ іс жүзінде, экономикалық, мәдени, этникалық жағынан дамудан тек еуропа халықтарынан ғана емес, өз қол астындағы халықтардың өкілдерінен де қалып кету, біртіндеп барлық салалардың түріктердің ықпалынан шығып бара жатқанын байқатты. II Махмұдты ауыстырған оның үлкен ұлы Абдулмеджид (1839-1861 жж.) 17 жасында таққа отырды. Ол осман тарихында француз тілін білетін бірінші билеуші еді. Ол реформаларды өткізуге деген шешуші қимылымен емес, батыс ықпалын қолдаушылығымен тарихта қалды. Алғаш рет, билеуші элитада консервативті қанат қалыптасты, ол қанаттың мүшелері батыстық өзгерістерге қарсы болды.

Қарастырылып отырған мәселе шеңберінде әкімшілік басқарудың әртүрлі бөліктерін жаңашылдандыру, соның ішінде, едиди-вахит жүйесін, салық салу, ақы төлеу, қылмыстық құқық сияқты мәселелерді жаңартуды ерекше айту керек. Сонымен қатар, Стамбулдағы шет елдік елшілердің жеке басының қауіпсіздік мәселесін қамтамасыз ету, яғни, елшінің құқығының қолсұғылмаушылығы да өзгеріске ұшырады. Ферман деп аталатын құжат арқылы шет мемлекеттің елшілерінің қолсұғылмаушылығы қамтамасыз етілді. «Ферман» бағытын алу, Осман мемлекетіндегі өзгерістерді еуропалықтар өз бақылауына алады дегенді білдіретін еді. Танзимат дәуірінің көрнекті қайраткері Фуадпаша осы мәселе туралы былай дейді: «Мемлекетте екі күш бар. Күштің біреуі жоғарыдан әрекет етсе, екіншісі, төменнен әсер етеді. Біздің елімізде жоғарыдағы күш біздің ұсыныстарымызды бейтараптандырады. Халықтың күшін сезіну мүмкін емес, сондықтан біз, сыртқы күшті пайдалануға мәжбүрміз. Елшіліктер сыртқы күш болып табылады» [7].

Қоғамды реформалаумен қатар, сұлтан указы өзге мәселелерді де қамтыды. Бұл жерде отансүйгіштік тәрбие беру туралы алғаш рет айтылады.

Танзимат реформасының өзі екі кезеңді, біріншісі 1839-1856 жылдарды, ал екіншісі 1856-1871 жылдар аралығын қамтыды.

1856 жылғы Танзимат дәуірінің екінші сатысында 9 министрлік – теңіз, сыртқы істер, юстиция, қаржы, халық ағарту, полиция, сауда, қоғамдық жұмыс, вакуф құрылды. Ұлы уәзір канцеляриясы ішкі істер министрлігінің қызметін алды. Ұлы уәзірмен бірге министрлер, империяның Жоғарғы Кеңесін қалыптастырды, олар апта сайын жиналып отырды. Жоғарғы Кеңестің төрағасы сұлтан, ол жоқ кезде Ұлы уәзір болды. Осы кезеңде реформаны жүргізгендер – Али Паша мен Фуад Паша. Жаңа қылмыстық Кодекс енгізілді, оның көп тұстары француздардан алынды. 1844 жылы астанада 800 мың адам өмір сүрді, 30 жылдан кейін олардың саны 1 миллион 200 мың болды. Олардың 620-сы мұсылмандар, 580-і мұсылман еместер еді [8]. Стамбулда әскери-медициналық училище ашылды, алғашқы бастауыш зайырлы мектептер ашылды. 1874-1875 жылдары Стамбулда 264 бастауыш мектеп, 25 қыз балаларға арналған мектеп жұмыс істеді. 1868 жылы Стамбулда бірінші зайырлы орта мектеп – Галатасарай лицейі ашылды. Ол түрік интеллигенциясының қалыптасуына үлес қосты. 1869 жылы жалпыға бірдей білім алу туралы заң шықты. 1900 жылы Стамбулда алғашқы үш факультеті бар университет ашылды. Университеттің алғашқы жұмыс істеу жылдары II Абдулхамид кезеңіне келеді. Қалыптасқан цензура ғылым мен оқытушылық қызметтің дамуына кедергі келтірді. 1831 жылы түрік тілінде алғашқы ресми газет - «Оқиғалар күнтізбесі» түрік және француз тілінде шықты. 1876 жылы Стамбулда түрік тілінде 13 газет болды [9].

1865 жылы Стамбулда «Жаңа Османдар қоғамы» деп аталатын жасырын ұйым құрылды. Оның құрамына 250 адам кірді, негізінен интеллигенция мен шенеуніктердің арасынан шыққандар еді. Қоғам империяда реформаның шешуші түрде іске асуын қолдады. Ұйым мүшелері либералдық көзқарастарымен танылған Мұрадты таққа отырғызуды көздеді. 1867 жылы көзқарастары ашылып қалған жаңа османдар – Намык Кемаль, Зия Бей Лондонға эмиграцияға кетіп, осында «Еркіндік» деген газет шығарды. Газет арқылы конституциялық монархияны талап етті. Газет үкіметті танзимат реформасының сәтсіздігі үшін сынады. Елде ағартушылықтың жылдам іске асуын талап етті. Тағы бір ерекшелік, «жаңа османдар» аз ұлттардың азаттық қозғалысына, оларға автономия беруге қарсы болды. Жас түріктердің османизм идеологиясы бойынша, Осман империясының барлық мүшелерінің бір отаны бар, сондықтан, өзін-өзі басқаруға ұмтылудың қажеті жоқ.

XIX ғасырдың аяғында түрік интеллигенциясының саны артты. Дәрігерлер, заңгерлер, шенеуніктер, офицерлер әртүрлі компаниядағы қызметкерлер саны көбейтілді. Олардың идеялық көзқарастарында және қоғамдық іс-әрекеттерінде сол кезеңдегі түрік қоғамындағы болып жатқан өзгерістер анық байқала бастады. XIX ғасыр Осман империясы тарихында еуропалық мемлекеттердің өркениетіне, зайырлы мемлекет сипатына ұмтылумен сипатталады.

Танзимат реформалары Осман империясының қоғамына маңызды экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени өзгерістер алып келді. Түркияның буржуазиялық жолға біртіндеп ауысуына, ескімен жаңаның күресі нәтижесінде өркениеттің жаңа бетін ашуға мүмкіндік алды.

Батыстан алынған буржуазиялық идеялар әртүрлі салалардан көрініс алды. Атап айтқанда, құқықтан, мемлекеттік басқарудан, ағарту саласынан.

Ал қоғамда реформалық әрекеттерді одан әрі тереңдетуді қолдаған либералдық топ-саудагерлер, кәсіпкерлер еуропалық біліммен тәрбиеленген қызметкерлер мен әскерлер болды. Олар 1865 жылы «Жаңа османдар» дейтін жасырын ұйым құрды. Оның жетекшісі белгілі жазушысы Намык Кемал болды. 1876 жылы бұл ұйымның күшімен либералдар сұлтан Абдул Азизді тақтан түсірді. Сөйтіп, сұлтандық билікке II Абдул Хамит келді. Ол 1876 жылы желтоқсанда конституцияны екі палаталы парламентті бекітіп, азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын жариялады. Конституция мемлекеттік тіл - түрік тілі, мемлекеттік дін – ислам діні деп жарияланды.

XIX ғасырдың соңында реформаторлықтың жаңа толқыны түріктердің ұлттық қозғалысы түрінде көрініс берді. Түріктердің ұлттық қозғалысы XIX ғасырдың 50-60 жылдары басталды. Қозғалыстың бастапқы кезеңінде артушылық сипаты басым еді. «Жаңа Османдар» ұйымының мүшелері және белгілі ағартушы, жазушы Намык Кемал бастаған бірқатар зиялы топтар түрік тілінің дамуының және оның әдеби тіл дәрежесіне көтерілуіне, ағарту ісіне зор үлестерін қосты. Ендігі реформалық қозғалыс толқынының өкілдері империяның тұтастығын сақтау шараларын іздестірді. 1889 жылғы Стамбулда «Бірлік және прогресс» (Иттихад ве теракки) партиясы құрылды. Бұл ұйымның бөлімдері провинциялары мен шетелде де құрылды. Ұйымның алға қойған жақын арадағы мақсаты – конституциялық мемлекет құру болатын. Реформалық шаралар жүгізіп, елдің экономикасын көтеру, қоғамды жан-жақты жаңарту көзделді. Бұл қозғалыстың өкілдерін «жас түріктер» деп атады.

Қорытынды

Төмендегідей пікір білдіруге болады: 1839-1853 жылдар аралығында өткен танзиматтың бірінші сатысы мемлекеттік басқару, экономика, мәдениет саласындағы өзгерістерге толы болды. Атап айтқанда, бұл шаралар елдің буржуазиялық даму жолына түсуге алғышарт жасады, деревня мен қалалардағы дәстүрлі институттардың жойылуына түрткі болды, еуропалық өркениеттің жетістіктеріне қол жеткізілді. Бірақ олар, империяны сақтап қалу үшін, билеуші топтың өкілдерімен жүргізілді. Сондықтан, қалыптасқан тәртіптерге тек жартылай өзгерістер әкелді. Реформаторлардың өздері қоғамда қолдау тапқан жоқ, тұрғындардың негізгі тобының өміріне жеңілдіктер енген жоқ. Сонымен бірге, шетел мемлекеттерінің араласуын тоқтататын өзгерістерге қол жеткізілмеді.

1856 жылы танзиматтың екінші сатысы басталды. Оның негізгі тұстары 1856 жылғы Хатт-и-хумаюн ережесінде баяндалды. Бұл ішкі өзгерістерді көздеген кең жоба болатын. Танзимат кезеңінде мемлекеттік құрылымдардың ішкі ұйымдары бірқатар өзгерістерге ұшырады. Реформа барысында жаңа ұйымдар қалыптастырылды, бұл ұйымдар уақыт талабынан туындаған – министрлер кеңесі, жалпы империялық және арнайы ұйымдар, өзін-өзі басқару ұйымдары еді. Мемлекетті басқару мәселесін коллегиялды түрде шешу үшін, азаматтық және әскери басқару ұйымдарында әртүрлі арнайы кеңесші ұйымдар құрылды. Бұндай ұйымдарға – Қаржы, Есеп, Полиция, Почта, Телеграф, Адмиралейство, Жер мәселесі, Өнеркәсіп, Қосымша салық ұйымдары жатады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Чихачев П.А. Письма о Турции. Источники на турецком языке. – М. Изд-во вост. лит., 1960. – 86 с.
2. Дулина Н., Новичев А., Петросян Е. Танзимат и Мустафа Решид-паша. – Москва: Наука, 1984. – 256 с.
3. Желтяков А.Д. Печать в общественно-политической и культурной жизни Турции (1729-1908). – М.: Наука, 1972. – 320 с.; Новичев А.Д. Гюльханский хатт-и-шериф 1839 года и его внешнеполитический аспект. Тюркологический сборник. – Москва: Наука, 1973. – 282 с.; Маштакова Е.И. К истории турецкоевропейских литературных связей XVIII в. // История и филология Турции. – М.: Ин-т востоковедения, 1976. – 97 с.; Мейер М.С. К вопросу об изменении в структуре и составе правящего класса Османской империи в XVIII в. // Проблемы истории Турции. – М.: Наука, 1978. – 221 с.
4. Сборник некоторых важных известий и официальных документов (сприложениями Смирнова В.Д.). – Санкт-Петербург: Унив. тип., 1881 (Казань). – LXXXV с., 264 с. старо-араб. паг.; 20
5. Султан Махмуд // Вестник Европы. – СПб., январь-февраль 1830.
6. Султан Махмуд и министры его // Сын отечества. – Т. 3. – Ч. V. – СПб., 1839.
7. Убичини М.А. Изображение современного состояния Турции. – СПб.: В Тип. Подд-ния Собственной Е. И. В. Канцелярии, 1854. – 146, 3 с.
8. Хрестоматия по всеобщей истории государства и права: Уч. пособие / Под ред. З.М. Черниловского. Сост. В.Н. Садилов. – Можайск, 2004. – 412 с.
9. Хрестоматия по новой истории: в 3-х тт. / Под ред. А.А. Губера. – М.: Мысль, 2005. – Т.2. – 752 с.

УДК 378

Нурмухамбет Ә.Б., Сайн Э.Д.

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

**МАРКЕТИНГОВЫЕ СТРАТЕГИИ МЕЖДУНАРОДНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЙ
КАЗАХСТАНА**

Аннотация. Данная статья посвящена истории и теоретическим аспектам формирования маркетинговых стратегий международной деятельности предприятия на рынке товаров повседневного спроса. Дано понятие рынка товаров повседневного спроса, определена классификация товаров повседневного спроса периода независимости. Выявлены основные факторы, учитываемыми при организации системы стратегического управления. Охарактеризованы основные стратегии международного маркетинга: товарные, сбытовые, конкурентные, внешнеэкономические в зависимости от внешнеполитических.

Ключевые слова: рынок товаров повседневного спроса, FMCG, международные стратегии, независимость, выход на внешний рынок, экстернализация, интернализация, посредничество, франчайзинг.

Нурмухамбет Ә.Б., Сайн Э.Д.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**ҚАЗАҚСТАН КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАРКЕТИНГТІК
СТРАТЕГИЯЛАРЫ**

Аңдатпа. Мақала күнделікті сұраныстағы тауарлар нарығында кәсіпорынның халықаралық қызметінің маркетингтік стратегияларын қалыптастырудың тарихы мен теориялық аспектілеріне арналған. Күнделікті сұраныстағы тауарлар нарығына түсінік берілді, Тәуелсіздік кезеңіндегі күнделікті сұраныстағы тауарлардың жіктелуі анықталды. Стратегиялық басқару жүйесін ұйымдастыру кезінде ескерілетін негізгі факторлар анықталды.

Түйін сөздер: күнделікті сұраныстағы тауарлар нарығы, FMCG, халықаралық стратегиялық, тәуелсіздік, экстернализация, интернализация, франчайзинг.

Nurmukhambet A.B., Sayn E.D.

al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

MARKETING STRATEGIES OF KAZAKHSTAN ENTERPRISES' INTERNATIONAL ACTIVITIES

Summary. This article is dedicated to the history and theoretical aspects of the formation of marketing strategies for the international activities of an enterprise in the market of everyday goods. The concept of a market for consumer goods is given, the classification of consumer goods for the period of independence is defined. The main factors that are taken into account when organizing a strategic management system are identified. The main strategies of international marketing are characterized: commodity, marketing, competitive, foreign economic, depending on foreign policy.

Keywords: consumer goods market, FMCG, international strategies, independence, access to foreign markets, externalization, internalization, mediation, franchising.

Введение

Приобретение независимости Республикой Казахстан способствовал вхождению в поле рыночных отношений, закреплению статуса частной собственности в Конституции РК. История экономического и политического признания Республики Казахстан как молодого независимого государства мировым сообществом и утверждение нашей страны в системе мировых координат неразрывно связаны с процессом формирования и укрепления его не только государственности, но и реализации экономических реформ и создания демократической правовой основы казахстанского общества. Анализ современной истории нашего государства позволяет проследить процесс эволюции казахстанской экономики, прошедшей сложный путь

от актуальных для международной торговли формирования маркетинговых стратегий международной деятельности предприятия на рынке товаров повседневного спроса. В итоге на сегодняшний день Казахстан является одним из лидеров в СНГ по основным экономическим показателям, одной из первых на постсоветском пространстве наша республика была признана Европейским союзом и США как государство с рыночной экономикой. Всемирным банком Республика Казахстан включена в число двадцати государств мира, наиболее привлекательных для инвестиций. Таким образом, Казахстан первым из стран СНГ приобрел инвестиционный страновой рейтинг. Подобное признание нашей страны на уровне мировой макроэкономики, влечет за собой положительные политические последствия. Появились в обиходе новые понятия такие как: рынок товаров повседневного спроса, FMCG, международные стратегии, выход на внешний рынок, экстернализация, интернализация, посредничество, франчайзинг, которые являются определенным двигателем не только экономики, но и статуса и положения Казахстана на мировой арене.

Рынок товаров повседневного спроса FMCG (Fastmovingconsumergoods) представляет собой экономическую систему, включающую производство, обращение и распределение товаров широкого потребления. *Товары повседневного спроса* – это экономические блага, предназначенные для широкого потребления. Отличительными особенностями принятия решений о покупке товаров повседневного спроса потребителями являются: частота; быстрота; регулярность; отсутствие продолжительного сравнения с аналогичными товарами [1, с. 5157]. *Классификация товаров повседневного спроса* [2, с. 17-18]:

Основные товары – это товары, покупаемые регулярно для удовлетворения насущных потребностей потребителя (например, хлеб, сигареты, чай, молоко, сахар и др.);

Товары импульсивной покупки – это товары, покупаемые потребителями спонтанно, для удовлетворения внезапно возникшего желания (например, покупка у кассы в магазине во время оплаты покупок основных товаров, журналов, жевательной резинки или конфеты);

Экстренные товары – это товары, покупаемые без предварительного выбора для удовлетворения внезапной и острой потребности в них (например, покупка электрической батарейки для автосигнализации, покупка зонтика из-за неожиданно начавшегося проливного дождя, покупка необходимых автозапчастей при поломке машины в дороге).

Система стратегического управления международной деятельностью компании на рынке товаров повседневного спроса основана на стратегических целях компаний, на будущей структуре компании и ее потенциале.

Основными факторами, учитываемыми при организации системы стратегического управления, являются:

- Тенденции развития рынка и внешней маркетинговой среды;
 - Состояние и специфику конкурентной борьбы на целевом международном рынке, стратегические направления деятельности основных компаний-конкурентов;
 - Наличие управленческих ресурсов и возможностей компании (финансовых, торговых, информационных, товарных и др.) путем определения сильных и слабых сторон компании в конкурентной борьбе;
 - Основная концепция развития компании, ее глобальные цели и задачи международной предпринимательской деятельности по основным стратегическим зонам.

Успешное проникновение компании на внешний рынок, во-многом, зависит от правильности выбора и тщательности разработки маркетинговой стратегии для достижения поставленных целей международным маркетингом.

Стратегия международного маркетинга представляет собой совокупность правил и методов для принятия решений на всех уровнях менеджмента компании, по которым определяются: отношения фирмы с ее внешней средой; виды выпускаемой продукции и технологии их производства; сбытовая и конкурентная политика; отношения внутри предприятия; результаты деятельности в настоящем и в перспективе.

Стратегия международного маркетинга исходит из основных целей развития предприятия и предусматривает: изучение потребителей; планирование продукции и ее продвижение; ценовую политику; координацию работы различных функциональных подразделений и альтернативные действия в конкретных ситуациях. Таким образом, маркетинговая стратегия на международном рынке представляет собой систему действий предприятия, при которой его внутренняя среда адаптируется к внешним условиям. Выбор стратегии международного маркетинга может быть обусловлен различными причинами, например, необходимостью продления жизненного цикла товара, увеличением потенциала рынка с целью расширения объема производства и экономии на масштабах, использованием сравнительных преимуществ зарубежных рынков по условиям конкуренции и емкости рынка.

Стратегическое управление международной деятельностью компании на рынке товаров повседневного спроса является совокупностью целого ряда подсистем, таких как: ассортиментная стратегия; товарная или продуктовая стратегия; маркетинговая сбытовая стратегия; рыночная конкурентная стратегия; внешнеэкономическая стратегия и многие др. [3, с. 41-49].

Товарные стратегии на рынке FMCG предусматривают простой, усложненный и сложный ассортимент продуктового портфеля, а именно [4, с. 27-28]:

Простой или моно - продуктовый портфель состоит из одного вида товара или одной категории товара (например, Соса-Cola или Pepsi – Cola являются брендами одного безалкогольного напитка);

Усложненный продуктовый портфель состоит из двух или трех видах продуктов (например, Cadbury Schweppes выпускает безалкогольные напитки и кондитерские изделия);

Сложный или мульти-продуктовый портфель включает более трех видов продуктов (например, разнообразная продукция компаний Procter&Gambel, Nestle, Unilever и др.).

На рынке FMCG для управления и расширения сбыта применяется, преимущественно, стратегия интенсивного сбыта, при которой вне зависимости от формы деятельности формируются сложные сбытовые цепочки с использованием максимального числа торговых посредников. Важнейшим преимуществом этой стратегии, обеспечивающим ее наиболее частое практическое применение, является максимизация охвата рынка, а недостатком является сложность контроля товарооборота.

Основными рыночными конкурентными стратегиями, применяемыми на рынке FMCG являются [5, с. 17-19]:

1. *Стратегия расширения рынка сбыта путем выхода на внешние рынки* – используется в случае максимального охвата национального рынка. Новыми рынками сбыта при применении данной стратегии становятся рынки стран, где отмечается активный экономический рост, повышение благосостояния населения, а, соответственно и рост частоты потребления, а также сдвиг спроса в сторону более дорогих товаров.

2. *Стратегия поглощения лидеров в наиболее привлекательных и выгодных сегментах* – применяется крупнейшими мировыми компаниями, имеющими большие финансовые и материальные ресурсы.

3. *Стратегия поглощения лидеров путем реструктуризации портфеля продуктов бренда* – является одним из самых распространенных методов повышения продаж крупных компаний, имеющих сложный мульти-продуктовый портфель.

4. *Стратегия образования альянсов с конкурентами* – основным преимуществом использования данной стратегии является трансформация конкурентов в партнеров по бизнесу.

5. *Стратегия управления инновациями* – предоставляет возможность эффективного выведения новых товаров на рынок FMCG.

Основными этапами принятия решения компании о выходе на зарубежный рынок являются:

1. Взвешенная оценка стоимости, ресурсов, степени риска, инвестиций, управленческих компетенций и уровня контроля за процессом выхода на зарубежный рынок;

2. Четкое осознание и понимание своего времени выхода на рынок для принятия решения выбора стратегии, т.е. стать первопроходцем и первым предпринять попытку выхода на новый рынок или стать последователем, следуя за компанией-лидером;

3. Определение масштаба выхода на новый зарубежный рынок путем быстрого агрессивного захвата зарубежного рынка или постепенного последовательного, сегмента за сегментом, расширения бизнеса;

4. Выбор ключевого рынка для последующего выхода на другие международные рынки.

Основными внешнеэкономическими стратегиями для выхода компании на зарубежный рынок являются: интернализация, посредничество и экстернализация.

Стратегия интернализации представляет собой инвестиционный способ расширения бизнеса путем иерархического построения бизнеса, предполагающий осуществление полного контроля ведения бизнеса на целевом зарубежном рынке посредством полного владения компанией в иностранном государстве. Основными формами интернализации являются: филиал головной компании и отдельное предприятие, независимое от головной компании. Основными инвестиционными стратегиями выхода на зарубежный рынок путем иерархического построения бизнеса являются: покупка уже существующего бизнеса или построение новой компании.

Покупка уже существующего бизнеса на целевом зарубежном рынке – осуществляется путем слияния или покупки контрольного пакета акций уже существующей компании в целевой стране. Основными преимуществами данной стратегии проникновения на международный рынок являются [6, с.27]:

- Обеспечение высокого уровня контроля ведения бизнеса;
- Меньшие затраты, чем при построении нового бизнеса;
- Обеспечение компании определенной доли на целевом рынке;
 - Снижение будущей конкуренции за счет поглощения потенциального конкурента.

Основная сложность покупки готового бизнеса в другой стране заключается в необходимости знаний всех законодательных ограничений и правил приобретения бизнеса на территории этой страны; наличия достаточного штата специалистов высокой квалификации для проведения слияния и организации интеграционных процессов между компаниями; проведения полного тщательного анализа потенциального объекта для покупки.

Построение новой компании на территории целевого иностранного государства является еще одной инвестиционной стратегией проникновения на международный рынок и предусматривает расширение бизнеса компании на международном внешнем рынке посредством строительства нового производственного объекта. Основными преимуществами данной инвестиционной стратегии проникновения на международный рынок являются: минимизация рисков; обеспечение полного контроля за ведением бизнеса в целевой стране; максимальная оптимизация бизнес-процессов между головной компанией и компанией, расположенной в целевой стране. Основными недостатками являются высокие затраты на строительство нового производственного объекта и длительность по времени выхода на международный рынок.

Таким образом, для иерархического построения бизнеса характерны: высокий уровень контроля над ведением бизнеса в другой стране; высокая степень рисков; низкая гибкость.

Стратегия посредничества на зарубежном рынке – это такой вид международной деятельности на зарубежном рынке, когда компания не полностью — вид работы с внешними рынками, предполагающий разделение компанией и посредником не только владения бизнесом на иностранной территории, но и определенную степень ответственности и контроля, путем передачи компанией посреднику своих знаний опыта, навыков и части ресурсов и получения в обмен от посредника гарантии выполнения на целевом зарубежном рынке стратегии компании и определенной гарантии выполнения плана продаж, установленного компанией [7, с.114-120].

Основные виды посредничества на зарубежном рынке: лицензирование; совместное предприятие; контрактное производство; франчайзинг.

Лицензирование в международной деятельности компании – представляет собой такой вид посредничества, при котором компанией одной страны передаются права другой компании (лицензиату) из другой страны по использованию своих уникальных процессов производства, патентов, товарных знаков, технологических достижений и других ценных навыков за вознаграждение, установленное договором. Основными преимуществами лицензирования, как организации международной деятельности компании являются: установление компанией для лицензиата жестких условий по соблюдению бизнес-процессов и маркетинговой стратегии компании; оптимизация организации производства на территории иностранного государства является удобным способом организации местного производства на целевом внешнем рынке; низкий уровень капиталовложений. Основными недостатками лицензирования, как организации международной деятельности компании являются: возможность при завершении сроков действия контракта с посредником утраты уникальности знаний о бизнесе и самостоятельного применения посредником полученного ценного опыта работы на рынке, что приведет к трансформации посредника из партнера в сильного конкурента; сложность установления контроля за деятельностью лицензиата по соблюдению им маркетинговой стратегии и установленных правил работы компании.

Контрактное производство, как форма посредничества на международном рынке, заключается в передаче лицензиату производства компании на целевом международном рынке при сохранении за головной компанией функций маркетинга, продаж, послепродажного сервиса и дистрибуции. Преимуществами контрактного производства являются: отсутствие необходимости в строительстве собственных производственных площадок на зарубежном рынке, что приводит к значительному снижению затрат; сохранение контроля компании за осуществлением самых важных функций маркетинга, продаж, послепродажного сервиса и дистрибуции; преодоление высоких входных барьеров на целевой рынок; отсутствие необходимости адаптации цены под конъюнктуру рынка. Недостатками контрактного производства являются: сложный процесс перевода производства высокотехнологичных продуктов в другую страну; трудность нахождения в другой стране компетентного, надежного партнера, вызывающего доверие; наличие рисков заимствования ценных навыков работы и технологий и их самостоятельное применение бывшим партнером на целевом рынке в долгосрочной перспективе.

Совместное предприятие – это такая форма посреднической деятельности, когда компания и один из игроков целевого зарубежного рынка создают на территории целевой зарубежной страны предприятие с

разделением степени ответственности и рисков между собственниками. Основными преимуществами совместного предприятия для компании являются: доступ к дистрибьюторской сети партнера, к его контактам и знаниям рыночной специфики на целевом рынке, разделении рисков с партнером, производственной базы партнера, снижение затрат на проникновение на зарубежный рынок, устранение высоких входных барьеров на зарубежный рынок. Основными преимуществами совместного предприятия для партнера компании являются: доступ к знаниям, патентам, технологии, ресурсам компании, разделении рисков с компанией. Недостатками создания совместного предприятия на зарубежном рынке как стратегии выхода на внешние рынки является риск возникновения разногласий и управленческих конфликтов из-за разных приоритетов и целей компании и ее партнера [8, с. 81-88].

Франчайзинг на международном рынке – это особый вид посреднической деятельности и является разновидностью лицензирования международной деятельности, когда одна компания (франчайзер) предлагает право на конкретный вид бизнеса в виде лицензии на осуществление деятельности под своей торговой маркой другой компании (франчайзи) за оплату (роялти), используя разработанную систему ведения бизнеса [9, с.16]. Через систему франчайзинга крупные фирмы осуществляют захват новых рынков с минимальным для риска для себя. В свою очередь мелкая фирма на целевом рынке, благодаря постоянной поддержке материнской фирмы, использует систему франчайзинга для скорейшего открытия своего дела на своем национальном рынке, а также для быстрого преодоления проблем, возникающих на первоначальном этапе создания предприятия. Однако при внедрении и развитии франчайзинга существуют и недостатки, связанные с определенными рисками, а именно: сложность внедрения франшизы в существующие компании на рынке (освоение новых правил и технологий ведения бизнеса, подчинение стандартам); недостаточное количество специалистов, которые занимаются постановкой на предприятии франшизы; большая степень недоверия к франшизе из-за недостаточной степени осведомленности предпринимателей; необходимость со стороны франчайзера постоянной поддержки и контроля франчайзи. Тем не менее, несмотря на наличие определенных рисков, система франчайзинга дает значительно больше преимуществ, чем недостатков, поэтому активно используется во всем мире.

Таким образом, характерными чертами посредничества, как способа организации международной деятельности предприятия, являются: трансформация потенциальных конкурентов в партнеров; разделении рисков и контроля; снижение затрат на совместную собственность и управление.

Стратегия экстернализации – это экспортная деятельность, предполагающая производство товаров и услуг на основном внутреннем рынке компании и их продажу на целевом зарубежном рынке. Основными направлениями экспортной деятельности, в зависимости от степени делегирования полномочий, являются: прямой; косвенный; совместный экспорт [10, с. 61].

Прямой экспорт – это направление экспортной деятельности при котором продажа товаров компанией на зарубежный рынок осуществляется через заключение прямых контрактов с торговыми посредниками и дилерами зарубежного рынка, причем вся операционная деятельность ведется компанией.

Косвенный экспорт – является направлением экспортной деятельности при котором продажа товаров компании на целевом зарубежном рынке осуществляется посредником, выбранным компанией на своем национальном рынке, который имеет опыт работы и сеть дилеров на целевом зарубежном рынке.

Совместный экспорт – представляет собой кооперацию компании с другими компаниями на национальном рынке, чтобы организовать совместными усилиями прямые поставки товара на целевой зарубежный рынок. Такую стратегию предпочитают небольшие компании, не имеющие достаточные ресурсы и масштаб производства для выхода на зарубежные рынки. Преимуществами стратегии экстернализации являются минимальные риски и снижение затрат при выходе на международный рынок, а недостаток заключается в низком уровне контроля выбранных торговых посредников в целевой стране.

В процессе экспортной деятельности компания формирует понимание реального спроса на товар, определить его слабые стороны с учетом национальной специфики потребления, а затем сменить стратегию на более контролируемую, обусловленную собственным присутствием на рынке.

Таким образом, характерные особенности стратегии экстернализации заключаются в низком уровне контроля; снижение степени рисков и высокой гибкости.

Таким образом, успешное проникновение казахстанских компании на внешний рынок, во-многом, зависит от правильности выбора и тщательности разработки маркетинговой стратегии государства. Большое значение в этом процессе уделено рынку товаров повседневного спроса FMCG представляет собой экономическую систему, включающую производство, обращение и распределение товаров потребления казахстанцев. Задача государства создать стратегию интенсивного сбыта, при которой формируются сложные сбытовые цепочки с использованием максимального числа торговых посредников, использовать конкурентные стратегии на рынке FMCG: стратегия расширения рынка сбыта путем выхода на внешние

рынки; стратегия поглощения лидеров в самых привлекательных сегментах; стратегия образования альянсов с конкурентами; стратегия управления инновациями; стратегия поглощения лидеров и реструктуризации портфеля продуктов. Отечественным компаниям необходимо знать, что основными внешнеэкономическими стратегиями выхода компании на зарубежный рынок являются: стратегия интернализации (иерархическое построение бизнеса), стратегия посредничества (лицензирование, франчайзинг, контрактное производство, совместное предприятие) и стратегия экстернализации (прямой, косвенный, совместный экспорт).

Основные приоритеты Послания Главы государства Н.А. Назарбаева, направленные на продвижение нашей страны в число наиболее конкурентоспособных и динамично развивающихся государств мира, несомненно, являются предельно важным этапом в осуществлении стратегических задач в области экономики, стоящих перед независимой Республикой Казахстан.

Среди главных составляющих, которые позволят Казахстану претендовать на место в группе стран, входящих в верхнюю часть таблицы мирового рейтинга, необходимо отметить его место в мировой экономике.

СПИСОК ИСПОЛЬЗУЕМОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Гоф Л. FMCG. Продажи товаров широкого потребления. – М.: RINO, перевод с англ. Василькевич К., 2004 г., с. 51-57
2. Овчинникова И.В. Торговый маркетинг товаров повседневного спроса. – М.: Спутник +, 2017 г., с. 17-18
3. Зотов В. Ассортиментная политика фирмы. – М.: Эксмо, 2007 г., с. 41-49
4. Гуцин В. FMCG. Как наладить бизнес-процессы, обойти конкурентов, встроиться в матрицу и закрепиться на полке. – Санкт-Петербург: Питер, 2017 г., с. 27-28
5. Тейн Г. Брэдли Дж. Торговые войны. Битва за успех на прилавках и онлайн. – М.: Альпина Паблишер, пер. с англ. Андреева А., 2013 г., с. 17-19
6. Новицкий М. Покупка готового бизнеса. – М.: Феникс, 2014 г., с. 27
7. Арустамов Э. А., Андреева Р.С. Внешнеэкономическая деятельность. – М.: КноРус, 2013 г., с.114-120
8. Волков Г.А., Солodков Г.П. Международная торговля. – М.: Феникс, 2008 г., с. 81-88
9. Меркулов А., Фокин В. и др. Франчайзинг от А до Я. – М.: Феникс, 2013 г., с.16
10. Довженко Г. В., Шуниборова А. И. Стратегии выхода предприятий на внешние рынки. Журнал «THESAURUS» (№1), 2015 г., с. 61

ӘӨЖ 93/94 392.34/34.096

Г.Е. САБДЕНОВА¹, А.Н. УСЕРОВА²
¹әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы,
²Орталық Азия Университеті, Қазақстан

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМТӘРБИЕСІНІҢ ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ

Аңдатпа. Қазақ халқының дәстүрлі құқықтық мәдениеті өз тамырын ежелгі замандардан алады. Оны қазақ халқы мәдениетіндегі үлкен жетістік ретінде бағалауға болады, өйткені ол тұлғаның қалыптасуында ерекше маңызға ие болып келді. Қазақ отбасылары балаға ес білгенінен бастап қоршаған ортаға деген құрметін сіңдіруге тырысты. Өскелең ұрпақ бойына үлкендерді сыйлай білуді ұғындырды, барлық нәрсеге шыдымдылық пен мейірбандылық танытып, әдет-ғұрып пен дәстүрді ұстанып, өмір сүруді үйретті. Мұның барлығы дәстүрлі қазақ мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ол өз дамуында қоғамдық қатынастар мен халықтың шаруашылық қаракеттеріне сәйкес келетін уақыт тезінен өткен бірін-бірін алмастырып отырған қатпарлы қалыптардан тұрады. Құқықтық тәлім-тәрбие әрдайым танымдық, эстетикалық, өзара қарым-қатынас секілді алуан түрлі қоғамдық қызметтерді атқарып келді.

Түйін сөздер: қазақ халқы, этнография, қоғам, құқықтық мәдениет, ұлттық тәрбие, ислам, мәдениет

¹Сабденова Г.Е., ²Усерова А.Н.
¹КазНУ им. аль-Фараби, Алматы;
²Центрально-Азиатский Университет, Алматы

ИСТОРИЧЕСКИЕ КОРНИ ТРАДИЦИОННОЙ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ И НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ КАЗАХОВ

Аннотация. Традиционная правовая культура казахского народа берет свои корни с древних времен. Ее можно отнести к большому достижению духовной культуры казахского народа, которая стояла у истоков формирования личности. С детства в казахских семьях каждому ребенку независимо от пола прививается уважение к окружающему миру. Молодому поколению показывают как уважать старших, быть терпеливым и доброжелательным, соблюдать традиции. Все это составляет традиционную казахскую культуру. Последняя в своем развитии прошла ряд последовательно сменявшихся форм, соответствовавшим общественным отношениям и хозяйственной деятельности народа. Правовое воспитание всегда выполняло общественные функции, такие как познавательные, эстетические, коммуникативные и другие.

Ключевые слова: казахский народ, этнография, общество, правовая культура, национальное воспитание, ислам, культура

¹ Sabdenova G.E., ²Userova A.N.
¹al-Farabi KazNU, Kazakhstan, Almaty;
²Central Asian University, Kazakhstan, Almaty

HISTORICAL ROOTS OF TRADITIONAL LEGAL CULTURE AND NATIONAL NURTURING OF KAZAKHS

Abstract. Traditional legal culture of Kazakh nation takes its roots from ancient times. It can be attributed to a great achievement of spiritual culture of Kazakh nation that at the root of personality formation. Since the

childhood every child in Kazakh family independently of gender was taught to respect surrounding world. Young generations were taught to respect elders, be patient and benevolent, follow and keep traditions. All this constitutes the traditional Kazakh culture. Kazakh culture in its development passed number of changes in form, that correspond to public relations and economic activity of the people. Legal education has always performed public functions, such as cognitive, aesthetic, communication and others.

Keywords: Kazakh people, ethnography, society, legal culture, national education, Islam, culture.

Кіріспе

Қазақ тарихымен тікелей астасып жатқан дәстүрлі құқық мәдениеті мен ұлттық тәлім-тәрбие бастаулары сан ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұралар қатарына кіреді. Бұл рухани мұралар тамыры қазақтың ұлт болып ұйысуына дейінгі кезеңдерден бастау алады да, одан кейінгі тарихи кезеңдерде дамыды, түрленді және қажеттіліктерге сай жетілдіріліп келді.

Этнографиялық мәліметтерге қарағанда, дәстүрлі құқықтық мәдениет пен ұлттық тәлім-тәрбиенің бастауында күнделікті тіршілік, көшпелілік өмір мен қаракет, рутайпалық жүйе секілді халықтың болмыс-бітімі мен тұтастығын тікелей көрсететін жайттар тұрды. «Ұлы дала, қуаң табиғат, көшпелі өмір салт маңдайға жазылған соң, сол жазмышқа көндігудің бірден-бір кепілі – адамдар бір-бірін жатсынбай, біріне-бірі арқа сүйеп өмір сүруі. Бұл қажеттілікті терең сезінген көшпелілер «Адамның күні – адаммен» деген принципті тіршіліктеріне тірек еткен. Сондықтан да, әрбір көшпелі қазақ туыстық жүйені тарата білуді өмір сүрудің нормасы, моральдық-этикалық критерийі деп білген» [1, 37-б.].

Материалдар мен әдістер

Дереккөзі ретінде ұлттық тәлім-тәрбиеге, құқықтық мәдениетке қатысты бірқатар ауыз әдебиеті, тарихи материалдар мен ғылыми еңбектер алынды. Ұлттық тәрбиеге, халық тарапынан берілетін тәлімге, ілім-білімге, тәрбиелік мәні бар тәмсілдерге ерекше назар аударылды. Қазақ халқы ойшылдарының тұжырымдары талданды. Діни тәрбиеге, дәстүрлі құқықтық санаға, ұлттық мәдениет пен әдебиетке, тарих пен этнологияға қатысты қалам тартқан ғалымдардың (Арғынбаев, Зиманов, Аманжолов, Бизақов, Смағұлова, т.б.) еңбектерінде көтерілген материалдар талдаудан өтті. Сондай-ақ көптеген философиялық, педагогикалық, этикалық арнаулы ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиеттер, билер сөзі, исламдық шариат заңдары, бұқаралық ақпарат құралдарының мағлұматтары пайдаланылды.

Әдістері

теориялық-қисындылық, нақты-тарихылық, топтастыру-жүйелеу, салыстырмалы-құқықтық, логикалық, талдау әдістері жұмыстың өзегін құрайды. Сол секілді мақалада елімізге белгілі ғалымдардың тұжырымдары негізге алынды. Бұл айтылғандар зерттеудің әдістемелік және теориялық негіздерін құрайды. Дегенмен ең алдымен мақалада тарихи-құқықтық талдау басшылыққа алынып отыр. Мақаланың кейбір тұстары осынысымен де құнды. Өйткені тарихи-құқықтық талдаудан өткен ғылыми ізденістер саны отандық тарихнамада мейлінше азшылықты құрайтындығы белгілі. Мұның өзі ғылыми ізденістердегі пәнаралық ұстанымдардың қажеттілігін де аңғартады.

Талқылау

Бұрын тарих, этнология, педагогика, философия, әдебиет, т.б. ғылым салаларында бұл мәселе біршама көтерілгенімен, оның көпшілік аспектілері тарихи-құқықтық талдаудан толымды түрде өте қойған жоқ. Мәселенің жекелеген қырлары құқық ғылымы саласында арнайы сөз етіліп, жеке қарастырылмаған. Сондықтан да осы мәселеге қатысты бірлі-жарым айтылған тұжырымдар мен ұсыныстарды ескере отырып, ғылыми түрде негізделуі қажет деген ойдамыз. Тәлім-тәрбие қай кезде де кез келген қоғамның басты міндеті болған. Әсіресе оған бұрыннан-ақ гуманитарлық ғылым салалары өз үлестерін қосып келеді. Қазір де тәлім-тәрбиеге және құқықтық санаға маңыз беріп, атабабаларымыздың ұрпақтарын тәрбиелеудегі тәсілдерін орнықтыру көкейкесті мәселе болып отырғандықтан берілетін ұсынымдардың маңызы зор деп санауға болады.

Қазіргі таңда пәнаралық зерттеулер ғылымның барлық салаларына еніп келеді. Сол себепті отандық тарих пен мәдениеттегі барлық мәселелерді кешенді түрде қарастырған абзал. Сонда ғана біз отандық тарих ғылымы мен этнографияның түйінді мәселелерін нақты шешуге қол жеткізе аламыз.

Нәтижесі

Дәстүрлі қазақ қоғамы әрқашан «баланы жастан» тәрбиелеуге ұмтылды. Оның бойына ертеден-ақ ақ пен қара, ақылды мен ақымақ, жақсы мен жаман, шындық пен өтірік, күшті мен әлсіз, ысырап және обал мен сауап секілді қарама-қарсы категорияларды сіндіріп, жақсылыққа жетелеуге тырысып отырды. Осындай наным-сенімдерді зердесіне ұялатқан ата-бабаларымыз ғаламды басқарушы ғаламат күш бар. Ол – Тәңірі деп ұққан. Жүрсе-тұрса Тәңірісін есінен шығармай, одан күш-қуат беруді тілеген. Өмір бар жерде өлім барын көзімен көріп, өлгендерді қастерлеген. Оларды аруаққа айналдырып, Тәңірі мен адамдар арасындағы

тілеуқор ретінде қараған. Барлық жақсылық та, жамандық та отбасынан басталатынына көздері жетіп, тәлім-тәрбие басын отбасынан бастаған. Тәрбие басы – бесіктен деген қағиданы нық ұстанған. Әлбетте, басқаға тәлім-тәрбие беру үшін оған өзі лайықты болуы керек. «Бүкіл әлемнің белгілі бір заңдылықтарымен өмір сүретінін қазіргі заман ғылымы жан-жақты дәлелдеп отырғаны мәлім... Соның ішінде бұл заңдылықтар адамзаттың жан дүниесі мен рухани ішкі өмірін де қамтиды» [2, 3 б.]. Сондықтан да, егер адам қате ұстанымды дұрыс деп қабылдаса, онда сол ұстанымға сай істері де қате, нәтижесі де теріс болады. Сол үшін тәлім-тәрбие о баста дұрыс жол мен ұстанымға сәйкес берілгені жөн деген тәмсіл халық арасында кеңінен таралған.

Қазақ қоғамы табиғатты аялау, еркіндікті сезіну, адамды сыйлау, намысын сақтау, адамдық қасиетін жоғалтпау, сөзде тұру, қонақжайлық көрсету, уәдеге берік болуы сынды қасиеттерді ұрпақтан ұрпаққа сіңдіріп отырды. Мысалы, Н.Л.Зеланд (1833-1902) қазақ халқының тұрмысы мен әдет-ғұрып заңдарын зерттеп, өзінің «Қырғыздар» деген этнологиялық очеркінде: «...Жүйке салауаттылығы адамның иманды, өнегелілік бейнесінен де жақсы көрінеді. Жаны жайсаң адам өзгелерге де іш тартады. Қазақ ниетімен ақ көңіл; ол сондай-ақ қастерлі қасиеттерге адал, басқаның қайғы-қасиетіне ортақтас, қонақжай, күйзелген, күйінген кезде салауатты және төзімді. Қазақтардың әдептілік тәлім-тәрбиесінің бастаулары көпшілік ұйғарымдарынан, тәжірибе қорытындыларынан тұрады. Атап айтқанда, не нәрсе болса көз жеткізу, иландыру, шындық пен әділдіктен, ақиқаттан айнымау, берген антына берік болу, аманатқа борышта болмау; ар-ождан тазалығын сақтау, ақыл-ойлы, парасатты болу, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен, қарым-қатынасынан, көзқарасынан ғибрат исі шығып тұру, үлкендерді тындау, құрметтеу, достық пен татулықты сақтау, т.б. Қатыгездік пен кекшілдік қазақтар арасында кездеспейді десе де болады» [3, 235 б.] – деп жазып қалдырған.

Ал В.И.Даль: «Қазақ жеріне өттің екен, әмияныңды қалтаңа салып қой. Жылтыратып тиын санап отырғаның бұл елдің (қазақтардың – авт.) әдет-ғұрпына ерсі, намысына тиеді» дейді. Мұны белгілі этнолог әрі тарихшы Х.А. Арғынбаев [4, 68 б.] нақтылай түседі де, қазақтардың қонақжайлығын бұрын-соңды қазақ арасында болған саяхатшылар, ғалымдар және қызмет бабымен келген орыс әкімдері түгелдей бірауыздан жоғары бағалағандығын, олардың ұлттың қонақжайлығы оның тамаша қасиеттерінің бірі деп есептегендігін жазады.

Қазақ халқының құқықтық әлемін терең білетін заңғар ғалым С.З. Зиманов адамгершілік пен құндылықтарға толы ұлы дала демократиясының институттары негізінен әділ сот пен шешендік ділмарлықтан тұрып, өзін-өзі басқару еркіндігін сақтағанын айта отырып, оны үш фактормен түсіндіреді.

Бірінші фактор – Орталық Азияны мекендеген тұрғындардың басым бөлігі үшін ортағасырлық тарихи жағдайда өмір сүрудің бірден-бір негізін құраған мал шаруашылығын дамытуға барлық жағынан қолайлы болып келген, халқы сирек қоныстанған ірі табиғи кеңістіктің болуы...

Екінші фактор – осы ұлан-ғайыр жерде еркін психологияға ие көшпелілер бірлестіктерінің өмір сүруі. Оның қайнар көзі мен негізін мыналар құрады: а) көшпелі өмір үрдісі еркіндігі мен оның дәстүрлі мәдениетін қызу қолдаушылар; ә) ғұн, қыпшақ, монғол және темуридтер империясы қол астындағылардан түрлі себептермен бөлінген қоныс аударушылар...; б) жайылымдық – көшпелі жерлерді және өзін-өзі басқару еркіндігін іздеушілер...

Үшінші фактор – қыпшақ даласы деп аталатын кең байтақ аймақ көшпелі өркениет пен еркін көшпелілердің көп жағдайларда жалпы адам құндылықтарымен үндес мәдениетін бойына сіңірді. Қоғамда «Сөз құдіреті» мен «Әділ Сот құдіреті» өмірлік күшке ие болды [5, 19-20 бб.]. Міне, осылайша кең байтақ қазақ жері еркіндік пен бостандық аясында өзара теңдік, өзін-өзі басқару, әділдік, адамгершілік, имандылық негізінде қалыптасып, дамыды. Қоғамды реттеуші нормалар басты тұтқаға айналып, өмір болмысының барлық тармақтарын реттеді. Бұл еркін, азат өмір сүрушілерге қолайлы да ыңғайлы болды.

«Түркі елінің ежелгі тарихы біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырдан, ертедегі хундар империясының құрылу кезеңінен басталады да, біздің заманымыздың IX ғасырын қамтиды... Демек, біздің заманымыздан бұрынғы

III ғасыр мен бергі IX ғасыр арасындағы хундар, түркілер дәуірі – біздің рухани қазыналарымыз, түркі жұртының мәдениет тарихының деректі көздері» [6, 3 б.]. Бұл аталған дәуірдегі өмір сүрген тайпа-рулар қазіргі Қазақстан аумағы мен Орта Азияда, Алтайда тіршілік жасағаны мәлім.

«Талай ауыр кезеңді, қиын-қыстау заманды бастан кешіріп, тағдыр тауқыметімен тоз-тоз болып, иелік еткен жерінен айырылып қалған түркі тайпаларының рухани болмысы мен халықтық сана-сезімінің жұқара бастаған кезі, игі дәстүрінен көз жазып қала жаздаған тұсы, бір халық ретінде қалыптасудың аз-ақ алдында тұрған жұрттардың бөлек ұлыс болып, ажырап кеткен кезі аз болған жоқ» [7, 5 б.]. Дегенмен, көшпелі тұрмыспен тіршілік еткен ата-бабаларымыз өзінің бастапқы болмысын жоғалтпады.

Сондықтан да қазақ қоғамында сот функциясы реттеушілік, біріктірушілік, қорғаушылық, басқарушылық, адамгершілік қызметтерді атқарды. Нәтижеде заң да, билік те, қоғамдық болмыс пен өнегеліктің қайнар көзі де, рухани құндылық та болып, қоғам үшін қызмет атқарды. Әрине, қоғамның бір қалыпты тұрмыс-тіршілік етуі басында құқықтық ереже-қағидалар тұрары даусыз. Бірақ, бір ғана құқық, заң немесе сот жүйесіне ғана бәрін телу дұрыс болмас еді. Адамға байланысты көп мәселелерді анықтағанымыз жөн. Соның бірі салауаттылық, яғни адамның ішкі дүниесімен сәйкестілігі. Өйткені адам үшін оның өзі және өмір сүруі ең негізгі нәрсе болып табылады. Қазақтың ұлы ақыны А. Құнанбаев «ақыл, қайрат, жүрекке» ерекше мән береді [8, 128 б.]. Осы үшеуі нәтижесінде адамның психикасы жетіледі. Мұны терең түсінген ата-бабаларымыз адамның іс-әрекетіне ерекше мән берген. Баланы шыр етіп, жарық дүниеге келген күннен бастап тәрбиелеуге, баланың іс-әрекетінің саналылығы мен мақсаттылығына ден қойған.

Дағды мен әдетті адам өміріне енгізіп, қалыптастырғанда, оның пайдалы жағына көңіл бөлген. Ол ұқыптылық, қажымастық, шыдамдылық, сөзге түсінушілік дағдылары. Олар жиі қайталану барысында әдетке айналады. Мысалы, күнде ұйқыдан тұрғанда бетқолды жуу, тамақ ішер алдында қол жуу, пайдаланған құрал-саймандарын орнына қою, т.б. Осылайша тәрбиеленген адам қоғамға үйлесімді болады. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген мақал текке айтылмаған. Әрбір отбасы өзі ұшырған ұрпақтарын «сегіз қырлы, бір сырлы» етуге тырысқан. Жақсы қылықтарды бойына үйіп, жаман қылықтардан сақтандырған. Міне, осылардан қазақ халқының қағида-ережелері бастау алып, құқықтарын құраған. Мұны Асан қайғы секілді Ұлы даланың ұлы тұлғаларының өсиеттерінен, нақыл сөздерінен де көреміз [9, 24-29 бб.].

Жалпы алғанда, қазақ қоғамындағы тәлім-тәрбие отбасынан басталып, оны бүкіл қоғам болып қолдап-қуаттап, барлығы бірге тер төккен. Кез келген адам жаман іс-әрекетті көрсе, өре түрегеліп, отты өшіргендей оны өшіруге тырысқан. Өзгелері келіп оған жәрдемдескен. Өйткені, қоғам ішінде жаман іс-әрекет нышан алса, өртше қаулайтынын бәрі де ұққан. Сол үшін ата-ана, аға-жеңгелерден бастап ауыл ақсақалдары, жырауақындары, батырлары, билері, ел басшылары оны болдырмауға атсалысқан.

Қалыңмал мөлшерінде шек болмаған. Қалыңмал алған жақ қызға міндетті түрде жасау берген. Жасау кейде берілген қалыңмалдан да асып түскен. Бұл әрине, екі тараптың өзара сыйластығына байланысты болған. Той қыз ауылында өткен. Мұндағы мақсат қызды өз ауылында сыннан өткізу, тәлім-тәрбиесі мен пәктігін анықтау болып табылады.

Қыздың абыройсыз болуы дау-таласқа, тіпті құдалықтың үзілуіне әкеліп соғатын.

Сондықтан да қазақ қыздарының абыройсыз болуы тіпті болмаған десек те болады. Өйткені, «Қызға қырық үйден тыю» деп, қыз ата-анасының ғана емес, бүкіл руластарының бақылауында болып, тәлім-тәрбиелі болуға тырысқан. Тәлім-тәрбие мазмұны мен мәні өте терең әрі бүкіл руластарына тиісті болғандықтан, қыз санасынан бекем орын алған.

Ислам дінімен бірге неке кию, жұптасу қағида-ережелері мұсылмандық шариат заңымен жүргізілген. Қыз ұзатылып, барар жеріне келгеннен кейін, келген елімен таныстыру рәсіміне арнап той өткізілген. Ол «Беташар тойы» деп аталады. Осы тойда кімнің кім екені таныстырылып, қыз келген жеріне қанығады. Келін күйеуінің етжақын туыстарын, үлкендердің атын атамай, әдемі аттармен атау, көрегендігін көрсету тәлім-тәрбиесінің қаншалықты екенін көрсеткен.

Қазақ қоғамында мұра мен мұрагерлік адамгершілік тұрғыдан ежелденәк шешілгендіктен, мұра мен мұрагерлікке таласу, дау-дамайлар мүлдем кездеспеген. Оны «енші беру» институты атқарған [10, 69 б.].

«Әмеңгерлік», «көп әйел алу» секілді институттар қазақ қоғамының өз қажетсінулерінен туындаған әрі қоғамдық жүйеге кері әсер етпеген. Қайта жұмыс күшін молайтып, ұрпақ өсіруге, бітімгершілік пен ағайындастыққа ұйтқы бола алған.

Бала асырап алу қазақ қоғамында мүлдем басқаша, адамгершілік сипатында болған. Қазақтар өзге руларға асырап алуға жетім балаларды мүлдем бермеген. Ал, өзінің етжақыны баласыз болса, онда жас нәрестені етегіне салып, бала етіп алуға берген. Қазақ халқы жас нәрестені жақын абысындары болмаса, өзгелерге оны емізуге де рұқсат бермеген. Қан, сүт тазалығын сақтаған. Әрине, баланы өзге ру асырап алса, бала өзге руға айналып кетуі мүмкін. Қазақтар рулық дәстүрді мейлінше сақтаған.

Қыз алып қашу, зорлап үйлену деген қазақ қоғамына мүлдем жат. Өз ықтиярынсыз қызға ешкім үйленбеген. Қыз алып қашу некен-саяқ кездесіп, ол даулы болған. Ал, зорлап үйлену, зорлау ауыр қылмыс саналып, қатаң жазаланған.

Азаматтық және қылмыстық құқықтардың басты мақсаты тәлім-тәрбиеге негізделген. Кез келген дау-дамай, қылмыстық іс-әрекеттер жариялы түрде, куәлер қатыстырылып шешілген. Жиналған халыққа бұл сот процестерінің тәлім-тәрбиелік мәні зор болған. Бір ғана мысал, ата-анасын ренжіткен баланы қара сиырға теріс мінгізіп, бетіне күйе, мойнына құрым іліп, бүкіл ауылды айналдырған. Әрине, мұны көргендер бетіне түкіріп, ұрып-соғып, азаптаған. Өзгелерге мұны сабақ етіп, ата-анасына қарсы шықпайтындай үлгі болған.

Азаматтық және қылмыстық істерді қарау заңдылық пен әділ сот шеңберінде жүргізіліп, қоғамдық ой мен ұлттық сананы биікке көтеріп, халық тағдырының арашасы, қорғаушысы, тәлімгері рөлін атқарды. Сот шешімдері адамгершілік пен әділеттікті құрады. Бұл көшпелі қазақ қоғамының болмысынан берік орын алды. Әрине, бұл жетістік тәлім-тәрбие бастауларын дұрыс таңдап, оның механизмдерін сәтті қолдана білулерінде жатыр. Сондықтан да ру ішіндегі және руаралық байланыстарды, мемлекеттік басқару қатынастарында шыншылдық, әділдік және адалдық секілді моральдық құндылықтарды тәрбиелеп, бекітуге ерекше көңіл бөлінді.

Тәлім-тәрбие қоғамдық идеологияның дәрежесіне ие болып, қоғамдағы игіліктің, құқықтық тәртіп пен бейбітшіліктің күшіне айналды. Тәлім-тәрбие дұрыс жолға қойылмаса, қабылданған заңдар да, күштеп-мәжбүрлеу де ешнәрсе бермейді. Сол себепті де қазақ халқының тәлім-тәрбиесінің бастаулары нағыз шынайы қайнар көздерден басталып, оны бүкіл қоғам, басқару жүйелері, сот билігі қолдап, тәлім-тәрбие тағылымдары өнегеліктің қайнар көзіне, рухани құндылықтарға айналды. Оны көп болып қолдап-қуаттады.

Қазақ тәлім-тәрбиелерінің моральдық-құқықтық бастамасы халықтың «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген қағидасынан бастау алып, бауырластыққа, кешірімділікке, логикалық заңдылыққа сүйенді. Осының нәтижесінде әр түрлі мемлекеттер мен халықтардың аралас-құраластығына қарамай, өзіне тән сипаттары мен мәнін жоғалтпады. Рас, өзге халықтар мен идеологиялық әсерлерді ысырып тастамай, қазақи тәлім-тәрбие олардың ең әдемі мәйектерін өзіне қабыстыра білді. Оны біз исламдық сипаттарды өз бойына әдемі сіңіре алғанынан көре аламыз. Исламдық сипатқа ие болған сан алуан нормалар мен институттар қазақи әдет-ғұрып заң, нормаларымен қайшылықсыз, қатар өмір сүре алды. Сондықтан да кез келген құқықтық нормалар өгейсімей, халық көкейіне нық орнығып, көпшіліктің қолдауына ие болды. Қайта исламдық сипаттар құқық нормаларын құлпыртып, мәнін тереңдете түсті.

Құқықтық нормалар өзінің мазмұны мен мәні жағынан қоғам ішіндегі тәлім-тәрбиенің дұрыс жолға қойылуына түрткі болып, маңызды рөл атқарды. Кез келген құқықтық нормалар тәлім-тәрбиені нысана етіп, сонымен ұштастырыла жүргізілді. Мейлі отбасына немесе азаматтық және қылмыстық дау-дамайларға ғана емес, әлеуметтік немесе экономикалық, не болмаса ел басқару мен ел тыныштығы мәселелері де алдымен ел іші тыныштығы, отбасы беріктігі, адам құқығы мен бостандығы, адам мен адамның, адам мен қоғамның қатынасының бұзылмауы басты орынға қойылды. Бұл ханның да, қарашаның да тірегі болды. Бүкіл қазаққа негізделген заң реттеушілік рөлінен алдын тәлім-тәрбие тағылымдарына айналды. Осыдан барып мемлекеттік жүйе тұрақталып, ел бірлігі артты, ынтымағы күшейді, ұлттық сана толыса түсті. Ұлттық сананың бастауында тәлім-тәрбие жатты десек артық айтпағанымыз.

Әлбетте, ұлттық тәлім-тәрбиенің бастауы отбасы мен оның институттарынан басталары даусыз. Отбасындағы басты институттар: некелесу, құда болу, қалыңмал, көп әйел алу, әмеңгерлік, қыз алып қашу, енші беру, мұра мен мұрагерлік, бала асырап алу, қара шаңырақ, т.б. және осылардан туындайтын барымта, дау-дамайлар екендігін жоғарыда айтқан едік. Бұл институттардың көпшілігі ежелгі дәуірлерден қалыптасып, әр заманның өз кезеңінде өзгерістерге душар болып, алайда бастапқы мәні мен мазмұнын сақтап отырған. Әйел адам тұрмыс құрып, некелескеннен соң барған елінен кетпеген. Бұл – өте дұрыс тағылым. Өйткені, қыз «жатжұрттық», барған жерінде тұрақтап, ұрпақ өсіруге, өз елінің тәлім-тәрбие тағылымдарын өзге жұртқа сіңіру, өз тәртіптілігін көрсете отырып, екі руды жақындастырып, бауырлас ету міндеттеледі. Сол үшін қыз балаға жауапкершілік пен қасиетті парыздар, ұрпақ өсіру артылады.

Ежелден-ақ қыз балаға өз отбасы, руы тарапынан тәлім-тәрбие барынша мол беріліп, ертеңгі күні жұртқа күлкі болмау жағы кең қарастырылған. Қыз бала адамдық қасиеттерді барынша бойына сіңіріп, әдептілік қағидаларын жастайынан меңгерген. Барған жерінде ұялмай өмір тіршілігіне араласып кете алатын болған. Қызға құда түсіп, қыздың ризалығын, еркін біліп, содан соң ғана қалыңмал жайлы сөз қозғаған. Қыз ризалығынсыз құда түсу мүлдем болмаған.

Кешегі кеңестік қызыл империя кезінде кеңестік идеология жоғарыда айтылған жайларды теріс аударып, мүлдем басқаша етіп көрсетті. Қазақ қызын малға сатты, шалдарға берді, тауар ретінде қарады, құқықтарын аяққа басты, көрген күндері күн болмады дегендей қара күйе жағып, шындықты бұрмалады. Қай заманда болмасын қазақ халқы қыздарын әлпештеген, елдің көркі санаған. Ешкім де қызын бақытсыз болсын демеген. Өздері жетік білетін, тәлім-тәрбиесі мол елге беруге тырысқан. Сондықтан да қазақ қоғамында отбасы бүлінбеген, ажыраспаған.

Ықылым заманалардан келе жатқан тәжірибе бойынша қоғам ішіндегі тұрақтылық пен ауызбірлік, өзара сыйластық өте жоғары болу дәрежесі – тәлім-тәрбие арқылы қол жеткізген құқықтық мәдениеттің жоғары дәрежеде болуы. Бұл мәселе қазіргі кезде де өз маңызын жоғалтқаны жоқ. Әрине, жоғары дәрежелі құқықтық мәдениетке құқықтық тәлім-тәрбиені дұрыс жолға қою арқылы ғана жетуге болады. Мұны қазақ қоғамы терең түсінген. Баланың шыр етіп жарық көрген кезінен басталған тәлім-тәрбие желісі адам көз жұмғанша әсте тоқтатылмай, үздіксіз жүргізіліп отырған.

Тәлім-тәрбиенің кең ұғымдағы және тар ұғымдағы концепциялары – бұлардың алға қойған мақсаты тәлім-тәрбиенің жемісті болуы. Тәлім-тәрбие құқықтық тәрбиесіз шикі болары хақ. Өйткені, тәлім-тәрбиенің негізгі мақсаты қоғамдық қатынастарды, олар арасындағы құқықтық қатынастарды бұзбау ғой. Сол үшін қоғам мүшелерінің құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетіне жетілдіру үшін субъектілерді, объектілерді, оның механизмдерін ойластырып, былайша айтқанда, тәлім-тәрбиенің құқықтық жүйесінен жан-жақты болуына ерекше мән берген. Мұндайда оның құқықтық ережелерінің адамның құқықтық санасына мәжбүрлемей көз жеткізу арқылы сіңіру көзделген. Әсіресе, жастайынан тәлім-тәрбие арқылы бойларына сіңірілген қағида-ережелердің мықтылығы баланы жастайынан тәртіптілікке баулуға дағдыландырған.

Жалпы алғанда, қазақ тұрмысының кез келгені тәлім-тәрбиемен ұштастырыла жүргізілген. Мал бағу, еңбек ету, ойын-сауық, әңгіме-дүкен баршасында тәлім-тәрбие маңызды орын алған. Бұл тәлім-тәрбие жемісті болуы жақтары барынша қараластырылып, үйлестірілген. Ақсақал-абыздар, билер, жыраулар өз үлгі-өсиет, нақыл сөздерін, айтыскер ақындар өз жырларын тәлім-тәрбиеге негіздеп айтып отырған. Сондағы мақсат – қоғам ішінде тәртіпке нұқсан келтіретін іс-әрекеттерді болдырмау. Сол үшін де жасөспірімдер түні бойы ақсүйек ойнап, алтыбақан тепсе де арамдыққа бармаған. Өйткені, саналарына әбден сіңген «Қыз ауылында той өтіп, қыз пәктігі тексеріледі» деген қағида бар. Оны бұзу ауыр қылмыс әрі тек өзіне ғана емес, бүкіл руластарына тағылатын қылмыс болатынын баршасы білген. Сөйтіп, кез келген құқық бұзушылықтың салдары көпке кесірін тигізетінін әрі жауапсыз қалдырылмайтынын түсінген. Қазақ халқының тәлім-тәрбиесі сөйлеген сөз, жүріс-тұрыс, іс-әрекетпен бағаланған. Тәлім-тәрбие жұмысына бүкіл қоғам араласып, оның қадағалануы баршаға жүктелген. Қазіргі кезде бұл желінің үзіліп қалғаны тіпті өкінішті. Заң емес, көп қорқытатынын, терең батыратынын естен әсте шығаруға болмайды.

Қорытынды

Тәлім-тәрбие кез келген қоғамда адамның іс-әрекетінің өлшемі болып саналатыны даусыз. Сондықтан да тұрақты қоғам деп тәрбиелі адамдардың өмір сүретін қоғамын айтамыз. Сол халықтың қалыптасқан әрі сан ғасырлар бойы ұрпақтанұрпаққа ауысып келе жатқан құндылығының сақталуы сол қоғамның даму деңгейін, өзара байланысын және бір жүйеліктің бар екендігін көрсетеді.

Ал, адамның белгілі бір қоғам сатысында немесе жеке тұлға деңгейінде өз іс-әрекетін басқарып тұратын біртұтас әдеп-тәлімі болмайынша өмір сүре алмайды. Тәлім-тәрбиенің көзі әр алуан, бір-біріне кереғар болса, онда қоғам қирайды. Адам іс-әрекетінің біртұтас, бірегей басқаруда болуы оның басқалардан айырмашылығын көрсетеді. Бұл о бастан-ақ тәлім-тәрбие біртұтас, бірқалыпты, өнегелі істерге жетелейтін санасы бар тәлім-тәрбие болғанын дәлелдейді әрі ғасырлар бойы сол тәлім-тәрбиенің арқауы үзілмей келе жатқанын көрсетеді. Тәрбиенің түп қазығы адам болу жолында әркімнің ата-ана тілін алу, зұлымдық пен қиянат істеуден және өтірік айтудан бойын алшақ ұстау, қайырымды болып, әділдік пен шындықты тұтқа етуден тұрады. Әрине, бұл әрбір халыққа тиесілі, тұрақты тәрбие. Бұл – адамзат баласы пайда болғалы бері қолданылып келе жатқан абсолюттік тәрбие. Сол себепті де тәлім-тәрбиенің алға қойған мақсаты барша адамзат баласына ортақ. Алайда, бұл принципке адам баласының дамуы мен технологиялық, инновациялық үрдістер кері әсерін тигізеді. Өйткені, жаһандасу өзге дәстүрлер мен салттарды, діни сенімдерді, пайда табу жолындағы айла-әдістерді қоса әкеледі. Бұл біртұтас қалыптасқан тәлім-тәрбиеге дұрыс та, бұрыс-та әсер етері ақиқат. Оны біз қазірдің өзінде көріп те жатырмыз.

Түптеп келгенде, әдеп дегеніміз «адамдармен қатынас барысында сыпайылық шегінен шықпау, адамның жеке ерекшеліктерін ескеру, өзгенің де, өзінің де ар-намысын қадірлеумен бірге, шама мен шекті де сезіне білу». Бұл қағиданы терең түсінген қазақтар әрбір адамды өзімен тең көрген. «Осынау рухани мұралар жүйесі жинақтала келе ұлттық болмыс ерекшелігін құрайды. Бұл – бір халықтың есте жоқ ескі заманаларды бедерлеген даналық сүрлеуі. Бұл – бірінші жағы, екінші тұсы дәл осынау ұғымдар мен пайымдарды, уақыт тезінен, ғасырлар сарасынан өткен ойларды ана сүтімен бойына сіңіріп өскен өскінболашақтың парасатты азаматы болары анық» [11, 5-6 бб.]. Міне, осы бастаулардың тамыры тереңге кеткендіктен, қазақ халқы басынан небір зобалаңдарды өткізсе де, сол бастаулардан ешуақытта да қол үзген емес.

Сайып келгенде, дәстүрлі құқықтық мәдениет пен ұлттық тәлім-тәрбиенің өзегі, тарихи тамырлары халықтың этнографиясында, өткенінде, болмыс-бітімі мен рухани әлемінде, шаруашылық қаракеттерінде, әдеті мен ғұрпында, дәстүрі мен жосынжоралғыларында жатыр. Бүгінгі күні мемлекетімізде мәдени мұраларға ерекше мән беріліп отырған кезде халқымыздың әдет-ғұрпындағы тәлім-тәрбиелік қағида-ережелерді қайта түлету, оның негізгі принциптерін тәжірибеде қолдану қоғамымызда тәлім-тәрбиені жетілдіруге септігін тигізеді әрі кіршіксіз пәк, адамгершілік-имандылықтарды бойына сіңірген қоғам мүшелерін қалыптастыруға игі әсерін, өзіндік тарихи-этнографиялық ықпалын тигізеді деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тарақты А. Қазақ. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1994. – 176 б.

2. Құран және ахлақ. Мұсылманның рухани тіректері. / Кітапты баспаға дайындапшығарушы Халифа Алтай. – Алматы, 2003. – 60 б.
3. Еуропа ғалымдарының қазақ мәдениеті туралы ой-пікірлері. – Алматы: 1992. –335 б.
4. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялықшолу). – Алматы: Ғылым, 1973. – 328 б.
5. Зиманов С.З. Қазақ хандары заңдарына шолу және олардыңерекшеліктері // Қазақтың Ата Заңдары: 10 т.– Алматы: Жеті жарғы, 2004. – Т.4. – 552 б.
6. Аманжолов К., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. – Алматы: Білім,1996. – 272 б.
7. Бизақов С. Түбі бір түркілер. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000. – 320 б.
8. Абай. Қара сөз, поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1993. – 272 б.
9. Асан Қайғы. Бес ғасыр жырлайды: Үш томдық. – Алматы: Жазушы, 1984. –Т.1. –256 б.
10. Смағұлова А. Қазақ әдет-ғұрып құқығындағы мұра мен мұрагерлік. –Алматы: LEM, 2005. – 168 б.
11. Хикмет К. Даналық сүрлеуі. – Алматы, 2005. – 48 б.

ӘОЖ 94(574)16/19

Ә.С. САБЫРОВА

Құрманғазы ат. Қазақ Ұлттық консерваториясы, Қазақстан, Алматы

ЖЫРАУЛЫҚ ПОЭЗИЯДАҒЫ «БАТЫРШЫЛДЫҚ»

Аңдатпа. Жыраудың жауынгер ретінде тұрмыс-тіршілігін, оның қоғамдық жікке сай өзіндік өмірлік ұстанымын тану мәселесі этномузыкатану ғылымында бұрын соңды қарастырылмаған тақырып. Ұсынылып отырған мақаланың мақсаты жауынгерлік кәсіптің кейбір тұстарын жыраулық поэзия үлгілері арқылы айқындау болмақ.

Түйін сөздер: Жырау, шынжырлы тұқым, әскерилердің әулиелері, соғыс алдында орындалатын аспаптар, аруақ, «Ер қаруы бес қару»

А.С. САБИРОВА

Казахская национальная консерватория им.Курмангазы, г. Алматы, Казахстан

ЭТИЧЕСКИЙ КОДЕКС «БАТЫРШЫЛДЫҚ» В ЭПИЧЕСКОЙ ПОЭЗИИ

Аннотация. В данной статье институт батырства изучен сквозь призму эпической поэзии. Доказано, что институт «батырства» составлял особый социальный слой казахского общества со своими атрибутами. Эпическая поэзия как источник изучения кодекса чести казахских батыров, открывает мир духовных и этических представлений и установлений данного сословия казахского традиционного общества. Эти представления связаны с поклонением сословным святым, обрядами посвящения, ритуалами начала поединка, поклонением священному оружию и особой военной тактикой, позволявшей выходить победителем в важных исторических сражениях.

Ключевые слова: сказитель, шынжырлы тұқым (династийный характер наследования профессии), святые, которым поклонялись войны, музыкальные инструменты, звучавшие перед боем, аруақ (культ предка), «Ер қаруы бес қару» (пять видов профессионального оружия казахского война)

A.S. SABIROVA

Kurmangazy Kazakh National Conservatory

ETHIC CODE OF "BATYRSHYLDYK" IN THE EPIC POETRY

Summary. In this article the institute of batyrshyldyk is studied through the prism of epic poetry. It is well-proven that the institute of "batyrshyldyk" made the special social layer of Kazakh society with its own attributes. Epic poetry as source of study of code of honour of Kazakh batyrs, opens the world of spiritual and ethic presentations and establishments of this estate of Kazakh traditional society. These presentations are related to worship to the class saints, initiation ceremonies, rituals of beginning of duel, worship to the sacred weapon and special military tactics allowing to emerge the victor in important historical battles.

Keywords: zhyrau, shynzhyrly tuqym (dynastic character of inheritance of profession), saints, wars, musical instruments sounding before a fight, aruak (cult of ancestor), "Yer qaruy bes qaruy" (five types of professional weapons of the Kazakh warrior).

Кіріспе

Жыраулық дәстүр халықтың дүниетанымын тұтас жеткізетін мәдениеттің күрделі саласы. Қалыптасуы жағынан полистадиялық әрі синкретті құбылыс болғандықтан, әр этностың дәстүрлі мәдениетін жан-жақты қамтып, сол халықтың «энциклопедиясы» бола алады.

Материалдар мен әдістер

Жырды зерттеуде жүйелі-этнофоникалық (В. Мациевский) әдіс қолдану қажеттілігі туындайды. Бүгінгі таңда қазақ этнология ғылымында жырдың ән, күй, әңгімеден тұратын құрамдас бөліктері мен тұтас мәдени құбылыс ретіндегі ерекшеліктері [1-6], жырдың ісләм дінімен сабақтастығы қарастырылған [7].

Талқылау

Батырлардың әскери жік өкілдері ретінде өз моральдік ережелер жиынтығы, ырым-салттары болғаны жыраулық поэзия үлгілері дәлелдейді. Атап айтсақ әскери жіктегілерге бірнеше міндет жүктелді. Оның бірі батырлардың тек әскери кәсіппен айналысуы. Соғыс ісі батырлардың негізгі кәсібі болған:

«Екі арыстан жау шапса
Оқ қылқандай шаншылса
Аққан судай төгілсе
Бетегелі Сарыарқаның бойында
Соғысып өлген өкінбес» (Доспанбет жырау) Ал Ақтамберді жырау:
«Бар арманым айтайын
Батырларша жорықта
Өлмедім оқтан қайтейін», - деп өкінеді.

Батырлар үшін әскери кәсіп ата кәсіп саналған. Бала жасынан ел үшін соғысуды міндет санаған әскерилер, ата-баба кәсібін тұқым қуаласа оны «шынжырлы тұқым», ал батырлар әулетінде ұрпақ жалғасуын «шынжыры үзілмеу» деп аталса керек: «Тақтаболат Тасболат Шынжырлы ердің бірі еді» («Ер Қосай») «Асыл туған ерлерім, Шынжырлы мықты беглерім, Келдім сізге мен деді. Жаңбыршы ұлы Телағыс»

Ата кәсібін жалғастырмау маскара саналғандықтан, батырлар балаларын 13-15 жастан жорыққа қатыстырды. «Шынжырлы балақ шұбар төс» деген сөз тіркесі ертеде батырлар әулетіне қатысты айтылса керек. «Хан кене» жырында бұл туралы былай делінген:

«Абылай ханның баласы Асыл туған Қасым –ды.

Арғы тегін сұрасаң
Шынжыр қатар асыл-ды».

Оғыздың батырлық жырларында олардың салты бойынша адам өлтіріп қан төгілмей балаға ат қойылмайтын. Байбөрі баласы Бамсы Байрақ он беске келгенде алғаш рет жаумен соғысып бас кесіп, қан төккеннен кейін той жасап, тойға шақырылған Қорқыт оның атын Бамсы Байрақ қояды. XVIII-ғасырда бұл дәстүр өзгеріске ұшырайды. Батырлардың жасаған ерлігіне қарай туғанда қойған есімі өзгертіліп немесе оған қосымша лақап ат қойылатын. Сол себептен тарихта Ерасылдың Қабанбай, Дарабоз атануы, Әбілмансұрдың Абылай, Еспенбеттің Адақ, Ағыбай батырдың есіміне Ақжолтай атағының қосылуы осы көне дәстүрдің жалғасытығын көркетеді.

Батырлар алғашқы ерлігін әдетте жауынан әке кегін алудан бастаған. Олар елді сыртқы жаудан қорғағандықтан, әскери жік өкілі ретінде хандармен тығыз араласқан. Батырлар хандардың адал қызметінде жүріп, хандар үшін жанын қиюға тиіс еді. Мысалы, оғыз батыры Бамсы Байрақ өз ханы Қазан Солор үшін басын қиды. Көне түркі жазбаларында да ондай дәстүр жыр жолдарында кездеседі:

«Қапаған қаған үшін,
Түн ұйықтамадым,
Күндіз отырмадым,
Қызыл қанымды төктім»- делінеді Йоллығ тегін шығарған жолдарда.

Айқас кезінде атынан айрылған Абылай ханға жаудың дәл ортасына түсе өз атын берген Жәнібек батырдың ерлігі, я болмаса Бөгенбай батыр өлгенде Бұхар жыраудың Абылай ханға арнайы келіп естіртіп, көңіл айтуы тарихтың басқа да мысалдары жоғарыдағы тұжырымды айғақтайды:

«Қазақтың абыройы арына
Сарып қылған бар күшін
Қайырлы болсын халқыңа
Сабыр қыл, ойлан келмесін,
Қарияң келіп жылап тұр Еңбегі сіңген ел үшін
Батырың өтті Бөгенбай»

Қазақ әскерілерінің өздеріне тән жауынгерлік этикасы, моральдік кодексі, діни ырым-салттары болды. Жазылып қалдырмағанмен олардың идеологиясына қатысты түсініктерді халқымыздың ауыз әдебиеті үлгілері жеткізеді. Батырлар сыйынатын пірлерінің біреулері мифтік қаһармандар, біреулері тарихта болған аты аңызға айналған тұлғалар болса, бәрі де батыр болып ерен ерлік көрсеткендер. Солардың бірегейі-ИранТұран батырларының бірі - Рүстем Дастан:

«Рүстем Дастан ер – деді
Шақырамын мен деді
Жау қарасы көрінсе
Сіздер жәрдем бер - деді».

Ал, «Шыңғыснама» кітабында Баба Түкті Шашты Әзиз Өзбек хан кезінде қазақ руларын мұсылман дініне кіргізген төрт әулиенің бірі еді. Одан соң Хазрет Әли, ал жорықта, жолда батырларға Қызыр ата жол сілтеп көмектеседі-мыс деген түсініктер қазақ санасында берік орын алды. Мысалы, «Көроғлы» жырында:

«Қызыр Ілияс қырық шілтен,

Медеткер бол құлыңа», - делінсе, енді бірінде:

« Ауызға алдым пірім Ғазрет Әлиді Әбу Бакр, Ғұмар, Ғұсман Уәлиді».

Алла тағала темір соғып, сауыт жасауды үйреткен Дәуіт пайғамбарды қазақ батырлары ұсталардың пірі ретінде қастерледі. «Қобыланды батыр» жырындағы жолдар мұны дәлелдей түседі:

«Бүгін қанға боялсын

Балғаң тиген ақ сауыт

Бекітіп соққан Ер Дәуіт» немесе:

«Бурылға шаптым көл мауыт

Сыйынған пірім Қамбар Дәуіт», - делінеді.

Батырлар кәсіпқойлығының енді бір белгісі –ол ерте кезден –ақ қаруды кие санап, онымен түрлі магиялық ырымдар істеліп, қаруды жасағанда қасиетті сандар қолануынан көруге болады. Қару жасағанда оны қырық ұстаға соқтырып, қырық күн кептіріп, қырық сұйыққа суарған. Қаруды жанды санап, оған мадақ айтып, шайқасқа кірер алдында қарумен серттескен. Қаруда батырдың жаны болады деген түсінікті «Қобыланды» жырының мына жолдары жеткізеді: «Бұлғары садақ, бұқар жай Тарта алмасам маған серт!

Бел күшіме шыдамай,

Беліңнен кетсең саған серт».

Сондықтан қару марапат құралы ретінде қолданылып, әскери олжаның маңыздысы болды.

Соғыс алдында әдетте батырлар жекпе-жегі өткізілді. Ондағы мақсат батырлардың күш сынасуы, соғыс тағдырын кәсібилер күшімен шешіп, қантөгісті азайту, қарсыластарының ең мықты батырларын құрту болды. Жекпе-жек алдында батырлар жөн сұрасып, өзін таныстыруға тиіс еді. Мысалы «Мұсахан» жырында:

«Асылымды сұрасаң

Мен ноғай деген халықпын

Менің атым хан Мұса»-деп бастап-

«Тегім еді ноғайлы

Арғы атам Қарадөң,

Бергі атам Жұбаныш

Өзімнің әкем Сүйініш

Тұқымы едім мен тегіс

Менің атым Ер Бегіс». Осы рәсімнен кейін батырдың кімді жеңіп кімнен жеңілгендігін біліп, жеңімпаздың атағы шартарапқа жайылатын.

Жыраулық поэзия жауһарлары қазақ батырларының тек асыл тұқымды жылқыларды мінгендігін жеткізеді. Олар таза қанды түркменнің ахалтекесі немесе таза қанды араб жылқылары еді. Мысалы Шалкиіз жырау:

«Жебелей жебе жүгірген

Ерлердің арғымақтан игі малы бар ма?- десе, Доспамбет жырау:

«Арыстандай екі бұтын алшайтып

Арғымақ мінген өкінбес»-деп қайырады.

Сонымен бірге қазақ даласының климатына бейіделіп, ыстық суыққа төзімді, шабуға шыдамды, дене бітімі ерекше белі тазының беліндей иілген, тік мойынды, басы кішкене, аяғы ұзын, құйрық жалы қысқа, жүні тықыр жылқыларды арғымақ деп атаған. Мысалы Ақтамберді жырау:

«Ор қояндай жүгіртіп

Аш күзендей бүгілтіп

Жолбарыстай шұбарды

Таңдап мінер ме екенбіз?»

Мұндай жылқыларды тек үстем тап өкілдері ғана мінген, оларда арғымақтың үйірі болғаны белгілі.

Арғымақ алысқа шабса да, иесімен бірге соғыстың тауқыметін көтеретін әскери ат болуға жарамайтын. Батырлардың соғысқа мінетін жауынгерлік аттарын қазанат атаған. Мұны Махамбеттің мына жолдары дәлелдейді:

«Арғымақтан туған қазанат

Шабуыл салса нанғысыз»-десе, халық мақалы:

«Қарабайыр қазанат

Қара жолда қалдырмас

Қара жолда қалдырып

Қанатыңды талдырмас»-деп батырлар үшін өсірілген жылқы тұқымы екенін көрсетеді. Оның дене бітімінен жүйріктік пен күш сезіледі. Омырауы үлкен, кеудесі кең, салпы ерінді, тұяғы жалпақ, толарсағы жіңішке, құйрық жалы қысқа, танауы кең, сазандай дөңгеленіп келген, мойны жуан еді.

Ату қаруының ішінде көшпенділер жақ, жай, садақ және адырна деген қаруларды қолданды. Қазір адырна музыкалық аспап ретінде белгілі. Бұрынғы заманда адырна деп қандай қаруды атады? Жақ екі бөліктен тұратын: ағаштан, сүйектен жасалған ату қызметін атқаратын серпінді бөлігі – адырна делінсе, ал оқты тіреп қоятын жібін –кіріс деп атаған. Адырна сөзі қазақ жырларының бірнешеуінде кездесіп отырады:

«Алты атқа алған адырна
Он атқа алған бұхаржа
Кірістен кетсең саған серт
Алты атқа алған адырна
Ата алмасам саған серт
Шым жібектен ескен кірісі
Үзіліп кетсең саған серт» («Ер Қосай»).

Адырна туралы деректерді «Көкше батыр» жырында, Қазтуған батыр толғауларында, Махамбет термелерінде де кездестіруге болады.

Жыраулық поэзияда соғыс нәтижесін болжап айтушы сиқырлы қасиет иегерлері жауырыншы, жадышылар қызметі де тілге тиек етіледі.

Жыраулық поэзия жолдарынан музыкалық аспаптардың да соғыс тактикасында маңыздылығын көрсететін айғақтар бар. Әдетте жекпе-жектің алдында дабыл қағылып салтанатты белгі берілетін:

«Майданда дабыл қақтырып

Ерлердің жолын аштырып»-деген Ақтамбарді жыраудың толғауындағы осы жолдар әспеттеп тұр. «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр» жырларында айқастың басталуын үлкен дабылмен ашатындығын, ал ұрыс кезінде әр жауынгер өз кішкене келген жеке дабылын қағып белгі беріп шақырғандығын мына жолдар растайды:

«Бурыл атты ойнатып
Алдына дабыл қағады
Қызылбас шыққын, жеке деп
Қасына жетіп барады»

Соғыс кезінде музыкалық аспаптардан дабылдың үлкен түрі-нығараның рөлі зор еді. Әскербасылық дәрежемен бірге лауазымына қарай үлкен-кішілі дабыл тапсырылған. Үлкен дабыл-қолбасшының, аспаптың кіші түрі-әскербасыларының белгісі еді. Бұл туралы «Қобыланды батыр» жырында былайша баяндалады:

«Артына сауыт бөктерген
Алдына дабыл төңкерген».

Нәтиже

Қазақ батырларының әлеуметтік жік ретіндегі қару асынуы (садақ, қылыш, найза, айбалта, шоқпар); сырт келбетінде сақал-мұрт, шаш қоюдың ерекше үлгілерін қолдануы (айдар, тұлым, бұрым, кекіл); кәсіби атақ дәреженің тағайындалуы (мыңбасы мен түменбасыларды түрікше бек, моңғолша ноян, арабша әмір деп атады, жүзбасыларға байрақ, түмен басыларға - ту, байрақ дабыл тапсырылды); кәсіби әскерилерді сыпай, бахадүр, халық жасақтарын сарбаз, шерік, әскери қолбасшыныңсардар атануы; жауынгерлік этика мен намыс кодексінің қалыптасуы – мұның бәрі батырлардың жеке әлеуметтік жік болғандығын анықтайды. Мұндай дүниетанымдық жүйелі негізі бар өмір сүру салты жыраулық поэзияда «батыршылдық» деп аталған:

«Күлікке тастай болып тимесе
Үстіме көбе кимен-ді
Күмістен екі қолтық жақ болса,
Сыпайшылық сүрмен-ді
Алғаным ару болмаса
Алдыма алып сүйменді
Дулығамның төбесі
Туған айдай болмаса
Батыршылық сүрменді» (Шалкиіз)

Қорытынды

Қазақ батырларының әлеуметтік жік ретіндегі “батыршылдық” өмір салтын танып білудің бірден бір дерек көзі жыраулық поэзия екендігіне көз жеткізеді. Поэзияның бұл саласы арқылы қазақ батырларының

өмірлік ұстанымдарын, табынған әулиелерін, қару-жарақ туралы түсініктерін, жалпы тұтас дүниетанымын қалыпына келтіруге мүмкіндік туғызады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Ерзакович Б. Песенная культура казахского народа. – Алматы: Наука, 1966 – 401 с.
- Мухамбетова А.И., Аманов Б., Казахская традиционная музыка и XX век. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2002. – 544 с.
- Кунанбаева А. Проблема изучения казахской эпической традиции //Казахская музыка: традиции и современность. – Алматы,1997; Специфика казахского эпического интонирования // «СМ». – 1982. – №6; Современная казахская эпическая традиция и некоторые проблемы ее изучения //Стилевые тенденции в советской музыке 60-70-х годов. Сб. науч. тр. / Ленингр. гос. ин-т театра, музыки и кинематографии; [Отв. ред. и сост. А.Н. Крюков]. - Ленинград: ЛГИТМИК, 1979. – 182 с.
- Жүсіп Б. Жырдария. – Алматы: «Агпа», 2009.
- Сарымсакова А. Форма жыр-кюев: опыт сравнительного анализа с казахским эпосом (на примере жыр кюев Мангистау) // Мелодии веков. – Алматы, 2000. – 117 с.
- Жаңабергенова Э. Арал өңірінің жыраулық дәстүрі: Өнертану ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2010. – 33 б.
- Байбосынова Ұ. Сыр бойы ахун-жырауларының шығармашылығындағы шығыстық поэзия жанрлары // Құрманғазы және ғасырлар тоғысындағы дәстүрлі музыка. – Алматы: Дайк-Пресс, 1998. – 126-135-бб.

ӘОЖ 929.52

Т.С. Садықов, С.Т. Набиев
Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана

АКАДЕМИК М.Қ. ҚОЗЫБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Андатпа. Мақалада қазақ тарихы ғылымындағы орны ерекше тұлға, белгілі ғалым, тарихшы М.Қ. Қозыбаевтың тарих ғылымына қосқан ерен еңбегі жайында жазылған. Тарихшының ұлт-азаттық қозғалысты зерттеудегі өзіндік жаңашылдығы, тарихымыздағы ұлт-азаттық қозғалыстарды жеті кезеңге бөліп қарастыруы және «ұлт-азаттық көретілістің», «ұлт-азаттық қозғалыстың» бір бөлігі екендігін анықтап, осы тақырып бойынша қалам тартқан кейінгі тарихшыларға методологиялық, терминологиялық бағытбағдар беріп, ұлт тарихы үшін аянбай еңбек еткендігі жазылған.

Түйін сөздер: тарихтың ақтаңдақтары., көтеріліс, отарлану, ақпан революциясы, революциясы, қазан революция, Алаш партиясы, отан соғысы, ұлт-азаттық қозғалыс, Қазақ КСР

С.Т. Садықов, С.Т. Набиев
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева г. Астана, Казахстан

ВОПРОСЫ ОСВОБОДИТЕЛЬНОЙ БОРЬБЫ КАЗАХОВ В ТРУДАХ АКАДЕМИКА М.К. КОЗЫБАЕВА

Аннотация. В статье рассматривается роль известного ученого-историка М.К. Козыбаева, внесшего весомый вклад в изучение истории Казахстана. Ученый по-новому изучает национально-освободительное восстание казахов, считая его одним из важных частей семи этапов всех национально-освободительных движений, происходивших в истории нашего народа. М.К. Козыбаев разработал по этому вопросу ряд методологических и терминологических направлений, которые впоследствии стали отправной точкой для других молодых ученых, посвятивших себя этой немаловажной странице истории Казахстана.

Ключевые слова: КазССР, национально-освободительное движение, отечественная война, партия Алаш, восстание, колонизация, февральская революция, Октябрьская революция, белые пятна истории.

T. Sadykov, S. Nabyev
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

THE ISSUES OF KAZAKH LIBERATION STRUGGLE IN THE WRITINGS OF THE ACADEMICIAN M.K. KOZYBAYEV

Summary. The article considers the role of M.K. Kozybayev - famous historian scholar, who made a significant contribution in the study of the history of Kazakhstan. The scholar is exploring the national liberation uprising in a new way, considering it one of the important parts of the seven stages of all national liberation movements that once happened in the history of our people. M.K. Kozybayev developed a number of methodological and terminological directions on this issue, which later became the starting point for other young scholars who have devoted themselves to this important page of the history of Kazakhstan.

Keywords: KazSSR, national liberation movement, Patriotic war, Alash Party, uprising, colonization, February revolution, October revolution, blank spots.

Кіріспе

Отандық тарихшылардың ХХ ғ. 90-жылдарынан бастап ұлт тарихындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы өзекжарды тақырыбы болса, соны алдымен көтерген көшбасшылардың бірі академик М.Қ. Қозыбаев болатын. Себебі, тәуелсіздіктің дәмі аузына келген, еркіндікті сезінген зерттеушілердің жаңа легі үшін келешектегі зерттеулерге бағыт сілтеуге және тарихымыздың «ақтаңдақ» беттерін анықтауға М.Қ. Қозыбаев бастаған тарихшылардың аға буыны аса кәсібилікпен келді, жауапкершілікті сезіне білді. Соның көрінісі ретінде өздері бас болып күрмеуі қиын тақырыптарға қалам тартты.

Материалдар мен әдістер

Дерек ретінде академик М.Қ. Қозыбаевтың жазған еңбегеріндегі мәліметтер қолданылды. Оның ішінде ғалымның: "Тарих зердесі (Замана асуы)", «История и современность» (Алматы: «Ғылым», 1991.)

«Ақтандақтар ақиқаты» (Алматы: «Қазақ университеті», 1992.), «Жауды шаптым ту байлап» (Алматы: «Қазақстан, 1994.), «Тарих зердесі» (Алматы: «Ғылым», 1998.), «Қазақстан на рубеже веков: размышления и поиски» (Алматы, 2000.), «Өркениет және ұлт» (Алматы: «Сөздік-Словарь», 2001.) сияқты еңбектеріндегі тұжырымдары мен көзқарастары, сол сияқты: «Национальные движения в условиях колониализма: Казахстан, Средняя Азия, Северный Кавказ» атты 1991 жылы жалпыодақтық деңгейде өткізілген дөңгелек столда сөйлеген сөзі, "Академик Манаш Қозыбаев. Мерейтойлық жинақтағы" мәліметтер дерек ретінде пайдаланылды. Деректердің бір парасы ҚР ПМ 163-қ., 1-т., 53-іс. 49-153, 181-пп. қорындағы құжаттардан және академиктің ғылыми келбетіне ғылыми зерттеуін арнаған Кулдибаев Е.К. "М. Қ. Қозыбаевтың өмір жолы мен ғылыми шығармашылық мұрасы (1985-2002)" тақырыбында 07.00.02 - Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы) тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы (Алматы, 2010) қолданылды.

Әдістері

Мақаланы жазу барысында тарихи жүйелілік, тарихи-салыстыру, хронологиялық және бақылау әдісі; секілді тарихи, тарихи-әлеуметтік және т.б. бағыттағы зерттеу әдістері қолданылды.

Талқылау

Академик М.Қ. Қозыбаевтың 1969 жылы 4 маусымда қорғаған «Қазақстан Коммунистік партиясы Ұлы Отан соғысы жылдарында» атты докторлық диссертациясында замана ызғарынан қаймықпай тарихи ақиқатты алға тартуының өзі кейінгі жылдары ғалымның теориялық білімінің шындалуына септігін тигізсе, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында әлде қашан пісіп-жетілген батыл әрі тың тұжырымдарды өмірге әкелді.

Аталған зерттеуінде ғалымның көтерген мәселесінің бірі кеңестік саясаттың салқынымен қордаланып қалған – ұлт мәселесі еді. Соғыс жылдарында тыл жұмысына қазақтан адам алынуына ол арнайы тоқталып, 1916 жылғы патшаның маусым жарлығындағыдай жергілікті халықтың мүддесімен санаспаушылықтың орын алғандығы батыл көрсетілді. Еңбекке жарамды азаматтардың жаппай мобилизацияға ілінуі салдарынан ауыл шаруашылығындағы ауыр еңбекке қариялар мен әйел бала-шағалардың жегілуі патриоттық ұлтшылдықтан гөрі шарасыздықтан туғандығын ғалым кеңестік тарихнамада алғаш рет көрсетіп мәскеулік әріптестерінің назарын аударды.

Ұлттың азаттық күресі көсемсіз болмайтынын жете түсінген ғалымның ұлтжандылығын көрсеткен тағы бір қыры 1983 жылдың 9 тамызында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросында «Қазақ КСР» қысқаша энциклопедиясына А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Шоқай және т.б. қазақтың арда туған арыстарының өмірбаянын енгізу туралы мәселе қойуы еді. Өкінішке орай, Манаш Қабашұлының ол кездері жазу түгілі, есімдерін айтуға тиым салынған қазақтың біртуар перзенттерінің атын жаңғырту ниетін партия басшылығы өткізбей тастады.

1986 жылы ҰҒА Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтына бөлім меңгерушісі, көп кешікпей осы айтулы ғылыми-зерттеу мекемесінің директорлығына тағайындалған Манаш Қабашұлы Одақ деңгейінде танылған ғалымдығымен қоса ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру ісінде де мол тәжірибе жинаған кәсіби басшы болып қалыптасқан болатын. Сөйтіп, 1987 жылғы ақпанда «ақтандақ» термині алғаш рет қолданысқа түсті. Оның қолдану аясы бірте бірте кеңіп, Отан тарихының көптеген кезеңдерін қамти бастады.

Сол сияқты ғалым ақтандақтар қатарына қазақ халқының этногенезі, қазақ халқының жоңғарларға қарсы ұлт азаттық қозғалысы, ұлттың көне мәдениет тарихы, Қазақстанның Ресейге қосылу тарихы, көшпенділер өркениеті, қазақ халқын күшпен отырықшыландыру әдістері мен шежіре мәселелерін жатқызды. Кеңестік дәуірдің құрдымға кетіп бара жатқандығына көз жете бастаған тұста тарихшылар әулетіне көсемдік еткен Манаш Қабашұлы Қазақ мемлекеттігі, отаршылдық жүйе, геноцид туралы алғашқы идеяларды алға тартты.

Тәуелсіздікке қол жетісімен азат тарихи сананы қалыптастырудың алғашқы салмағы қоғамдық ғылым өкілдеріне, оның ішінде тарихшыларға салмақ салғаны ақиқат. Әсіресе, тарихшыларға Қазақстан тарихнамасында күрделі болып келген тақырыптарды ақиқаттық тұрғыдан ашып көрсетуге, шынайы баға беруге мүмкіндік туды. Осы тұрғыда академик М.Қ. Қозыбаев «Қазақ халқы босағасы берік, шаңырағы биік мемлекет болған екен, ендеше, оған өзіне лайық тарихы да жазылуы қажет»,- деп алда тұрған міндеттерді айқындай білді [1, 114-б.].

Академиктің қазақ тарихына, оның ішінде ұлтымыздың азаттық жолындағы күресі, оның көлеңкелі тұстары мен қайта зерделеуді қажетсінетін тұстарын көрсеткен еңбектерінің қатарына: «История и современность» (Алматы «Ғылым», 1991.) «Ақтандақтар ақиқаты» (Алматы «Қазақ университеті», 1992.), «Жауды шаптым ту байлап» (Алматы «Қазақстан, 1994.), «Тарих зердесі» (Алматы «Ғылым», 1998.), «Қазақстан на рубеже веков: размышления и поиски» (Алматы, 2000.), «Өркениет және ұлт» (Алматы «Сөздік-Словарь», 2001.) және басқа да мақалаларын жатқызуға болады. Осы зерттеулерінде көне заман бастап Қазақстанның тәуелсіздігі жолындағы тарихы толықтай қамтылады. Аталған тарихи еңбектерінде

ғалым қазақ тарихының көмескі тартқан тұстарын ашып, оның маңыздылығын айқындайды. Осы еңбектер ғалымның ұлттық тарихқа түбегейлі бет бұрғандығын көрсетеді.

Академик М.Қ. Қозыбаевтың бастамасымен Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мұрындық болып КСРО көлемінде алғашқылардың бірі болып Алматы қаласында 1990 ж. 27-28 шілдеде «Национальные движения в условиях колониализма: Казахстан, Средняя Азия, Северный Кавказ» атты Бүкілодақтық дөңгелек стол ұйымдастырылды. Осы жиын шығыс халықтарының патшалы Ресей отарлық саясатына қарсы азаттық қозғалысының қайта зерделенуіне түрткі болды. Тарихшылардың осы бас қосуында Ресей отаршылдық саясаты талданып, ұлт-азаттық қозғалысының ортақ заңдылықтарын ашу, оларды әлемдік азаттық қозғалысының құрамды бөлігінде қарауға алғашқы талпыныстар жасалды және де айтылған пікірлер, тұжырымдар бүгінде азаттық тарихына қатысты көптеген зерттеушілердің мәселені індете қарауына итермеледі.

Осы алқалы жиында М. Қозыбаев: «Значительно меньше внимания в исторической науке уделялось борьбе народов нашей стране. Это привело к тому, что до сих пор не создана цельная, правдивая, подлинно научная концепция освободительной борьбы народов восточных многонациональных регионов. Во многом сложившаяся ситуация объясняется тем, что развитие историографии ...было многократно грубо прервано и нарушено» [2, 4-б.], - деп мәселені зерттеуге жаңа методологиялық ізденістердің қажеттілігін көтеріп, тақырыпқа қатысты тарихнама мен деректанудың іргелі мәселелерін нықтады.

Тәуелсіздіктің алғашқы лебінің білінуімен бірге Манаш Қабашұлы ұлт тарихының жоқтаушысы ретінде ұзақ уақыт іштен тынып, бір мезетте атқылаған жанартаудай Отан тарихының теориялық-методологиялық мәселелерінің түйткілдерін жайып салды. Өзінің осындай өмірлік ұстанымын пір тұтқан академик бар күш-жігерін елі мен жерінің тарихын қайта саралауға арнады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында академик М. Қозыбаев жаңа сипаттағы Қазақстанның азат тарихының жаңа тұжырымдамасын жасауға өз зерттеулері арқылы салмақты ой-тұжырымдар қосты.

Аталған туындыларында академик мәселені қазақ халқының ұлттық мүддесі тұрғысынан қарастырып, патшалы Ресей мен Кеңес Одағы жылдарындағы ұлт-азаттық қозғалыстар мен қарулы көтерілістердің ортақ белгілері мен аймақтық ерекшеліктерін сабақтастыра қарастыруға, көтеріліс жетекшілерінің тарихи тағдырын жаңа заман талабымен қайта саралауға шақырды. Әсіресе, Манаш Қабашұлы 1994 жылы жарық көрген «Жауды шаптым ту байлап» публицистикалық жанрда жазылған мақалалар жинағында ұлт-азаттық көтерілістің методологиялық мәселелерін кеңінен жазды. Жинақтағы «Ұлт-азаттық қозғалысының белестері» деген мақаласында «отаршылдық», «ұлт-азаттық қозғалысы», «ұлт-азаттық революциясы», «Отан соғысы» сияқты бұрын Отандық тарихы ғылымында көтерілмеген ұғымдарға тоқталып, олардың ішкі мазмұны мен сабақтастығына талдау жасай отырып, оның түрлерін жіліктей келе орыс империялық отаршылдығы отарлау жүйесінің ең арзан, жабайы түрі екендігін дәлелдеді. Зерттеуінде ғалым қазақ даласындағы азаттық қозғалысы әлемдік ұлт-азаттық қозғалысының, дүниежүзілік отарлық жүйеге қарсы күрестің құрамдас бөлігі, бұл да бір методологиялық тұғырдан мөлшерлер мәселе деп түйеді.

Әсіресе, ғалым қазақ азаттық қозғалысының сатыларын, белестерін, асуларын тәуелсіз ойлау биігінен саралап, ашып көрсетуге тырысты. Ол ұлт-азаттық қозғалыс барысын жеті кезеңге бөліп қарастыру керектігін ұсынды. Оның пікірінше, бірінші кезеңге қазақ халқының құрамына кірген тайпалардың Сібір жұртын жаулап алуға қарсы азаттық қозғалысын жатқызды. Ал, екінші кезеңде қазақ елінің Жетісу, Сыр бойы жоңғарларға, Қоқан-Хиуа хандықтарына тәуелді болып, жоңғарларға қарсы Отан соғысы болғандығын, бұл кезеңде үш жүздің басы одан әрі бірігіп, ұлттық дәрежеге көтерілгендігін айтса, үшінші кезеңде қазақ халқының Ресейге бодан болуға қарсылық білдіру барысын айқындап, төртінші кезеңге патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы көтерілген Сырым Датов, Исатай Тайманов көтерілісін, ал бесінші кезең барысына Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісті жатқызады. Алтыншы кезең XX ғасыр басында қалыптасқан зиялы қауым өкілдерінің патша саясатына мерзімді баспасөз арқылы қарсы шығуы мен патша жарлығына қарсы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске ұласуын, жетінші кезеңге 1917 жылғы Ақпан мен Қазан революциясын жатқызады [3, 2228-бб.]. Ғалым тың методологиялық пікірлер айта отырып, азаттық жолындағы көтерілістерді тұтас қарастыру керектігін көтерді. Бұл методологиялық көзқарастың күштілігі ұлтты, оның отаршылдықпен күресін біртұтас етіп қана емес, бір сипатты, бір мақсатты екендігін көрсетуде. Ұлт-азаттық қозғалысы мен қазақ-қалмақ арасындағы Отан соғысының түбірлестігі, бір-біріне ұласу заңдылығы, олардың арасындағы диалектикалық даму заңдылығы тұңғыш рет тарихи әдебиетте көтерілді. Міне, осындай түйіндерді шешіп барып автор азаттық қозғалыстың белестерін көрсетті, классификациялады.

Бір айта кетерлігі, ғалым өз зерттеулерінде патшалы Ресей кезіндегі және кеңес өкіметі тұсындағы көтерілістерді байланыстыра қарастыру керектігін де алға тартты. Осы екі дәуірдегі қазақ азаттық күресінің ішкі үндестігін, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін байланыстыра, сабақтастыра зерттеудің қажеттілігін баса көрсетті.

Сонымен қатар, «ұлт-азаттық қозғалыс» пен «ұлт-азаттық көтеріліс» ұғымдары ғалымның еңбегінде жан-жақты талданды. Ғалым, қазақ тарихнамасында алғашқылардың бірі болып, ұлт-азаттық көтеріліс - ұлт-азаттық қозғалыстың бір түрі есебінде екендігі айта келіп, «Менімше, ұлт-азаттық көтеріліс – ұлт азаттық қозғалысының бір түрі, оның сөз жоқ, қарулы халық қатысқан бір түрі. Ал, осы көтеріліс бір оқиғалық, региондық шеңберінен шығып, масштабы кеңейіп, бүкілхалықтық дәрежеге көтерілсе, ол ұлт азаттық революция санатына көтеріледі», - деп тың көзқарас жасады [3, 21-б.]. Бұған дейін «көтеріліс» сөзіне өткен ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ішінде күрескеріміз М.Шоқай ғана былайша анықтама беріп кеткен, яғни оның жазуынша: «Көтеріліс езілген халықтың езушілерге қарсы өшпенділік сезімінің бір бұлқынысы» болатын [4, 104-б.]. Сондықтан да, азаттық күресінің терминдеріне қазақи анықтама беруді алғаш ұсынған да Манаш Қабашұлы болды. Оның осы мәселені сөз ете келіп: «...Қалай болғанда да біз тарихи әдебиетте халық бостандығының тарихына байланысты терминдерге, ұғымдарға мән бергеніміз жөн» деген жанды пікірін қаперге алғанымыз бүгінде дұрыстығын дәлелдеп отыр [3, 21-б.].

Патша дәуіріндегі қазақ халқының көтерілістерінен кеңес дәуіріндегі халық көтерілістерінің айырмашылығы, ұқсастығы, өзара сабақтастығын салыстыру нәтижесінде ұлтымыздың Тәуелсіздікке жету жолындағы қозғалысының ортақ бейнесі шығары сөзсіз. Сонымен бірге патшалық Ресей және кеңестік дәуірдегі отарлық саясаттың ортақ үндестігі мен жаңалықтары айқындалуы шарт.

Академик М. Қозыбаев ХХ ғасыр басындағы ұлт-азаттық күресті қарағанда мұсылмандардың саяси қызметі мен олардың азаттық жолындағы қозғалысына мән бере зерттеу қажеттігіне баса мән берді. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс тарихын Қазақстан тарихының келелі мәселелерінің біріне жатқызып, қозғалыстың көздеген мақсаты ұлт бостандығы, отаршылдық саясатқа қарсылық екендігін көрсетеді. Алаш қайраткерлері А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатовтардың 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс төңірегіндегі айтқандарын таразыға салып, талдауға тырысты. 1917 жылғы ақпан және қазан төңкерістерін де тарихтың ірі оқиғасына жатқыза отырып, революция кезеңдерінде жіберілген қателіктердің басты себептерін де ашып көрсетеді.

«Алаш» қозғалысы, «Алаш партиясы», «Алашорда» автономиясы ұғымы турасындағы өз ойын да түйіндеген. Алаш зиялыларын ғасыр басында Ресейде қалыптаса бастаған интеллектуалдардың жаңа ұрпағына жатқызды. Ақпан төңкерісінен кейінгі Қазақстан қоғамындағы өзгерістер легін Алаш қозғалысымен тығыз қарастыруды ұсынды. Алаш зиялылары ағартушылық идеясын жаңа сатыға көтеріп, оны таптық мүдде емес тұтас ұлт мүддесін қорғап, отаршылдыққа қарсы ұлттық майдан ашуды көздегендігін талдап көрсетті. Бұл жөнінде академиктің өмірі мен ғылыми қызметіне баға берілген кейінгі зерттеулерде де кеңінен көтеріліп, бағасын алды [5].

Нәтижесі

Мақалада академик М.Қ. Қозыбаевтың қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресін кезеңдерге бөлу, патшалық Ресей кезеңіндегі және кеңестік билікке қарсы қазақ халқының күресін байланыстыра қарастырудың қажеттілігіне баса назар аударды. Ғалымның қазақ ұлт-азаттық күресі жайындағы көтерген мәселелері, жасаған тұжырымдары, сілтеген бағыттары келешекте осы тақырыппен айналысатын зерттеушілердің ізденістеріне іргетас болып қаланады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, академик М.Қ. Қозыбаевтың артында қалған ғылыми мұраларындағы қазақ ұлт-азаттық көтерілісінің мәселелері, жасаған өзіндік тұжырымдарының әлі де өміршеңдік танытып отырғандығын көрсетеді. Өйткені аталған тақырып түбегейлі зерттеудің жалғаса беретіндігі белгілі.

Академик Манаш Қабашұлы: «Бұл да еліміздің тарихы. Ал, тарих туын желбіретсе ұстау – біздің азаматтық парызымыз» деген еді [6, 136-б.]. Ғалымның бұл өмірлік ұстанымы бүгінгі тарихшылардың темірқазығы саналып келеді. Сонымен қатар, ғалымның жеке құжаттары да бүгіндері ізденушілер үшін қолжетімді болып отыр [7 және 8].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Замана асуы). – Алматы: Ғылым, 1998. 1-кітап. –344 б.
- 2 «Национальные движения в условиях колониализма: Казахстан, Средняя Азия, Северный Кавказ» Материалы Всесоюзного «круглого стола» 27-28 июля 1990 г. Целиноград, 1991 г. 92 стр.
- 3 Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
- 4 Шоқай М. Таңдамалы, 2 том. – Алматы. 1999
- 5 Кулдибаев Е.К. М. Қ. Қозыбаевтың өмір жолы мен ғылыми шығармашылық мұрасы (1985-2002 жж.): т.ғ.к. ... дисс. Алматы, 2010
- 6 Академик Манаш Қозыбаев. Мерейтойлық жинақ. Алматы: Атамұра, 2001.
- 7 Қозыбаев М.Қ //ҚР ПМ 163 -к., 1-т., 53-іс. 49-153, 181-пп.
- 8 Республикалық мемлекеттік мекеме “ҚР ҰҒА” (1999-2004 жж.) // ҚР БҒМ Біріккен мекемеаралық мұрағаты (ҚР БҒМ БММ). 142-к. 1-дд-т., 19-21-пп.

ӘОЖ 2.752

Д. Сайынов

Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетті

АҚТӨБЕ ӨңІРІНДЕГІ ДІНИ ҚАЙРАТКЕРЛЕРДІҢ РУХАНИ ҚЫЗМЕТІ

Андатпа. Мақалада Ақтөбе облысында діни қайраткерлердің қоғамдық қызметі мен тарихы қарастырады. Сонымен қатар бұрын ғылыми айналымға есімдері еңбеген діни тұлғалар аталып өтеді. Қазақ халқының діни қайраткерлері қоғамды ізгілікке, имани жолға шақырға отырып, мұсылмандық дәстүрді таратты. Білім иелері, ел ішінде дінді ғана насихаттаумен шектелмеді, олар елін, жерін аман алып қалу үшін отарлаушыларға қарсылықтарын көрсетіп халықтың әлеуметтік жағдайын, қамын ойлады. Ғылыми жобаның негізгі мақсатының бірі жалпы Қазақстандағы және Ақтөбе өңірінде қызмет жасаған діни тұлғалардың архив материалдары мен зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапақан тұстарын пайдалан отырып қазақ даласындағы діни қайраткерлердің тарихына әділ баға беру.

Түйін сөздер: Ислам, медресе, мешіт, хазрет, молда, ишан, жожа. қазақтар, діни тұлғалар, теология, отарлау, репрессия, Совет үкметі, Ақтөбе облысы.

Д. Сайынов

АРГУ им. К. ЖУБАНОВА, н.с., м.и., Ақтөбе, Қазақстан

ДУХОВНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ РЕЛИГИОЗНЫХ ДЕЯТЕЛЕЙ В АКТЮБИНСКОМ КРАЕ

Аннотация. В статье рассматриваются история и общественная деятельность религиозных деятелей в Актюбинской области. Также отмечаются религиозные деятели, ранее не включенные в научный оборот. Религиозные деятели казахского народа проповедовали мусульманскую традицию. Одной из основных целей научного проекта является объективная оценка истории религиозных деятелей в казахской степи, используя те моменты, которые были отражены в архивных материалах и трудах исследователей.

Ключевые слова: ислам, медресе, мечеть, хазрет, молда, ишан, ходжа. казахи, религиозные личности, теология, колонизация, репрессия, советская власть, Актюбинская область.

A. Sainov

K. ZHUBANOV ARSU, Aktobe, Kazakhstan

THE SPIRITUAL ACTIVITIES OF THE RELIGIOUS LEADERS IN AKTOBE REGION

Summary. The article deals with the history and social activities of religious figures in Aktobe region. It is also noted religious personalities, which had not previously entered into scientific circulation. Religious figures of the Kazakh people preached the Muslim tradition. One of the main objectives of the research project is an objective assessment of the history of religious figures in the Kazakh steppe, using those moments that were reflected in archival materials and works of researchers.

Keywords: Islam, madrasah, mosque, Hazrat, Molda, Ishan, Khoja. Kazakhs, religious personalities, theology, colonization, repression, Soviet power, Aktobe region.

* Мақала АР05133586 «XIX ғ. - XX ғ. басындағы мешіттер мен діни қайраткерлер тарихы: Ақтөбе облысының материалдары негізіндегі зерттеу» атты ғылыми жобаның аясында даярланды.

Кіріспе

Қазақ даласында рухани-адамгершілікке, имандылыққа, сауат ашуда ұлтты бір діннің аясында біріктіруге шақырған дін қайраткерлерінің тарихтағы орны ерекше. Ислам дінінің бастау алған тарихы, Мұхаммед Пайғамбар 613 жылы дипломатиялық және әскери жолмен бір діннің негізінде бүкіл араб руларының басын біріктірді. Оның ізбасарлары VII-VIII ғасырларда Таяу Шығыс, Орталық Азия және Солтүстік Африкаға мұсылманшылықты таратты. Қазіргі таңда әлемнің 23%-ы немесе 1,6 млрд адам өздерін мұсылман деп санайды. Әлем бойынша мұсылмандар христиан конфессиясынан кейін екінші орынға шығып, әлемнің 35 елінде көпшілікті мұсылмандар құраса, оның 28 елінде ислам діні мемлекеттік дін болып

жарияланған (Амелин В.В., Денисов Д.Н., Моргунов К.А. Религия Оренбургского края: систематическое описание в 3х томах. Том 3. – Оренбург: ООО ИПК «Университет», 2016 – 3 с.).

Қазақстан аумағына ислам діні VIII ғасырда біржола ену фактілері оңтүстік өңірден бастау алды. 751 жылы Талас маңында арабтар мен қарақытайлармен болған шешуші шайқас үлкен рөл атқарып, көшпенді түркі халқы сенім жүйесінде өз таңдауын жасады. Қазақ халқының арасынан шыққан діни тұлғалар мен діннің тарихын зерттеуші ғалым Әбсаттар қажы Дербісәлінің келтірілген дерегі бойынша, 893 жылы Тараз шаһарында бұрынғы ғибадатхана орнында Қазақстандағы алғашқы мешіттің салынғандығы туралы келтіреді. Сонымен қатар Отырар қаласы маңындағы қалашықтарды қазған археологтардың мәліметінше, Қазақстанда салынған алғашқы мешіттердің бірі, бұрын Кедер қазір Құйрықтөбе деп аталатын қалашықтың ортасында күйдірілген кірпіштен салынған мешіттің орны табылды. Арабтың тарихшысы әлМақдисидін Орта Азия елдеріне саяхаты барысында жинақталған деректері негізінде бұл мешітке күмбезді деген сипаттама берген (Әбсаттар қажы Дербісәлі. Қазақстан мешіттері мен медреселері. Рухани шамшырақтар (IX – XX ғғ.). – Алматы: «Аруна», 2009. 7-б.).

Дереккөзі мен әдістері

«Ұстазы жоқтың ұстазы – шайтан» деген сөздер мұсылманшылық тасаууфтағы маңызды қағидаларының бірі болып табылады (<http://minbar.kz/article/show/id/9637.html>). Кез келген істе ұстаздың болуы – маңызды өмір әдептерінің бірі. Мұсылман адам рухани дамуға жеткісі келсе, оған тәлімгер іздеу керек екені мәлім. Сондықтан да, ғылымды меңгерген ұстаз бар жиғанын шәкіртіне мұра етіп қалдыру мұсылманшылдықтың белгісі. Ағартушылық жүргізуде, балалардың діни сауаттарын арттыруда дін қызметкерлердің немесе молдалар мен ишандардың орны ерекше. Дін иелері бала оқытуда халық арасында аңызға айналды, сол өткен заманның ғалымдары мен зиялылары болып, халықтың сауатын ашты.

Әз-Тәуке хан болып сайланған соң (1680 ж.) қазақ руларындағы бүкіл би, ишан, молда, әулиелерді жинап Күлтөбеде үш жүздің басын қосып, халықты біріктіру мақсатымен құрылтай өткізді. Жиынның шешімі – ел бірлігін сақтау, сырттан келетін жаудан қорғану, Жеті жарғыны қабылдау және үш жүзге Бас пір сайлау болды. Пірді сайлау олардың білімдерін байқау мақсатында сайыс арқылы жүргізілген. Ұлы жүз атынан Мағзомды, Орта жүзден Саид қожа (Сейтпенбет), Кіші жүзден Мүсірәлі қожа. Сайыстың нәтижесінде сайыста жігерлік танытқан және ең жасы Мүсірәлі қазақ жүздерінің Бас пірі етіп сайланады. Кейіннен ханның шешімімен Мүсірәлі қожа шаңырағы Кіші жүздің аумағында болсын деген шешімге келген. Хан кеңесіне дейін жолымен шешілетін мәселелерді, дау-жанжалдарды реттеуде билер, даугерлер дін иесінің алдына барып, бір мәмілеге келетін болған (Үсембаев Т. Алшын шежіресі – Қызылорда: Тұмар, 2003. 41-43 бет.). Мүсірәлі қожаның қолдауымен қазақ ауылдарында мектепмедреселер ашылды, мұсылманшылдық пен имандылық арта түсті. Мүсірәлі қожадан кейін, XVIII ғасырдың соңында Кіші жүздің Бас пірі болып Әбужалил шайхы қызмет атқарған. Сонымен қатар қазақ руларының жеке пірлері де болған мысалы, кете, шөмекей руларының пірі болып Сейд Мұхаммед (Сейтпейбет қожа) дін, шариғат, бала оқыту мен қатар ру аралық дауларды шешіп отырған (Досжан Хазірет. – Алматы: Дөйт-Принтхайс, 2006 - 160 б. -57).

Мұсылман әлемінде діни лауазымы жоғарғы тұлғаларды «хазірет», «мүфти», «ахун» немесе «ишан» деп те атайды. Соның ішінде қазақ даласы мен Орта Азия аймағында ишандық дәстүрдің рөлі ерекше. «Ишан» парсы тілінен аударғанда «олар», «олардың қайырымдылығы», «шапағаты» деген мағынаны білдіреді. Ишандар туралы Бартольд олар суфизм жетекшілері, Түркістан өңірінде бұл атау «шейх, пір, ұстаз және олардың ізбасарлары «мүрид» мағынасында қолданылған» деген анықтама берді. Орта Азия елдерінде сопылық мектептің жетекшісін Мұхаммед Пайғамбардан тарайтын ұрпақты ишандар деп атайды және ишандық әкеден балаға өтіп отыратын мұра (6. Ибадуллаева З. Ишандар // Егемен Қазақстан. - 2008. - 11 қазан. - 5 б.). Мұхаммед Пайғамбардың мұрагерлерлері болып табылатын дін иелері де Ақтөбе өңірінде имандылық нұрын таратты.

Патшалы биліктің шекарасы кеңейген сайын, жергілікті ұлтты құлдық санаға бейімдеу мақсатында орыстандыру мен шоқындындыру амалы қатар жүрді. Сондықтан бұл саясаттын астарын түсінген ишандар мен молдалар Патша үкіметінің әрекетіне қарсылық ретінде бұқара халықтың арасында мұсылмандық ұстанымды белсенді дәріптеді. XVIII ғасырдың соңында патшалы Ресейдегі шарауалар толқулары жүрді, саяси көзқарасына байланысты көптеген дін қызметкерлері халықты отарлау саясатына қарсы немесе ғазауатқа (отан, дін үшін қасиетті соғыс) шақырғандығы үшін ата қонысынан қуылды. Соның бірі Дағыстаннан Сібірге жер аударылған Қазі Ақай шайхы болатын. Пугачев көтерілісі қазақ даласына ұласып, Кіші жүздегі хандық билік шайқалды, тұрақсыздықты пайдаланған ол Ресейден асып Ақтөбе өңірінің Байұлы, Әлім, Жетіру бірлестіктері арасында қолдау табады. Жат жерден келгеніне қарамастан жергілікті халық шайхының діни біліміне тәнті болып, оны Қазақай ахун деп атап кеткен. Қазақай ахун ауылда медресе құрып, қырыққа жуық шәкірт (мүрид) тәрбиелейді. Шәкірттерінің бірі Алшын Қаражігіт пен Жанай молда. 1796 жылы Қазақай ахун дүниеден озған. Бейіті Қазіргі Ақтөбе облысы Қобда ауданындағы Сауқайың деген

жерде жатыр (Шалқар.Энциклопедия. Бас.ред. Т.Тілешов. – Шалқар, 2008. – 151 б.). Қазақайдың шәкірті Қаражігіт Бектауұлы (шамамен 1752-1835) болды. Ол туралы халық зердесінде, 1762-68 жылдары Қазақай ахунның мектебінде діни сауатын ашып, одан кейін Бұқара медресесін бітіріп, өз ауылына мектеп ашып, шәкірт оқытады. 1776 жылы Орынбор генерал-губернаторының шешімімен Қаражігіт Бектауұлы Әлім руының хатшысы, іскері болады, әрі бала оқыту ісін жалғастырады. 1777-1780 жылдары Қазан қаласына барып, ондағы мүфтимен қауышып, ақыл-кеңестер алған, 47 мүшеден тұратын мүфтиліктің құрамына енген. Қаражігіт Бектауұлы Кіші жүзден Бұқар медресесін бітірген және Қазан мүфтилігінің құрамына кірген бірінші діни қайраткер. 1788 жылдың 22 қыркүйегінде Ресей патшасы II Екатеринаның жарлығымен Орынбор мүфтилігі құрылғанда Қаражігіт молда Мұхамбетжан Хұсайыновтан кейінгі мүфтилік дәрежеге бекітілді. Бірақ, Қаражігіт Бектауұлы Сырым Датұлы қозғалысына қатысқаны үшін оны екінші мүфтиліктен босатады. Ол сонда «Мен Алла жолына шынайы берілген адаммын. Халық деген Алланың бір аты. Сырым халықтың ұлы» деген екен. Сырым батыр көтерілісін қолдаған Қаражігіт Бектауұлының есімі сол заманның деректерінде жазылған (8. Байдосов З. «Қаражігіт» Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2008. 10-56 б.).

Талдамалар

XIX ғасырдың ортасында өмір сүрген дін қайраткері Қонақбайұлы Қарағұл (шамамен 1806-1890). Ол Патшалы Ресей отаршылдығына қарсылық көрсетіп, халықты ғазуатқа (қасиетті соғыс) шақырды. Кіші жүз аумағындағы 1847-1858 жылдар аралығында өткен ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі болды. Бейіті Шалқар ауданының аумағында Көкбұлақ деген жерде жерленген (Шалқар Энциклопедия. Бас. ред. Т. Тілешов. – Шалқар, 2008. – 164 б.).

Ақтөбе өңіріндегі дін иелерінің отарлау жүйесіне қарсылық қозғалысын одан әрі өңірге ишандық дәстүрімен танымал болған Досжан Қашақұлы жүргізді. Досжан ишан жас кезінде әкесі әкесі Қашақ ишаннан білім алып, одан әрі білімін Хиуа, Үргеніш, Бұқара қалаларындағы медреселерде оқып, игерген діни біліміне орай «ишандық» берілді. Дін қайраткері еліне оралып ислам ғылымы мен білімін таратуды белсенді жүргізді. Дала қазақтары арасында қажылық сапарды ұйымдастырды. Меккеде қажылыққа барған дала халқына арнап тәкия үйін салдыруды ұйымдастырды. «Қазақ шежіресін» құрастыру және XIX ғасырдың 80-жылдары отарлаушы «қазақтар үшін бөлек мүфтилік» құру екендігі туралы патшалы үкіметтен талап етті. XIX ғасырдың 50-жылдарында Досжан ишан Доңызтаудағы Тасастау-Қайнар алқабында, өзінің бірінші мешітін салдырып, бала оқыты. Доңызтаудан Ойыл өзенінің (Шилі саласы) жағасына Досжан ишан 1868 жылы Ойыл уезіне көшуге мәжбүр болды. 1868–1869 жылдары «Уақытша ереже» заңының енгізілуі мен Орал, Торғай облыстары қазақтарының, кейін Үстірт аймағындағы жергілікті тұрғындар отарлаушы үкіметке қарсылықтар көрсетті. «Уақытша ереже» бойынша шаруашылық, салық, дін, білім мәселелерінде қазақтардың құқықтары шектелді, бұл патша үкіметінің отарлауын күшейткен заң болды. Жаңа «әкімшілік реформа» елге көп ауыртпалық міндеттеді. Сондықтан да қазақ халқы қарсылық көрсетіп, ол қозғалыстың рухани көсемдері ишандар мен молдалар болды. Отарлау саясатына қарсы шыққан дін қайраткерлері қарсылық қозғалыстар тоқтатылып, кейінгі уақытта патшалы үкімет тарапынан қуғындалды. XIX ғасырдың 70-жылдары Маңғыстау түбегі, Орал мен Торғай облыстарының қазақтарына қарағанда, отарлаушы үкіметке бағына қоймаған аймақ болды. Сондықтан да Досжан ишан секілді ықпалды, сауатты діни тұлғаның үкімет хұзырынан алыста (Доңызтау Солтүстік Үстіртте орналасқан) әрекет етуі, отарлаушы патша үкіметін алаңдатпай қоймады. Патша үкіметі оны өздерінің үстемдігі орнаған Орал облысының жеріне көшірді, бұл Досжан ишанның істерін бақылауда ұстау үшін тиімді болды.



Сурет-1. Досжан ишан мешіті XIX ғ.

«Халықты бүлдіруші» деген желеумен мәжбүрлі түрде 1868 жылы Ойыл бетке қоныс аударған Досжан ишан осы Ойыл өзенінің Шили тармағында мешіт-мектеп салып, бала оқытты. Ондағы мешіті «Ишан ата» деп аталды. Мешіт Ақтөбе облысы Темір ауданының Шұбарқұдық ауылынан оңтүстікте 5 шақырым жерде орналасқан. XIX ғасырдың екінші жартысында Ақтөбе өңірінде ишандық дәстүрді дәріптеген ишандардың бірі – Ықылас Досұлы. 1869 жылғы «Уақытша Ережеге» қарсы көтерілістің жетекшілерінің бірі. 1869 жылы қаңтар айында Уфаға барып, ондағы мүфти қожа Сәлімгерей Тевкелевпен кездескен. Осы сапардан соң Ықылас ишан енгізгелі жатқан басқарудың жаңа тәртібіне патшалы билілікке ашық қарсы қазауатқа шығады. Сол жылдың ақпан айында Тамды бойындағы өз ауылында Қобда-Елек бойының билерін шақырып, кеңес өткізіп, халықты ережені қабылдамауға, қару алып үкіметпен күресуге шақырады. 1869 жылдың көктемінде Ықылас ишан ел-жұртпен бірге Үстірт өңіріне қоныс аударған. 1874-1875 жылдарда Хиуа, Қожелі қалалары арқылы Парсы немесе Түркия еліне көшіп кеткен деген болжам бар (РФ ООММ (Ресей Федерациясы Орынбор Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты) 6-қор, 8-т, 8273 іс. 152 п.).

Патшалық Ресейдің отарлау саясатының негізінде құрылған орыс қазақ мектептер мен приходтық мектептерде қазақ даласындағы мұсылманшылдыққа қарсы орыс мәдениеті мен православиесі дәріптеді. Өңірде отарлау саясатының ықпалына қарамастан дала сахарасында тұрғызылған мешіт, медреселер мұсылмандық білім мен мәдениеттің халық арасында қолдау тапқандығын нық көрсетеді. Көненің көзін көрген ақсақалдарының айтуынша Қазан төңкерісіне дейін өлкеде шамамен 240 мешіттің болғаны айтылады. Анықталған мұрағат деректерінде XX ғ. 20 жылдарында тіркеуге алынған 204-ке жуық мешіт, 88 православиелік шіркеу, 109 әртүрлі мінәжат үйлері болғандығын айғақтайды (ҚР АОММ (Ақтөбе Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты) 13 қор, 8 тізбе, 288 іс. 3-п.).

XIX ғасырдан мен XX ғасырдың басына дейін Ақтөбе өңірінде халықты мұсылмандыққа шақыруда аттары мәшһүр болған тұлғалар – Досжан ишан, Ишан-Ата, Шерліғұл ишан, Жетпісбай ишан, Сәтіғұл ишан, Берді ишан, Алмат ишан, Лаумағанбет ишан, Жұмағали ишан, Алдияр ишан, Ділмағамбет ишан Сары ишан, Ақ ишан, Шәкен ишан, Нұрпеке хазрет, Ахмет Халфе, Аманғали ахун, Пәтуалы ишан, және т.б. есімдерімен жалғастыруға болады. Олар діни сауаттылығымен, тақуалығыменен қатар дүниелік білімділігімен ерекшеленіп халық арасында үлкен құрметке ие болған. Сондықтан, халық «Қара молда», «Сары молда», «Ақ ишан», «Сары ишан» деп оларды құрмет атаулармен атауды әдетке айналдырды.



Сурет-2. Қара Қобда өзеніндегі Шакен ишанның (Шаймерден) мешіті. XX ғ. басы. (Мешіттің минарет көрінісі, 2016 ж.)



Сурет-3. Қара Қобда өзеніндегі Шакен ишанның (Шаймерден) мешіті. XX ғ. басы. (Мешітке кіре беріс көрінісі, 2016 ж.)

Нәтижелер

XX ғасырдың 20 жылдары өңірде кеңестер билігі күшейіп, дін қайраткерлердің қызметін қызыл әскер сынға алды. Жоғарыдан қабылдаған қатігез саясаты қолдамаған дінбасылары қудалауға ұшырады. Қудалауға түскендердің бірі Сары ишан еді. Әбілхайыр хан ордасында қызмет жасаған Керейт Мүсірәлі шайхы Өзиздің (1856-1934) ұрпағы Қожахмет Үмбетұлы бұрынғы Қарабұтақ (Әйтеке би) ауданының жерінде өмір сүрген. Қайтыс болар шағында «Шаңғытбай қажы жатқан жерге жерлендер» деген ұрпағына өсиет қалдырған екен. Сары ишан жастайынан діни оқыған, патшалы биліктің нұсқауымен 1893 жылы Қарабұтақ ауданына келген дін қызметкері. Ыскөл, Сарыоба деген жерлерге мешіт-медресе салдырып, бала оқытқан. Халық оның даналығына, діншілдігіне риза болып. Көпшілік оны құрмет тұтқандықтан Сары ишан болып аты аңызға айналған. 1912 жылы Сары ишан Ырғыз уезінің мұхтасибі болып қызмет атқарған. 1928 жылы Сары ишанның мешіті құлатылады. Кеңестің жендеттерінен тығылып, тасаланып жүрді. Қырғын тәркілеу кезінде 1929 жылы мал-мүліктері тіркеуге алынып, тәркілеуге ұшырады. кеңестердің дінге қарсы ызғарынан алыстау үшін кейін Нұраға, одан соң Нөкіске (Өзбекстан) қаласына көшеді. 1933 жылы ата қонысын аңсап еліне оралады. Имансыз қоғамның, биліктің дінге, дәстүрге қарсы озбырлық амалдарды көрген дін қайраткері өкінішпен 1934 жылы дүниеден озған (Р.Илиясова. Ел иесі, жер иесі. – Ақтөбе: «А-Полиграфия», 2016. 95 б.).

Кеңес үкіметінің қабылданған конституциясының 65-бабы бойынша дін қызметкерлері, діндарлар азаматтық құқық пен еркін ойшылдықтан ажырады. Дін қызметкерлерін қоғамға қауіп төндіретін топқа, қылмыскерлерге теңестірілді. Әсіресе көпшілік мойындаған ишандар, молдалар тергеуге алынды, жеке мүліктері тәркіленді.

1928 жылдың 15 қаңтарындағы «Аса кұпиялы» деген кұжатта дауыс беру кұқығынан айрылған діни қайраткерлердің тізімі:

1929

п/п	Аты, тегі	Жасы	Сайлау құқығынан айырылу себебі
	Абаниев Алекар		ишан
	Айлитов Жуздубай		ишан
	Актанов Шулан		ишан
	Бтимбаев Абделла		ишан
	Баламбетов Сулейман		ишан
	Досмагулов Жуламан		ишан
	Доцанов Габдулла		ишан
	Жамансарин Айнагул		ишан
	Жакебаев Абдулла		ишан

Истлеуов Сагидулла	ишан
Кошмухамедов Мухаметдин	ишан
Кулмагамбетов Айтхожа	ишан
Куйшубаев Мирман	ишан
Наурузгалиев Ибат	ишан
Ташкенов Баймагамбет	ишан
Таубаев Теммагамбет	ишан
Сейтагазыев Дошан	ишан
Шагимарданов Абдулхаким	имам
Асфандияров Камалетдин	муазин
Изтлеуов Жантлеу	имам
Мендалеев Хажаметжар	муазин
Кошмухамедов Хайрулла	имам
Хайруллин Валей	муазин
Тлеубаев Сафаргалий	имам
Тлегенов Ахметжан	муазин
Нуртазин Абдрахман	Имам-хазрет
Мухамед-Валеев Абдул-Вахит	муазин
Уркенов Сулейман	имам
Курмангазыев Иргалий	муазин
Жумагулов Сагидулла	имам
Джумагулов АбдулМажит	муазин
Жумагулов Сагидулла	Имам
Хуббеев Нуретдин	муазин
Исангалиев Галим	Имам
Галимов Нурмах	муазин
Мендикулов Мухамедгазий	Имам
--- Ишмухамед	муазин
Ипасов Бахетбай	Имам
Жангарбергенов Сафаргалий	муазин
Уразалин Уразмухамед	Имам
Хайбаров Урумбет	муазин
Тюрабаев Жумагалий	Имам
Альмухамедов Улча	муазин
Абдуллин Бисан	Имам
Байжанов Таубай	муазин
Абдрахманов Хажгазы	Имам

Бикмухамедов Абдул-Бахит	муазин
Рахманкулов Мубарак	Имам
Ниязов Хабибулла	муазин
Адиев Жумаш	Имам
Уралбеков Бикбулат	муазин
Дюсенов Нурмухамед	Имам
Кинжалиев Акил	муазин
Саркулов АбдулКарим	Имам
Сарыкутов Жухмухамед	муазин
Байкадаом Шакиратдин	Имам
Баязитов Хайрутдин	муазин
Умбетов Нурмухамед	Имам
Исмухамедов Нуржан	муазин
Мухамедов Тагир	Имам
Касимов АбдулГазиз	муазин
Исембеков Курбан	Имам
Кулмухамбетов Сисенбай	муазин
Хасанов Муллагазы	Имам
Хусаинов	муазин
Табажанов Сальмен	Имам
Жуманов Тюгельбай	муазин
Жленалин Хусаин	имам
Кулыбаев Мухаш	муазин
Абдуллин Бисен	имам
Жармухамедов Шамер	муазин
Абдыров Ажекарий	имам
Бекмухамедов Габдул Вахит	муазин
Мухсаджи Жагали	имам
Имангалин Мухамбетали	муазин
Аманжулов	имам
Айтуев	----
Ивалиев Дайбарак	----
Жанзаков Баймухамед	----
Адилов Нигмат	----
Сафин Заяляги	Хазрет-молда
Байдавлетов Утаралий	молда
Карабаев Барак	молда

Романкулов Абдурахман	молда
Илегов Бертуган	молда
Досмухамедов	молда
Муканов Бисембай	молда
Баймухамедов Абдрахман	молда
Ишмеев Нурахмед	Имам хазрет
Януваров Гарифолла	Муазин
Абдулбаниев Гумар	Мухтасиб
Нурахмедов Ишмухамед	молда
Сделтаев Жумабай	молда
Судейманов Бекбай	молда
Сейткамалов	молда
Гайтмухамедов Шамгун	молда
Тукбанов Сафар	молда
Кажбанов Ирмукаш	молда
Исмагилов Иржан	молда
Ишкалов Кабул	молда
Исмегинов Китем	молда
Байшуаков Жумаг	имам
Урезбаев Губайдулла	муазин
Исказин Самбай	имам
Сасаев Мукан	муазин
Боргулов Ибат	имам
Дангулов Мухамедгалий	муазин
Арызмагамбетов Абдуалий	имам

Жандарбеков Утеу

муазин

Аренжанов Адил	имам
Кубашев Нуржан	муазин
Андов Хамит	имам
Искандыров Салих	муазин
Алиев Киязгалий	имам
Танбаев Алимукан	муазин
Жекебаев Абдулла	имам
Джахинов Кинжебай	муазин
Досанов Нурмухамед	имам
Кинжалин А	муазин
Уркушев Сулейман	имам
Итесов Бахтыбай	имам

Кукутов Тажетдин	муазин
Исмагулов Хабай	имам
Коржауов Меттурган	муазин
Кулмухамедов Утеу	имам
Тайчинов Курмангазы	муазин
Елекбаев Умерзак	Дін қызметкері

және т.б. (Ақтөбе Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты 4 қор, 1 тізбе, 12 іс. 315 п.). XX ғасырдың басында халық арасында танымал болған келесі ишандар Абаниев Алекар, Айлитов Жүздібай, Ақтанов Шулан, Бітімбаев Абдулла, Баламбетов Сүлейман, Ташкенов Баймағамбет, Досмағұлов Жоламан, Дошанов Ғабдулла, Жакебаев Абдулла, Жамансарин Айнағұл, Ізтілеуов Сағидулла, Қошмухамиедов Мұхаметдин, Құлмағамбетов Айтқожа, Күйшібаев Мирман (Пірман), Наурызғалиев Ибат, Таубаев Теммағамбет(?), Сейітқазиев Дошан, Шаһмарданов Абдулхакім, Күнешұлы Нәби ишандар дін иелері деген атпен қудалануға ұшырады (Ақтөбе Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты 4 қор, 1 тізбе, 12 іс. 302 п.). Сары ишанның ұлы Әбдіғани (1884 жылы Ыскөде дүниеге келген, 1937 жылы шейт болды. Ол Самарқанд, Хиуа, Бұқар қалаларында 15 жыл жүріп жоғары діни білімге ие болған, әкесінің ишандық дәстүрді жалғастырушы. Оқуын бітіргеннен кейін 1912 жылы Уфа қаласында өткен діни қайраткерлердің құрылтайына қатысып, Ырғыз уезінің солтүстік аудандарына бас имам болып тағайындалған. Әбдіғали молда 1927 жылы ұсталып жер аударылған. 1930 жылы елге оралған. 1937 жылы Шаңғытбай қажының екі баласы ұсталып айдалғанын көрген Әбдіғани молда бүкіл діни кітаптарды әкесінің тамына көміп, діни қызметін тоқтатқан.

1937 жылы Әбдіғаниды қызыл әскер ұстап әкету туралы мынадай деректер бар: Қожахметов Әбдіғани (Әбдіғали) 1902 жылы Қарабұтақтың 18-ауылында туылған. Кәсібі ұста, малшы. 1937 жылы қыркүйектің үшінде Ақтөбе облысының УНКВД ұсталып КСРО-ң ҚҚ 58-1 бабы бойынша, астыртын үгіті үшін ату жазасына кесілген. 1965 жылы 19 маусымда Ақтөбе облыстық сотының шешімімен қаралған істе қылмыстық құрам анықталмағандықтан ақталған (http://mvd.gov.kz/portal/page/portal/mvd/mvd_page/mvd_memorial/mObl4/mObl4_%D0%9A/246F57B4F4C01227E054002655122E6A).

1937-1938 жылдары дін қайраткерлері кеңес үкіметіне астыртын үгіті үшін деген жалаумен олардың кейбірі Сібір, Қазақстандағы лагерлерге, абақтыға жабылса, көпшілігі имандылығы мен сеніміне берік болғандығы үшін өкінішке орай атылып кетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Амелин В.В., Денисов Д.Н., Моргунов К.А. Религия Оренбургского края: систематическое описание в 3-х томах. Том 3. – Оренбург: ООО ИПК «Университет», 2016 – 3 с.
- Әбсаттар қажы Дербісәлі. Қазақстан мешіттері мен медреселері. Рухани шамшырақтар (IX – XX ғғ.). – Алматы: «Аруна», 2009. 7-б.
- <http://minbar.kz/article/show/id/9637.html>
- Үсембаев Т. Алшын шежіресі – Қызылорда: Тұмар, 2003. 41-43 бет.
- Досжан Хазірет: ғұмыргамалық баян. – Алматы: Дөйт-Принтхас, 2006 - 160 б. -57 Ибадуллаева З. Ишандар // Егемен Қазақстан. - 2008. - 11 қазан. - 5 б.
- «Шалқар» Энциклопедия. Бас.ред. Т.Тілешов. – Шалқар, 2008. – 151 б.
- Байдосов З. «Қаражігіт» - Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2008. 10-56 б.
- «Шалқар» Энциклопедия. Бас.ред. Т.Тілешов. – Шалқар, 2008. – 164 б.
- РФ ООММ (Ресей Федерациясы Орынбор Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты) 6қор, 8-т, 8273 іс. 152 п.
- АОММ (Ақтөбе Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты) 13 қор, 8 тізбе, 288 іс. 3-п. Р.Илиясова. Ел иесі, жер иесі. – Ақтөбе: «А-Полиграфия», 2016. 95 б.
- АОММ 4 қор, 1 тізбе, 12 іс. 315 п. АОММ 4 қор, 1 тізбе, 12 іс. 302 п.
- http://mvd.gov.kz/portal/page/portal/mvd/mvd_page/mvd_memorial/mObl4/

УДК 902.01

Сакенов С.К.

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

ДОМА ЭПОХИ БРОНЗЫ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА

Аннотация. В работе приведена типология жилищ поселения эпохи бронзы Шагалалы II. На основе выявленных архитектурных особенностей жилища разделены на несколько типов. Выделены следующие типы жилищ: полуземлянки каркасно-столбового типа, наземные жилища каркасно-столбового типа, наземные жилища круглой и прямоугольной формы каркасно-столбового типа, наземные жилища с каменными стенами. Стратиграфический и радиоуглеродный анализы показали разновременный характер тех или иных типов жилищ. Сравнительно-типологический анализ керамики позволил выделить следующие культурно-хронологические горизонты: раннеалакульский, нуринско-федоровский, саргаринско-алексеевский и переходный от эпохи бронзы к раннему железному веку.

Ключевые слова: бронзовый век, поселение, жилище, древнее общество, элита, скотоводство, керамика

С.К. Сәкенов

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің докторанты

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада автор Шагалалы II қола дәуірінің қонысындағы тұрғын үйлердің тұрпаттамасын берген. Анықталған архитектуралық ерекшеліктеріне қарай тұрғын үйлерді бірнеше түрге бөледі. Тұрғын үйлердің төмендегідей түрлерін көрсеткен: қаңқалы-бағаналы жартылай жертөле, қаңқалы-бағаналы жер үстіндегі үй, қаңқалыбағаналы дөңгелек және тік тұрышты жер үстіндегі үйлер, жер үстіндегі тас қабырғалы үйлер. Стратиграфиялық және радиокөміртектік сараптамалар нәтижесінде үйлердің сол және өзге түрлерінің әр түрлі уақыттық сипаты бар екендігін көрсеттеді. Күйіктастарға жүргізілген салыстырмалы-тұрпаттық сараптама барысында мәдени-мерзімдік шеңберін анықтауға мүмкіндік туғызды: ертеалакөлдік, нұра-федоровтық, сарғары-алексеевқалық және қола дәуірінен ерте темір ғасырына өтпелі кезеңді көрсетеді.

Түйін сөздер: қола дәуірі, қоныс, тұрғын үйлер, көне қоғам, элита, мал шаруашылығы, қыш ыдыстар

Sakenov S.K.

L.N. GumilyovEurasia National University, Astana, Kazakhstan

BRONZE AGEDWELLINGS IN NORTHERN KAZAKHSTAN

Abstract. The paper presents the typology of the dwellings of the Bronze Age settlement (Chagalala II). Based on the identified architectural features, the dwellings are divided into several types. The following types of dwellings are distinguished: semi-dugouts of a frame-and-pole type, ground-based dwellings of a frame-and-pole type, ground-based dwellings of a round and rectangular shape of a frame-and-pole type, land-dwelling with stone walls. Stratigraphic and radiocarbon analyzes showed the multi-temporal character of various types of dwellings. A comparative typological analysis of ceramics allowed us to distinguish the following cultural and chronological horizons: Early Alakul, Nurinsko-Fedorovsky, Sargara-Alekseyevsky, and the transitional period from the Bronze Age to the Early Iron Age.

Keywords: Bronze age, settlements, dwellings, ancient society, elite, cattle breeding, ceramics, outbreak.

Введение

В исследовании представлены некоторые типы жилищ бронзового века Северного Казахстана. Источником исследования жилищ эпохи бронзы стал накопленный археологический материал из поселения Шагалалы II. Поселение находится в Акмолинской области Зерендинском районе возле села Кеноткель, на правом берегу реки Чаглинка [1]. Сосредоточение на данном участке свыше ста памятников разных эпох, свидетельствует о благоприятных природно-климатических условиях. К многослойным памятникам

относится и изучаемое нами поселение Шаггалалы II [2]. С юго-востока поселение окружали невысокие сопки. Главными водными артериями были река Чаглинка (Шаггалалы) с притоком – маленькой степной речкой Кошкарбай. Исследования показали, что поселение возникло еще в начале II тыс. до н.э. Об этом свидетельствуют керамический комплекс раннеалакульской культуры, детское захоронение на межжилищном пространстве, выявленные на ранних строительных горизонтах поселения Шаггалалы II, относящихся к XVIII–XVII вв. до н.э. [2, с. 55].

Методы исследования

Материалы получены в ходе археологических раскопок. В полевых работах использовались классические археологические методы. Археологические раскопки проводились методом сплошного вскрытия. За период исследования вскрыта площадь более чем 1465 кв.м. Благодаря выбранной методике исследования удалось зафиксировать все остатки архитектурных конструкций жилищ и межжилищного пространства на поселении. Стратиграфический метод позволил выявить несколько строительных горизонтов. Проведен радиоуглеродный анализ.

К раннему строительному горизонту относятся жилища № 1, 2 (рис. 1). Жилища полуземлянки, однокамерные, площадью 52 м² каркасно-столбового типа. Глубина котлованов жилищ варьирует от 0,80 до 1 м. Стены каркасные и дополнены горизонтально уложенными бревнами. Имеют длинный коридорный вход с плавно спускающимся к центру пандусом. В центре имеются четыре опорных столба, которые, возможно, удерживали кровлю (рис. 1: 2). Кровля сооружалась из наката бревен, один конец которых лежал на поперечных балках стены, а другой опирался на центральную раму, образуя четырехскатную кровлю. Кровля дополнительно утеплялась ветками, золой и дерном. Очаг находился в центре, по окружности был выложен камнями разной формы. Очаг открытого типа фиксируется в виде скопления сажи, золы, полубогоревших костей животных. Главный признак очага – это прокаленная земля мощностью 0,03 м. Для этого строительного горизонта характерными признаками керамики являются наличие ребра при переходе к тулову, зональное расположение орнамента, преобладает техника нанесения гладким штампом.




Рис. 1. Поселение Шаггалалы II. Жилище № 1. 1 – общий план раскопа; 2 – план и разрез; 3 – графическая реконструкция. Автор графической реконструкции Сакенов С.К., компьютерная обработка Меденко В.С.

В двух местах межжилищных пространств, ближе к стенкам домов, мы фиксируем детские погребения. Они совершены в небольших ямах, кости плохой сохранности, возле них поставлены типичные раннеалакульские сосуды. Архитектурные особенности жилища раннего строительного горизонта, керамический материал, детские погребения характерны для раннеалакульского периода. Не противоречит этому и радиоуглеродный анализ угля, взятого из жилища № 1 (табл. 1).

Таблица 1. Результаты 14С анализа образца из поселения Шаггалалы

Ла № ИГ АН	Описание образца	Материал	Радиоуглеродный возраст, лет назад, ВР	Интервал калиброванного возраста на 1σ: CalBC – лет до PX Cal ВРлет назад, начало – конец вероятность
б. 42	Образец № 5	уголь	3370±70	cal BC 1745-1605 0.836 15761536 0.164 cal BP 3485 - 3525 0.164 3554 - 3694 0.836

49

Вторая волна заселения связана с продвижением нуринских (федоровских) племен из центрально-казахстанских степей. Все побережье реки занятое поселением и некоторые центральные части обустраиваются этими пришедшими с юга племенами. Об этом красноречиво свидетельствуют изученные в 1980 г. Малютиной Т.С. жилища, расположенные на краю поселения, вдоль береговой линии, керамика которых относится к федоровской культуре [3, с. 151]. В культурном слое жилищ присутствует импортная среднеазиатская станковая керамика.

В центральной части поселения нами исследовано жилище № 2, как показывает стратиграфия, оно было сооружено на месте старого жилищного котлована, который относится к раннему строительному горизонту [4, с. 550]. Для этого периода характерны наземные каркасно-столбовые дома прямоугольной формы. Площадь и форму домов мы определяем по остаткам столбовых ям, которые расположены по всему периметру. Стены, скорее всего, состояли из плетеных веток, оштукатуренных навозом, с наружной стороны они дополнительно обсыпаны золой. Об использовании штукатурки из навоза вперемешку с глиной свидетельствует тот факт, что после пожара по всему периметру стен жилища мы фиксируем полосы толщиной 3–4 см темно-коричневого цвета. Дома были длинными, прямоугольной формы с двухскатной крышей, центральная часть которых завершена пирамидальным накатом бревен. Об этом свидетельствуют центральные столбовые ямы, которые придерживали центральную раму прямоугольной формы. Это отверстие выполняло две функции: с одной стороны, через него попадал дневной свет, а с другой – оно служило дымоходом.

Жилище с открытым очагом, который располагался ближе к восточной стене. Для жилищ данного периода отличительной характеристикой являются хозяйственные пристройки. Ярким примером является жилище № 3. Возле данного жилища было построено хозяйственное помещение, при постройке использовалась та же техника и строительный материал, что и при постройке домов. По остаткам столбовых ям, видно, что пристройка имела прямоугольную форму, длинными сторонами ориентирована на СВ–ЮЗ. Длина стен составляет 6,70×4,60 м, площадь 30,82 м². Вход в пристройку был с южной стороны и соединялся длинным входом с жилищем № 3. Внутри сооружения нами расчищено несколько ям-хранилищ, почти во всех мы находим обломки крупных станковых сосудов и костей животных. Все ямы-хранилища расположены вдоль стен в ряд. Очаг находился ближе к юго-восточному углу, круглой формы, диаметром около 1 м. В разрезе линзовидной формы, заполнен сажой и золой. На глубине 0,30 м хорошо прослеживается прокаленная земля мощностью 0,05 м. Хорошо фиксируемое помещение с археологическими и остеологическими материалами дает нам возможность раскрыть некоторые детали о домашнем хозяйстве. Наличие следов очага в данном помещении мы интерпретируем как место приготовления запасов мясной пищи, скорее всего, очаг использовался для вяления и копчения мяса. А специально вырытые вдоль стен ямы выполняли функцию хранения этих припасов. Во всех ямах-хранилищах без исключения мы находим кости мелкого и крупного рогатого скота. В каждой яме есть обломки сосудов, изготовленных на станке, в них, вероятно, хранили жидкие и сыпучие продукты. В целом функция данной пристройки – помещение для хранения продуктовых припасов.

Материалы культурного слоя второго строительного горизонта связаны с племенами, пришедшими из центральных районов Казахстана, хозяйство которых основывалось в большей степени на скотоводстве. Именно они принесли на север торговые связи со среднеазиатскими древнеземледельческими центрами [5, с. 23; 6, с. 562563]. Среднеазиатские хумы для хранения запасов продуктов, вазы на высоких ножках, глубокие чаши типа «тагора» – это престижные товары, которыми пользовалась элита шагалалинского общества. Этот период хронологически охватывает XVII–XV вв. до н.э. Образцы угля из жилища № 3 показали следующую радиоуглеродную дату (табл. 2).

Таблица 2. Результаты 14С анализа образца из поселения Шаггалалы

б. АН	Ла № ИГ	Описание образца	Материал	Интервал калиброванного возраста на 1s: Радиоуглер CalBC – один лет до РХ возраст, лет Cal BPназад, BP лет назад, начало – конец вероятность
	Образец № 4	уголь	3230±80	cal BC 1607-1570 0.203 1561-1546 0.070 15411430 0.727 cal BP 3379 - 3490 0.727 3495 35100.070 3519 - 3556 0.20350

Остатки домов третьего строительного горизонта характеризуются появлением разнообразной формы жилища. По материалам данного поселения, мы выделяем три типа домов. Первый тип – дом, состоящий из двух комнат круглой формы, соединённых между собой проходом. Дома наземные, каркасно-столбового типа. Стены состояли из вертикальных столбов и плетеных веток, кровля, скорее всего, была куполообразной. Кровля уложена из радиально положенных бревен, об этом свидетельствуют обугленные остатки, одной стороной лежащие на перекладинах стен, а с другой – направленные в центр. Края этих домов дополнительно укреплялись крупными каменными плитами. Из горизонтально уложенных бревен построен проход, соединяющий с другой аналогичной частью. Вход коридорного типа, шириной 1,1 м, длиной до 3 м, ориентированный в сторону реки. В центре жилища мы фиксируем очаг открытого типа, возле которого находим большое количество фрагментов сосудов с валиком. Аналогичные типы жилищ известны на поселение эпохи бронзы Чаглинка I (Шагалалы I), которая находится на той же реке, что и поселение Шаггалалы II, примерно в 47–48 км к северу от г. Кокшетау. На поселение Чаглинка I (Шагалалы I) А.М. Оразбаевым, обнаружены 16 жилых домов разных форм и размеров, из них шесть были раскопаны [7].

Второй тип домов – это наземные прямоугольной формы временные жилища скотоводов-пастухов. При постройке стен использовалась техника каркасно-столбового типа, а также и плетение со штукатуркой. Размеры временных жилищ позволяют нам реконструировать односкатную кровлю с небольшим отверстием для дымохода (рис. 2). Интерьер таких домов был очень простым: в центре в качестве стола использовалась достаточно большого размера гранитная плита прямоугольной формы, вокруг имеются камни квадратной формы, их мы тоже интерпретируем как часть интерьера дома. Вход был коридорного типа, длиной 2 м. Внутри временного дома мы находим следы двух очагов. Очаги круглой формы. Керамика характеризуется как лепная с валиком, орнамент нанесен по валику. Встречается чернолощеная керамика котловидной формы с зацепами по валику.



Рис. 2. Поселение Шаггалалы II. Графическая реконструкция дома второго типа. Автор реконструкции Сакенов С.К., художник Меденко В.С.

Третий тип – это дома с каменными стенами. Дом прямоугольной формы с закругленными углами, стены выложены из крупных плоских камней. Торцовая стена полуовальной формы, дополнительно укреплена плоскими плитами. Вход сделан со стороны северо-восточного угла и ориентирован в сторону реки. Дом имеет выступающий длинный коридорообразный вход. Стены жилища максимальной высотой 1,75 м, размерами 6,6×3,9 м. Каменные стены возводились без раствора, камни хорошо подгонялись друг к другу. Двухскатная кровля, скорее всего, состояла из бревенчатого наката. Небольшая часть, где жилище приобретает полуовальную форму, бревенчатый накат покрывался радиально. Кровля дополнительно утеплялась ветками, для водонепроницаемости крышу могли утрамбовывать дерном и золой [8]. На основе остатков архитектурной конструкции строения нам удалось сделать его реконструкцию (рис. 3: 9). Керамический комплекс, характерный для данного дома, представлен саргаринско-алексеевским типом (рис. 3: 2, 3), импортной среднеазиатской станковой керамикой (рис. 3: 5), а также станковой керамикой местного производства, который мы идентифицируем как «станковая керамика степного типа».

Хронология основана на радиоуглеродном анализе угля, взятого из третьего строительного горизонта (табл. 3).

Таблица 3. Результаты 14С анализа образца из поселения Шаггалалы

б. АН	Ла № ИГ	Описание образца	Материал	Интервал калиброванного возраста на 1s: Радиоуглер CalBC – один лет до РХ возраст, Cal BP-лет назад, BP. лет назад, начало - конец вероятность
42	Образец 3	уголь	3150±80	cal BC 1510-1370 0.845 13511316 0.155 cal BP 3265 - 3300 0.155 3319 – 3459 0.845




Рис. 3. Поселение Шагалалы II. Третий тип дома с каменными стенами. 1 – план и разрез жилища; 2-3 – фрагменты венчиков и стенок керамических сосудов; 5 – фрагменты импортной среднеазиатской станковой керамики; 4, 6-8 – фрагменты дна керамических сосудов, найденные возле очага; 9 – графическая реконструкция жилища № 6 с каменными стенами. Автор реконструкции Сакенов С.К., художник Меденко В.С.

Обсуждение

Типология шагалалинских жилищ показывает некоторые устойчивые строительные традиции. К ним можно отнести каркасно-столбовую технику. Ранние дома были полуземлянками, часть дома была углублена в землю, другая часть воздвигалась из дерева, дополнительно утеплена ветками и другими природными материалами (рис. 1: 3). Это были стационарные жилища, которые неоднократно ремонтировались. Стратиграфия поселения показывает, что большинство домов второго строительного горизонта сооружались на месте старых домов. В некоторых местах стены совпадают с границами старых жилищ, но по размеру они намного больше. Принципиальное отличие от первых ранних жилищ заключается в том, что они наземные, с хозяйственными пристройками.

Интересным является стратиграфический слой третьего строительного горизонта, в котором мы фиксируем одновременно несколько типов жилищ. Жилища круглой формы, наземные, каркасно-столбового типа, стационарные жилища с каменными стенами, а также временные жилища с односкатной кровлей, прямоугольной формы, каркасно-столбового типа с длинными коридорообразными входами. Основываясь на данных материалах, мы объясняем разнотипность жилищ несколькими причинами.

Включение средозащитных мероприятий в проекты планов развития предприятий в регионе не гарантировала их поддержки Министерством. А так как именно они распределяли средства, необходимые для осуществления мероприятий по охране окружающей среды, то наличие проектов территориальных планов не гарантировало их реализацию. Так же отсутствовал реальный мониторинг состояния атмосферного воздуха, водных ресурсов, так как его должны были проводить сами промышленные предприятия. Совершенствование системы охраны природной среды в сфере производства через внедрение предельно-допустимых выбросов и предельно-допустимых сбросов было малоэффективным.

Сложившаяся система управления природопользованием и природоохраной была чрезмерно разрозненной: природоохранных функций выполняли многочисленные министерствам и ведомствам, органы государственного и местного управления, различные инспектирующие и контролирующие организации. Дальнейшее изучение их деятельности позволит прояснить ряд вопросов формирования, функционирования сложной административно-бюрократической системы СССР.

СПИСОК ЦИТИРУЕМОЙ ЛИТЕРАТУРЫ И ИСТОЧНИКОВ

1. Хачатуров Т.С. Экономика природопользования. – М.: Экономика, 1962. – 255 с.; Лемешев М.Я. Природа и мы. – М.: Советская Россия, 1989. – 270 с.; Лемешев М.Я. Пока не поздно: размышления экономиста-эколога. – М.: Молодая гвардия, 1991. – 239 с.; Веклич А.О. Эколого-экономические противоречия. – Киев, 1991. – 122 с.; Ласкорин Б.Н., Цыганков А.П., Громов В.В. Проблемы развития безотходных производств. – М. – 1981; Гудожник Г.С. Научно-техническая революция и экологический кризис. М.: Международные отношения, 1975. – 232 с.
2. Есенбеков Е.К. Деятельность Коммунистической партии по охране окружающей среды, рациональному использованию и воспроизводству природных ресурсов (1959-1970 гг.). Автореф. дисс. на соис. уч. степ. канд. ист. наук. – Алма-Ата, 1978.
3. Куватов Б.А. Вековой путь Экибастуза: история крупнейшего топливно-энергетического центра Казахстана. – Алматы, 1997. – 197 с.
4. Алимбаев Т.А. Экология и политика. /Под общ. ред. докт. экон. наук А.С. Серикбаева – Астана: Академия государственной службы при Президенте Республики Казахстан, 2003. – 208 с.
5. Аманжолова А.А. Социальные и экологические проблемы развития нефтедобывающих регионов Казахстана во второй половине XX века. Автореф. дисс. на соис. уч. степ. канд. ист. наук. – Алматы, 2007. – 29 с.
6. Закумбаев А.К., Арын Е.М. Проблемы охраны окружающей среды в Казахстане. – Алматы, 1995. – 157 с.
7. Фешбах М., Френдли А. Экоцид в СССР: Здоровье и природа а осаде. – М. 1993. – 543 с.
8. История экономики Павлодарской области. / Под ред. Эрнезарова Т.Я. Павлодар, 2003.
9. Мукеева Л.Д. Развитие угольной промышленности Казахстана и рост ее кадров (1980-90 гг). Дисс. на соис. уч. степ. канд. ист. наук. – Алматы. – 30 с.
10. Экология и экономика. // Звезда Прииртышья, – 1991. – 4 июня. – С.3
11. Пожары на отвалах. // Звезда Прииртышья, - 1990. – 4 июля. – С.3
12. ГАПО, ф. 1422, оп. 5, д. 452, л. 11
13. ГАПО, ф. 1422, оп. 5, д. 337, л. 5
14. ГАПО, ф. 1422, оп. 5, д. 924, л. 11
15. ГАПО, ф. 1422, оп. 6, д. 127, л. 108
16. ГАПО, ф. 1422, оп. 4, д. 1215, л. 80
17. ГАПО, ф. 1422, оп. 5, д. 1088, л. 66-68
18. ГАПО, ф. 1422, оп. 5, д. 343, л. 9-11
19. ГАПО, ф. 1422, оп. 4, д. 1367, л. 101
20. ГАПО, ф. 646, оп. 16, д. 3204, л. 42, л. 63
21. Системный подход к управлению медико-экологической ситуации в промышленном городе Экибастуз – Алматы, 2001. – 380 с.
22. ГАПО, ф. 646, оп. 18, д. 178, л. 33
23. ГАПО, ф. 1422, оп. 5, д. 219, л. 92
24. ГАПО, ф. 3, оп. 35, д. 111, л. 119
25. ГАПО, ф. 3, оп. 35, д. 109, л. 58
26. ГАПО, ф. 1422, оп. 6, д. 127, л. 109

Т.Ә. ТӨЛЕБАЕВ, Г.Е. ӘБИКЕНОВА
Әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ, Алматы

ДӘСТҮРЛІ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР ЖӘНЕ ПРОТОТҮРІКТЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯСЫ: ТАРИХНАМАЛЫҚ АСПЕКТ

Аңдатпа. Қазіргі кезеңде ғылым методологиясы күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Кеңестік кезеңде бірден-бір дұрыс деп жарияланған эволюционизм бойынша тарихи дамуды толық және терең сипаттау мүмкіндігінің аз екендігі айқындалды. Сондықтан да дүниежүзілік ғылымда пайдаланылып отырған дәстүрлі және қазіргі методологиялық бағыттарды ғылыми зерттеулер барысында пайдалану жаңаша көзқарастар мен тұжырымдар жасауға мүмкіндіктер береді. Бұл шағын мақалада біз позитивизм мен диффузионизмді прототүріктердің лингвистикалық географиясы сияқты күрделі мәселені тарихнамалық тұрғыда сипаттауда пайдалану жолдарын көрсетуді мақсат еттік. Мақалада түрік, татар, орыс, қазақ, қытай зерттеушілерінің еңбектері тарихнамалық дерек ретінде талданады. Тақырып көлеміндегі жекелеген концептуалды тұжырымдар сипаттала отырып, шешімі табылмаған, зерттелуі керек мәселелер де айқындалып, болашақ зерттеушілерге ой салу мақсатында ұсынылады.

Түйін сөздер: Методологиялық бағыттар, лингвистика, түріктер, түрік тілі, позитивизм, диффузионизм, арийлер, сақтар, археология, фонетика, грамматика.

Т.А. ТУЛЕБАЕВ, Г.Е. АБИКЕНОВА
КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ТРАДИЦИОННЫЕ МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ НАПРАВЛЕНИЯ И ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ГЕОГРАФИЯ ПРОТОТЮРКОВ: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ

Аннотация. На современном этапе одним из сложных вопросов является проблемы методологии науки. Выясняется, что объявленный в советский период единственно правильной методологией - эволюционизм не всегда дает возможность глубоко и всесторонне осветить процесс исторического развития. А использование в процессе исследовательской деятельности традиционные и современные направления методологии науки дает возможность сделать новые концепции и повысить степень новизны исследования. В настоящей статье мы постарались показать способы использования позитивизма и диффузионизма в процессе исследования такой сложной проблемы как историография лингвистической географии прототюрков. В статье проанализированы работы исследователей США, Турции, России, Китая и Казахстана, которые являются представителями различных профессии и наук, как историографический источник. Освещая некоторые концептуальные взгляды вышеназванных исследователей, мы выявили все еще не выясненные и требующие дальнейших исследований проблемы.

Ключевые слова: методологические направления, лингвистика, тюрки, тюркский язык, позитивизм, диффузионизм, арий, саки, археология, фонетика, грамматика.

T.A. TULEBAYEV, G.E. ABIKENOVA
al-FarabiKazNU, Almaty, Kazakhstan

TRADITIONAL METHODOLOGICAL DIRECTIONS AND LINGUISTIC GEOGRAPHY OF PROTO- TURKS: HISTORIOGRAPHIC ASPECT

Summary. At the present stage, one of the most difficult issues is the problem of the methodology of science. It turns out that the announcement of the only correct methodology in the Soviet period – evolutionism does not always provide an opportunity to highlight the process of historical development thoroughly and comprehensively. And the use of traditional and modern directions of the methodology of science in the process of research activity makes it possible to make new concepts and increase the degree of novelty of research. In this article we have tried to show the ways of using positivism and diffusionism in the process of studying such a complex issue as historiography of proto-Turk linguistic geography. The article analyzes the work of researchers from the USA, Turkey, Russia, China and Kazakhstan, who are representatives of various professions and sciences, as a historiographical source. Highlighting some of the conceptual views of the above researchers, we have identified still not clarified and require further study of the issue.

Keyword: methodological directions, linguistics, Turks, Turkic language, positivism, diffusionism, arias, Saka, archeology, phonetics, grammar.

Кіріспе

Қазақстандық тарих ғылымында біздің арғы бабаларымыз, қазіргі қазақ даласында өмір сүрген ежелгі халықтар, арғытүріктердің тарихи отаны, олардың жер шарына таралу бағыттары, аймағы мен уақыттары, тілі мен жазуының қалыптасу кезеңдері туралы мәселелер толық айқындалмаған, әлі де өзекті болып қалып отыр. Мақалада осы мәселелердің дүниежүзілік көлемде филологтардың, лингвистердің, археологтардың, тарихшылардың, саясаткерлердің еңбектеріндегі зерттелу барысы, оларда қалыптасқан көзқарастар мен тұжырымдар сипаттала отыра, әлі де зерттелуі қажет мәселелер көрсетіледі.

Материалдар мен әдістер

Мақалада АҚШ зерттеушісі Недим Тунаның, түркиялық Қазым Миршанның, Ресейлік А. Окладниковтың, М. Закиевтың, Г.М. Бонгард-Левин мен Н.В. Гуровтың үндістандық Дж. Неру мен С.А. Дангениң, қытайлық археологтар Таң Шиэнчун мен Ваң Минжының, азербайжандық Ф.А. Джалиловтың, қазақстандық Ә.А. Ахметовтың, А.С. Аманжоловтың, У.Х. Шалекеновтың еңбектері мен олардың тұжырымдары тарихнамалық дерек ретінде талданды.

Мақаланың методологиялық негіздері позитивизм мен диффузионизм болып табылады. Ал тақырыпты зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық зерттеу методтары, нақты айтқанда салыстырмалы талдау, аналогия, болжау және т.б. пайдаланылды.

Талқылау

Дәстүрлі тарихи лингвистикалық география мен ареалды лингвистика түріктердің ежелгі этникалық тамырлары Ш - ғасырда тек Алтай мен Байкал бойында, аздап Орталық Азияда байқалған деп көрсетеді. Ол көзқарас бойынша ІҮ ғасырда түрік тілдес тайпалар Орта Азияға, кейінірек Батыс Сібір мен Шығыс Еуропаға қоныстанып, жергілікті отырықшы-егінші халықтарды түріктендірген делінеді. Дәл осы тұжырымдар көлемінде зерттеушілер тарапынан кейінгі кездері олардағы шындықтың дәрежесі туралы көптеген мәселелер көтеріліп жүр. Солардың ішінде көп айтылып жүргендері: 1. Қалайша көшпелі түрік тайпалары жергілікті отырықшы халықтарды түріктендірді? Мүмкін дәстүрлі көзқарас бойынша керісінше болар? 2. Түріктер қалайша шағын уақыт аралығында өте тез көбейіп, Батыс Сібір, Азия мен Еуропаны қоныстанды? 3. Түрік тілі мен жазуы қашан қалыптасты? Олардың тарихи тамырлары мен негіздері қайда? Осы аталған мәселелер талқыланады және болашақ зерттеушілерге ой салу мақсатын көздейді.

Нәтижесі

Кеңестік кезеңде дәстүрлі көзқарас бойынша түрік-сахалар Шығыс Сібірге Байкал бойынан X-XҮ ғғ. ғана келді, оған дейін бұл аймақта түріктілдестер болмаған делінген еді. Бірақ А. Окладников бастаған кеңес-америкалық экспедиция бұл тұжырымның дұрыс емес екендігін дәлелдеді. 1975 жылы жарияланған «Первыми американцами были сибиряки» атты мақаласында А. Окладников Америка материгіне Беринг бұғазы арқылы бұдан 20-30 мың жыл бұрын өткен алғашқы американдықтардың тілінде түріктік белгілердің болғандығын айқындады [Окладников А.1975, 16]. Бұл мәселемен бүгінгі таңда кең түрде айналысып жүрген Ә. Ахметов үндістердің түркілік тегі туралы көптеген еңбектерін жариялауда [Ахметов Ә.1992; Ахметов Ә. 2009.].

Ендеше позитивизм, әсіресе Кун, Лакатос, Тулмин, Фейерабенд т.б. жаңғыртқан, әлеуметтік мәдени факторлардың рөлін ғылым динамикасында қарастыру қажеттігін ұсынып отырған, бүгінгі таңдағы постпозитивизм бойынша түрік тілінің негіздері бұдан 30-20 мың жыл бұрын –ақ қаланған деген тұжырым жасаудың ғылыми негіздемесі бар деп есептелуі қажет.

Енді біз сол постпозитивизм бойынша бұл тұжырымымызды дәлелдеп көрейік. 1947 жылдан бері шумер-түрік паралелдері мәселелерімен айналысып келе жатқан түрік ғалымы Осман Недим Туна 1990 жылы жарық көрген кітабында 168 шумерлік сөзге салыстырмалы тарихи талдау жасап олардан ежелгі түрік тілінің тамырларын табады. Олардың фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерін зерттей келе бұл тілдердің ұзақ уақыт бойы бір-біріне өте күшті ықпал еткендігі жөнінде қорытынды жасаған. О.Н. Туна түрік тілі бұдан 5500 жыл бұрын-ақ фонетикалық және грамматикалық тұрғыда жүйеленген. Ал сол жүйенің қалыптасуы үшін тағы да 5500 жыл кеткен деп есептеген жағдайда түрік тілінің жасы 11 мың жыл болып есептеледі. Сол түрік тіліндегі жазудың беку уақытына келетін болсақ ол бұдан 8000-8500 жыл бұрын болған, - деген тұжырым жасайды [Туна Н. 1990: 49]. Келесі бір түрік ғалымы Қазым Миршан «Алфаветик язы башлангычы» («Алфавиттік жазудың басталуы») атты Бодрумда 1994 жылы шыққан еңбегінде руналық және рунаға ұқсас жазбаларды, тастар мен үңгірлердегі суреттерді зерттеу барысында жаңа тұжырымдар жасайды [Миршан К.1994]. Мәселен ол Сібірде, Қазақстанда, Абакан-Енисайда, Лена бойында, Алтай тауларында, Шығыс Түркістанда, в Анадолияда, Румынияда, Грекиеде, Швейцарияда, Италияда, Францияда, Солтүстік

Испанияда табылған бұдан 20 мың жыл бұрынғы бояулармен салынған пиктограммаларды, 15 мың жыл бұрынғы жартастар мен тастардағы петроглифтерді зерттей отырып, олардан біртебірте алфавит пайда болған, Түріктерде де жазу осылай дүниеге келген, - деген болжам жасаған. Ол тіпті бұдан 4500 жыл бұрын Франция жерінде жазылған глезелдік жазбалар мен прототүрік жазбаларын салыстырмалы түрде талдай отырып, бір кездері Орта Азиядан Францияға дейін созылған орасан зор түрік өркениеті болған дейді. Айта кететін нәрсе оның аталған жазбалардың сырын ашуына Сорбонн профессоры Роберт Лириис көмектескен және ол «глезелдік» жазбаламен этрусскілік жазулардың ұқсастығына да назар аударған.

А. Аманжолов: «Самая старая надпись Тюркским алфавитом, Иссykkская надпись написаная на плоском серебряном кубке, была найдена в 1970 году в королевской могиле расположенной в Балыкчи (Иссykk), Киргизском городе у озера Иссykk, и была датирована 5-м в. до н.э.», - дейді өзінің «Генезис тюркского рунического алфавита» атты Алматыда 2003 жылы шыққан кітабында [Аманжолов А. 1970: 4]. Ол да түрік алфавитінің б.з.б. V ғасырдың өзінде-ақ пайдаланылғанын айтады және оның өте көне замандардан келе жатқанын жоққа шығармайды.

О.Н. Туна мен К. Миршан Еуропада өткен бірнеше халықаралық конференциялар мен симпозиумдарда өз тұжырымдамаларын жариялап, дәлелдеген белгілі ғалымдар. Олардың тұжырымдары түрік тілінің бұдан 11 мың, ал жазуының 8-8,5 мың жыл бұрын қалыптасқандығы туралы болжамдары негізсіз емес. Олардың және А. Окладников пен Ә. Ахметовтың, А. Аманжоловтың тұжырымдары түрік тілінің негізінің қаланған уақыты туралы біздің болжамымызға арқау болды.

Келесі мәселе кімдер сол көне замандарда түрік тілін негіздеген және пайдаланған? - деген сұрақ көлемінде болуы керек. Бұл мәселені айқындауда және талдауда мәдениантропологиялық зерттеулердің методологиясы деп есептелетін диффузионизмді пайдаланған тиімділеу.

Әзірбайжан зерттеушісі Фиридун Агасыюглу Джалилов шумер, аккад, ассирия және урарту деректері негізінде б.з.б. IV-III мыңжылдықтарда Ассирия мен Урарту аралығындағы Тигр бойында өмір сүрген субарлардың, олардан төменірек мекендеген кумандар, гутилер мен лулулардың және Урмия көлі маңындағы туруктердің түріктілдістігін дәлелдеуде.

У.Х. Шалекенов кейінгі жылдары арийлер туралы жазып жүр [Шалекенов У.Х., 2012: 7]. Арийлер Үндістанға б.з.б. II мыңжылдықта барған деп есептеледі. Олардың арғы отаны туралы мәселені арнайы қарастырған Индияның даңқты қоғам және мемлекет қайраткерлері Дж. Неру мен С.А. Данге болғаны белгілі. Дж. Неру Грекияға барған арийлерді грек-арийлер, ал Үндістанға барғандарын үндіарийлер деп атайды. Ол атаулар туралы өз көзқарасымды 2008 жылғы мақаламда білдіргенмін [Төлебаев Т.Ә., 2008:8].

Бұл жерде грек-арийлер ретінде б.з.б. XII ғасырда Балқан түбегіне басып кірген дорий тайпалары айтылып отыр. Дж. Неру сонымен бірге Персия мен Месопотамияда арийлік қоныстардың болғандығын да атап өтеді [Неру Дж. 1980:9]. Ал С.А. Данге арийлердің кейбір тармақтарының Еуропа мен оңтүстік-батыс және оңтүстік Азияға қоныс аударғанын айта келіп, Индияға олар Гималай, Пенджаб және Кашмир арқылы келді деп көрсетеді [Данге С.А., 1950.] Сонымен С.А. Данге айтқандай Гималайдың арғы жағындағы арийліктердің белгілі бір топтары жан-жаққа қоныс аударғанға дейін олар қазіргі Қазақстан, кейбір зерттеушілер жазып жүргендей Сібір аймағында да өмір сүрді ғой. С.А. Данге арийліктердің ганалары – берік әлеуметтік-шаруашылықтық ұйымдары туралы айтады және оның арғы отанында қалыптасқан жүйе екендігіне назар аударады.

Мен Г.М. Бонгард-Левин мен Н.В. Гуровтың мына тұжырымына да назар аудару керек деп есептеймін: «миграция индоарийских племен шла волнообразно и в течение длительного времени; что она началась задолго до сложения «Ригведы» как литературного памятника, что в создании гимнов «Ригведы» принимали участие различные индоарийские племена, говорившие, по-видимому, на разных диалектах [Бонгард-Левин, Гуров В.Н., 1988:77]. Бұл зерттеушілер арийлердің Үндістанға Пенджаб арқылы барғанын айтады. Біздіңше арийлердің Еуропа мен оңтүстік – батыс Азияға да қоныс аударуы толқын түрінде өткен.

Белгілі татар зерттеушісі Мирфатых Закиев өзінің «Происхождение тюрков и татар» атты Мәскеуде 2002 жылы шыққан монографиясында арлар, арийлер және гандарийлер туралы Геродот деректерін келтіре отырып былай дейді: «Что касается этнонима *гандарии*, то он по тюркской этимологии называет также аров/арийцев, но аров, имеющих гана/хана: *ганды-ар*, где *ганды/ханлы* 'имеющие хана'» [Закиев М., 2002: 12]. Бұған қарағанда М. Закиев арийлерде мемлекеттік басқару болған деп есептейді.

Бүгінгі таңда өзінің арғы тегін арийлерден таратуға ұмтылушылар көбейді. Орыс зерттеушілері арийлердің Индияға қоныс аударуын Кавказ арқылы көрсетіп жүр. «Курды и арийцы» атты қалың кітаптың шығуы да осыны байқатады. Бұл сөз жоқ арийлердің « ең таза қанды халық» ретінде дәріптелуінен. Ал таза қанды деген атақ оларға бекер берілмесе керек. Өздерінің ганаларын мықтай түсу, сырттан басып алу әрекеттерін болдырмау үшін біршама жүйеленген шаруашылықтық-әлеуметтік басқару ұйымын құрған. Ал бұл бізге белгілі «әскери демократия», ру-тайпалық басқа да бірлестіктерге қарағанда адамзат тарихындағы

ең алғашқы біршама берік, мықты және сонысымен тұйықталған сияқты көрінетін ұйымдастырылған, жүйелі тәртібі бар ганалардан құралғандықтан шеттен ене алмайтындай болуы себепті пайда болған «таза қандылар» деп қарастырылуы біршама шындыққа жақын деп ойлаймыз. Оның үстіне диффузионизм Үндістандағы ганалары мен касталық жүйенің қалыптасуына арийліктердің ықпалы болған деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Қалай болса да біз үшін осы баяндамадағы келесі бір мәселе сол арийлердің өмір сүрген уақытын айқындау болып табылады. Бұл әрине арнайы зерттеуді қажет етеді. Дегенмен біздің ол мәселені зерттеушілерге ой салу мақсатында мынаны айта кеткеніміз жөн сияқты. Арийлер - қазіргі қазақ даласында ежелде өмір сүрген аты белгілі халықтың алғашқысы. П-мыңжылдықта жер шарының біраз бөлігіне таралған арийлер арғы отанында одан бұрын кемінде тағы да екі жүз жылдай өмір сүрген деп ойлаймыз. Бүгінгі таңдағы үндірандық тіл тобы туралы болжамдарды сынаушылар арийлердің прототүрік тілінде сөйлегенін айтады.

Арийлерден кейінгі негізгі отаны қазіргі қазақ жері болған халық – сақтар. Бүгінгі таңда сақтардың өмір сүрген уақытымен аумағы, тілі қайта қарауды қажет ететін мәселелер. Бәрімізге белгілі кеңестік кезеңде бүкіл далалы аймақта бірыңғай сақ мәдениетінің қалыптасуы б.з.д. VІІ ғ. деп көрсетілген еді. Міне содан бері бұл датадан арыға бармау қабылданған тәртіп сияқты болып келеді.

Ал Қытайдың белгілі археологы Таң Шиэнчун 1993 жылы «Әдебиет-тарихи білімі» журналының 7 санындағы «Жужу» атты мақаласында: «1980 жылы Лоб-нұрдың батыс жағындағы Лыулэн ежелгі жұртынан бір әйелдің сүйегі табылды. Зерттеуге қарағанда, ол осыдан 4000 жылдың алдында жасаған адам», - дей келе оның сақ екендігі күдік тудырмайтынын жазады [Таным тармақтары, 2005:13]. Ал екінші бір қытай зерттеушісі Ваң Минжы «Іле өзені алқабындағы сақтар» атты 1985 жылы жарияланған мақаласында: «Нылқы ауданындағы Нұрасайдан табылған мыс кенінің орны мен Іле өзені алқабынан табылған көптеген мыс бұйымдарынан біз мынадай ой түйіндейміз. Іле өзені алқабында біздің жыл санауымызға дейінгі 1000 жыл шамасында Соғыс мемлекеттері дәуір дейін өмір сүрген сақтарда мыс мәдениеті едәуір дамыған», - деген еді [Таным тармақтары, 2005: 48]. Бұл екі тұжырым да сақтар тарихының хронологиясын қайта қарауды қажет етеді. Бұл жазылғандарға қарап, сақтар мыс дәуірінде болмаса да, қола дәуірінде, демек б.з.б. П-мыңжылдықтарда өмір сүргендігі көп күмән келтіре қоймайтын сияқты. Бұл да зерттеуді, анықтауды қажет ететін мәселенің бірі. Тарихи уақыттың тарихи кеңістікті өзгертіп отыратының ескере отырып сақтар мен скифтердің біртұтастығын, Ұлы сақ империясын құрғандығын кейінгі кездері жекелеген зерттеушілер жазып, айтып жүр. Бұл бүкіл түркі ғалымдары зерттеуге, айқындауға тұрарлық тұжырым.

Мирфатых Закиев аталған көлемді еңбегіндегі «Скифо-сарматские этнические корни Тюрков» атты тарауында скифтер мен сақтарды бірге қарастырады және олардың ирантілдестігі туралы тұжырымға күйрете соққы бере отырып, түріктілдестігін дәлелдейді. I-II ғғ. өмір сүрген Дионисийдің Каспийдің солтүстік-батысында өмір сүрген халықтар туралы деректерін келтіре отырып: « Из перечисленных им племен все были тюркоязычными: скифы - в основном тюркоязычны, *каспи* - это также тюрки, этноним которых состоит из элементов *кас* 'скала', *пи* (*бей*, *бай*) - первоначальный тюркский этноним, *алан* < *алуан* < *албан* - этноним тюркских племен, *кадус* - тюркский этноним, состоящий из первоначального этнонима *ус* (вариант этнонима *ас*), определением его выступает *кад* < *кас* 'скала', *кадус* 'асы у скалистых гор'». - дейді. Аталған тарауға қорытынды жасай келе: «индоиранисты, специально отбирая из скифских письменных памятников ираноязычные слова, пытаются представить язык скифов как единый язык иранской группы, а отдельные из них тщетно доказывают, что древнеиранский язык скифов является якобы языком предков осетин.

Мы считаем, что среди скифов большое (основное) место занимали тюрки. Далее мы обращаем внимание читателей на то, что в Центральной и Средней Азии сюны/гуны (хунны) и их разновидности сяньби, усунь, табгачи, жужане и эфталиты образовали обширный древний тюркоязычный ареал», - дейді М. Закиев [Закиев М., 2002, 107].

Сонымен аталған мәселелер көлемінде зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында мына тұжырымдарға назар аударылғаны дұрыс деп есептеймін:

1. Түрік тілінің негіздері бұдан 30-20 мың жыл бұрын-ақ қалана бастаған. Ал фонетикалық және грамматикалық тұрғыда бұдан 5500 жыл бұрын-ақ жүйеленген.
2. Түрік тіліндегі жазудың бұдан 8000-8500 жыл бұрын болған және жер шарының көптеген аймақтарына оны білетіндермен бірге таралған.
3. Арийлер - қазіргі қазақ даласында ежелде өмір сүрген аты белгілі халықтың алғашқысы. П-мыңжылдықта жер шарының біраз бөлігіне таралған олар арғы отанында одан бұрын кемінде тағы да екі жүз жылдай өмір сүрген, өзіндік өркениет негіздерін қалыптастырған.

4. Арийлердің мұрагерлері сақтар б.з.б. П мыңжылдықта өмір сүрген. Сақтар мен скифтер бір халықтық топ. Олардың негізгі отаны қазіргі қазақ жері және уақыт өте келе Алтайдан Фракияға дейінгі орасан зор аймақты мекендеп, иелік еткен ұлы империялық бірлестік құрған.

5. Арийлер мен сақтар прототүрік тілін негіздегендер.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Аманжолов А. Генезис тюркского рунического алфавита. – Алматы, 2003. - 4-б
Ахметов Ә. Азия-Берингия-Америка немесе америкалық «үндістердің» азиялық тегі. - Алматы, 1992.
Ахметов Ә. Түбі түркі өркениеті. - Алматы, 2009.
Бонгард-Левин Г.М., Гуров Н.В. Древнейшая этнокультурная история народов Индостана: итоги, проблемы, задачи исследования // Древний Восток: этнокультурные связи. - М., 1988. - 77-б.
Данге С.А. Индия от возникновения первобытного коммунизма до разложения рабовладельческого строя. - М., 1950. - 41-б.
Дж. Неру. Взгляд на всемирную историю. - М., 1980. 123-б.
Закиев М. Происхождение тюрков и татар.– М., 2002. - 91-б.
Миршан К. Алфаветик язы башлангычы. - Бодрум, 19947 - 77-б
Окладников А. Первыми американцами были сибиряки // Наука и жизнь, 1975. - №12. - 7-б.
Таным тармақтары. - Алматы, 2005. - 13-б.
Төлебаев Т.Ә. Ежелгі Қазақстанның тарихи кеңістігі туралы. // Халықаралық интеграция мен модернизация жүйесіндегі Қазақстан-Германия қатынастары. - Алматы, 2008. - 56-б.
Туна О.Н. Байырғы түрік тілі. – Анкара, 1990.
Шалекенов У.Х. Арийлер өркениеті негіздері. - Алматы, 2012.

ОӘЖ 94(574): 20/30 373.016

ШАЙМЕРДЕНОВА М.Д.

Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясы

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ АВТОРЛАРЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ
ТАСУШЫЛАРЫ РЕТІНДЕ: ТІЛ ТҮЛҒАЛАРЫН РЕТРОСПЕКТИВТІ ШОЛУ**

Аңдатпа. Мақалада персонологияның (тұлғатану) ғылыми-тәжірибелік бағыты қарастырылады. Персонология тұрғысынан Қазақстан тарихы оқулықтарының авторлары болып табылатын және өздерінің өмірлерін ғылымға арнаған дарынды қазақстандық ғалымдар шығармашылығы қаралады. Сонымен қатар, автор жалпы қазақстандық оқулықтар мәселелерін және Қазақстан тарихы оқулығын жеке ашып көрсетіп, заманауи білім, Қазақстан тарихы пәнінің оқыту әдістемесіне, жаңа ұрпақтың оқулықтар құрылымына талдау жасайды.

Түйін сөздер: персонология, жаһандану әлемі, техногендік дәуір, оқулық, оқулық авторы, Қазақстан тарихы, оқулық құрылымы.

М.Д. ШАЙМЕРДЕНОВА

Казахская национальная академия искусств им. Т.К. Жургенова

**АВТОРЫ КАЗАХСТАНСКИХ УЧЕБНИКОВ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА КАК НОСИТЕЛИ
ИНФОРМАЦИИ И КУЛЬТУРЫ: ЯЗЫКОВАЯ ЛИЧНОСТЬ В РЕТРОСПЕКТИВЕ**

Аннотация. В статье рассматривается научно-практическое направление – персонология. В свете персонологии раскрывается творчество талантливых казахстанских ученых, посвятивших свою жизнь науке и являющихся авторами учебников по истории Казахстана. Автор также раскрывает проблемы казахстанских учебников в целом и учебников по истории Казахстана в частности, рассуждает о современном образовании, методике преподавания предмета истории Казахстана, структуре учебников нового поколения.

Ключевые слова: персонология, глобализационный мир, техногенная эпоха, учебник, история Казахстана, структура учебника.

M.D. SHAIMERDENOVA

T.K. Zhurgenov Kazakh national academy of Arts

**THE AUTHORS OF KAZAKHSTANI TEXTBOOKS ON THE HISTORY OF KAZAKHSTAN AS
CARRIERS OF INFORMATION AND CULTURE: A LANGUAGE PERSON IN RETROSPECTIVE**

Abstract. The article discusses the scientific and practical direction - personology. In the light of personology, the work of talented Kazakhstan scholars, who dedicated their lives to science and the authors of history of Kazakhstan textbooks is revealed. The author also reveals the issues of Kazakhstan textbooks in general and textbooks on the history of Kazakhstan in particular, discusses modern education, the teaching methodology of history of Kazakhstan, the structure of new generation textbooks.

Keywords: personality, world of globalization, technogenic era, textbook, textbook author, history of Kazakhstan, textbook structure

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Президентінің «Тарих толқынында» кітабында «Бүгінде біз Қазақстанның ежелгі және төл өркениет дамыған аумақта орналасқандығын мақтанышпен және танданыспен айтқан неофиттерден біліп отырмыз. Біздің атабабаларымыздың Египеттен Үндістанға, Еуропадан Қытайға дейін саяси, мәдени ықпалдығының ауқымдылығы қаншалықты болса, соншалықты жан-жақты және осының барлығын жіті зерттеп, әрі ақпараттың құжатталғандығын көрсететін тарихи ізденістер «ғасырлық Далалық артта қалу» туралы шалғай стереотиптерден еш нәрсе қалмағандығының айқындылығын ерекшелейді» [Назарбаев 1999: д. 71, 79]. Біздің еліміздің осы тектес бай тарихын авторлар, өз оқулықтары мен оқу құралдарында ашып көрсетуден бөлек, Қазақстан тарихы оқу пәні ретінде ғылым арқылы тарихпен тығыз байланыста бола отырып және де оқу пәнінде ғылым негіздері ретінде баяндалатынын жақсы түсінеді.

Қазақстан тарихы курсының мазмұны Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген бағдарламадан тұратын мақсаттармен анықталады.

Талқылау. Соңғы уақытта тұлғатану сияқты қызықты ғылыми-тәжірибелік бағытқа ерекше назар аударылуда және бүгінде біз еліміздің тарихын жаңғыртуға өзінің аз да болса үлесін қосқан барлық тарихшылар, филологтар еңбектеріне жүгінеміз, әр түрлі кезеңдерде болған тарихи-мәдени процестерді ұғынумен айналысамыз.

Осы аспектіде Қазақстан тарихының белгілі оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарының авторлары Бекмаханов Ермахан Бекмаханұлы, Бекмаханова Найля Ермаханқызы, Қасымбаев Жанұзақ Қасымбайұлы, Нұрпейісов Кеңес Нұрпейісұлы, Қозыбаев Манаш Қабашұлы, Байпақов Карл Молдахметұлы т.б. сынды авторларға көңіл бөлгім келеді. Жалпы қазақстандық оқулықтар мен Қазақстан тарихы оқулықтарының мәселелері жайлы бүгінде көптеген аудиторияларда, әр түрлі деңгейде сөз етілуде. Жалпылай айтқанда, Қазақстан тарихы оқулықтарын жазу саласында да мәселелер аз емес. Олардың кейбіреулері Кеңес одағы кезінде жазылғаннан бері келе жатса, бірі қазақстандық ерекшеліктерге ие. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы кезінде барлық он бес республиканың білім беру орындарында, соның ішінде Қазақстанның да жоғарғы оқу орны мен мектепке арналған оқулықтары, оқу құралдары негізінен ресейлік авторлармен, тек аздаған оқулықтар республиканың жергілікті авторларымен жазылды.

Кеңестік республикалар тәуелсіздік алған уақыттан бастап қана әрбір республика өзінің оқулықтарын және оқу-әдістемелік құралдары мен материалдарын шығара бастады. Қазақстан да солай. Қазақстандық авторлардың оқулықтары басылып шығарыла бастады және құрылымы жағынан олар кеңес уақытының оқулықтарына ұқсас болды.

Әрине, бастапқы кезекте орта мектептерге арналған Қазақстан тарихы бойынша алғашқы оқулықтың авторы – Қазақ КСР ғылым Академиясының академигі, профессор, тарих ғылымдарының докторы Бекмаханов Ермахан Бекмаханұлын еске алған жөн. Е.Б. Бекмахановты XIX – XX ғ.ғ. басындағы Қазақстан тарихындағы әлеуметтік-экономикалық, саяси мәселелерден бастап, бірінші орыс революциясы кезеңіндегі Қазақстандағы революциялық оқиғаларға дейін, сондай-ақ әдебиет пен құқықтық ғылымға дейін қызықтырды. Ең бастысы – ғалым зерттеуінің тереңдігінде. Ермахан Бекмаханұлы өзінің оқулықтары мен оқу құралдарын көбінде осы оқиғаларға арнаған болатын. Осындай ұлы ғалымның арқасында Қазақстан тарихы бойынша қазақстандық оқулықтарда алғаш рет Кеңесары Қасымов туралы және қазақ елінің тәуелсіздік үшін күрестері жайлы шынайы ақпараттар пайда бола бастады. Өзінің еңбектері үшін Е.Б. Бекмаханов КСРО-ң орден-медальдарымен марапатталған болатын [Шаймерденова 2000: 162; Қазақстан. Қысқаша энциклопедиялық сөздік, 2005: 79].

Нәтиже. М.Х. Дулати атындағы ТарМУ профессоры, Қазақстан журналистер одағының мүшесі Тельман Достанбаев өзінің «Шындықты зерттеуші» мақаласында: «Ермахан Бекмахановтың алдыға қойған талай мақсаттары болатын. Ол Қазақстан тарихы бойынша жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық шығаруға, Алаш-Орда тарихын зерттеуге, Шоқан Уәлиханов пен оның айналасындағылар туралы монография жазғысы келген. Бірақ ол армандарына қол жеткізе алмады. Ермахан Бекмахановты танитындар мен оны еңбектері арқылы танитындар үшін ол тарихқа оңай атақ іздеу үшін емес, шындықты зерттеу үшін келген адам болып мәңгі есте қалады» деп жазған [Достанбаев: Шындықты зерттеуші].

Тарих әлемінде әйгілі, Қазақстан тарихы оқулықтары мен хрестоматияларының авторы Бекмаханова Найля Ермаханқызы. Найля Ермаханқызы әлеуметтік-экономикалық және саяси тарих, халықаралық қатынастар, тарихи география, демография, картография, құқық тарихы, тарихнама, XVIII-XXI ғасырдағы Орталық Азия мен Қазақстан ғана емес, сол кезеңдегі Ресей халықтарының деректанулары бойынша кең өрісті мәселелерді қамтиды. Ол 150-ден астам мақалалар, 5 оқулық пен хрестоматиялар жазды (Бекмаханова, 12.01.2018). Қазіргі таңда Найля Ермаханқызы Ресей мен Қазақстанда ғана емес, шетелдік оқу орындарында да дәріс оқиды. Ол белсенді қатысатын түрлі дәрежедегі конференциялар мен форумдардан, оны қызықтыратын мәселелер бойынша көптеген елдердің мұрағаттарынан алынған жаңа, әрі қызықты тарихи деректер туралы естуге болады.

Қазақстан тарихы бойынша 9 сыныпқа арналған оқулықтың авторы - белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, халықтық білім беруде еңбегі сіңген қайраткер және үздігі, гуманитарлық ғылымдар академигі Қасымбаев Жанұзақ Қасымбайұлы. Ол Қазақстан тарихы бойынша 500-ден астам ғылыми еңбектер, 12-ден астам оқулықтар және оқу-әдістемелік құралдар жазды. Оның оқулықтарына ғылыми зерттеулерінің негізгі бағыттарындағы мағлұматтар: Қазақстан қалаларының тарихы, Қазақстанның Ресейге қосылуы, ұлт-азаттық қозғалыстар, ХҮІІІ-XX басы ғ.ғ. Қазақстанның Орталық Азиямен халықаралық, саяси, сауда-саттық байланысы, көшпелілер мен отырықшы халықтардың арақатынасы, қазақ хандарының қызметі мен өмірі жайлы деректер жазылды [Шаймерденова, 200: 170-171; Қасымбаев, 2002].

11 сыныпқа арналған оқулықтың авторлары ҚР ҰҒА академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан ғылымы мен техникасына еңбегі сіңген қайраткер, халыққа білім беру ісінің үздігі, 500-ден астам ғылыми және ғылыми-танымал жұмыстардың, соның ішінде 20-ден астам монографияның авторы Нұрпейісов Кеңес Нұрпейісұлы [Шаймерденова, 2000: 179-180, Қазақстан. Қысқаша энциклопедиялық сөздік, 2005] мен 300-ден астам еңбектер мен мақалалардың, көптеген монографиялар мен энциклопедиялардың авторы, профессор - Бүркіт Аяған [Қазақстан. Қысқаша энциклопедиялық сөздік, 2005]. Оқулыққа Кеңес Нұрпейісұлының ғылыми қызығушылығын тудырған Алаш және Алашорда тарихы, ұлт-азаттық қозғалыстар, ұлттық-мемлекеттік құрылыстар, XX ғасырдағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі, аграрлық тарих және тоталитарлы режимдегі саяси репрессияларға қатысты өзекті мәліметтер енді. Б. Аяғанның жаңа дәуірдегі Қазақстан тарихы жөнінде ғылыми зерттеулері де оқулыққа енгізілді.

Қазақстан тарихы бойынша 10 сыныпқа арналған оқулықтың авторлары тарих ғылымдарының докторлары, профессорлар Манаш Қабашұлы және Ильяс Манашұлы Қозыбаевтар. Манаш Қабашұлы – көрнекті тарихшы, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, Ұлы Отан соғысы тарихы мен тарихи зерттеулердің әдістемелік мәселелері бойынша жетекші маман, 800-ден астам ғылыми жұмыстардың, соның ішінде 30 монография, 30 ұжымдық еңбектің авторы [Шаймерденова, 2000: 171172; Қазақстан. Қазақстан ғылымында кім бар?, 1999, 87], ал Ильяс Манашұлы 100 шақты жарияланған жұмыстардың авторы [Қазақстан ғылымында кім бар?, 1999: 79]. Қазақстан тарихынан оқулықтар мен хрестоматия жазуда баға жетпес еңбек сіңірген ғалым Қозыбаевтардың ғылыми зерттеулеріндегі ізденістері үйлесімін таба білді. 5 сыныпқа арналған оқулықтың авторлары керемет археолог Байпақов Карл Молдахметұлы және оның әріптестері ғалым-медиевистер, қазіргі таңда академик атанған Көмеков Болат Ешмұхамбетұлы мен шығыстанушы-ирантанушы Пищулина Клавдия Антоновна болып табылады. Байпақов К.М. – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Алмания (Германия) Археологиялық Институтының корреспондент-мүшесі. Ол 10-нан астам монография, қазақ жеріне арналған 6-дан астам альбом мен каталогтар, сондай-ақ 400-ге жуық ғылыми еңбектер жазды (Шаймерденова, 2000: 158-159; Қазақстан ғылымында кім бар?, 1999: 31). Б.Е. Көмеков Орталық Азияның ортағасырлық тарихы, түрік халқы тарихы, шығыс деректанушы маманы ретінде ғылыми мектеп пен әлемдегі жалғыз Халықаралық қыпшақтану институтын құрушы болып табылады. Б.Е. Көмековпен 13-тен астам монография және көптеген ғылыми мақалаларды жазған [Шаймерденова, 2000: 174-175, Қазақстан ғылымында кім бар?, 1999: 95] К.А. Пищулинаның ғылыми зерттеулерінің объектісі ортағасырлық қазақ тарихын зерттеу, қазақ хандығының даму тарихын зерттеу болып табылады. Оның 250-ге жуық ғылыми және ғылыми-танымал жұмыстары, оқулықтары мен оқу құралдары жарық көрді [Қазақстан. Қысқаша энциклопедиялық сөздік, 2005].

Қазақстандық авторлардың алғашқы оқулықтары жоғарғы ғылыми және педагогикалық деңгейде шығарылды. Бірақ құрылымы негізінен сол кездегі уақыт талабына сай кеңестік уақыттағы оқулықтарға сәйкес келген. Дегенмен уақыттың тоқтаусыз ағымы, жаңа технологиялар мен автоматика, жаңа инновациялық технологиялар дәуірі оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар мен материалдар құрастырудың жаңа тәсілін талап етеді.

Бағдарламалар, оқу-әдістемелік құралдар мен оқулықтарды жазу мен құру саласына деген менің қызығушылығым алғаш керемет, мейірімді және зейінді ұстаздарым, бірнеше оқулық авторлары – Ж.Қ. Қасымбаев және К.Н. Нұрпейісовтың арқасында пайда болды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша Қазақстан тарихынан алғашқы үлгілік бағдарламам, алғашқы оқуәдістемелік кешенім Ж.Қ. Қасымбаевпен бірлесіп жазылды және ҚР ҒА корреспондент-мүшесі Т.С. Садықовтың редакциясымен басылып шығарылды [Қасымбаев, Шаймерденова 1995: 36]. Келесі басылым – Қазақстан тарихы бойынша оқу-әдістемелік кешенінің корреспонент мүшесі К.Н. Нұрпейісовтың редакциясымен басылымға шыққан болатын [Шаймерденова, 2000]. Ол менің Қазақстан тарихы бойынша оқулықтар мен оқуәдістемелік құралдар басып шығарудағы бастапқы қадамдарым болды. Бірақ та бір бастаған істі ары қарай тастай алмайсың. Алынған тәжірибелер осы бағыттағы жаңа зерттеулерге итермелейді.

1999 жылы профессор Б.Ф. Аяғанмен бірлестікте жаңа технологияларды қолдана отырып, жаңа заман оқулығын жасау мақсатында орта мектептің 9 сыныптарына арналған оқулық шығардық. Соның нәтижесінде Қазақстан тарихы бойынша үш бірлікті кітаптар: оқулық, оқушыларға арналған хрестоматия және мұғалімдерге арналған әдістемелік құралды құрастырдық [Аяған, Шаймерденова, 2005, 2009, 2013]. Үш бірлікті оқуәдістемелік кешенді жазуда орта мектеп мұғалімі Н.Ткаченконы да шақырдық. Ол өз кезегінде мектеп мұғалімі ретінде бағаланбайтын көмек көрсетті [Аяған, Шаймерденова, Ткаченко, Қазақстан тарихы. Әдістемелік нұсқаулық, 2005, 2013].

Қазақстан тарихы бойынша өткен замандағы оқулықтар, әдетте тек мәтіндік материалдан құралғаны баршамызға мәлім. Біз оқулықтың құрылымын тарихи білімнің жаңа құрылымына сәйкес етіп түрлендірдік

және алғаш болып оқу материалдарына кесте және сұлба, картамен жұмыс, тесттер, есте сақтау сұрақтары, өз өзін тексеру сұрақтары түрінде әдістемелік қамсыздандыру айналымын қосқан болатынбыз. Сондай-ақ жаңа білім көзі ретінде – тарихи тұлғалардың биографиялық ақпаратын, бірінші рет ғылыми айналымға кірген құжаттарды қостық. Айналымға алғаш болып «глоссарий» деп аталатын сөздік қор ұғымын енгіздік. Ал оқушыларға ыңғайлы болу үшін және мұғалімдерге көмек ретінде оқулықтың соңында рефераттар, дереккөздер, ұсынылған оқу құралдар, қосымша және көркем әдебиеттер тізімін шығардық. ҚР Орталық мемлекет мұрағатының директоры Сеитова Алла Борисовнамен ұсынылған тарихи фотосуреттер де алғаш рет оқулыққа енгізілген болатын. Ой өрісті кеңейту үшін портфолио, мозаикалар, чайворд пен сөзжұмбақ түріндегі күрделенген тапсырмалар қосылды. Осының барлығы оқушылардың танымдық әрекетін арттыру мен оқулықтың дидактикалық қызметін орындау үшін Қазақстан тарихы оқулығына енгізілді.

Оқулық авторларының тарихына және олардың оқулыққа деген көзқарасына жүгіне отырып, біз заманауи білім беру қандай болуы керек, заманауи мұғалім, заманауи оқулықтар қандай болуы қажет деген сұрақтарға жауап іздейміз. Жаһандық әлем және техногенді дәуір мектеп мұғалімі пәнді оқытудың ең жаңа әдістемесін білуге мәжбүрлейді, ал ең бастысы пәнді ғылыми тәртіп деңгейіне көтеруі қажет екендігін алға тартады [Гуревич, 1977]. Оқытудың әдістемесінде жеке-бағыттық білім беру болуы тиіс, яғни тұлғаның дамуы, өзін өзі дамыту мен өзін жетілдіруге, сондай-ақ оқушылардың танымдық мүмкіндіктерін дамытуға басты назар аударылуы қажет. Менің ойымша, оқулықты «орташа» деп аталынатын оқушы дәрежесіне, немесе «орташа» мұғалім дәрежесіне дейін жеңілдетудің қажеті жоқ. Жаңа технологиялар әлемінде, оқушылар ұялы телефон арқылы оған қажет әрі қызықты кез келген ақпаратты таба алатын уақытта оқулық және оқулықтағы материалдың одан да жоғары деңгейге көтеретін таным керек. Ой өрісін кеңейту негізінде оқушыларға қосымша әдебиеттер тізімінен жаңа материалдарды табу тапсырмасын беру керек. Олардың қабілеттерін тарихи оқиғаларды ұғыну арқылы дамыту қажет. Оқыту әдістемесінде ең бастысы, Қазақстан Республикасының білім беру Концепциясы (2015 жылға дейін Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасы, 2004) мен жаңа оқу бағдарламаларының алға қоятын мақсаты – тұлғаны дамыту. Сонымен қатар, тарихты жаңа тарихи-мәдени стандарттар бойынша оқыту керек.

Қорытынды. Қазақстан тарихы оқулығы өзінің жан-жақтылығымен Қазақстан тарихы пәнін меңгеруге және оны жақсы көріп үйренуге ынталандырады, оқушылардың ойлау қабілеттілігін арттырады. Біздің мемлекетіміздің тарихындағы маңызды күндерге қатысты туындыларды оқу барысында оқушылардың ұлттық санасын қалыптастырады. Оқулықтарда, сондай-ақ ақпарат пен ұлттың мәдениетін тасымалдаушылары болып табылатын оқулық авторлары туралы мәліметтер жазылатын тұлғатану бөлімдерінің пайда болуы маңызды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жетекші құжаттары осы мақсатқа толығымен жетелейді: тарих мектептегі оқыту пәні ретінде «барлық гуманитарлық және қоғамтану курстарының негізін құрайды», «ұлттық сананы, адамгершілік-әдеп нормаларды» қалыптастырып, барлық пәндердің «дүниетанымдық негізі болады». Ал бұл құжаттарда тарихты оқытудағы ең маңызды көңіл бөлетін мақсат – толеранттылықты қалыптастыру ретінде «басқа ұлттардың дәстүрі мен мәдениетін сыйлау мен түсіну, тұлғааралық қарым-қатынастағы тіл тапқыштық» болып табылады [Нұсқалық және әдістемелік хат, 2007: 42-43].

ӘДЕБИЕТТЕР

- Аяған Б.Ф. Қазақстанның жаңа тарихы. Хрестоматия. – Алматы: Атамұра, 2005, 2013. – 224 б.
- Аяған Б.Ф., Шаймерденова М.Д. Қазақстан тарихы. 9 сыныпқа арналған оқулық. – Алматы, Атамұра, 2005, 2009, 2013. – 400 б.
- Аяған Б.Ф., Шаймерденова М.Д., В.С. Ткаченко. Қазақстан тарихы. Әдістемелік нұсқаулық: 9 сынып мұғалімдеріне арналған. – Алматы, Атамұра, 2005, 2013. – 272 б.
- Бекмаханова Н.Б. Электронды ресурс. Қол жеткізу режимі: <http://iriran.ru/?q=bekmahanova>. 12.01.2018.
- Гуревич Я.Г. Тарихтың тәжірбиелі әдістері // Педагогикалық жинақ. – М., 1877. – 376 б.
- Достанбаев Т. Ақиқатты зерттеуші: Электронды ресурс. Қол жеткізу режимі: <http://mysl.kazgazeta.kz/?p=5948>.
- Әдістемелік нұсқау хат «2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» // Қазақ мектебіндегі тарих. – 2007. № 4. – 42-43 б.
- Қазақстан. Қысқаша энциклопедиялық анықтама. – Алматы. Алматы кітап, 2005. – 3356. – 79 б.
- Қазақстан. Қазақстан ғылымында кім бар?: Анықтама. – Алматы, 1999. – 87, 87 б.
- Қасымбаев Ж.Қ., Шаймерденова М.Д. Қазақстан тарихы. Оқу-әдістемелік кешен. – Алматы, Рауан, 1997, 2000.
- Қасымбаев Ж.Қ., Шаймерденова М.Д. Қазақстан тарихы пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. – Алматы, 1995.
- Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасына. – Астана, 2004. Электронды ресурс. Қол жеткізу режимі: <http://www.unesco.kz/ru/cie/data/konceptsiya.htm>.
- Қасымбаев Ж.Қ.: Библиографиялық мәлімет. – Алматы: «Біздің әлем» баспа үйі, 2002. – 76 бет.
- Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999. – 298 б. – 71, 79 б.
- Шаймерденова М.Д. Қазақстан тарихы (ерте дәуірден XX ғ. басына дейін). Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 1992, 1993.
- Шаймерденова М.Д. Қазақстан тарихы (ерте дәуірден XX ғ. басына дейін). Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2000. – 248б. – Б. 162, 163. 170-171.

Редакцияның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 28,
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«edu.e-history.kz» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 261-67-19 E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жайы: www.edu.e-history.kz

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп,
№ 14602-ИА куәлігіне ие болды.